


Әубәкір Кеңес
Аманұлы

Елім - мектебім,
Халқым - ұстазым

Әубәкір Кеңес
Аманұлы

Елім – мектебім,
Халқым – ұстазым



Павлодар 2011



УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 15

Ә 15 Әубәкір К. Елім – мектебім, Халқым – ұстазым. – Павлодар:
ЭКО, 2011 ж. – 412 б.
ISBN 9965-08-498-X

Бұл кітап – аяулы ел ағасы Кеңес Аманұлының зейнеткерлік еңбек демалысында жүрген кезінде қаламынан туған екінші туынды. Ол өзінің бірінші кітабы – «Теңізден терген маржандар» атты шығармасында халықтың жүрегіне имандылық нұрын себуді мақсат тұтса, бұл кітапта өзінің өзекті өмір жолын баяндай отырып, халқына қол бастаған көсем, елін бірлікке шақырған би, шешендердің, баһадүр бабаларымыздың, тарихи тұлғалардың, мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, еңбек ардагерлерінің жарқын бейнелерін, өзі қызмет атқарған Павлодар, Ақмола, Торғай, Жамбыл өңірлерінің елі мен жерінің тарихын шығармашылық еңбегіне арқау етеді. Тарихи-танымдық, тәрбиелік мәні зор бұл кітап тек өз ұрпақтарына ғана емес, қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 9965-08-498-X © Әубәкір К.,
2011 © ЭКО баспасы, 2011

*Бұл еңбегімді: Әкем
Әубәкірұлы Аманның анам
Құлтас қызы Қапизаның
Рухтарына арнаймын.*

Туған жер.
Өсірген ел. Алтын бесік.
Ұшырған ұя



Мұхтар Шаханов Төрт ана

(«Өркениеттің адасуы» атты романынан)

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала, Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға. Өр адамда өз анасынан басқа да, Ғұмырына етер мәңгі астана, Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада, Болу керек құдіретті төрт ана:

ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны, **ЖАН БАЙЛЫҒЫ**, **САЛТ-ДӘСТҮРІ** – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі, Және **ТУҒАН ТАРИХЫ**, Еске алуға қаншама Ауыр әрі қасіретті болса да.

Қүдірет жоқ төрт анаға тең келер, Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер. Өзге ананың ұлылығын танымас, Төрт анасын менсінбеген пенделер. Төрт анадан сенім таба алмаған Тамырсыздың басы қайда қалмаған?! Төрт анасын сыйламаған халықтың Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.

Мен 1959 жылы Қазақтың Мемлекеттік Ауылшаруашылық институтын бітіріп, агрономдық мамандық алып келген соң, өндірістің, қоғамның әр саласында қырық жылдан астам уақыт қызмет атқардым, соның алғашқы он жылын туған өлкем Павлодар өңірінің Ба-янауыл ауданында өткізсем, отыз жылдайын Торғай (18 жыл), Жамбыл (8 жыл), Ақмола облыстарында, Алматы, Астана қалаларында өткіздім.

Жас ұлғайған соң ұрпақтарыңның елден көз жазып қалмауын да ойлай бастайды екенсің. Зейнеткерлікке жеткен соң сол сезімдер жете-леп, Павлодарға қайтадан алып келді. Ат айналып қазығын тапты. Ел деп еліктірген де, желіктірген де үш мақсатым болды.

Біріншісі, шетте жүрген ұзақ жылдарда ағайын-туыстармен қарым-қатынасымыз үзілмегенімен, арамыз көмескілене бастады. Сырт жерде кездесе қалса, балаларымыз бірін-бірі танымайтындай жағдайға жетіп қалдық. Тіпті біздің өзіміз екінші буындағы жастарды танымайтын болдық. Ағайын-туыс жат болуға айналды.

Екінші, балаларым, немерелерім туған жер деген не? Ел деген не? Соны білсін, ата-бабаларының туып-өскен, жатқан орындарын көрсін, әке-шешесінің, өздерінің кіндік қандары тамған жерлерінен қол үзіп, өгейсіп кетпесін, олардың ұрпақтары да елді жатырқап, көз жа-зып, тас бауыр болып, тамырсыздыққа ұшырамасын деген едім. Бүгінгі жастардың түсінігінде туған жер деген терең ұғым жерлестік деген жалпы ұғымның көлеңкесіне айналып барады. Оның сыртында, өзіміздің де жас кезіміздегі құрбы-құрдастармен арақатынастарымыз өмірдің жазы өтіп, күзі жақындағандай елестер мен әсерлер қалдыра бастады. Өмір ба-зарына барғандарымыз көп болса да, одан қайтқандарымыздың қатарла-ры селдірей түсті. Өлі де сыйластарымыз көп болғанымен, сырластары-мыз саяқталып қалды.

Үшіншісі, балаларым өзімнің ата кәсібім сияқты болып кеткен ауылшаруашылық өндірісімен айналысып, сонда шынығып, еңбектің көрігі мен төс балғасында сомдалып, шыңдалса деп едім. Ауыл – қазақтың қызыр дарып, құт қонған қара шаңырағы. Қазақтың түп-тамыры, өзегі, қарапайым болса да қазақтың таза, табиғи, рухани байлығының, ұлттық салт-дәстүрінің сарқылмас бұлағы.

Сондықтан, балаларымды, немерелерімді ел-жұртпен табыстырай-ын, таныстырайын, шамам келгенінше, бауырмалдықтың, туыстықтың жылуын, шуағын сезіндірейін, ел тарихының рухани бұлағынан нәр та-тырайын, салт-дәстүрлерін бойларына сіңіріп, ойларына түйсін деген мақсат еді.



Жер жәннаты Жамбылда немесе бақыт бағы Алматыда неге тұра бермейсің? Жалпы, Жетісу өңірі, Алатаудың аясы – оның мамыражай ауа райы, сұлу табиғаты аспан астындағы табиғи саяжай емес пе?,- деген-дер де болды. Бірақ, әркімнің туған жері – Мысыр шаһары деген, өзім есейген кезде елден кетіп, партия, үкімет тапсырған міндеттермен жай-лы орындарды сырттан тапсам да, ұрпақтарымның елмен, ағайын туы-стармен сабақтастықтары мен тамырластықтары үзілмесін дедім. Бұл менің ұрпақтарымды қазақ ішіндегі «кішкентай космополитизмнің» салқынынан сақтандыруды мақсат тұтқандығымнан болатын. Біраз жыл жырақта жүріп, өзің өгейлігінді білдірмесең, қайда болсын, елдің ерді жатсынбайтынын көрдік. «Сыйласуға жат жақсы» дегендей, та-лай дос, талай жолдастар таптым. Бір-бірімізді жатырқаған, жатсынған жоқпыз. Солардың арасында тәрбиелендім, тәрбие де бердім. Бірақ бәрін қимағаныммен, күзде балапандарын ертіп туған жеріне қайтқан құстардай мен де өз күзімді еске алып, елге оралдым. Ол жай көшіп-қону емес-ті. Егерде балаларым, келіндерім, немере-жиендерім терең түсіне білсе, елге көшіп келу менің тәрбиемнің бір саласы деп ұғар. Туған жер, өсірген ел не деген асқақ ұғымдар! Соны түсінуге өрелері жетсе, шіркін!

Мен бұл кітапты жазушылық дарынымды көрсетейін, абырой, атақ іздейін деп жазып отырған жоқпын. Қызмет істеп жүрген кезімде шама-шарқыма қарай марапатталудың біразын көрдім де, иелендім де. Мен өмір жолым ұрпақтарыма естелік-шежіре болсын, жерді, елді танысын, замандастарым кімдер еді, олар қандай өнеге, тәлім-тәрбие қалдырды – соны жеткізуді мұрат тұттым, ал басқа да адамдар кітабымның ішінен рухани құндылықтардың дәнін теріп, дәмін татса – бәрежелді! Онда еңбегімнің еш болмағаны. Тек, әдеби шығармаларға ұқсамайды деп олқысынбаң-дар. Менің мақсатым – тәрбие, ойларыңды ояту, сезімдеріңді сер гіту, сөйтіп, сендердің жан-дүниелеріңді жамандыққа жат ету. Өзімнің сөз құдіретім, тіл орамым жетпей жатқан жерде бұрынғы бабалардың, ақын-жыраулардың, ғалымдардың, қайраткерлердің ақыл-нақыл сөзде ріне сүйендім. Ешкім қызғана қоймас. Сүйенгенім – сүйсінгенім, ойыма тірек еткенім. Біздің жыл санауымыздың алғашқы 40 жылдарында Баласағұн деген бабамыз **«Өмір – мұхит, жүзіп өтем деменіз, игіліктен жасалмаса кемеңіз»**, – деген екен. Мен сол келешектің кемелерін жасауға қажетті заттарыңды табуға көмектесе алсам, жас ұрпақ, оларды ұқсатымды пайдалану сендердің қабілеттеріңе байланысты. Талпынындар. Тырмысындар. Армандарыңды алға ұмтылдырып, намыстарыңа қамшы басындар.

Мен 1934 жылы, әке-шешемнің айтуына қарағанда, күзде, бозқырау түскенде туыппын, сондықтан, қазан айының 15-ші жұлдызы деп құжаттарға жазылған. Ол кезде туу туралы куәлік толтырылмаған да болуы мүмкін. Әкем Аман «Сілеті» деген совхоздың Жарсор бөлімшесінде ферма басқарушысы, анам – Қапиза үй шаруасындағы кісі болған. Ертiс ауданында 1929 жылы тұңғыш үш совхоз құрылса: Суво-ров атындағы, Северный, Қайманачиха, 1930 жыл Сілеті, қазақстанның он жылдығы атындағы совхоздар ұйымдастырылыпты. Сілеті совхозы Ертiс ауданының солтүс тігін ала орналасқан, солтүстік шығысында – халық «Қы зылқақ теңізі» деп атап кеткен үлкен тұзды көлдің кең аңғары, солтүстік батысында – егістік, жайылымдық жерлер жатыр. Тың игерген 1954-56 жылдары сол «Сілеті» совхозының өңірінде «Қоскөл» және «Западный» деген екі жаңа совхоздар ұйымдастырылып, «Сілеті» совхозының аты да, заты да солтүстік батысындағы шекаралас «Воро-шилов» атындағы колхозға көшіріліп, екеуінің еншілері қосылды. 1992-1993 жылдардағы саяси аласапыран құлдырата құлатқанша, ауданның алдыңғы қатарлы, іргелі, сүбелі совхоздарының бірі болды. Сөйтіп, 30-шы жылдары Кеңестік дәуірге ауылшаруашылық негізін қаласқан совхоз ел аман, жұрт тынышта, 60 жылдай өмір сүріп, кейіннен ұстағанның қолында, тістегеннің аузында, құрдымға кетіп тынды.

Ата-анам мен туған жылы Сілеті өзенінің өңіріне қоныс аударыпты. Жеке-жеке орналасқан Құлен ауылдары; Қызылағаш – Қарынтай қоныстары, өзеннің жоғарғы салаларына қапталдас Бөсін, Төбет, Тасым ауылдары Сілеті өзенінің «Көпір» деген қонысына топтастырылып, «Бірлік» атты колхоз ұйымдастырылыпты. Менің барлық балалық өмірім сонда өтті. Колхоз оңтүстігінде «Ворошилов» атындағы неміс колхозымен, батыс, шығысында Көкшетау облысының колхоздарымен бүйірлей шектесіп, олардың жерін қақ жара, түбектеп ішке кіріп жататын. Көкшетаудың Қызылту ауданына бару үшін біздің ауылдын жерін басып өтетін. Олардың жергілікті халықтары түгелдей қазақтар, оның ішінде арғындар, қанжығалы руы, атақты Бөгенбай, Бапан, Саққұлақ бабалардың, олардың ұрпақтары Нұралының, Олжабай, Барлыбайдың туғандары, ал біздің «Бірлік» колхозының тұрғындары да түгелдей қазақтар, Қарақыпшақтан тараған Бұлтың қыпшақ, оның ішінде Сағал, Ожыралы қыпшақтарының ұрпақтары.

Көршілес «Ворошилов» колхозында төрт жүзден аса отбасылары түгелдей немістер. Айтуларына қарағанда, әке-шешелері (1926 ж.) Саратов облысынан жер аударылғандар. Ауданның бетке

ұстар шаруашылығының бірі болды. Негізгі өндірістік бағыттары – егін егу мен мал өсіру. Ал, «Бірлік» ұжымшары жүзге тарта отбасынан құралатын шағын шаруашылық. Қой, жылқы, қара мал өсіріп, 2-3 мың гектар мөлшерінде ғана егін егетін. Колхоздың орталығы Сілеті өзенінің сол жақ беткейінде, ал, егістік алқап оң жағында, орталықтан төрт-бес шақырымдай, ел ішінде Қабақ деп аталып кеткен қыратта, яғни, Сілеті өзені ауылды екіге: қыстауға және жайлауға, егіс алқабына бөліп тастайды. Орталықтың ойда, өзеннің аңғарында орналасуы – мал азығының, су шабындығының бәрі сол жағында. Жазғытұрым сәуір айында өзеннің арнасы тар болғандықтан, су қатты тасып, кең алқапты көлденеңі 4-5 шақырым Қабақ пен екі араны алып кетеді. Қабақпен қатынас 20-30 күнге үзіліп қалады. Ауыл іргесіне қайықпен баратынбыз. Сондықтан, жұрт ерте, қарсоқтамен Қабаққа көшіп, орталықта қарттар мен малшылардың біразы қалады. Өзеннің табиғи өткел беретін жерін «Көпір» деп атайды. Қабақтағы тұрғын үйдің бәрі шымнан салынған, қанша жан болса да, екі-үш бөлмеден аспайды. Күзге қарай, қазан, қараша айларында, ел дүркірей қыстаққа көше бастайтын. Қабақта колхоздың қойма, ауыл шаруашылық мүліктерін күзетіп, екі-үш үй ғана қалатын. Қыстақта да, жайлауда да отынның негізгі түрі – тезек, қойдың қиы, өзен бойынан дайындалған тал, қамыс, құрақ және малдың жегенінен қалған қырқындысы. Көмір дегенді еміс-еміс естігеніміз болмаса, көрмей өстік. Колхоздың орталығындағы қыстақ үйлер қалыпқа құйылып жасалған қыштан (саманнан) салынған, шатырсыз, жаппа, жатаған үйлер. Ол өңірде құрылысқа лайықты ағаш деген атымен жоқ, сондықтан оны колхоз 350-400 шақырым, облыс орталығынан 100-120 шақырым Шалғай, Бесқарағай орман шаруашылықтарынан дайындайды. Ағаш дайындайтын адамдар жазда 4-5 айға кететін, өйткені ондай қашықтыққа ат, өгіз жегіп барып-қайтудың өзі бір айға жуық жол жүруді қажет етеді. Халықтың көбі үйдің төбесін өзен бойынан дайындалған талдармен, текшелеп, қабаттастырыла тығыз буылған қамыспен жабады. Ауыл Сілеті өзенінің сол жағынан 260-300 метр қашықтықта, қыраттау жерде орналасқан, кей жылдары су қатты тасығанда ғана шеткі үйлердің іргесіне жақындап келгенімен, қауіп туғызбайды. Ауыл шағын, әрі қысқа екі көшеден тұрады. Колхоздың мал қоралары да шымнан, қыштан салынатын, төбесі тал, қамыспен жабылғанымен, төбесін (жаңбыр өтпесін, сақтау мерзімі ұзақ болсын деп) иленген балшықпен сылатып тастайтын. Жазда мал қораларының сырты сыланып қойылады. Ал, енді сол қыш құюға (оның арнайы

тақтайдан жасалған қалыбы болады, шамасы ұзындығы 30-40 см, көлденеңі 20-25 см, қалыңдығы 15-20 см болуы керек) және де үй, қораларды сылауға арнайы балшық дайындаудың өзі тәжірбиелілікті қажет ететін. Ауылдық жерде үй, қора салғанда, сылағанда, ауыл бо-лып бірігіп істейтін-ді. Асар (сенбілік) жасайтын. Тереңдігі 50-60 см, шеңбердің ені (диаметрі) 5-10 метрдей (қажетінше) ор қазып, (әрине, жері топырағына қарай таңдалып алынады), оған су құйып, малдың тезегін, шөп қиқымдарын (байланыстырғыш – арматура ретінде) арала-стырып, ірілерін ат, өгізбен, ал шағындарын жастарға, балаларға, қыз-келіншектерге, ұзақ күнге, жалаңаяқ бастыратын. Илеп жатқан балшық әбден иі қанғанда аяққа жұқпайды, майдай жұмсақ болады, сол уақытта балшық басу жұмысы аяқталады. Содан кейін қыш (саман) жасайсың ба, үй, қора салуға, сылауға пайдаланасың ба – өз еркіңде. Ондай қыш, сылақтың сапасы жоғары, берік, ұзаққа шыдайды, ылғалдан онша қорықпайды. Ал, кейін есейіп, өндіріс басқару жұмыстарына араласқан кезімізде, көрген көптеген құрылысшылардың қыш дайындауы, олар-ды қалағанда арасына дәнекерлікке құятын немесе сылауға арналған балшықтарды дайындауы – нағыз көзбояушылық еді. Алғашқы кез-де балшықты трактормен басып жүрді, кейіннен топырақты әкеліп, үстіне су құйып, күрекпен араластырады да пайдалана береді. Ондай қыш, сылақ, балшықтар кейіннен жарылып, кепкен соң үгітіліп, өмірі ұзаққа созылмайды, әсіресе ылғалға төзімсіз. Мұның бәрін салыстырып жатқаным – өндіріске деген көзқарас, жауапкершілік, қатаң еңбек тәртібі бекерге арамтер болмауды ұғыну үшін. Ал, бабаларымыздың қалдырған тарихи ескерткіштері арнайы дайындықта күйдірілген кірпіштен жасалған ғой. Тараз қаласындағы Қарахан, Дәуітбек бабалардың, Айша бибі ана ның, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың, тағы да басқа Маң ғыстау, Ұлытау, Торғай өңірлерінде соғылған ма-зарлар, ескерткіштер әлі өздерінің сәнділігін, жоғалтпай, тозбай сол қалпында жүздеген, мыңдаған жыл дар сақталуының өзі – ғылыми тәжірибе сабақтары емес пе? Ал, тіпті олардың күрделі жұмыстарды қажет ететіндерін, былай қойғанда, қарапайым қыштан соғылған кейбір мазарлардың – ғасырлар бойы сақталып тұруы қайтқан адамға соғылған ескерткіш қана емес, сол кездегі сәулет өнері мектептерінің сабағы, тәжірибе, тартуы. Мұражайдың тарихи жәдігерлері сол мазарлардың қыштарын, сылағын дайындау үшін балшықты қой, жылқы сүттеріне илеп, оған қой жүні, жылқы қылын араластырған дейді. Біздің темірден, тастан жасаған, салған құрылыстарымыздың бірнеше жыл ғана өмірі

болса, бабалардың аяқпен басып, қолмен қалағандары ғасырлар бойы сақталып келеді. Бұларды айтып жатқан себебім, қай заманда бол-сын, халықтың өмір тәжірибесінде, тапшылықтан жол тауып, қолына түскенді, жолында кездескенді ұқсатып, өмір қажеттеріне жарата білуі қазірде қарапайым, қарадүрсін көрін генімен, тарихи тәжірибелердің сабақтастығының көрінісі емес пе? Оқып отырған жас ұрпақ, сендер қыш, кірпіш соғып, балшық илемейсің дер, сондықтан бұларды несіне айтып отыр деп келіспеушілік танытула рың мүмкін. Ол – шолақ, кел-те түсінік. Өмірдің философиялық тереңіне бойламау. Мен халықтың басына түскен тапшылықтарда жол, тәсілдер іздегенін, қандай істе болмасын, білгірлікпен ынтымағының арқасында неге болса да білек сыбанып, белін бекем буып кірісіп кететін ұйымшылдығын айтқым келді. Олар табиғатқа өгейсіте қараған жоқ, қайта табиғаттың берген, ұсынған байлығын, жомарттығын білгірлікпен ұқсатымды да, ұтымды пайдалана білді. Сондықтан да болар, өмірдің, тағдырдың талай тар жол, тайғақ кешулерінде жұптарын қожыратпай, топтарын тоздырмай өздерін де сақтап, ұрпақ жалғастықтарын үзбей аманат етіп бізге, ке-лер ұрпақтарына, сендерге тапсырып кеткен жоқ па? Бәріміз – ата-баба, әже-аналардың қан жұтып, қасірет шегіп, тер төгіп жүріп өсірген, аяулы алақандарының, шуақты қамқорлықтарының жемісіміз. Өткендердің қадірін де, қасиеттерін де, қасіреттерін де ұмытпаймыз. Бір данышпан:

«Үлкен қасірет, жазылмас дерт – дәулетке, байлыққа мас болу», – деген ғой. Барды бағалай білейік. Ол үшін өткенге жоғарыда тұрып, немқұрайлы менмендікпен қомсына қарамайық, солардың өсірген жемісі, жалғасы екенімізді түсініп, ардақтай білейік.

«Сілеті» өзені Астана қаласынан 40-50 шақырым жердегі құзды, жартасты сай-салаларынан басталады. Ұзындығы 407 шақырым, оның Павлодар облысының аймағынан, яғни біздің «Бірлік» ұжым шарының жерінен 12 шақырымы ғана, қалғаны тыңды игеруге дейін Көкшетау облысының Қызылту ауданының (кейін Ш.Уәлиханов атын дағы аудан болып, соған қараған) «Папанин», «Большевик», «Чапаев», «Бесінші декабрь», «Қазақстанның он бесжылдығы», «Жасқайрат» колхоздарының жерлерін басып өтіп, Сілеті теңізі деп аталатын қырық-елу шақырымдай жердегі үлкен тұзды көлге құйылады. Жалпы «Сілеті» атауы тарих зерттеушісі Ғ. Қоңқабаевтың болжамы бойынша моңғолдың «Чулу-ти» (Чулукти) сөзінен шыққан, яғни, мағынасы Тасты деген сөз. Басқа бір жорамалдар бойынша «Сілет» (Гриния деген өсімдіктің аты) – ол өзен бойында көп өсетін өсімдік. Өзен арнасы тар, жағалары көп жер-

лерде терең, жарқабақты, кейде жайдақ, аңғары жазық және кең. Өзен өткен жерлердің бәрі жазғытұрым, сәуір айының ортасын ала, қатты тасығаннан су кең жайылып, шабындық жерлер өте көлемді болады. Ел мен елдің арасын қосып жатады. Біздің колхоздың іргесінне екі шақырымнан бастап, өзен бойлай батысқа қарай кең құлаш жайып жатқан 4-5 шақырымдай Қарабидайық деген үлкен шабындық алқап бар. Сілеті өзенінің сағасында отырған 6-7 шаруашылық мал азығынан ешқашан тапшылық көрген емес. Ал, шілде, тамыз айларында біздер, ауыл тұрғындары Қарабидайықтың жидегін, бүлдіргенін, қарақатын жинап, қымыздығын сорып, күзге қарай, қыркүйек-қазан айларында, итмұрын (щиповник), доланаларын теріп, буылдығын қазып (топонам-бур), мәресәре болып қалатынбыз. Малға да өте құнарлы жайылым, суы мол. Байырғы тілмен айтқанда, малдың түгін тартсаң, майы шығатын мәйекті өлке. Сілетінің төңірегінде қамысты, қоғалы көлдер көп болады (Үлкен Мұздыкөл, кіші Мұздыкөл, Байқошқар т.б.). Олар өзен аңғарынан он-он бес шақырым қашықтықта орналасқан. Ұжымшардың жылқылары қысы-жазы сол жерлерде жайылып, тебіндейді. Ұжымшарды сыртпен байланыстыратын Сілеті өзенінің екі өткелі болатын: біреуі ауылдың жанындағы Көпір деп аталатын (табиғи өткел) және алты-жеті шақырым жердегі Қарынтай өткелі. Бірлік ұжымшарының орталығынан, жоғарыда айтылғандай, жазғытұрым күн жылып, қардың көбесі сөгіліп, жылмық бола бастағанда, (негізінен сәуір айының ортасын ала) Қабаққа көше бастайтын. Қабақтың бір ерекшелігі – Сілеті өзенінің аңғарына қоныстанған елді мекендер (Көкшетау облысының) шеңбері 25-30 шақырымдай ойпаттағы кең жазығында көзің жеткенінше көрініп жатады, ал, жаздың маужыраған ашық, тұнық, тымық жаймашуақ түндерінде 80 шақырым қашықтықтағы Бестөбе алтын кенішінің электр жарықтарын анық байқайсың. Жас кезінде облыс драмтеатрын-да көрнекті әртіс болған, әрі әнші, әрі домбырашы, ақын Әлмұхан деген қарт ағамыз өзінің «Туған елім – Сілетім» деген өлеңінде:

**Сілеті – жомарт өлке, құт иесі,
Жер жәннаты, аңқыған жұпар иісі.
Ойлығы өзге жерден қырық кез
төмен, Күндік жерден тартушы еді
магниті. Өзені Сілетінің өріледі,
Жыландай жиырылып, төгіледі.
Қабақтан төңірекке көз жіберсең,
Қолдағы қол сағаттай көрінеді.**

Су тасып, апрельде бұлақ қайнап,
Долы су, үйдей сөнді толқын айдап,
Жайылған ел арасы аппақ теңіз,
Қояндар суға кеткен соры қайнап.

Май туса Сілеті іші гүл-гүл жайнап,
Аспанда бозторғай мен бұлбұл сайрап.
Тірілген жер жүзінің жәндіктері,
Қотанда балалар жүр топ-топ ойнап, –

дейді.

Әркімнің туған жері өзіне қымбат, өзіне ыстық, өзіне мейірімді. Бәрін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жезқазғандық Шынболат ақын жырлағанындай: «Туған жердің қасиетін кім санаған?». Оны тек көзбен көріп, жүрекпен сезіну керек.

Сілеті өзенінің кең алқабының ұзындығы – 40-50, ені 25-30 шақырымдай. Сол өлкеге көктемнің, жаздың, күздің шуақты, тып-тынық, мамыражай кештерінде табиғаттың егізіндей Жуантөбеден немесе Қабақтан төңірекке көз жүгіртіп шола қарасаң, осы жерде туып-өссең де, кереметі көз тартарлықтай, жаңа өлке көріп тұрғандай, таңырқамай, тамсанбай, сұқтанбай, сүйсінбей, еміреніп толқымай қалуың мүмкін емес. Сәуір айының ортасын ала, бір айға жуық көз жетер жердің бәрі аппақ теңіздей, сулы алқап, жарқырап, жер мен көктің арасын қосып, көкжиекпен көмкеріп тастайды. Сол көкжиекте мамыр, маусым айларында – ел шетінде табиғаттың өзі арнайы қойған сақшысындай торғыннан ту ұстап, жөңкіле жарысқан ерке сағымы да сені еріксіз толқытпай қоймайды. Сілеті өзені ешқандай әсірелеусіз, қыз арқасындағы құйыла төгілген қос бұрымдай екі бөлініп ағады, кейбір жерлерінде бұрымы тармақталып өрілгендей бірнеше салаларға, сағаларға бөлініп кетеді. Ал бұл көріністерге жалғаса сәнділікке әсемдік қосқандай өзен бойы қалың шашақты тал, қамыс-құрақтармен көмкеріліп, арна бойының нуында да, суын да молайтып, қорландырып тұрады. Менің қарапайым тілмен тебірене теңеулерімді біреулер көп жылдар шетте жүріп, елге сирек келуімнің, сағыныштың әсері деп ойлауы да мүмкін. Олай емес, бар болғасын айтамын да, әйтпесе, қолдан, ойдан жасанды бояуларды қаншама баттитып жаққаныңмен, еліңнің, жеріңнің бағасы өсіп, абыройы асқақтамайды. Оны Сілеті еліне келіп, көзімен көрген, парқының өресі биік, өрісі кең адам ғана түсінеді. Бұл менің бала кезімнен есімде қалған, көзім көріп, көңіліме тұнған есейген сайын еселене түскен сағыныштарымның бейнелеулері болса, несі айып?

Халық малға, жанға жайлы жерін қасиетті деп те, киелі деп те бағалайды. Қабақтың жасыл жайлау, егісті алқабы басталар белесте жалғыз қарағай өсіп тұратын. Қашаннан, неге жалғыз – бәрі жұмбақ. Жалғыз болса да, жапырағы жайқалып, ерекше биік, көлемді болып көрінетін. Ел қасиетті ағаш деп құрметтейді. Өзі ұзын жолдың бойын-да. Олай өткен, бұлай өткен жолаушылар міндетті түрде тоқтап, сол жалғыз ағаштың бұтағына шүберек тағады. Ауылда бір атаулы мерекелер өтер кезде, қыз-жігіттер үйленер шақта, осы қарағайдың саясына келіп, тағзым етіп, орамал байлайды. Ақша түйіп тастайды. Ел егін егуге, орақ науқанына шыққанда да жалғыз ағаштың басына соқпай кетпейтін.

Қарағайдың бұл аймақта неге дара өскенін, неге қасында өскіндері тарамғанын басқа тал-шыбықтардың шықпағанын табиғи ерекшелік деп, түсінетін. Осы бір даралық, осы бір саяқтық жайында әр түрлі аңыздар айтылатын. Олардың көбісі махаббат хикаясына қарай ойысады. Бұл бәлкім адам бойындағы құдіретті қасиетмахаббаттың мәңгі өшпейтіндігінде, сарқылмас тақырыптылығында шығар.

Осы Сілеті өзенінің жағалауын мекендеген елдің өзгеден ерек туған батыр жігіті болыпты,- деп басталады бұл аңыз, – Сол батыр қасына жол-дастарын ертіп, аң аулап жүргенде қаралы көшке кездеседі. Алдын кесіп өтпей тосып алып жөн сұрасады. Көшті бастап келе жатқан ару – ақылына көркі сай, ай десе ауызы, күн десе көзі бар, жігіттің-жігіті жарым болса деп армандағандай асыл бейне. Қыздың елін жау шапқан екен. Ел аза-маттары қалың қолға төтеп бере алмай, туы жығылар сәтке таянғанда, қаралы хабарды айтып жаушы келеді.

«Тез жиылыңдар. Елін қорғап, жаумен жағаласқан асыл азаматтарымыздың, тым болмаса, ұрпағын сақтап қалайық», – дейді текті қыз. Содан ауылда қалғандар үйді асыға жығып, үдере көшеді.

– Енді атанның, бұйдасын, бас жібін, қай жерге байлау бұйырса, сол жерге қонармыз деп келеміз, – дейді қыз.

– Міне, мынау – біздің елдің іргесі. Түйелеріңді шөктіріңдер. Бірақ, саған айтарым, ару қыз, жаудан кегінді алып, жерінді қайтарамын, – дейді батыр жігіттің көзі оттай жанып. Жігіт бес қаруын асынып, қазанатын баптап мініп, жігіттерін ертіп, жауға қарсы аттанып кетеді. Батырдың өзіне деген ынтызар сезімін көзінен ұғып қыз қала береді. Ұзақ мерзім өтеді, батырдан хабар болмайды. Қызға көңілі кеткен бозбалалар көбейе бастайды. Бір күні қыздың ауылының іргесін дүрсілдетіп шауып келген сарбаз аттан домалай құлайды.

– Не болды? – деседі үрейленіп қалған жұрт.

– Ару қыз, батырың жауды жеңе алмады. Өзі де мерт болды. Қапа болма, саған бұйырған елді мекен – осы жер, – дейді қамқорсып.

Қыз да батыр жігітті қатты сүйген екен. «Ол менің елім үшін жаумен жағаласып, жанын қиғанда, менің қалған тірлігімде не қызық қалды?», -деп түнделетіп барып, Сілетінің суына кетіп өледі. Сол түнде жалауын желбіретіп, жауды жеңген жігіт те жетеді. Қуанышы ұзаққа бармайды. Қыздың жаушы болып келген арамза алдамшының құрбаны болғанын естиді. Өзеннің биік жарқабағына көтерілсе, қыздың мойнына салған ақ торғын орамалы су бетінде қалқып жатыр екен. «Жаудан қайтпаған жүрегім сенің қазанға көз жеткенде езіліп жүре берді-ау», – деуге ғана шамасы келіпті. Батырды, аруды өзен қарсысындағы белеске жерлепті. Жылдар өткенде бейіттің басына пәк таза махаббаттың белгісіндей осы бала қарағай өсіп шығыпты. Сол жалғыз қарағай көктемде, өзен тасығанда ерекше түрленіп құлпырады. Әрине, бұл аңыз. Бірақ тарихтың құпиясымен сыры көп қой. Мүмкін шындық та шығар.

«Бірлік» ұжымшарының солтүстік шығысын ала Сілеті өзенінің бойында 4-5 шақырымдай жерде Қызылағаш қыстағы, одан әрірек үш-төрт шақырымдай жерде Қарынтай деген өткел, осы екеуінің шығыс жақтарын бүйірлей орналасқан үш-төрт шақырымдай жерде Жуантөбе (Қарауылтөбе), одан әрмен қарай тағы да төрт-бес шақырымдай жерде Жазытөбесі орналасқан. Осылардың бәрі – біздің ата-қоныстарымыз. Жуантөбе – Түгел батырдың, Жазытөбесі – Жазы батырдың жау бағыттарын бақылап тұратын қарауыл төбесі. Төбелердің бастарына шығып, төңірекке көз салсаң, 25-30 шақырымдай кең өлке тегіс көрініп жатады. Ал бұл қос төбеден 7-8 шақырымдай жерде, жоғарыда айтқан Қабақ жатыр. Осы үш төбе – табиғаттың ел қорғаны болсын деп, әдейі сақшылыққа қойған үш нояны (Три мушкетеры), ал бейбіт күндері әнге қоссаң, Мәдидің «Үшқарасы» дерсің.

Қызылағаш кейінде «Сілеті» совхозының бөлімшесі болды. Қазан төңкерісінен бұрын сол өңір тарихта «Қызылағаш болысы» бо-лып аталыпты. Жер мәнерінің құпиялары қызық. Өзен жағасынан екі шақырымдай жерде орналасса да, жер бедері тау сілеміне ұқсас. Ерейментаумен сабақтас болуы да мүмкін. Өйткені, Ереймен мен Бестөбе алтын кенішінің жерлерінде көп ұқсастықтар бар. Қызылағаш Бестөбеден жетпіс шақырымдай. Жері тасты, ұсақ төбешіктері, қыраттары көп, ой-дым-ойдым, шоқ-шоқ қайың, шырша, қарағай өседі. Атынан көрініп тұрғандай, жерінде жоса көп, қызыл топырақты. Жері түрлі өсімдіктерге бай, нағыз малдың жайлауы. Міне, «Бірлік» ұжымшарының жері осын-

дай болған, кейіннен 50 жылдары ұжымшарды ірілендіргенде, Воро-шилов атындағы неміс ұжымшарына қосылса, тың игеру жылдарын-да екеуі де «Сілеті» кеңшарына қосылып, орталығы сол «Ворошилов» ұжымшарында болды. Орталықтың жанында Сұлукөл деген үлкен көл бар. Орысша Сладководск деп атайтын. Тарихи аттары әлі де сақтаулы. Сол көлден бес шақырым жерде орта Шыбынды, үлкен Шыбынды де-ген қос көл жарқырайды. Үлкен Шыбындыда 40 жылдары салынған, сүт өнімдерін шығаратын, май заводы бар үлкен ауыл болған. 45-50 жылдары біз сол жерде тұрдық. Міне, мен осындай жерде, осындай елде өстім. Ба-лаларым, немере-шөберелеріме жалпылама болса да, қайда туып, қайда өскенімнен, ата-жұрт, ел деген қайда, кімдер екенінен хабардар болсын деген мақсат қойғаннан кейін, енді соларға да шолу жасап көрейін.

Мен мұнда руға, атаға бөлейін, бөлшектейін деп отырған жоқпын, бірақ қазақ «Жеті атасын білмеген жетім» десе, енді бірде «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп те сөккен. Біз, «Бірлік» ұжымшарының тұрғындары, бәріміз де бір атаның ұрпағымыз, бәріміз Түгел батырдан тараймыз. Ол – біздің, мысалы, мен өзімнен бастасам, жетінші атамыз.

Қыпшақ

«Әйгілі тарихшы Рашид-ад-дин» өзінің «Жамиғ-ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты еңбегінде: «Оғыз ит-барақ» тайпасымен арада болған шайқаста жеңіліс тауып, қос өзен ортасындағы аралды паналайды. Араларында күйеуі соғыста қайтыс болған екіқабат әйел бар екен, айы-күні жетіп, ағаш қуысын паналап босанады. Мұны естіген оғыздың жаны ашып, «Бұл әйелдің күйеуі жоқ болғандықтан, туған нәрестені мен бала етейін» дейді. Баланы туғанындай тәрбиелеп, Қыпшақ деп ат қояды. Қыпшақ түркінің «қабық» сөзінен туындаған, «ағаштың қуыс өзегі» де-ген сөз екен. Барша қыпшақ осы баладан тараған.

Бұл аңыз дәл осы нұсқасында Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркімен шежіресі» атты еңбегінде де қайталанатын.

Оғызға 92 тайпа қараған. Негізінен «баулы» сөзі оғыздардың тоқсан құрамдас бөліктен құралғанын айтады. Халқымыз қыпшақтарды да 92 баулы деп атайды. Қазақ шежірелерінде 92 баулы қыпшақтың ата-тегі қара қыпшақ Қобыланды батырдан басталады. Әрине, бұл терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Өйткені, қыпшақтар тарих сахнасы-на Әбілқайыр ханның тұсындағы Қобыланды батырдан бұрын, ежелгі

дәуірде-ақ шыққан. Қыпшақтарда бұрында Қобыланды деген батыр болған жоқ па екен деген де болжамдар бар. XI ғасырдың өзінде, Темучи – Шыңғыс хан дүниеге келмей тұрып-ақ Еуразияның саяси төрінде «Қыпшақ хандығының» мәртебесі асқақтап тұрған жоқ па еді?! Л. Гумилев айтқандай, XI ғ. түркілер супер-этнос санатында сөне бастады. Осы шақта түркілердің бағына 92 баулы қыпшақтар тарих сахнасына шықты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде: «Күн батысы Сырдария, күн шығысы ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі Жетісу, солтүстігі Еділ-Жайық, сол төрт судың арасы заман қадымнан бері Дешті Қыпшақ жайлаған, қыпшақ жұртының қонысы еді, сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел таралды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе?» – деп көрсетілген. Ол «түрк» деген ортақ этнонимді ысырып тастап, өзі супер-этносқа – басқа түрк тайпалардың бірден-бір ұйытқысына айналды. XII ғ. қыпшақтар бүкіл араб, парсы, славян, роман-герман халықтарының үрейін ұшырған құдыретке айналды. Ертістен Еділге, Шу мен Таластан Каспийге дейінгі біртұтас ен далада қыпшақ одағы үстемдігін жүргізді.

Ежелгі Оғыз даласы (Мафазат – алгуз) енді Дешті-Қыпшақ – Қыпшақ даласы атанды. 1055 жылы олар орыс шекарасына жетті. Кешікпей қыпшақ ұландары Еділден Донға, одан Днепр мен Днестрге өтті. Енді бұл кеңістікті орыс шежірешілері «Поле половецкое – Половецкая степь» деп айтуға мәшһүр болды. 1071 жылы Кіші Азияны – Анадолыны жаулап алған қыпшақтар осман түркілерінің негізін қалады. Небәрі 30 жыл ішінде олардың қалың қолы ну Карпатқа, Дунайдың темір қақпасы мен Балқан тауға бірақ тірелді.

Қыпшақтар мен оғыздар, тохсы, ягма, оқрақ, нарұқ тайпалары Мах-муд Қашғаридің дәлелдегеніндей, ғажайып таза түрк тілінде сөйледі. Қыпшақ одағына кірген тайпаларға ол ортақ тілге айналды.

Қыпшақтардың қазақ халқымен қазақ тілінің негізін қаласқан, со-нау көне замандардан келе жатқан тайпа екені мәлім. Бүкіл Түркі дүние-сін дүр сілкіндірген, аттарының тұяғы Еуропаны дүбірлеткен, кіші Азия мен Мысырға дейін жетіп, Батыс елдеріне Құман, орыстарға половцы де-ген атпен белгілі болған. Қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, өзбек, қара-шай, балқар, түркімен халықтарының ұлт болып қалыптасуына ықпал еткен ұлыстың қазақ халқы құрамына енгеннен кейінгі тағдыры, әсіресе Сарыарқада қоныс тебу үрдісі ерекше табиғи құбылыс. Өз өрісін жауын-гер қыпшақтар Карпат тауларынан Балқан жоталарына дейін кеңейткен. Махмұд Қашқаридің деректеріне қарағанда, қыпшақтар Ертістен бастап, Еділ мен Жайық, Маңғыстауға дейін, Арқа даласынан Жетісу жеріне

дейінгі иен даланы жайлаған, осы өңірді Дешті қыпшақ атаған. Бірақ, Дешті қыпшақ бір мемлекетке топтасқан, отандасқан рулардың ортақ аты екенін естен шығаруға болмайды.

Ал Монғол жорығынан кейін Мажарстанға (Венгрия) ығысқан қыпшақтардың бір бөлігі Мадиярлардың тарихи өмірі жеке тақырып (Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы. 279 бет).

Академик Бартольд, Аристов сияқты ғалымдардың пікірінше, қыпшақ – қаңлылармен туыс түркі тайпасы. Қыпшақ тайпасы туралы алғашқы деректер біздің эрамызға дейінгі III ғасырда Қытай жылнамаларында кездеседі. Біздің жыл қайыруымызбен IX ғасырға дейін олар Жайықтан (Волга) шығысқа қарай Ертіске дейінгі аралықты мекендеген.

Араб, парсы саяхатшы географтары Ибн Хардабек пен Аль Тардизидің айтуы бойынша, IX-XI ғасырларда қыпшақтар қимақ тайпасының құрамында болып, Батыс-Сібір, Алтай, Ертіс өңірлерін қоныстанған. Қыпшақ мемлекетінің даңқы артып күшеюі, XII-XIII ғасырларда, олардың Алтайдан Қырымға (Дунай өзені) дейінгі ұлан-ғайыр Дешті қыпшақ даласын билеп тұрған кезінде. Бірақ Шыңғыс хан басқыншылығы нәтижесінде қыпшақтар Жошы ұлысына бағынышты болды.

Даңқты Қыпшақ мемлекетінің моңғолдардан жеңілу себебі, қыпшақтардың өз ішіндегі бірлігі болмай, екі топқа бөлінуі еді. Олардың бірі моңғолдарға бағынып, екіншісі Венгрия жеріне қарай көшті. Тұтқынға түскен қыпшақтарды Венецияға түскен көпестер сатып алып, Мысырға өткізіп жіберді. Мысыр билеушілері қолға түскен қыпшақтардан ерекше жасақтар құрды, ол жауынгерлер даңқты мәмлүктер деген атпен тарихта қалды. 1250 жылдары сан жағынан көбейген мәмлүктер бүлік шығарып, билеуші сұлтанды өлтіріп, қыпшақтан әмір сайлады (Бейбарыс сұлтан). Татар-моңғол шапқыншылығынан аман қалған қыпшақтар тек XVI ғасырда ғана өз мекеніне оралды.

Қыпшақтар қазақтардан басқа түркі тілдес көптеген халықтардың ұлт болып қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, әзербайжан, құмық, қарашай, балқарлармен де араласып, құрамына кіріп, сіңіп кетті.

Армения, Грузия және Азербайжан елдерінің шекарасында Қазақ деген аудан бар. Ол ауданды қоныстанған тұрғындар – 1332-1334 жылдары Шыңғыс хан әскері бұл елді жаулап алғанда, сонда тағдыр ай-дап барған Аққойлы, Қарақойлы деген екі рулы ел екен. Армян халқы бұлармен ежелден жақсы қарым-қатынаста болған көрінеді. Арменияның

әлемге әйгілі Матенадаран кітапханасында армянның көне алфавиті мен қыпшақ (яғни қазақ) тілінде жазылған біраз қолжазбалар сақталған. Қазіргі жыл санау бойынша 1681 жылы жазылған бұл қолжазбалардың кейбіреулерінің тақырыптары: «Армян – қыпшақ (қазақ) грамматика-сы»; «Армян-қыпшақ (қазақ) тілдерінің тарихы»; «Ұзақ өмір сүргізетін дәрі».

«Армян – қыпшақ (қазақ) грамматикасының» тілі – кәдімгі қазақ тілі, яғни, армян әріптерімен қазақ тілінің грамматикасы жазылған екен. Армян-қыпшақ тілінде жазылған мұндай қолжазба кітаптар Лондонда, Варшавада, Киевте де бар көрінеді.

Қазақ шежірелері әдетте қыпшақтарды тоқсан екі баулы деп атай-ды. Мүмкін, Алтайдан Жайыққа дейінгі кең өлкені жайлаған қыпшақ руларының көптігінен осылай айтылған шығар. Олардың көбі қыпшақ руларын былай таратады: Қыпшақтан Сәлімалып, одан Көбікалып, одан Мүйізді, Сарыабыз, Сарыабыздан Бестаңбалы.

Қыпшақ шежіресінің бір нұсқасы (Айқап, 1911 жыл №3, 15-бет) бойынша, қыпшақтар үш атаға бөлінеді. Қарақыпшақ, Құланқыпшақ және Сарықыпшақ. Сарықыпшақтарға жататындар: Қытайқыпшақ деп аталатын қидандар, X-XII ғасырларда Қытайды билеген. Қарақыпшақтан Қобыланды, одан Тоқтар, Тоқтардан бес бала – Бестаңбалы қыпшақтар (Бұлтың, Торы, Ұзын, Қарабалық, Көлденең).

Аңыздарда кездесуіне қарай, Бестаңбалы қыпшақтардың шешесі былай дейтін көрінеді:

Бұлтың бітті бойыма, билік кірді ойыма,

Торы бітті бойыма, зорлық кірді ойыма.

Ұзын бітті бойыма, ерлік кірді ойыма,


Көлденең бітті бойыма, саудагерлік кірді ойыма.


Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма.

Қарақыпшақ Қобыланды мен оның қарындасы Қарлығаштың зира-ты Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Жиренқопа – Ешкіқырған тау деп ата-латын жерде, Қобда өзенінің жағасында тұрған екі оба түрінде алыстан көрінеді.

Қыпшақтар жөніндегі бұл деректер негізінен Тілеке Жеңіс деген азаматтың «Шежіре. Ертіс-Баянауыл өңірі» деген еңбегінің бірінші кітабынан (1995 жылы) алынды.

Туған жер. Өсірген ел. Алтын бесік. Ұшырған ұя





Тоқтар (би) (кейде Ойбас екеуінен таратады), одан – Бестаңбалы қыпшақтар: Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалық. Қазақстанда негізінен қарақыпшақтың, құланқыпшақтың ұрпақтары қалған. Олар әуелде еліміздің оңтүстік өңірінде шоғырланған. «Қобыланды батыр» қиссасы: «Қараспан тауын (Қаратау өңірі) жайлаған қалың қыпшақ елі бар», – деп басталады. Кейіннен моңғол, қалмақтардың ұзаққа созылған шапқыншылығынан бірде жеңіліп, бірде жеңіп, ығысып Қызылорда, Қостанай өңіріне қоныс аударған. Қарақыпшақтардың қоныс аударып, негізгі шоғырланған жері – қазіргі Қостанай, Торғай, Қызылорда, Ақмола, Павлодар облыстарының аймағы. Біз Бұлтыңнан тараймыз. Бұлтың қыпшақтың ұрпақтары, негізінен, Павлодар, Ақмола, Қызылорда, Көкшетау және Омбы облысының Павлодармен шекаралас Ертіс бойындағы Шарлақ, Нововаршавка, Русско-полян аудандарында тұрады. Бұлтыңнан Ожыралы, Сағал, Қосқұлақ, Жарымбет тарайды. Өткеннің жұмбағы көп болады ғой. Ата таратқанда бізді көбіне Ожыралы-Сағал деп қосақтап, кейде Ожыралы, кейде Сағал деп те атайды, неге бұлай екенін нақтылап ешкім де айта алмайды. Кейбір қарттардың топшылауы бойынша, Ожыралы, Сағал енші бөліспеген туыс, біреуі баласыз болып, бірінің баласын бірі бауырына салған деген де болжам бар, сондықтан да ата таратқанда аттарын қосақтап айту қалыптасқан болса керек.

Ожыралы-Сағалдан Майрық, одан Күсілқара, одан Сүйіндік, одан Өтеміс. Өтемістен он ұл: Түгел, Түрке, Түгелше, Түменбай, Ескене, Са-рыбай, Өтеген, Байбөрі, Құсбек, Сексенбай.

Түгелден 16 ұл болған: Кенжеқара, Төбет, Күшік, Таймас, Шуақ, Аңқоймас, Таңатар, Байсерке, Баймырза, Дүйсен, Шаған, Талпық, Бесін, Түркі, Сасық, Торпақ. Түгел батырдың осы он алты ұлынан Сілеті өңірін-

де («Бірлік» колхозында, «Сілеті» совхозында) – тың игеру жылдарына дейінгі әкімшілік бөліністер бойынша, тұрып жатқандары: – Кенжеқара, Төбет, Бөсін, Байсерке ұрпақтары ғана.

Түгел батырдың қалған ұрпақтары Омбы, Ақмола, Көкшетау облыстары мен Павлодар облысының Ертіс ауданының басқа колхоз, совхоздарында тұрып жатыр. Біз Түгел батырдың жетінші ұрпағымыз. Түгел батырдың және ұрпақтарының тарихи өмірі мен жолдарын зерттеп, халық арасындағы аңыз-әңгіме, естеліктерді, шежірелерді теңіздің түбінен маржан тергендей сүзіп, сұрыптап, бабаларыңнан қалған мұра деп сыйға тартқан Павлодар облысының Ертіс ауданының қадірлі ақсақалы, халық осы өңірдегі «қазақтың Шолоховы» деп баға берген, қара сөздің майталман жорғасы, бірнеше кітаптардың авторы, поэзиясының өзі жеке бір төбе, әсіресе, балаларға арнап жазған өлеңдері мектеп оқулықтарына да енген, «еңбегім ермек үшін емес, ұрпақ тәрбиелеудің басты саласының бірі» деп қарайтын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, құрметті ағамыз Мұбарак Жаманбалинвке және ол кісінің үзеңгілес, ақылдасар, ақылқосар, қолқабыс тигізіп жүретін інісі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы ғылыми қызметкер Айтжан Бәделханов ағаға айтар алғысымыз шексіз. Бұрын Түгел батырдың ұрпағымыз деп, тек жалпы атағына ғана мәз болып жүрсек, енді осы екі ағамыздың көп жылдан бергі халық арасынан жинаған қазыналарының құндылығына сүйсініп, ұрпақтары тосырқап қалған бабамызбен қайта табыса, қайта таныса бастадық.

Бұрын, мен Мұбарак ағаның Түгел батырдың өмір жолын, ұрпақтарының тамырлары мен бұтақтарын бірнеше жыл шұқшия ынталы іздеуіне қарап, ол кісі де бабамыздың ұрпақтарының бірі шығар деп ой-лайтынмын. Сөйтсем, руы Қанжығалы, Бөгенбай батырдың, атақты Ба-пан, Саққұлақ бабалардың ұрпақтарынан екен. Осы заманда жоқтан бар, тайлақтан нар жасап, түймедейді түйедей етіп, әркім өз руын, өз атала-рын дәріптеп жатқанда, (әрине, құндыларына дау жоқ) жақсыда жаттық жоғын білдіріп, Түгел батырдың әулетін тарихи елестерден екшеп, елеп, бірімен бірін таныстырып, қайта табыстырып, ағайындықтың арнасына түсіргендері үшін ағаларымызға тіл жетпес рахмет айтамыз.

Еңбегінің, ізденісінің жігін ашып, айқындап жатқаным бөлектеді деп сөкпес, тек ерекшелеу үшін ғана. Өзінің Олжабай атасы айтқандай:

Ағаштың түбі бірге, бұтақ басқа,

Ұқсайды Адам Ата сол ағашқа, – деп.

Енді сол ағаларымыздың бізге көне тарихтан әкелген сарқытындай «Түгел батыр» деген еңбектерінен шолақ болса да шолу жасап көрелік. Мен де балаларымның, немере, шөберелерімнің ата-бабалары туралы түсініктерін әрман қарай шиырлап, тереңдетіп, толықтыра түссем деп ой-ладым.

XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы күресте қол бастаған сардарлардың бірі Түгел батырдың есімі Павлодар, Омбы, Ақмола, Көкшетау облыстарына кеңінен танымал. Батырдың тоғыз әйелінен туған он алты ұлдың ұрпақтары осы облыстардың аудандарында тұрады. Түгелдің өмірі, ерлігі туралы жазылған жыр-дастандардың болғандығы айтылып келсе де, жазбаша деректері қолға түспеді. Жоңғар басқыншыларының қазақ жеріне шабуылы екі ғасырға созылған тарихтан белгілі. Сұрапыл шайқастар көбінесе, Республикамыздың оңтүстік өңірлерінде, солтүстікте, Баянауыл тауларының аңғарларында болған. Сол шайқастарда аты шыққан Жасыбай, Олжабай, Малайсары сияқты батырларымыз – тарихи мақтанышымыз. Әрине, ондай қанды шайқастардан Ертіс өңірі де, оның солтүстік, батыс аудандары да тыс қалмаған. Ертіс аудандарының жерінде Қорғанкөл, Найза, Бөгенбай, Қарамола, Жазытөбесі, Қалмақ моласы, Мойнақ ауылы, Мойнақ көлі, Жалаулы деген атаулардың бәрі – басқыншылармен болған соғыс тарихының куәсі. Қорғанкөлдің жағасында жоңғарлармен соғыста қорған жасалған дейді. Найза жайлауында Абылайхан бастаған әскер түнеп, қол жинапты. Маңдайына 17 мың жылқы біткен атақты Мұрат бай ел қорғауға дайындалып жатқан Абылай ханға төрт жүз құр атты осы жайлауда сыйлаған көрінеді. Абылай түнеген орында қалған шаншулы найза ұзақ жылдар бойы сақталып тұрған болса керек. Кейін сол орынды қоныстанған елді мекен Найза ауылы атанған. Бұл өңірде Бөгенбай батыр да қол жинаған. Сол жер Бөгенбай атанып кеткен. Қызылқак теңізінің (көлінің) жағасында Қарамола деген қорым бар, қариялардың айтуы бойынша, ол – қырылған қалмақтардың моласы. Ертіс ауданының батыс жақ шекарасы мен Омбы облысының Русско-Полян ауданының шектескен жеріне таяу үлкен Мойнақ, кіші Мойнақ деп аталатын екі ауыл түгін түтетуде. Бұл ауылдар Қосайдар қыпшақтан шыққан Мойнақ батырдың, шамасы, Ақтабан шұбырынды жылдары болуы керек, елін ежелгі қонысынан көшіріп әкеп орналастырған ауылдары екен. Ағалы-інілі тарихи шолушылар (Мүбәрәк, Айтжан ағалар) тек Ертіс, Ақтоғай аудандарында жоңғарлармен болған соғыста ерлік көрсеткен жиырмаға жуық батырлардың есімін анықтапты. Олар – Қыпшақтан шыққан Жойсандық, Түгел, Мойнақ, Қошқарбай,

Жазы, Қарабатыр, Лепес, Шаң, Өтел, Қожаберген; Қанжығалы руынан шыққан Айтқожа, Бозша, Боранбай; Керейден шыққан Аманбай, Есен-бай; Уақтан шыққан Құрымсы, Өмір т.б. Кейбіреулер мұнша батыр қайдан шыққан деп таңдануы да, күмәндануы да мүмкін. Тарихқа үңілсек, оның шындық екенін аңғару оңай. Не бары төрт жылға жуық уақытқа созылған Отан соғысында тек Ертіс ауданынан төрт адамға батыр атағы берілді. Ал жоңғармен болған соғыс екі ғасырға, оның ішінде 1723-1757 жыл-дары аралығындағы үздіксіз соғыстың 34 жылға созылғанын еске алсақ, анығында, батырлардың саны одан да көп болуы мүмкін.

Жоңғар басқыншылары халқымызды 1723 жылы «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқаннан кейін қазақтың шұрайлы жерлерінің бірі осы өңірге қоныс теуіп, бекініп алған екен. Ал қалмақтың біразы бұл жерге 1757 жылы қытайлықтар қырғынына ұшырағаннан кейін, бас сауғалап қашып келіп орналасқан деген де болжам бар. Тоғайы нулы, суы мен шөбі шүйгін Ертіс өзенінің бойы мал баққан көшпелі халықтың қыстауына қолайлы. Ал жазда қыр жазығы – таптырмайтын кең жайылым. Сондықтан қазақтар қыста өзен жағалап, жазда жайылымға шығады. Бірде жазғы жайылымға көшейін десе, Жалаулы мен Сілеті бойын қалмақтар басып алған көрінеді. Амал жоқ, Сілеті бойындағы қалмақтармен соғысуға тура келеді. Сол кездегі өңірдің әйгілі батырлары Түгел, Жазы, Қошқарбай бас қосып, ақылдасады да, әрқайсысы ел арасынан қол жинауға атта-нып кетеді. Қолды қай бұрын жинап үлгергені Тұздықөлдің (қазіргі Жалаулы) шығыс жақ жағалауына жалау тігіп, шатыр құрып, өзге ба-тырларды тосуға келіседі. Үш батырдың біріккен қолына төтеп бере ал-май қалмақтар Сілеті бойынан ығысып, Бестөбе жаққа қарай ойысады. Сұрапыл шайқас сол жерде болған. Түгел батыр жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтіреді. Бірнеше күнге созылған соғыста қазақтар жеңіске жетеді. Шайқастың соңғы күндерінің бірінде Жазы батыр мерт болады.

Түгел батыр: «Інімнің мәйітін туған жеріне апарып жерлеймін», – деп, Қызылағаш ауылының шығыс жағындағы қазір батырдың есімімен аталатын Жазытөбесінің үстіне әкеліп жерлейді. Жау қолынан босаған Сілеті өңіріне қыпшақтар қайтадан қоныс тебеді. Ал Тұздықөл жаға-сына тігілген баяғы жалау соғыс біткеннен кейін де біраз уақыт жел-біреп тұрады. Кейін Тұздықөл «Жалаулы көл» атанып кетеді. Шайқаста ойсырай жеңілген қалмақтар қазақтарды күштеп жеңе алмасын түсініп, жымысқы айлаға көшеді. Бұл өңірдегі қазақтардың бас батыры Түгелді өлтіру – елдің сағын сындыру. Опасыз сатқынды қазақтың өз ішінен табу.

Өйтпегенде күні-түні нөкерлерімен және қару-жарақ асынып жүретін ай-бынды батырдың маңайына жау дари алмасы белгілі.

Алтынға сатылған азғын, қай халықта жоқ дейсің, қазақтан да табылыпты. Қазіргі Қызылағаш ауылынан небары үш-төрт шақырымдай ғана қашықтықтағы «Жуантөбе» деп аталатын Қарауыл төбенің етегіндегі шағын ауылға Түгел батыр жиі келіп-кетіп жүреді екен. Төбе қарауыл қарауға қолайлы. Бұл жерден тұрып қарағанда 20-25 шақырымдық төңіректі шолуға болады. Батыр осы ауылдағы бір үйге келіп, ауқаттанып аттанған ба, әлде қонған ба, сол жерде бір сатқын ұрланып келіп, батырдың ерттеулі тұрған тұлпарының үзеңгісіне у жағады. Бұны аңғармаған аңғал батыр жолдастарымен бірге аттанып кетеді. Бірақ, көп ұзамай әлсіреп, уланғанын сезеді де, ауылға қайта оралады. Қайтыс болады. Ол, өзінің өсиеті бойынша, осы Жуантөбенің басына жерленіпті.

Ел ішіндегі аңыздардың бірінде Түгел батыр бір соғыста жауын жеңіп, мал-мүлкін олжалап, адамдарын тұтқындайды. Олжаның ішінде қалмақтың атақты бір бегінің бойжеткен сұлу қызы бар екен. Ондай текті сұлуды батыр өзгеге қия қойсын ба? Ал сұлу болса, көңгісі келмейді.

– Менің жаным соғыста өз қолыңнан мерт болған туыстарымнан артық емес, менің де басымды шауып тастай сал, – дейді қыз. Батыр:

– Сен жассың, сұлусың. Біздің елден де лайықты серік тауып, бақытты өмір сүру мүмкіндігің бар, – дейді. Сонда қыз:

– Мен бұрын кім болсам да, қазір тұтқынмын. Ертеңгі күнім – күндік. Бауырларымды жайпап салған жау қолында күң атанғанша, өлгенім артық, – деп көнбейді. Тектілігі, намыскерлігі, сұлулығы – бәрі сай, бәрі асқақ. Бұндай қыз әрбір батырдың асыл арманы. Түгел батыр да бұл қызды қандай жағдаймен болса да өзіне жар етуге бекінеді. Өзінің ыстық ықыласын, ниетін, махаббатын білдіреді. Түгел батыр жайында қыз бұрын да естісе керек. Өз халқының асқан батыры ғана емес, ақылгөй көсемі де. Дәулеті де мол, сымбаты да көз тартарлықтай. Бұндай ерге жар болу да әрбір сұлудың арманы.

– Онда былай болсын, – дейді қыз икемге келгендігін білдіріп, – тек менің дәрежем өзге әйелдеріңнен кем болмасын, өзіме жеке үй тігілсін. Өзімнің көмекші, күтушілерім болсын. «Күң», «Тұтқын» деген кемсіту сөздерді естімейтін болайын. Бұл уәде бұзылса, мен елімді табамын, оған қарсы болмайсың.

Бұған батыр келіседі. Қыз мұсылман дінін қабылдайды. Некесі қиылып, оған қазақша Қаракөз деп ат қояды. Арада бірнеше жыл өтеді. Қалмақ бегінің қызы тектілігін, адамгершіліктің өнегесін танытады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жақсы игереді. Батырдың ерекше ықылас, ниетіне ие бола бастайды. Ол өзге әйелдерінің қызғанышы мен күндестігін өршіте түседі. Ақыры Қаракөзді оңдырмай мұқатудың да реті келеді. Батыр ұзақ уақыт жорықта жүріп, ауылына оралғанда, әйелдерінің алдынан шығып, аттан түсіріп алуы салтқа айналған ғой. Бірде өзге әйелдері алдынан шыққанда, ішінде Қаракөз жоқ екен. Оған хабар ти-месе керек. Бірақ, батырға басқаша жеткізіп, Түгелдің намысына тие ай-тылады. Кешірек хабарланып, Түгел түскен бәйбіше үйіне кейіндеу жет-кен Қаракөзге ауыр-ауыр сөздер айтылып, оның тексіз халықтан шыққан «надандығы», «күндігі», семіздікті көтере алмаған «ақылсыздығы» бетіне басылады. Бұл кезде Түгелдің Қаракөзден үш ұлы бар көрінеді, соңғысы – емшекте. Батыр, қанша жәбірлегенімен, үш балалы әйел елін табуды қаперінен шығарған болар деп ойласа керек. Әйелінің ар-намысы, өз еліне, өз халқына деген сүйіспеншілігі атақты жұбайынан да, өзегін жарып шыққан перзенттерінен де асқақ екенін жете бағаламаған ғой. Таңертең батыр ұйқыдан оянса, Қаракөз үйінде жоқ болып шығады. Кеш бойы үш баласымен қоштасқандай беттерінен кезек-кезек сүйіп отырып ұйықтатыпты да, түн ортасы ауа буып-түйінген азық-түлігін желмаяға теңдеп, өз елін бетке ұстап аттанып кетіпті. Ашу – алдында, ақыл – соңында, кеше ашу үстінде артық кеткенін батыр да түсінеді. Айтылған сөз – атылған оқ. Бес-алты жыл серік болған әйелінің сыры өзіне мәлім. Ойланбай істемейді, беттегенінен қайтпайды. Дегенмен, қуып жетіп, тілдесіп қалуды жөн көреді. Бәйгіде алдына қара салмайтын, қуса жететін, қашса құтылатын жүйрік тұлпарына қонған батыр ат ба-сын оңтүстік батысқа қарай көсілтті. Бағыты да мәлім, желмаяның жүрісі де суыт. Дегенмен, батыр оны тоғыз жолдың тоғысатын тұсында қуып жетіпті. Осы жерде Қаракөз желмаясын тыныстатып, бір төбенің үстінде отыр екен.

Батырдың оны жорыққа аттанған үш-төрт айдан бері көріп тұрғаны осы, өңі сәл жүдеулеу тартқанымен, тым ажарлы. Қарақаттай қара көздеріне жас тамшылары үйірілгенімен, байсалды қалпын сақтап, ішкі сезім толқынын білдірмеуге бел байлаған. «Неткен намысшыл, өжеттік» деп ойлайды батыр. Кеше істің ақ-қарасына жетпей, орынсыз жерден алып, жерге салып әбестік жасағанына өкінеді. Алғаш Қаракөзге көңіл білдіргенде не деп еді?! «Уәде – Құдай аты». Қазақтың батырының аузы-мен берілді емес пе? Қой, мен әлі де болса, ерлігімді танытайын деп ой түйеді батыр.

– Мен сені қайткенде де қайтарып әкетейін деп келгенім жоқ, – дейді Қаракөзге амандасқаннан кейін сабырмен батыр, – Көңіл күшке

бағынбайды. Ашуға дес беріп, ағаттық жасағаным рас, өкпең сол болар? Тілдесіп қалайын деп келдім.

Батырдың өзін құлай сүйетінін Қаракөз білетін. Сондықтан да оны өзге әйелдері жабыла күндесе де, кекету, өсектеу сияқты бәле-жаланың бәрін оған үйіп-төксе де, Қаракөз елемей, тек Түгелдің әділдігін, адамгершілігін, өзіне деген ілтипатын бағалағандықтан, бәріне көніп, төзіп жүре беретін-ді.

Қаракөздің ата-тегі – батырлық пен бақ-дәулет қатар қонған атақты адамдар, нағашы атасы – көріпкел, ірі бақсы. Табиғаттың ерекше қасиеттері дарыған сол нағашысы сияқты Қаракөз де көріпкел, сәуегей, азаттық пен еркіндікті сүйетін айрықша тұлға еді. Соңынан қуып келген Түгелді Қаракөз байсалды қалыппен қарсы алыпты. Қазіргі ұрпағына белгісіз бір төбешіктің басына отырып, атақты батыр мен парасатты сұлудың аузы-мен айтылған ұлағатты сөздері ғасырдан-ғасырға жалғасып, үрім-бұтағы қайталап жүретін өнегеге айналатынын олар қайдан білсін?

– Уәдеміз бойынша, – дейді, Қаракөз жайлап қана, – менің күңдігіме, тұтқындығыма жетіп жәбірлеген жағдайда елімді табуға тиісті едім. Уәде бұзылды, мен кеттім. Мені ата-бабаларымның аруағы шақырып тұр. Менің де туып-өскен елім бар, жерім бар. Бәрі де жүрекке қымбат, көзге ыстық.

Түгел батыр оның осылай айтатынын сезген. Қалмақ жеріне тұтқын болып барып, еріксіз тұрмыс құрған қазақ қыздарының да талайы қашып, елін тапқан. Оларға елі дән риза болып, құрмет көрсететін. Туған жеріне шын берілген асыл перзенттер – міне осылар. Ендеше қалмақ қызының бұл әрекетін неге сөксін?

– Ал менде қалған перзенттеріңе жүрегің ауырмай ма?, – батырдың соңғы әрі салмақты сұрағы осы болды.

– Ауырғанда қандай! Соларды өзіңе аманат етіп тапсырып кетейін деп тостым ғой. Егерде нағашымнан дарыған көріпкелдігім алдамаса, бұл перзенттеріме даритын қасиеттерімді айтайын.

Аңқоймасым... Бұл есім оған тегін берілмеген, ол аңшы, саятшы, еті тірі, батырлығы да бар болар. Шуағым... Күннің жайма шуағындай, еліне қайырымы мол болып өседі, тыныш өмір сүреді. Құт иесі болады. Ал Таймасым... Міне, сенің әулетіңнің абыройына мол үлес қосып, атыңды шығарып, мақтанышыңа айналатын ұлық сол болады. Менен ауысатын көріпкелдік, емшілік қасиеттер соған қонады. Ол тіпті жаңа өлген адамға қайтадан жан да салатын болуы мүмкін. Менің екінші елім болған қазақ

халқына, сол халықтың бір батыры өзіңе сыйлап қалдырған асылдарым – осылар.

Аңыздың айтуынша, Қаракөздің көріпкелдігі дәл келіпті. Одан туған үш ұлдың үшеуі де – Аңқоймас та, Шуақ та, Таймас та тап аналары айтқандай болып өсіпті. Бәрінің де ұрпақтары бар, Омбы облысының ау-дандарында тұрады.

Қазақтар арасында аты да, тапқырлықпен айтылған сөздері де аңыз болып кеткен атақты Жамбаев Сағымбай – осы Таймас бабаның төртінші ұрпағы.

Сілеті өңірінде Қызылағаш ауылының алыс-жақын төңірегінде қалған Түгел батыр ұрпақтары өзімізді бабамыздың қарашаңырағын сақтаушылар деп түсінеміз. Өйткені, олар мекен еткен бұл өңір – бабамыздың арулап қойылған жері. Өткен заман ықпалымен бұрын Түгел батыр ұрпақтарын іздестіріп, олармен табысып, танысуға сая-си, әлеуметтік-тұрмыстық мүмкіндіктер болмады да, тек 1996 жылы алғашқы қадамдар жасалды. Оған қозғау салған Мұбарак Жаманбалинов пен Айтжан Баделхановтар екенін жоғарыда айтып өттік. Қолдаушысы сол кездегі Ертіс ауданының әкімі Тито Уақапұлы Сыздықов болды, ал ұйымдастырушылар – аулымыздың ақсақалы, Отан соғысының ардагері, зейнеткер ағамыз Жамбай Қоңырбайұлы, інілеріміз Серік Батырғожин, Ертіс Әубәкіров, Бекмағанбет Мұхаммеджанов, Рүстем Әубәкіров, Қобыланды Шәкіровтер болды. Бұл игілікті істің жалғасын көптеген басқа облыс-аудандардан келген және ел ішіндегі үлкенді-кішілі азама-тар қолдап, қолпаштап алып кетті. Әрине, бұрын ондай үлкен ас беріп, ескерткіш орнатуда тәжірибеміз шамалы еді, сондықтан Түгел батырдың басқа облыстағы ұрпақтарына ертерек, кеңінен түгелдей хабарлай алмадық. Өкпелер де, кемшіліктер де болды, бірақ ең бастысы – ғасырлар бойы буылған сең қозғалды.

Мұбарак ағамыздың «Батырдың ел-жұртымен қоштасуы» атты толғауы:

**Әй, сұм жау-ай, қапысын тапты ма
ақыр? Дегеніне жетті ме сатқын пақыр?
Үзеңгіге бір мыстан жаққан удан, Оқта-
текте талықсып жатты батыр, –**

деп басталып, Түгел батырдың келешек ұрпақтарына айтқан өсиет– тілектерімен былайша жалғастырылған:

**Бір батырдан қапыда айырылғанға,
Қамықпаңдар, ағайын, қайғырмаңдар!
Одан-дағы татитын мың батырға,
Бірлік атты батырдан айрылмаңдар.**


**Арманым жоқ, осыны ойға алсаңдар,
Өркендеп, жұлдыз барып, ай қонсаңдар.
Түгелден тарағанбыз дегендерің Ата-
баба даңқына сай болсаңдар.**

**Қызығыңа мың жылда тоймас елім,
Сенемін мен, шын асыл жоймас тегін.
Өзіме тартып туған ұрпақ болса,
Аруағымды жүдетіп қоймас менің!**

Ал керек болса! Кеудеңде жаның, тектіліктен жалғасқан қаның, намысың мен арың, болса баба өсиетінен бұлттарып көр.

Алғашқы міндеттеріміздің бастамасы: Түгел батыр және оның ұлы Байсерке абыз бабаларымыз жатқан Жуантөбедегі қасиетті орын-ды қайтадан күрделі жөндеуден өткізіп, қалыпқа келтіріп, мына жер – бабаларымыздың жатқан жері деп қомсынбай, қорсынбай, ұялмай көрсетерлік дәрежеге жеткізсек деген ой болды. Ол үшін, әуелі Түгел ба-тыр атындағы қор ұйымдастырып, қаржы жинақтап, тек бабаларға ғана емес, Түгелдің Сілетідегі қарашаңырағындағы ұрпақтарына да, қазіргі қиыны мен құйыны қатар соққан заманда азып-тозып бара жатқан ау-ылдарына да септігімізді тигізіп, езілген еңселерін көтеріп, үзілмесе де селдіреп ілініп қана тұрған келешектеріне деген үміттерін өшірмесек деген үлкен мүдде-мақсатты алға қойдық. Әйтеуір, ата-бабалардың екі дүниедегі қоныстарына жан кіріп, әл бітіріп әрлендіріп, сәндендіріп іргелі, көрікті ел дәрежесіне көтерсек дедік. «Көп түкірсе көл» әркім мүмкіндігінше қолдау көрсетсе, ойымыздың іске асары анық. Жоғарыда айтып кеттім, Сілеті өңірінде, қазіргі Қызылағаш, Сұлукөл ауылдарын-да Түгел батырдың үш ұлынан тараған ұрпақтар тұрады,-деп. Олар: Кенжеқара, Төбет, Бөсін әулеттері. Менің аталарым Түгел бабамыздың тұңғышы Кенжеқарадан тарайды. Бабамызда тоғыз ұл болған:

- 1) Нұржан,
- 2) Құлен,
- 3) Құлбек,
- 4) Табылды,

- 
- 5) Тастемір,
 - 6) Итемір,
 - 7) Өстемір,
 - 8) Бектемір,
 - 9) Тілеп;

Төбет бабада он бір ұл болған:

- 1) Байтемір,
- 2) Жантемір,
- 3) Шынтемір,
- 4) Балтемір,
- 5) Тастемір,
- 6) Бектемір,
- 7) Төлебай,
- 8) Есебай,
- 9) Доса,
- 10) Құлтан,
- 11) Әлі.

Бөсін бабадан үш ұл:

- 1) Естұр,
- 2) Көптұр (қажы)
- 3) Бектұр.


Қазіргі ұрпақтары – міне, осы үш бәйтеректің бұтақтары, жемістері. Сондықтан олардың өмір жолындағы өрістері де – бір; салт-дәстүрлері, әлеуметтік тұрмыстық жағдайлары да нуда да, дуда да, шуда да бір; бәрі де ортақ, бәрі де сабақтас. Өлең тілімен айтқанда, Сілеті өңірінің: «түлегі де, жүрегі де, тілегі де, тірегі де, ажары да, на - зары да, ғажабы да, базары да» – осылар. Барлығы екі жүздей отбасын құраса да, етек-жеңдері жинақы, өзгені де сыйлай білетін, өздерін де сыйлата білетін ұйымшыл ұя. Аллаһ Тағаланың берген байлығы мен берекесі болар, сол мен ес біле бастаған 40-50 жылдар аралығында ау-ылда өресі биік, сезімдері сергек, елдің де, ердің де қадірін түсінетін, жастарға тәлім-тәрбие бере алатын, ақыл-өсиеттерін санаңа сіңіре білетін дәрежедегі қарттар көп болушы еді.

Тектіліктері тереңнен үзілмей келе жатқан тамыр. Аяз би (ертегісінде бір хан уәзірлеріне: «Адамның жаманын, құстың жаманын, шөптің жаманын тауып әкеліңдер», – деп тапсырма береді. Олар ұзақ жол жүріп, өзара ақылдасып, құстың жаманы деп қырғауылды алады, шөптің жаманы деп шеңгелді, ал адамның жаманы деп үстіндегі киімі алба-жұлба бір

қойшыны алады. «Жаман» уәзірлерге: «Қырғауыл түр-түсі көзге қораш көрінгенімен, еті адал, құстың жаманы – сауысқан, бірлігі жоқ, екі сауысқан бірге ұшып, бірге қонбайды, халықта оны өсекші деп мазақтайды. Ал шеңгелді мал жемегенімен отқа жақсаң қызулы, сондықтан оның орнына қоғаны алыңдар. Төрт түлік малда қоғаны ешқайсы жемейді, отқа жақсаң бықсып жанбайды деп ақыл береді. Ал адамның жаманы деп мені алғандарың дұрыс», – дейді. Еліне келгеннен кейін, уәзірлер өз таңдауларымен Жаманның пікірін тыңдап келіскендерін айтады. Хан да келіседі. Ол енді Жаманға асыл тасын, мініп жүрген тұлпарын сынадады. Ол ұзақ әңгіме. Хан Жаманның шешімдеріне разы болып: «Сен ұсқының жаман көрінгенімен, ақылды болып шықтың ғой», -дейді. Жаманды наубайханаға апарып тамақтандырып, қайта алып келуді бұйырады. Қайта келген Жаманға Хан: «Мен жеті атамнан бері ханмын ба?» – дейді. Жаман: «Жоқ. Хандық тек сенің өз басыңда ғана, сенің тегің наубайхана-шы», – дейді. Хан шамданып, басыңды аламын деп буырқанып, анасын шақыртады: «Мына адамның қаны мойыныңда, шындықты айтыңыз», – дейді. Сонда анасы жылап: «Бұл кісі шындықты айтып отыр. Мен ылғи қыз балалар туа бердім. Сен дүниеге келген күні мен де босанып, тағы да қыз тудым. Содан сенің анаңмен екеуміз келісіп, сәбилерімізді ай-ырбастап алдық. Сен наубайханашының ұлысың», – дейді анасы. Хан Жаманға: «Сен қайдан білдің?» – деп сұрағанда, ол: «Сенің тексіздігіңнен білдім. Мен кім болсам да, саған келген қонақ едім. Мені сарайыңа қонақ етудің орнына наубайханаға жібердің», – депті.

Қазақтың «жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге», деген данышпандық сөздері осындай өмір сабақтарынан дүниеге келген шығар. Сол Жаман деген адамдары даныш-пан болып шығып, хан тағына отырып, Аяз би аталыпты. Хан тағына отырса да босағаға қой бағып жүргендегі киімдерін іліп қойыпты. «Адам кеше кім болғанын, бүгін кім екенін ұмытпауы керек», - дейтін көрінеді. Күнде таңертең тағына отырарда «Аяз, еліңді біл, құмырысқа, жолыңды біл», - деп барып отырады екен.

Шығарманың негізгі түйіні – адамның жаманы болмайды, бәрі бағы мен тағының ұштасуына, сабақтастығына, тамырластығына байланыс ты. Бабаларымыз: «Бақ тауып қонса өсіреді, лағып қонса өшіреді», – деген ғой. Өйткені, өмірде «шың басына шарықтап ұшып қыран да шы ғады, жорғалап жүріп жылан да шығады», - деуінің өзі – өмір кездейсоқтығы-нан сақтандырғаны ғой. Шарықтаудың да, шалықтаудың да түп тамыры – тектілік деген ғой. Олай болса тектілік қоры көп пе, аз ба, қай салада



жалғасуы әр адамның қанында болатын қасиет. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, желісі үзілмейтін мәңгілік өміршең гүл, бірақ оны да мәпелеп, тәрбиелеу қажет. Өмірдің табиғи тыңайтқыштарымен, жаңбырлы су-сындарымен құнарландыра беру керек. Тектілікті тексіздікке жеңдірмеу керек. Қорын ортайтпау керек.

Сталиннің тапсырмасымен ерекше тыңшылыққа Испанияға жібе-руге алты қыз дайындап, тек соның біреуін ғана таңдап алып, арнайы дайындығын тереңдетуді тапсырады. (В. Суворов «Выбор»). Сол қыз мұғалімдеріне былай дейтін көрінеді: «Менің әкем 1937 жылы «халық жауы» саналып атылып кеткен. Тұқымымызда патша да, данышпан да болған біреуі жоқ, бәрі қарапайым адамдар. Менен дарынды адам шықпайды. Текке әуре болып жүрсіндер», – дейді.

Мұғалім: «Енді сенің айтқаныңды талдап көрейік: соңғы мың жылдың жүз жылын алайық – ол төрт буын (поколений) ұрпақ. Мың жыл – қырық буын ұрпақ. Енді пирамида жасап көр. Сен пирамиданың басындасың, сенен кейін қырық қабат, әрбір қабатта сенің алдындағы буын. Тура сенен кейін қырықыншы қабатта (этажда) сені өмірге әкелген екі адам – әкең мен шешен. Әкең мен шешенді өмірге төрт адам әкелді – сенің екі атаң және екі әжең. Сенің осы төрт адамның әрқайсысынан қанша тектілік қасиеттерді сіңіргенінді, яғни тікелей қатысы бар төрт адамның қайсысына қанша тартып туғандығыңды (тектілік дарығанын) кім біледі. Бұл 39-шы қабатта, енді есепте, 500 жылда, яғни, жиырма буын ауысқанда, әр адамда бір миллионнан аса (нақтырақ 1 048 576) ата-әжелері болады екен. Ал одан бір қабат төмендесең, екі миллион болады, әрмен қарай осылай өсе береді. Егерде тектілік (нәсілдік) ер адам (ата-сы) немесе әйел адам (нағашылар) тізбегімен кетті десек, 1 мың жылда бір адамның екі жарым миллиард тектілік иелері болады. Ал осынша-ма адамдардың ішінде кім болған жоқ? Сонда соншама ата-әжелердің ішінде, ханы да, құлы да, ханшасы да, күні де болған шығар, сондықтан бірде-бір адам менің қанымда не асылдың, не масылдың қаны жоқ деп айта алмайды», – деп түсіндірген екен.

Түгел бабамыздың он алты ұлының бірі, тілі – найза, сөзі – оқ, елдің дауын, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешетін топ бастаған көсем, сөз саптаған шешен – Байсерке абыз. Ол – осы Сілеті өңірінің төл перзенті. Туған жері де, дүниеден өткен жері де – Сілеті өңірі. Мүрдесі әкесі Түгел батырдың жанында, Қызылағаш ауылынан 3-4 шақырымдағы Жуантөбенің басындағы бейітте жатыр. Қазақ елінің би-шешендері жөніндегі кітаптарда (1993 жылы т.б.) Байсерке абыздың сөздері жазыла-

ды да, бірақ туған жері, туған, қайтқан жылдары белгісіз деп көрсетіледі. Тек қыпшақ руынан екені айтылады. Бабамыздың кейбір шешендік сөздері басқа адамдарға да телініп, бұрмаланып айтылып жүр.

Қарт шежіреші Қаратай Биғожиннің айтуы бойынша, Байсерке абыз 1760 жылы туып, 1841 жылы қайтыс болған. Ал, Тілеке Жеңістің 1998 жылғы шежіре кітабында Байсерке абыз 1779 жылы туып, 1889 жылы дүниеден өткен делінген. Байсерке абыздың өз ұрпағы болмағанымен, қарындасы Ұлтуғаннан туған жиені Елдосұлы Әлмәмбет (1788-1880) кезінде шешендігімен көзге түскен. Байсерке абызды ел ардақтап, құрмет тұтып, «Ақаң» деп атаған. Ел арасындағы Ақаң сөздері дегеннің бәрі абыз аузынан шыққан толғаулар деп түсіну керек. Абыздың сөздерін көне көз қарттардан жазып алып, Мұбарак Жаманбалинов ақсақал Түгел ба-тыр туралы кітапқа топтастырды. Солардан оқыған ұрпақтарының ойын оятып, көкірегінің көзін ашып, санасын сергітіп, намысын жаныр деген үмітпен кейбір ақыл-нақылдарын келтіре кетейін:

**Қарағайдан биік ағаш жоқ,
Түбінде бір талша жоқ.
Арғымақ ат кімде жоқ,
Шаба алмаса тайша жоқ.
Ағайын-туыс кімде жоқ,
Сыйласпаса жанға жоқ.**

**Қылығы жақсы қыз бала,
Қыз да болса ұлмен тең.
Қылығы жаман ұл бала,
Ұл да болса қыздан кем.**

**Жақсы әйелдің мінезі,
Алуа-шекер балмен тең.
Жаман қатын белгісі, От
басынан шу кетпес,
Қотаныңнан шаң кетпес,
Қаңтардағы қыспен тең.**

**Дауыл болмай, жауын болмас,
Екі ешкі сауын болмас, Екі
жалқау ауыл болмас, Ауыл
болса да тәуір болмас.**

Жаман еркек жер қадірін білмес,
Жайсыз әйел ер қадірін білмес.
Жалқау адам тер қадірін білмес.
Жетесіз жігіт ел қадірін білмес.

Жақсыға айтқан тура сөз
Шынға тіккен тумен тең,
Жаманға айтқан нақыл сөз
Құмға төккен сумен тең.

Күрек, шотың сай болса,
Қазсаң, суға жетерсің. Ат-
көлігің сай болса,
Көшсең нуға жетерсің.
Өрекетсіз отырсаң Кері
кетпей не етерсің?

Байсерке бабамыз көңілін сұрай келген досына айтқан екен:

Пендесі ажал жетсе өлмесін
бе, Ісіне құдіреттің көнбесін
бе? Тамырсыз сексеуілдей
өтіп барам, Байсерке атанып
ем он бесімде. Анадан тусаң,
алтау ту, Бірі болмаса, Бірі
жүрер қасыңда,
Болмаған соң осындай,
Жалғыздың жаны шығарда,
Кім отырар басыңда?

Бабамыздың дәулеті де шағын, жұпыны болыпты. Бір жесір дауын-да билік айтуға Байсерке шешенмен қатар өзі бай, өзі жан-жақты Жай-ынбай деген шешен де келеді. Сәлем бере келген абызға бетін қайтарып, тұқыртып алайын деген Жайынбай бірден:

– Ей, құлақ-мұрыны жоқ шұнақ абыз,

Жал құйрығы жоқ шолақ абыз,

Сен де келгенбісің билік айтуға? – дегенде, Байсерке абыз кідірместен:

**– Ей, Жайынбай, өзің де, тілің де
жайындай. Құлақ –мұрыным жоқ болса,
Сұңқар шығармын.**

Жал-құйрығым жоқ болса,

Тұлпар шығармын. Біреуі

құстың бұлбұлы, Біреуі

жылқының дүлдүлі –

Халықта атқа мінер ұл

туса, Ол – менің ұлым.

Халықта бар байлық

болса, Ол – менің пұлым.

Сен малым көп деп

тасыма, Ол – бір жұттық,

Басым көп деп тасыма,

Оның – бір дерттік.

Жайынбай малымен бірге өледі, Ал

Байсерке абыз халықпен бірге өмір сүреді, –

деген екен. Сөзден тосылған Жайынбай: «Байсерке тұрғанда маған билік жоқ екен», – деп еліне аттанып кетіпті.

Байсерке абыздың шешендік сөздері мен толғауларын оқыған сайын ақыл-парасат мектебінде отырғандай, өсиет өлкесінің орманын аралап жүргендей, ал кейде адамгершілік қасиеттердің теңізінде жүзіп жүргендей сезінесің.

Әкей марқұм: «Аллаһ Тағала Түгел батыр ұрпақтарына көсемдік пен шешендікті, желісін үзбей егіз берген, тек соны елпілдетпей-желпілдетпей, берік ұстайтындай сана мен салмақ керек», – деп айтып отырушы еді-ау.

Бөсін бабамыздың ұрпағы Көптұр Бұқара, Самарқан жақтарға барып, діни оқулар бітіріп келіпті. Елде бір үлкен жиындағы намазда жас жігіт имамдық етеді. Намаз оқылып болған соң молдалардың бірі: «Қарағым, оқуың терең, жақсы екен, бірақ намазда қолыңды, төмен ұмаңның үстінде ұстайды екенсің. Намазың бұзылды, қайта оқы», – дейді. Сонда бала жігіт Көптұр: «Менің көңілім Аплада, көзім саждада бол-ды, ал сіздің назарыңыз менің ұмама түсіпті, сондықтан менің намазым бұзылған жоқ, керісінше сіздің намазыңыз бұзылды. Қайтадан оқыңыз», – деп әлгі «сыншыны» мойындатқан екен. Көптұр атамыздың өзі де, төрт ұлы да қажылар болған. Бұл кісілерден басқа Әміре, Шамұхаммед және басқа да аталарымыз да қажылыққа Меккеге барып келген көрінеді. Ол

кезде жаяулап-жалпылап, қажылыққа бару – шынында да, үлкен ерлік. Дінге берілгендік емес пе? Біздің ауыл сол кездері «қажылар ауылы» деп те атаныпты.

Біздің ел мен Омбы облысының аралығында (әрине Көкшетау, Ақмола облыстарында) да атағы шыққан отауыз, орақ тілді Бесін – Естүрұлы Мәлік шешен атамыз болыпты. Сөздері мірдің оғындай. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында 87 жастағы атамызды ағайындары қажының Тұқымы деп көрсетіп, сотта қарап, он жылға үкім шығарып, енді не айтасыз десе: Сендерге рахмет. Өмірімнің ақырын бүгін бе, ертең бе деп отырғанда жасымды 10 жылға ұзарттыңдар. Ал көрсеткен туысқандарыма айтарым:

Абалап ит те үрмейді танысына,

Ит те болса түсінед мұны, сірә.

Адамның иттен өзге бір мінезі,

Үре беред қарамай алыс, жақын, туысына, – депті.

Батыр бабамыздың Құлбек ұрпағынан тараған Өміре қажының ұлдары, ағайынды қажылар Қажакат пен Жүніс ел арасында аңызға айналған, елге нұсқа да, тұтқа да болған азаматтар. Қажакат орта бойлы, қапсағай денелі, қимылы да, мінезі де шапшаң, өте намысшыл адам болған. Ал оның ағасы Жүніс денелі, ақ сары жүзді, байсалды, алып күштің иесі, қамшыгер екен. Қолына басқа қару ұстамаған, тек он екі таспалы, қорғасыннан өзек салып өрген тобылғы сапты қамшысымен салып өткенде, атан түйені де жалп еткізіп түсіретін көрінеді. Бірде Ертістің оң жақ жағалауындағы Үйіртүп жәрмеңкесіне барады. Елді әбден басынып алған казак-орыстар бір қазақты сілейтіп ұрып тастайды. «Неге бұлай?» – деп сұраса, казак-орыстардың 5-6 жігіті Жүністің өзіне тиіседі. Атамыз байлаулы тұрған атына қарғып мініп, қолындағы дойыр қамшысымен әлгілерді көзді ашып-жұмғанша сұлатып салыпты. Содан кейін казак-орыстар қазақтарға сирек тиісетін болыпты. Аттары Омбы, Қазақстанның солтүстік өңірлеріне Қажакат, Жүніс деп әйгілі болған қос арыс Сілеті алқабының айдары да, айбары да, қорғаушысы да, қалқаны да бола біліпті. Қайран аталарымыз, екеуі де ел ішіндегі алауыздықтан 37-нің зауалына ұшырап, құрбан болып кетті.

Түгел бабаның ұрпақтарының атақтылары біздің Сілеті өңірінен басқа өлкелерде де болған көрінеді. Мысалы, Түгел батырдың қалмақ әйелінен туған Таймас, Аңқоймас, Шуақ бабалар мен олардың ұрпақтары Омбы облысының аудандарында тұрады. Таймас әулие дер кезінде келсе, денесі әлі суып үлгермеген өлген адамға жан салатын болған

деседі. Сол бабаның төртінші буынындағы ұрпағы мемлекет қайраткері Сағалбай Жанбаевтың ел басқарудағы дарынды қабілеттілігі, ұшқыр ойлы тапқырлықпен айтылған сөздері халық арасында аңызға айналған болса, Кенжеқара бабамыздың тұңғыш ұлы Нұржанның баласы Аманжол батырдың ерліктері ертедегі ертегілердің желісі, жалғасы сияқты. Мен елден ерте кеттім (10 жасымда, 1944 жылы), әр жерде оқыдым. Тек жаз-да демалысқа келетінмін, оның өзінде көбіне мал бағамын, егін шөп жи-нау науқандарына қатысамын. Дегенмен үлкендердің әңгімелеріне құлақ түруге сирек те болса мүмкіндіктер болатын. Мейірім қанып, толық су-сындай алмадым. Ол кездегі ата-ағаларымыз екі кісі бас қосса, бұрынғы өткендердің әңгімелерін, адамгершілік қасиеттерін айтып, талдап отыратын. Ауылда басқа ермек жоқ болған соң ба, әйтеуір жинала қалып, әңгімелесуге дайын болушы еді. Сырттан, көрші ауылдардан, өзі де, сөзі де қадірлі адамдар келсе, әңгіме тыңдаймыз деп, шақыртпай-ақ өздері жинала қалатын-ды. Ескі сөздердің мәнін де, дәмін де көп жиі татқандықтан ба, біздің ауылдың азаматтары сөздің бағытына, астарлы сырларына өз пікірлерін де қосып, жіті араласатыны қандай жарасымды. Өсіресе, Шахаман, Нұрғали, Әлмұқан, Зейнолла, Дақан, Сексенбай, Сейфолла аталарымыздың, сол сияқты ол кісілердің өкшесін басып келе жатқан менің әкем Аман, нағашым Нұрқан, Қаман, Қабжәлел, Қабжан, Уаһап, Шиттің Нұрмағамбеті, Қамза, Тамаш. Зайыр т.б. Ол кісілердің әңгімесіне қатыса қалсақ, өзімізді мектепте сабақта отырғандай сезінетінбіз. Сол үлкендердің қатары сиреп, ақын тілімен айтқанда, «көбі мініп келместің кемесіне, қалғандары кезек күтіп жағада тұр» (Мұқағали Мақатаев). 60 жылдары көбі фәниден бақиға, қайтпас сапарға аттанып кеткен соң қарттар мектебі жабылғандай болды. Жалғыз Қамза мұғалім қалған-ды. Ол кісі өткен замандағы әңгімелерді, шежірелерді көп әрі терең білетін. Қамза мектеп директоры да, колхоз бастығы да, совхозда партия ұйымының хатшысы да, ауыл кеңесінің төрағасы да болды.

Бірақ қандай қызмет атқарып жүрсе де, елдегі үлкен-кішілердің бәрі «мұғалім» дейтін. Өмірден өткенінше сол атағы қалды. 89 жылы Қамза мұғалім қайтыс болғаннан кейін, ел азаматтары, ауыл жастары жетім қалғандай сезінді. Қазір елге барсаң, көңілдеріне келмесін, әңгімелесетін адам жоқ. Бас қоса қалса айтатындары – ұсақ-түйек, бірін-бірі іліп қағу, «орынсыз ыржаң, болымсыз қылжаң, болама дәулет, нәсіп бұл?» (Абай). Қазіргі кезде далада да, қалада да осындай, аталы сөздер айтып, ағалық-тәрбиелік ниеттер білдіру де, зейін қойып, түсініп, тұшынып тыңдап, қабыл алушылар да сиреп кетті. Осы пікірімді Абай тілімен тұздықтасам:

**Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ақылың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұндасарға адам жоқ сөзді ұғарлық, Кім
көңілді көтеріп болады ермек, – дейді.**

Қазіргі кезде беделді топқа түсіп, қауымға ақыл-нақыл, әсиет-тәрбие айтушы ақсақалдардың да азаматтардың да саны да, сапасы да селдіреп, сарқылып бара жатыр, барының өзі санда бар, санатта жоқ деуге болады. Ақсақал деген құрметті ұғым дәрежесіне көтеріле алмай шөгіп, семіп ба-рады.

Бауыржан Момышұлы қарттарды үш топқа бөледі екен: шалдар – тірлігі де, өрісі де отбасынан, ауласынан аспайтындар; қариялар – қадір-қасиеттері тірлігі де, ірлігіде ауыл көлеміндегілер; ақсақалдар – қоғам көлемінде ой толғап, өнегелі тәрбиесін ортаға ортақ етіп отыратын, ел қамын жейтін Едігелер.

Ақсақалдар елдің барометрі емес пе? Бәрін бағып, салмақтап, са-ралап отыратын, ақыл-кеңестерін көпке ортақ етіп отыратын. Бұрынғы жастар ата сөзін асылға бағалап өстік.

**Өткірдің жүзі, кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас,
Білгенге маржан, білмеске
арзан, Надандар баһыра ала
алмас, Қиналма бекер тіл мен
жақ, Көңілсіз құлақ, ойға олақ, –**

деп арманымыздың арындамауын, үмітіміздің шабандамауын тілеп тұрған жоқ па? Тек қамшыгерің – намысың болсын, қару-құралың – тілің болсын дейді.

Ел бірлігі мен өз тірлігін қоғам, мемлекет мүдделерімен ұштасты-рып, өнегелі әсиеттерін еңбектерімен қаруландырып өзек етіп, «еңбе гім сендер үшін, келер ұрпақ» деп өткен ата-ағаларымыз, әже-аналарымызды қалай есімізден ескерусіз қалдырып, үміттерін ақтамаймыз? Жас түлек, жас өрен сендерге айтып отырмын, өйткені, өкінішке орай, бұрын да, қазір де заманның ағысы мен бағыты өзгерсе, кейбіреулер тақ қа отырса болды Адам Ата болып шыға келуге тырысады. Өмір, тек өздерінен бастал ды деп есептейді. Ескі-жаңаның бастамасы, негізі (фундамент) екенін тү сіне бермейді. Адамзат жаралғаннан бергі ұзақ тарихты бөлшектеп, кесіп, үзіп меншіктеуге, тек өзіне ұнағанын ғана алуға ниеттенеді. Бәрі сонау Адам Атадан басталған тіршілік тарихының тамырлас жал ғастары екенін еске де алғылары келмейді. Атақты **Ньютонды** замандастары мақтап: «**Сіз**

өзіңізден бұрынғы және қазіргі ғалымдардың бәрінен жоғары тұрсыз, дарындысыз», – десе, ол: «**Өйткені мені иықтарына мінгізіп, көтеріп тұрған солар емес пе**», – деген екен. Өмірде бәрі сабақтас. Біз – Аллаһ Тағала он сегіз мың ғаламды жаратып, негізін салып, қабырғасының қалауын бастап берген әр саладағы ұлы құрылыстардың жалғастырушылары ғанамыз. Бұл – философия ғана емес, қиял да емес, жалаң ақыл емес, өмір шындығы, өмір ақиқаты. Ата-бабаларымыз «**тау болмаса, тас қайдан, қарт болмаса, жас қайдан**» деген, Тәңірім берген өмірде бәрі де бар, тек сол берген байлығын да, барлығын да ысырапсыз, ұқыпты, ұтымды пайдалана білсек болғаны. Тек, бізден де кейін ұрпақтарымыз болатынын естен шығармайық. Түйіндеп, тұйықтап айтқанда, солардың бәрі, ұрпақ, тек сендер үшін.

Қазіргі кезең де жазғытұрғы көктемнің тасқынындай арнасыз кез келген бағытқа ағып, лағып жатсақ та, қазақтық тамырымызды әлі де су шайып, үзген жоқ. Соның бәрі «**ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер**» деген сүйекке сіңген тәрбиенің әсері деп түсінемін. Шыңғысханның есігінің босағасында сақшылардан басқа екі адам отыратын көрінеді. Олардың бар міндеттері Шыңғысхан кірген-шыққанда: «Ей, Шыңғыс! Сен кеше кім едің, бүгін кімсің?», -деп еске салып отыру, ал Шыңғысхан болса міндетті түрде олардың төбесіне алақанын қойып, естідім, естідім дейді. Алақанын қою естідім деген сөзінің куәсі. Мен екінші сыныпта оқитынмын. Ол кезде ауылда мәдени орталықтар жоқ. Ауылдың қарттары кешке қарай біздің үйге жиналып: «Аман, Кеңеске қисса оқытшы», - дейтін. 1939-1940 жылдары шыққан қазақ әдебиетінің хрестоматиясы ертедегі батырлар жырынан құрастырылған: «Аяз би», «Ер Төстік», «Ер Едіге», «Құламерген – Жоямерген», «Қобыланды», «Ал-памыстардан» басталып, жалғаса береді. Ертедегі ақын-жазушылардың өлең-термелері де мол, терең болатын. Кітап латын әріптерімен жазылған, ал біз мектепте кирилица әріптерімен оқимыз. Әрине, ұқсас әріптері де көп. Сол жиі оқығаннан болар, мен латын әріптерін тез игеріп, әуелде еже-леп оқысам, кейін суылдатып, термелеп оқитын болдым. Ол кезде ауылда электр жарығы жоқ, керосин шамының өзі кейде шынысы (көзілдірік) болмай, кейде керосині болмай, көбіне май шаммен (пілте) оқитынмын. Кейін тіпті бәрін жаттап алып, жобалап соға беретінмін. Ал қисса тыңдаушылар қанша рет тыңдаса да жалықпайтын. Кейбір жерлеріне келгенде, «ой, азаматым-ай», «ой, жарықтық-ай» деп кітап кейіпкерлерінің өзімен бірге жүргендей аруақтанып, кейде қолдап, кейде жауды жеңгендей айыздары қанып, бір көтеріліп қалатын, ал әйелдер жағы аянышты жерлеріне кел-

генде көздерінің жастарын сүртіп, егіліп отыратын. Жайбарақат тыңдау деген болмайды. Үлкен кісілердің жаңағыдай еліктеп, елтіп, еміреніп отырғанына менің де арқаланып кететін кездерім көп. Кейін есейген кезде, қазір де ойлап отырсам, ондай қисса, ескі әңгімелерді оқыту, оларды көңіл қоя тыңдау еріккеннің ермегі ғана емес, өткендегі тарихты, ақыл-нақыл сөздерді, әдет-ғұрыптарды пысықтау, еске түсіру екен ғой. Ол менің де екінші мектебім болғандай.

Оның әдеби-мәдени тілдерді үйренуіме, ой-өрісімді тарихи деректермен толықтыруыма, шамамның жеткенінше, Отан, намыс, адамгершілікті, жақсы мен жаманды, арзан мен қымбатты бағалауға, туып өскен елді, жерді қорғаған, сол үшін жан қиып, қан төккен бабаларды бағалауға әсері тиген шығар деп ойлаймын. Ал ақсақалдардың, ағалардың алқа-қотан отырып өмірден өткен батыр, билердің, ақын, шешендердің ізгі істерін, айтқан асыл сөздерін ортаға салуы өздерінің өткенді пысықтауы, тыңдаушыларға айтқан өсиет-насихаттары да. Ол кезде үлкенді сыйлау, өнегелі сөздерді тыңдау сүйекке сіңген адамгершілік қасиеттердің бір саласы еді ғой. Ал қазіргі әңгімелері бүгінгі күннің былығы мен шылығы, балаларының, немерелерінің шет мемлекетте оқып, неше шет тілін игергендігі. Фамилиямыздан басқа (оның өзін қазақша жазып – айта алмаймыз) қазақтығымызды айқындайтын не тіл, не діл, не дін жоқтығы есімізге де кіріп-шықпайды. Сондайларды ел басқарған, егде тартқан азаматтардан естігенде қорланып, сағың сынып, ішіңнен тынып қаласың. Бәрін заманға жабуға, заманды жамандауға болмайды. Заманның кінәсі жоқ. Біз өмірдің желі айдаған қаңбаққа да, су айдаған жаңғаққа да ұқсамау үшін күресуіміз қажет. Бұл – қазақ екенімізді, оның азаматы екенімізді дәлелдеу үшін болатын күрес. Даныпан К. Маркс «Жизнь есть борьба» дегенде кеңұғымды, түсінік пен түстінуді қамтып айтқан болар.

Екінші сыныпта оқитынмын. Асық ойнап, доп қуып жүрген кезіміз. Көшеде әңгімелесіп тұрған төрт-бес ақсақалдардың жаны-на барып, әңгімелерін тыңдап тұрыппын. Сонда Төлеубай (елде бәрі «Қызылқұлақ Төлеубай» дейтін) деген атамыз маған назарын аударып: «Әй, – деді жанындағы кісілерге, – Аманның осы баласынан түбінде бірдеңе шығады. Ойынға елікпей, біздің әңгімемізді тыңдап тұрғанын қарашы?» – деді. Адамның бала кезіндегі қай оқиғасы есінде қала береді, бірақ жаңағы үлкен кісінің айтқан сөзі өмір бойы есімде қалды. Ата балаға сыншы келеді деген ғой, бала болсам да, көптің алдында мақтап берген бағасынан ба, әлде атаның өзіме берген бағасына деген ризашылығымнан болар, сол балалық шақ та естіген сөздердің келешек-те азамат болып қалыптасуыма да ұшқыны тиген шығар деп ойлаймын.

Ауылымызда екі көшеге бойлай орналасқан жүзге тарта шаңырақ, оның 600-700 шамасында тұрғындары болатын. Міне, сол кішкентай ғана ауылдағы ағайындардың осы күнге дейін жігінің сөгілмей келе жатқаны үлкендеріміздің жасы кішілеріне ата да, аға да, әже де, ана да бола біліп, елдің бірлігі мен тірлігінің ұйытқысына айналып, ұрпақ тәрбиесіне ерек-ше мән бергендігінде екендігі анық.

Атамыз қазақтың «**қарттары жоқ ауылдың жастары болар ду-ана**» деген нақыл сөзі жоғарыда айтылған ойдың тұздығы тәрізді. Аз да болсақ, алтынның сынығы, тұлпардың тұяғы, намыста аттыға жол, ауыздыға сөз бермеген даралар мен даналардың ұрпақтары емеспіз бе?

Бірде Шахаман атай (әкемнің немере ағаларының бірі, өзінің дене бітімі, бет пішіні аумаған Абай дерсің) жанында Қабжалел, Қабжан Қамза мұғалім, тағы бір-екі адам бар әңгімелесіп отыр екен. Сәлем бере барған (7-сыныпта оқитынмын) маған да «отыр» дегендей ишарат білдірді. Ол кісі ескі сөздерді, әсіресе ертедегі би-шешендердің, ақындардың ақыл-нақыл сөздерін, термелерін нақышына келтіре тақпақтап айтатын. Сол дағдысы бойынша, сөзді кесек-кесегімен соғып жатыр. Бір кезде бәрімізге ортақ сұрақ қойды:

«Абайдың:

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,

Боқтан сасық боласың өлсең тағы.

Менімен сен тең бе деп мақтанасың,

Білімсіздік белгісі – ол баяғы, –

деген сөздерінің мағынасын түсіндіріңіздерші», Абай не айтқысы келді? – деді. Әрқайсысы әр түрлі пікірлер айтып жатыр. Сөздері қазір есімде жоқ, әйтеуір ұққаным – жауаптары тайыз, шашыраңқы, атамызды қанағаттандырмады. Бірақ бізге өз түсінігін айтпады. «Абай пәлсафа адамы, – деді, – оның ойы – терең, ұғымы құнарлы, тамыры көп тарамды, тармақты болып келеді. Басқалардың да ойын ұштауға мақсатты. Мен өз пікірімді айтсам, сендер мен шешімін айтты деп ойлап қалуларың мүмкін. Маған керегі – сендердің бұл өлеңнің мағынасын әрқайсың, әлі де болса, түсінік-түйсіктің елегінен өткізіп, өздеріңше кеңірек тереңінен талдап, Абай не айтқысы келді деген ойларды сабақтастыра беріңдер, жеке-жеке өз шешімдеріңді шығарарсыңдар», – деді. Кейін, есейген шақта ойласам, әрине, менің өз түсінігім, өз топшылауым бойынша, біріншіден, бұл Шахаман атайдың, Абай өлеңдерінің тек ұйқасты сөздер жиынтығы («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін») емес, жұмбағы мол, мақсатты, мағыналы ақыл-нақыл екенін, оны тек ойдың өрісімен кеңейту арқылы түсіну қажет

екендігін ұқтыруы шығар деп ойлаймын. Әйтпегенде осыдан 60 жылдай бұрын естіген әңгіменің бәрінің есте қалуы мүмкін бе? Ол да – атаның ұрпағына тапсырған, берген сабағы, нағыз мектепте өткізілетін ашық сабақ. Екіншіден, шынында да, Абай бабаның пәлсафалық тереңін қандай мағынада түсіну керек? Кішілігің – кісілігің. Кеудеңмен көк тіреме. Менің ұғымымша, адамның жаратылысы, дүниеге келіп-кетуі, бәрі бірдей. Айырмашылығың – саналылығыңда, білімділігіңде. Жемісті ағаштың биік еспеуінде. Ол – тек менің ұғымым, түсінігім. Басқалардың өз түсінігі, өз шешімдері болуы мүмкін.

Сілеті өңірі – негізінен ауылшаруашылығына қолайлы өлке. Шабындығы шалғынды, шөбі шүйгін, жайылымы жомарт, суы мол, егістік алқабы дәнді. Бірақ, мен білетін 40-50 жылдар аралығында техника жоқ, жұмыстың бәрі қол күшімен атқарылатын. Сол кездегі өндіріс майданының жауынгерлері, қолдарын қару етіп, өндіріс өнімдерін маңдай терлерімен суарып, еңбектің тайқазанын қайнатқан талай ел аза-маттары болды. Олар: Қасым, Қасен, Балғабай, Базылбай, Бейсенбай, Жұмжұманның Мақыметі, Шәбе, Жабағы, Мұстафа, Нұртаза, Қали, Мүрсали, Жүніс жездей, Мырзатай, Махмет (Қасымның), Темірболат, Смағұл, Қажыкәрім, Мұхажан, Мұхамеджан, Қапыш, Ахмет, Аман-жол, Қайролла, Қани, Қасен, Тоқтамыс, Қалау, Бари т.б. Ал үшінші фермада (олар Сілеті совхозының жұмысшылары болса да, екі-үш атадан қосылатын туыстар) алып тұлғалы (бойлары екі метрдей) Мәжит, Қоңыр, Қажымұрат деген ағалар. Табиғаттың заңдылығы ғой деймін (Құдай солай жаратқан соң ба), еңбекте пісіп, сомдалған адамдардың мінездері де, аңқылдаған адамгершіліктері де мол, пейілдері жомарт келетін. Қашан көрсе де «Кеңесжан» деп бауырларына басып, арқадан қағып, ағалық ықыластарынан шуақ шашып тұратын ізгі қалпы қандай. Сол үлкендердің ыстық мейірімдерінің жылуы 77-ге келсем де, әлі де, сезіліп тұратын сияқты. Кейін жұмыстарымен де, мінез-құлықтарымен де ағаларына тартқан Ахмет, Бари, Жота, Құнаш, Қаратай (Жасқайрат) сынды жастар олардың қатарын толықтырды. Мен ес біле бастаған кезде ол ферманы басқарып тұрған Шиттің Нұрмағанбеті, Ткач Иван Васильевич (қазақтар бала кезінен араларында өскен Ваньканы «Банке» деп атап кеткен) қатарлы азаматтар болды. Ол кездегі бөлімше басшыларының дәрежесі кейінгі кездегі совхоз директорларының дәрежелерінен кем бол-майтын.

«Бірлік» колхозының егістігіне темір доңғалақты трактор 42-43 жылдары келе бастады (ХТЗ – Харьков трактор заводынан, ЧТЗ – Че-

лябинск трактор заводынан). Ол тракторларды Қосағаш деген ауылда орналасқан МТС-тен (машина-трактор стансасы) жалдайтын.

«Бірліктен» алғашқы механизатор болып, трактордың тізгінін ұстаған жездеміз Базылбай, ағаларымыз Жүрсін, Қайыржандар болды. Сол тракторларға жанар-жағар майды жүз шақырымдай Қосағаштан алғашқы жылдары қос өгіз жегілген, кейін қос ат жегілген арбалармен бірнеше күн-түн жол жүріп, тынымсыз таситындар: Басар, Төлеубай деген аталарымыз. Сақа буын ағаларының жолдарын, жұмыстарын 50-60 жылдары жаңа толқын өкілдері жалғастыра бастады: Байдүйсен, Сүлеймен, Елубай, Хамит, Шиябиден, Жәлел, Дәріш, Зайкен, Жикен, Қасым, Зайыр, Қайыржан, Жамбай, Сәкен, Қабдоллалар (Нұрмағанбеттің, Қажақаттың), Қалижан, Мәжит (Жүністің), Құлатай, Оразалылар, Бақит, Хамит (Махметтің), Сағит, Бәкізе, Ахмет (Қанидың), Шарбақ, Балта, Са-дай, Егінбай, Бораш, Тіләш, Сағынтай, Ғазиз, Шонан, Майдан, Амантай-лар (Базылбайдың, Мусиннің), Шот, Ермек, Сағындық, Дәкен, жиендер Жәкітай, Көшкен, Қошыман, Хамит т.б.

Қалам ұшына ілікпегендерін теріп айтқанымды «тегіс айтпады» деп өкпелемессіңдер, мен елден кеткелі 60 жылға жуық уақыт өтті, көптеген есімдер еске де түсе бермейді. Біріңнің әкеңді, біріңнің аға-інілеріңді жазып отырғанымның өзін туысқандық құшағымның кеңдігі деп түсінерсіңдер. Дегенмен, ауылдың барлық азаматтарын тере берсем, шектеулі мүмкіндіктерім шексіз болып кетейін деп тұр. Менің түсінігім-ше, сан салалы ауыл өмірінде бәрің де елге, Сілетіге еңбек сіңірдіңдер, ел есіндесіңдер. Ел өмірінің ауыртпалығын да, жоқшылық, таршылықта-рын да бірге көрдіңдер, бірдей көтердіңдер. Арғы жағын айтып, тарихты қазбалап, талдамай-ақ қояйын, менің тек балалық шағымның өзінде ауыл халқының жұлым-жұлым жұтаң өмірі, қоғамдық өндірістің әлі әл бітіп буыны бекімеген, көтерем кезі. Әлі де айқындалып бітпеген сүрлемдері мен соқпақтары, тоқпақтары тығырықтан шығудың жолдарын іздестіруге, адамдарды талпындырып, шарқ ұруға, жоқтан бар жасауға мәжбүр етіп жатқан кезеңдері. Елді қоғамдық мал, егін шаруашылықтарынан басқа, халықтың өзінің тұрмыстық мұқтаждықтарын да шешуге, табиғаттың бергенін ұтымды, ұқсатымды пайдалануға өмірдің өзі, қолөнерлерін, іскерлікті, әдіс-тәсілдерін іздестіруге мәжбүрлей тін көрінеді. Өлгің келмесе өмірің үшін күресесің. Мысалы, сол кездегі тапшылық, кедейлік, қоғамдық мүмкіндіктердің сарандығы, халыққа өздерінің өмір тәжірибелерін пайдаланып жеке кәсіпкерлікпен, қол өнерлерін тұрмысқа қажеттерін шешуге, тіршілік жолдарын іздеуге талпындырды.

Біздің ауылда үш етікші болды: Шахаман, Молдақари және Бекбай аталарымыз. Ол кісілер тон да, тұлып та, жарғақтар да тігетін. Қазақтың саптама етіктерін, мәсі, кебістерді, әйелдердің биік өкше етіктерін сәндеп өте сапалы тігуші еді. Әсірелеп айтқанда, елдегілер «ғұмырлық» деп мақтайтын. Омбы, Көкшетау, Ақмола облыстарынан арнайы іздеп келіп тіктіретін. Құнын бір қаралық дейтін (затына қарай, қой, тайыншадан бастап, құнажын, құнаншығарға шейін болуы керек). Асықпай, айлап тігетін. Қазақтың **«ерінбеген адам етікші болады»** деуі де тегін емес.

Мен, бала болсам да, кейде Шахаман, Молдақари аталардың жандарында сүйсіне таңданып отыратынмын. Ал осы күні ойласам, ол кісілердің етік тігетін қажетті заттарын дайындаудың өзі ғылыми-технологиялық тәжірибе мектебі екен ғой. Ең әуелі былғарыны (өзінікі болсын, тіктірушінікі болсын) қайтадан тиянақты терең өңдеуден, илеуден өткізіп, қара бояудың сіңуінің сапасын, ертең су тисе, былғары бояуының езіліп, су жем болып, сортаңы шығып, айғыздалып ақ жолақтанбауын, көзбен көріп, қолымен уқалап, өз тәсілдерімен тексеріп, қалған май қалдықтарын шелдетіп, содан кейін ғана барып етікті пішу басталады.

Бірде, жолдастармен орыс-қазақ тілінің байлықтарын талдап отырып, орыстарда кірме сөздердің көптігін әңгіме еттік. Мен орыстың **«шельмование»** деген сөзінің төркіні қазақ тілі екенін айттым. Әкелеріміз, шешелеріміз мал сойғанда: «ертең теріні илегенде қиындық етеді, терінің сапасын төмендетеді, сіңіп, кеуіп қалмай тұрғанда шелдеп тастандаршы деп отырушы еді. Сонда сойылған малдың бауыр, шап жағында пышаққа ілінбей, немесе ірегенде қалып қойған, теріге жабысып қалған жұқа май қалдықтарын таспен немесе түрпімен ысқылай отырып, сылып тастай-тын. Міне, осыны шелдеу дейді немесе дәрекілеу біреуге ұрысқанда: «Көзіңді шел бастыма» дейтін. Яғни, көзді май басып, көру қабілетің, төмендеді ме дегені.

Етікті пішкенде қонышының кеңдігі киіз байпақты аяқ-балтыры сыярай, ал ұзындығы (биіктігі) салт атқа мінгенде, тізе тоңбау үшін адамның тізесінен 10-20 сантиметр жоғары болуы керек, оның ішінен киетін киіз байпақ қара санға жетеді, жиегі, көбіне қара, барқыт пен көмкерілген, ал етіктің бас жағын пішкенде алқымының биіктігі, сәнді жатық, жұлығының ұлтанмен жымдастығы, тұмсығының ұзын да емес, доғал да емес, жұмырлығы – осының бәрін қайыңнан жасалған қалыпқа талай рет салып, қайта-қайта сын көзбен қарап, асықпай бап пен дайын-дайды. Ал ұлтанның үстінен және өкшеге салынатын қайыңның арнайы дайындалған, өңдеуден өткен, кептірілген, ысталған қабықтары етіктің табанына, өкшесіне әрі беріктік береді, әрі су өткізбейді. Етіктің басын

қалыпқа салғаннан кейін жаңағы қайың қабығынан жасалған ұлтанның астары тарамыспен айқыш-ұйқыш бірнеше рет тартылып тасталады. Оның сыртына тағы да қайың қабығынан (ұлтарақ сияқты) астар салынып, ұлтан барлық қабаттарына жетерлік арнайы өңделген, кептірілген, ұшқырланып жонылған қайың шегемен шегеленеді (етіктің ішінде ұштары шығып тұрады, жұмыс біткен соң оны арнайы егеумен егеп шығады). Беріктігінің таңғаларлығы соншалық, етік тозып біткенше сол шегелеген ұлтан, жұлық, өкшелердің көбелері бір сөгілмейді, су да өткізбейді.

Етік тігетін тарамыс та талқыға салынып, езіліп, иленіп, ет, май қалдықтарынан мұқият тазартылып, таралып, тарамдалып, жібектей жұмсақ талшықтары жұпталып, иіріліп, сосын гудрон немесе қолдан қайнатылған сағызбен ысқыланып, арнайы дайындықтардан өтеді. Ондай тарамыс жіптер көп жылдар бойы шірімейді де, суға да төзімді, үзіліп, тозбайды да.

Етіктің тігілер жерлерінің бәріне (қоныш, бас, өкше) жыртылып, жырылып кетпей, жымдасып тігілуі үшін жіңішке тілінген былғары сыздықты жымдастырып салып тігеді. Бұндай күрделі, тәжірибелі, сапалы дайындықтан өткен етіктер айлап тігіледі.

Жазда жұмысқа аяқтарына шәркей киіп, ірі қара малдың, жылқының пұшпақ терісін жиектерін таспа қайыспен, жіңішке тілінген терімен көмкере байлап, қыста ұйық киіп (қалың киізден тігіп, сыртын брезентпен қаптаған) жүрсе, ел ішіндегі той-думан, қыдырыс-мәжілістерге киіп баруға етікшілердің тіккен етіктері (саптама, жеңіл), әйелдерге – қыздарға арнайы тігілген биік, өкшелі етіктер, мәсілер, кебістер халықтың бәрінің мұқтаждарын шеше бермесе де, елге үлкен көмек еді. Былғары негізінде Омбы қаласынан әкелінетін, ал қолдары жетпегендері, тарыққан-дары көбіне Қасым атайдың қолдан жасап шығарған бұйымдарын пайдаланатын. Ол кісі мал терілерін илеп, өңдеп, былғары, тон тігетін терілер, ер-тұрмандарға қажетті әбзелдерге қайыстар шығаратын. Бірақ, етіктің, тондық өнімдерінің өңдері қызғылт-күрең болып келетін, өйткені қынамен бояйтын. Әйтеуір, жоқтан бар жақсы емес пе? Тал-шыбықтан да жасамайтын бұйымдары, заттары жоқ. Ал балықшы-аңшылық қасиеттерінің өзі жеке сала (оған кейінірек тоқталамын) әңгіме.

Олардың осы әрекеттерінің бәрі ауылымыздағы тұрмыстық қажеттерді өтеудің кішігірім министрлігі болатын.

Ауылда ол кезде халық бәріне зәру. Үйлердің іші-сыртын әшекейлеу үшін «қызылағаштан» жоса (қызыл балшық) әкелінетін. Алаботаны қыс-тан қалған сүйектердің майына қайнатып, сабын жасап, дайын болған

кезінде арасына жүн араластырып (арматура) жентектеп, дайын сабын-ды (елде қара сабын дейтін), ауылдастар бөлісіп алатын. Сабынның пай-далы қасиеттері, жуынғанда дизенфекция, шашты жуғанда оның өсуіне, бекуіне, қайызғаққа пайдасы өте жоғары болатын. Сабын қайнатқан үй жұдырықтай етіп женттелген сабынды бұзаушық дейтін, балалардан көршілерге беріп жіберуі, әйелдерді шайға шақыруы – қалыптасқан дәстүр болатын. Қыз-келіншектер күзге қарай қайыңның қабығын сары майға қайнатып, сағыз жасайтын. Міне, осындай жергілікті өндірістердің түр-түрлері көп болатын. Ал киіз басу, текемет, сырмақ дайындау, өрмек құрып – алаша тоқу сол кездегі ауылдағы әйелдердің қауымдасып, есеп-теспей-санаспай араласып кететін жұмыстары.

Қазақ **«ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп»**, - дейді ғой. Елдің тірлігіне де, бірлігіне де, ірілігіне де ерлерімен бірге тілектес қамқорлық көрсетіп, әже-аналарымыз да ұйытқы, дәнекер бо - лушы еді. Ауыл ішіндегі қол өнері де, кәсіпкерлік те ағайындардың тұрмыстық қарым-қатынастарына, іскерлік көмектер жасауға, татулыққа ұйытқы бола білді. Әжелеріміз Ұрқия, Шәлім, нағашы әжем Көрікті, Ырысты, Разия, Шегір т.б. ауылдағы абысын-келіндерін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын. Сол кездегі қалыптасып қалған үлкенді кішінің құрмет тұтуы ма, дәстүр ме, сыны да, сыры да кетпеген сыйластық па, әйтеуір бәрі үйлесіп жататын. Ауылдағы аналардың да, қыз-келіншектердің бастаушысы да, басқарушысы да Аушахаман атамыздың бәйбішесі Ұрқия деген әжеміз. Атамыз қайтыс болған. Әжемізді: елдегілердің, тіпті көрші ауылдағы ағайындардың бәрі – Үлкен апа дейді. Өзі де сұңғақ бойлы, сүйегі ірі, келбетті адам. Сөзді де ұтымды, өтімді сөйлейді. Ауыл әйелдерінің арасында Үлкен апаның айтқаны – заң, шешімі – бұйрық, бұлжытпай орындалуға тиісті.

Үлкен апаның Шәлім деген абысыны – Шахаман атамыздың екінші әйелі. Ол кісіге ешкім тоқал деп айтып көрген жоқ, дәрежесі бәйбішесі Төкен әжеміздей бағаланатын. Елдің бәрі Шәлі апа дейтін, көрікті, беделді, сөзге жүйрік, әсіресе, әзілі өткір еді. Ол кезде таршылық, тапшылық кезең ғой, тұрмыс жағдайлары ауыр адамдар қайтыс болғанда марқұмды жөнелтуге, кейін ас бергенде қажетті ас-суды ауылдан жинап өткізеді. Бірде Шәлі апа жанында қап көтерген екі-үш келіндері бар Қабжан ағайдың үйіне келсе, ағай көшеде ауласын сыпырып жүр екен. Жеңгесін көріп, әзілдеп: «Уа, қай жақтың жолаушысыздар? – дейді. Шәлі апамыз: «Қазан қаласынан келеміз», – дейді. Ағай: «Иә, бұл жақта кімдерің бар еді?», – десе, әжеміз: «Осы үйде бір қызымыз

бар деп естіп едік, соны іздеп келеміз», – дейді. Сонда ағамыз күліп: «Сендерді әзілден жеңу қиын шығар. Алыста жүрсе де қыздарыңды дәл таптыңдар», – деп күліп, теріс айналып кетіпті. Қабжан ағайдың әйелі башқұрт қызы болатын, бірақ біздің елде татар, башқұрт – бәрін де ноғай дейтін.

Сол кездегі әжелеріміздің, мосқал жеңгелеріміздің еттері тірі, сөздері ширақ, өздерін өзгелерге сыйлата білетін, өздері де сыйлай білетіндігі. Мен сол екі әжеміз арқылы және өз анамның еңбек жо-лын айта отырып, қысқа, жалпылама болса да елдегі қарт аналар мен еңбек жасында ғы әйелдердің ағайын-туыстар арасындағы тату-тәттілігі, қоғамдық ең бектерінің ұқсастығы – бәрінің өмір жолдарының ауыртпалықтарының куәсіндей, көшірмесіндей еді. Адамның өмірі қысқа болғанымен жолы ұзақ, жолаушылары көп. Осы күнде ойлап отырсам, сол кездегі аналардың адамгершілік өркенінің дәрежесінің биіктігі мен өрістерінің кеңдігі. Ана деген асқақ, ардақты атты қадірлеп, қастерлей білулері. Олардың отбасынан басталып, ағайын-туыстарға, өскен орталарына қарым-қатынастары тек қамқорлықтан, мейірбандық-тан сомдалған. Еңбек – өмірлерінің нәрі, ал сыйластық, инабаттылық, ана сүтімен сүйекке сіңген мәні. Ол кезде бәрі қол күшімен атқары лады ғой. Отын-су, нан, ет, сүт тағамдарын өндіру, ұқсату (сүрлеу, қай нату т.б.) пісіру, киім тігу теріден, жүннен үй жиһаздарын, жабдықта рын жасау, қоғамдық жұмысты да, үй шаруасын да қоса атқара жүріп, ба-ланы күтіп-бағу, тәрбиелеу т.б. Мысалы, мен осы күнге дейін өз анам-ның тіршілігіне, еңбегіне таң қаламын. Соғыс жылдарында колхозда еңбек адамдары жетіспейтін, көлік те тапшы. Сондықтан үйдегі бала-шағаға қаратпай, әйелдерді егін егу, шөп шабу науқандарына жұмсайды және жер жыртуға өзінің меншікті сиырын жегеді. Сонда ше шем күн шықпай үйдегі жалғыз сиырды жетектеп, соқаға жегуге алып кетеді. Науқанды жұмыс біткенше, мойын ағаштан (Ярмо) сиырдың иығы жа-раланып, күптей болып ісіп кетеді. Сол сиырдан жылына мем лекетке 9 кг айырылған май тапсырылуға, (әйтеуір тортасы бізге қалатын), әр үйден 70 кг ет, 60 дана тауықтың жұмыртқасы (болмаса салыстырмалы түрде май тапсыру) өткізуге тиісті.

Егістік пен шөп шабу жұмысындағы әйелдер түскі тамаққа келмейді. Кешке күн батқан соң жұмыстан үйге қайтқандарында сиыр-ларын жетектеп, жолай оттатып, арқаларындағы қапқа отындық тезек теріп, (оның өзі кездесе қалса) үйге келген соң қол диірменімен бидай, арпа, тары тартып, нан пісіріп, балаларын жуындырып, тамақтанд-

ырып, жатқызып, өзі түннің бір уағында демалады. Міне, күнде осы тіршілік. Жаз бойы солай, тек қыстаққа, колхоз орталығына оралғанда ғана жұмыстар сәл жеңілдейді. Мұнда да, негізінен, қоғамдық малды күтіп, бағады. Онда да ерте кетіп, кеш қайтады, әйтеуір түсте тамаққа келеді. Ауылдағы дені сау қыз-келіншектердің, тіпті, сақа әйелдердің көрген күні де – осы. Ол кезде жалғыз біздің ауылда ғана емес, бүкіл Қазақстандағы аналарымыздың, қыз-келіншектердің тыныс-тіршілігі солай болды ғой. Сонда таң қалатыным, осыншама бейнет көріп жүріп, қабақ шытып, ренжу деген жоқ. Солай болуға тиісті сияқты. Ал ауылдағы қарт аналардың да еңбектері ауыр, өйткені жастардың бәрі жұмыста, үй ішінің бар ауыртпашылығы қарт аналардың мойынында. Қасым деген атамыздың бәйбішесі Қаткен деген әжеміз болды (сол кезде 60-тың ар жақ бер жағында). Бала болсақта аңғарамыз әлгі кісінің белі бүкірейген, қашан барсақ та бір отырғанын көрмейміз. Таңның атуы, күннің батуы солай. Атамыз аңшы, балықшы. Қазан толтыра балықтың уылдырығын пісіріп, балық тазалап, қақтап жатады, құстардың жүнін жұлып, таза-лайды, құрт ірімшік қайнатады, диірмен тартып, ас дайындап жатады. Не деген еңбекпен пісіп, төзімі сірі, тіршілігі темір болып кеткен адам. Таң қалатынымын. Әйтеуір таусылмайтын бір жұмыс. Ондай бітпейтін, таусылмайтын, өмір бойы күнін-күнге, таңын-таңға жалғастыра беретін сол замандағы барлық қазақ әйелдеріне тән қам-қаракет, тіпті қасірет деп те айтуға болады. Әрине, кейінгі жылдары әйелдердің үйдегі күйбең жұмыстары азайды ғой, бірақ үй шаруасына, бала тәрбиесіне аналық жауапкершілікпен қараудың сыртында жұмыстан кейін де жетерлік шаруалар табыла беретін көрінеді. Бертінде, 1973-1980 жылдары Торғай облысы Жанкелдин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы-мын. Қашан көрсем де, жұбайым Сағиланың жұмысы бір таусылмай - ды. Бірде әңгімелесіп отырғанда айттым: «Елде Қаткен деген әжеміз болған еді. Жарықтықтың бір дем алып, тізе бүккенін көрмейтінбіз. Әрине, ол кісінің жұмысының түрі, көлемі де ауыр болушы еді. Ал сенің де сол әжем сияқты жұмысың таусылмайды екен деп». Содан кезекті демалыста елге барғанда, әйелдер әңгімелесіп отырып, сөзден сөз шығып, Сағила айтыпты: «Кеңес Қаткен әжем сияқты сенің жұмысың таусылмайды», - деп айтты», - десе отырған әйелдердің біреулері бетін басып, біреулері бетін шымшып, ымдап, жанында отырған әйелді көрсетеді. Сағила таны майды ғой, сөйтсе, жанындағы Майраш деген жеңгеміз Қаткен әжеміздің үл кен келіні екен. Өзі мінезге бай, кең адам еді, Сағилаға бұрылып: «Қы сылмай-ақ қой, Кеңес сені әжесіне теңесе,

еңбекқорлығыңды, ұқыптылығыңды, ұқсатымдылығыңды айтқан шығар», – деп құтқарып қалыпты. Қазіргі әйелдердің үй тіршілігін сыпайылылық пен кемсітпей, әсірелеп айтсақ та бұрынғы аналардың жұмыстарының ауқымы мен ауыртпалығы мен салыстыруға бола ма? Оны көзі көрген, өз басынан өткерген адамдар ғана салыстырып айта алады. Ал енді сол кездегі аналардың пейілде рінің кеңдігіне, көңіл жықпас мейірімділігі мен жомарттығына таң қала мын. Сол жетімсіз, тапшылық кездің өзінде көршінің баласы шешем шай немесе ұн, құрт, ірімшік, сабын сұрата жіберді десе, аналарымыз меселін қайтармай, бір қайнатым шай, бір кесе ұны болса да, соның жартысын беріп жіберетінді. «Өле жегенше, бөле жейік» дегендері болу керек. Әрине, ол да от - басы отағасының да пейілінің кеңдігінен ғой. Осы күндері ит басы - на іркіт төгіліп, сары майды аяқпен теуіп отырған заманда да ондай жомарттық, ондай кеңдік табыла бермейді. Бар болса өте сирек. Шынында, соғыс кездері тұрмыстық жағдай өте ауыр еді. Соғымға сойған малдардың терісін үйітіп, асып жедік. Сойылған малдың сүйектерін жинап, жазғытұрым (ұзын-сары дейді) сәуір айының ішінде оларды шағып, қайнатып, соның сорпасына ұн салып қорек еттік. Омбы қала-сы біздің ауылдан 250 шақырымдай жерде. Соған қыстың күні (жазда колхоз жұмысынан қол тимейді) екі-үш отбасы бірігіп, қолда бар сатуға жарайтын заттарын алып (киіз, текемет, алаша т.б.), сиырларын жегіп (үсімесін деп желіндеріне киізден қап тігіп кигізеді), текемет, тұскиіз, қолдан тігілген тон, тоқылған киімдер, жез самауыр т.б. заттарын алып 2-3 шамамен кетіп, айлап жүріп қайтады. Біздің үйден әкей, кейде үлкен апам Мәруа барады. Ал жолда боранды, аязды күндерде қонарға үй, ішерге тамақтары, көліктеріне беретін шөптері жоқ жол азабын айтқанда (жолда кездескен ауылдардың да жағдайы не бір жетісіп отыр дейсің) бала болсақ та жүрегіміз сыздайтын. Осы күні ойласақ, соғыс кездері балаларды ерте есейткен де сол ауыртпашылықтардың зілді сабақтары болуы керек. Сонда бір-бір жарым ай жүріп, әкелетіндері бір-екі пұт бидай немесе арпа, екі-үш қап картоп. Қыста қатып қалған картопты келісімен жылы жерге қоймау керек екен. Ол еріп, іріп, су бо - лып кететін көрінеді. Суық қо раға сақтап, даладан әкелген бетте қайнап жатқан суға салса, картоп сол бүтін күйінде сақталып, тек дәмі ғана қант қосқан сияқты тәттілеу болады.

Осындай кейбір ауыртпашылықтарды айтып жатқаным, ұрпақтарыма сабақ болсын. Осы күні олардың тамақтары тоқ, көйлектері көк, бақытты болса, оның бәрі көктен түскен жоқ. Ата-аналарымыз

тұрмыс ауыртпашылықтарын, аштық-жалаңаштық көрсе де рухани құндылықтарын, адамгершіліктерін аздырған жоқ, ұрпақ өсіруін шектеген жоқ. Ел бірлігін, ағайын туыс ынтымағын, мейірбандылық, қайырымдылықтарын сақтай білді.

Кейде кейбір жастар, біз бақыттымыз, бетке қақпандар, ал сендер басқаша өмір сүрсеңдер, өз бақытсыздықтарыңнан көріңдер деп есіріктің еркелігін көрсеткілері келеді. Менің таңқалатыным, соны кейбір ата-аналары мойындап, қазіргі жастардың өз бақыттары ғой деп келісе салады.

Жоқ, ондай түйсіксіз түсінбестіктерге мен қосылмаймын. Бұлардың бақыты ғасырлардың тарихи тереңінде жатқан бұрынғы өткендердің ауыртпалықтары арқылы Елін, жерін қорғауда қиылған қыршындардың өмірі мен төгілген қандарының төлеміне, аштық, жалаңаштығымен келген. Қымбатқа түскен бақыт. Аталардың, аналардың бақыттарының құрмалдығы. Олардың ұғымында бақыт – болашақ ұрпақ, өмір жалғасы. Мен үшін, сен үшін тер төккен, қан жұтып, жан қиған күрестердің жемісі. Бұл бір ұрпақ үшін ғана келген жоқ, келешектегі ұрпақтарға да ысырапсыз жетуі, қалуы керек. Ондай қымбатқа түскен, бақытты есірген есіріктердің желөкпе топас сандырақ ұғымымен күресу керек! Әзірге бақыт деп мардамсынып жүргеніміз – дүние байлығы, тұрмыстық жағдайлардың дәрежесіндегі ғана түсінік. Біз әлі ата-бабалар күрескен, белдескен ұлттық рухани байлықтарды игере, иемдене алмай отырмыз, тіпті кейбірін жатқа сатып, шашып, төгіп үлгере алмай жатырмыз. Қазіргі кезде нақтылы ұлттық идеология жоқ деп сандырақтайтындар да кездесіп жүр. Тіпті, теледидардан пікір таластарын да ұйымдастырып қояды. Сонда көрсететіндері діліміздің төмендігі, рухани кедейлігіміз, шала сауаттылығымыз. Нақтылы бағыттың жоқтығы.

Ол бәрін ақшаға бағындырып, ақшамен өлшенетін тізгінсіздікке бас ию, соған құл болу. Күмәнді – тұманды келешек. Менің ұғымымда Қазақстанда бір-ақ идеология, ол – қазақты өсіру, қазақ мемлекетін, тілін нығайту, тұлғалы тұғырға көтеру. Осының бәрін жастарымызға түсіндіріп, ұғындырып отыру – аға ұрпақтың парызы. Олар өмірдің өздерінен басталып, бізбен аяқталмайтынын түсінулері керек. Қазіргі ұрпақтардың білімдері, сауаттылықтары біздің жас кезіміздегіден әлдеқайда жоғары болғанымен, сана-сезімдері төмен, бұлыңғыр, кілегей ұғым. Олар еңбекке пісіп, ауыртпашылықта шыңдалған жоқ. **Менің түсінуімше, сана өмірден алған тәжірибелер мен адамгершіліктің және игерген біліміңнің, қорытылған қосындысы. Яғни, жалғыз білімділік, саналықтың көрсеткіші емес «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы» (Әл-Фараби).**

Біздерді, екінші-үшінші сынып балаларын, орталықтан 4-5 шақырым жердегі егіс алқабына масақ (колоски) теруге жаяу апаратын. Сәл ересектерімізді егін, шөп шабатын машиналарға, ат, өгіз айдаушы не-месе шөп жинайтын көліктерді жетелеуге жіберетін, жайлауда мал бақтыратын. Міне, осының бәрі-өндіріс мектебі, еңбек сабақтары еді. Сондай қиындықта, ауыртпашылықта, бейнетте жүріп ата-анамыз бізді өсірді, тәрбиеледі. Бабаларымыз айтқан екен: **«Ұлыңды бес жасқа дейін ханның жалғыз ұлындай еркелет, еркін ұста, бестен он екі жасқа дейін құлындай ұста, яғни, еңбекке баулы, еңбекпен тәрбиеле, он екіден асқан соң еліңдегі ең ақылды адамдай ақылдасып отыр, ой-өрісін кеңейт, санасын салаландыр, намысын шында, өмірге көзқарасын қалыптастыр»**, – деп. Оқымыстылардың тұжырымы бойынша бес жасар бала үлкендердің **алған хабарларының 70-75 пайызын біледі екен**, ал, біздерде «есейіп кетсем де мен саған сәбимін», – деп қаншама жасқа келгенше жүре беретінін, ауыздарынан еміздіктерін түсірмейтінін де көріп жүрсіндер. Бүркіт балапандарын қанаттануға талпына бастағанда қанатына мінгізіп алып, өзінің мүмкіндігінше аспанға шарықтап, сосын оны қанатынан түсіріп жіберіп, артынан жер-ге жақындағанша қатар ұшып отыратын көрінеді. Тірі қалуға тырысқан балапан қанаттарын қағып, тіршілікке тырысады. Ауру, жүрегі әлсіздері өліп кетеді. Сөйтіп, балапандардың қанаттары қатайып жетіледі, – дейді. Қасқырлар бөлтіріктерін еркіндікке, өз қорегін тауып жеуге баулығанда, есейгендерін өзен, бұлақ жағаларына ертіп әкеліп, судың ішіне тұрғызып, арлан бір жағада, қаншық екінші жағада бақылап тұрып, судан қашқандары болса, желкесінен тістеп әкеліп қайтадан суға сала-тын көрінеді. Сөйтіп, бөлтіріктердің табанының майын суға сорғызып, шынықтырады екен. Бөлтіріктерін алғашқы баулығанда арлан мен қаншық малды, аңды соларға қарай қайырып, бөгеп, келешек жемтігіне ауыз салдырып үйрететін көрінеді. Міне, адам баласынан бастап, барлық тіршілік иелері, жүгірген аң, ұшқан құс, жорғалаған жәндік, ғалымдардың, тәжірибелі адамдардың айтуы бойынша, тіпті өсімдіктердің өзі тіршілік үшін, ұрпақ үшін күреседі. Мұның бәрі – құдіреттің күші, табиғаттың заңы. Олай болмағанда жердегі, судағы тіршіліктің иелері әлдеқашан жойылып, құрып кетер еді. Ұрпақ үшін күрес – ата-ананың өмір жалғасы. Ұрпақ – өмір.

Ұрпақ үшін күрес – Аллаһ Тағаланың тіршілік иелеріне берген тапсырмасы, артқан міндеттері. Ұрпақтың өсуін тежеу, шектеу – зұлымдық, қылмыс, құдіреттің бұйрығына бағынбау, қарсы тұру. Күнәнің күнәсі.

Аллаһ Тағала тіршілік иелерін ұрпақ үшін, ұрпақ жалғастығы үшін жа-ратты.

Біздің бабамыз Құтпенбетте бес ұл болған: Сандыбай, Қорғанбай, Наурызбай, Шаһмұхаммед (қажы болған) және менің атам – Әубәкір. Сандыбайдан: Жұмағұл, Жүсіп, Молдакари. Жұмағұлдан Қасым, одан Махмет, Нұрмағамбет және Айша деген апай. Махметтен – Сәкен, Дәкен, Бекіш, Кенжебай. Олардың өз ұрпақтары өсіп-өнген. Жүсіптен – Қоңыр, одан Жасқайрат (бәрі Қаратай – деп кеткен), оның да ұл-қыздары ор-далы әулеттердің ата-аналары. Молдакаридің Төлеш деген жалғыз ұлы болатын, соғысқа кетіп, содан оралмады. Ол кісінің Кәміш, Жәміш де-ген қыздарынан тараған жиендер Ақмола, Бестөбеде тамырланып, бұтақ жайған әулет. Кәміш апайдың үлкен ұлы – Республикамыздың көрнекті азаматтарының бірі, милиция генералы Жармағанбетов Аманкелді. Ба-лалары ержеткен. Іргелі отбасылардың бірі. Молдакари атамыздың қарындасы – Сүбәйлә апай. Ол апайымыздың Жәкітай, Көшкен, Қошыман, Хамит деген ұлдары, Елетай деген қызы, олардан да өрбіген ұрпақтар бар. Қорғанбай атамыздан – Нұрғали, одан Ошар (Орынбасар) деген апа-мыз, Жетпіс деген ініміз, Башкен, Дәметкен деген қарындастарымыз бар. Бәрі – үлкен әулет иелері, ұрпақты отбасылар. Жездеміз Хамза мен Ошар апамыздың ұлдары: Құташ (Құтпенбет), Серік, қыздары: Мәлике, Майра. Бәрі де – ұрпақтары өскен, тамырлы, жапырақты мәуелі бәйтеректер.

Наурызбай атамыздан – Төлеген деген ағай және Фатиха деген апай (бәріміз «кәрі апа» дейтінбіз). Ол кісілерден ұрпақ қалған жоқ. Шаһмұхаммед қажы атамыздан Мырзатай ағамыз және Мәрзия де-ген апайымыз болған. Мырзатай ағамыздан Сәктәй, Нәктәй, Дәметкен, Сағынтай, Сұлушаш, Мария деген ұрпақтар тараған. Жалғыз ұлы Сағынтай бертінде қайтыс болды, одан ұл қалған жоқ, қыздары бар. Ал ағайдың қыздары – өз отбасыларының ұрпақтарын өсіріп отырған ана-лар. Мәрзия апайдың да ұрпақтары өсіп, ел азаматтары, әулетті ұрпақ бо-лып отыр.

Мен бұлардың бәрін тізіп жазып отырғаным – арғыларын былай қойғанда, бергілерінен ұрпақтарымыздың хабары болсын, елге барған да немесе бір жерде кездесе қалса, туыстықтары оянсын деген мақсат. Және де шежіре тізбегінде апа-қарындастарымның аттары аталмай қалма сын деген ой. Әубәкір атамыздан: менің әкем Аман (Аманкелді қажы әкейдің азан шақырып қойған аты). Әубәкір атамыздың ағасы Шаһмұхаммед Меккеге қажылыққа барып-келген күні әкей туған екен. Бірақ бәрі «Аман» деп кеткен. Атамыздан Аманнан басқа ағамыз Есен және апамыз

Әлиман тарайды. Ағамыз Есен Ұлы Отан соғысына кетіп, содан оралмады. Ұрпақ қалмады. Апамыз Әлиман қара торы кісі болатын, сондықтан алыс-жақынның бәрі – Қоңыржан деп кеткен. Жездеміз Балташ екеуінен: Тәләп, Жаңатәләп деген ұлдары және Қазима, Сәлима, Сәбила деген қыздары – қазірде өсіп, өнген шаңырақ иелері.

Менің әкем Аманнан және анамыз Қапизадан он ұрпақпыз: Күлбарам, Мәруа, мен (Кеңес), Күләнда (бірақ өмірбойы жұрттың бәрі Одеколон деп кетті, (әкеміз балажанды кісі болатын, «менің одеколоным, иіс майым» деп отырушы еді), Тілеуберген (Тілеш), Роза, Еркеш, Мираш және әкешеміздің кенжелері егіз ұл: Сайлау мен Ертіс.

Көп балалы отбасында балалардың өздері бір-біріне тәрбиеші, туыстықты, мейрімділікті, қамқорлықты, түсіне білетін сезімдері сергек азаматтар болып қалыптасуы табиғи заңдылық. Шешей бала ұрған әйелді жақтырмайтын, долы әйел, жындарының айтқанын істейді деп отыра-тын. Он бала тәрбиелесе де, біреуін ұрмақ түгіл, дауысын көтеріп көрген жоқ. Көп балалы отбасында – демократия, бір-бірін тыңдап, кішінің үлкендерге бағынуы бар, ал бір балалы үйде еркелік монархия, екі бала-лы үйде – анархия, әр қайсысы тек өз талабының, өз талғамының құлы.

Апа-жезделерім – Базылбай-Күлбарам, Шиябиден-Мәруа; күйеу ба-лаларым мен қарындастарым: Калихан-Күләнда, Жәкен (Жасқайрат)-Роза, Жамбыл-Еркеш, Мәлс-Мираш; інілерім мен келіндерім – Тілеуберген-Теңдік, Сайлау-Сәуле, Ертіс-Ұлдай – бәрі де шаңырақ көтеріп отау тікті, ұрпақ өсіріп отыр.

Әкеміз Аман орта бойлы, дембелше денелі, дөңгелек бет, өткір қой көзді, қимылы ширақ, іске шапшаң адам еді. Қалың мұртты, шоқша сақалды болатын. мен ата-әжемді көрген жоқпын. Үлкендер Аман бала кезінен аттың құлағында ойнайтын пысық болды деп айтып отыратын. Әкей кемшілікке төзбейтін, қазақша айтқанда, бетің бар, жүзің бар демей тіке айтатын. Өте намысқой, еш нәрседен тайынбайтын. Жедел шешімді, бәріне де баруға дайын, откір еді. Қазақтың байырғы тілімен айтқанда, **«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы»**, - деп өткен адам. Осы мінезіне қарамай, жаны жомарт, өзге жандарға көмек көрсетуді өзінің азаматтық, адамгершілік борышы деп есептейтін. Жолынан жығылмауда жалғыз атын да сойып тастайтын ер еді. 1933 жылғы қыстың ақырғы айларында, әлгі «32-нің зобалаңының» қысымы мен ызғары басылмай, жұрт есін жия алмай жүрген кезең екен. Әкей жаңа құрылып жатқан совхозда мал фермасын басқарса керек. Қанша мал бар дейсің. Әкейге ауылдың төрт-бес ақсақалдары келіп, біраз үйдің

ішерге тамағы, жағарға отыны жоқ, өлім халінде отырғанын айтады. Әрі ақылдасып, бері ақылдасып, совхоз малына тиіссе, «халық жауы бо-лып сотталып кететін болғандықтан, әкей үйдегі жалғыз сиырын союды ұйғарады. Ақсақалдардың «Өзіңнің де бала-шағаң, отбасың бар ғой», – дегеніне көнбей, әкей көппен бірге келген нәубетті бірге көреміз деп шешеді. Ақсақалдардың да басқа амалдары болмаған соң келіп отырған беті. Содан жалғыз сиырын сойып, терісіне шейін бөлшектеп, таратып береді.

Менің студент кезім. Жазғы демалыста елге келгенімде Ахме-тов Зәйкен деген ағамыз мені шақыртып алып, ұзақ әңгіме айтты: «Кеңес, сен Аман ағайдың жұртқа істеген көп жақсылықтарын біле бермейсің. Менің және елдің төрт-бес жігіттерінің соғыс жылда-рында Новоросибирскідегі еңбек армиясына («Трудармия») барғанда тірі қалғанымыз – Аман ағайдың арқасы, біліп қой, – деді – Қыстың қақыраған аязы. Бізді Новосибирскідегі бір орман ішіндегі әскери бөлімшеге орналастырды. Казармасы тақтай дан салынған, іші азынап тұр, суық. Бәріміз көрсеткен орын дарға барып орналастық. Әкеңнің жанындағы төсекте бір уыс болып бүктелген біреу жатыр екен. Қозғап көрсе, шала жансар жатқан адам екен. Көршілерден сұраса, аштан өлейін деп жатыр, оған тиесілі тамақты біреулер тартып алып, жеп қоятын көрінеді. Содан әкей елден келген тамақтары бар, сары майды ерітіп, әлгі бейбақтың тістерінің арасын бәкінің қырымен ашып, аузына әлсін-әлсін құяды. Аш адамның жағы қарысып қалады екен. Үстіне өздеріне берген төсектерді жауып қымтап қояды, әйтеуір кешке қарай әлгі кісінің жаны кіре бастайды. Содан бұлар кешкі тамаққа барса, орыстар, басқа да ұлттардың жігіттері кезекте тұрған біздің адамдарға жол бермейді. Бәрі ауылдан барған, біреуі бір ауыз орысша білмейді, сауаттылықтары да шамалы, ішінде Зайкен аға ғана бастауыш мектеп бітірген. Содан әкей елден келген жігіттерді, тағы да Қазақстанның басқа өңірлерінен келген, бас-аяғы он бес шақты жігіттерді жинап, аштан өлмес үшін бәріміз бір-ге, бірімізді-біріміз қолдап, өз кезегімізді ешкімге бермейік деп шешіпті. Сонымыз дұрыс та болыпты, әйтеуір күнделікті тамағымызды алып іше-тін болдық. Аман ағай болмағанда, біздің де күніміз анау орыс жігітін-дей болушы еді», – деді. Әлгі орыс жігіті әкейлер сонда болған үш айдай уақытта әжептәуір оңалып, қатарға қосылыпты. Кейін әкей Зайкен ағаға өзі айтыпты: 1948-49 жылдардың бірінде Омбыға барып, базарда жүрсе, бір орыс келіп, қолынан ұстап: «Кімсің? Қайдансың? 1942-43 жылдары Новосибирскідегі еңбек армиясында болдың ба?» – деп сұрапты. Әкей өзі

білетін шала орысшасымен, тілі жетпеген жерін ыммен түсіндіре отырып өзінің болғандығын айтады. Содан әлгі орыс әкейді құшақтап, бетінен сүйіп, сен мені өлімнен алып қалғансың деп, қояр да қоймай үйіне ертіп апарып, екі-үш күн қонақ етіп, көп сый-құрмет көрсетіпті.

«Бірлік» колхозымен көршілес 6-7 шақырымдай жерде орналасқан «Сілеті» совхозының үшінші фермасы Сілеті өзенінің Жалтыр деген қойнауында орналасқан. Сонда бір жұмыспен барып, Ермағамбет деген құрдасының көптен бері сал болып ауырып жатқанын естіп, көңілін сұрайын деп барса, кішкентай ғана тар, қараңғы бөлмеде жатыр екен. Сақал-мұрт, тырнақ өскен, ешкім жуындырмайды, тек тамақ әкеп беретін көрінеді. Содан әкей екі самаурынға су жылыттырып, шешініп тастап, әлгі кісіні алдына алып отырып, сабындап жуындырып, тырнақ-шашын, сақал-мұртын алып, төсек орындарын жаңадан салдыртыпты. Әлгі құрдасы дауыстап, еңкілдеп жылап, әкейге рахметін айтып, балашағанның қызығын көр деп батасын беріпті.

Әкей марқұм: «Ондай бейбақтардың батасының сауаптары, алғысы, құлындарым, сендерге тисін» деп айтып отырушы еді. Әкей 50 жылдардың басында қыстыгүні жұмыс бабымен аудан орталығы Ертіске барады. Көптен бері ауруханада жатқан ауылдасының көңілін сұрайын деп соқса, бір жұмадай бұрын қайтыс болыпты. Елге хабар беруге байланыс болмады ма, хабар тисе де алып кетуге мүмкіндік болмады ма? Әйтеуір ешкім іздеп келе қоймапты. Әкей сол кісінің мәйітін шана-мен ауылға алып қайтады. Жолда «Сілеті» кеңшарының орталығында отырған Шиябиден жездейдің үйіне түседі. Іңірде далаға шыққан қызы Мәруа апайымыз әкей не әкеле жатыр екен деп, қараңғыда шананың үстінен сипалап жүріп өлген кісінің аяғын ұстап көріп, шошып айғайлап үйге жүгіреді. Ертеңінде мәйітті елге алып кетеді. Әкей 50 жылдардың басында елден 32 жылғы аштықтан ауып, көшіп кеткен Омбы облысында тұратын 10 шақты отбасын бірнеше рет қатынап, елге көшіріп әкелді. Шешей кейде бала-шаға бар, күн-көріс тапшы, ал сен болсаң ақысыз-пұлсыз осыдан 15-20 жыл бұрын көшіп кеткен ағайын-туыстарыңды іздеп тауып, көшіріп жүрсің деп ренжитін. Әкей сауаптары балаларыма, құлындарыма тисін деп жуып – шаятын. Әкейдің жалғыз торы биесі бар еді. Жегістің көптігінен жануар бірде-бір рет құлындамапты. Жалпы, Омбы облысының ұжымшар, кеңшарынан келген туыстарды халық Сепкрайдан дейтін, яғни Сибкрай (Сибирский край).

Балаларым, аталарыңның осындай жанының жомарттығы маған, менен кейін сендерге де дарымауы мүмкін бе? Ақсақалдар әкейді:

«Аман – ел қамын жеген Едіге», – деп отырушы еді. Сендердің кейбір істеріңе қарап, солай болды-ау деймін. Әкейдің өмір жолы – ертегі, өнеге мен тәрбиеге толы, оған кейінгі тарауларда қайтып оралармын.

Анамыз Қапиза – Құлтас нағашы атам мен әжеміз Көріктінің көп балаларынан қалған екі баланың бірі. Жалғыз ағасы Нұрхан нағашым болатын. Анамыз ұзын бойлы, аққұба, ат жақты, мінезі сабырлы, салмақты болатын. Ауыл ішінде абысын-ажын болып, дауысын көтеріп ұрысысып жатқанын көрген емеспін. Кейде біреулерге ренжіп қалса: «Е, жыны басылған соң өзі келіп кешірім сұрайды», – деп қоя салатын-ды. Кеңшілігін кемшілікке санамайтын. Үйдегі балалар арасындағы тәртіпті қабағымен-ақ орнықтырып, басқарып отыратынын қайтерсің. Бәріне та-лас-тартыс тумас үшін, үй мен дала жұмыстарын бөліп береді. Көп ба-лалы үйлердің балалары бір-біріне тәрбиеші, үлгі, бауырмал, жомарт мінезді, кішілері үлкендерді тыңдайтын (нағыз демократтар) ата-ананың қамқорын, ақыл-кеңестерін зейін қоя тыңдайтын көпшіл, зерделі, тәртіпті болып өседі екен. Өзімді де мақтап кетейін, мен де сол командада өстім. Анамыздың басты қасиеттерінің бірі – тазалыққа қатты көңіл бөлетіні. Ер балаларға «ауласын көріп азаматын таны» дегенді жиі ескертіп отырса, қыздарға «үй ішінің берекесі табалдырықтан белгілі». Босағасы қопсып, табалдырықтан төріне дейін қоқсып жататын үйде ешқандай береке бол-майды. Қызыр дарып, бақ қонбайды. Бәрі шошып, жиіркеніп жоламай қояды», – деп сендіретін еді-ау, жарықтық.

Шешей өмір бойы ұл-қыздарының намысшыл болғанын талап етті. Намыссыз адам қаншама данышпан болса да келешексіз адам,- дейтін. Кейде балаларымен оңаша қалғанда дұрыс-қисық болсын әкелеріңе қарсы келуші болмаңдар, тайталаспаңдар, деуші еді. Әке – айбарларың, қорғандарың, шаңырақтың тірегі – деп отыратын. «Әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – боқ» дегенді де естен шығарушы болмаңдар, дейтін. Он бала тәрбиелеп батыр ана атағына ие болса да, 50 жылдардың ортасына дейін қоғамдық жұмыстардан қол үзген жоқ. Үй ішінің бақылау, басқару жұмыстарын да шашыратпады. Балаларым, оқыған қауым, мені ата-анасын дәріптеп, мақтап жатыр деп ойлап қалуларың мүмкін. Балаларына ақыл айтып, мінез-құлықтарын мүсіндеу барлық ата-ананың үлесі емес пе? Соны кейде, балалыққа жеңдіріп, санамызға толық сіңдіре алмадық қой. Қайта олардың балаларымыз тең-құрбыларының қатарынан қалмай, азамат болып өссе екен деген, армандарын үміттеріне жетелетіп, жеткізе алмай отырмыз. Ата-анамның тапшылық-таршылықтарда бізді, бала-ларын жеткіземіз деп арқалаған жүктерінің салмағы есіме түскенде,

сол еңбектерін ақтауға не жақсылық жасай алдым, үміттерін үзіп алған жоқпын ба, деген ауыр ойлар жүрегімді сыздатады.

Шешемнің ағасы Нұрхан нағашым әкемнің туған інісіндей болды. Нағашы атамды көрген жоқпын, ал әжем Көрікті жүз жастан аса өмір сүрді. Екі отбасының ортақ анасы еді. Екі үйдің сыйластығы, туыстық қарым-қатынастары сондай бертін келгенше еншілері бөлінген жоқ. Көп жылдар бойы бір шаңырақтың астында тұрдық, дастарханымыз да ортақ. Нұрхан нағашым мен Үкілі деген нағашы жеңгемізден Үкімет деген жалғыз ұл жарық көрген-ді. Екеуміз бір жылы туғандықтан аттарымызды Кеңес және Үкімет деп қойыпты. Бірақ, Үкімет он екі жасында өмірден қайтты. Оның анасы одан бес-алты жыл бұрын қайтыс болғанды. Нағашы әжем Көрікті еті тірі, мінезі ашық, шарифаттан хабары бар, бал ашып, құмалақ тартатын көріпкел қасиеттері де мол кісі еді, бірақ аңқау да, ақкөңіл. Қазақтың байырғы тілімен айтқанда, «өгіз бұзаулап жатыр» десе, соған иланатын. Ауыл Қызылағашта отырған кез. Бір күні көршінің сәбиі қайтыс болып, бәрі барып көңіл айтады да, әжем шаруа жағдайымен үйіне кетіп қалады. Біраздан соң әлгі үйге қайтып келсе, көп адам жиналып қалған екен, отырғандарға «Сәлеметсіздер ме!» деп амандасады. Ешкім дауыс шығарып амандаспайды. Сонда әжем өзіне өзі «шүкір» деп жауап қайтарыпты, жылап отырған сәбидің анасы да, басқа адамдар да күліп жіберіпті. Тағы бірде кешкілік бұзауларды айдап келе қояйын деп, ауылдан екі шақырымдай жердегі өзенге (Сілеті) барып, ауылға қарай айғай сала «арқан, пышақ әкеліңдер» деп жүгіреді. Ауылдағылар не болып қалды десе, бұзаулардың бәрі суға кетіпті дейді. Содан кәрі-жасы бар бәрі тұра жүгіреді. Көрсеткен бағытқа бұрындау жеткен жастары су жағасында жайылып жүрген бұзауларды айдап шығады. Әжей бұзаулардың арқасын сипап: «Әй, үстері құп-құрғақ қой», – дейтін көрінеді. Сөйтсе, өзен жиегінде жайылып жүрген бұзаулардың көлеңкесі кешкі күн сәулесімен суға түскен екен.

Соғыс басталғанда елдегі азаматтарды жаппай әскерге алып жатқан кез. Әжем: «Мырзатай мен Мақыметті алғандары дұрыс, екеуі де аңшы мерген ғой, немістерді қырып салады, ал мылтық ұстай алмайтын қалғандарын несіне алып жатыр?», – деп таңданыпты.

Әкейдің үйленбеген кезі. Революциядан кейінгі қызылдар мен ақтардың бірін-бірі алма кезек аңдысып, қуып жүрген кезі. Әрине, әкей қызылдар жағында. Банда қуып жүргенде қарауыл қарап салт атпен мал қамайтын биік аранның үстіне шығып кететін көрінеді. Әжем: Әубәкірдің осы ұлы жұлыным үзіліп өлемін деп қорықпайды екен, – депті. Кейін

әкей қызына үйленгенде әзілдеп, неге солай дедің десе, қайдан білейін, күйеу бала болатыныңды, – деп күлдіріпті.

Нағашым Нұрхан орта бойлыдан биіктеу, қапсағай денелі сүйегі ірі, келбетті адам болатын. Бастауыш сынып дәрежесінде хат танитын, мінезі салмақты, сөзге шебер. Ол кісінің домбырамен күй тартып, ән салғанын жиі естіп жүрсе де танданбайтын, сүйсінбейтін адам жоқ. Күйден, менің сол кездегі түсінігім бойынша, «Қара жорға», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Сарыжайлау» күйлерін тартатын, өлеңдері Ақан сері, Біржан сал, Ыбырай, Жаяу Мұса, Молдабай, Әсеттің, Естайдың әндері және ақындардың айтыстары, әсіресе жиі айтатыны Құдайберген мен Қадишаның айтысы, «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» қиссалары. Айтыскерлердің әрбір кезегінде үш-төрт мақаммен, сарынмен айтады. Ауыл қарттары: Нұрханға қу тақтайды тарттырсаң да бұлбұлдай сайратады деп отырушы еді. Нағашымның авторы белгісіз «Қара жорға» күйін жиі тартатыны есімде. Ол күйді бертінірек есейе келе Абылайдікі болуы мүмкін деген дүдәмал пікір де естідім (Абылай 22 күй шығарған деген әңгіме де шықты). 2009 жылы теледидардан осыдан бірер жыл бұрын халық биі «Қара жорғаны» Қытайдағы қазақтар СУАРда (Урумчи) тау ішінде өткізген бір үлкен тойда 13 мың адам қатысып – билепті, деген хабар естідім. Қытай мемлекеті ұсыныс жасап оны Гинестің рекордтар кітабына жаздырыпты. Аңыз бойынша ұзатылып бара жатқан қыз бай әкесінен бас жасауына сүйікті «Қара жорғасын» беруін сұрапты. Екеуін де қимаған әкесі қызына: «Қара жорғаны көріп қалайын, мініп, алдымнан жорғалатып өтші!», – деген екен. Қыз әкесінің тілегін орындап «Қара жорғаны» жорғалатып өткенде сәндікке сүйретілген жібек арқанның бұлаңдай тербеліп, шұбатылып бара жатқанына тұрған халық та, бай да сүйсіне қарап қалыпты. Сол көркем көрініске ескерткіш болғандай «Қара жорға» күйі, кейін оны тұлғаландыра «Қаражорға» биі өмірге келген ғой. «Балбұрауын» күйінің өз тарихы бар. Астраханның Браун деген губернаторы жаңа жылдық кеш өткізеді. Думан қызған кезде: «орыстың оркестрін тыңдадыңдар енді даланың оркестрін тыңдаңдар» деп сахнаға басында бөркі, аяғында саптама етігі, қолында домбырасы бар қазақтың жас жігітін шығарады. Отырғандар әуелде қомсына, сынай қарсы алады. Бірақ тартқан күйі әсерлі шығып, сахнаға қайта-қайта шақырыпты. Ол жаңа танылып келе жатқан, кейін күй атасы атанған әйгілі Құрманғазы көрінеді, ал тартқаны сол кешке арнайы шығарылған: «Бал Брауна» күйі екен. Әжем марқұм Үкімет екеуміздің де Нұрхан нағашымдай (әжем де жас кезінде домбыра тартыпты) дом-

бырашы, әнші болғанымызды қалайтын. Түнде жатарда екеуіміздің бас жағымызға домбыра мен нан әкеліп қойып: «Қайсысы түстеріңе кірсе, сол бойларыңа қонады», – дейтін-ді. Ал біз болсақ, әжеміз ұйықтаған соң нанды соғып алып, таңертең ол кісіге домбыра түсімізге енді деп, оны даңғырлатып шертетінбіз – жоба ғой. Оған әжеміз мәз болып: «Көрдiңдер ме, менiң құлындарыма домбыра қонатын болды», – деп қуанып қалатын. Біз әжеміздің ол үмітін ақтай алмадық, «ән салар» емес, «нан соғар» болып қалдық. Дарын қасиеттері бойында болмаған соң, өскеннен кейін де сені іздеп келмейді, немесе үлкендердің қолмен теліп қосқанына көнбейді ғой, шіркін!

Ауыл – Аллаһ Тағаланың шексіз де, шетсіз жомарттығының, сарқылмас байлығының қайнар бұлағы ғой – қазақ елінің марқасқа көсемдері мен шешендері, ғылым, мәдениет, әдебиет қайраткерлері, еңбек майталмандары, ұстаздары, дәрігерлері – бәрі-бәрі ауылдың тай қазанында қайнап пісіп жетілген перзенттер. Ата-аналарымыз ұрпақта рым өс сін, өмір өзегі үзілмесін деп тарих сапарларының талай бейнеті мен аза бына төзіп, таршылық пен тапшылықтың ауыртпалығына шыдап, тек «ке лер ұрпақ, бәрі сендер үшін» деп жан қиып, қан жұтып, тер төгіп, фә ниден бақиға аттанғандарынша мына өмір сабақтарын пысықтап, жи нақтап, жолдары мен тәсілдерін іздестіріп, ұтымды, ұқсатымды пайдалануға тырысып, талпынып өткен жоқ па? Оларға өмірдің өзі мектеп, ұс таз еді. Сондықтан олар өмірдің қадірін де, қасиетін де терең түсініп өтті. Осы күнгі бәріміз де өмірімізді ауылдан бастап, сонда нәрленіп, әрленіп, әлденіп, өсіп, өніп жетілгендер емеспіз бе? Тегін сұрасаң түсінбей, руын сұрасаң «скорпион» деп, қанымыз бір ғой десең, «а, у вас какая группа крови?» деп сұрайтын дүмбілездерден ағаң кім десең, «Буш», наға шың кім десең – «Жириновский» деп мақтанып, «ауылдансың» десе арла нып, «қазақсың» десе қорланып қалатын, түп-тамырының тереңдігін керең дігі деп түсінетін ұлтсыздықтың есірткісінен де есеңгіреп қалған асфаль-тович (әрине бәрі емес) жастарымыздың ұлтжандылықтың сауықтыр-ғыш емдерінен естерін жинататын мерзімі жеткен сияқты. Қазақ тың ұлттылығы – тілінде, салт-дәстүрінде. Адамның негізгі ерекшелікте-рінің бірі – туған жерін Отан дәрежесінде түсінуінде, сол Отанның ұланы дәрежесіне көтеріле білуінде. Бәріміз де – сол Отанымыздың өсірген өркендері, бұтақтары, жемістеріміз. Сондықтан оған селсоқ қарағандарға кейде тілімнің уытын да, ыза мен өкпемнің құйынының қақпасын мез-гіл-мезгіл ашып, кеудемдегі жалынымның ыстығын салқындатып, еңті-гімді басамын.

Қазақтың 40 жылдардағы балалары сияқты мені де ерте есейткен, балалықтың тізгінін еңбекке ұстатқан да өмір тезі, өмір салмағы, тұрмыс талаптары. Біздің ауылдың да өндірістік қуаты, тұрмыс-жағдайлары қазақтың сол кездегі ауылдарының егізінің сыңарындай ұқсас, көшірмесі сияқты еді. Ауылда жоғары, орта білімді мамандар бар дегенді естімейсің. Ал хат танитындарының өздері саусақпен санарлықтай. Өндіріс орындары, байланыс (рация, телефон) атымен жоқ. Ауылдағы еңбек құралдары: қол күші, айыр, күрек, қол шалғы. Өндірістік заттардың (ағаш бұйымдары, шеге, құрал-саймандар, ат өззелдері) бәрі зәру. Әр ауыл, тіпті әр адам өздерінің өмір және өндіріс тіршіліктері үшін өзі күреседі, өзі талпынады, өз жолымен тәсілдерін іздейді.

«Бірлік» колхозының 2-2,5 мың гектардай егістік алқабы бар. Қоғамдық малы: үш мыңдай қой, екі жүздей қара мал, төрт-бес жүздей жылқы. Егін егу, оны жинап-бастыру, шөп шабу жұмыстары 42-43 жылдарға дейін түгелдей қол күшімен атқарылды, содан кейін күш қуаты шамалы темір доңғалақты (ХТЗ, ЧТЗ, Харьков, Челябинск трактор-заводтарының) тракторлары келді. Әрине, олар егіс жұмыстарын түгелдей атқара алмады. Бәрібір, негізгі салмақ қол күшіне түсті. Егін егудің көптеген жұмыстарын өгіз, сиырлармен атқарды. Көбінесе жегілетіні жеке меншіктің малдары. Егін орып, дестеге түсіру жылқы күшімен атқарылды. «Лобогрейка» деген қос ат жегіліп, егін оратын машинаны пайдаланады. Қос ат жегілген арыстың түп жағын ала, шалғыдан озықтау ат айдаушы, ал машинаның артқы белдеуінде қолында айыры бар адам отырады, машинаның үстіне орылып түскен астықты айырман жерге, дестеге түсіреді. Егін жинайтын (шабатын) машина «лобогрейка» деп аталуының өзі маңдай терлететін деген сөзден шыққан шығар деп ойлаймын.

Тұқым себу – жерге сіңірудің де өз тәсілдері көп. Тәжірибелі, арнайы икемі бар он шақты жігіттер мойындарына қап, не қоржын асып, дөңге толтырып алып жүріп келе жатып танапқа қолмен шашады, кейін көлік жегілген ағаш тырмаларымен тегістеп, себілген дөңді топыраққа сіңіру қамын жасайды. Орылған сабақты егін ауылға, қырманға тасылып, сол жерде атқа, өгізге тіркемелі, айналмалы ауыр тас белдіктермен (ка-ток) бастырылады.

Бертінде, 40 жылдардың орта кезінен егінді әрі орып, әрі бастыратын тракторға тіркелетін «Сталинец-6» деген комбайндар шықты. Астықтың өнімі орташа, жақсы болса, колхоз еңбекшілерінің еңбегіне аз да болса талғажау мөлшерде астық берілетін, ал егін шықпаған жылдары ештеңе де берілмейді.

Астықтың есебі, бақылауы қатаң. Килограмдап, қалтаға салып ұрлағандардың өзін соттап жібереді. Адамдар сонда да, аштан өлместің қамы үшін ретін де, есебін де табатын. Мал шаруашылығында да тәртіп, талап күшті. Мал өнімдері май, қой сүтінен жасалған өнімдер (қой да сауатын), брынза, мал терілері, жүн, жылқыны күзегендегі жал, құйрық қылдары – бәрі тазартылып, өңделіп өкіметке тапсырылады. Ол кезде қоғам мүлкінің сақталуына, есебіне талап қатты. Шабындық басында, үйілген маялардың жоғарғы оң жақ бұрышында (міндетті түрде) қолдан, пышақпен екі жағы да тегістеліп жонылған қалақша тұрады. Оның бір бетіне маяның кезекті саны, үйілген күні, айы, екінші жағына маяның ұзындығы, көлденеңі, биіктігі жазылады. Қыста шөп тасығанда міндетті түрде осы қалақшаны колхоздың есеп бөліміне (бухгалтериясына) тап-сырады. Сынған айыр, күректердің саптары, бастары, арқан, жіптің үзіктері – бәрі-бәрі қоймаға қайтарылып отырады. Мұның бәрін жазып жатқаным – осындай жетіспеушілікте, таршылықта мемлекеттің қатаң тәртіп, есеп, бақылау жұмыстарының күштілігі халықты жауапкерші-лікке, үнемшілдікке, ұстамдылыққа, ұтымдылыққа баулыды, санасына сіңірді. Иә, ол заман барды бағалауға үйретті, жоқты іздеуге жетеледі. Қазіргі асып-төгіп жатқанымыздың негізі солармен қаланған.

Кейде сол кездегі есеп, бақылау, тәртіп қазір болса, үкіметтің қаншама байлығы сақталар еді деп ойлаймын. Бәрі ысырап. Кепиет. Бұрын жұрт бірдеңе ұрласа аштан өлмеудің қамы үшін еді, ал осы кезде ол баюдың көзі, құралы болып алды. Аумаған балға қонған шыбын-шіркей. Кейде кейін ұстап алу үшін әдейі ашып қояды. Біледі, бірақ отырудан қорықпайды. Қатты тәртіпті, есептеуді кейбіреулер қатыгездікке балайды. Қай заманда болмасын атамыз қазақ: «Есеп білмеген – есек», - деген ғой. «Тарта жесең тай қалады», «Байлық тиыннан құралады». Қоғам нан қажетті көмектер жетімсіз болған соң, әркім өз жолын, өз тәсілін, өмірден алған, сезген тәжірибелерін күнделікті тіршіліктерінде іздестіріп, пай-далана бастады. Мысалы, Бірлікте атақты аңшы, балықшы Мырзатай ағай мен Қасым атамыз өмір сүрді. Қасым атамыздың ұлы Махмет те, немересі Сәкен де, бәрі тұқым қуалаған аңшы, балықшы. Мырзатай ағай мен Қасым ата аң, балық ауласа тек өздерін ғана емес, көрші қолаңдарды да қарық қылып тастайды. Ал ол кісілердің аулаған балықтарды суда тірідей бірнеше күн сақтап ұстаулары, балықты тұздап, кептірулері терең біліктілікті, тәжірибені танытпайды ма. Тірі балықтарды екі-үш күн жи-нап, өгіз арбамен 60-65 шақырымдағы Бестөбе алтын кенішіне апарып са-тады. Менің де төртінші-бесінші сыныпта оқып жүргенімде бірнеше рет

сондай сапарларға қатысқаным бар. Балықты ұзақ сапарға жаздың күні бұзбай, сасытпай тірі күйінде жеткізу де білгірлік пен тәжірибелілікті қажет етеді екен. Арбаның үстінде 300-400 килограмм балық сиятындай тал шыбықтан тоқылған қорап болады. Оның түбінде жан-жағыда көмкеріле жиектей жабылған жас құрақ немесе, көбінесе, жаңа шабылған ұзын өлең шөп төселеді. Оларға су құйылады да балықтар салынады, үстінен қалың қылып тағы да жас құрақ, өлең шөп жабылады, тағы да мол етіп су құйылады. Арбаның артында бір фляг су тұрады, арба сы-нып, не бір кездейсоқ жағдай бола қалса, қажеттеріне жаратады. Жолға кешкі салқында шығып, ара қонып жетеді. Жолда күндіз көлеңкелі, құдығы бар жерде демалып, балықтарға қайта-қайта су құйып, кешкі түнгі салқынмен жүреді. Бірде-бір балық бүлінбейді, бәрі тірі күйінде жеткізіледі. Ұқсатымды, ұтымды тәсіл, тәжірибе.

Атамыз Қасым Жұмағұлұлы орта бойлы, қою қалың қара қасты, мұртты, түсі суық, тұйық адам еді. Кейде әйелдер ауыр босанғанда сол кісіні алдырып, зікір де салдыратын-ды. Немере ағайым Мырзатай да (Шаһмұхаммед қажының ұлы) сол өңірдегі атақты аңшы, балықшы. Ол кісінде аулаған балығын Бестөбе кенішіне апарып сататын, елдегі ағайындарға да көмектесетін. Атқан құстарын көбіне ағайын-туыстарға, көршілерге бөліп беретін жомарттығыда есімде. Әсіресе, қасқырды, түлкіні, қарсақты, қоянды көп аулайды. Қақпан, тұзақ құрудың маманы, әрі мерген. Көп сөйлемейтін адам. Орта бойлы, бірақ жасынан еңбек етіп, аңшы, балықшы болғасын ба, денесі тығыршықтай, шойыннан құйылғандай. Әке-шешесінің кенжесі болыпты да, бала кезінде ағайынды екі-үш отбасының қойын баққан. Ол кезде жеңгелердің қайындарының есімін атамайтын, ат қоятын әдеті бар. Үлкен қажының баласы болған соң ауылдың үлкен-кіші (тіпті қарт әжелер де) әйелдері Мырзатайдың атын атамай, өмірінің соңына дейін «Қойшы» деп кетті. Біз де Қойшы ағатай дейтінбіз.

Ағайдың жас кезі, аң аулауға, жаңа машықтанып жүрген кезі екен. Әкесінің қасқыр соғатын қаракер Тұйғын деген аты болыпты. Негізінде, қасқыр соғатын ат болмаса, кез-келген жүйрік аттар тіпті бәйгеден келіп жүрген желаяқтар, қасқыр соғуға жарамайды. Үркіп-қорқып, оқырынып, қасқырға жақындай алмайды. Бір қыста сол өңірде малға жаудай тиіп, қан қақсатқан бір көкжал арлан жортыпты. Талай аңдыса да, не көзге, не қолға түспей көрінбей жүреді екен. Бір күні ағай тығыз шаруамен көрші ауылға барып келе қояйын деп Тұйғынмен келе жатса, алдындағы бір белестің тасасынан әлгі көкшулан шыға келеді. Қолында сойылы жоқ,

ауылға бұрылып барып алып келейін десе, қасқырдан көз жазып қалуы мүмкін. Неде болса көрейін деп, оң жақ үзеңгісін таралғысымен ағытып алып, қасқырды қуа жөнеледі. Тұйғын десе Тұйғындай болған ғой. Көп ұзамай қасқырға қуып жетеді. Жеткен бойда ағай үзеңгімен қасқырды салып өтеді. Қасқыр үзеңгіні дарытпай, қайта таралғыға атылып, аттан ағайды алып түседі. Ағай шалқасынан құлайды, қасқыр ағайдың үстінде екі иығына екі аяғын салып, тұмсығына тұмсығын тіреп тұра қалады. Ағай да қасқырдан көз алмайды, қасқыр да тесірейген қалпы көзін тайдырмайды. Біраздан соң қасқыр бұрылып өз жайына кетеді. Ағай аңтаң, неге жарып тастамады? Ауылға келгеннен соң болған жағдайды қарияларға айтады. Қариялар: «Арланның сені жарып кетпегені – көзіңді оның көзінен алмағаның, аудармағаның, сәл тайқысаң жарып тастаушы еді. Адамның көзі өткір келеді. Қасқыр да болса, ол да сенің ерлігіңді сыйлады. Енді ол қасқырды сендер қумандер, біреуің мерт боласыңдар. Оның мәрттігіне сен де риза бол», – депті. Ағайдың үйі толған қасқыр, түлкі, қарсақ терілерінен тігілген тұлып, ішік, кеудеше, төсеніш, бөстек болатын. Ағайдың үйі – ауылдағы қонақтар түсетін бірінші үй, тіпті ауданнан, көрші ауылдан келген адамдарда бастықтардың үйіне бармай, тек сол үйге ғана түсетін-ді. Қонақтарды қарсы алып, оларды сыйлап, шығарып салып, жүретін. Жеңгеміз – Қамаш. Қамаш жеңгемді екінші анам десем де болады, өйткені немере үш ағайынның – Нұрғали, Аман, Мырзатай – үйлерінің орталарында мен көпке дейін жалғыз ұл болдым да, әрқайсысы маған өз ұлындай ыстық ықылас танытып, ата-анамдай қамқорлық жасады.

Мен Қамаш апатай (ол кісіні біздің әулеттің жасы кішілері со-лай атап кеткен), біздің әулетке келін болып түскеннен кейін туыппын. Қамаш апатай сөзге де, іске де өте пысық еді. Айтатын пікірін кімге болса да тура айтып тастайтын, мінезі ашық, бірақ шапшаң-шайпаулау. Бірде үйіне қонақтар келіп, астан кейін шай ішіп отырған ғой, бір кез-де олардың біреуі түрегеліп, пиджағын киіп жатыр дейді. Бәрі таңырқап, «әй, қайда барасың?» десе, әлгінде кесемді шай алып кел деп жіберіп едім, әлі жоқ – депті. Сонда жеңгем: «Немене, жағың қарысып отыр ма, айтпаймысың?», – деп өзіне дүрсе қоя беріпті. Бәрі де ду күледі. Бірақ, бір ерекшелігі, ол кісінің айтқандарына ешкім де өкпелемейтін. Өзіне сөзі жарасып тұрады. Үйлерінің ауласынан бастап үй іші әрқашан таза, жинақы. Үйінен қонақ арылмайтын, дастархандары дархан, пейілдері жомарт. Мырзатай ағай дала жұмыстарын шебер жалғастырып отыр-са, Қамаш жеңгеміз үй-ішінің берекесін ұқсатымды ұстап отыратын,

жарықтық. Кейін балалары Сәктай, Нәктай (екеуі де қайтыс болды), Дәметкен, Сағынтай (қайтыс болды), Сұлушаш, Мариям барлығы да сол әке-шешелеріне тартқан ширақ, пысық, сергек болып өсті. Қазір әрқайсысының өз отбасылары, өсіріп отырған ұрпақтары бар. Бірақ, ағайдан ұрпақ сабақтастығын жалғастыратын ер бала қалмады.

Нұрғали атамыз – әкеміздің немере ағасы, Қорғанбай атамыздың баласы (екеуінің әкелері бірге туысқан). Нұрғали ата сұңғақ бойлы, денесі тіп-тік, қазақша айтқанда артық еті жоқ, ат жақты, аққұба, мінезі сабырлы, әрі биязы. Кісіге дауысын көтеріп, өктем сөйлемейтін. Жымы-ып, мырс етіп қана күлетін-ді. Бірақта, осы мінезіне қарамай етек-жеңі жинақы, сөзі дәмді, салмақты, жұмысына тиянақты болыпты.

«Бірлік» колхозының (коллективное хозяйство) алғашқы бастығы (төрағасы) етіп сайлапты. Кеңес өкіметінің тұңғыш ұйымдасып жатқан колхозын ұйымдастыру, қалпына, жүйеге түсіруге, тәжірибе жоқ, қиындықтары көп болса да, шаруашылық жедел қалыптасып, тыңая бастапты. Бірақ алтыбақан ала ауыз, қызғаншақтық пен бақталастық қазақтың қанына сіңген дерт қой. Оны біздің өзіміз тұрғай басқа ұлттар да біледі. Сонымызды пайдаланады да.

Алға шыққан азаматтарын аяқтан шалып балақтан қабу, көп қазақтың жұқпалы ауруы емес пе?

Қазақтар осы ауруын біледі, бірақта бойларына, ойларына сіңіп кеткендіктен арыла алмай келеді. Нұрғали атамызды колхозда бастық бо-лып тұрғанында, тағы екі-үш адамды 1937 жылы «Халық жауы» деп пәле жауып, он жылға соттатыпты. Жала жапқан өз туыстары.

Абай:

Ағайын бір күн араз, бір күн тату,
Туыстық, жақындығы бәрі – сату, –
десе, Халық даналары:

«Ағайын бар болсаң көре алмайды, Жоқ
болсаң бере алмайды», – деген емес пе?

Кеңес үкіметінің 1937 жылғы зұлматының бәрін Сталинге жау-ып келеді. Сталин күрессе, жоғарыдағылармен күресті. Жаңа құрылып жатқан мемлекетте екі идеологияның, екі саяси құрылымның бірі ғана қалуға тиісті екендігі сол заманның революциялық талабы. Ауылдағы-ларды құртқан – бақталас қазақтардың, ағайын-туысқандардың өздері. Бірін-бірі көрсетті, бірін-бірі түрмеге жаптырды, аттырды, астырды. «Қазақтың жауы – қазақ» деген қағида содан барып қалыптасқан жоқ па?

Мен Сталиннің ақтаушысы, аратүсуші адвокаты емеспін, бірақ шындық солай.

Осы ұзын-сонар әңгіменің басталуының өзі өмірдің аумалы-төкпелі кезеңдерінде әркімнің тіршілік жолында өздерінің талпынып, күн көрістің көздерін іздеп, табиғаттың қазынасынан үлес алып, аулаған балықтарын, аң-құстарын әрі тамаққа, әрі киімге, үй-өндіріс тірліктеріне лайықтап, өңдеп, ұқсатып, қажеттеріне жарата білуі де жоқты іздеп табудағы күрестердің бір саласы еді. Ол кездерде аңшы, балықшыларға қажетті құрал-саймандар тапшы. Сондықтан қолдан келген айла-тәсілдерді өздері издестіреді. Мысалы, қарды терең қазып (кісі бойы, одан да терең), ор жасап, оның ішіне от жағып, қабырғаларының бәрін қалың мұзға айналдырып (түскен аң қайта шыға алмас үшін), төбесін қамыспен, талмен, ұзын өлең шөппен жұқалап, көлегейлеп жауып, ор-тасына қарай өлексе қойып (оның бәрі алдамшы тәсілдермен) кетеді. Әрине, қасқыр өте сақ. Ол қапқанға, орға қойылған жемтікке бару үшін әуелі жетер жолын тырнап, қазып тексереді, сол себепті көбінесе малды, аңды қуғанда қапылыста осы орға құлайды, ал түлкі, қарсақ, қояндар жиі түседі.

Мұндай тәсілді Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» кітабында да жазылған. Сондай қазылған орға (қамбаға) Балуан Шолақтың өзі түсіп кетіп, шыға алмай мұзды, қарды қолмен тырмалап, саусақтарын үсітіп алған дейді жазушы.

Атандым Нұрмағанбет – Балуан Шолақ,
Бір қолым үсіп кетіп болдым Молақ. Сұлу
қыз, келіншекке тынышсызбын, Жалғыз-
ақ тал бойымда мініп сол-ақ,

– дейді ғой. Балық аулайтын ауды үй-іші болып, іс тігетін нөмірі № 40 жіптен қолмен тоқитын. Ау тоқитын өрмектің арнайы құрал-жабдықтары көп. Тал-шыбықтар кеңінен пайдаланылады. Аулаған балықты бірнеше күн суда қамап ұстауға, «морда» деген талдан тоқылған шыбық-қорап жасалады. Талдан (шыбықтан) балықты базарға апаруға арнайы қорап, үйде, жұмыста пайдалануға жеңіл қол қорап (корзинка) тоқылады. Балық, құс, мал еттерін, құрт-ірімшіктерді қақтап-кептіруге сөрелер тоқылады. Қызметте, салтанатқа мінетін жеңіл арба (трош-панка), шаналарға (кошевка) айналасын жұмыр ағаштармен көмкерген атқораптар тоқу – міне, осының бәрі тәжірибелілікті, тал-шыбықтарды таңдап, сақтай білуді қажет ететін. Өйткені, талды, шыбықты басқа да қажеттерге, әсіресе құрылыс нысандарына жаратушы еді. Осылардың бәрі сол кезде ауыл өндірісінің бір саласына айналды. Ол да өмір сабағы.

Ал, мал терілерін, жүн, түбіт, жылқының жал құйрығын күзегенде, түскен қылдарды ұқсатып, қажетті бұйымдар жасау да – ауылдағы еңбек

ұтымдылығының бір саласы. Қара мал, жылқы, қой, ешкі терілерін илеудің өзі, оны өңдеп пайдалану мақсаттарына қарай икемдеу де – ауыл академиясының өзіндік ғылым лабораториясы немесе факультеті сияқты.

Қара малдың терісінен былғары етік, кебіс, пұшпағынан шәрке, қайыстан жасалатын бұйымдар – жүген, ноқта, тізгін, құйысқан, өмілдірік, айыл, үзеңгінің таралғылары, делбе, қамшы, тұсау, өре, шідері тіпті төсеніш те жасайды. Жылқы терісінен саба, торсық, қылынан – құрық бауы, шідері, шылбыр, төлдерге – желі, көген, арқан дайындала-ды. Құлын терісінен жарғақ тон тігіледі, өте құнды, бағалы бұйым. Қой терісінен жасалатындар – тұлып-тоннан басталып қысқы жылы киімдер, төсеніш. Жаңа сойылған қойдың, әсіресе, қара қойдың терісінің емдік қасиеті мол. Ешкі терісін әрі жұқа, әрі берік деп былғары киімдерге, әсіресе, мәсі, балалардың киімдерін тігуге пайдаланатын. Қой жүні ең өтімді зат. Одан киіз үй жасап, кілем, алаша тоқиды, сырмақ, текемет, тұскиіз басады, тоқыма киімдер мен басқа да бұйымдар жасайтын. Ешкі түбітінен негізінен келіншектерге шәлі, бас орамал, мойын орамал (шарф), қолқап тоқылады.

Ол кезде бояу деген жоқтың қасы, сондықтан көбіне қына, қайың-ның қабықтарын қайнатып, терілерді, жүндерді сонымен бояйды. Не жоқ болса, сол зәру.

Мал өнімдерін ұқсатып өңдеу де арнайы тәжірибелілікті, әр істің өзіндік арнайы технологиясын білуді қажет етпей ме. Оның бәрін айту, жазу – менің мақсатым емес, бірақ кейбіреулеріне тоқтала кеткен артық та болмас. Әсіресе, ет сүрлеу, оның ішінде қазы-қарта, жал-жаяларды тұздап, сүрлеп, не қайың, не тобылғы түтінмен ыстап, жел тиіп, ашып кетпесін деп ұнның ішіне тығып (ол кезде тоңазытқыш жоқ қой) баптай-тын. Қазы-қарталардың майлары сары алтындай тұнып, жып-жылтыр шыныдай көрінетін. Қазанда бүлкілдеп қайнап жатқанда сүрдің ерек-ше бұрқырап жұпар иісі тамсандырмай қоймайды. Далада, есік алдына жақындағанда иісі мұрыныңды жарып, аузыңнан сілекейіңді шұбыртып, төбетіңді тартатынын қайтерсің! Сүттен құрт, ірімшік, май, қаймақ т.б. тағамдар дайындалады. Құрттың негізгі (мен білетін) үш түрі бар: ащы құрт (малта құрт) – іркітті ұзақ жинап, ашытып қайнатады да, домалақтап кептіреді. Бұл қыста, жазғытұрым сорпаға салынып, малта ретінде пайдаланылады. Тұщы құрт – негізінен оны ежігей құрт деп атайды. Ол жас, ұзақ сақталмаған іркіттен қайнатылады. Сөреге жайып кептіріледі. Дастарханға нанмен қоса қойылып, шай ішкенде жегенде дәмі балдай. Күзде қайнатылатын құрт не ащы, не тұщы құрттың қатарына жатпай-

ды. Сондықтан оны жұдырықтай етіп жентектеп, қыста сорпаға салады. Құрттың барлық түрі сиыр, қой сүттерінен, кейде майы алынған (қаймағы), кейде майы алынбаған сүттен қайнатылады. Кейінгі түрі, әрине, құнды да дәмді. Сүттен сары ірімшік дайындайды. Оның да майы алынған-алынбаған сүттен қайнатылатын түрлері бар. Ірімшіктің сүтке мәйек (қозының ұлтабарын орысша сычок) салып ұйытып, қайнатылғаны әлдеқайда жұмсақ, құнарлы болып, қазақша айтқанда, тіл үйіріп, ауызға салғанда еріп тұрады.

Менің Торғай облысының Жанкелдін ауданында партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарып жүрген кезім. Бір күні бюрода шопандардың әйелдері бірнеше сиырлары бола тұра, кейбіреулерінің оны саумайтыны, тіпті шайға сүтті көршілерінен сұрайтыны айты-лып, ал құрт-ірімшікті қайнатпайтындары, дүкенге түсірсе, ұялмай са-тып алатыны әңгіме болды. Әрине, ондай жағдайлар ол кезде ауылдар-дың көбінде қалыптасып кеткен-ді. Мен бюро мүшелерінен: «Ал сендер құрт-ірімшікті қалай қайнататынын білесіңдер ме?», – деп сұрадым. Әрқайсысы өздерінің таным--түсінігін, білгенін айтып жатты. Аудан дық атқару комитетінің бір жас орынбасары: «Кеңес Аманұлы, мен ірімшік қайнату салақ, жалқау әйелдердің жұмысы деп ойлаймын. Ол сауған сүтін ірітіп алады да, сосын содан ірімшік қайнатуға мәжбүр болады», – дегені. Әрине, бәріміз ду күлдік. Мен: «Біздің шешеміз ірімшік қайнату үшін сүтті мәйек салып ұйытып, сосын ірімшік қайнататын еді», – дедім. Сон-да сұрағанымда, көбі мәйек дегеннің не екенін білмейтін болып шықты.

Баяғыда ата-бабаларымыз шөбі шүйгін, суы мол жер көрсе риза болып, «жарықтық, мәйегі шығып тұрған жер екен» дейтін. Ал қазіргі ауыртпашылық та, өз күніңді өзің көрдеген заманда, әлі де ауылда құрт-ірімшік қайнататындарды сирек көресің. Бірнеше бие ұстап отырып, қымыз ішпейтіндеріне таң қаласың. Ауыл өмірінде жаздағы тамақ, әсіресе, мамыр айынан бастап қымыз болушы еді, шіркін. Қымыз дайындаудың да өз құралдары (саба, сүйретпе, торсық, кейде ағаш піспектерге де), өз тәсілі, технологиясы бар. Сақталу мерзіміне қарай, оның да түрлері көп (Қазақтың ертедегі тамақ түрлері, ыдыс құралдары Ақселеу Сейдімбековтың, Сейіт Кенжеахметовтың кітаптарында толық жазылған). Міне, жоғарыда ауылдың тіршілік қамдарын, өмірлік, өндірістік тәжірибелерін жазып жатқаным, жас ұрпақ соларды үйренсін деп емес, білсін деп. Сендер осы күні молшылықта, думаны мен дүр-мандары да мол кезеңде өмір сүрсеңдер, жоғарыда айтылған жағдайлар сол бақыттың, мол дәулеттің алғашқы негіздері (фундаменті), баспал-



дағы, алғашқы табалдырықтарының есіктері, оларға соқпай, оларды атамай бірден төрге шығу мүмкін болмайтыны анық. Өмірдің ауыртпалықтары ерте есейтіп, ес жиғызады. Тіршіліктің жолдарын, тәсілдерін іздеуге итермелейді, тіпті мәжбүр етеді. Сондай ауыр кезеңдердің өзінде ел азаматтарының бірлігінің, тірлігінің, еңбекте піскен серілігінің арқасын-да, ағайын-туыстың, қарым-қатынастағы сыйластықтың, мейірімділік-тің беріктігінің нақтылығынан, мықтылығынан, қазіргі ұрпақ, сендер-ді жеткізуге, жетістіруге қолымыз жетті. Ағайын, өздеріңе атадан мұра қылып жеткізген ең асыл құндылықтарымыз әулетіміз де, дәулетіміз де, сәулетіміз де Түгел бабадан бері қарай алты-жеті ұрпақ алмасып, 250-270 жылға таяу тарих сапарын кешсек те, Сілеті өңірінде қалған 3 атаның туысқандық тамырларын тарықтырмай, селдіретпей, тұтастығымызды сақтай білгендігіміз. Тіпті болмай жатса да, солай болса екен деп арман-даймын, соны түсінер түйсігі бар ұрпақтар жалғасы үзілмесе екен деп тілеймін.

Қала берді, басқа Ақмола, Көкшетау, Омбы облыстарындағы Түгел баба түлектерінен де көз жазып қалмай, сирек те болса түгендесіп тұратынымыз да бар. Қазір заманның қолдан бықсытқан қоламтасынан көрек іздеп, бұрын бақытымызды да, бағытымызды да сүрлем мен соқпақтан бастап, өмір даңғылына ұмтылсақ, енді сол жыртылған, тесілген асфальттай ой-шұңқыры көбейген даңғылдан енді қайтадан ауылдың қара жолына түсіп бағытымызды өзгерте іздей бастадық. Бірақ, қарасынымыз үзілген жоқ, дауыс жетер жерден қол бұлғасып тұрамыз. Түңілмейік – түнермейік, түзелерміз, түгенделерміз. Әйтеуір ағайын-туыстық қарым-қатынастарыңды жоғалтпаңдар. Қалаға кетсеңдер де хабарсыз жоғалмаңдар. Адаспаңдар. Алжаспаңдар. Космополиттіктің тонын киіп, есірткісіне елікпеңдер. Оның қасіреттерін қасиеттері деп шатасып, шалғайда елден көз жазып қалмаңдар. Бұл – менің аталық та, ағалық та тілегім, үмітім де, үгітім де, мақсатым да. Атамыз қазақ біреуге ұрысқанда «көргенсіз» деп ұрысатын-ды, оны жас кезімде масқаралау, кемсіту деп түсінуші едім, есейе келе ұққаным, қазақтың ұрысқанының өзі ақыл екен. «Көргенсіз» дегені әлі өмір көрген жоқсың, өрісің тар, өрең төмен, тәжірибең тайыз дегені екен. Бірақ өмірде көріп тұрып көкірегі оянбай, естіп тұрып есі кірмейтіндер, кереңдер бола береді-ау, әттең.

Мені әке-шешем де басқалардың да ата-анасы сияқты, өмір сабақтарын санама сіңіріп, мінез-құлқымды қалыптастыруға ерекше назар аударды. Көргенің мен естігеніңнің бәрін талдаусыз, талғамсыз жұта бермей, жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренуді үйретті.



Әкем жаны жомарт, намысшыл және өткір, ер кісі еді. Оқымаған, бірақ зерек, тоқығаны көп адам. Ескі әңгімелерді, ақыл-нақыл сөздерді көп білетін және айтуға да шебер. Ауылдың еркек-әйелдері не әкейдің әңгімелерін тыңдаймыз деп, не маған қисса оқытамыз деп, іңірт жамы-лып, мал жайланған соң біздің үйге жиі жиналатын. Маған адамдардың қисса оқытқанына әкемнің шаттанып, марқайып қалатыны әлі есімде. Бірақ жаным жат болсын дей ме, мақтамайтын. Көпшіл болғаннан соң ба, көп елдің азаматтарын танитын, өзін де көп адам білетін. Кейін әлдеқа-лай көрші ауылдарға барғанда жөнiмдi айтқаннан кейiн «Е, Аманның баласы болсаң, жаман болмасың, далада қалмасың» деген пікі лер-дi жиі еститiнмiн. Сондықтан да осы күнде менің ұғымымда да, ісiм-де де азаматтық, адамгершiлiктiң үлкен қоржынының ішiнде ар-намыс, мейiрiмдiлiк, қайырымдылық деген қасиеттi ұғымдардан азын-аулақ бiрдеңелер үлесiмде болса, әкеге ұқсасам деген талпыныстан, елiктеуден қалған жұрнақтар, жұғындылар шығар деп ойлаймын. Балалық шақтан бойыңа сiңген мiнез-құлық, көзқарас, түсiнiк өмiр бойы өзгермейдi де, көнергенмен өшпейдi де. Әкесiн әсiрелеп мақтап, адамгершiлiктiң бар-лық қасиеттерiн сол кiсiге үйiп-төгiп, тағып, таңып жатыр деп, езу тар-тып, күдiк бiлдiрулерiң де мүмкiн. Әркiм өз әкесiн мақтайды, мадақтай-ды, ардақтайды. Бірақ, менің айтқандарым, сылау немесе сырлау емес, нақты өмiр шындығы. Оқымаса да, арнайы мамандығы жоқ болса да, әкейдiң мал дәрiгерлiк қабiлеттерiне мен қатты таң қалып өстiм.

Қыста туған бұзауларда қоскiндiк деген (суықтан болар) ауру жиі кездеседi, соны әкей пышақпен тесiп, тарамыспен тартып, қиып жазатыны әлi күнге дейiн көз алдымда. Сиырларда болатын аурулардың бiрсыпырасын бүйiрiн тесiп, қамыс түтiкпен сиырдың ішiне керосин жiберiп, көзiне ақ түссе (ноғала) қант салып, не сылып тастап емдейтiнi де елге таныс. Құлын-тайлардың сақау шыққанын тiл астының тамырынан қан алып, ересек жылқылардың аяғына сұлы түсiп, ақсағандарын ша-шасынан қан алып сауықтыратыны нағыз халық емшiлерiне тән қасиет қой. Буаз биелердiң құлыны терiс келiп, құлындай алмай жатса, не ішiнде құлыны өлiп қалса жатырына қол салып, түзетiп, немесе өлген құлынды бөлшектеп алғанын да талай көрдiк.

Бертiн келе Ворошилов атындағы ұжымшарға көшiп келген соң, онда әкей жылқы фермасын басқарды. Ұжымшардың бастығының жегетiн үш қаракөк аттары болатын, соның негiзгi, ортаға жегiлетiн аты (коренной) делбе деген аурумен ауырып қалыпты. Оны ешкiм бiлмейдi. Таңертең әкем кеңсеге соқса, колхоздың төрағасы Брунер Адам Яков-


левич: ұлты неміс, бірақ қазақша қайдан үйренгенін білмеймін, ана тілімізді жақсы меңгерген: «Бастық, Коренной ауырып тұр, мал дәрігері емдеп жатыр, бірақ дәрмені шамалы», – дейді. Содан әкей екеуі ат қораға барса, Коренной сұлап жатыр екен. Сүмектей болып терлеген. Әкей: «Мен емдеп көрейін, бірақ өліп кетсе, менен көрмейсіңдер», -депті. Бастық: «Ойбай, онсыз да өлейін деп жатыр, сауықтырсаң тіпті өзіңе тегін берейін», – дейді. Содан әкей ұстаға барып соқаның бір түренін (лемех) қып-қызыл қып қыздыртып, сол күйі Коренной жатқан жерге алып келеді де, аттың аузын ашып, тілінің ұшын пышақпен кесіп жіберді. Қап-қара қан ағады, сосын жаңағы қып-қызыл түренді аттың қақ маңдайына шы жылдатып тұрып басқанда, жануар шыңғырып ор-нынан атып тұрады. Екі-үш сағат өткен соң ат есін жиып, жетекке еру - ге жарайды. Содан кейін ол ат бірнеше жыл өмір сүрді. Әкейге бастық сөзінде тұр ғысы келді ме, «ат сенікі, өзің меншіктеп мін» деген екен, әкей алғы сын айтып, алмапты. Өйткені ол заманда мемлекет мүлкіне, меншігіне де ген заң да, талап та қатал. Бірақ ат «Аманның Кореннойы» деп аталып кет ті. Ондай қолы емсекті адамдарды қазақтар «оташы» дейтін.

Арнайы білімі, дайындығы болмаса да, тәжірибе жинақтауда өмірдің өзі – мектеп, ел ортасы – ұстаз деген – осы. Әкей бұрынғы «Бірлік» колхозы, кейіннен «Ворошилов» колхозында да бірнеше жыл жылқышы болды. Ұжымшардың 400-500 бас жылқысын Сексенбай деген немере ағасымен бірге бақты. Жоғарыда айттым ғой, Сексенбай ағамыз балуан тұлғалы, жастау кезінен дау-дамайларға көптеп араласқан шешен кісі. Бірақ бір ерекшелігі, топта сөйлегенде әуелі тұтығып, кекештеніп, сөзін, ойын шашырата айтып, ал біраздан кейін көсіле сөйлегенде сөзді түйдек-түйдегімен тастайтын көрінеді. Жылқышы болған кезінде алпы-стан асқан шағы. Ал біздің әкей ол кісіден он-он бес жас кіші. Ол за-манда жылқы бағуға адамдар таңдалып қана алынатын, колхоздағы ең құрметті жұмыс орны сол. Мен кейін қызмет бабымен бірнеше облыстар-да, аудандарда ауыл шаруашылығы саласын басқарып жүріп, дәл менің бала кезімдегідей, жылқышылардың жылқы бағудағы өз ерекшеліктері мен тәжірибелеріндей қам-қарекетті көрген емеспін. Кейбіреулері асау ұстап, ат үйретіп міне алмайтын, қасқыр көрсе қосқа қарай қашатын көрінеді. Жылқыны күндіз ғана бағып, (кейде трактормен) түнде қостың қасына иіріп, жусатып, қысы-жазы қостарын трактормен сүйреп жүру жылқышылардың дәстүріне айналды. Үстіне киген киімдерінің сиқын көргенде көңілің біртүрлі қомсынып, оның жылқышы екеніне де күдіктенетінсің.

Біздің әкейлер жылқы баққанда әуелі жайылымдарды, көктем, жаз, күз, қыс кезеңдеріне бөліп-бөліп белгілейді. Жылқы – қысы-жазы жайылымдағы мал. Жылқышылардың отбасы отыратын тұрақты қонысы болады. Ол жайылымнан радиусы он-он бес шақырымдай алыста. Ал қыста жылқы бағуға жылқышылар кезектесіп, жалғыз өзі ғана ішер тамақтарын қанжығасына байлап екі тәулікке кетеді. Қандай боран, аяз болсын, жылқымен бірге. Жылқышылардың қыстағында азын-аулақ 15-20 бас арық-тұрақ, тай-құлындардың әлсіздеріне арналған жеңіл ат қора, аздап шөп дайындалады. Ол кезде жем деген жоқ.

Жылқышылар қыста, көбіне, арнайы аттарынан басқа, бірыңғай айғырларды мінетін. Өйтетіні – қар қалың, бораны мен аязы қосақталып жүреді. Айғыр әрі әлді, әрі жершіл. Қандай боранда болмасын жылқы жатқан жерді, үйірін тауып алып барады. Ол кезде жылқы табынындағы айғырлардың өзі ерекше еді ғой. Көрсең көзің тоятын, сом денелі, жуан, доға мойын, құйрық-жалы төгілген, сұсты, адам сүйсінерліктей. Ондай айғырлар тектілігін былай қойғанда жылқышылардың нағыз көмекшілері де. Жылқышылар жоқта, ыққан үйірін, саяқ шыққандарды кейін қайырып үйірін жинап ұстайтынын қайтерсің. Кейде жылқыға қасқыр тиген-де өз үйірлерін қорғап, қасқырларға жалын күжірейтіп, қарсы шауып, жер тарпып, сес көрсетіп, үйірін айнала шауып, бір жерге иіріп, қорғай-тыны қандай батыл қасиет. Сондықтан ондай айғырларды жылқышылар-дың біріндей, көмекшісіндей санайтынды қалың ел. Ал жалпы қазақ халқының жылқыны мінсең – көлік, жол жүрсең – серік, үсті – жел, жесең – ет, ішсең – қымыз деп қадірлеп, қастерлеуі де – тарихи шындық қой. Жылқы – жалпы, қасиетті мал, оның ондай құндылығын тек қазы мен қартасы, табақ пен тамақтан ғана білетін адамдар ғана ұқпайды, түсінбейді, бағаламайды. Жылқы – жан тазалығы, тән тазалығы мол жануар. Жазғытұрым сәуір айында жылқыларды үйіріне салады (бөледі). Оған міндетті түрде адам араласуы керек, өйткені айғырлар өзінің қандас-туыстас байтал, биелерге шаппайды және оларды өзінің үйіріне жолат-пай, қуып жібереді. Сондықтан осы күндері байтал, биелердің жиі қысыр қалуы – жылқыны үйірге салудың ауыртпалығынан қашатын дүмбілез жылқышылардың шалағайлығы.

Жылқы малы өмірі құрттамайды, құрттай қалса, өлі етінен тірі етіне жеткенде құрттардың өздері түсіп қалады. Жылқы өкпе ауруымен ауырмайды. Жылқы етін, қымызын Жапония, Франция, Ресей елдерінде мейрамханада сирек кездесетін тағамдар (деликатес) қатарында, дәріханаларында емдік дәрі ретінде пайдаланады. Ал біздің елде жас



қазақтарға (егде татқандары да) қымыз құйсаң, ащы деп ішпейді. Сонда оның арақтан ащы, қадірсіз болғаны ма? Жол жүріп, жылқы бағып далада түнегенде жылан, кесіртке көп болса, жолаушы ер жастанып, тоқымын төсеп жатады. Олар жылқы терінің иісінен қашады. Кейде жылқы қылынан тоқылған шылбыр, шідері, құрықтың бауларын адамды айналдыра жайып қойса, әрі жылқы иісінен, әрі жылқы қылынан тоқылған заттардың түрпісінен қорқып жылан жоламайтын көрінеді. Қарттардың айтуы бойынша, далада ұйықтап жатқан адамның ішіне аузынан жылан кіріп кеткен оқиғалар да баршылық. Сонда жылқының терін жинап ішкізетін көрінеді. Сөйтіп, жыланды сыртқа шығарған дейді.

Жылқы негізінде бұлақ суын ұнатады, ал ағынды судың өзін жүзіп барып, тұнығынан ішіп, қыста қармен сусындайтыны – тазалықтың талғампазы. Мен естіген бір әңгімеде ерте заманда Найман мен Тобықты елдері жайлауға таласып, наймандар әлділік көрсетіп жайылымды тар-тып алыпты. Біраз уақыт өткен соң, жылқылары судан жеріп, шөлден аза бастайды, көшуге мәжбүр болады. Сөйтсе, Тобықтылықтар бұлақтың көзіне қарынға орап қойдың құйрық майын көміп қойған көрінеді. Міне, халықтың даналығы, жылқының бағалылығы. Дау да жоқ, жау да жоқ. Жылқы сыры да қыры да көп жануар. Қарапайым бақташының қолы емес. Жылқышылардың кезекке барғанда, жол жүргенде (салт атпен), қарына (білегіне) ілген құрық-шоқпарлары қалмайтын. Бірақ құрық қасқыр соғуға әлсіз. Ал қуып жетіп мойнына құрық салсаң, қасқырдың мойны мықты, әлді келеді екен. Сақа құрықшылардың өзіне әл бермейтін көрінеді, кейде қайырылып қарсы шабу қаупі де жоқ емес. Сондықтан, көбіне, сойыл қолданылады. Кез келген жүйрік ат қасқырға тез қуып жеткенімен, оған осқырынып жуымайды. Жырынды жылқышылардың қасқыр соғуға мінетін арнайы аттары болады. Олар қасқырдан қорықпайды, қуып жетіп үстіне түсіп кететіндей, өздерін еркін, өктем ұстайды. Әкей мен Сексенбай атамыздың кезектесіп мініп жүріп қасқыр соғатын аттарының аты – Ақтабан, Қылжирен. Сол аттармен бірнеше қасқырды сойылсыз соғыпты. Ақтабан, Қылжирен ұшқыр болса керек. Қасқырға жеткен бет-те озып алға шыға бере, қос аяқтап қасқырды тұмсықтан теуіп құлатады екен. Ертегі, әсірелеу десең де бұл – көрген кісілердің сөзі. Қасқырға, әсіресе, арландарына тың қуып жеткенде сойыл соғуда сәл қате жіберсе, одан жалтарған қасқыр аттың үстінен сойылшыны жерге жұлып түсіретін көрінеді. Сондықтан қасқырға аты жетсе әкі аңшылар қасқырмен қатар, қабырғаласа шауып, сойылын қасқырдың тұмсығына жай нұсқап отырып, бір-екі шақырымдай шабатын көрінеді, сонда сойылға қарап ша-

уып келе жатқан қасқырдың мойыны сол жаққа қарап қарысып қалады екен де, сол сәт аңшы қасқырдың екінші жағына шығып сойылмен соғып алады, деген әңгіме де нақты шындық.

Осының бәрі қазіргі жастарға сенімсіз, ертегі, күмәнді болуы мүмкін. Мен өткен өмірден өзім көрген, естігендерімнің, ішінде жылқы жөнінде жыр етерлік жәйттерді ғана айтып отырмын. Жылқы малын бағып, күту, оның табиғатын түсінудің өзі – өмір сабағы, өндіріс саласы.

Жалпы адамнан, жан-жануардан бастап тыныс-тіршіліктерінің же-ке-жеке өздеріне тән ерекшеліктері, күрделі сырларының болуы табиғи құпия заңдылықтар.

Мысалы, кіп-кішкентай құмырысқалар мен бал араларының өздеріне лайықты тұрмыс жағдайын жасауы, жұмыс түрлерін ұйымдастыруы, тапсырманы нақтылы орындаушыларға бөліп беруі, азық дайындау, оны іздейтін арнайы барлаушыларының болуы, жалқау, арамтамақтар-ды, ұрыларды жазалауы, тіпті адамның санасына, түсінігіне сыймайтын күрделі құбылыстар, бәрі құдіреттің күші, табиғаттың тылсым сырлары. Біз кейде түсіне бермейміз. Аллаһ Тағала жаратқан он сегіз мың ғаламның сыры да, шыны да – адам санасы жете бермейтін шексіз құпия. Ғалам ғажайыбы. Сондықтан, күдіктену, ізденіске талпыну, іздену, күресу – бәрі шексіз.

Мен алтыншы, жетінші, тоғызыншы сыныптарда оқып жүргенде жазғы демалыс айларында екі-үш айдай жылқы бақтым. Алғашқы кез-де қорқып, түнді ат үстінде жүріп өткіздім. Жазғы жылқы қостары Қорқылдақ, үлкен және кіші Шыбындылар деген көлдердің төңірегінде болды. Есейгенде ойлап қарасам, бұл жылқының жазда емін-еркін су ішіп, салқындап суға түсіп, жас құрақтармен қоректенуіне ыңғайлап орналастырғандары екен. Кейінірек Сексенбай атамыз жасы ұлғайып, еңбек демалысына кеткен соң, әкеймен бірге жылқышы болып Сейфолла деген атамыз тағайындалды. Өзі мінезі салмақты, жүзінен мейірімділік сезіліп, кісіні бауырына тартып тұратын жылы жүзді, биязы, мінезді, біреуге, тіпті, бала-шағаға дауысын көтеріп, өктем сөйлемейтін кісі. Бала болсам да өмірде еңбекке берілген, біреудің ала жібін аттамайтын адам болса, осы атамыздай-ақ болатын шығар деп ойлайтынмын. Әкейдің боркемік, жасық, қорқақтарды жаны сүймейтін, мені ат үстінде, жылқы бағуда, әсіресе, түнде шыңдауы – шынықтырғысы келгені шығар.

Сондықтан әкей, Сейфолла атай екеуі алғашқы кезде түнде мен жылқы жайып жүрген жерге келіп, өткен кезеңдердегі әңгімелерін ай - тып, жылқы жаю тәсілдерін түсіндіріп, түннің біразына дейін жанымда

болып кететіні жадымда жатталған қымбат сәттер. Әрине, одан үрейім кеміп, батылдығым нығайды деп айта алмаймын. Бірақ қорқамын деуге намыстанамын, ұяламын. Әйтеуір, таңның тезірек атқанын күтетінмін. Жазда түн де қысқа. Ол кезде ферма бастығымын деп шалқып бос жүру жоқ, өзі малшылармен қоса жұмыс істейді, бастық деген құр аты ғана. Тек, туған, кеткен, өлген малдың есебін ай сайын беріп тұрады. Ал енді әкейдің Сексенбай, Сейфолла атайлардың қыста жылқы бағу кезегіне барарда киінулері, екі тәуліктік тағамдарын алып кетуінің өзі ерекше дайындығы мол жұмыс. Үстерінде қой терісінен тігілген қалың тон мен шалбар, солардың сыртынан арнайы қалың бірезенттен тігілген шапан мен шалбар, аяққа асықтан асыра киілетін, берзент-пен қапталған қалың киіз ұйық. Осының бәрін мойынынан балты - рына дейін, бүкіл денесін, аттың үстінде денені жел кеулемесін деп қылшылбырмен ерсілі-қарсылы, айқыш-ұйқыш қатты таңып тастай-ды. Ердің темір үзеңгісінің орынына не ағаштан, не қабаттаған қайыс, қылшылбырдан кең үзеңгі жасайды. Бастарында иыққа дейін жауып тұратын түлкі, не елтірі тымақ, қарына ілген құрық, сойыл. Далаға ала кететін тамақтары: торсық толған құрт езген сорпа, не қымыз, ішіне қос қазыны қабырғасымен салып, торсықтың аузына байлап қояды. Қанжығаларындағы торсық аттың жүрісінен шайқалып, қазыны қымызға түгелдей ерітетін көрінеді. Торсық тан бір тоя ішкенде ұзақ уақытқа тамақ іздетпейді және адамды суық та ал майды. Кейде мен де елігіп, әкейдің жағдайын біліп келейін деп жылқы баққан жерге барсам, жылқылар буы бұрқырап, қалың қарды теуіп, өзіне қажетті шөптерін тауып жеп жатады. Олардың арасында жүрудің өзі қиын, ойып-ойып тастаған, теңкиіп қатып қалған кесек-кесек қалың қар. Жылқының он - дай тебіндіктерін қазақтар «шар» деп атайды. Бір термеде жүргенде жері «шар» болар дегенді «шаң» болар, «дау» болар деп бұрып айтады. Қазы салған құрт көжеге немесе қазы салған қымызға тойып алған әкей жылқының ортасында шалқасынан түсіп, мұртын, қас-қабағын қырау, мұз басқан, буы бұрқырап, аязды елемей ұйықтап, кейде жамбастап дем алып жатқанын көретінмін. Міне осының бәрі сол кездегі адамдардың жұмысқа берілгендігінің, жауапкершілікті терең түсінгендігінің айғағы, тәжірибесінің молдығы. Олардан үлгі, өнеге тәрбие алған біздің де бос белбеу болмау, жұмысқа бел шешіп, білек сыбанып кірісу санамызға сіңіп қалған дәстүр. Еңбекпен пістік, еңбекпен есейдік, ер жеттік. Кеудесінде тіршіліктің нышаны бар адам тіршілік қамын іздеуге, жасауға міндетті. Тірі өліктің қатарға не септігі бар?

Әкейдің суыққа төзімділігі ерекше. Сәуір айы, қар күрт еріп, Қабаққа көшетін ел қарбалас үстінде. Біздің жүктің алдын әкей алып кеткен-ді. Кешке қарай қайтып оралса, мұздың көбесі сөгіліп, өзенде сең жүріп кетіпті. Өзеннің арнасы тар. 40-50 метрдей ғана, сондықтан ағысы қатты. Арғы жақта қалса, айға жуық тасыған, жайылған су өткел бермейді. Бергі жағада қоғамдық малдың көшіп, қонуы бар қыруар жұмыс күтіп тұр. Түнде судың молайып, жайылып кетуі мүмкін. Әкей жүзіп өтуге қамданады. Бергі жағада ауыл адамдары анталап тұр. Өтпе дейміз. Сең жүріп жатыр. Сал салу да қиын. Ағып жатқан сең оны салдырмайды да. Енді басқа амал болмаған соң арқандарды жалғастырып, ұшына темір байлап, арғы жағаға лақтырмақшы болдық. Ат-арба, тұлып дайындап, мал дәрігерінен спирт алдырдық. Ол кезде арақ ішудің әлі кең жайылмаған кезі. Содан әйтеуір, қайта-қайта лақтырумен арқанның ұшын арғы жағаға жеткіздік-ау. Әкей шешініп, киімдерін буып, арқасына таңып, арқанды беліне байлап, сеңдердің саябырлаған сәтін күтіп, суға түсіп, жүзе бастады. Мына жақтағы жігіттер де арқанды жеделдете тартып, әйтеуір әупірімдеп жағаға алып шықты. Тездетіп тұлыпқа орап, арбамен үйге әкеліп, денесін спиртпен ысқылап, сорпа ішкізіп, үстін жауып терлетіп, ауыртпай аман алып қалдық.

Көзсіз батылдығына, әкейге үлкендердің разы болғандарыда, ұрсып жатқандары да бар. Жоғарыда айттым ғой, әкей оқуы жоқ болғанымен, тоқуы көп, көзі ашық, көкірегі ояу адам еді. Өрқашан да сергек-ті. Ерте-де өткен би-шешендердің әділетті шешімдерін, батырлардың ерліктерін, қатар өскен, үлкенді-кішілі ауылдың, көршілердің азаматтарының қадірлі қасиеттерін бас қосқан жиында, отбасында тартымды, әсерлі, тұздығын келтіріп айтып отыратын. Егерде мен өзім де сондай мол мұралардан әкем берген сарқыттардың үлесіме тигендерінің дәмін татып, шырынын бой-ыма сіңіріп, аз болса да алып қала алдым десем, мақтанды демессіңдер.

Әкейдің бар айтқандарын термелемей, кейбір өзіме де, өзгелерге де сабақ боларлық ақылдарына тоқтала кетейін. Әкейдің менің құлағыма құйып, санама сіңіріп айтатын ақылы: жолдасты құрметтеу, бағалау, адал болу, сыйлай білу. Жолдасыңды бір рет орынсыз, әділетсіз ренжітсең, алдасаң, өтірік айтсаң, өмір бойы бұрынғы қарым-қатынасыңды қалпына келтіре алмайсың. Қызғаншақ, бақталас болма дейтін.

Бір мысал, аңыз айтатын. «Ертеде Әзірейілдің (періштенің) өлетін адамның жанын көрініп келіп алатын кезі екен. Бір жас жігіт қалыңдық айттыруға жол жүріп бара жатып, түстікте Әзірейіл періштемен дастархандас болады. Аттанарда Әзірейіл періште, әлгі жігітке: «Сен қалың



түсіп қайтасың, бірақ кейін қалыңдығыңды алуға барғанда, оң жақта сенің жаныңды аламын, Аллаһтың өмірі солай», – дейді. Айтқанындай жігіт барып, қалың түсіп қайтады, бірақ қалыңдығын алып кету үшін баруға қорқады. Сөйтіп, біраз уақыт өтеді. Қашанғы қашып жүре берсін, Құдайдың жазғанын көрермін деп қалыңдығын алып қайтуға барады. Айтқанындай Өзірейіл періште де жетіп келеді де: «Енді жаныңды ала-мын», – дейді. Жігіт: «Аллаһтың бұйрығы солай болса, не шара, өлімнен қашып құтыла аламын ба? Бірақ, екеуіміз аз уақыт дастархандас болып едік, сол үшін кешірімділік болмай ма?», – дейді-мыс. Өзірейіл періште Алла Тағалаға былай дейді-мыс: «Сіздің әміріңізбен келіп едім, сол адамзат маған сұрақ қойды, сол сауалды шеше алмай тұрмын». «Қанша жолдас болдың?», – деп Аллаһ Тағала сұраса, Өзірейіл періште: «Бір түстік», – деген екен. «Олай болса, ол адам жүз жасасын», – дейді діни аңыз. Сөйтіп, Аллаһ Тағала жолдастықты жоғары бағалап, бір түс жолдас болған адамға жүз жас өмір сыйласа керек». Бұл – әкейдің көп әңгімесінің бірі. Өрмен қарай талдамай-ақ қояйын. Жолдастықты құрмет тұтқан аза-маттар өз ұғымы деңгейіне сай өздері түсінер. Әкей үлкенді сыйлауды, адамның өмірлік ережелерінің бірі деп ұқты. Оны да мысал-аңызбен сабақтастыратын. Бұл уақиғада ертеде, ислам дінінің Азия өңіріне енді сіңе бастаған кезі тәрізді. Тарихи, шариғат жүзінде шындыққа қаншама жанасымдылығын мен де білмеймін, әкей де білмеген шығар. Аңыз бойынша атақты Хазірет Әлі, (біреулер басқа Батыр дейді) пайғамбарымыздың төрт халифасының бірі (Өүбәкір, Омар, Оспан, Әлі) ислам дінін таратуда атақты күш атасы батыр, қолбасшы көп жорықтардың бірінде бір елде ұзағырақ тұрып қалып, үйленіп, тағы басқа жаққа жүрерінде: «Егер ұл туса артымнан іздеп келсін», – деп жүкті әйеліне белбеуін тастап кетеді-мыс. Содан ұл туып көп жылдар өткеннен кейін, ержеткен жігіт әкесін іздеп шығып, бір елге келсе, үлкен жиын болып, сонда күрес өтіп жатқан көрінеді. Қызып кетіп әлгі жігіт күреске қатысады. Жас жігіт ешкімді шақ келтірмейді, күрескеннің бәрін жығады. Хазірет Әлінің де жігіттері шығып, жығылып қалады. Ешкім де танымайтын, білмейтін мына жігіт-тің өз жігіттерінің бәрін жыққанына Хазірет Әлі намыстанып, өзі шығады. Біраз алысқан соң жігіт аруақ шақырып, «Уа, Хазірет Әлінің рухы қолдай көр» деп сыйынғанда, Хазірет бабамыз: «Әй, тоқта, сен кімсің?» деген екен. Жігіт өз жөнін айтқан соң, Хазірет Әлі белбеуін танып, өзін таныс-тыратын көрінеді. Сонда жас жігіт «мен әкемнің жағасынан ұстадым, енді оның, халықтың бетін қалай көрем», – деп қаша жөнеліпті. Артынан қу са, қуғыншылар жақындап қалғанында, жаны қысылған соң: «Жер-ана, ме ні



құтқара гөр»,- деп жалынып айғай салғанында, қарсы тау қақ айырылып, Мәді жер астына түсіп кетіпті-мыс. Мұсылмандардың «ақыр заман бола-ды, сонда жер жүзін қара қытай қаптағанда, көктен Пайғамбарымыздың жасыл туы түсіп, жер астынан Мәді шығып, әлемді апаттан сақтап қалады» деген аңызы да бар. Осының бәрі шындыққа үйлесе ме, жоқ па білмей-мін, әйтеуір бұл қалай болса да әке сыйлау, үлкеннің жағасына жармас-пауға айтылған ақыл. Мен жетінші сыныпты бітіріп, демалыста жүрген кезім. Қойшы ағатайымның – Мырзатай ағайдың үйінде әңгімелесіп отырып, маған: «өсіп, буының бекіп қалыпты, күресесің бе?» – дегені. Мен күресемін дедім. Содан үйдің ішінде алыса кеттік. Шындаса мені бүктеп тастайтын күші мығым ағай, менің күрескенімді қызық көрді ме, намысымды жасытпайын деді ме, әйтеуір, бірсыпыра алысып тоқтадық. Үйге келген соң әкейге мақтанып: «Қойшы ағатайыммен күрестім, ол кісі мені жыға алмады», – дедім. Сонда әкей, бұрын да талай естіген әңгімем болса да, жоғарыдағы мысал аңызды тағы да айтып, сен үлкен ағаттық жасадың, ағаңның жағасына жармастың, барып кешірім сұра деп үйден шығып кетті. Барып кешірім сұрадым. Міне, бұл да маған өмірімде үлкен бір сабақ болды. Жазда, тоғызыншы сыныпты бітіріп келген едім, әкей бір күні әңгімелесіп отырғанымда: «Балам, кеше маған Баңке бір үлгілі мінез көрсетті, соны ұғып ал», – деді. Баңке деп отырғаны қазақ арасында өсіп, қазақшаны өте жетік меңгерген, мақал-мәтелдеп айтқанда қазақтардың өзін отырғызып кететін, өзі де ірі денелі, сымбатты Ткач Иван Васильевич деген кісі. Ол 20-25 жылдай «Сілеті» кеңшарының мал шаруашылығымен айналысатын №3 бөлімшені басқарушы еді. Ол кезде бөлімше бастығының беделі соңғы жылдардағы совхоз директорларының дәрежесіндей. Жұмыстың көлемі де соған сәйкес. Басқарушылардың өресі де жоғары. Беделді, абыройлы, ісіне мығым. Бөлімшеде негізінен қазақтар тұратын және бала жасынан орталарында өскен соң ба, үлкен-кішілі бөлімше тұрғындарының бәрі жас кезіндегі Ванькасын ұмытпай, Баңке дейтін. Оған ол үйреніп алған. Қазақтың Асеке, Кәке, Макесіндей сезінеді. Менің әкем сол көрші бөлімшеге, Баңкеге жұмысы болып барса, ол мал қораларды аралап жүріпті. Сәлемдескеннен соң әкей келген ша-руасын айтып, екеуі кеңсеге қарай жүрсе, бір малшы (аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, қазір марқұм болған) Баңкеге тиісіп, сұрағанын бермедің деп боқтап, ауыр-ауыр сөздер айтып, тіпті кеңсеге дейін сондарынан қалмапты. Кеңсеге келген соң әкей Баңкеге: «Әй, әлгі айтпайтынды айтып, жұрттың алдында абыройыңды төгіп жатыр, неге кет, тоқтат,- деп ұрыспайсың?»,-депті. Сонда Баңке: «Әй, Аман-ай, (әкеммен шамалас болатын, құрдас


болуы да мүмкін) ашуланған адам қабаған ит сияқты емес пе, оған кет десең, назар аударсаң, ол одан сайын абалана түседі. Ал абыройға келсек, оның кім екенін, менің кім екенімді бөлімше халқы біледі, сондықтан ол сөкті деп менің абыройымның көбесі сөгіле қоймас», – депті. Міне ұққан адамға өнегелі үлгі, әсіресе басқарушыларға. Әрине, оған өзімділігі мен төзімділігі бағынса.

Менің үшінші-төртінші сыныпта оқитын кезім шығар, доп теуіп, асық ойнаған балалардың жоқ нәрсеге керісе қалатын мінезі бар ғой. Есімде жоқ, әйтеуір біреулермен ренжісіп, үйге ашуланып, оларды ертең қыратын, жоятын болып келдім. Біраз сабама түсіп, ашуым басылған соң әкем маған: «Балам, еш уақытта әпербақан (әпербақан – желөкпе, ұрысқақ, төбелеской) болма. Достарыңды жоғалтып аласың, ал құнсыздығың молая береді», – деді. Әке-шешенің кейде бір айтқаны есте қалып, кей де қалмайды ғой. Бірақ әкенің жаңағы ақылын өмір бойы есімде сақ тауға тырыстым. Қандай дәрежеде екенін білмеймін, дос-жолдастырымның өздері бағалап жүрген шығар. Көзіме көлгірсімесе, әлі «әй, кәпір» де-ген дерін естіген емеспін. Мүмкін, кейде өмірде жолдастықтың, сыйластықтың да өзінде баспа-бас (бартер) сияқты айырбасқа ұқсап қалатын кез-дері де кездеседі. Қазақтың «әркім сыйлағанның құлы» дейтіні де тегін емес шығар. Халық «еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай», – дейді ғой. Бірақ бабаларымыздың: «Жақсылыққа – жақсылық әр кісінің ісі. Жамандыққа – жақсылық нар кісінің ісі» деген ұққанға ұмытылмас сабақ.

Қорыта айтқанда, әкей Кеңес өкіметі орнағанға дейін де, орнағаннан кейін де көптің бірі болып, елеусіз қалмаған, пысық, ол кездің тілімен айтқанда: атқа мінерлер, топқа түсушілердің қатарында болған адам. Үлкендер: «Аман жас кезінен аттың құлағында ойнаған, ал жершілдік, із кесерлік те елде екеу болса біреуі, жалғыз болса соның өзі», – деп ай-тып отыратын. Түнде жол жүріп келе жатып, жер мөлшерінен шатасып «Аман, осы қай жерде келе жатырмыз?» десе, аттан түсе қалып, бір уыс шөпті ұқалап, соның иісінен немесе аспанға көз тастап, ай, жұлдыздар-дың бағытына қарап, тұрған жерін қатесіз айыратын көрінеді. Ұрыларды, кейін бандыларды қуғанда түнде жерге жата қалып, құлақ тосып тыңдап, олардың кетіп бара жатқан бағытын, жер мөлшерін айта алады екен. Ал оларын әсіре мақтауы деуге болмайды, өйткені бұрынғы адамдар орынсыз, қисынсыз мақтауға өте сараң еді ғой. Жер тану, ауа райын болжау қазақтың қанына сіңген аңғарымпаздық, өмір тәжірибесінің молдығы, Мысалы, сондай қасиеттер Сібірдегі халықтардың әлі сарқылмай келе жатқан ерекшеліктері.

Мен жеті-сегіз жасқа келгенше немерелес үш үйдің (Нұрғали атамның, Мырзатай ағайымның) ортасында жалғыз ұл болдым. Сондықтан аз ұрысып, көп көңіл бөлудің өзі содан шығар деп пайымдаймын. Бірақ еркелеткендерімен есірткен де, орынсыз мақтап, мадақтап секірткен де, аспа-төк ас тығындап кекірткен де жоқ. Қай үйде болсам да, мен олардың болашағы екенімді, сондықтан ақыл-парасатымның мол, адамгершілік қасиеттерімді саралап, ар-ұятымды қорғап, ол үшін жақсы оқып, білімді, әулетіміздің сағын сындырмай ер жетуім қажеттігін құлағыма құйып, санама сіңдіре бергені түсінікті. Шешей марқұм маған ақылды көбіне, оңашада сырласып отырғанда айтуға әуес. Өсіресе, жоғарыда айтсам да қайталайын, намысқорлыққа көп көңіл бөлетін. Намысың мен ақылың егіз болса – бәрі болады. Намыссыз адам – боркемік, жүнжіген жылбысқы, бойында азаматтықтың дәні де, дәмі де жоқ, татымсыз жан дегені жадымда. Екеуінсіз өмірден өз орныңды таба алмай, босағада қаласың, жаяу, мақсатсыз сандалыспен өткізесің дейтін. **«Ақылың – ойлаушың, арманың-айдаушың, намысың – қайраушың үмітің-жетекшің»** болсын, тіпті дастархан басында отырғанда да құныңды, өз жолыңды, орыныңды біл, бірақ өркөкіректік жеңіп кетіп жүрмесін деп шегелейтін. Баяғыда Абылайдың тегін ешкім білмейтін, жетім бала Сабалақ атанып, үйсін Төле бидің жылқысын бағып жүрген ғой. Үйге келген де босағаға отыра кетпей, төрге шығып отыратын көрінеді. Бидің бәйбішесі «осы баланың тегінде бір қасиет бар» деп айтады екен. Сабалақтың шын аты – Әбілмансұр, әкесі – Көркем Уәли, оның әкесі қанішер Абылай. Әкесі Көркем Уәли жау қолында қаза болғанда құлдарының бірі баланы жасырып, алып қашып, аты-жөнін айтпай Төлебидің елінде қалдырып кетеді. Атасы Абылай – жекпе-жекте қарсыластарын шыдатпай, содан қанішер атанып кеткені көпке мәлім. Ал Сабалақ Төлебиде жылқышы болып жүргенде қалмақ батырымен жекпе-жекке: «Абылайлап шабады», содан кейін ол да Абылай атанады.

Ата-ананы қасиет тұтып, қадірлеуді баса айтатын. Өзің сый-лай білмесең, ертең өзіңді де өз балаларыңа сыйлата алмайсың дейтін. Мұның бәрі маған өмірде естен кетпес сабақтар. Үйде жиналған адамдарға ертегі, қиссаларды оқығанымда, ол кісілер кеткен соң, қалай оқығанымды талдап, әкейге қоштатып, оқығанымды өзімнің түсініп, кейіпкерлердің іс-әрекетін ұғып, сезіммен оқуымды айтудан бір жалыққан емес. Міне, осылардың бәрі менің санамның шарасын толтырушы еді. Қай ата-ана баласының жақсы болуын армандамайды, ақыл-кеңесін айт-пайды? Сіздердің де ата-аналарыңыз өз дәрежесінде ақыл иесі, өмірде



көргені, түйгені көп адамдар болған шығар. Бірақ олардың айтқандарын жүре тыңдап, бір құлағымыздан кіріп, екінші құлағымыздан шығып санамызда сарқын да, жұғынын да қалдырмай, елекке құйған судай өте шығатыны балалыққа, шалалыққа тән мінездер ғой. Егерде олардың бізге айтқандарының – бәрін түсінікпен қабылдай білсек, өмірде ділімізді шөліркетпес еді. Мен осы күні балаларыма бұрынғы даналардың, даралардың айтқан ақыл сөздерін, өлең-жырларын тек есту емес, тыңдау керек, естігенің есте қалмайды, ал тыңдағандарың миың арқылы жүрекке жетеді, сезімді оятады, сергітеді деп отырамын. Ата-аналарың өмірді сендерден артық біледі. Өйткені, ол көпті көрді, көпті естіді, ал сендер бесіктен белдерің шықпай жатып бізге ақыл-жөн айта бастайсыңдар, данышпанбыз дейсіңдер, немесе сондаймыз деп ойлайсыңдар. Ертеде бір данышпан **«Ақылдылық- білмейтінін білгендік»** деп айтқан екен. (умен тот который знает что не знает). **Білімділік әлі саналық емес.**

Саналылық: білім мен өмір тәжірибесінің, адамгершілік қасиеттердің қорытылған қосындысы. Өкінішке орай әліде ақылдылардан гөрі жа-рым естілерді басқару жеңілдірек деп санайтындар жетерлік. Ертеде Орынбай ақын Атығай Зілқара ұлы Өлібектен: **«Өмірдің ауыртпалығы кімнің үлесінде, жеңілі кімнің үлесінде»** деп сұрағанда Өлібек: **«Ауы-ры ақылдылардың үлесінде, жеңілі – ақмақтардың үлесінде»**, - деген екен. Не керек, сол айтқандардың бәрін дер кезінде құндап, бағалай білмедік. Балалықтың сағым ұғымға жеңдірдік, олардың айтқандарының бәрі өмір ережелері екенін ақыл таразысына сала алмадық.

Олардың да жағдайы қазіргі біздің жағдайымыз сияқты болған ғой. Осы күні жастарға, балаларымызға, келіндерімізге, немере, жиендерімізге ақыл-кеңес айтсақ, оларға бұрынғы өмірдің ертегісінің елесіндей ғана сезіледі. Біз осы күнгі жастарға қарағанда, үлкендерді көбірек тыңдап, қымбаттырақ бағалап, олардың пікірлерімен санасып отырдық. Ал қазіргі жастардың оқытушылары тым көп, бірақ тәрбиелік бағыттары тым қарама-қарсы. Теледидар, компьютер не көрсетпей жатыр: арсыздық, қатыгездік, аюандық, азғындар, шетелдердің желіктірме, мәнсіз, дәмсіз, ойсыз, бір жол өлеңді, тұтығып қалған патефон табақшасы сияқты тынысы тарыл ған-ша қайталай беретін әнсымақтары. Өйтеуір, дуынан шуы көп бірдеңелер. Жасыратыны жоқ, кейде соларды көріп, естіп отырып аяйсың. Ауырып қалған жоқ па екен деген күдік те туады. Ал өлеңдерінің сөздерін, қай тілде не айтып жатқандарын естушілер тұрғай өздерінің де түсінбейтіні анық. Тек жастардың жүйкесін қоздырып, адамдық қасиеттерін тозды-рып, ессіз ебелектің, көзсіз көбелектің елестері ғана. Рухани құлдырау.

Мен кейде мемлекет басшыларына, осыларды бағып, бақылап, бағдарлап отыратын азаматтарға ренжимін де. Осылар кімді тәрбиелеп жатыр? Әр нәрсенің шегі бар емес пе? Тыйымсыз, тежеусіз жіберуге бола ма? Мем-лекет адамдардан құралмай ма? Абайдың «Масұғұт» деген поэмасында Қызыр баба Масұғұтқа түсінде аян береді:

Ей, балам, пәлен күні жауын жауар,
Сол жауынның суында кесапат бар:
Жеті күн жынды болып сусын ішкен,
Жеті күн өткенен соң және оңалар.

Ол судан тәмам суға су құйылар,
Сел болып, судың бәрі кесел болар.
Ертерек таза судан су жиып ал,

Бұл– хабарым, сақтансаң, жаным жарар.

Масұғұт Халифамен ақылдасып, екеуі жеті күнге жетер таза су құйып алады. Айтқан мерзімінде жаңбыр жауып, сол судан ішкен адамдардың бәрі жынданады.

Бұлар шулап бір күні келді ордаға,
Хан мен уәзір қарайды тамашаға.
Бәрі де есі шығып, жынды болған,
Бос шулап жүр кіші іні, үлкен аға.

Хан мен уәзір оларға тоқтау айтып, үйлеріңе қайтыңдар, тынышталыңдар десе, олар ханымыз бен уәзіріміз ақылдан айырылыпты, бұларды өлтіру керек деп өрекипіді.

Құтылар хал болмады мына даудан,
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.
Өлтірер өңкей жынды бізді келіп,
Жынды деп есі дұрыс бізді қуған.

Екеуі жынды судан ішіп салды,
Құтырып жұрт алдына жетіп барды.
Өңкей жынды байқамай айтыппыз деп,
Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарды

Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,
Әйтеуір тарқайтұғын уақыт жетті.
Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін,
Еріксіз есті екеуін есер етті.

Көптің бәрі осындай мысал етсең,
Көп айтты деп алданып уағда
күтсең. Ғәпіл болып көп нәрседен
бос қаларсың, Аңдамай көп сөзімен
жүріп кетсең, – деп түйіндесе, «Сегіз
аяқ» өлеңінде: Басыңда ми жоқ,
Көзіңде ой жоқ,
Күлкішіл кердең
наданның. Көп айтса
көнді, Жұрт айтса
болды, Әдеті надан
адамның. Бойда қайрат,
Ойда көз,

Болмаған соң айтпа сөз, – дейді. Ұққан адамға осыдан артық салмақты да, ауқымды да, ақыл да, нақыл да жоқ шығар.

Мен 1954 жылы орта мектепті бітіргенше жеті мектепте оқыдым. Ол – жеті ауыл салт-дәстүрімен, жеті тәрбие ордасы ортасында өстім деген сөз. Өзіміздің «Бірлік» ұжымшаранда бастауыш мектеп қана. 1941 жылы сонда бірінші сыныпқа бардым. Алғашқы әліппе танытып, қалам ұстатқан ұстазым аудан жіберген Молдақасов Сатқан деген мұғалім. Бірақ, жарты жылдан кейін ол кісіні соғысқа алып кетті. Орнына тағы да сырттан Қайша деген мұғаліма келді. Төртінші сыныпты өзіміздің елдің Зенов Зайыр де-ген мұғалімі оқытты. Ол кісі Омбының зооветтехникумын бітірген кісі. Бірақ жан-жақты зерек. Сабақты жинақы, сауатты, қатаң жүргізетін. Ол кезде оқушылар да тәртіпті еді ғой. Мұғалімдерді піріміздей көретінбіз, тіпті оқушылар ғана емес, ата-аналарымыздың өзі мұғалімдерді жоғары қадір тұтатын. Үлкендер балаларға бата бергенде: мұғалім бол деуші еді. Үйде ұрысқанда: «мұғаліміңе айтамын» деп қорқытатын. Осы күнгі ата-аналар ғой, балаларының көзінше мұғалімдерді тілдеп, сөгіп отырады. Ондай мұғалімдерде балалардың арасында қандай бедел болсын?

Тұлғанды арманымға ұқсатқанмын,
Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын.
Есімде әліппені жаттатқызып, Ең
алғаш қолға қалам ұстатқаның.
(«Ұстазым». А. Шамкенов).

Дана түйінді әуелі ата-ана түсінуі керек. Мұғалім – олардың ұрпақтарының ұстазы, тәрбиешісі, екінші ата-анасы.

Біз мұғалімдердің алдын кесіп өтпейтінбіз, бас киімімізді шешіп, иіліп сәлем беретінбіз. Кешкі, түнгі уақыттарда бос жүріс жоқ, ойын-тойларға да қатыстырмайды. Біздің кезімізде ішер тамақ, киер киімнің тапшылығын былай қойғанда, оқулықтардың, жазу-сызу құралдарының өзі жетіспейтін-ді. Дәптер жоқ, ескі кітаптардың беттерін жыртып алып, соған жаздық. Қаламсапты құстың қауырсынынан жасап, сияны қазанның сыртқы түбіндегі күйеден жасаймыз. Түнде сабақ дайындайтын жарығымыз қолдан жасалған шырақ (тоң майға оралған ұзынша өрілген мақта немесе жай ескі шүберек). Таңертең тұрғанда бет-аузың, мұрының күйеден қап-қара болып ысталып қалады. Мұның бәрін ай-тып жатқаным, көптеген ғалым, ақын-жазушылар, қоғам, мәдениет қайраткерлері, ұстаздар сол тапшылық құндағынан шықты. Білімге ең бастысы құштарлық, ынта, құрмет қажет. Оны санаңа сіңдіре білетін ата-ана, ұстаз керек. Төртінші сыныпта оқып жүргенімде ауданнан оқыту сапасын тексерушілер келіп, ашық сабақ өткізіп, сонда мен адамның дене құрылысын (анатомиясын) тақтаға жақсы салып көрсеткенім үшін оқушылардың алдына шығарып мақтағаны үшін ауыл болып біздің үйге шашу әкеліп, кішігірім той жасағаны әлі есімде. Сонда әке-шешемнің масаттанып, мөз болғандары ауыл болып, елегенде тек менің ғана емес, балалардың оқуына мән беріп, білімге деген құрметі ғой.

Кейін, Торғай облысының Жанкелдін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жүргенімде Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» атты шығармасын оқып, ондағы өзі шала сауатты Дүйсеннің, балаларды оқытуға орын таппай, бір байдың ат қорасын жөндеп, сонда оқытамын деп, өзі қатты сырқаттанып жүрсе де қапқа салып, арқалап балшық тасуы, тілмен айтып жеткізуі қиын, тек жүрекпен ғана түсінетін адамгершілік. Өзі шала сауатты болса да оның ұғымында болашақ – оқуда, ал жас ұрпақты соған жетелеу өзінің азаматтық, адамдық борышым, міндетім деп түсінуі. Жасыратыны жоқ, мен оқып отырып, көзіме жас алдым. Неткен жүрек. Көңілім күңіреніп, толқып кетті.

Мен төрінші сыныпты аяқтамай, біздің үй көрші Ворошилов атындағы колхозға көшті. Нағашым Нұрхан сол колхозға бастық болып сайланған-ды. Келесі жылы осы ұжымшардың бастауыш мектебін орысша екінші сыныптан бастадым. Бір ауыз орысша білмеймін. Ал оның орыс мектебі деген аты, колхоз тұрғындары түгелдей немістер. Бәрі немісше. Тек мектепте сабақ орысша жүреді, ал үзілісте, көшеде бәрі немісше. Сондықтан да онда екі жыл оқып, орысшам онша ұзаған жоқ. Шала-пұла қаз тұрып, тәй-тәйға да ілесе алмадым.

Екі жылдан кейін 1946 жылы нағашымның қызметі ауысып, Ертіс ауданының басқа бір шаруашылығына көшіп, біздің үй Ворошиловта қалып, мен нағашыларыммен кеттім. Нағашымның жалғыз ұлы – Үкімет қатты аурушы еді. Мал жайлау, тоғайдан отындық, тал-ағаш қиып әкелу менің үлесімде. Онда барғаннан кейін оқуды қайтадан төртінші сынып-тан бастадым. Барған жеріміз Ертіс ауданының Ресейдің Омбы облы-сымен шекаралас «Победа» атты колхоз, «Северный» деген совхозбен көршілес. Ертіс өзенінің жағасына жақын. Барысымен ауыл жастары-мен жақсы араласып кеттім. Оған басты себеп менің қиссаларды жатқа айтатыным. Мені жастар, өзімнен үлкен болса да, той-думандардан қалдырмай, жинала қалса маған қисса айттыратын. Колхоздың бастығы Тасыбаев Темірхан дейтін, ортадан жоғары бойы бар, қара торы, бай-салды адам еді. Ол кісінің ұлдары Олжабай мен Барлыбай бізден ере-сек. Әлі есімде, Олжабай Германияда әскери қызметте болып, бүйірінде Темірханов деген жазуы бар мотоцикл алып келді. Ол кезде мотоцикл түгіл, велосипедтің өзі жоқтың қасы. Таңқаларлық жаңалық, ауыл болып қызықтады. Ұжымшардың жауапты қызметтерінде, есімде қалғандары, Мақыш, Тоқсанбай деген орта жасқа келіп қалған сыйлы азаматтар жұмыс істейді. Нағашым сол кезде жаңағы «Победа», Чапаев атындағы, «Север-ный», Кутузов атындағы кеңшарларға ауданның халықтан мемлекетке ет, май, жұмыртқа тапсырудан салық салатын өкілі. Ал оларды халықтан жинап тапсыратын Әубәкіров Базарбай деген жігіт. Нағашымнан жасы едәуір кіші болса да, екеуі ағалы-інілі адамдай сыйлас, сырлас, дастар-хандары ортақ. Базарбай отыздар шамасындағы сұңғақ бойлы, аққұба, өте келбетті, сабырлы жігіт. Әйелі Шөкен деген кісі, күйеуінен 4-5 жас кіші болуы мүмкін. Орта бойлы, көзі көкшіл, ақ сары, сұлу келіншек. Алла Тағала екеуін сұрыптап, әдейі жұптап қосқандай, көрсең көз тоя-тын сымбатты ерлі-зайыптылар. Екеуін көрген адамдардың сұқтанып, көз қиығын тастамайтыны сирек. Бала болсақ та отбасын құрғандар осылардай болса деп ойлайтынбыз. Бұл ауылда үш жылға жуық тұрсам да балалық бал дәуреннің естен кетпес елестері, содан бері алпыс жыл-дан астам уақыт өтсе де, әлі кешегідей көрінеді. Тіпті кейбіреулері қазір фәниден бақидың қайтпас сапарына аттанып кетсе де. Төртінші сыныпта оқыған жолдастарым Мырзабай, оның інісі Сағынтай, Шаяхмет (Шаха), Бари, Ұмсынай, Ғиззат, Рахым, Федя (Федорчук), Төлеубай (ұмытпасам Болатбаев – (Чапаев ұжымшарынан) балғын шақтың балаусаларымыз. Сол алаңсыз, кіршіксіз шақтың жылдары өтсе де, көнерсе де көңілде, есте қалған ескерткіштері сияқты.


Есіңде бар ма жас күнің,
Көкірегің толы, басың
бос. Қайғысыз, ойсыз
мас күнің Кімді көрсең
бәрі дос. (Абай)

Біз оқыған бастауыш мектепте сабақ өте сапалы өтетін. Өсіресе, Әлин Жұман деген мұғалім бізге, төртінші сынып оқушыларына есеп, жағрафия, тарих пәндерін, кейін түсінгенім, жоғарғы сыныптардың дәрежесінде оқытыпты. Сабақты зердең де тесік болса, миыңа құйып беретін. Қазақстанның, шет мемлекеттердің тарихтарын, олардың мемлекет басшыларын, жаттатып, жағрафиялық орындарын және де аспан кеңістігіндегі планеталардың, жұлдыздардың аттары мен қасиеттерін егжей-тегжейлі түсіндіретін. Маған өзінің қосымша оқыған кітапшаларын беріп, келесі жолы балалардың алдында қайтадан айттырып, өзі толықтырып отыратын әдеті бар. Тәртіпті қатты ұстайтын. Кейде сабақта әңгімелесіп, ойнап отыратын ер балаларға тақтаның жанында тұрып атқан боры шекесіне дәл тиетін. Өзі езуін тартып жымыйып, ал біздер оған мәзбіз. Оңашада ол кісіні өз арамызда «Мерген» деп те атай-тынбыз. Нағыз ұстаз ғой, шіркін!

Зердемді сен ашпасаң не етер едім,
Өмірден сыбағасыз өтер едім.
Ғажайып дүниенің сырын жайып,
Қияға қызықтырып жетеледің.
(«Ұстазым». А. Шамкенов)

Мектеп директоры Мұқан Мусин дембелше келген, дөңгелек жүзді, ақсары, мінезі салмақты, терең білімді адам ретінде өзін таныта білді. Кейін аудандық газетте редактор болды, аудандық оқу бөлімін басқарды. Тың игерген жылдары біздің «Сілеті» кеңшарының партия ұйымының хатшылығына сайланды. Сол жылдары біздің әкей мен шешейге, отбасына көп қамқорлық жасап, азаматтық көрсеткенін кейін естіп, ол кісіге деген сый-құрметім тіпті арта түсті. Мен көбінесе сыртта жүргендіктен, бәрін біле бермейтінмін. Шешей азаматтың осы ізгі істерін іні-қарындастарыма айтып отырушы еді.

Бесінші сыныпты ауылдан төрт шақырымдай қашықтықтағы Северный кеңшарының орталығындағы орысша онжылдық мектептің жанындағы қазақша жеті жылдық мектепте оқыдық. Орысша орта мектеп бөлек. Бірақ бір ғимаратта. Директорымыз Тасболатов Әмір деген кісі. Жұбайы Жамал қазақ тілінен сабақ берді. Екеуі де орта бойлы, жұқалтаң,



аққұба, қашан кездессең де жымыып тұратын, кішіпейіл, жағымды, мәдениетті жандар. Алыстығына қарамай, сабақ сегізде басталады. Ол үшін ұйқыдан сағат алтыда тұрып, ол кезде электр жарығы жоқ жер-маймен жанатын аспалы шамның жарығымен мал жайлап болып, жаяу сабаққа да үлгеретінбіз.

Нағашымның бұрынғы әйелінен (Үкілі, ерте қайтыс болды) Үкімет деген жалғыз ұлы, сол Победада он үш жасында көз жұмып, үйдің, дала жұмыстары менің мойныма түсті. Нағашым жұмыс барысымен ылғи жолаушылап, сыртта жүреді. Үйде нағашы әжем (аты Көрікті), нағашы жеңгей үшеүміз ғана қаламыз. Әжем ол кезде тоқсан алты жаста болса да ақыл-есі түзу, өздігінен жүріп-тұратын, шып-ширақ әрі ақ көңіл, аңқау мінезді. Кейбір күлкілі жағдайларын жоғарыда айтып кеттім. Бір күні түнде балалармен сабақ дайындап кеш келсем, қараңғы кіре беріс қорада біреу жүр, кім деп дауыстасам, әжем. Жеңгей бала көтермеген, мінезі шөлкес адам. Далаға шыға бересің, үй суып кетті деп есіктің ілгегін іштен іліп қойыпты, әжем есікті аша алмай жүр. Бұрышта тұрған сүйменді ал-дым да, есіктің топсасын жұлып алдым, әжемді үйге кіргізіп, төсегіне жатқыздым. Таңертең ерте тұрсам, жеңгей жоқ. Көршіміз ол кісінің «Се-верный» кеңшарына жаяу кеткенін айтты. Біздің директорымыз – Тас-болатов Әмір жеңгейдің немере інісі. Оқуға барған соң маған ұрысатын шығар деп ойлағанмын. Бірақ маған үндемеді. Түстен кейін сабақтан кел-сем, жеңгей үйде жүр. Екі көзі жылағаннан ісіп кеткен, яғни Әмір ағай ол кісінің ісін қисық деп тауып, ұрсып, үйге қайтарып жіберсе керек. Бірақ бұл жағдайды нағашыма айтқан жоқпын, айтсам, жеңгейдің жағдайы өте ауыр болатынын ұқтым. Әжемді жұбатып, өскен соң ол кісінің екі қолын жылы суға малып, бар жақсылықты үйіп-төгетінімді айтып уаттым.. Әжей марқұм жылап: «Әйтеуір, жалғзым аман болсын, ол да жасында сенің айтқандарыңды айтатын, қызмет бабымен далада жүрген адам үйде не болып жатқанын қайдан білсін, әйтеуір Алла Тағала саған келешек-те адал, адамгершілігі мол, инабатты отбасынан шыққан, иманды, ибалы жар кездестірсін, сенің қызығыңды әкең мен шешең көрсін, мен көре ал-маспын», – деді.

Ол кезде жоқшылық пен тапшылық. Әжем өзіне берген нан, бауырсақ, қант, кәмпитін сәл ғана ауыз тиіп, жеңінің ішіне, қалтасына жинап, сабаққа кетерде жасырып, қалтама салып беретін. Қысты күні елден екі жүз шақырымдай жерден әкей келді. Жолда он күн жүріпті. Оның үш күнін де елсіз, айдалада, боранда жолда қалып, атына, өзіне қардан аққала соғып, қардың астында жатыпты. Әкейдің бізді өсіріп,

жеткіземін деп көрген бейнеті жалғыз бұл емес-тін. Біздің ұжымшардың (Ворошиловтан) 25 шақырым «Қорған» деген (орыстар салған бекініс) орыс поселкасында желдің күшімен жұмыс істейтін диірмен ұн тарта-тын. Соған ұжымшардың бидайын өгіз жегілген шанамен апара жатып, елді мекенге 3-4 шақырым қалғанда қатты бораннан өгіз болдырып, жа-тып қалады. Содан әкей үстіндегі тұлыбын өгіздің астына төсеп, ықтасын болсын деп аққала соғып, өзі өгіздің бауырына кіріп жатады. Өгіз өлсе сотталып кетеді. Бірақ екінші күні өгізі өліп қалады. Үшінші күні бо-ран тоқтап, тұруға халі жоқ әкейді Қаржау деген аңшы шаңғымен келе жатып, кездейсоқ тауып алып, үйіне әкеп, орыстың моншасына түсіріп, есін жиғызады. Сол көрген ауыртпалықтары осы күнге дейін есіме түсіп, әкеме не жақсылық көрсеттім деген сұрақ жүрегімді сыздатады. Сол келгенінде маған шешейдің өзі тіккен қысқы киімдерін: мақта салып сы-рып тіккен қысқа пальто, шалбар, былғары құлақшын (оны сатып алған болуы керек), хромнан тігілген етік, тіпті жүннен иіріп тоқылған шұлық, қолқапқа дейін әкеліпті. Қуанғаныммен «әкейге, үйдегі балаларыңа не қалды?» деппін. «Балам, олар елде ғой, сен болсаң жат жерде жүрсін. Бала болсаң да есіңде болсын, аталарың: «Танымайтын жерде тон сый-лы, танитын жерде өзің сыйлы» деген ғой. Сенің жүдемеуің керек», – деді. Біраз күн жатып, жер алыс, енді елге барып оқығаның жөн. Жаз-да келіп алып кетермін, – деп шешті. Нағашымның мені жіберуге құлқы жоқ.. Бірақ әкей жазда оқу біткеннен кейін келгенде, үш жасар Роза деген қарындасымды ала келіпті. Нағашыларыма серік, ермек болсын деп оны қалдырып, мені елге алып қайтты. Бірақ келесі оқу жылын елде емес, ел-ден жиырма бес шақырымдай Голубовка деген (қазақша ескі аты Қорған) ұжымшардың орысша жеті жылдық мектебінің бесінші сыныбында оқуға тура келді (Қазіргі Абай атындағы ауыл).

Келесі оқу жылында, өзіміздің «Бірлік» ұжымшарымен көршілес Көкшетау облысы Қызыл Ту ауданының Чапаев және Папанин атындағы ұжымшарына ортақ жеті жылдық қазақ мектебінің алтыншы сыныбы-на бардым. Жақсы оқыдым. Екі жыл бойы мектеп бойынша оқушылар комитетін басқардым. Мектептің кітапханасын да маған еңбекақысыз тап-сырды. Мұғалімдердің көбі жетінші класты бітіргеннен кейін мұғалімдер дайындайтын екі жылдық оқу бітіргендер. Бәрі де бірнеше жыл сабақ берген тәжірибелі ұстаздар. Олар: жағрафия пәнінен Кәкенов Хамит, ма-тематикадан – Хасенов Зая, қазақ тілінен – Молдахметов Қайыркен т.б. Мен енді өзімді-өзім мақтайын, қайда, қай мектепте оқысам да есепке жүйрік болдым, ылғи да оқу озаттарының қатарында жүрдім. Хасенов

Зая деген мұғалім кейін өздеріңе қажет болады деп бізге алтыншы сыныптан бастап, конспект жазуды үйретті, талап етті. Толық жоғары білімі болмаса да, сабақты өте жауапкершілікті дайындықпен және ұтымды да ұғымды өткізетін. Бойы ортадан төмен, қара шұбарлау, бұйра шаш-ты, шашын «ежикше» қырықтыратын, көп сөзі жоқ, тұйықтау. Артық одағай, дәрекі мінездері жоқ. Бірде геометриядан, ұмытып жаңылмасам, (60 жыл өтті ғой) пирамиданың ішіндегі тең қабырғалы үшбұрыштардың дәлелдемелерін шығаруға үйге тапсырма берілді. Келесі күні сабақта осы есепті сұрағанында бірде-бір оқушы шығара алмаған болып шықты. Үйге қайтадан сол тапсырма жүктелді. Келесі күні мен ғана шығарып барған екенмін. Мені тақтаға шығарып, сыздыртып, дәлелдемелерді тыңдап болған соң, тақтаның екінші жартысына өзінің шығарған жолдарын келтіріп, дәлелдеді. Соңында Кеңестің шығару тәсілі менікінен әрі қысқа, әрі ұғымды деп, міне сабақ оқытсаң еңбегінді жандыратын осындай ба-лаларды оқыт деп оқушылардың алдында мені құшақтап, бауырына ба-сты. Мұғалімнің сол ыстық құшағы, ризашылығы, маңдайымнан иіскеген мейірі әлі күнге дейін сезіліп тұратын сияқты. Ал оқушылардың алдын-да көлгірсімей, менің есеп шығаруымды өзінің тәсілінен жоғары қоюын адалдық, ерлік деп есептеймін, жалған намысқа бармағандық.

Ұстазым, менің ұстазым,
Өзіңмен өткен қыс-жазым.
Қалдырған ізің мәңгілік
Жадымда тұрар жаңғырып,
Ұстазым, менің ұстазым.
(«Ұстазым», А.Шамкенов)

Мен оқуды екі жыл Жүнісов Зейнолла деген кісінің үйінде жатып оқыдым. Өзі ұжымшардың бастығы болған, бірақ Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавел қаласына ұжымшар бастықтарының білімін жетілдіретін үш жылдық оқуға кеткен көрінеді. Үйінде қалғандар сексен жастан асқан шешесі, әйелі (ұмытпасам аты Зейнеп) және менен бір жас кіші ұлы Папаш. Ол менімен бірге алтыншы сыныпта оқыды. Кішкентай қыздары және бар. Ұжымшар бастығы болғанымен тұрмыстары орта шаруа деңгейінде. Зейнолла ағайды бұрын бірнеше рет көргенмін. Ұзын бойлы, ақ сары, келбетті. Мінезі ашық, аңқылдап сөйлейтін ақкөңіл. Шешесі өзімен-өзі, әңгімеге, шаруаға араласпайды. Байқаймын, бұрын өктем, билігін жүргізген әйел болғандай. Үндемесе де, бәрі сол кісінің қабағына қарайды. Жеңгей де ортадан жоғары бойы бар, атжақты, қой көзді, сымбатты әйел. Мінезі тұйықтау, көп сөйлемейді. Бастықтың әйелі

болса да белсенділігі жоқ, сабырлы да, салиқалы. Ал ұлдары Папаш әкесі сияқты ұзын бойлы, денелі, қызыл шырайлы, мінезі ашық, кеңпейіл. Ол кезде, 49-50 жылдары, қаншама бастықтың үйі десең де, бәрі тапшы, тұрмыстары қарапайым. Қазіргідей құмықпайтын құныққандардың жоқ кезі. Ұжымшар, қоғам дүниесі – ол қасиетті, оған қол сұғу – қылмыс. Тіпті бір қой, не бір қап бидай алмайды. Ол – қанға, санаға сіңірілген тыйым (әрине, қорқу да бар). Бірақ үй іші кең пейілді, бос сөздері жоқ, қаңқусыз адамдар болғаннан соң менде солардың ұлындай еркін арала-сып кеттім.

Осы күнде таңқалатыным, бір тиын төлемақы алмай, менің жа-тар орным, ішер тамағым – бәрі сол үйден болды. Папаштың, ұжымшар бастығының жалғыз ұлының, басқаларға қарағанда, велосипеді бар. Ол кезде велосипед осы күнгі шетел машиналарынан да таңсық және жұрттың қолы жете бермейтін көлік. Бірде, түскі тамақ кезінде, Папаш шешесіне бір мұғалімнің көрші ауылға барып келуге велосипедін сұрағанын айт-ты. Шешесі бірдеме деп келе жатыр еді, сексеннен асқан енесі «тыныш отыр» дегендей, қабағын қағып қалды. Папашқа қарап: «Қарағым, ол кісі ісі түсіп сенен азамат деп көмек сұраса, оны сен өзің шеше алмай, әке-шешеңнен рұқсат сұрап отыратын болсаң, азаматтығыңның не қадір, қасиеті бар? Өзің шеш. Өтініштің салмағын, жауапкершілігін ешқашан да басқаға итере салма», – дегені. Үнемі үндемей, сөзге, іске араласпай, жай ғана өзімен өзі болып отыратын қарт ананың мына сөзі өмір бойы менің есімнен шыққан жоқ. Құнды сабақ болды.

Біздің ауыл ол жерден шамамен он бес шақырымдай қашықтықта. Орта жолда, жеті-сегіз шақырымдай өңірде «Сілеті» кеңшарының Жал-тыр деген үшінші бөлімшесі бар. Сілеті өзенінің сағасы, сулы, нулы, тал-ды, қамыс-қоғалары қалың, жері сортаң. Одан әрмен қарай тағы да бес-алты шақырымдай аумақта біздің «Бірлік» ұжымшары. Жаңағы мектепте «Бірліктен» Майра деген қыз екеуміз ғанамыз, ал үшінші бөлімшеден жеті-сегіз бала оқиды. Қыста оларды сенбіде үйлеріне алып қайтуға өгіз жегілген шана келеді. Мен де солармен ілесіп, Жалтырға дейін барамын да, әрмен қарай жалғыз-жаяу үйге қайтамын. Қыста сенбі күні сабақ біткен соң қайтқанымызда күн кешкіріп қалады. Ал мен жалғыз, жаяу үйге қарай шыққанымша алаулап күн батып, қара көлеңкеленіп, қас қарая бастайды. Екі орта бес-алты шақырым. Ел, қоныс жоқ, өзеннің жағасы. Қасқырдан қорқамын. Қолыма ұзын таяқ алып, ауылға қарай шамам жеткенінше жүгіремін де отырамын, жасыратыны жоқ, қорыққаннан жы-лап та аламын. Міне, өмір дегенің осы, қызығы да, шыжығы да мол. Осы

күндері Құдайға шүкір, 77 жасқа жеткенше денсаулығымның бірсыдырғы мықты болуы мектептерде оқып жүрген кездерімде көп жаяу жүргенімнің әсері шығар деп те пайымдаймын.

Сөйтіп, жүріп жетінші сыныпты үздік бағамен тамәмдадым. Елге келген соң, әке-шешемнен Қарағандының Тау-кен техникумына (маркшейдер) оқуға баруға рұқсат сұрадым. Олар, танымайтын қала, жер алыс, қол үзіп, көз жазып қаламыз деп рұқсатын бермеді. Елдегі бастықтар ауылдық кеңеске хатшы немесе дүкенде сатушы бол деп азғыра бастады. Ол кезде екеуі де ауылда әжептәуір беделді қызметтер. Көңілім бірін таңдайын деп ойысып едім, әкей де, Нұрғали атам да келіспеді. Әкей «Өзім оқымағандықтан, бармағымды талай шайнап, қасіретін тарттым. Көзім тірісінде, әл-қуатым бар кезде сені оқытамын» деп шешті. «Онын-шы сыныпты бітір, оған дейін есейіп те қаласың, сосын көре жатармыз», – деді. Ұзақ жыл сатушы болып істеген Жамбай деген ағайға кейін: «Жәке, мен сатушы болуға келісім бергенде, сіз жұмыссыз қалушы едіңіз», – деп әзілдейтінмін. Ол кезде әке тілегі – әрі заң, әрі бұйрық, көндім. Ертіс ауданы бойынша, жалғыз қазақ орта мектебі тек аудан орталығында ғана, оқуымды сонда жалғастыруым керек. Үй 150 шақырым жердегі аудан орталығына көшпекші болды. 7-8 баланы шұбыртып көшпей-ақ қойсаңдар қайтеді деп едім: «Осы кезге дейін оқу үшін бірсыпыра жерді кездің. Енді шешуші сатыға жеткенде мен саған мүмкіндік жасаймын», – деп әкей келіспеді.

Содан ауданға көштік, мен қазақ орта мектебіне бардым. Сегізінші сыныпқа кірсем, ылғи кішкентай балалар. Мен бұрын мектептерді, сыныптарды бірде ілгері, бірде кейін оқумен араластырып жүргенімде екі жыл-дай уақытымды өткізіп алғанмын. Арықша болғаныммен бойшаңмын. Содан тоғызыншы сыныпқа барайын, әйтеуір біреу ғұрлы оқып кетермін деп шештім де, «А» және «Б» деген екі сыныптың «А»-сына бардым. Сыныптың жетекшісі Тәңірбергенов Төлеген деген мұғалім. Журналға бұрын осы мектепте оқығандарды тізіп, түгендеді де, енді жаңадан келгендерді орнынан тұрғызды. Екі бала екенбіз. Екеуіміздің де тегіміз Әубәкіров. Ол Қарағанды облысынан келіпті. Мен Көкшетаудың Қызылту ауданында оқығанымды айттым. Танысып болғаннан соң, сабаққа кірісті. Бірінші сабақ тригонометрия, сабақ беретін де өзі. Бұрынғы балаларды білемін ғой, жаңа келгендерден бастайық деп, маған: «Әубәкіровтардың ұзынтұрасы, тақтаға сен шық», – демесі бар ма? Тақтаға шыққаннан кейін тригонометриялық атауларды «синус», «косинус», «котангенс» – деп тізіп айтып, «осыларды жаз» деді. Менің олардан хабарым жоқ, қалай

жазылатынын да білмеймін. Басын шайқап, енді екінші Әубәкіровты шығарды. Ол да жөнді жауап бере алмады. Бұрынғы өз оқушыларын шығарып еді, олар да кәсіліп кете алмады, мен іштей қуаныштымын. Тригонометриялық ұғымдар, атаулары сегізінші сыныптың соңғы тоқсанында, жалпы таныстыру дәрежесінде өтіледі екен. Кейін математикадан да оқылықтарым аңғарылды. Өсіресе, түбірді шығарудан. Бұрынғы мектепті бітірген құжатарымды ешкім талап еткен жоқ. Оған да қуандым. Ойым, әйтеуір тоғызыншы сыныпта тұрақтасам, біреу ғұрлы оқырмын деген үміт. Бірінші тоқсан аяқталды, математикадан «4», қалған сабақтардан «5» болды. Қараша айында мектеп директоры Әпенев деген кісі шақырып, мектеп бойынша оқушылар комсомол ұйымының хатшы-сы болуыма ұсыныс жасады. «Жаңа орта, көбін танымаймын, сабақ та қиын соғып жүр», – деп сыпайылық танытып едім, көндірді. Мектептегі комсомолдар 194 оқушы. Сол ұйымға хатшы болып шыға келдім. Енді мектеп басшыларының сенімдерін ақтауға тырыстым. Мен оқушы болып жүрген кездерімде аса көп елтең-селтеңім жоқ, сабақта да сабырлы отыратынмын, бала боп алысып-жұлысатын ойындарға аса әуестігім жоқ. Комсомол комитетінің жұмысын жүйелі, жоспарлы жүргізіп отыруға талпындым, әсіресе, тәртіп бұзғандарды, нашар оқытындарды, әуелі комитетте қарап, күшіміз келмесе ғана директорға немесе мұғалімдер кеңесіне ұсынатынбыз. Осының бәрі әсер еткен болуы керек, төменгі сынып оқушылары мені «мұғалім» дейтін болды. Ал мұғалімдер де мені оқушы емес, өздерінің қызметтес, әріптес жолдастары дәрежесіндей сезінгенін қайтерсің. Әрине, оның бәрін мен бір асқан дарындылығымнан деп бағаламаймын, аздаған қабілетімнің әр мектепте, әр жерде оқып, ысылып, шыңдалғанымның, азын-аулақ әдебиетке жақындығымның, қазақ тіліне құштарлығымның әсерлері деп ұғамын. Оның сыртын-да, көптеген тәжірибелі, ұстаздық қабілеттері үстем мұғалімдердің көп көмегі, ықпалы болды. Мектеп директоры Әпенев Әміржан деген кісі келбетті, салмақты, сабырлы адам. Сынып жетекшісі Тәңірбергенов Төлеген, Ұлы Отан соғысының ардагері, математикадан сабақ берді. Мінезі ашық, дәрежелігі жоқ, әзілқой. Орыс тілінен сабақ берген Боброва Анна Емельяновна да өте салмақты, жан-жақты сауатты, адамгершілігі мол кісі. Әскери дайындықтың, дене шынықтыру сабағының мұғалімі Қапашев Дүйсен деген ұстаз да әрқашан жинақы, пікірін ашық айтатын, оқушылармен үлкен адамдардай тең дәрежеде сөйлесетін. Кейіннен ол ұстаздардың қатарын Семейдің Башкөл деген жерінің түлектері үш та-тар қыздары келіп толықтырды. Ұлты татар деген аты ғана, өздері нағыз

қазақ қыздарындай. Қазақша таза сөйлейді, оқуды жаңа бітіріп келгеніне қарамастан, сабақтарын ізденіп, сапалы өткізеді. Мүнзия физикадан, Факия жағрафиядан, Кәбира қазақ тілінен сабақ берді. Бәрі де бізден екі-үш жас ғана үлкен. Мұғалімдер дайындайтын оқу орынын бітіріп келгендер.

Мүнзия орта бойлы, толықша, мінезі ашық және тура. Бізге жарты жылдай сабақ беріп, Ертіс ауданының «Қазақстанның он жылдығы» атты кеңшарының жас директоры Садықов Қамалидден Смағұлұлына (Васи-лий) тұрмысқа шығып кетті. Бірақ өмір жолында, қызмет бабында кейін талай рет кездестік. Аз уақыт дәріс алсам да, осы күнге дейін мұғалім деймін. Кейде жеңгей деп әзілдесіп қоятыным да бар. Кейін жолдасын, Қамалидденді аға деп құрметтейтінмін.

Факия – жұқалаң, дене бітімі жинақы, ақ сары, мінезі биязы. Мектеп бітіргелі, міне 56 жылдан асты, кездескен жоқпыз. Кәбира қазақ тілінің мұғалімі. Қараторы. Мінезі ашық. Татар қыздары негізінде ширақ, шапшаң, тура мінезді ғой. Бір күні бір оқушы қазақ тілінен шығарма жазғанында сөйлем арасына ешқандай тыныс, дыбыс белгілерін қоймай, ең соңында нүкте, үтір, сұрақ, леп белгілерін топтапты да, әрқайсың өз орындарыңа барыңдар («всем, по своим местам, марш») деп жазып қойыпты. Содан мұғалімдер арасында пікірталас туып, ақырында мұғалімдер кеңесінде талқылап, егер тыныс дыбыс белгілерінің көрсетілген сандары сай келсе, оқушыға дұрыс баға қоюды ұйғарыпты, ақыры солай болды да.

Біз тоғызыншы сыныпты бітірген жылы директормыз Апенев ағай аудандық оқу бөлімін басқаруға ауысты. Орнына Нығметжанов деген кісі директор болып, інісі Сейсенбеков деген мұғалім химиядан сабақ берді. Бұл кісілер де көпті көрген, тәжірибелері мол адамдар екен. Бұл ұстаздардың бәрін тізіп айтып жатқаным, біз өмірде белгілі белестерге көтеріліп, халықтың арасында қалтаңдап қатарда жүрсек, көктен түскен данышпандар емеспіз, ұстаздың ұсталық дүкенінің көрігінде пісіріліп, төс пен балғасында шыңдалған, сомдап шығарған «данышпандарымыз». Мен көбіне мінездеме беріп, пікірімді айтып жатырмын, бірақ ол бала кезімдегі әлі қалыптаса қоймаған, балғын-балауса кезімдегі ұғымым ғой. Қоғам – ұста. Орта – ұстаз. Уақыт бәрінің сыншысы, төрешісі. Солардың ықпалымен, әсерімен бәріміз де өзгердік. Әйтеуір құлдыраған жоқпыз. Құнсызданған емеспіз. Сол пікір түрлерінің түбірлері сақталып қалды. Әрине, мен әр кездегі өзім оқыған мектептердегі ұстаздарымды, мұғалімдерді түгендеп айта алмадым. Ол мүмкін де емес. Өйткені, олардың әрқайсысы – үлкенді-кішілі жеке-жеке тұлға. Оған менің қабілетім де жетпес еді. 70-80 роман жазатын Александр Дюма мен жарыспай-ақ қояйын дедім.

Маған сол қазақ орта мектебінде жатсынбай, жатырқамай жастық шақтың қалтқысыз шынайы достығын сыйлаған оқушы достарым да көп болды. Оқуда, қоғамдық жұмыстарда болсын, солардың қолдауы, қолпаштауы, маған қаншама шабыт, күш-қуат берді десеңізші. Бәрін тізіп айта алмасам, сол кездегі сыныптас достардың біреулері оқи қалса, мені неге атамады деп сөкпес. Өмір жолымның ұзақ сапары жадыңды жаңалап, толықтырып отырғанымен, бұрынғыларды шетке қағып, ықсырмағанымен, көлеңкені қоюлата түседі екен. Десекте екшегенде есте қалған, естен шықпас достар – Назақаев Ақан, Ақатаев Сапар, Ша-пиев Бейсекей, Рамазанов Жанайдар, Саттаров Балға, Рақышев Бұлқайыр, Әбуталипова Орынбасар (Тутан), Сейдахметова Бәйзә, Молдабеков Қасен, Жұмаділов Қайыржан, Илясов Қабылқак, Садықов Зейнолла, Садықова Сарша, Сарбасов Жанатай, Нуркина Нұраш, Бану, Болатбаев Төлеубай, Каденов Иманбай, т.б.

Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны
едік, Бәріміз бір өмір жолын
бастап едік Армандастар қайда,
Абзал достар қайда,
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?
Бәрің достар әр тарапқа кеттіңдер ме?
Әлде игі армандарға жеттіңдер ме?
Әлде биік асулардан өттіңдер
ме? Қайдасыңдар құрдастар?
(«Армандастар», Н. Әлімқұлов)

«Достар, достар» деген өлеңді осы күнде де ішімнен, әсіресе жолда, машинада ыңылдап айтып қоямын.

Мектепте менімен Қызылтуда жеті жылдықты бірге бітірген жеті-сегіз бала сегізінші сыныпта оқитын. Солардан тарап кетті ме, әлде мектеп бітіретіндерге құжаттарды дайындауда анықталды ма, әйтеуір бір күні, 10 сыныпта мектеп директорына шақыртып, оқу бітіретін уақыт таянып қалды, барлық құжаттарыңды түгендеп алдыр деді. Түсіндім. Әйтеуір бәрін түгендеп құжаттарымыңды тапсырдым. Бұған жетінші сыныпта ұстаз болған Қайыртай Молдахметовтың көмегі де тиді.

Есейіп, есіміз еселеніп, көзқарастарымыз қалыптасып, санамыз-дың шеңбері кеңейіп, ширай бастаған кезде, әрқайсымыз өз мақсат армандарымыздың болашағының сонарын шолып, әр тарапқа, тағдырларымыздың таратар сыйын іздеп, келешек сапарына аттандық. Оған аттанарымызда ұстаздарымыз «жолдарың болсын» деп тек алыстан қол

бұлғап ғана шығарып салған жоқ. Ақылдасты, ақыл қосты. Менің негізгі көздеген оқуым заң қызметкері болу еді. Мектеп бітірушілердің кеші қарсаңында Боброва Анна Емельяновна деген ұстазым қай оқу орынын меңзеп бара жатқанымды сұрады. Мен заңгер болғым келетінін айттым. «Кеңес, негізгі таңдау өзіңде, бірақ мен өз ақылымды айтайын, қабылдау-қабылдамау өз шешімің. Менің негізгі мамандығым – заңгерлік, өмірде бір әділетсіздікке кездестім де, оны тастап, ұстаздықты таңдадым. (Орыс тілінен сабақ беретін). Заңгерлік – өте тазалықты, пәктікті қажет ететін, кіді, кіршіл, шытынағыш мамандық. Ол жалғыз саған ғана байланысты емес, қоғамның, ортаның ауа райына да, кездейсоқ кедергілерге де сезімтал, ұрыншақ. Бір сүрінсең, қатты жарақаттанасың, қайтадан заңгер сабына қосылуың екіталай. Қазір тың игеру мәселесін Одақ көлемінде саяси, экономикалық, қала берді, әлеуметтік зор мағына беріп отыр. Сен ауылда өсіп-тәрбиелендің, тамырың ауылда. Менің ойым, ауыл шаруашылық институтына барсаң дегенім ғой», – деді. Сол ұстазымның ақылын қабыл алдым.


Өзіңнен өмірге азық ала бердім,
Ұшырып мені алысқа қала бердің.
Бойымда отың кетті ұшқын атқан,
Келеді жана бергім, жана бергім
(«Ұстазым», А. Шамкенов)

Мектепті бітіргенде мені алтын медальға ұсынған, бірақ облыстық комиссия тексергенде (ол кезде облыс тексереді) орыс тілінен үш қате тауып, үш деген баға қойыпты. Шығарманың тақырыбы В. Маяковскийдің өмір жолы және шығармашылығы жөнінде. Сонда, әлі есімде, «кутайс-ский» деген сөзде бір «с» қалып қойыпты, екінші «понедельник» сөзі «понидельник» деп жазылыпты және бір үтір қалып қойыпты. Олардың өзі шпаргалкадан көшіріп жазғандағы қателерім. Сондықтан ол бағаға ренжіген, қамыққан мен жоқ. Өйткені орыс тілінен сауаттылығым өзіме белгілі, қойған бағадан аспайтын-ды. Алматыға барғаннан кейін ойландым да, Анна Емельяновна ұстазымның ақылын алып, Қазақ Мемлекеттік Ауылшаруашылық институтына «агрономия факультетіне» құжаттарымды тапсырдым. Сескенсем де, қобалжысам да, тәуекел еттім. Өйткені, бір орынға тоғыз абитуриент таласады екен. Емтихан тапсыратын төрт пәннен «өте жақсы», «жақсы» деген бағалар алдым. Соңғы емтихан орыс тілінен шығарма жазуға үш тақырып берілді. Соңғысы «По-чему я поступаю в институт» деген еркін тақырып екен. Әрі ойланып, бері ойланып, басқа тақырыптан ұзақ жазсам, қателері көбейіп кетер

деп қауіптеніп, соңғы еркін тақырыпты алдым. Не болса да тәуекел деп тақырыпқа сай: «Хочу быть высоко образованным гражданином Родины и высоко квалифицированным специалистом сельского хозяйства» деп бір-ақ сөйлем жаздым. Не болар екен деп зәре жоқ. Әйтеуір үшінші күні жақсы деген баға алғанымды тізімнен оқып, шексіз қуандым. Сол шығармамды жылдардың ұзақтығыма ұмытып кетіппін. Жуырда Суворов (лақап аты – псевдоним) деген автордың «Выбор» (таңдау) деген кітабын оқып отырып, осыдан 56 жыл бұрынғы есімде ескіріп, ұмытылып қалған сол шығармам есіме түсті. И.В. Сталин Испанияға тыңшылар (развед-чиктер) жіберу үшін бес қызды арнайы мектепте дайындатады, біраздан кейін тағы бір қыз қосындар дейді. Негізгі көздегендері солардың ішінен біреуін таңдап, кейін оны Испанияның королевасының немесе солардың коммунистік партиясының орталық комитетінің екінші хатшы-сы дәрежесіне жеткізу.

Оқудың дайындық мерзімдері аяқталғаннан кейін, Сталин мектеп басшысына сүргіштеген конвертке салынған, сыртында «сов. секретно» деген грифы бар конвертке салып жазылатын шығарманың тақырыбын береді. Ол конверт тек оқушылардың көзінше ашылуы керек. Ашса, тақырыбы- «Кабы я была царица» (Пушкиннің «Сказка о царе Солта-не») деген сөйлем екен. Қыздардың бәрі шығарма жазып жатыр. Тек кейін қосылған қыз ғана бір сөйлем жазады да, тыныш отырады. Мұғалім қайта-қайта келіп: «Неге жазбайсың?» десе, «Жазып болдым».- дейді. Содан қыздар шығармаларын жазып болған соң, мұғалімдер бәрін жи-нап алып кетеді. Соңғы қыздың жазғанын алмайды. Сталин бәрін оқып шығып, алтыншы шығарманы сұрайды. Мұғалім оның тек бір сөйлем ғана жазғандықтан шығармасын алмағандығын айтады. Сталин ал-дырады. Бірнеше рет қайталап оқып, мырс етіп күліп, басын шайқап, ризашылығын білдіріп, бұрыштама соғып, тек сол қызды ғана әрмен қарай дайындауға тапсырма береді. Қыздың жазғаны: «Покорила бы мир» деген үш сөз, он үш әріптен екен. Берген тақырыптан екі әрібі кем. Сталин қысқа-нұсқа сөздердің данышпан шебері ғой. Сол шығармам есіме түсіп, 56 жыл өткенде өзіме-өзім қайталай риза болып, Аллаһқа си-ынып, тәубе келтірдім. Әйтпесе менің сол шығармам тәуекел етіп суға кеткен тал қармайдының немесе қазақтың: **«жығылсаң жығыл нардан, ажалың, әлде қайданның» тәуекелі еді.**

Институтқа түсе алмай қалсам ойым не үйге қайту, не Алматы-да қалып жұмыс іздеу. Ата-анам қолдарындағы барын сарқып, оқуға түссін деп, сенім артып жіберіп отырғанда және қай мектепте оқысам да




үздік оқушылар қатарында жүргенімде өте алмай қалсам нағыз масқара ғой. Әйтеуір өттім-ау. Бірінші жылы жатақхана болмайды деді. Мен аш жүрсем де, степендияға жеке үй жалдаймын деп шештім. Содан алты бала келісіп, Алматының шет жағынан 18 линиядан (Тастақ деген Мөлтек ауданынан) үй жалдап алдық. Серіктестерім: Мауешов Хамит (Жезқазған), Шәкиев Әпсәләм (Қызылорда), Әбенев Мұхтар (Павлодар, ол Тау-кен институтына түспекші), Сарыбасов Жанатай (Павлодар), Та-сыбаев Ермек (Қызылорда). Бізге абитуриент кезінде танысқан Рамаза-нов Бақұстар қосылды. Оның қалада туысқандары бар, солардың үйінде тұрады, бірақ күні бойы бізбен бірге, тек жатуға ғана барады. Тамақты кезектесіп өзіміз дайындаймыз. Негізгі қорымыз – 190 рубль степенди-ямыз. Жатар орынның ақысын беріп, тамаққа деп («колхоз» дейтінбіз) 100 рубль тапсырып қоямыз. Қалған 40 рубль – трамвайға, кинотеатрға, жетпесе де жеткіземіз. Мауешов Хамиттің туысқандары Жезқазғанда тұрады, шахтерлер әлді болуы керек, бір-екі айда ет жіберіп тұрады, ал Шәкиев Әпсәләмға Қызылордадан анда-санда күріш, тары, талқан келеді. Киімдеріміз жұпыны және жеңіл, Алматы жылы деп ойлағанбыз ғой. Менің киімдерім теміржолшылардың көкшұға шинелі, үстімде оқуға аттанарда арнайы тіктірген қызыл күрең шұға костюм, шалбар, аяғымда қонышы кирзо, басы жұқа былғары етік. Қыста трамваймен инсти тутқа жеткенше аяғым тоңып, вагонның ішінде «билеп» тұрамын.

Жазғы киімдеріміз – сол кездері студенттерге сәнді болған, әрі арзан, сәттеннен тігілген кең балақ шалбар, шибарқыттан тігілген кеуде-ше. Бірақ, ол кезде балалардың пейілдері кең ғой, үйдегі бар тамақты санаспай ортақ ішіп, бар киімді «сенікі, менікі» демей, сұрамай киіп кете беретінбіз, әсіресе кинотеатр, концерттерге барғанда жиі алмасатынбыз. Үйден қосымша көмек жоқ. Облыс орталығынан, теміржолдан 350 шақырым ауылдан мүмкіндігінше ақша, сәлемдеме (посылка) жіберуге де реті жоқ. Біздің Сілеті өңірінен жоғары оқу орнына алғашқы түскен жалғыз менмін. Әкей оқымағандықтан өмірде үлестерімнен құр қалып, талай таршылық көрдім. Енді көзім тірісінде сені оқытамын, оқуға барып, бағыңды сына деп қоярда-қоймай жіберген еді. Мектеп-те оқып жүргенде сабаққа, емтиханға дайындалып орындықта отырып ұйықтап қалсам да, «менің осы баламнан бірдеңе шыға ма деп үміттенемін. Ұйықтап жатса да қолынан қаламы түспейді, алдында кітап жатады», – деп мақтанып, масаттанып отыратынын талай естігенмін. Енді тұрмыстарының ауыртпашылығына қарамай, қолдарында бар

тиын-тебендерін қалтама салып, үміт артып жіберіп отырғанда, менің не қиындық болса да төзуім керек.

Екінші курста Гоголь – 8 март көшелерінің қиылысындағы инсти-туттың жатақханасынан орын алып, жағдайымыз жақсара түсті. Деген-мен студенттердің жазылмаған дәстүрі бар. Ай сайын әрбір институттың стипендия беруге белгілі күндері бар, сол күні жерлестерің, таныс жолдастарың шақырмай-ақ сау етіп жетіп келеді. Ресторанға мүмкіндігіміз бола бермейді, сондықтан бөлмемізде ас-су, ішімдіктерін дайындап қарсы алып, жолымыздан жығылмауымыз қажет. Өйткені, оларға біз де солай барып тұрамыз.

Әйтеуір, стипендиядан ең бірінші «колхоздың» үлесін, жүз рубль-ден салып қоямыз, ол – заң. Сол кездегі арзаншылыққа қарамай соның өзінде де ақшамыз айдың аяғына дейін жетпей қалатын. Сөйтіп, таршылық, тапшылық көріп жүргенде – 57-59 жылдары студенттердің асханасында нан мен қант тегін болды. Стипендияға жақындағанда ақша тапшылығы болғанда, асханаға барып, жиырма тиынға бір стакан шай алып, нан мен қантты тойғанымызша жеп аламыз. Студенттер кедейдің жомарты ғой, шіркін. Мысалы, кейін айына 290 рубль стипендия алсақ, мерекелерде жерлестер болып бас қоссақ, немесе біреудің үйлену тойы болса, әрқайсымыз 100 рубльден шығаратынбыз. Кейін кеңшарға келіп қызмет істей бастағанда жаңағыдай той-думандарға барғанда 30 рубльдің өзін ауырсынып бергендеріне таң қалып жүрдік. Бірақ та асырауға міндетті жаңұясы бар ғой, ал еңбек ақылары студенттер стипендиясы мөлшеріндей ғана. Баяғы Тастақтағы студенттер (Мұқтардан басқа) оған Бақұстар қосылып бәріміз бір бөлмеде жаттық. Бәріміз бірге туғандай тату-тәттіміз. Өрине жас болған соң артық-кем дау-тартыстарымыз бо-лып тұратын. Бірақ зілсіз қарым-қатынасымызды кір басқан жоқ, шы-тынап, жарылғанда, сынған да емес. Сол жолдастық, достық дәрежесін төмендетпей институт бітіріп әр жаққа тарадық. Абитуриент кезде алғашқы танысқаннан Бақұстар екеуміздің достығымызға көлеңке түсіп, салқындық болған жоқ. Сол достық ол қайтыс болғанша (1994 жылы) қырық жыл бойы қызмет бабымен әрқайсысымыз әр жақта жүргенде де үзілмеді. Мінезі сабырлы, көп сөйлемейтін, бірақ өте сезімтал, жаны нәзік. Күлкісінің өзі ерекше, рақаттанып бар дауысымен күледі. Жинақы, өз пікіріне берік. Институтта оқып жүргенде үшінші курста, 1957 жылы, Көпей деген мұғалімдер институтында оқитын жерлес қызына үйленді, өзі Павлодар облысының Краснокутск ауданының Ақкөл кеңшарынан. Бірақ Көпей екеуі Көкшетаудың Айыртау ауданында мектепте оқыған



кезінде көңіл қосқан көрінеді. Екі сынып төмен оқыпты. Олардың хат алысып тұратынынан хабарымыз бар. Хамит, Әпсалам үшеуіміз жұма сайын Көпей болып, Бақұстарға тіліміз жеткенше ғашықтық сырға толы хат жазып, қыздарға көшіртіп, институттың хат тасушы бөлімшесіне апарып, мөр басып қалдырып, артынан бақылап, хатты алып оңаша оқуға кеткенде, кездейсоқ кездескен болып, «тағы да хат алдың ба» деп әзілдейтінбіз. Кейін біліп қойды. Екеуі 1957 жылы үйленді, бес қызы, Риза деген ұлы бар. Мен қыстыгүні Баянауылдан елге бара жатып, үйлеріне соқсам, Көпей кішкентайлы болып, перзентханадан келген екен. Бақұстардың анасы Зейнел шешей: «Құтты қонақ болдың, енді сәбидің атын сен қой» – деді, сөйтіп, Гүлнәр деген қызының атын мен қойғанмын. Бақұстар институт бітіріп, 1959 жылы Павлодар облысы Краснокутск ауданының «Октябрьдің 25 жылдығы» кеңшарына бас агроном болып тағайындалды, кейін сол шаруашылыққа директор болды. Біраз жыл өткеннен кейін Ертіс, Павлодар аудандарында партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарды. Жүрген жерлерінде үлкен сыйлы-сыяпатты болды. Ғылым кандидаты дәрежесін қорғады.

1959 жылы наурыз айында мемлекеттік сынақтарды тапсырып жатқанбыз. Елден әкең қатты ауырып жатыр деген жеделхат келді. Не істерімді білмей қатты састым. Пойызбен облысқа, одан ауылға барып қайтқанша бірнеше күн өтеді, ал мемлекеттік сынақтың тоспайтыны белгілі. Сөйтіп, неде болса барып қайтайын, көп болса сынақты келесі жылы тапсырармын деп шештім. Жолға дайындалып жатқанда Бақұстар облыстық ауыл шаруашылығының бастығы болып қызмет істейтін ағасы Аманолла ағайдың жұмыс бабымен келгенін айтып, сол кісі арқылы кеңшармен сөйлесіп, (облыстан рация арқылы) хабарласайық деп ақыл қосты. Екеуіміз барып, ағаға жолықтық, ол кісі облысқа рация арқылы ауылмен сөйлесіп (ол кезде телефон жоқтың қасы ғой), түстен кейін министрлікке телефон соғындар деп тапсырма берді. Түстен кейін барғанда, «әкең қатты ауырыпты, қазір тәуір, алаңдамасын» деген хабар алдық. Шындығында, әкей қайтыс болыпты, үйдегілер қоюына бәрібір үлгермейді, алаңдамай сынақтарын тапсыра берсін деп шешсе керек. Содан институтты бітіріп, енді әскерлік жаттығуға (стажировкаға) бір жарым айға бәрімізді Түркіменстанға жіберетін болды. Аттанардан бір күн бұрын жолдастарым бәріміз мейрамханаға барайық деп ұсыныс жасады. Ойымда ештеңе жоқ, барып отырған соң біраздан кейін маған әкейдің қайтыс болғанын естіртті. Оның алдында жолдастар мені

әскери жаттығудан қалдыруын сұрап директорға барыпты, ол кісі бұл да мемлекеттік сынақтың жалғасы деп рұқсат бере алмайтынын айтып-ты. Сонымен Түркіменстанға кеттік. Үш-төрт күн жүріп Мари қаласына, әрмен қарай автокөлікпен Кушка қаласына тарттық. Ол Кеңес одағының оңтүстіктегі ең қиыр шетіндегі қала. Ауғанстан мен шекарадағы ала бағандар көрініп тұр. Қаланың сыртына әскер қосына орналастық. Палатка. Күн өте ыстық. Тұрақты 40-45 градус, ал кейбір күндері 50-ге де таяу деп жүрді. Күндіз үстіміздегі гимнастертканың жаурынына ақ сорымыз шығып, жолақ-жолақ болып жүреміз, ал түні өте салқын. Түнде әрқайсымызға екі одеялдан береді, ал ұйықтағанда бірігіп, екі-екіден жатып, төрт одеял жамылып жатамыз. Бір жарым ай бойы, кеткенше солай болды. Ет тағамының көбі тіпті мейрамханаларында да түйе еті. Сонымен әскери дайындықты бітіріп, лейтенант атағын алып елге қайттық. Алматыға келіп, диплом иеленіп, Павлодар облысына берген жолдамамен «еңбек майданы, келешектің өрісі мен өркені қайдасың» деп жолға шықтық.



Әкеміз Аман
1894-1959 ж.



Анамыз Кәпица
1908-1987 ж.

Қыздары:



Гүлбәрәм



Мәруә



Өсірген

Екінші қатар: Ертіс, Сайлау

Қыздары:



Күләндә (Одеколон)



Роза



Еркеш



Миращ



Нұрғали ата, әкейдің немере ағасы



Нұрхан нағашы,
шешейдің ағасы



Мырзатай – әкейдің немере
інісі



Қамаш жеңгеміз



Хамза жезде, Орынбасар апай (Нұрғалидың қызы)



Шиябиден жезде, Мәруә апай



Солдан оңға: Күләндә, Мәруә апай, Тлеуберген, Тендік



Күйеу бала Қалихан



Қарындасым Күләндә



Оңнан солға: күйеу балалар
Жәкен, Мәлс.
Қарындастарым:
Роза, Миранш



Күйеу бала Жамбыл,
қарындасым Еркеш



Сайлау, Сәуле



Ертіс, Ұлдай



Алматыда сүзгән Җ-дан Җ-ауданының жасгарының сүз тобы

Студенттік өмірден



Солдан оңға: Кеңес,
Бақұстар, Ораз



Хамит, Кеңес





Кеңес, Сағила



Балаларым: Светлана, Рустем, Дастан, Асқар



Әділбек, Светлана, күйеу бала Рашид,
Дариға, Азамат, Абзал, Аружан



Рустем, Гүлнәр, Әсел, Әсем, Сымбат

Туған жер. Өсірген ел. Алтын бесік. Ұшырған ұя



Дастан, Сәбина,
Маржан, Жәния



Асқар, Сәуле, Әмір, Темір


Баян елі – дарындардың кені

Өмірімнің құлын-тайдай жел қуып, желіден ұзап кетпеген кезеңдерін ата-ананың бауырында, аялы алақанында өткізсем, есейе бастаған, құнан бәйгеге қосылып құлшынған шағымды Алматыда – институтта, студенттік ізденісте өткізіп, енді міне еңбектің азаматтық арғымағына ер салып, кекілін тарап, арманымды ердің қасына іліп, келешек үмітімнің көк дөненнің тізгінін қолыма алып, балғасын солқылдата соғып жатқан өндірістің өрісіне бет алып, шебіне шеру тартқалы тұрмын. Баянауыл аулынында жаңадан ұйымдасқалы жатқан «XXI партия съезі» атындағы кеңшарға Бас агрономдыққа жолдама бұйрық алдым. Ол кезде Павлодар облысының ауылшаруашылық басқармасының бастығы – Ама-нолла Ғабдулхайұлы Рамазанов, Бақұстардың туған ағасы. Бақұстар Крас-нокутск (бұрынғы Куйбышев) ауданындағы «Октябрдің 25 жылдығы» атындағы кеңшарға Бас агрономдыққа жіберілгенін білем. Бес жылға жуық бір төсекте жатып, бір дастарханнан ас ішкен, егіз қозыдай жұбын жазбаған достар өмірдің екі айрық жолына түстік. Мені де туған інісіндей көретін Аманолла ағай мен Гүлнәз жеңгеміз жол болсын айтып, батала-рын беріп, «Боталарым (Аманолла ағай көңілі көтеріңкі, мейірі түскен кезде солай дейтін), бақыттарың жансын!» деп еңбек жолына шығарып салды.

Баянауылды естігенім болмаса, көрген жерім емес. Қазақтың жер сұлулығы жөнінде әңгіме толғаса, Баянауылдың табиғатын таңдай қағып, таңдана, тамсана айтпау мүмкін емес? Ал енді осы елде туып-өскен кімдер еді? Олар: бұрыннан тарихта аты шыққан Олжабай, Жасыбай, Малайсары, Иман Жүсіп, Жаяу Мұса батырлардан бастап Торайғыр, Шоң, Мұса Шорманов, Әулие Мәшһүр Жүсіп бастаған атақты адамдар, ал Кеңес дәуірінде Қаныш Сәтбаев, Шокин, Марғұлан бастаған 12 ака-демик, 75-80 ғылым кандидаттары бір төбе болса, өмірден қыршын кеткен Сұлтанмахмұт Торайғыров (27 жаста, бірақ тарих шыңына шығып үлгерген), абыз баба Дихан Әбілев, Халижан Бекхожин, Зейін Шашкин бастаған ақын-жазушылар, Шәкен Айманов, Қаукен Кенжетаев, Қуат, Суат Әбусейітевтер. Бұл жақсы-жайсаңдар бастаған өнер қайраткерлері армандап аңыз етіп, мақтан тұтқан, құт дарып, бақ қонған ел Баянауыл ғой! Әлемге, Кеңес одағына әйгілі осы елден түлеп ұшқан, Қазақстанның бетке ұстар, ардақ тұтар марқасқа азаматтарының біреулерімен жүзбе-жүз кездесіп, біреулерін сырттай білетінмін, соны ардақ тұтам.

Сарымайды айырғанда торта қалады, оның құнды қасиеттері мол болғанымен, кейде қылшық-қыбырсыз болмайды деген сияқты (ол әр елде, тіпті бір отбасында да кездесе беретін нәрсе ғой), Баянауылдың негізгі тұрғындары тек қазақтар болған соң ба, қазақшылықтары мол, руға бөледі, сырттан барған азаматтардың сіңісіп кетуі қиындау деп еститінбіз.

Нар тәуекел. Іске сәт деп жолға шықтық. Әуелі жаңа совхозға баратын басшыларды облыстық ауылшаруашылық басқармасына жинап, бір-бірімізбен таныстырды. Директорымыз орта жасқа келіп қалған, кеңшар көлемінде ауылдық кеңестің төрағасы, партия комитетінің хат-шысы болған, тәжірибелі, ұстамды, салмақты Секен Молдахметов де-ген азамат екен (кейін солай болып шықты да). Бас бухгалтер де орта жастағы, орнықты, орысша-қазақшаға тең жорға Тоқтабаев Мұзафар де-ген кісі (кейін де өзі туралы шешіліп ештеңе айтпады, атақты революционер, Алашорданың белді басшыларының бірі Тоқтабаевтың ұрпағы деп естігенбіз). Бас экономист елуден асқан, тәжірибелі, тоқтамы мол Әбішев Мәжікен. Бас бухгалтердің орынбасары болып қырықтарды шама-лап қалған, жұқа өңді, биязы мінезді Бексейітов Кәрібай жұмыс істейтін болып шықты. Бас зоотехник – Кәкенов Әшкен мен шамалас жас жігіт. Бас инженер Жакупов Төкен жаңа кеңшарға берілетін техникаларды қабылдауға «118 разъезд» деген теміржол станциясына кетіпті, совхозға сол жақтан бармақшы. Бас агроном – мен. Бәрімізді танысқаннан кейін, Баянауыл ауданының орталығына баратын, жолаушылар таситын автобуска отырғызды. Аудан орталығы 250 шақырымдай. Сонда қонып, таңертең аудан басшыларының қабылдауында болып, қажетті құжаттарымызды алып, бәрімізді бір автобуска мінгізіп, біздің совхоз бөлініп шығатын, ауданнан жүз шақырымдай «Шадыра» кеңшарына (кейін Қ. Сәтбаев атындағы) жөнелтті. Сонда келіп, кеңшардың директоры Исин Кенжебай деген алпысқа таяп қалған адам мен танысып, кеңшардың бірінші ке-зек күттірмейтін деректерін, құжаттарын алып, әзірше жаңа кеңшардың орталығы болады деген бірінші бөлімшеге, (бұрын Ленин атындағы кол-хоз болған), көбінесе Ленин бөлімшесі немесе Ақши деп атайды екен, соған жол тарттық. 45 шақырымдық жол. Ауыл арасының жолы. Жаңа шаруашылыққа әзірше міне тұрындар деп бір жаңа (қорапты – бор-товая) машина берді. Бәріміз соған отырып, жаңа ауыл қайдасың деп сапарға шықтық. Жазда, маусым айында күн ұзақ намаздыгер уақытында бөлімшеге (жаңа шаруашылық орталығы) жеттік. 50-60 үйі бар қазақтың ауылы (әрине, бірен-саран орыстар да қоныстанған). Кеңсенің жанына



келіп тоқтадық. Кеңсе деген жай аты ғана, әуелде бөлімшеге деп салдыра бастаған, қабырғалары ғана қалқайып тұр, тек бір бөлменің ғана төбесі жабылып, есік-терезе орнатылған, қалған үш бөлме бітпепті. Ауыл да құлақтанып отырған болса керек (ол кезде шаруашылық-бөлімше-аудан-облыс аралары күніне үш мезгіл, мерзімді уақытта рация арқылы байланысатын). Лезде, шақырмай-ақ ауыл адамдары жинала қалды. Бөлімше басшысы Вергазов Назым деген татар жігіті және төртінші бөлімшенің басшысы Төлегенов Шайхы деген азамат екен. Директор бәрімізді таныстырып өтті. Күн кешкірген уақыт және ұзақ жолда ашық машинада, шаңтозаңда болған соң, жуынып-шайынып, киім ауыстырып, жұмысты ертең бастайтын болып келістік. Таңертеңге бригадирлерді, бөлімше мамандарын, басшыларды шақыруға тапсырма берілді. Бәріміздің уақытша жататын үйлерімізді белгілеп қойыпты. Мен Жәмін деген 60-тан асқан ақсақалдың, мал дәрігерінің үйінде жататын болдым. Біздің машинамыз-ды жүргізіп келген жігіт, Ақмаш, сол кісінің баласы. Қой сойып күтіп отырған көрінеді. Келесі күні жұмысқа кірістік те кеттік.

Ертіс өлкесінен, Сілеті өңірінен түлеп ұшып, қасиетті Баян атырабында ең алғаш еңбек тұғырына қонғанымды ырым еттім. Алыс жерде, танымайтын елде тыңнан жаңа Кеңшардың шаңырағын көтеріп, отадан қордалы орда тұрғызудың салмақты, жауапкершілігін және ауыртпалығын әлі толық түсінбесем де, сезіндім. Халықтың «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген демеуіне сендім. Сонымен, Аллаһ тағала, мейірімің мен рақымыңды түсіріп, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның (с.ғ.с.) шапағатын нәсіп етегөр, Қызыр бабам желеп-жебеп жүргей, – деген тілекпен болашақтың құнанын тізгіндеп, кекілімен жалын тарап, құйрығын түйіп, еңбектің «майдан алаңы, қайдасың» деп сапарыма сәттілік тілеп, тәуекелге сенім артып, келешек жолына шықтым.

Айлар – жылдың ұланы,
Біздің әрбір жылымыз
Он екі айдан тұрады.
Он екі айда үш ай көктем бар екені белгілі,
Көктем деген – табиғаттың таңғажайып ерлігі.
Ол ерліктің даңқын ешкім қаға алмайды
шеткері, Ал жастық шақ – адамзаттың көктемі.
(М. Шаханов)


Олай болса, мен де көктем шуағы, Өмірімде сүйсінерлік
талай жақсы істер туады. – деп ойлады.

Біздің шаңырағын көтеріп, керегесін керіп, уықтарын қадап, бау-ларын тартып, босағасын бекіткелі келген «XXI партия съезі» атындағы кеңшар «Шадыра» (қазіргі Қ. Сәтбаев атындағы) кеңшары жерінің солтүстігін ала, Павлодар-Қарағанды облыстарының бір-бірімен жал-ғасқан шекарасында орналаспақшы. Бабалар бұл өңірді тарихтың егізін-дей еркелетіп: үлкен Амантау, кіші Амантау, Ақирек-Талпақ, Қызылжар-Байсан, Қарабұлақ-Белдеш, Қиыншат-Егіндібұлақ деп қосақтап атапты. Әрқайсысын тарихта көнерсе де, көзден таса етпей, трактор бригадалары, малшылар қыстақтарын қоныстандырыпты. Ал Қарабұлақта төртінші бөлімше орналасқан екен. Жаңа совхозға 500 мың гектар жалпы жер көлемін белгілеп, оның 26 мың гектары егістік. 6 трактор бригадасы бар. Бригадалардың дала қостарында қысы-жазы орыстар, басқа ұлт өкілдері тұрады. Бригадирлері: В. Канаев, В. Зайцев, В. Лобунько, М. Солнцев, т.б. бөлімшелерде (№1 және 4), негізінен, қазақтар. Жалпы тұрғындар саны 300-350-дей ғана. Қазақтарының көбі – Арғындар, – Қаржастар.

Бригадалардың әрқайсында егістік жер, оның көлеміне қарай, 15-20-дан тракторлар, комбайндар бар. Тракторлар (егістікке) тек шынжыр табанды болып келеді, ол кезде К-700 сияқты алып тракторлар жоқ. Ал жүк таситын машиналар бригадирлердің көлігі ретінде екеу-үшеу ғана. Басқа машиналар тек егіс орағына көмекке сырттан келеді. Жаңа совхозға 500-600 бас жылқы, 300-дей қара мал, 6-7 мың бас қой белгіленіпті. Міне, бары да, бәрі де – осы.

Келесі күні бөлімше басшыларымен, мамандарымен және бригадирлермен танысып, өзіміздің аты-жөнімізді айтып, өндіріс жағдайларын көзімізбен көріп қайтатын болып тарастық. Енді жұмыс орындары-мызды белгіледік. Бөлімшедегі бір бөлмеге бөлімше басшысының өзі қалдырдық. Бұрын әкелініп қойылған киіз үйлер бар екен, соларды тіктіріп, біреуіне – директор, екіншісіне – партия ұйымының хатшысы, бір киіз үйге бас мамандар болып екі-екіден орналастық. Күзге дейін тағы бөлмелер қосып, бөлімшенің бітпей тұрған кеңсе үйінің құрылысын аяқтауды ұйғардық. Бөлімшеде сегіз жылдық мектеп жұмыс істейді, оның өзі бір қабатты жатақхана үйінде орналасқан (бұрын 60 орындық типтік жатақханалар болатын), соған қарамастан, екі ауыспалы кезекпен оқиды.

2-3 күннен кейін болашақ партком хатшысы болады деп аудан жіберген тәжірибелі, ширақ (денесі де, мінезі де) Жүсіпов Әйтім деген қырықтар шамасындағы жігіт келді. Қатарымызға бас инженер Жақыпов Төкен келіп қосылды. Қарапайым, тракторшыдан көтерілген, тәжірибелі, қолынан да, тілінен де іс келетін, ол да қырықтағы азамат. Бас құрылысшы



да сол шамадағы Пасько деген орыс жігіті, өз ісін жақсы білетін, мінезі салмақты, мәдениетті адам. Бас мал дәрігері болып жасы бізбен шамалас, бірақ біраз жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап үлгерген Әлкебаев Әди деген жігіт келіп қатарымызды толықтырды. Мінезі орнықты, етек-жеңі жинақы, жұмысқа ширақ. Сөйтіп, жаңа совхоздың жұмыс орындары, мамандары қалыптасып, тұрақты, жүйелі қызмет атқара бастадық.

Екі-үш жылдың ішінде совхозымыздың іргесі қаланып, бұғанасы қатып, техникалық жабдықталуы нығайып, өндірістік, экономикалық көрсеткіштері оңалуға бет бұрды. Совхоздың орталығын бригадаларға тең қашықтықта болсын деп тұрған бөлімшеден 12 шақырым Ұзынбұлақ деген тың жерге, бұлақтың басына көшірдік. Совхозда тұрғын үй, өндірістік, мәдени-тұрмыстық орындар, мекемелер бой көтере бастады. Совхозымыз аудандағы астық өндіретін ең ірі шаруашылыққа айналды. Егіс көлемі 28-30 мың гектарға жетті. Дегенмен топырақтың құнарлығы төмендеу, бонитеті 23-25-тің мөлшерінде ғана. Павлодар облысының астықты аудандарында тың игерудің басталуы 1954-1956 жылдар болса, Баянауылдың жер жағдайына, топырақ құнарлылығының төмендігіне байланысты, тың жерлерді игеру науқаны 1957-1959 жылдары ғана қолға алынған. Тек 1959 жылдың өзінде біздің «XXI партия съезі» совхозымен бір мезгілде қатарлас тағы да «Степной», «Комсо-мольск» совхоздары шаңырақ көтерді. Егер де, егістікке шаруашылық, экономикалық тиімділік тұрғыда қараса, Баянауыл ауданы негізінен, мал шаруашылығына ыңғайлы. Әрине, 15 совхоздың 7-8-ін де 5-6 мың гектардан егістік алқаптары бар, оның өнімділігінің өзі жаңбырға байланысты. Біздің совхоз шалғайда Қарағанды облысымен шекаралас. Аудан орталығынан 150 шақырымдай, ал астық тапсыратын Екібастұз қаласынан 250 шақырым, құрылыс заттарын, техникалық жабдықтарды таситын «118 разъезд» станциясынан 280 шақырым. Жанаржағар майды алатын «Қалқаман» станциясы 300 шақырым, облыс орталығына 400 шақырымға жуық қашықтықта. Міне, осының бәрі жүк тасымалдауға көп қиындық туғызды. Шалғай жатқан шаруашылық болған соң меха-низатор, құрылысшылар, егін орған кезде қырманға жұмыс істейтін адамдар сырттан келеді, олар (ол кезде өзі көтеріп төгетін машина – са-мосвал жоқ), комбайннан қырманға келген астықтарды қорапты машина-лардан қолмен – күрекпен түсіретін. Егін орағы кезінде екі-үш ай бойы кеңшарға келетіндер орта есеппен 450-500 адам (трактористер, комбайнерлер, кәсіби оқу орындарынан курсанттар, қырманда жұмыс істеуге Павлодар, Екібастұздан жіберілетін студенттер, мекеме қызметкерлері,

т.б.), солардың бәрінің жатар орындары, ішер тамағы да – совхоз басшыларының, мамандарының негізгі жұмыстарының бір саласы. Кеңшардың ауыртпалығы сан алуан. Науқанды жұмыстардың бірі мемлекетке астық тапсыру, оны совхоздан 250 шақырым Екібастұз элеваторына жеткізу қажет. Ой-шұқыры көп кездесетін даланың дал-дал жолы. Элеваторға орташа есеппен егіннің шығымына байланысты 10-15 мың тонна астықты 2-3 айда тасып бітіру қажет, әйтпесе, қыста тасу мүмкін емес, далада, ашық қар астында, бригадада сақтау қиын. Сондықтан да астықты дер кезінде тапсырып үлгіру облыстың мүмкіндігіне байланысты. Өйткені ол кезде басқа аудандарда да астық жинау науқаны жүріп жатады. Совхозға сырттан 150-200 автомашина көмекке келеді. Ол кездегі машиналар да Газ, Зил маркалы 2-3 тонналық ғана. Обалы нешік, жолдың ауыртпалығына және қашықтығына қарамай жүргізушілер тәу-лігіне қатынап, жолда ұйықтап, біраз бейнет көреді. Ал кейде қырман ба-сына топтап келіп қалғанда, астық артатын машиналар (зернопогрузчик) жетіспейді және қуаты да нашар, бір машинаға астықты жарты сағат артады, кезек күтіп тұрып қалу өте жиі. Бірде таңертең сағат алтының мөлшері, бірінші бөлімшеге, орталық қырманға барсам, астық таситын машиналар иіріліп қалыпты. Жүргізушілер түнде жолда демалып, ерте-рек келген болуы керек. Астықты артып үлгіре алмай жатырмыз. Өзім де ренжіп тұр едім, жаныма бір қара волга тоқтай қалды. Екі адам түсіп ма-ған қарай жүрді. Біреуі – біздің совхозға бекітілген, сол кездегі Ауылша-руашылық обкомының (ол кезде, 1963 жыл – Н.С. Хрущевтің нұсқауымен обкомпартия: өндірістік және ауылшаруашылық болып екіге бөлінген) бірінші хатшысы Қабдуалиев Зекен, екіншісін өлкелік комитеттің өкілі деп таныстырды, фамилиясы есімде жоқ. Орта бойлы, толықша келген қазақ. Келген бойда амандық-саулық жоқ, тіксіне: «Мына машиналар неге иіріліп тұр?», – деді орысшалап. Оның өктемдігі мен өркөкіректігі менің көңіліме дық ете түсті, бірақ өзімді өзім ұстап: «Жол алыс, жүргізушілер жолда дем алған болуы керек», – дедім. Өлгі дөкейім, бас жоқ-аяқ жоқ, Зекеңе: «Мынандай агрономды жұмыстан шығару керек», – деп салғаны. Өзім де теріме сыймай тырсылдап тұрғанмын, жарылып кеттім: «Кет осы арадан, ауылшаруашылық өндірісінен хабарың жоқ. Мені сен қойған жоқсың. Не сандырақтап тұрсың?» – дедім. Ондай жау-ап, тойтарыс күтпеген әлгі өкіліміз: «Әй, мынау не дейді?» – деп қайталай берді. Мен де өкшелеп қоймай: «Не естіп тұрсаң – сол, сені өкіл екен деп абыройыңды қоқитуға баспалдақ бола алмаймын, мына халықпен жұмыс істейтін сен емес, менмін», – деп, қолыма ұстаған ағаш күрегімді

білеп жақындай түсіп едім (әрине, ұрмаймын ғой), сескендіме, машинаға қарай шегіншектеді де, Зекеңе: «Кеттік», - деді. Зекең маған не «бұрыс», не «дұрыс» деген жоқ. Түстен кейін орталыққа келсем, екі уәкіл де кетіп қалыпты, директор мен парторг «өлкенің өкілін өкпелетіп жіберіпсің ғой», - деп күледі. Мен: «Көптің алдында дәкейлігін көрсеткісі келетін дәрекілерге мен баспалдақ бола алмаймын, қызмет бабындағы дәрежеміз әр сатыда болғанымен, азаматтық дәрежеміз бірдей», - дедім.

Сол 1963 жылы өте қатты қуаңшылық болды. Бір гектар егістіктен 50-60 кг болса да, егін орағын тоқтатпандар деп қысып, талап етіп жат-ты. Сол қуаңшылыққа қарамай, біздің совхозда астық бір сыдырғы жақсы шықты. Бір күні арнайы самолетпен облыстық атқару комитетінің төрағасы Жақыпбек Жанғозин ұшып келді. Қырманда тау-тау болып үйіліп жатқан астықты көріп, риза болып, директор екеуімізді қолтықтап: «Әй, Жұманың балалары (сыновья пятницы), жұмыс істей білетіндіктеріңді осылай көрсетіңдер», – деп облыстан қосымша машиналар көмектестіріп, астық тиегіш (зернопогрузчик) машиналар көмекке жіберетінін айтты. Жақаң екі сөйлемейтін адам, біз де арқаланып, көтеріліп қалдық.

Мінезінді шыңдап, тілінді қайрап алу, жас маманға, анда-санда қажет те шығар. Менің олай өткір де батыл кесіп те, тесіп те сөйлейтінім – мен жұмысқа жан-тәніммен беріліп (фанатик), бел шешіп, білек сыбанып істейтінмін. Сондықтан әділетсіз кемістіруге төзімсізбін. Директордың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасарымын. Біреу бір мәселемен келе қалса, совхоз көлеміндегі қандай өтініш болсын, сүйретпеге салмай, доп-ша ерсілі-қарсылы домалатпай, барын – бар, жоғын – жоқ деп шешіп айтатынмын. Сосын әділ болуға тырыстым. Әділ болған соң пікірімді тік қарап, тура айтамын. Шешімділік, әділдік – менің өмірлік қағидаларымның өзегі, болмаса, солай қалыптастыруға тырыстым. Жұмыста өзім – би, өзім – төре – ешкім жетелеп жұмыс істеткен жоқ. Менің қағидам – неге біреу менің істейтін жұмысыма түрткі, итермелеуші болуы керек? Ондай жағдайға түссем менің әлсіздігім, қабілетсіздігім. Сондықтан да болуы керек, совхоздың басшы мамандары, еңбек адамдары арасында, Құдайға шүкір, беделді болдым, айтқаным аяқсыз қалып көрген жоқ.

Мен сүйретпеге салмай, әлімнен келмейтінді, жоқты – жоқ деп ашып айтсам, ол да – мәселені шешкенің деп ойлайтынмын. Науқанды егіс, әсіресе орақ кездерінде таңғы төртте кетіп, түнгі 11-12-де бірақ оралатын тірлік. Күніне барлық бригадаларды аралап, жұмыс сапаларын тексеріп, қырманға барып, т.б. жұмыстар, күнде 200-250 шақырым жүріп қатты қалжырайтынмын, кейде рульде қалғып, жол шетіне шығып

ұйықтап алам. Жүргізушім менің жұмыс кестеме шыдай алмайтын, оны түске дейін дем алдырып, қалдырып кетем немесе белгілі бір бригадада күтуін тапсыратын едім. Мен агрегаттардың жұмыс сапасын еш уақытта танаптың шетінде тексермеймін, машинамен (газ 69) бір бұрыштан кіріп, қиғаштап (по диагонали) жүріп шығамын, өйткені кейбір құлар танапқа тереңдеп кірген соң агрегаттарын сәл көтеріп, жеделдетіп кетеді. Ондай сапасыздыққа жол бергендерді ұстасам, жұмыстарын қайта жасатып, озаттары болса, қызыл жалаушаны жұлып алып, кешке, түсте механизаторлар жиналған кезде осы кемшіліктерді не өзім, не бригадир көпшілікке жеткіземіз. Екі-үш рет солай жасағанды естісе, трактористер, комбайнерлер түгел түзеліп кетпегенімен, мұндай келеңсіздіктерден бой тартатын. Мен бригадаға барғанда жұмысты асханадан, жатақханадан ба-стаймын. Өйткені, егістік басында механизаторлардың, жұмысшылардың тамақ, жатар орыннан басқа айтарлары болмайды. Бәрі жақсы болса, жұмыс талап етуің де өтімді. Ылғи егісте жүрген соң, кешке қарай үйге шаң-тозаң болып келемін ғой. Үйге елден қонаққа келіп жатқан шешей Сағиладан сұрайтын көрінеді: «Кеңесжанның он бес жыл оқыған оқуы осы ма? Біздің елде оқымай-ақ бригадир болып жүргендер бар», – деп. Әр адамның өзінің бір дағдысы болады. Мен үсті-басым қаншама шаң-тозаң болса да, ауылға жақындағанда сырт киімдерімді қағып, аяғымдағы керзі етігімді қоншыма салып жүретін шұғамен жып-жылтыр етіп тазалайтын-мын және ол тұрақты дағдыға айналған. Кеңсеге келгенде кейбіреулер күледі: «Кеңес, сен егіске барғанда етігіңді шешіп машинаға қалдырып, жалаңаяқ жүресің бе?» – деп. Дағды. Мен басқа киімді сәндеп кимесем де, аяқ киімімді ерекше күтетінмін, әлі де солай. Мүмкін бала кезімде: «дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды», - деген нақыл сөздің санаға сіңіп кеткені де.

Іргесі жаңа көтеріліп келе жатқан кеңшардың сала-салаларында шешілмей жатқан түйіндердің көп болуы заңдылық. Оның негізгілері: кеңшардың қиыр шетте орналасуы, кеңшарға келетін техника, жүктерді қабылдайтын, жанар-жағар май босататын қоймалардың, құрылыс жабдықтарын қабылдайтын темір жол станцияларының алыстығы (250-300 шақырым), осыншама жүкті таситын кеңшардың аралығындағы тоз-тоз, ішкен асыңды бойыңа тез сіңдіріп, ойыңды жинақтауға мұрша бермейтін ой-шұқыры мол дала жолдары, аудан-облыс орталықтарының алыстығы – міне, осының бәрі совхозға тұрақты қоныстануға келемін де-гендерге күдіктің көлеңкесін түсіріп, сескендіріп, механизатор, жұмысшы кадрлардың келуіне жетімсіздігіне елеулі әсерлерін тигізді. Өсіресе, сол

жылдары қыс тым қаһарлы, боранды, аязды болғаны есімде. Жаңадан келген адамдарға кері әсерін тигізбей де қойған жоқ.

Жолдың ауыртпалығы сондай, қыста, боранды күндері шынжыр табанды тракторға тіркелген үлкен шана, оның үстіне темірден, тақтайдан жасалған ішінде темір пеші бар күрке үйшік орнатылады (5-6 адамға). Ал шанаға ауыр темірден жасалған үшбұрышталған қардан жолды тазалағыш тіркеледі. Боранның қаттылығы сондай, кейде еріп келе жатқан машиналарға ілесу қиын. Өйткені қар тазалағыштың ізін лезде сырғыма қар толтырып тастап отырады. Ұзап кеткен трактор тіркемелерін ағытып тастап, қайтадан келіп машиналарды сүйретіп шығарады. Міне, осын-дай әурешілікпен облыс, ауданнан келе жатқан жүк тасушылар 45-50 шақырым «Шадыра» совхозынан далада кейде бір, кейде екі рет қонып, хабарсыз қалып, зорға жететін. Рация, не басқа байланыс жоқ.

1962 жыл. сәуір айының ортасы. Қар еріп, өзен-сайлардан су сарқырап ағып жатыр, жер-дүние телегей теңіз. Тоң жібіп, жер иіп, былқылдап жатқан кез. Бірақ, шаруашылық қажеттері уақытпен, мүмкіндікпен санаспайды. Біз «Қалқаман» элеваторынан үш машина тұқымдық бидай, үш бензевоз солярка (жанар-жағармай), жанармай алып келе жатырмыз (300 шақырым), жолда Майқайың алтын кенішіне соғып, сонда оқып жатқан 14 оқушыны жазғытұрғы демалысқа елге ала кеттік. Жол қысқартып, өзен тасығанша қатқақпен өтіп кетуді көздеп «Жаңажол» совхозына келіп қондық. Барлығымыз – 20-дан астам адамбыз. Кешке совхоз директоры Төлеубеков Қапен ағайға жолығып, Қалимаш жеңгейдің соғымынан қысқы сыбағамызды жеп (екеуі де біздің совхоздың тумалары еді), таңғы қатқақпен кетпекші болып, бізді шығарып салуға екі шын-жыр табанды трактор сұрап алдық. Біздің шекаралас төртінші ферма-мыз Жаңажолдан 80-90 шақырымдай жерде. Таңертең тұрсақ, сең жүріп, өзеннің суы арнасына дейін көтеріліп кетіпті. 20-дан астам адам қайда сиямыз, не де болса, тәуекел деп, әупірімдеп жүріп, зорға дегенде өзеннен өттік. Содан совхоздан шыға батпақтай бастадық. Әйтеуір екі трактор батып қалған машиналарды кезек-кезек сүйреп, кеш батқанша совхоздан 10-15 шақырымдай ғана ұзадық. Жолда екі отар қой бағып отырған шо-пандар бар екен. Күй таңдайтын жағдай бар ма, соларға түнеп, өзіміздің, балалардың жолға алған тамақтарын үнемдеп ішіп, жарты құрсақтанып алдық. Түнде жүру мүмкін емес, таң сәріден тағы да жолға шықтық. Жер тобарсығанымен қатпапаты, тағы да жол азабы. Машиналар шұбырып жүре алмайды. Әрқайсы қыраттан жол іздеп, әр жерде батып қалады. Оларды теріп алғанша уақыт өтеді. Екінші күні ел жоқ далада қондық.

Жобалауымыз бойынша, бөлімшеге 20-30 шақырымдай жер бар. Жол жоқ, тың жермен жобалап, төтелеп жүріп келеміз. Қалған тамақтарымызды жеп тауыстық. Қазақтың «тоңсаң от жақ, қорықсаң от жақ, қарының ашса от жақ» дегеніндей, бензин мен соляркамыз мол (үш бензовоз ғой), түнде балаларды кабиналарға сиғызып, үлкендер от жағып жылынып, астық тасыған машиналардың үстіне шығып демаламыз. Үшінші күн бастал-ды. Әйтеуір «Жаңажол» совхозының трактористері Құдай деген адамдар екен, бізді тастап кетпеді. Олар кетсе, біздің қозғалуға да мұршамыз жоқ. Жағдайымыз кешегідей. Балалардың қарны ашты, қыңқылдай бастады. Әйтеуір су мол. Түске таман бір жерге жиналып, қалақты темір күрекке солидол салып, соған бидай қуырып жедік. Кешкілікке де дайындадық. Жобалауымызша, бөлімшеге 10-15 шақырымдай қалған сияқты. Күн батты, бірақ не де болса жылжи берейік деп шештім. Жүруден батпақта тұруымыз көп, бірақ та ілгерілеп ілбудеміз. Түн ортасы ауа алдымыз-дан жарық көрінді. Олар да, біз де шамдарымызды жыпылықтатып, көргендерімізді сездірдік. Үш күннен бері хабар болмаған соң, совхоз аралық рациямен білген ғой, совхоздың директоры, партия ұйымының хатшысы, Төртінші бөлімшеге келіп, алдымыздан бізді іздетіп, 4 шын-жыртабанды трактор шығарыпты. Содан 6 трактор 6 машинаны тіркеп алып, таң ата бөлімшенің орталығына жеткізді. Монша жақтырып, үш үйге тамақ дайындатып қойғанына қуандық. Етке тойып, есіміз кіре ба-стады. Мен кеңшардағы жол қатынастарының ауыртпалығын бір-екі көріністерін ғана айтып жатырмын. Бізде ондай эпизодтар көп сериялы болып келетін-ді. Оқыған кейбіреулер мұның бәрін несіне жазып жатыр деуі мүмкін. Мұны осындай ауыртпалықтарды басынан кешірген адам-дар ғана түсінеді. Сондай ауыртпашылықтарды көрген адамдар, маман-дар тез есейіп, тез тәжірибе жинақтап, тез шыңдала ма деп ойлаймын. Кейбіреулердің қой мен шошқаны айыра алмай, биеде, сиырда неше емшек бар екенін біле алмай жүріп, ауылшаруашылығын басқарған «данышпандықтарына» таң қаламын... Өмірді көрмей-ақ іштен біліп туған сирек «зеректік».

Міне, осылай елден елге, үйден үйге көшіп жүріп, еңбек жолына түстік. Қатардан қалмауға тырыстық. Өмір тәлімін, еңбек тәжірибесін жинақтай бастадым. Өндірістік, тұрмыстық ауыртпашылықтар адам-ды тез шынықтырып, шындай түсетінін білдім. Кейбіреулердің бөріміз де сондай совхоздарда қызмет істегенбіз деп ойлауы мүмкін. Жоқ, атта-ры, бағыттары бір болғанымен, табиғи ерекшеліктері оларды жік-жікке бөліп, жұмыс дәрежелері бір болғанымен, мүшелеп бөлгенде біреуге

майлы жілік, біреуге қары жілік (кәрі жілік) тиетін көрінеді. Мен кейінде Торғай облысының Октябрь аудандық партия комитетіне екінші хат-шы болып барғанымда олардың совхоздарындағы өндірістік (тұрмысты былай қойғанда) жағдайларын, мүмкіндіктерін көргенде, әсіресе, мал қораларын, олардың жем-шөптерін көргенімде таң қалғанымды сөзбен айтып жеткізу қиын. Біздің совхоздардың да, тіпті аудан көлеміндегі салыстырмалы мүмкіндіктері әр түрлі емес пе?

Ондай ала-құлалықты жоғарғы жақтағы басшылар кадрді жиі ауыстырумен толықтырып келеді. Кеңшар бригада емес, оған жылдар ке-рек. Әрине, қабілетсіздердің жөні басқа. Сондай ауыртпалықтардың кейбіреулерінің әсері болуы керек, мен совхозда жұмыс істеген бес жыл-да төрт директор, партия ұйымының үш хатшысы, үш бас инженер, үш зоотехник, екі бас бухгалтер және т.б. ауысып, олардың орындарына жаңа адамдар келіп, әрбір қызметкер, маман кеңшар өмірімен, өндірісімен жаңа танысып, жұмысқа кірісе бастағандарында не өздерінің өтінішімен, не жоғары жақтың ұйғарымымен қайтадан басқа жаққа жұмыс ауысты-рып жатты.

Алғашқы директорымыз Молдахметов Секен, жоғарыда таны-стырып кеттім, сабырлы, сақ, елтең-селтеңі жоқ іскер адам болатын. Денсаулығына байланысты (солай деп түсіндірген) деп өз өтініші бой-ынша қызметінен босатты. Одан кейінгі басшымыз Көлбаев Хамит орта жастағы, бұрын партия, кеңес жұмыстарында істеген, тәжірибесі мол-ды. Бірақ өте кішіпейіл, ақкөңіл кісі болатын, оған орыс-қазағының бәрі туыс, бәрі бауыр және жұрттың бәрі солай түсінеді деп есептейтінін қайтерсін.

Ал шаруашылықта мінез-құлқы әр түрлі көп ұлт өкілдері тұратын. Оларға тізгінді тегеурінді ұстап, анда-санда ауыздықты егей тартпасаң, бас асаулықтары да бар. Ол кісі де денсаулығына байланысты өз өтінішімен жұмыстан кетті. Одан кейін директор болып келген басшы – бұрын Қашыр ауданының совхозында бас маман, кейіннен Федоров атындағы совхозда директор болып жұмыс істеген Асайынов Зекен де-ген, жас мөлшері қырықтан асқан тәжірибелі адам. Бірақ ол азамат та бір жылдан аса ғана жұмыс істеп, сұранып кетіп қалды. Төртінші директор болып Төлеубеков Қапен келді. Шамасы, жұмыстың ауырлығын, елдің, жердің шалғайлығын ескеріп, өз елі деп шешкен-ау. Сол елде туып-өскен, ауылда бастауыш мектеп қана болғандықтан, он жылдықты Қарағандыда бітірген. Әкесі бар болса да, соғыс жылдарының ауыртпалықтарының біразын бастан кешіріп, таршылықтың дәмін мол татқан. Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік Ауылшаруашылық институтының агрофагін

екінші курсынан бастап, бітіргенше Сталиндік степендиант болып, үздік бітіргені жадымда. Бітірген соң Баянауылға келіп, аудандық атқару комитетінде ауылшаруашылық бөлімінде бас маман, бастығы болып, кейін жаңа ұйымдасқан «Жаңажол» деген кеңшарында директор болып, содан Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, абыроймен қызмет істеп жүрген жерінен «өз елің, өз жерің, енді со-ларды көтеруге көмектес» деп біздің совхозға директор етіп жіберіпті. Кейде облыс, аудан басшыларында ондай шолақ саясаттар бола беретін-ді. Өз елінде біреуі – жиен, біреуі – нағашы, енді біреулері – туысқандар, әсіресе таққа отырғанда туыстар да, жанашырлар да көбейіп кетеді ғой және бірінен бірі қызғанып, өсек пен өтіріктің көрігіне көмірін аямай салып, қыздыра түсетіндері де қаншама. Сондықтан сол кезде 34-35 жастағы жас жігітке алдымен туысқандары жұмысына кедергі, адымына тұсау, өре салуы мүмкін деп қауіптендім. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Тура сөйлесең, туғаныңа да жақпайсың», – деген дана сөздеріне сай болса деп ойлады. Ал қазақтарда ондай таразыны тең ұстау өте қиын, күрмеуі көп ұғым. Бұрын көрші кеңшарда болғанында араласып, танысқанымызда, жұмысқа жан-тәнімен беріле істейтін, адал, әділ, тегеурінді басшы деп еститінбіз. Қалимаш деген жұбайыда сабырлы, салмақты, кісіге мейірін төгіп тұратын, жаны жомарт, дастарханы дархан, елге сыйлы, ерінің дәрежесіне көлеңке түсірмей көп көмек көрсеткен аяулы ана, асыл жар еді. Кейін бақилық болды. Мен Қапекеңмен 7-8 ай ғана қызметтес болып, содан кейін ауданға жұмыс ауыстырдым. Бірақ осы күнге дейін сыйластық қарым-қатынасымыз толастаған да, тоқыраған да жоқ. Қапен Төлеубекұлы артқан сенімді ақтады. Алты жылдай қызмет істеп, егін, мал шаруашылықтарын өркендетіп, құрылысты қарқынды жүргізіп, көп еңбек сіңірді.

Совхоздың партия ұйымының алғашқы хатшысы болып Әйтім Жүсіпов аудандық партия, Кеңес орындарында ұзақ жыл бойы қызмет атқарған еті тірі, пікірі жинақы, жолдастыққа да, жұмысқа да адал, адамға қамқорлық жасауға бейім тұратын-ды. Кеңшардың жаңа орталығына көшкенде ол маған: «Әлі отбасын жоқ, жалғыз тұру қызметіңе әсерін тигізеді», - деп, менің сыпайыгершілік көрсеткеніме көнбей өз үйіне жатқызды. Әйелі тетя Зоя (солай атап кеттік) екеуі – бірі туған аға, екіншісі туған жеңгедей сыйластығымыз да, сырластығымыз да үйлесімін тапты. Сансызбай деген ұлдары, Майра деген қыздары бол-ды. Қазір олар да үлкен азаматтар. Мені өз қолдарынан үйлендірді. Кейін ол кісілер қызмет бабымен ауданға ауысып кеткен соң, совхоз партия

ұйымын басқаруға Абдиров Қабылқақ тағайындалды. Қабаң ақкөңіл, қалбалақтаған кең мінезді, арамдығы жоқ, кешірімшіл адам болатын. Қабаңнан кейін келген Дерновой Николай менімен жасты, жинақы, арнайы орта білімі бар, жұмысты беріліп істейтін ашық мінезді азамат. Ортақ тіл табысып жұмыс істедік. Өйтсе де, орын алған бір-екі жағдай әлі де есімде. 1963 жылы Республика бойынша қуаңшылық болып, егін жөнді шықпай, егін болмаған соң, облыс сырттан келетін механизатор, жұмыс адамдарын да аз бөліп, егін оруға таяу қалса да, дайындық на-шар болды. Біздің совхозда егін бір сыдырғы жақсы шыққан-ды. Директор демалыста. Мазам кетіп жүрген кез. Партия ұйымының хатшысы Дерновойға бекітіліп берген Газ-69 жеңіл машина бар, өзі ескі, жүруінен тұруы көп, сондықтан тұрақты орыны техника жөндеу шеберханасы. Басқа жүк таситын машиналардың біріне мініп, мен бір жағына кеткенде, сен екінші жағынан қолқабыс тигізіп, айғайшы болып жүр десем, ол машиналарға мінгісі келмейді. Бір күні мен өктем кеттім, менің құқым жоқ болса да, жанталастың әсері ғой. Бюро мүшесі болатынмын. Келдім де: «Кеңсеге жиналайық, партком отырысын өткіземіз», – дедім. Ол маған: «Сенің партком отырысын шақыратын қандай құқың бар және қандай мәселе қаратпақшысың?» – деді. Мен: «Сенің партиялық ұйымдастыру мәселесімен айналыспайтыныңды қараймыз», – дедім. Ол одан бетер шамданып, тас-талқан болды. Бармады.

Мен партком мүшелерін жинап, күтіп едік – келмеді. Таңертең ерте ауданға кетіп қалыпты. Онда кімге жолығып, не шағым айтқанын білмеймін, өзі де үндеген жоқ, ауданнан да ешқандай сыбыс естілмеді. Бірақ екеуіміз де өкпелеген де, кектескен де емеспіз. Ештеме болмағандай өз жұмыстарымызды істей бердік. Екінші бір жағдай, 1964 жылдың қазан айының 13-і күні, әрбір дүйсенбі сайын өтетін саяси сабақ үстінде мен қисая тартып, тереңге кетіп, Н.С. Хрущевтің әлемдік коммунистік партияларға көлеңке түсіріп, социализмнің негізін (фундаментін) шайқалтып, енді елдің экономикасын құлдыратып, оның ішінде саяси эрозияға ұшыратып отырғанын айттым. Ол кезде партия ұйымдары об-ком көлемінде екіге: өндірістік және ауылшаруашылық деп бөлінгенін айтқанмын, райкомдарды аудандық ауылшаруашылығының органдары-на бағындырып және т.б. «жаңалықтар» енгізіп жатқан кезең. Әрине, ондай жерде шешімді түйін бола ма, біреулері мені, біреулері партком хатшысын қолдап тарқастық. Бәріміздікі де бос даурықпа, бізбен кім ақылдасып, пікір сұрап жатыр? Таңертең 14 қазан (әлі есімде қалыпты) сағат 6.00-де радионы қоссам, кеше орталық комитеттің пленумі өтіп,

онда Хрущевтің өз өтініші бойынша КПСС орталық комитетінің Бас хатшысы қызметінен кеткенін айтып жатыр екен. Тегін емес екенін сезе қойдым. Өйткені, қараша айында Хрущев 70 жасқа толатын-ды, ал бәрі дұрыс болса, неге пленумды қарашада өткізіп, 70 жасқа толған торқалы тойын тойлап шығарып салмайды? Екі қабатты үйдің үстіңгі қабатында көрші тұратынбыз, жоғалтқанымды тапқандай қуанып, жүгіріп барып Николайдың үйінің есігін қақтым. Есікті ашқан оған: «поздравляю тебя со снятием Н.С. Хрущева с должности Генсека!» – деп едім, сасып қалды ғой деймін: «ты не болтай», – деді. Мен де үлесімді жіберемін бе, оған: «Я не болтаю, он заболтался. Теперь иди, слушай радио», – деп кетіп қалдым.

Қазақтың «жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді» дегені осы шығар деп күлдім. Совхозда бас мал дәрігері болып Әлкебаев Әди деген жігіт істеді. Өзі де, әйелі Рахима (мұғалім) да мінездері тұрақты, жұғымды, жел сөзге әуестіктері жоқ азаматтар. Кейін Әди Қ.Сәтбаев атындағы совхозға директор, Екібастұз ауданының ауылшаруашылық басқармасының бастығы болды. Қарым-қатынасымыз әлі (елу жыл бол-са да) үзілген жоқ. Совхоз директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары болып сол кезде елудің ішіндегі, Краснокутск ауданынан келген Билялов Зекен деген кісі қызмет атқарды. Оның жұмыс, тұрмыс тәсілдері өзіндік ерекшеліктерге толы. Орта ғана білімі бар, бірақ өзі де, сөзі де, ісі де өктем, өтімді. Совхозда кейде не директор, не мен бол-май қалсам, бас мамандарды жинап алып, күнделікті өндірістік тап-сырмаларды беріп жататын. Әрине, дәреже бойынша, бас мамандар ол кісіге бағынышты емес, бірақ бәрі сыйлайтын, айтқанын тыңдайтын. Ол үйдегі жеңгіміз де бірбеткей, қатаң кісі. Совхоздың бухгалтері. Мінезі салмақты, жұмысқа мығым, көп сөйлемейтін, тұйық адам. Жасыратыны жоқ, басқаларды былай қойғанда, төрт жыл бойы есігіміз бен есігіміз бір-біріне қарсы көрші тұрсақ та, сол кісінің есімін білмей кеттік. Кеңшарда бәріміз «Жеңгей» деп атайтынбыз. Бір жылы жеңгей босанғаннан кейінгі демалыстан соң жұмыс орынын қысқартып, жұмыстан шығарыпты. Содан 5-6 ай бос жүріпті, облысқа, ауданға ізденсе, олар да созбалап, мәселені шеше қоймайды. Содан жеңгей 1921 жылы қабылданған Үкімет қаулысын қосып (онда туылған бала бір жасқа толғанынша, емшекте ба-ласы бар ананы жұмыстан шығаруға болмайды деп жазылған), дүниежүзі әйелдер конгресінің төрайымы космонавт Валентина Терешковаға жедел-хат жолдайды. Ол кісіден облысқа, көшірмесі жеңгейге жауап келіп, үш күннің ішінде қарап, қорытындысын хабарлаңдар дейді. Содан кеңшар

директорына тапсырма келіп, жеңгейді жұмысқа орналастыруға бұйрық беріп және жұмыссыз айларының ақшасын ал деп кеңсеге шақыртса, жеңгей өздері үйге әкеліп берсін деп бармайды және солай жасатады да.

Сол кезде балалары бес-алтау. Бәрі жас. Сағилаға айтатын көрінеді: таңертең жұмысқа кетерде қазақша столды жайып, әрқайсының тамағын жеке-жеке стол үстіне қойып кетемін деп. Зекең жыл сайын күзде бір жас мөлшеріндегі ақ тайыншаны сойып, бітеудей терісімен үйтіп ала-ды. Бір сирағын (төрттен бірін) бізге береді. Мен малды дәл солай сапа-лы ұқсатуды осы жасқа келгенше басқа ешкімнен көрген жоқпын. Өмір тәжірибесінің молдығы, еңбекқорлығы ғой.

Совхоздың Бас бухгалтері Тоқтабаев Мұзафар – орта жастағы, орысша-қазақша жақсы сөйлейтін, кітапты көп оқитын, жұмысына мығым кісі. Жеңгеміз Орынтай да көзі ашық, мінезі салмақты, пікірін ашық айтатын әйел. Мұзекең арамдығы жоқ, аңқаулау. Бір қызық, күлкілі жағдайын айта кетейін. Қызмет бабымен ауданға барып, сонда тұратын Ғаббас деген балдызының үйіне қонады. Жездесі келгеннен соң жақсылап күткен болуы керек. Түннің бір уағында Мұзекең далаға шығады. Себе-леп ақ жаңбыр жауып тұр. Қайтадан үйге кіріп келе жатса, қараңғы ауыз үйде біреу Мұзекеңнің қолынан түрткендей болады. Е, үйге ұры кіріп, кетіп маған осы жерде тұр деген екен деп тұра қалады. Бірсыпыра уақыт өтеді. Ақырын шынтағымен түртіп көрсе, анау да түртеді. Содан тұра-тұра қалжырайды. Бір кезде енді не болса да деп, бар дауысымен «Орын-тай!» (әйелі) деп айғай салып, төр үйге бірақ секіреді. Үйдегілер шо-шып, не болды десіп, электр жарығын қосып, жүгіріп шықса, Мұзекең: «Үйде ұры жүр», – дейді. Тексерсе, бөтен ешкім де жоқ. Сөйтсе, түнде біреу далаға бірезенттен тігілген шекпенді киіп шығыпты да, жаңбырдан қауқылдап ісінген шекпенді босағаға іліп қойыпты. Соның жеңі екен бәрін шошытқан. Суға бөрткен жең Мұзекең шынтағымен түртсе, ілгері-кейін серпіліп тұрған. Мінеки, аңқаулықтың, ақкөңілділіктің осын-дай да оқиғалары бола береді екен. Мұзекеңнен кейін бас бухгалтер бо-лып келген Белых Вениамин. Ол да жұмысын жақсы білетін, мінезі бір доғал, елтең-селтеңсіз. Кейбір жұмыс тәсілдері қызық та, құнды да. Ай сайынғы қорытынды есептерін тапсырмаған кейбір бөлімше, өндірістік буын басқарушыларының, тіпті кейде бас мамандардың еңбекақы ала-тын тізіміне ерекше белгі қойып қояды да, олар еңбекақысын ала ал-майды. Бас бухгалтерге барса, ол айғай-шусыз: «Сіз өткен айда жұмыс істемегенсіз», – дейді. Ал арызданушылар таңдана шамданып: «Неге олай дейсің?» – десе, ол: «сіз білесіз, бухгалтерия кеңшардың есеп орталығы,

ол тек жазба есепке ғана сенеді, ал сіз өткен айдың қорытынды есебін тапсырған жоқсыз», – деп жауап қайтарады. Олар мойындайды, ешкімге шағым жасап бара алмайды. Әр басшының өз еңбек тәжірибелсі болады деген осы.

Кеңшарда бас экономист болып Әбішев Мәжікен деген алпысты алқымдап қалған, орта білімді, тәжірибелі аға буын өкілі қызмет істеді. Жұмысын жақсы меңгерген, тиянақты. Келген кісілерге мәселесін шешуден бұрын көзілдірігінің үстінен сүзіле қарайтын дағдысы қызық. Өз есебі өзінде. Жеңгей жастау (екінші рет үйленген), мінезі тұйықтау, аса көп сөзге араласа бермейтін, бірақ жинақы әйел. Мәжекең арақ ішпейтін, темекі тартпайтын. Кейде бас қосқанымызда шөлмекті сырадан (Қарағанды жақын ғой) ішетін. Біз білдіртпей сыраны шприц-пен алып, орнына спирт қосып беретінбіз. Жайшылықта аса үндей қоймайтын Мәжекең біраздан кейін татарша: «Бибисара суға бара, суда шелегі қала», - деп өлең айтады. Оған жеңгеміз намыстанып: «Немене, сен осы Кеңестің үйіне келсең, әнші болып шыға келесің?» – деп, жеңіл, зілсіз өкпелейтін. Ол осы «XXI партия съезі» совхозында зейнеткерлікке шықты. Кеңшардың бас инженері Жақыпов Төкен қарапайым, еңбекпен өскен, тәжірибелі, еті тірі, қолынан да, тілінен де іс келетін ширақ азамат болды. Бірақ екі жылдай қызмет істеп, өз өтінішімен кетіп қалды. Одан кейін Коронский Виктор, Коронская Татьяна деген жас мамандар қатарымызға қосылды. Виктордың өмір, өндіріс тәжірибелерінен гөрі, радиотехникаға бейімділігі ерекше басым. Қашан барсаң да үйінің іші жайрап жатқан радио, рациялар. Әйелі Татьяна екінші экономист болып еңбек етті. Екеуі де жас болғанымен, өмірге, өндіріске көзқарастары дұрыс мамандар. Олар да сұранып ауданға ауысты. Бас инженер болып бұрын басқа совхоздарда сол қызметті атқарған тәжірибелі Пузырев деген, жаңадан бас зоотехник болып Ораш деген жігіт те келіп, танысып, араластық. Одан бұрынғы екі зоотехник денсаулықтарына байланысты өз өтініштерімен жұмыстан кеткен-ді. Ораш жасы бізбен шамалас болса да, ақкөңіл, бала мінезді. Өзі бізге жұмысқа келгеннен соң үйленді. Мерекелерде бас қосқанда, Дерновой Николай (парторг) сырнай тартып, әсіресе үнділердің «Бродяга» фильмінің музыкасын тартып, Ораш басы-на үнділерше шалма орап, тілін білмесе де өзінше өлеңін айтып, биін би-леп, бәрімізді күлкіге бөлейтін.

Әди екеуміз (бас мал дәрігер) Орашты азғырып, көндіріп, өзімізді қонаққа шақыртып, ай сайын үйленген той қызығын қайталататынбыз. Тойға сыйлықты ай сайын ұсақ-түйектен бергенше, жылдың аяғында

қомақты қылып бірақ әкелеміз деп сендіреміз ғой. Аңқау ғой, соған сенеді. Ал бізге, бәріміз жаспыз, ойын-күлкі керек. Қазір Павлодардың бір шаруашылығында тұрады, зейнеткер дейді.

«XXI партия съезі» совхозының алғашқы іргетасын құйып, қабырғасын қалап, шаңырағын көтеріп, әйнек, есіктерін орындары-на қойып жатқан қарбалас кезеңдерде кейбір тұрмыстық, өндірістік ауыртпалықтарды төзімділікке жеңдіріп, аянбай еңбек еткен, қолдасып, қоғамдасып совхоздың өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген азаматтардың бәрін тізіп, бәріне мінездеме-пікір айту өте қиын. Өйткені, совхоз өмірінің өңірінде қызмет істеген азаматтардың әрқайсысы – жеке-жеке үлкенді – кішілі тұлғалар.

Міне, содан бері өмір дөңгелегі зырылдап, сағаты сыртылдап, 52 жыл өтіп кетіпті. Сол ұзақ кезеңдерде көнекөз жолдастардың есте сақталуы шынайы сыйластықтың іздері шығар. Туып-өскен, қанаттандырып қияға ұшырған құтты ұям Сілетіден кейін Ақши елі, кейін бүкіл «XXI партия съезі» совхозының азаматтары тұңғыш еңбекке түлетіп ұшырған, буынымды бекітіп, көпшілікпен, халықпен жұмыс істеудің алғашқы әліппесінің бетін аштырып, хат танытқан тұғырым да, мектебім де болды. Маған сонысымен қымбат, сонысымен ыстық. Қанша жылдар өтсе де аяулы алақандарының жылуы әлі сезіліп тұратын тәрізді. Көрмеген жер, танымайтын ел деп сескене, сезіктене, жасқана, жатырқай келіп, сығалап, сынап қарасам, керісінше, бізді бір көптен көрмей, қайта табысып жатқан ағайындарындай құшақ жая қарсы алды, қандай ғажап.

Сол кездегі ел ақсақалдары: Төлеген, Қайырбек, Рақымжан, Жолдасбек, ұста Төлеубек, Жәмін, Шалабай, Боранбай, Қазыкен, Бәйбек, Бозыкен, Көкіжан; орта және жас буындар: Бөлімше меңгерушілері – Вергазов Назым, Төлегенов Шайхы, агроном – Әбжанов Серікбай, мектеп директоры – Төлеубек, мұғалім – Молдаш Асқаров, бухгалтерлер – Ғалым Төлеубеков, Серік Жалбыров мал маманы – Бұхарбай, қойма меңгерушісі – Орынбай, жүргізушілер – Сейіл, Әкімәш, т.б.

Бригадирлер – Лобунько Владимир, Солнцев Михаил, Зайцев Владимир, Канаев Виктор; жергілікті механизаторлар – Ткачев, ағайынды Поповтар, т.б.

Ауылдың үлкендері баталарын беріп, іргелі ел болуды тілеп отырса, жастары жаңа совхоздың өндірісінде, алғашқы күннен бастап бірге туып, бірге өскендей тіл табысып, бүкпесіз пікір алмасып, ой қорытысқан қайран, сол қызықты да қимас күндер.

Әуелі, үйсіз-күйсіз жүрген бәріміздің тұрмыс жағдайымызға көңіл бөлінді. Жәмін ағайынның үйі мені тұңғыш баласындай қарсы алып құтті.

Жәкең бөлімшеде мал дәрігері (кіші мал дәрігері). Мінезі биязы, жұмсақ, мәнерлеп, жорға сөйлейді. Көзге көрініп қалайын деп сөзге араласпай-тын, тек сұрасаң ғана қысқаша жауап қайыратын, мінезі қандай тамаша. Үйде де, жұмыста да біркелкі. Рабиға жеңгеміз де сөзге сараң, кең пейіл, аналық мейірімі жүзінен төгіліп тұратын жан. Құрдастары Жәкеңмен жиі әзілдеседі. Олардың айтуы бойынша, Жәкең бірде Қарағандыға барғанда жеңгейге етік, көйлек, қамзол, шәлі алыпты. Үйге келген соң жеңгейді киіндіріп, «Рабиғажан, былай жүрші, былай тұршы», - деп өзінің мәнерлеп созып сөйлейтін дағдысымен жеңгейді ерсілі-қарсылы бірнеше рет жүргізеді ғой. Бұл әзілді естіген Жәкең, мырс етіп жымия күледі де, жеңгей тек жымияды. Екеуі де не дұрыс, не бұрыс деп дауласпай-ды. Қазақта белгілі ғой, жуас құрдастарына үйлестіріп, өтірік-шынды әзілдей беретіні. Жұмысқа ерте кетіп, кеш келемін, не мазасызданудың, не ауырсынғандықтың белгісі білінбейді. Үш-төрт ай өткен соң, күзде Молдаш дейтін, менімен құрдас, мектепте мұғалім, маған: «Жәкеңдер кең пейілді, ақкөңіл адамдар, қанша тұрсаң да ауырсынбайды, бірақ бір шаңырақтың астында үлкен ұлы Ақмаштың отбасы, 3-4 немерелері бар. Сен қауырт жұмыстардың адамысың, кейде демалуың да қажет. Келіссең, біздің үй кең, бізде тұр. Екеуміз ренжітіп алмай Жәкеңе түсіндірейік», – деді. Мен жолдасымның қамқорлығына ризашылығымды білдіріп, Жәкеңе тігісін жатқызып, өз рахметімді айттым. Содан жаңа орталыққа көшкенше Молдаштың үйінде жаттым. Тұжырымдап айтқанда, ағалы-інідей сыйласып, бір отбасының адамдарындай болдық.

Мұның бәрін тізбелеп айтып жатқаным, танымайтын елде маған баспана іздетпей, солардың қамқорлығына, жанашырлығына риза болғанымды еске алып отырғаным ғой. Осы орайда, қазақтың «сыйласуға жат жақсы» деуі өмір тәжірибесінен алынған тәлім-тәрбие шығар деп ойлаймын. 1962-1963 жылдары Кеңес Одағының көлемінде «Коммунистік еңбек екіпіндісі» деген қозғалыстың кең құлаш жайып, қай салада болмасын, қоғамның елеулі қозғаушы күштерінің біріне саналғаны мәлім. Таңдаулы еңбек озаттарын ұжымның Одақ көлемінде арнайы әшекейленіп дайындалған «Құрмет кітабына» жазып, омырауына ерекше белгі тағатын. Мен совхозда жоқ едім. Совхоз бойынша тұрғындардың жал-пы жиналысы өтіп, совхоз құрылғаннан бергі және 1964 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша, коммунистік еңбек екіпінділерінің ат-тары анықталып және кеңшар бойынша Құрмет кітабына бірінші болып жазылу құрметіне кім лайықты екендігі талқыланыпты. Еңбекші қауым коммунистік еңбек екіпіндісінің төрт талабының: адал, әділ, еңбекқор және қарапайым қасиеттеріне сай деп менің кандидатурамды ұсыныпты.

Мен іссапардан келсем, кеңшар кәсіподақ комитетінің төрағасы Қуандықов Шаймұрат арнайы комитет отырысын өткізіп, құрмет кітабына бірінші болып жазылған арнайы куәлік пен коммунистік еңбек екілдісінің белгісін тақты. Шаймұрат сол елдің тумасы, көзі ашық, сау-атты, еті тірі, жұмысқа қабілетті азамат, екеуміз әрі сыйлас, сырлас едік. Кейіннен Алматыда жүргенде (мінезінің шапшаңдығы да бар) көңілдің көзілдірігін шытынатып алып, қылилыққа душар болды. Арамызда үлкен реніш, кектесу болмағанымен, көлеңке түсті, салқындық сезілді. Ал елдің берген бағасы, көрсеткен құрметі маған қосымша күш-жігер, жұмысқа деген ынта ықыласымды еселей түсті. Ел ағасы болмасам да, ел бағасына ие болуым қанатымның қатая бастағанын танытқандай сезіндім.

Мен 1964 жылдың күзінде облыс, аудан басшыларының шешімімен Целинаград Ауылшаруашылық институтының жанында арнайы ұйым-дасқан совхоз-колхоз басшыларын дайындайтын өлкелік бір жылдық оқуға жіберілдім. Өзім де қарайып қалдым, аспирантураға түсіп білімімді толықтырсам деп қабырғаммен кеңесіп жүргенмін. Сәті түсті. Күнделікті оқуыммен қоса дайындалып, сынақтарын тапсырып, аспирантураның сырттай оқитын бөліміне қабылдандым. Бірақ, 1965 жылдың сәуір айының 4-і күні облысқа шақыртты, аудан ұсынған екен, Баянауыл аудан-дық Ауылшаруашылық басқармасының бастығының бірінші орынбасары қызметіне бұйрық алдым. Бес жыл бойы туған елімдей болып кеткен, өзім іргетасын қаласып, қабырғасын тұрғызуға қатысқан жаңа совхозбен қош айтысуыма тура келді. Еңбектің ұстасының көрігінде шыңдап, сом-дап соғып азаматтық дәрежеге көтерген де осы ел емес пе? Отау тіктіріп, ұя салдырып, алғашқы балапандарымды соңымнан еріткен де сол жер емес пе?

Біз, Сағила екеуміз 1961 жылы үйлендік. Сағила екеуміз 1954 жылы Павлодардан Алматыға оқуға түсуге бара жатқанда поездда таныстық. Олар Майқайың алтын кенішінен 4-5 бала екен, мен Сілетіден жалғызбын. Ол кезде пойыз Алматыға дейін 3-4 күн жүреді. Вагон оқуға бара жатқан жастарға толы. Өлең айтады, қарт ойнайды. Әйтеуір бәрі ермек. Үйден алып шыққан тамақтарымыз ортақ. Менің жұқа тақтайдан жасалған че-моданым бар, онда шешейдің оқуға түсе қалсаң қыста жейсің деп са-лып берген қозықарын сары майы, құрт-ірімшіктері бар. Бәрі де ортақ дастарханға түсті. Алматыға жеткенімізше жартыланып та қалғаны. Шешейдің шалбардың ышқырына (белбеудің астына келтіре) тігіп берген азын-аулақ ақшасын өзім ғана білем. Оған тиіспеймін. Ол – НЗ (непри-касаемый запас).

Алматыға жеткеннен кейін институттарды аралап, оқу таңдауға кірістік. Қазақтың байырғы тілімен айтқанда, «байтал түгіл бас қайғы» болып, оқудың қамынан басқа ой жоқ. Оқуға түсемін деп талаптанушы-лар (абитуриенттер) көп, конкурс шарықтап, «түскенің ғана менікісін» деп кекірейіп тұр.

Сонымен, Сағила Абай атындағы Мұғалімдер институтының фи-зика-математика факультетіне, мен Қазақ Ауылшаруашылық институты-ның агрономдар дайындайтын факультетіне түстік қой. Көңіл орнықты, тіпті жан-жаққа қарай бастадық. Елеңдететін де, еліктіретін де, оқытатын да, тоқытатын да мүмкіндіктер мол. Сағила оқуын бір жыл бұрын бітіріп Майқайыңға кетті. Мен де бір жылдан кейін оқуымды бітіріп Баянауылға келдім. Арнайы барып Сағиланың ата-анасымен, туған-туыстарымен таныстым. Әбеновтар әулеті жанды-жақсы өскен ұрпақтар екенін ұқтым. Менің келешек қайын атам Зәпіш Әбен атаның алты ұлының бірі, бұрын өзі де, қазір үлкен ұлдары Жанат, Мұхтар, Дүйсен – бәрі де ал-тын кенішінде жұмыс істейді. Қайын жұртқа барғанда кейде әзілдеп: «Бір кітаптан Қозған атаның қыздары – қияңқы, ұлдары – қыңыр, келіндері – пысық, күйеу балалары – тәуір болып келеді дегенді оқығаным бар еді, сол шындықтан алыс сияқты емес қой», – деймін. Осы сөзді айтқанда мені жақтап шыға келетіндер, әсіресе, бұл әулеттің жеңге-келіндері.

Мен кейде қайын ағаға: «Мұқа (арамыз екі жас қана, сондықтан әзілдесе береміз), міне Сағиламен бірге тұрғанымызға елу жыл бо-лып қалды, осы «за экологическую вредность» дегенге бірдеңе төлеп жатушы еді, қалай ойлайсыз?», – десем, ол кісі жымияды да қояды, ал жеңгелеріміз қарсы дау айтып: «Өзің үлкен бір әулеттің ақсақалы, ата-сы болып отырсың. Сол өсіріп отырған ұрпақтарың барлық төлемді артығымен асыра жауып жатқан жоқ па?» – деп жеңілгілері келмейді.

1961 жыл 22 шілде де Сағиламен осы «XXI партия съезі» совхо-зында шаңырақ көтеріп, отау тіктік. Қазақтың **«Би бол, би болмасаң би түсетін үй бол»** деген батасының даруы шығар, қонақ түсетін үйлердің қатарына қосыла бастадық. 1962 жылы 23 шілдеде тұңғышымыз Све-та туды. Сағиланың Әбенов Қабдол деген немере ағасы бұрын Павло-дар ауданының атқару комитетінің төрағасы болған, содан Мәскеуге Жоғары партия мектебіне оқуға кеткен-ді, жазғы демалысқа келгенін де бізді арнайы қонаққа шақырып алды. Сағиланың аяғы ауыр. Бүгін-ертең деп отырған, сылтауратып көріп едік, болмады. Ол кісінің мінезі қатты, шешімі талқылауға жатпайтын. Маған «Кеңес, жақсы болсаң – інімсің, жаман болсаң – күйеу баламсың» дейтін. Ақыры біз барып, бір жұма қонақ

болғаннан кейін жиенді болып қалды. Мен совхозға қайтып кеттім. Енді баланы перзентханадан үйге шығарарда Қабаң (марқұм болды) жиеніне Сталиннің қызының атын қазақшалап Сәуле деп қоямын деген ғой. Ал орыстың әйелдері туу туралы куәлікті «Светлана» деп толтырған. Өздері той-думанмен жүрген ағайындар куәлікке қарасын ба. Содан бірнеше күн өткен соң кеңшарға қайтарда бірақ көреді де. Содан әрі дауласып, бері да-уласып сол Светлана аты қалды. 1963 жылы екінші баламыз бүгін-ертең туады деп отырғанда одан айырылып қалдық. Мен үйге бір қап ұн әкеліп, машинадан түсіріп жатқанымда Сағила келіп көмектескен еді. Содан екі күннен кейін бала шалажансар болып туды. Екеуміз де білместік жасадық. Бір ұлдан айырылды. Сол баланы көрші ағамыз Зекең (директордың орынбасары) Қайыр деп ат қойып (шариғат бойынша ат қою керек екен), арулап жер қойнына тапсырды.

1964 жылы 26 қарашада үшінші бала көрдік. Ұл туса аттарын Рүстем, Дастан қоямын деп айтып жүретінмін, өйткені, жазда сондай атты шығыс жұлдыздарының бірі Фердоусидің қиссасын оқыған едім. Мұхтар Шаханов айтқандай:

Әкем маған ат қойыпты Мұхтар деп,
Осы есімде қасиетті құт бар деп.

Қай ата-ана болса да балаларына, немерелеріне ат қойғанда ырым-дап қояды ғой, атына заты сай болсын, ардақты, абыройлы, атақты ұрпақ болсын деп. Сонымен ұлдың атын Рүстем деп қойдық. Енді айтылған сөздердің түйіні: Ақши ауылының, алғашқы күннен өзім ыстық-суығына бірге араласқан «XXI партия съезі» совхозының халықтарының маған туған өлкем Сілетідей, соның егізінің сыңарындай қадірлі, құтты болып көрінетіні:

Мен осы елде алғашқы еңбек жолымды бастадым; Мен осы елде көппен бірге алғашқы еңбек жылдарымның, қоғамға сіңірген еңбегімнің ескерткішіндей «XXI партия съезі» деген совхозды құруға, нығайтуға қатыстым;

Мен осы елде отау тігіп, шаңырақ көтеріп, отағасы атағына ие болдым;

Мен осы елде тұңғыш ұрпақтарымды, ұл-қыз өсіріп, әке дәрежесіне көтерілдім; Мен осы елде еңбек деген ұстаның алғашқы шыңдауынан, сомдау-

ынан өттім; Мен осы елде әлі толық жетіліп, қайнап-піспесем де азамат деген

атқа ие бола бастадым; Мен қаншама жылдар өтсе де, әлі күнге дейін, осы елдің мейірін,

ықыласын, суымаған сыйластығын сезініп жүремін.

Сонау 1990 жылдың басында саяси зілзаладан дүние астаң-кестеңі шығып, дүрілдеп, дірілдеп, алғашқы толқынында, алғашқы лайлы тасқынында-ақ ескегіміз сынып, барар бағытымыздан айыры-лып, есіміз есеңгіреп тұрған кезеңде бар пәленің түйіні, шешімі сонда тұрғандай-ақ, «сасқан үйрек артымен сүңгиді» деп, елдің-жердің атын өзгертуді, жаңғыртуды қолға ала бастаған кезде, 1959 жылы құрылған, оның өндірістік нығаюына қаншама еңбек сіңірілген «XXI партия съезі» совхозының атын өзгертуге жиналыс өткізіліп, сондағы ұсыныстардың біріне Орынбай деген азамат бастаған бір топ еңбек адамдары совхоздың өмірде өз орынын табуға көп еңбек сіңірген Кеңестің атын берейік деп айтыпты дегенде, ризашылығым мен қуанышымда шек болған жоқ деп айтсам артық болмас. Маған совхоздың атын бермей-ақ қойсын, сондай ұсыныс болыпты деп естігенде, төбем көкке жеткендей күй кештім. Кейін Бұқар жырау бабамыздың атын беріпті. Баба кім, мен кім, өбектеген бөбегі емеспін бе? Атын естісем, «жеңілдім» деп жығыла кететін ұрпағы емеспін бе? Тек маған мәртебе көрінгені мен совхоздан кеткелі 27 жыл өтсе де, ел есінде қалып, атымның аталғаны. Маған мадақтау мен мақтаудың арғымағын мінгізгендей болды. Тәубә. Шүкіршілік.

Сөйтіп, төрт айдан кейін ауданға қайтып оралдым. Қауырт жұмыс қайнаған өмір. Жұмысқа кірісіп кеттім. Жаз ортасына қарай аспирантурадан кезекті мерзімді оқуыма, емтиханға шақырған хат келді. Ауылшаруашылығының егін оруға дайындық, шөп шабу, мемлекетке мал тапсыру науқандарының қазаны қайнап жатқан шақ. Таңдау өзіме түсті. Не ғылым, не өндіріс. Отбасы, бала-шаға бар, экономикалық жағдайымыз әлі нығайып үлгерген жоқ. Оқу мен жұмысты қосақтап тартсам, біреуі ақсайды. Не өгіз өледі, не арба сынады. **«Екі кеме құйрығын, ұста жетсін бұйрығың»** деген бабалар. Соның бәрін ойлап, ақылдасып, **орта қол ғалым болғанша, ортан қолдай бастық болуға тырысайын** деп аспирантурамен қоштастым. Аудан үлкен, жер көлемі 4 млн гектар, оның 150 мыңға жуығы егістік. Ауданда жыл аяғында 400 мыңға жуық қой, 40 мың қара мал, 10 мыңдай жылқы бар. 14 совхоз. Екі-үш жылдан кейін Екібастұз ауданы ұйымдасып, төрт кеңшар соның құрамына енді.

Мен совхозға келген жылы Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ахметов Жұмабай деген кісі де, Аудандық атқару комитетінің төрағасы Шурин Сақтаған.

Жұмекең салмақты, мәдениетті, мәнерлеп сөйлейтін, паңдау кісі. Ал Сақаң – толық, аңқылдаған ақкөңіл. Қолтығына қысқан үлкен қара пап-ка, іші толған қағаз, көбі дайындаған деректер. Соның ішінен керектерін

таба алмай, абдырап, жігіттердің екі аяғын бір етікке тығатын көрінеді. Әйтеуір, бәрі жабыла іздеп тауып алатын көрінеді. Бірде совхоздың шөп дайындау науқанын бюрода қарайтын болыпты. Сақаң сол совхозда бо-лып келген.

Кеңшардың директорын тыңдап, тұрмыстық, асхана жағдайларын сөз етіп жатқанда, Сақаң: «Міне сендердің шөпшілерге беретін тамақтарыңның сапасы» – деп, қалтасынан бүктеліп оралған газетті алып шықса, майы қалтада еріп кетіп, тек жалғыз шыбын ғана қалыпты. Сон-дай зілі жоқ, айғақсыз шу шығарып жүретін мінезі қызық. Кейін Алматы облысының бір совхозында көп жыл директор болып істеді деп естідім. Жұмекең кейін ұзақ жыл Алматыда оқу-ағарту министрлігінде қызмет істеді.

Осы кісілерден кейін ауданға бірінші хатшы болып Ермағанбет Айдарғалиев, Атқару комитетіне төраға болып Жұмабеков Хамза Бижанұлы келді.

Ерекең көпті көрген, әр салада қызмет істеген, сауатты, жұмысқа берілген, жинақы, сақ адам болатын. Мені жақсы көретін, совхозға кел-се, біздің үйге түсетін. Қамаң да саяси, шаруашылық қызметтерде көп тәжірибе жинақтаған, мінезі салмақты, мәдениетті, сыпайы, сырбаз адам, бірақ келешегінен үміт күткен жас басшыны 8-9 айдан кейін Мәскеудегі Жоғары партия мектебіне оқуға жіберді.

Ауданға бұл кісілерден кейін бірінші хатшы болып Рамазанов Аманолла Ғабдолхайұлы, Екінші хатшы болып Гегер Николай Федо-рович, Ауатком төрағасы болып Печняков Владимир Иванович деген кісілер басшылық жасады. Мен Аманолла Ғабдолхайұлымен студенттік кезден таныспын. Менің студенттік досым Бақұстардың туған ағасы. Екеуімізді егіз туған інілеріндей ұстайтын. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы болып тұрғанда Баянауылға, жаңа кеңшарға, Бас агрономдыққа бұйрықты сол кісінің қолынан алғанмын. Жұрт «Ақа» дейтін, мен «Аға» деймін, әрине, ресми кездескен ортаға қарай. Ұзын бойлы, денелі, қараторы, мінезі салмақты, елтең-селтеңсіз, әрбір айтқан сөзіне мән беретін және мән бергізе тыңдататын, мәселелерді байыппен, асықпай шешетін адал, сақ. Ауыл шаруашылығын жетік білетін, 25 жасын-да Краснокутск (бұрынғы Куйбышев атындағы) ауданының Ақкөл деген облыстың іргелі, ірі совхозында директор болған. Мені ауданға ауысты-рып алған да – өзі. Біз көшіп келген соң көрші тұрдық. Гүлназ жеңгеміз де сабырлы, салмақты, кісіні жатсынбай бауырына тартып тұратын. Көрші тұрып араласқан соң, екеуінен де азаматтық қарым-қатынас, тұрмыстық

жағдайлары жөнінде көп тәрбие алдық. Ол кісілерде төрт ұл (Нұрлан, Қуандық, Еркін, Аманғали), бір қыз (Бақыт) болды. Аға әрбір жексенбі күні, меніңше, кеңшардың директоры болып жүргенде қолдан тіктірген болуы керек, ұзын қоңыр фуфайкасының белін буып алып, балаларын ертіп, оларға үйдің, қора, аула іштерін тазалатып, сыпыртып, сүрткізіп, ағаш, гүлдерді суартып, еңбекке баулитын. Еңбегі еш болған жоқ, балаларының бәрі жоғары білімді, кейбіреулерінің ғылыми дәрежелері де бар, республика, облыс көлемінде, партия, Кеңес, шаруашылық салаларында қызмет атқарып келеді. Бәрі де үйлі, ұрпақты. Мен ауданға Ауылшаруашылық басқармасы бастығының Бірінші орынбасары болып келгенімде, жасыратыны жоқ, сеземін, кейбір аудандық мекеме, кеңшар басшылары қомсына қарады. Ол орынды да сияқты. Олардың өндірістік тәжірибелері мол және ауданның негізгі өндірістік бағыты – малшаруашылығы, ал мен – кеңшардың агрономымын, сондықтан осының бәрінің тігісін жатқызып, өзінің дипломатиялық тәжірибелілігімен менің ширап, нығая, орныға түсуіме Аға ерекше көзге көрсетпей-ақ, бірақ басқаларға да, өзіме де сезілетін ықпал жасады. Аудандық партия комитетінің, бюро, атқару комитетінің отырыстарына мені қатыстыртып, пленум, сессияларда сөйлетіп, ауылшаруашылығы жөніндегі жиналыстарда баяндама жасатып – әйтеуір шыңдап, шынықтыра берді.

Ауданға ауысып келген соң екі-үш айдан кейін мен әлдеқалай суық тиіп, бірнеше күн ауырып қалдым. Сонда жанына екі-үш басшы жігіттерді ертіп, менің көңілімді сұрап, үйге келіп кетті. Былай қарасаң, ерекше елеулі іс те сияқты емес. Бірақ мен өзімше екі қамқорлықты сезіндім. Бірінші хатшының сәл ауырып қалған менің көңілімді сұрай келуі сол күні-ақ бірсыпыра азаматтардың құлағына жетті, – бұл ерекше ілтипаттың лебін сездіру. Екіншісі, менің үй-тұрмыстық жағдайымды өзіме сездірмей сынау, танысу. Ал кейінірек Сағила екеумізді өздері қонаққа баратын 6-7 отбасының қатарына қосып, онымен де абыройымызды көтеріп, салмағымызды арттыра түсті.

1967 жылы өмірімде тұңғыш рет мемлекеттік марапаттауға іліктім – «Құрмет Белгісі» орденін алдым. Міне, осылардың бәрі мені Ағаның сенімінің, қамқорлығының дәрежесінен төмен болмауға тырысуыма жетеледі. Қызметте тісім шығып, азуым беки бастады. Баулыған бөлтірігі ауызданбаса да, үркітуге жарап қалды. Өсіп келеді. Ауданда партия, кеңес, мекеме басшыларының кейбіреулерінің сырттан келгені болмаса, көпшілігі жергілікті азаматтар. Бәрі ортақ тіл табысып жұмыс істейтін. Баянауыл сырттан келгендерді сидырмайды, жұмыс істетпейді

деу көне замандарда, рулық кезеңдерде қалыптасып қалған пікір екеніне көзім жетті. Ал жұмыс бабында кездесіп қалатын ұсақ талас-тартыстар отбасында да, ағайын арасында да бола беретін жаяу келіспеушіліктер ғой. Мен өз басым аудан көлеміне келгенімді бастауыш мектептің сыныптарынан орталау мектептің (не полная средняя школа) сынып-тарына көшкендей, көтерілгендей сезіндім. Совхозда араласатын, қызметтес адамдарыңның жұмыс бабында тапсырма беріп, тапсырма алатын орталарыңның, арақатынастарыңның биігі мен шеңберлері аудан көлемінде тез сезілетіні – өмір шындығы. Көп қабатты үйлер, ғимараттар салу үшін кірпіштің сапасы, қасиеттері (маркасы) болады ғой, мен сол сияқты иімді қандыра, қалыптағы (формадағы) қысымдарымды жоғарылата бастауға бейімделуім керек. Бірінші хатшыға иек артып, ма-сылдана бермеуім қажет. Қайта, өзім жөнінде ол кісіге сөз келтіріп, күдік түсірмегенім абзал. Аудандық ауылшаруашылығының бастығы Сукончик Василий Ерофеевич деген кісі. Салмақты, адал, тәжірибесі мол, абыройлы қалпынан танған жоқ. Менен бұрынғы Бірінші орынбасары Садыков Василий (Камалидден) Смағұлұлы. Ол кісі, әрине, көп жыл совхозда директор, аудандық партия комитеттерінде хатшы, аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызметтер атқарған тәжірибесі мол маман. Сондықтан Василий Ерофеевич менің тәжірибемнің жетімсіздігін сезеді, бірақ менің өзіме де сездірмей, басқаларға да көрсетпей күнделікті жұмыс барысында ақылдасып, менің пікірімді құптаған болып, бағыт-бағдарлар беру-ге ынталы. Мәселені біреу айтты екен деп елпектемей, өзімнің түсініп шешуімді сездіріп қояды. Бір жылдан аса ғана қызметтес болғанымыз өкінішті-ақ. Мені кабинеті көрші болса да, хатшысы арқылы шақыртып көрген жоқ, өзі телефон шалады. Әйтеуір, менің жаңа ортаға сіңісе бастауыма көп әсер етті. Одан кейін жыл жарым аралатып Юрьев Михаил Павловичпен, Жақыпов Тұрсынханмен қызметтес болып, көңіліме көп сырды ұялаттым. Михаил Павлович те көп жылдар совхоз басқарған, тәжірибесі мол, жұмыс тізгінін нық ұстайтын, салмақты, етек-жеңі жинақы басшы. Дипломатиялық қарым-қатынастың шебері. Аудандық ауылшаруашылық басқармасының мамандары, бөлім басшылары тәжірибелі, сауатты, жұмысты беріліп істейтін, уақытпен санаспайтын азаматтардың болғаны, мені қатты сүйсіндіретін. (Наурызбаев, Штанько, Семин, Сапар, Барлы-бай, Панабек Жолдасбеков, Николай Коронский және Татьяна, Әмірзақов Ақылбек т.б.). Бәрінің өндірістік тәжірибелері мол, қызмет дәрежелеріне лайықты, абыроймен еңбек етіп жүрді.

Аудандық атқару комитетінің орынбасарлары болып ұзақ жылдар қызмет атқарып, неше төраға ауысса да, ертоқымдары қисаймай, берік

отырған Мәмбетов Балта, Хасенов Қайыр, Елубаев Төлеубек. Бәкеңнің жасы да үлкен, абыройы да жоғары, салмағы да аудан азаматтарының арасында сезіліп тұратыны неткен жарасымдылық. Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Гегер Николай Федоровичті ақкөңіл, пікірін бүкпесіз ашық айтатын, жұмысқа берілген азамат ретінде санаймын. Біреулер «Николай Федорович таңертең райкомға кірерде шоқынады» деп әңгіме шығарып қойыпты. Сөйтсе, ол кісінің дағдысы: райкомға кірерде, баспалдаққа шығып тұрып, ештеңе ұмытқан жоқпын ба деп алақанымен маңдайын, партбилетім қалтамда ма деп төс қалтасын сыртынан басып, белбеуім тағылып, түймелерім салынды ма деп кіндігінің асты-үстін ба-сып тексеретін көрінеді. Өзіне айтса, ішек-сілесі қатып күліп, бір боқтап қойып: «Сырттан қараған адамға солай көрінуі мүмкін-ау», – деп мой-ындапты да. Аудандық партия комитетінің хатшылары болып жұмыс істегендер: өмірдің талай сындарынан өткен, содан жиғандары, түйгендері мол Сыздықов Рафағат (кейін аудандық газеттің редакторы болды), одан кейін Құлмағанбетов Төлеутай. Аудандық кәсіподақ комитетін басқарып Жиенше Карменов, т.б. жұмыс атқарды.

Сыздықов Рафағат өте мәдениетті, мінезі біркелкі, жұмсақ (болбыр емес), тазалықты жұмыста да, тұрмыста да тұрақты, қатаң ұстайтын жан ретінде есімде қалыпты. Қызметтес жігіттер: «Рахаң таңертең екінші қабатқа көтерілгенше шалбардың балағының қыры сынбасын деп екі қолдың саусақтарының ұшымен ұстап шығады, кабинетінде кірген соң орындығының үстін қағып, үрлеп, отырған соң телефонның трубкасын өзінің қалта орамалымен сүртеді екен», – деп әзілдейтін, – ал осының бәрі әзіл емес, нағыз шындық. Рахаңның үйіндегі Орынтай жеңгеміз де пысық, таза, бас қосу кештерінде отырғандарды әзілі мен күлкіге кенелтіп, езулерін жиғызбайтын, мінезі ашық, жайдары. Ол кісі артық-кем айтты деп ешкімде өкпелемейтін. Бәрінің тігісі жатық. Ракеңнің үй ішіндегі тазалық сақтаудағы ұсақ-түйек қауіп-қатерлерден сескенгішті-гін, сақтығын жыр етіп айтатын, ішек-сілеміз қата күлуші едік. Аға (Ақаң) бас қосқан кештердің көңілді өтуіне ерекше мән беретін-ді. Өлең айтқы-затын. Сондықтан бас қосқан кештерде бос, лас, іліп-қағу деген қотыр әңгімелер болмайтын. Бәрі қарапайым, табиғи. Аудандық партия комите-тіңде, атқару комитетінде бөлімдерін басқаратын Османов Файзолла, Мәліков Әйтiш, Күләшев Тайжан, Рымтай Ізбастин, Мусин Мазан, Балға Шайхин, Зарлық Садвақасов ағаларымыздың абыройлары сол кездегі хатшылардан, орынбасарлардан кем болған жоқ. Көпті көрген, салмақты, парасатты, ілтипатты ағаларымызды облыс, аудан басшыларының өздері



Фазаң, Әйтағаң, Төкең т.б. деп сыйлап тұратын. Құндылықтарын сақ тай да, сақтатуды да білді. Одан кейін ағалардың ізбасарлары, ел ағасы дәрежесіне көтеріліп келе жатқан, орындарында байсалды, нық отырғандар: Мүкәрәм Шүленбаев, Иманзаит Жаманаев, Қабыкен Әубәкіров, Зор-кен Мақанов, Айман Алданов, Қаптай Абылайханов, Мұрат Рахметов, Сайлау, Қасымтай Әбілғазин, Мүбәрәк Күзекөв, Тәңірберген Молдабаев, Қажмағанбетов Ақылбек, т.б. Баянауылға келген Одақ, Республіка, облыс көлеміндегі қонақтардан Жасыбай көлінің жағасына соғып, Мүкәрәмнің дастарханынан дәм татпай кеткендері жоқ-ау, сірә. Соның бәрі – Мүкәрәмнің мінезінің кеңдігі, түсінігінің кемеңгерлігі, дархандығы. Мүкәрәмді рухани тазалығы жағынан періштедей деп айтарлықтай. Мен Мүкәрәмді Баянауылдың дастархан иесі дейтінмін. Тетелес балдыз болған соң, әй, Мүке, қазақта Бал деген аты да, заты да бар әйелге үйленген екі-ақ адам бар: біреуі атақты Аманкелді батыр, әйелі Балым, содан кейін сен Балжанға үйленген деймін. Шынында да Балжан әрі қамқоршы, сақшысы, ал дархан дастарханның әрі мәзірінің, әрі әзілінің шебер ұйымдастырушысы. Мүкәрам – Балжан, Әубәкіров Қабыкен – Бақыт, Дүйсенбеков Зайролла – Гүлбаршын – бәріміздің жастық-жолдастықтығымыз туыстық дәрежеге көтерілген азаматтар-мыз. Қабыкен – арқалы, ұнамаса қарпып, тарпып тастайтын ер көңілді. Паналағанды тоңдырмайтын, қырсыққанын оңдырмайтын шешімді азамат. Бақыты – нағыз бақыты. Бар қасиеттері осы бір сөздің ішінде. Зайролла – алғыр, өтімді, дипломатиясы мол жігіт. Балдызым болған соң әзілдеп: академиктердің ішінде де сен сияқты ақылдылары болады екен деп қоямын. Қазақта Алпамыс батырдан кейін Гүлбаршын атты әйел алған Зайролла ғана дейтінмін. Гүлбаршын (Гладиолус гүлінің қазақша аты) – жаны жомарт, мінезге бай балдызым еді. Марқұм болды. Әзілдеп: «Сені көргенде (руы қырғыз болатын) Кенесары, Наурызбайдың, қазақ батырларының кегі есіме түседі, бірақ сотқар туыстарың сен сияқты ақылды, сүйкімді сұлу қызын берген соң ашуым басылады дейтінмін. Қазір жоқтығы сезіліп, жүректі сыздатады.

Кеңбайтақ Баян өлкесінің бір-бір ел тұтқасын ұстап отырған кеңшар директорлары мен партия ұйымы хатшыларының Кеңес, кәсіподақ ұйымдарының бөлімше басшыларының, бас және орта буын мамандарының, қарапайым еңбек ардагерлерінің қалың қол сарбаздарының, сардарларының бәрін саралап, сұрыптау мүмкін емес. Бірақ бәрі де сондай құрметке лайықты. Сондықтан бәрінің ортақ аттарың – Баянның азаматтары деп атасам, бізді де ұмытпаған екен деп

есептерсіздер. Директорлардың көш басында азулы арландары Исин Кенжебай, Смағұлов Қапар, Бурачевский Г.А., Жанабеков Керемет, Төлеубеков Капен, Балтабеков Құсан, Әубәкіров Қабыкен, Предеха Михаил, Нәжмеденов Балтабай, оларды өкшелеп келе жатқан жас бөрілер Арынов Мұхтар, Әлкебаев Әди болса, мен елден кеткен 1969 жылдан бері қаншама түлектер өніп, өсті. Ит, күшік десе өкпелеп, бөлтірік, қасқыр десе күжірейіп, қоқиланып қалатын халық емеспіз бе? Сондықтан, мақтап, мадақтап айтып жатқаным ғой. Парторгтар: Сыздықов, Молшин-дер, Жүсіпов Әйтім, Абдиров Қабылқак, Мақашев Ғалымжан, т.б. Бәрі де «Сен тұра тұр, мен атайын» деп кезектерін де, үлестерінде жолым деп таласпаса, басқаға қолдарынан бере қоймайтын азаматтар.

Предеха Михаил Егорович жұбайы Антонина Александровна екеуі Воронеждің ауылшаруашылық институтын 1958 жылы бітіріп, «Шадыра» совхозына біреуі Бас агроном, екіншісі Бас экономист болып келіпті. Біз сол совхоздан жаңа «XXI партия съезі» совхозының 1959 жылы еншісін бөліп алғанда таныстық та, содан бері 50 жылдан астам жолдас-доспыз. Кейін «Южный» совхозына директор болды. Екеуінің де ерекшеліктері: жұмысты беріліп істейтіндігі. Сондықтан өндірісті терең білетін қасиетке ие. Мен аудандық ауылшаруашылығында істеген жылдары Антонина Александровнаның іс тәжірибесін уағыздау мақсатында «Южный» совхозында аудан совхоздарының экономистерін, бухгалтерлерін жинап, семинар да өткіздім. Михаил кейіннен Баянда ауаткомның төрағасы да, облыстың басқа аудандарында ауатком төрағасы, аудандық парткомның Бірінші хатшысы да болды, облыстық ауылшаруашылық басқармасын да басқарды. Оның мінезінің бір ерекшелігі – ол өмір жолдарында кездесетін ой-шұқыр, батпақтарды, бұрылыстарын елемейтін, яғни, тура жүріп, тік қуатын жігіт. Оның тік мінезі, тура айтатыны біреуге жақса, біреуге жақпайды. Сондықтан кейін қызметі жоғарылап, әр жерде жұмыс істегенде, соққыға жығылмағанымен, алыстан сойылын көтеріп, жұдырықтарын көрсетушілерден де тапшы болған жоқ.

Ауданда милиция бастығы болып Әубәкіров Манап тәртіп орна-тып, қылмыспен күресті. Кішіпейіл, ашық, жұмысына ширақ, берік. Ал мәдениеттілігіне қарап, мен ол кісіні мәдениет саласының қызметкеріне көбірек ұқсататынмын. Роза жеңгей нағыз мәдениет саласының қызметкері дерсің, бас қосқан жерде ашық, күлдіргі әңгімелерді қазақша, орысша, татарша айтып, кеш бойы езуінді жидырмайды. Міне, осындай адамдармен кездесу, жолдас болудың өзі – бір мектеп. Курсты түгел бітірмесен де, сабақ алып қаласың. Ауданда прокурор болып Ақаш Абдрахманов,

оның көмекшісі болып Рақымов Ғаббас қызмет атқарды. Мен Ақанды (Ақашты) 1954 жылдан Ертіс ауданында прокурордың көмекшісі болған кезден білетінмін. Жұбайы Кабира (ол кезде тұрмысқа шықпаған) бізге қазақ тілінен сабақ берді. Баянда көрші тұрдық. Ақаң жұмысқа жинақы, ширақ, әділ, өте сақ адам. Қаншама жақын жүрсек те, пікірін ашық айтуы өте сирек. 20 жыл өткеннен кейін 1988 жылы Жамбыл облысында тағы да кездестік. Облыс прокуроры екен. Сыйластығымыз суыған жоқ. Мен Баянда үлкен мектептен өттім. Сабақ алдым. Әрине, үлгерімімнің шүбәлі кездері болған шығар, бірақ басты бағытымнан таймауға тырыстым. Осы күні бар ма, жоқ па білмеймін, бұрын оқушылардың күнделігінде «ұқыптылығы» (прилежность) деген баға қойылатын. Мен соған үлкен мән беріп өстім. Менің ұғымымда ұқыпты адам етек-жеңі жинақы, міндеттерін орындауға тиянақты, алып-қашпа, жеңілтектігі жоқ, орнықты жан. Білмеген, түсінбеген жері болса, орынын толықтырып отырады деп түсінетінмін. Сол мектептегі «ұқыптылық» жөніндегі бағамды әлі де төмендеткім келмейді. Жасыратыны жоқ, балаларымды, немерелерімді, келіндерімді сол ұқыптылықтың мөлшерімен бағалаймын. Күнделікті өмірде де, үй ішіндегі жинақылық, әр заттың өз орынында тұруы, не-месе балалардың ойыншықтарының, оқулықтарының қалай болса со-лай шашылып жатпауының өзі – келешек азаматтың қалыптаса бастаған қасиеттерінің бір көрінісі. Біреулер бала болған соң шашылмайтын зат бола ма деп жуып-шайғылары келеді, жұбату айтады. Мен ондайға қарсымын. Келешек адамның қалыптасуына сәл бейтарап, жайбарақат қарамай, жіті, тұрақты бақылап отыру біздің ата-ананың парызы. Кеш қалмайық. Өскен соң қалыптасқан мінезді, дағдыны кейін өзгертемін деу мүмкін емес. Осы жасқа келгенше менің өмірімнің өрісіне де, өріне де жетелеп, қолдап келе жатқан төрт қамқоршым бар: **адалдық, әділдік,**

еңбексүйгіштік, қарапайымдылық. Ол менің түсінігім. Қалған қасиет, қабілеттердің бәрі – осылардың құрамдас бөліктері, бұтақтары. Осы төртеуін саналықтың қырандары деп бағалаймын. Менің келешектегі адамгершілік мүсінімді сомдауды, қалыптастыруды бастаған алғашқы еңбек мектебім – Баянауыл. Мен жан-жағыма паңдана қарамай, таңдана, тамсана қарадым, талдап, тарамдап қарауды үйрендім. Мені мақтағандарға да, даттағандарға да сана-сезіміме тағдырыма ықыласты, ынталылық сынмен қарады деп түсінемін. Кемшілігімді көрсе, мен: жамандыққа қимағандығы, түзелсін, түзу жолын іздесін дегені шығар деп ойладым. Ал қызғаныштан жамандаса, ол менің артықшылығымды мойындап, көре алмай, қуып жете алмайтынын сезген соң, керме тар-

тып екпінімді төмендетіп, қатарынан озбаса екен дегендері де. Бәріне де кешірімділікпен қарадым. Кекшіл болмай, көпшіл болуға тырыстым. Өйткені, ел басқарған адамдардың кекшіл болуы – халықтың қасіреті. Бастықтың кекшілдігі – салыстыра айтқанда, азаматтардың қарым-қатынасындағы эрозия, коррозиясы, өзін де, өзгеніде кеміріп, тотқа жегізіп, тозығын тездетуі.

Сондықтан бабалардың **«жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – нар кісінің ісі»** деуі – дәлелдеуді қажет етпейтін, дертке дәру, ауруға шипа. Өмірімнің барлығы үлгі етерлік болды деп мақтана алмаймын, бірақ тырыстым, талпындым. **«Билік – ақылдының қолында қамқор, ақымақтың қолында қылыш»** деген, қолымнан келгенінше «қамқоршы» болып бақтым. Өзін-өзі мақтап кетті деп сөкпессіңдер, кемшіліктерім болса мақтаумен толтырып, олар менен де ақылды болсын дегенім ғой.

1967 жылы күзде ауданның Бірінші хатшысы Аманолла Ғабдолхайұлы Рамазанов Республиканың ауылшаруашылық министрлігінің Бірінші орынбасары болып жоғарылап кетті. Мені Баянның жаңа құрылып жатқан қиырдағы ауыр совхозына жіберіп шыңдап, сынап, ауданға алдырып, қамқорлығын жалғастырып келе жатқан ағаның басқа жаққа ауысуы сезіміме әсер етпей қалды деуім ақиқатқа жатпас еді. Ол кісінің орынына осыдан екі жыл бұрын мен орынын басқан, басқа ауданда атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарып жүрген Василий (Камалидден) Смағұлұлы Садықов келді. Ол кісі облыс көлемінде абыройлы, белгілі азаматтардың бірі болып есептелетін. Мінезі салмақты, бірақ ауыр емес, сабырлы, сөзге сараң, іске жетік, өмірлік те, өндірістік те тәжірибесі мол, адал, әділ. Сауатты, өз бағасын, өз салмағын білетін, сыпайылықтың шеңберінен шықпайтын.

Мен Василий Смағұлұлымен алғаш осыдан екі-үш жыл бұрын, ауданда ауылшаруашылық басқармасы бастығының Бірінші орынбасары болып жүрген кезінде таныстым. Талай рет кеңшарды аралаған. Бірақ арақатынасымыз жұмыс барысындағы сыпайы сыйластықтан аспаған. Сондықтан ауданның бірінші басшысы болып елді танитын, оны ел танитын азаматтың келуі аудан үшін өте қолайлы да, ұтымды да болғаны шындық. Аудандық партия комитетінің Екінші хатшысы Николай Федорович Гегер деген кісі. Осы екі азамат менің келешек өмірімде бақытыма да, бағыттарыма да әсер етті. Қызметтес болған кезеңдерде жұмыста ешкім шабандық болды деп делбемді қағып көрген жоқ, жұмысың ауыр болды-ау деп сауырымнан сипаған да, қызмет бабында артық-кемдік

қызбалық кетіп жатыр деп шылбырымнан ұстап, тізгінімді тартып, те-жеп көрген де жоқ. Сеніп берілген тапсырмаларды, еркіндікті мен де елеңдемей, есіріксіз пайдалануға тырыстым.

Мен Қамаңның (Василий Смағұлұлының) ықыласты қамқорлығын сезгеніммен, қарым-қатынасымыз жұмыс бабындағы ресми дәрежеден аспайтын. Сыбыр-күбірден де аулақпыз. Ол кісінің тазалығының өзі сон-да ғой, қызметтес адамдармен арақатынасты тұрақты, біркелкі ұстайтын. Біреуді оң қолымен бауырына тартып, екінші біреуді сол қолымен өзектен итермейтін-ді. Бәріне де біркелкі.

1968 жылдың сәуір айында ауаткомның Екінші хатшысы Николай Федорович Гегер шақырып алып, Алматыдағы Жоғары партия мектебіне оқуға баруға қалай қарайтынымды сұрады. Кейін таң қаламын. Тек өндірістік, күнделікті жұмыс деп жүріп, жан-жаққа көз салудан да марғау қалыппыз. Мен соған дейін арнайы партия мектебі бар деп естімеппін де. Ойланбастан, «келісемін» дедім. Бірінші хатшысыз ол кісі ондай ұсыныс жасамайды ғой. Партиялық этика, тәртіп. Екеуі келіскен шығар. Сенім артып отырған қамқорлық деп түсіндім. Бірақ ол жылы партия мектебіне түсе алмадым. Оқуға тек партия, Кеңес қызметтерінде жұмыс істейтіндер ғана қабылданатын көрінеді. Ал менің қызметім ауыл шаруашылық саласы. Содан 1969 жылдың басында Николай Федорович ол кезде Железен-ка ауданында Бірінші хатшы еді, обкомда кездесіп, амандық сұрасқаннан кейін: «Оқуың не болып жатыр?», – деп сұрады. Мен себебін айттым. Маған: «Әйтеуір осында жүрсің ғой, сен обкомның Екінші хатшысы Мақаңа (Махмет Қайырбаевқа) кіріп шық», – деді. Барып едім, Мақаң жедел қабылдап, (бұрын жай жүз таныстығымыз ғана болатын, мені білетінін айтты) тыңдап болды да, екі-үш күнде Алматыға бармақшы екен, «Сонда сөйлесе келейін», – деді. Мен рахметімді айттым. Ар-тынан, жаз ортасында партия мектебіне шақыру қағазы келді. Оған Мақаңның ағалық, азаматтық қамқорлығының әсері тигені анық. Менің келешегімнің жолсапарының шлагбаумын ашушылардың бірі Мақаң деп санаймын. Бәрі тағдырдың бұйрығы, жазуы ғой, егер сол жолы Николай Федоровичке, кездеспесем, мені Мақаңа жібермесе, партия мектебіне ба-руым да екіталай еді. Әрине, мен Мақаңның жомарт қамқорлығынан дәм татқан көптің бірі ғанамын ғой.

Әр елдің ғасырлардан ғасырларға сабақтасып келе жатқан өз тарихы, өз мәдениеті, өз салт-дәстүрлері көп. Олардың өз ерекшеліктері де қаншама. Мысалы, батыстағы елдерімізде домбырашы-күйшілер мектебі, Қызылорда да сүлей-термеші, жыршылар мектептері, оңтүстікте айтыс

тұлпарлары, ал Орталық, Сарыарқада Абай, Шөкәрім, Мұхтарлардай сөз алыптарының, Ақаң, Жақаң бастап, Нұрхан, Сырбай, Ғафу жалғастырған ақындар мектебі, Солтүстік, Көкше өңірінде Мағжан Жұмабайұлы, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай негізін қалаған – әншілер-серілер мектебі, Баян өңірінде Шорман, Шоң би, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт, Естай, Майра бастаған істері елге тұтқа, сөздері халқына нұсқа болған, естігенін қуантып, мұңайғанын жұбатқан, ғалымдар Қаныш, Марғұлан бастаған дарындардың, мәдениет саңлақтары, ақын, жазушыларының мектептері қазақ елінің аспан астындағы академиялары, институттары емес пе? Арқа елін, жерін сөз еткенде, Көкше мен Баянның ерекшеліктерін сүйсіне, сұқтана сөз етпеу мүмкін емес. Еміренбей, елтімей жайбарақат айта салу кез келген адамға күнә да, кінә да болар еді. Міне, сол Баянды айтқанда, атағы аңызға, табиғаты мақтанышқа айналған егіз көл Жасы-бай мен Сабындының өзі – бір тарих. ХҮІІІ ғасырдың орта шенінде қазақтың жеріне қалмақтардың қанды балақ басқыншылары қаптағанда, қазақ батырлары туған елін, жерін қорғап, қол жиып, ту көтеріп жауға қарсы шыққан. Сол кездегі Баян өңіріндегі батырлар Олжабай, Жасыбай, Малайсары, т.б. жауын жайратып, қырғи тиген шілдей тоз-тоз еткен айқастардың бірінде Жасыбай оққа ұшып, Олжабай батыр ағасын жерле-ген көлдің жағасының биігі Жасыбай шыңы, көл Жасыбай көлі аталып-ты. Баянауылдың Жасыбай жағасының табиғатының ерекше сұлулығы – көзбен көрмесе, сөзбен айтып жеткізу өте ауыр сын. Осындай қасиетті өлкеге, Павлодар өңіріне сырттан Одақ көлеміндегі, Республикамыздың басшы азаматтарының саяхаттап соқпай кететіндері сирек. Ондай келістер олар үшін саяхат, біз үшін саясат еді. Өйткені, олардың ішінде мемлекет, әдеби, мәдени, ғылыми қайраткерлердің талай саңлақтарымен кездесетінбіз. Ұмытпасам, 1968 жылдың мамыр айының соңғы күндері-ау деймін. Таңғы сағат төрттің мөлшерінде терезе қағылған соң барып қарасам, аупарткомның бірінші хатшысы Василий Смағұлұлы (Камалид-ден) тұр. Далаға шықтым. Облыстан телефон соғыпты. Таңертең сағат 9.00 арнайы ұшақпен Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесінің төрағасы Бейсебаев Масымханның келетінін, жанында Одақтың Ішкі істер министрі Щелоков, Қазақстан Ішкі істер Министрі Қабылбаев бар екенін, оларды облыстық атқару комитетінің төрағасы Жақаңның (Жақыпбек Жанғозин) алып келетінін айтты. Маған соларға Жасыбайдың жағасында қонақасы дайындатуды тапсырды. Өзі басқа басшылармен ол кісілердің баратын жерлерін анықтамақшы. Уақыт тығыз, төрт-бес сағат. Тездетіп жүргізуші Ақылбекті алып жолға шықтық. Ақылбек – еңбекқор

азамат. Күні-түні жүргенде бір реніш жоқ. Мінезі салмақты, бос сөзге әуес емес, ауызы берік. Сонымен, Торайғыр совхозының директоры Әубәкіров Қабыкенге тарттым. Қырсыққанда, телефон байланысы үзіліп қалыпты. Совхоз 45-50 шақырым, көтерме жол жоқ. Ауыл арасының дал-дал, кедірлі-бұдырлы тасты, табиғи жол. Барып Қабыкенге жағдайды түсіндіріп, жылқы іздеп, оны союға уақыт болмас, тездетіп жолай шопанға соғып, қой сойдырып, Жасыбайға тарттық. Оның өзі 25-30 шақырымдай. Онда ауданның қонақ күтетін арнайы үйі бар. Бір қабатты үш бөлмелі, қарапайым ғана. Ас пісіріп, дастархан жаю рәсімдеріне көмектесуге Қабыкеннің жұбайы Бахыт келінді алғанбыз. Бахыт пысық, орысша-қазақшаға бірдей, талай қонақтарды қабылдаған, тәжірибесі мол, сым-батты, парасатты, сабырлы, орысша – қазақша жән-жоралғыны жақсы біледі. Әйтеуір үлгердік. Табиғат та көмектесті. Тұман болып, ұшақ Баянға тек сағат 10-да қонып, одан 25 шақырым Жасыбайға жеткенше жолда тоқтап, табиғатты тамашалау бар, бәрін қосқанда сағат 11.00-де келді. Қонақтар – бес адам (Қабылбаевтің көмекшісі капитан қазақ жігіті екен). Қонақтарды ауданның бірінші хатшысы Василий Смағұлұлы және аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Юрьев Михаил Павлович ертіп келді. Ауатком төрағасы демалыста. Қонақтар біраз тыныққан соң, дастархан жайылып, дәм де келді. Қойдың басын Масым-хан Бейсебаевичке ұсындық. Ол кісі алыстан келген қонақ қой деп, басты Щелоковтың алдына қойды. Ол қойдың басын ұстау дәстүрін білмейтінін, өткен жылы қырғыздарда болғанда құлынның шекесін алғашқы рет ұстағанын, ал қойдың басын ұстап, үлестіруге көмек керектігін айтты. Шахмат тілімен айтқанда, біздің қой сойғанымызға бір жүріспен «ша-хын» да айтып, матын да қойып кетті. Біз Қамаң екеуміз бір-бірімізге қарадық та, қойдық. Уақыттың тығыз, жердің шалғай екенін қалай дәлелдемекшісің? Кейін Щелоков жөнінде Одақ көлемінде алып-қашпа пікірлер, асқынған жағдайлар, күрделі іске айналды ғой. Оның шындығы мен жалғанын тарих өзі толғай берер, өйткені кейде кейбір басшылар өзі таққа отырысымен халықтың назарына тез іліну үшін, басқаларды баспалдақ етіп, құрбандыққа шалып, атып та, сатып та жатады ғой. Қалай болса да, мен қазақтың «молданың істегенін істеме, айтқанын істе» деген мақалына сүйеніп, Щелоковпен қысқа да болса, кездескендегі кейбір пікірлерінің дұрыстығын айтқым келеді. Тост айтқанда өзін, еңбек жолын қысқаша таныстырып өтті. Көп жыл партия ұйымдарын басқарыпты. Ол кісінің пікірі бойынша, Ішкі істер министрлігі тек жазалаушы орын ғана емес, ол қорғаушы, кейде қолдаушы, тәрбиелеуші, тәртіптің қос тізгінін

тең ұстауға бейім болуға тиіс. Сондықтан, тәртіп сақшылығының қызметтеріне тәжірибелі, халықтың жағдайын, тілек-талаптарын жанды, жақты және терең түсінетін адамдар келгені дұрыс. Олар арнайы дайындықтардан өткен, өз ісінің білгір мамандары болуы және мәдениеттері жоғары болуы қажет деп өз пікірін ортаға салды. Мүмкін, отырған кісілердің де көзқарас, пікірлерін білгісі келген шығар. Содан кейінгі айтқаны – кейде үлкенді-кішілі басшылар келіп, оларды күтіп, қонақасы беріп жатса, кейбіреулер оны тек тамақ ішу, табақ босату деп ойлайды. Менің түсінігімде, мұндай кездесулер біздің күнделікті жұмысымыздың бөлігі, жалғасы сияқты. Мінеки, екі-үш сағат бас қосып, әңгімелесіп отырмыз. Өзіміздің отбасымыз, жеке шаруаларымыз жөнінде бір ауыз сөз айтылған жоқ. Бәрі қоғам, мемлекеттік істер жөнінде. Кейде мінбеден айтыла бермейтін, пікір, өтініштер, ұсыныстар осындай бейрес-ми кездесулерде айтылып жатады. Тың пікір – ойдың оятушысы деді. Біраздан соң Жақаң ән салды. «Айттым сәлем Қаламқастан» бастап, Мәдидің «Үшқарасын», соңында орыстың «Варягын» айтты. Қоңыр дау-ыс пен мәнеріне келтіре айтылған өлеңдеріне бәрі қошемет көрсетіп, қол соқты. Шынында да, мәнеріне келтіріп, өте сазды орындайды екен. Кездесудің аяқталғанын сездіріп, бәрі орнынан тұрып, Щелоков Бақытты шақырттырып алып, көрсеткен қызметіне, оның өзі осындай сұлу, келбетті, екі тілде еркін сөйлейтін, мәдениетті әйелдің ғана ерекшелігі екеніне ризашылығын білдіріп, қолын алып, рақметін айтты. Ондай бағаға біз де қатты сүйсіндік. Далаға шығып көл жиегіне барып, тереңінен теңге көрініп жататын Жасыбайдың тотияйынның көк түсіндей көкпеңбек тұнық суына таңдана, айналасын қоршаған тау, табиғат тылсымдарына сүйсіне, сұқтана қарап, Швейцариядағы әйгілі «Рицца көлі мына Жасы-бай көліне қарағанда, ластанған көл сияқты», - десіп жатты. Бәріміз су-ретке түстік. Түстен кейін Торайғыров атындағы кеңшардың, «Жаңажол», «Алексеевка» кеңшарларының жерін басып, Жасыбай көлінің шығыс, солтүстік-батыс жақтарын орағытып, Баянауыл совхозын басып, Сабын-ды көлді айналып өтіп, жергілікті әуежайға жеттік. Жолда келе жатқанда Жақаң, бізде, Юрьев екеуміз сол кісінің жанында едік, көңілі көтеріңкі, тағы да екі-үш қазақша, орысша өлең айтып, бізге бұрылып: «Жаңа да-стархан басында отырғанда өлең айтуымның екі себебі болды. Біріншісі, біздің қазақтардың сауықшыл, қонақжай, кісі жатырқамайтынымызды көрсету, ал екіншісі, екі тілді де тең меңгеріп, мәдениетті егіздей мәпелеп келе жатқанымызды таныту еді», – деді. Мен үшін бұл кездесу үлкен бір сабақ болды. Жақаңмен бұрын да бірнеше рет кездескенмін. Әр кездесуде

бірдеңе олжалап, сарқыт алып қалатынымын. 1962 жыл ғой деймін шама-сы, мен совхозда Бас агрономмын. Қыстың күні шаруашылық жағдайымен Екібастұз қаласына бара қалдым. Сағиланың немере ағасы Әбенев Қабдол сонда келіпті деп естіген соң, сәлем берейін деп қалалық атқару комитетіне бардым. Ол кісі 1961 жылы Павлодар ауданының атқару комитетінің төрағалығынан Мәскеудің Жоғары партия мектебіне оқуға кеткен. Кездесіп, сәлем берген соң, өзінің облыстық атқару комитетінің төрағасы Жақыпбек Жанғозинмен келгенін, кешке қалалық атқару комитетінің төрағасы Раздыковтың үйінде қонақта болатынын айтып, менің де бірге болуымды қалады. Ауылдағы агроном, бұрын көрмеген Жақаңмен бірге қонақта болуға жүрексініп, сыпайылық білдіріп, бара ал-майтынымды айтып едім, Қабаң: «Сөзді қой, кешке қонақ үйге кел, бірге барамыз» – деді. Ол кісі өткір. Амал жоқ, келдім. Келесі күні пойызбен, арнайы вагон тіркеп, Павлодарға жүрмекші болды. Маған да бірге жүресің деді. Купеде төрт адамбыз. Жақаңның көмекшісі – орыс жігіті бар. Жол 4-5 сағат. Жақаң ішімдікке жоқ екен. Бәріміз шампан алып, соны ермек етіп отырдық. Жақаң көңілденсе, әңгімешіл және оны былжыратпай, тұздығын келтіре, дәмдеп, түйіндеп айтады. Өзінің партия, Кеңес жұмыстарына ерте араласқанын айтты. 1949 жылы И.В. Сталиннің 70 жылдық тойында Қазақстан делегациясының атынан сөз сөйлепті. Онда ол кісі Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы. Сонда 36 жаста ғана. Делегация Мәскеуге барғанда, құттықтау сөзді Қазақстан компартиясының орталық комитетінің бірінші хатшысы Жұмекең (Жұмабай Шаяхметов) айтатын болып барыпты. Бірақ, барғаннан кейін жастау және жергілікті жерден біреу сөйлесін деген болуы керек. Ертеңінде Жұмекең шақырып алып: «Бала, сен сөйлейсің, дайындал» – деп, дайындалған сөзін Жақаңа беріп, сөзіңді өзің барып орталық коми-тетке көрсетіп ал, – дейді. «Жұмекең сөзіне не қоса қоямын, бөлімге ба-рып, Қазақстан жөніндегі нұсқаушыға, бөлім басшыларына көрсеттім. Сол кездегі тәртіп пен көңіл бөлушіліктің ерекшеліктері қандай? Мен қайтып қонақ үйге келсем, екі кісілік бөлмемді бір кісілікке ауыстырып қойыпты. Өлі екі күн бар. Бұрыштағы айнаның алдына орындық, оның үстіне жастық қойып, дайындаған сөзімді пысықтауға кірістім. Содан той басталды. Украинадан кейін сөз кезегін Қазақстанға берді. Сенсеңдер, орнымнан қалай тұрғанымды және қайтып келіп отырғанымды ғана білемін. Қалғаны түс сияқты. Жігіттер «сөзің жақсы шықты» деп қолымды қысып, иығымнан, бүйірімнен түрткілеп жатыр. Маған енді Жұмекеңнің бағасы керек. Үзіліс кезінде Жұмекеңдер шығатын есікке қарай жүгірдім.

Ол кісі де аңқылдап келе жатыр екен: «Бала, жақсы сөйледің» деп, арқамнан қағып, бауырына басты. Көңілім орынына түсті». Өрмен қарай сөзді жалғастырып, 1942 жылы Қазақстан орталық комитетінде қызмет істеп жүргенінде Гурьевке, ЭМБ-ға мұнай өндіру жұмысының қарқынын қатаң бақылауға өкіл етіп жібереді. Жастығын пайдаланды ма, әлде мұнай өндіру жұмысындағы тәжірибесіздігін сезді ме, мекеменің басшысы Жақанды онша тыңдай қоймайды. «Ондай ірі кәсіпорынның директорын тек Мәскеу ғана тағайындап, Мәскеуге ғана бағынатын. Менің талап-тарыма сәл қарап, менсінбегендік қалып танытып жүрді. Соғыс кезінің талап, тәртіптері белгілі, ал өндірістегі кемшіліктерді мен жасап жатқандай, жоғарғы жақтың да қысымы қатты. Содан орталық комитетке жағдайды айтып, бөлім басшысымен және басқарушы хатшымен келісіп, әлгі директорды Мәскеуге айтпастан, обкомның бюросында қарап, (біраз уақытқа болса да) жұмысынан алып тастамақ болдық. Солай істедім. Әлгі директор орыс жігіті еді. Қара жұмысқа салдырттым. Бірақ сыртынан қалай істеп жүргенін бақылатып қойдым. Соғыс кезі сотталып кетуі де мүмкін ғой. Қорыққан болуы керек, қол арбашаны мықшыңдап итеріп, жанын салып жұмыс істеп жүр екен. Түрін көргенде өзім аяп кеттім. Бір жұмадай сынақтан өткізіп, обкомға шақыртып алып, қайтадан орынына қойдық. Көзім ашылды. Мені көрсе, баяғы өркөкіректік, кердең жоқ, ба-сын шұлғып, тағзым етіп, айтқанымды істеп, сайтаны басылып, адам қатарына қосылып қалды. Маған керегі де – сол. Сөйтіп, асауды ауыздықтап, ертоқым салуға үйретіп алдым», – деп сөзін аяқтады.

Келесі әңгімені осы Павлодар облысына жұмысқа келуімен жалғастырды. «1961 жылы Павлодар облысының бірінші басшыла-рын және басқарма жетекшілерін мемлекетке астық тапсырудағы және астықты сақтаудағы кемшіліктері үшін жұмыстан шығарып, партиялық жазалар берген-ді. Облысқа бірінші хатшылыққа Шишонков деген біреуді жіберген еді. Қазақстанға, Павлодарға сырттан келді». Облыстық атқару комитетінің төрағасы болып Жақаң, Жанғозин келген. Жақаң ай-тады: «Облысқа екеуміз де жаңадан келіп жатырмыз. Түйінін шешетін мәселелер көп. Кейде соларды ақылдасайын деп барсам, немқұрайлылық көрсетіп, ештеңеге жөнді араласқысы келмейді. Мәселемен барған мені де менсінбей, жөнді сөйлеспей, барғанда өзімен өзі болып, жайбара-қаттық танытады. Зығырданым қайнайды. Бір күні ақылдасайын деп барсам, газет оқып отыр. Жөні түзу қабақ беріп, сөйлеспеді. Мен жа-рылып кеттім. Орынымнан жұлқына тұрып, құлаштап столды бір пердім. Столдың үстіндегі жазу құралдары да секіріп-секіріп орындарынан құлап

түсті. Шишонков селк ете түсіп: «Что ты, что ты?» – деп маған қарады. Мен бар ызбарлы дауысыммен: «Сен менің кім екенімді білемісің? Мен облыстық атқару комитетінің төрағасымын. Сенің қызметке дейін қайда, кім болып істегеніңді Қазақстан білмейді. Ал мені бәрі біледі. 20 жылдан астам партия, Кеңес, шаруашылық салаларында қызмет атқарған мемлекет қайраткерімін. Қазақстанға еңбегі сіңген адаммын. Көзіңді аш, жан-жағыңа қара!», – деп есігін сарт еткізіп жаптым да шығып кеттім. Артынан біраз уақыт өткен соң, телефон соғып, кешірім сұрады. Менің партия саласында оншама жоғарыламай жүргенім де осылай тура, тік сөйлейтінім болуы керек. Өйткені менің партиялық іс-құжаттарымда ұлттыққа ерекше назар аударады деген жазу бар. Маған ендігі қажеттері, ел ішінде азаматтық арым мен құндылығым төмендемесе болды», – деп сөзін аяқтады. Ал біз қаншама сабақ алдық. Абай бабамыз «сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйсінерлік болса ол» деп осы Жақандай ұлдарының ұлылығын айтқан ғой.

Баян елі мені өздері ғана тәрбиелеп қойған жоқ. Баяғы дана бабаларымыздың ұлдарын ел аралағанда ертіп жүріп, би-шешендер, ел ақсақалдары бас қосқан топқа қатыстырып баулыса, тәрбиелесе, мені Одақ, Республика, облыс көлемінен келген мемлекет қайраткерлерінің, оқымысты ғалымдарының, ақын-жазушылардың да ортасына араластырды. Мен Баянда рухани өстім, ой-өрісім кеңейді, тәжірибем мо-лайды. Есейе түстім. Баянда 1967 жылы ұлым Дастан өмірге келді. Тұңғышым – Светлана мектепке барды. Оңтүстіктің қазақтары Солтүстік қазақтарының бәрін басқа руларға бөлмей, Арғындар дейді ғой, сол сияқты басқа облыстан кездескен жолдастар павлодарлықтарды бөліп-жармай: «баяндықтар» немесе «Қаныш елінің азаматтары» екенсіңдер ғой дейтін. Міне, Баянның сол кездегі құсбегілері Садықов Василий (Ка-малидден) Смағұлұлы, Гегер Николай Федорович мені түлетіп, келешек-те қабілетіңе қарай таңдаған тағыларыңды өзің шаларсың, тұғырларды өзің таңдап қонарсың деп, қан сонарға салып, Алматыға Жоғары партия мектебіне жіберді. Мен 1969 жылдың қыркүйегінде дала университетінен партия мектебінің екі жылдық (жоғары білімі барларды екі жылдық, орта білімділерді төрт жылдық бөлімдеріне алатын) бөліміне оқуға түстім.



Солдан оңға (жоғарғы қатарда):

Ж. Жанғозин – Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы; М. Бейсебаев – Қазақстан министрлер кеңесінің төрағасы; Н.А. Щёлоков – КСРО ішкі істер министрі;

Ш. Қабылбаев – Қазақстан ішкі істер министрі.

Екінші қатарда: М.П. Юрьев – Баянауыл ауыл шаруашылық басқармасының бастығы; В.С. Садыков –

Баянауыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы; Н. Тулекбаев – Қазақстан ішкі істер министрінің көмекшісі; К. Әубәкіров – Баянауыл аудандық ауыл шаруашылық басқармасының орынбасары



Жана ұйымдасқан «XXII партсъезд» атындағы совхоздағы қызметтес болған жолдастар



Жаңа ұйымдасқан «ХХІ партсъезд» атындағы совхоздағы
қызметтес болған жолдастар



Баянауыл аудан орталығындағы қызметтес жолдастар



Баянауыл аудан орталығындағы қызметтес жолдастар



Буров М.И. – Павлодар облыстық партия
комитетінің бірінші хатшысы.
В.И. Лениннің туғанына 100 жыл
толуына медальмен марапаттау



Ж. Жанғозин – Павлодар атқару комитетінің төрағасы
маған «Құрмет белгісі» орденін тапсыру кезі





Жарық бергендер





Октябрь ауданы – биік екен самғауы

Торғай облысы – Димекеңнің шаңырақ көтертіп, үмітін үкілеген жас отауы еді.

Алматы жоғары партия мектебіне 1969 жылдың қыркүйек айында түсіп, сабақ оқуға кірісіп кеттік.

Партия мектебінің ерекшелігі – оқуға қажетті мұқтаждықтардың бәрі де бір ауланың ішінде: оқу орындары, жатақхана, асхана, дәрігерлік орындар, кітапхана, мәдениет үйі, спорт залы, почта, тіпті шаштаразы-на дейін. Мектеп Ленин және Абай атындағы көшелердің қиылысында орналасқан. Партия мектебіне, жоғарыда айтылғандай, партия, кеңес орындарында қызмет істегендер ғана алынатын. Орта білімділер төрт жылдық бөлімге, жоғары білімділер екі жылдық бөлімге қабылданады. Барлығы 400-дей тыңдаушы (оқушы), әрине, бәрі де коммунистер. Жүзге тарта мектеп басшылары, оқытушылар. Барлығы бес жүздеі партия мүшелері, яғни облыстағы бір ауданның коммунистері. Мектеп директоры Кәкімжанов Әнуарбек – көп жылдар бойы облыстық, республикалық партия, кеңес қызметтерінде істеген білікті ұйымдастырушы.


Партия ұйымының хатшысы еңбек демалысына шыққан полковник дәрежесіндегі Чепарухин Алексей Дмитриевич есімді әскери адам. Мұғалімдердің бәрі ғылыми дәрежелері бар, тәжірибелі ұстаздар. Тыңдаушыларға, мектеп қызметшілеріне партиялық талап та, тәртіп те қатаң. Қараша (ноябрь) айында мектеп бойынша партия конференци-ясы өтті. Жеті адамнан партия комитеті сайланды. Тыңдаушылардың қатарынан мен комитетке мүше болып сайландым. Оқу бағдарламалары әрі тығыз, әрі қатаң.

Мектептегі дәрістер бойынша (кейде республика көлеміндегі және дәрежесіндегі партия орталық комитетінен, министрлер кеңесінен министрлер, т.б.) жауапты басшылар келіп, баяндамалар жасайды. Апталық оқу кестелері бойынша сыныптағы пысықтаулардан басқа, Маркстің, Энгельстің, Лениннің, кейде Сталиннің еңбектерін кітапханада, жатақханада мұқият оқып, қысқаша қорытындыларды жазбаша дай-ындап жатқанымыз. Бұл уақытты өте тығыз және ұтымды пайдалануға мәжбүр етеді. Әрине, кейде өз уақыттарымызды оқудан ұрлап, жасырып, үзіп-жұлып пайдаланудың да амалдарын табамыз. Тыңдаушының өмір салты да студенттік өмірдің есейген көшірмесі екен.

Партия мектебіне келгендердің бәрі данышпан, бәрі періште емес екенін де аңғара бастадық. Жергілікті аудан, облыс партия ұйымдары, негізінен, келешегінен үміт күтетіндерін өсіру үшін оқытса, кейбіреулерін өшіру, көшіру мақсатында жіберген бе деп те қаласың. Ойының орашолоқтығын, білімінің қораштығын, адамгершілік қасиеттерінің кедейлігін көргенде, бірер жыл болса да, жүйкеміз жұқармасын деп жіберген құтылудың жолы шығар деп ойлайсың. Өмір өзі кейін ек-шеп, елеп алар деп түйесің. Сөйтіп жүргенде бір жыл өте шықты. 1970 жылы Қараша айының 23-і күні Торғай облысын ұйымдастыру жөнінде үкіметтің жарлығы шықты. Екі-үш күннен кейін жаңа құрылып жатқан облысқа Алматы жоғары партия мектебінен партия, кеңес және об-лыс көлеміндегі әрбір салаға қызметке 25 адам жіберу керек деген тап-сырма түсті. Парткомның арнайы отырысында қарап, 25 тыңдаушыны бекіттік. Маған барасың ба деп еді, мен отбасы жағдайларымды ай-тып, келісім берген жоқпын. Келесі күні таңертең парткомға шақырды. Барсам, директор мен партком хатшысы екеуі отыр екен. Амандықтан кейін, орталық комитеттен телефон соғып, жаңа құрылып жатқан Торғай облысының Октябрь ауданына екінші хатшылыққа ұсынатын кандидату-раны сұрапты. Бұл кісілер мені лайық деп тауып, деректерімді жіберіпті. Ол жақ ұсынысты қарап, келісім беріпті де, бәрімізді, 26 тыңдаушыны сағат үшке Орталық комитетке, Димаш Ахметұлының қабылдауына өздері бастап алып келуді тапсырыпты. Партиялық этика. Кейін қайда, қандай жұмысқа жіберсе де, аттайтын босағаң да, батасын беретін де осы орда. Шегінуге болмады. Барлық жігіттер мен қыздарды арнайы автобу-спен Орталық комитетке мен алып бардым. Ол кезде орталық комитеттің ұйымдастыру бөлімінің басшысы Севрюков Василий Кузмич деген кісі болатын. Есіме қайдан түскенін білмеймін, партия тарихындағы «26 бакулық комиссарларға» ұқсатып: «26 торғайлық комиссарлар келіп тұр», – деп хабарладым. Ол кісі күліп, Димекеңнің кабинетіне кіріп шықты да, бәрімізді ішке шақырды. Димекең орнынан тұрып: «Торғайлық комиссарлар, келіп қалдыңдар ма?», – деп бәрімізбен қол алып аманда-сты да, «отырыңдар» деп орындықты нұсқады. Кабинетінде Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов және біздің мектептің екі басшысы отыр екен. Жаңа құрылғалы жатқан облысқа баруға келісім бергенімізге рахметін айтып, алғашқы кезде қиындықтардың болатындығын қысқаша талдап, түсіндіріп, ауырпалықтарды төзімділікпен жеңе білуге шақырды. Өзінің 1944 жылы Көкшетау облысының жаңадан шаңырақ көтеруіне қатысқанын, бірнеше ай сонда болғанын айтты. Қысқасы, Торғай облы-

сын ұйымдастырудағы қажеттіліктерге, оның құрамына Қостанай, Целиноград (Ақмола) облысынан алынатын аудандарға, жалпы жер көлеміне қысқаша тоқталып өтті де, Бәйкен Әшімовичке бұрылып: «Бұл азаматтар жол жүріп бара жатыр ғой, ақшалай, заттай көмек беруге болатын шығар», – деді күліп, – Ал мектептің басшылары өз түлектерін Арқалыққа алып барып, орналастырып қайтамыз десе, қарсылық жасамаймыз. Димекеңнің кабинетінен шыққан соң, Василий Кузмич бізге: «Қазір ұйымдасқан түрде келген автобустарыңмен ЦУМ-ға барындар, сол жерде әрқайсыңызға 500 рубльден (ол кезде мол ақша еді ғой) ақша беріледі және қоймадан қалталарыңның шамасы келген қажеттеріңе қарай зат-тар сатып аласыңдар», – деді. Жігіттердің ең бірінші алғандары – ондатр құлақшындар болды. Артынан құрбылас құлардың «им всем по шапке дали» деп жүргендері ғой.

Сонымен, Әнуарбек Хакімжанович пен Алексей Дмитриевич бастаған 26 торғайлық комиссарлар жұмбағы мен жұмағы белгісіз жаңа Торғай облысының орталығы Арқалыққа 27-қарашада пойызға отырып сапарға шықты. Қараша айының 30 күні таңертең пойызымыз жұмбақ жа-лаулы Арқалыққа келіп тоқтады. Олай деп айтып отырғаным, Арқалықта жаңа облыстың жалауы тігілгенімен, жауынгерлері әлі жан-жақтан келіп жатқан көрінеді. Димекең бастаған мемлекет басшыларының Торғай об-лысына артқан мақсаты да, үміті де зор болғанымен, бүгін мен ертеңі тоғысқан тұманды, күмәнді жұмбақтары көп еді. Құлан жортпас құба жон. Сыры да, шыны да әлі алда болып шықты. Арқалықта жаңа облыстың шаңырағын тіккен жалау бірнеше рет көтеріліп, бірнеше рет қайта-қайтас жығылып, ақыры құлап тынды. Бірақ ол кезде Арқалықтың темір жол станциясына келіп түскенде күдігіміз болғанымен, үмітіміз басым-ды. Бізді оркестрлетіп Ұйымдастыру бюросының төрағасы (келешек обкомпартияның бірінші хатшысы) Сақан Құсайынов бастаған, Трофимов Юрий Николаевич (келешек облыстық атқару комитетінің төрағасы), Голубенко Виктор Михайлович (келешек обкомпартияның екінші хатшы-сы), Жәнібеков Өзбекәлі (келешек обкомпартияның идеология саласын басқаратын хатшысы) т.б. жаңадан келіп жатқан және жергілікті жауап-ты қызметкерлер қарсы алды. Жаңа жер, жаңа ел болғаннан кейін қайда келдік деп жан-жағыңа көз саласың. Көзге алғаш ілінгені – боксит кенінің үйілген тау-тау қопарынды қызғылт түсті жоса сияқты топырақтары. Те-мір жол да әуелде сол кенді тасуға салынған болуы керек. Енді қалаға на-зар аудардық. Төрт-бес көшесі ғана бар, о шеті мен бұ шеті көрініп тұрған шағын ғана қала. Кейін естідік, қалалық тұрғындар саны 15 000-ның ша-



масында. Бәріміз горкомпартияның үш қабатты ғимаратына ендік. Штаб осында орналасыпты. Бізді бір-бірлеп шақырып танысып, өздерімен де таныстыра бастады. Қабылдау біткеннен кейін бәрімізді кеншілердің екі қабатты шағын, оншақты бөлмелі, 80-100 адамдық ойын-сауық (концерт) қоятын мәдениет үйіне алып барды. Бірінші қабатында 25-30 адамдық асханасы бар. Ер адамдар залға, ал қыздар шымылдық құрып сахнаға орналасты. Қалада, басқа тамақтардың түрін былай қойғанда, нан да, су да жеткіліксіз. Қалаға су құбыры 80 шақырым Қараторғай жер астынан 5-6 шыңырау құдықтардан тартылған жалғыз тармақпен келетін көрінеді. Мерзім-мерзім беріп тұрады. Мол беруге құбырлары ескі, қатты қысымға шыдамайды.

Жаңа жерге қандай қиындығы болса да, шыдаймыз деп көз жұмып келсек, енді көзді ашып, жан-жағыңа қарап, төзімділік көрсетуіміз қажет.

Қаланың партия комитеті (Арқалық аудандық партия ұйымы соның құрамында болатын) қаланың шетін ала орналасқан «Родина» атты совхоз-техникум тұрған ауылға көшірілді. Бірақ көп ұзамай қалалық, аудандық болып екіге бөлінді. Облыстық мекемелердің басшылары тағайындалып, өздеріне бағынышты өндіріс орындарының ғимараттарына орнала-са бастады. Партия мектебінен келген азаматтарды да обкомпартияға, облыстық атқару комитетіне және басқа облыстық мекемелерге орналастырды. Барлық мекеме жұмысты нөлден бастауы керек, өйткені облыстық жұмыстардың сүрлемі түгілі соқпағы да жоқ.

Мені 6 желтоқсан күні (5-желтоқсандағы Конституция мерекесінен кейін) келешек обкомның екінші хатшысы Голубенко Виктор Михайлович Октябрь ауданына алып шықты. Жаңа облыстың құрамына енген Қостанай облысынан төрт аудан: Жанкелдін, Аманкелді, Арқалық және Октябрь аудандары, ал Ақмола облысынан төрт аудан: Есіл, Жақсы, Державин және Жаңадала аудандары. Барлығы 132 совхоз (2 колхоз); және 22 элеваторы бар. Міне, Қостанай облысымен шекаралас Октябрь ауданына келіп жеттік – 300 шақырым екен. Октябрь ауданы 1955 жылы 22 қазан ұйымдасыпты. Ертеңінде пленум өткізіп, мен екінші хатшы болып сайландым. Бірінші хатшысы Нестеренко. Бір айдан кейін сұранып Қостанайға кетті, жаңа облыстың ауыртпалықтарынан сескенген шығар. Ол кетті деп ауданда да, облыста да олқылық еленген жоқ. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып аудандық ауыл шаруашылығының бастығы Довгаль Василий Павлович (1919 жылы туған) сайланды. Тың көтеру жылдарында тракторист-комбайнер болып істеген, бір қолы буынынан молтақ. Егін орағында комбайнда жарақаттаныпты. Сол механизатор кезінде Еңбек

Ері атағын алып, кейіннен Сақан Құсайыновичпен бірге Алматы Жоғары партия мектебінің төрт жылдық бөлімін бітіріп, әр түрлі жұмыстар істеп, 1961 жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына дейін қызмет атқарып, 1963 жылы Хрущевтің «жаңалықтары» кезінде Аудандық агрокомитеттің төрағасына дейін «көтеріліп», қайтадан бәрі орнына келген кезде сол қызметінде қалдырылған-ды.

Аудандық партия комитетінің идеология саласының хатшысы Ес-тай Өмірзақов салмақты, сауатты, саналы, ашық мінезді азамат қана емес, орыс тілін де жақсы меңгерген қызметкер екенін білдім. Ұйымдастыру бөлімінің бастығы Музалиев Петр Емельянович болса орта жастағы, партиялық жұмыстарға төселген тәп-тәуір сауатты. Жалпы, бөлім бастығы Павленко Василий Артемович өз жұмысын жақсы меңгерген, ашық мінезді жігіт.

Аудандық атқару комитетінің төрағасы Касьянов Иван Николаевич деген жасы елуден асқан, тәжірибелі, кеңес жұмысын терең білетін, мінезі салмақты азамат еді. Оның бірінші орынбасары Табуньщик Николай Петрович деген елуді алқымдап қалған, көптен бері қызмет істейтін мінезі салмақты, әрі жұмсақ сабырлы азамат болатын. Тағы бір орынбасары Ахметова Хадиша деген жас келіншек. Бұрын мектептерде мұғалім, директор болып қызмет атқарған, тәжірибелі, салмақты, сауатты, тапсыр-маларын салмақтай, түйіндей беретін қабілетті адам.

Аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы болып бұрын Василий Павловичте көп жыл орынбасары болып қызмет істеген, мамандығы зоотехник болса да, агротехниканы да, финанс-экономикалық мәселелерді де терең игерген, өзін Догвальдің В.П. шәкіртімін деп есептейтін және жоғары бағалайтын Докалов Анатолий Василевич деген жігіт тағайындалды. Аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Садықов Мағзұм елуді өкшелеп қалған, сауатты, тәжірибелі, мінезі жатық азамат. Кейін отбасымызбен ағайынды адамдай жақсы араласып кеттік.

Ауданның мемлекеттік орындары мен өндіріс, сауда салаларының басшылары да өте тәжірибелі, жұмыстарына жауапты қарайтындар. Бұл ауданның бір ерекшелігі – кадрлары көп жылдан бері бір орында жұмыс істейтін тұрақты адамдар. Ауданның жанында Есіл-Қостанай орта жолында орналасқан Шалғышы (Челгашы дейді) деген үлкен темір жол станциясы бар. Ауданмен аралас, шектесіп жатқан елді мекен Железнодорожный дейтін астық өндіретін ірі совхоз. Бір өзі 56-60 мың гектар жерге егін егеді. Кеңес одағының көлемінде (жер жүзінде деп те айтуға бола-ды) астықты ең көп егетін (95-100 мың гектар) Қостанайдың Буравестник

(қазір Козлов атындағы) кеңшары, содан кейінгі осы Железнодорожный кеңшары. Жалпы, ауданның жер көлемі 640 мың гектар, жыртылған 468 мың гектардан астам егіс алқабы бар екен. Ауданның 14 кеңшары (біреуі ғана – мал бордақылау) бәрі де астық өндірісінің үлкен алып шатырын көк аспанмен жауып, қабырғасын көкжиекпен көмкерген даланың астық өндіретін фабрикалары іспеттес. Октябрь – жаңа облыстың Есіл ауданынан кейінгі ірі астықты, экономикасы мығым ауданы. Ауданда әрқайсысы 80-120 мың тоннадан (тек жабық қоймаларында ғана) астық қабылдайтын төрт ірі элеваторлар жұмыс істейді. Аудан шаруашылықтары жылына орташа есеппен, 400-450 мың тонна астық өндірсе, соның 250-300 мың тоннасын мемлекетке тапсырып отырады. Мал өнімдері де жоғары қарқында: жылына өндірілетін ет – 6-7 мың тонна, сүт – 10-11 мың тонна. Менің мұның бәрін тәптіштеп түгендеп жазып жатқаным, балаларым, кейінгі ұрпақтарым түсінсін, мен көкпен түскен данышпан емеспін. Октябрь ауданы да, оның азаматтары да менің өмір мектебім, ұстаздарым. Бұл сылап, сырлап, әсерлегенім емес. Шындық. Бұрынғы білгендерімнің, тәжірибелерімнің шеңберін кеңейтіп, таным-түсінігімді тереңдете түсті. Өз қалыптарына салып, олқы-солқы жерлерімді тегістеп, тығыздап, нығарлап шыңдады. Бұл ауданда бір жарым жылдай ғана жұмыс жаса-сам да, қай жағынан болмасын сауаттылығымның өсуіне көп ықпалын тигізді.

Василий Павлович тек бірінші хатшы ғана емес, ол нағыз ұстаз, қамқоршы, дипломат, демократ, өндірісті терең білетін адам еді. Жұмысқа кірісімен бюро мүшелеріне: «Кеңес Аманұлы ауданға жаңа келіп жатқан азамат, сондықтан менен бастап бәріміз кезектесіп, аудан шаруашылықтарын, өндіріс, сауда т.б. салаларды бірге барып таныстырып, тез қатарымызға қосып алайық», – деді. Ауданның жалпы халқы 25 мың, оның, 3,5-4 мыңы аудан ортылығында. Негізгі халқы орыс, украиндық ағайындар. Орталықта қазақтар оншақты үй ғана. Кеңшардың да қазақтары саусақпен санарлықтай. Тек, Вильямс атындағы кеңшардың халқының жартысына жуығы қазақтар.

Аудан шаруашылықтарын аралап, таныса бастадым. Алғашқы екі-үш совхозға Василий Павловичтің өзі ертіп апарды. Қыста негізгі көретінің мал шаруашылығы, МТМ, мәдениет орындары, мектеп. Олардың мал-дарын, күтімдерін көргенде әсірелеп айтсам, таңданғаннан екі көзім тас төбеме шықты. Бұрын Баянда ондайды көрмегенмін ғой. Мал қоралары тап-таза, жап-жарық, жып-жылы. Барлық қораларға су құбыры тартылған. Малдың алдында көк шөп, жүгері сүрлемі, жемді рельстегі жылжымалы


арнайы жасалған темір қобдишалармен салады. Малдың астын тазалап отыру да жылжымалы транспартерлермен жүргізіледі. Малдың үсті таза, құрғақ, қолқырғышпен тазалап тұрады. Атамыз қазақ тегін айтпаған ғой:

«Мал астынан жүдейді, жатар орын – жарым құрсақ, от – арық, су – семіз», – деп. Ал шөптерінің өзі ерекше – бір жылдық шөптің тұқымына қосылып егілген, сұлы, арпа, бидай. Дәні толып пісе бастағанда, шөпке орып алатын көрінеді. Алғашқы кезде ойлағанмын, мені таңдандыру үшін таңдаулы шаруашылықтарды көрсетіп жүрген шығар деп. Жоқ, бәрінде де сондай. Мал қоралардың айналасы темір шарбақтармен қоршалған. Малшылардың демалатын бөлмелерінде теледидар, шахмат, дойбы, дамино, газет-журналдар бар, екінші бөлмесі – дәрігерлік, үшіншісі – ас-хана. Өйтеуір қажет жағдайлардың бәрі жасалынған. Осындай аялы қамқорлық болған соң, шаруашылықтың көрсеткіштері де жоғары: сауын сиырлар жылына сауын уақытында 3,5-4 мың литрден сүт береді. Әрбір сауыншының сауып алған сүтінің майлылығы жеке-жеке алынып тіркеліп отырады. Төл алудың да, қосымша салмақ алудың көрсеткіштері жоғары.

МТМ, машдвор, автогараждың бәрінен де ұқыптылықтың, тәртіптің иісі шығып тұр. Мәдениет үйінде де тәлім-тәрбие жұмыстары «мен мұңдалап» тұр. Совхоз тарихы, еңбек озаттардың мұрағат деректері, жергілікті өнерпаздардың дайындық кестелері де өз орындарында. Жүрген жерде маған бәрін түсіндіріп, көрсеткіштерін айтып отырады. Осындай жағдайлардың көбісінің бұрынғы мен қызмет атқарған, тәрбиеленген жерлерде болмағанына іштей өкініп, намыспен тыңдап, көрсем де сыртқа бізде де осындайлар бар еді деген кейіп танытып, сырымның сынықтарын білдірмеймін.

Олардың, кеңшар, өндіріс басшыларының бір ерекшелігі мемлекетке тапсыратын өнімдердің сапасын, құндылығын тексеруде (астықтың, сүттің) элеваторларға, сүт қабылдау зауыттарына барғанда, сол мекемелердің мамандарынан кем білмейді. Алдауға, арбауға жол бермейді. Аналар да аяқтарын аңдап басады. Кеңшар директорлары В.С. Вакуленко, Токарев (Еңбек Ері), Гордузов, Петров Б.П., Сидоренко т.б. нағыз өндірістің терең білгірлері, шебер ұйымдастырушылары, сол басқарып отырған коллективтерінің әрі ұстазы, әрі тәрбиешілері еді.

Бірде егіске дайындықтарын көрейін деп Искра совхозының бригадаларын араладым. Жолда Вакуленко В.С. (сол кезде алпысты алқымдап қалған адам) тосып тұр екен. Бригадаларды шетінен бастап аралап келеміз. Дала жұмыстарын бүгін-ертең бастаймыз деп, жердің сәл дегдуін күтіп отырғанын білдім. 22000 гектарға егін егілмекші. Қай бригадаға



барсақ та, төңірегі таза, шашылып жатқан темір, резина қалдықтарын көрмейсің. Жатақхана, асханалары, қысқаша айтқанда, олар – қонақ үйлер секілді. Ал тракторлар, тіркемелі құралдар ақ балшықпен тартылған түзу сызықтың (линейка) бойына шаруашылық нөмірлеріне байланысты тізіліп қойылған. Нағыз әскери тәртіп. Тракторлардың бәріне қызыл жа-лауша қадап қойыпты. Мен алғашында түсінбей: «Василий Савельевич, жұмысқа кіріспей жатып, мыналар еңбек озаттарының қатарына қалай ілініп қалған?», – деймін. «Кеңес Аманович, біз кейде қалыптасып қалған сүрлеуден шыққымыз келмейді, тіпті басқа із іздемейміз. Мысалы, бізде 25 трактор бар, ертең бәрі жұмысқа кіріскенде әр жұмыстың түріне қарай бірекі агрегатқа тәуліктің тапсырамасын асыра орындады деп жалау-ша тағамыз, ал қалған тракторлардың күнделікті жоспарларын артық орындаса да, орындай алмағандардың қатарында көзге ілінбей қалады. Сондықтан біз алғашқы күні бәріне қызыл жалауша тігіп, тапсырмала-рын орындай алмағандардың жалаушаларын алып қоямыз», – деді. Бұл маған жапондықтардың мектептегі сабақ оқыту тәсілін есіме түсірді. Үйге берілген сабақтардың орындалу сапасын мұғалім сыныптағы оқушылардың қатысуымен ашық талдайды. Оқушыны тақтаның алдына шығарып, үйде дайындап келген түсініктерін талдап (мейлі ауызша бол-сын, жазбаша болсын) мына жерін жақсы түсініпсің, жақсы жазыпсың, ал мына жерін былай айтқаныңда, не былай жазғаныңда мына түсініктерің ұтымды, ұғымды шыққан болар еді деп, біреуі арқылы бәрін терең ойлауға, тақырыптың негізгі түйінін шешуге жетелейтін көрінеді. Біздегі сияқты өз түсінігімен, өз шешімімен тек баға қоя салмайды. Жетелейді, ұғындырады, талдауға үйретеді. Бүгін мен де сабақ алдым. Ізденгіштік жаңалықтың қансонары екенін есіме түсірді.


В.С. Вокуленконың тағы бір ерекшелігі – ол күнде бозалы таңнан тұрып, ауылды бір аралап шығып, кеңсеге келгенде қай үйдің аула-сы сыпырылмаған, гүлдері, көкөністері суарылмаған – бәрін біліп отыратындығы. Жағдайларына қарай, қажетті үйге телефон соғып, өзінің әзіл-шынын араластырып, ескертпелер жасайды. Жұмыс уақытында кеңсе маңайында бос жүрген бір адам көрмейсің, кездесе қалса: «Иә, даладағы, үйіндегі жұмыстарыңды бітіріп, жұмыссыз қалған түрің бар ғой» деп, кекесіннің келтесімен сарт еткізеді. Ауылдың еркек, әйелдерінің бәрі түсініп алған, оны қамқорлық санайды.

Шаруақор адамдар, негізінде, тартпақ, сараң болып келеді ғой. Бір күні Василий Павлович екеуіміз совхоздардың егінін аралауға, көруге шықтық. Жүргізуші өзі, көбіне солай. Бір қолы ғана болса да маши-

наны жақсы жүргізеді. Жолай Октябрь совхозының егістерін аралап, директорларға (әурелемей-ақ қояйық деп) хабарлаған жоқпыз да. Искра совхозының территориясынан шықтық. Алғашында жай жауып тұрған жауын, ақ жаңбырға айналып, үдей түсті. Жолға асфальтқа шықтық. Ауданның барлық совхоздары асфальтталған жолдармен қосылған. Совхоздарда (Вильямс атындағыдан басқаларында) бөлімше деген жоқ. Бәрі совхоздың орталығында, бригадалар ғана. Бригадаларда адамдар ма-усымды уақыттарда ғана тұрады. Искра совхозына келіп кеңсенің алды-на тоқтадық. Василий Павлович: «Бірінші қабаттан директорға телефон соғайық, – деді. – Көресің, жаңбыр жоқ дейді. Айтқанындай, амандықтан кейін «совхозыңда жаңбыр бар ма» деп еді, «Ой Василий Павлович, жаңбыр жаумай тұр, қанша уақыттан бері» деп жатыр. Бүгін де жоқ па десе, жоқ, күннің көзі жарқырап тұр деп қояды. Әй, біз сенің кеңсеңнің бірінші қабатынан сөйлесіп тұрмыз, жаңбырдың қаттылығынан екінші қабатқа көтеріле алмай тұрмыз десе, Вокуленко: е, жаңбыр бірінші қабатта болуы мүмкін, екінші қабатта күн ашық деп міз бақпайды. Біз күліп жатырмыз.

Мен әңгіменің көбін Искра кеңшары төңірегінде айтып жатқаным, барлық совхоздарда да, жалпы жағдайлары ұқсас, өйткені директор-лар арасында бәсекелестік, намысқорлық – қатарынан қалмаудың, кем түспеуге тырысудың жетекші күштері еді ғой. Сондықтан, пікірім мен бағдарым шашырамасын, ұсақталмасын деп ойлағаным ғой. Әрине, ұсақ-түйек өзгешеліктерсіз бола ма, бірақ әрқайсысы өз жолдарын іздейді.

Бір күні Айдарлы деген совхозға келсем, кеңседе ауылдық кеңестің төрағасы ғана отыр. Әйел адам. Кабинетіне кірсем, бір әйелмен әңгімедүкен құруда. Қабылдаудағы әйел жылап отыр. Мен келген соң әйелге «кейін сөйлесерміз» деп қоя берді. Амандықтарын, жалпылама жағдайларын сұрасқан соң, жаңағы әйелдің қандай мәселемен келгендігін сұрадым. Сөйтсем, ауылдық кеңестің арнайы құрылған тұрақты комиссиясы әйелдер кеңесімен қосылып, әрбір сәрсенбі күні тұрғын үйлерді аралап, олардың аулаларының, үй ішінің тазалықтарын тексеріп, салақтарын фотоға түсіріп, совхоз кеңсесінің алдындағы, мәдениет үйіндегі арнайы сын тақтасына іліп қояды екен. Ал сын садағына іліккендерге қадалған жебелері кемшіліктер жойылғанынша тақтадан түсірілмейді. Жаңағы әйел сондай «оққа ұшқандардың» бірі. Кемшіліктерді жоятын-нын, тақтадағы фотосуреттерді алып тастауды өтініп, жылапты. Бұл маған тәрбие салаларының тәсілдері мен жолдарының іздеген адамға тарам-тарам екенін тереңірек ойлауға түрткі салды. Ілгері қарай жылжи



түскендеймін. Ерекше тоқтала кететін бір күрделі жағдай – облыстық партия конференциясы. Тұңғыш конференция 1971 жылы жаңа жыл мерекесінен кейін қаңтар (январь) айының басында өтті. Жеделдетіп жөндеуден өткізілген ескі бір қабатты мәдениет үйінде. Аудандардан делегаттардың бәрі екі күн бұрын келген. Жатар орынға жаңа салынып жатқан, әлі әйнек, есіктерінің аңғал-саңғалдары көп бес қабатты екі үйді дайындапты. Ал сол күндердегі борандарды мен бұрын-соңды көрген емеспін. Аттың құлағы көрінбейді. Екпіні адамды аттатпайды, тек қол ұстасып, бір-біріңді сүйрелеп жүресің. Конференция өткізу үшін әрі оған қатысуға келе жатқан Қазақстан Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Имашев Саттарды, 15-тей министрлерді, Орталық комитеттің нұсқаушылары мен 25-30-дай «Гүлдер» ансамблінің әртістерін арнайы темір жол вагондарымен 200 шақырым Есіл станциясынан жеткізерде бірнеше жерде пойыз қардан (бораннан) тоқтап жүре алмай, соңдарынан да, алдарынан да темір жолдың қар тазалайтын машиналарын, локомотивтер жіберіпті. Сөйтіп, олар әрең дегенде Арқалыққа келіпті. Боран тоқтар емес, қайта үдей түсуде. Дегенмен, облыстық партия конференциясын бір күнде өткізіп, басқарушы органдарын сайлап, пленум мүшелерін сайлап (мен де мүшелікке өттім), соңынан үлкен концерт берілді. Сол күні кеш-те Алматыдан келген адамдар және Сәкең (Имашев) бар, жолдағы Есіл, Жақсы аудандарының делегаттары 4-5 вагон болып жолға шықты. Содан олар қаладан 15 шақырымдай шыққанда, тағы да қардан жүре алмай ел жоқ, айдалада қалады. Түнде Арқалыққа хабар жетіп, жақын маңдағы совхоздардан, Арқалықтан К-700 тракторларымен көмір, су, азық апа-рып, алдарынан, соңдарынан қар тазалағыш роторлы трактор жіберіліп, әйтеуір, ертеңіне түске қарай Есіл станциясына жеткізуге мүмкіндік туа-ды. Міне, осындай қиындықтар мен күрестен, жатар орын, ішер тамақтан таршылыққа, тапшылыққа көніп, соған қарамай, азаматтардың қажырлы еңбектерінің арқасында қабырғалы қатардағы облыстармен адымы да, қарымы да қапталдасқан Торғай облысын кейін жоғары жақтың бір ашып, бір жауып, азаматтардың сіңірген еңбектерін еш етіп, үлкен мақсат пен артқан үмітті аяққа басқандығы еске түскенде жүрегің сыздап, ызадан жерге түкіресің.

Довгаль Василий Павлович менің тек өндіріс жөніндегі ғана емес, партиялық ұйымдастыру жөніндегі де ұстазым болды. Ауданда баяндамаларды маған жасатып, облыстық пленумдерде сөйлеуді де маған тапсыратын. Мен сол кезде де кейін өзім бірінші басшы болғанда да, баяндамаларды, алғы сөздерімді бөлімге дайындатып, бірақ түгелдей қайта жазатынмын. Менің не айтқым келетінін, ойымды басқалардың түгелдей

білуі мүмкін емес деп ұғамын. Василий Павлович менің дайындаған қаулыларымды, анықтамаларымды жалпы бөлімнің басшысы Павленко Василий Артемович екеумізді шақырып алып, ал енді талдайық деп ба-стап, мына жері қате екен демей, ақылдасқан болып, мына сөйлемді бы-лай түзетсек қайтеді немесе мына сөзді мына сөзбен ауыстырсақ қайтеді деп үйретіп отыратын-ды.

Маған: «Ой-өрісің, сөз саптауың дұрыс, кейде грамматикалық ұсақ қателерің болады. Оның бәрі жүре түзелетін кемшіліктер, ең бастысы, пікірің ашық, түйінді, сөздерің өткір», – деп мақтап қояды.

Василий Павлович нағыз демократ еді. Мен алғашқы кезде ыңғайсызданып жүрдім. Жұмыстан кейін кейде кабинетіне жиналатын-быз. Сосын кейбір мәселелер жөнінде пікірталастар басталады. Тік, ашық, дәрежесіне қарап қымсыну жоқ, әрине, сыйластық та сақталады.

Кеңшарлардың директорларын, партия ұйымы хатшыларын, маман-дарды, бригадирлерді телефонға өзі шақырып, түн бе, күн бе кез-келген уақытта сұрақтардың күрделі, жеңіліне қарамай сөйлесіп, талқылайды. Ал темекі тартатындардың бәрі шылымдарын будақтатып отыра береді. Мен бұрын ондайды көрмегенмін. Алғашқы кезде ерсі көрініп жүрді. Қонаққа барғанда да сондай еркіндік. Бірінші басшылардан басқалары жасына да, жолына да қарамай, кез-келген жерде отыра береді екен. Мұндағы қазақтардың қонақ қабылдауы сол баяғы өзімізше. Жерге да-стархан жайып, қазақша малдас құрады. Бір таңғалғаным, аудан, со-вхоз басшылары үйлеріне шетелдік жиһаздар іздемейді. Біз барысымен тұтынушылар қоймасында көптен бері тұрған румындық жиһазды алдық. Жаңа қонысқа келуіміз деп аудандық партия, атқару комитеттерінің бас-шыларын қонаққа шақырдық. Сонда бәрі шетелдік орындық, столдар-ды көріп таң қалды. Содан кейін «мен де аламын, мен де аламын» деген ұсыныстар сол кеште түсе бастады. Сонда басшылардың тұрмыстарына қарапайым қарайтыны таң қалдырды. Дүние қумайды. Бәсекелестік жоқ.

Аудандық атқару комитетінің ұйымдастыруымен жылда жазғытұрым сәуір айында ауданда дәстүрлі түрде барлық шаруашылық, мекемелер жеке тұрғындардың қатысуымен аудан орталығында қысты шығарып салу және гүлдер көрмесін өткізеді. Оларға дәрежелі орындар белгілеп, ақшалай, заттай сыйлықтар беріледі. Міне, нағыз қызу бәсеке осында. Той сияқты ұйымдастырылады.

Ол тек өсірілген гүлдерді әкеліп көрсету емес, әрқайсысы түрлі тақырыптар ойлап тауып, соны гүлдермен әшекейлеп, сәнді өткізу. Мы-салы, «Қыз ұзату», «Мектеп бітіргенде», Ұлы Отан соғысына арналған – «Ешкім ұмытылған жоқ, ештеңе естен шыққан жоқ», «Біздің совхоз осын-

дай», т.б. көптеген қызықты, тартымды қойылымдар. Қызығынан бұрын, жастарға, балаларға тәрбиелік маңызы зор.

Гүл базарын, гүл көрмесін қызықтап, үйді-үйімізге тараған едік, біраздан кейін бірінші хатшы телефон соғып, кеңсеге келіп кетуімді өтінді. Барсам, кабинетінде жалғыз өзі. Күліп: «Кеңес Аманович, Сақан Құсайынович сөйлесті, сізді алып кетемін дейді, – деді, Арқалық ауданы атқару комитетінің төрағалығына. Үйренісіп қалдық, тіл табысып кеттік. Қалдыра тұрсаң қайтеді деп едім, Сақан Құсайыновичті білесіз ғой, облыста Октябрьден де басқа да аудандар бар екенін ұмытпаңыз деді. Ертең саған 11-де обкомда болу керек екендігін де айтты. Келесі күні Сақан Құсайынович қабылдады, Орталық комитетпен келіскен болуы керек, Алматыға жібермей, обкомның бюро отырысында бекітіп, 1972 жылғы сәуір айының төртінші күні Арқалық аудандық атқару комитетінің төрағасының тағына әкеліп отырғызды. Октябрь ауданында өз орнына кімді ұсынар едің дегенде, Айдарлы совхозының жас директоры Петров Борис Петровичті айттым, сол жігіт сайланды да. Октябрь ауданына ба-рып, қызметтес, сыйлас болған азаматтарды райкомға жинап, рахметімді айттым.

Бір жарым жылдай ғана жұмыс істесем де, Октябрь ауданының, оның азаматтарының маған бергені көп еді. Кейін ойлаймын, тағдырдың өзі мені басқа аудандарға қызметтерге жібергенде, өндірістік тәжірибелерімді жоғарылатудың арнайы дайындық оқуынан өткізгендей болды. Қайталамай-ақ қояйын, не көргенімді, не ұққанымды жоғарыда айтып өттім. Арнайы жоғары білімі болмаса да (Жоғары партия мектебінен басқа), кешегі тракторист-комбайнер, бүгін терең білімді, жан-жақты сауатты, адамгершілік қасиеттеріне бай ұстаз таптым. Октябрь ауданының азаматтарынан барға тоқмейілсімей тұрақты, табанды ізденісте болуды үйрендім. Октябрь ауданында 1972 жылдың 18-наурызында кенжеміз Асқар дүниеге келді. Асқарға ат қоюымыз да қызық болды. Тізіп жазып алған аттарымыздың ішінен қайсысын таңдап алуды шеше алмай, екі-үш айдай «әй, бала» деумен жүрдік. Бір күні бізге қонаққа қайын атай Сағиланың әкесі келеді деп естідік. Мен Сағилаға баламызға атты атай келгенше қояйық, әйтпесе ол кісі Сәрсенбай, Бейсенбайлардың біреуінің аттарын қойса, қалай қарсы келеміз деп алдын ала өзіміз ат қоюға келістік. Ол кісінің балалары мен немерелерінің аттары солай келетін. Содан Асқар деген атқа тоқтадық. Құдайға шүкір, атына заты сай болып шықты.

Сөйтіп, Октябрь ауданынан алған олжаларымызды қанағат тұтып, келешек қайдасың деп, Арқалыққа сапарға аттандық.

Арқалық ауданы – қалқылмаған қаймағы

Арқалық ауданының тарихы Арқалық қаласымен сабақтас. Жаңа облыс құрылғанша партия, кеңес мекемелерінің бәрі ортақ болған. Қалаға бағынып тұрған. Облыс құрылған соң қала мен дала екіге бөлініп, әрқайсының басқару орындары жекеленді. Арқалық ауданының орталығы қаламен шектесіп, араласып жатқан «Родина» деген совхоз – техникумның (агроном, механиктер дайындайтын) орталығында орналасты. Ол кезде совхоздарда ОЩ-60 деген бір қабатты, 60 орындық, типтік жатақханалар салынатын-ды. Соның екеуін тұрғызыпты. Біреуіне райкомпартия, біреуінде аудандық атқару комитеті орналасты. Арқалық қаласының өмірі боксит өндірудің келешегімен байланысты екен. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінде шөлді, шөлейт аймақтарда су тапшылығы мен теміржолдың жоқтығынан ірі қалалардан алыс орналасқандықтан жер астының байлығын іздестіру қолға кеш алынып, тек, 1931 жылда-ры ғана басталыпты. Н.Г. Кассин басшылығымен іздестіру жұмыстары 1931 жылы осы өңірдің геологиялық жаратылысы жөнінде талдау жаса-лыпты, сол жұмыстардың негізінде Г. Бычков және Е. Шлынгиндер Та-сты және Терісаққан өзендерінің бойында бокситтің мол қоры болуы ке-рек деген болжам айтқан. Бұл кен іздеушілердің қорытындыларын әрмен қарай жалғастырған М. Волкова деген оқымысты-геолог Бүкілодақтық минерал қорларын зерттеу институтының боксит кенін түбегейлі тек-серуге арнайы экспедиция ұйымдастырады. Бірақ, кейбір деректердегі қателіктерден, теріс пікірлерден – сенейік пе, сенбейік пе деп әрі тар-тып, бері тартып жүріп, боксит кенін тұрақты, тиянақты іздестіру, зерт-теу жұмыстары кешеуілдеп, тек А. Волков деген геологтың табанды дәлелдеуімен қайтадан және жоспарлы да жүйелі түрде қолға алынады. Төменгі Ашутасты, Жоғарғы Ашутасты және Бала Терісаққан деген бок-сит кенінің орындары ашылады. Әсіресе, іздестіру, зерттеу жұмыстары 1953-60 жылдары қарқынды жүргізіледі. 1956 жылы КПСС-тің Орталық комитетінің және Кеңестер одағының министрлер кеңесінің қаулысымен Торғай экспедициясы ашқан боксит және отқа төзімді кірпіш дайындауға қажетті балшық орындарын өндіріске беруге шешім қабылданды. 1961 жылы Арқалық кеніне алып эксковатор келіп, кенді қопару топырағына тырнағын қадады.

1961 жылы сәуір айында Павлодар Алюминий заводының іске қосылуына байланысты боксит кенінің алғашқы өнімі эшолонмен жіберілді. Кейін қуаты артқан сайын, Сібірдің, Оралдың заводтарына, кейінірек экспортқа Румынияға, Венгрияға да жіберіле бастады. Осы күнге дейін сол боксит кенінің қоры сарқылар емес.

Арқалық қаласының іргетасы 1951 жылы қалана бастады. Аманкелді аудандық еңбекшілер кеңесінің шешімімен Арқалық деген жаңа қала салуға қаулы қабылданып, 1956 жылы кеншілердің қаласы Арқалықтың құрылысына Рига қаласынан 800 комсомол келіп, шаһардың тез көтерілуіне көмек көрсетті.

Арқалық 1963 жылы аудан орталығы болса, 1965 жылы қала дәрежесіне жетті. Арқалық қаласының оңтүстігі мен оңтүстік шығысын көмкере төніп тұрған биік, тау-тау үйінділер – кен қопарғандағы топырақтар Екібастұзға ұқсайды. Топырақтары қызғылт түсті, жоса сияқты. Сондықтан да болуы керек, бұл өңірді бұрын Қызылқозы деп атап-ты. Міне, осы Арқалық қаласын жан-жағынан қоршап тұрған Арқалық ауданы 17-18 мың халқы бар, шаруашылықтары бауырында орналасқан үлкен өңір. Ауданда тек қамбаларына 200 мың тонна астық қабылдайтын екі элеватор жұмыс істеді.

Ауданның жалпы жер көлемі 1 миллион 4 мың гектар. Егістік көлемі 320 мың га. Ал дәнді-дақылдық егіс көлемі 240-250 мың га. Мемлекетке жылына орта есеппен 120-150 мың тонна астық тапсырады. Аудан со-вхоздарында 30 мыңға жуық ірі қара мал, 15 мыңдай шошқа, 75 мың қой мен ешкі, 5 мың жылқы бар. Орта есеппен, жылына 3-3,5 мың тонна ет, 7-7,5 мың тонна сүт, 20 млн дана жұмыртқа өндіреді. Әрине, облыс орталығын ауылшаруашылық өнімдерінің барлық түрімен қамтамасыз ету де аудан совхоздарына жүктелген талап та, талғам да күннен-күнге өсіп отыратыны мәлім.

Міне, мен осындай ауданға тап болдым. Өндіріс өнімінің, мәдениет саласының дәрежесі мен сапасын Октябрь ауданымен салыстыруға болмайды. Оның себептері де бар: Қостанай мен Ақмола облыстарының қиыр шетінде алыста жатқан шаруашылықтардың мүмкіндіктері де шектеулі ғой. Тіпті басқарушы кадр мен мамандардың тұрақтауының өзі қиын, жиі ауысады. Жұмыскерлер, әсіресе, механизаторлар жетіспейді. Бірақ, жаңа облысқа кемшіліктердің себептері емес, өндірістің нәтижесі керек-ті. Өйткені, облыс орталығының халқының саны өскен сайын ауылшаруашылық өнімдерінің көлемі мен сапасына деген талап та, талғам да жедел өсе түсуде. Өскелең талапқа өсер жігіт деп әкелген шығар. Несі

бар, көрейік. Мені Арқалық ауданының орталығына алып барып, бюро мүшелері мен атқару комитетінің мүшелерін жинап, облыстық атқару комитетінің төрағасы Юрий Николаевич Трофимов таныстырды.


Аудандық партия комитетінің Бірінші хатшысы Гусаков Василий Тимофеевич алпысты алқымдап қалған, көп жылдар партия, кеңес қызметтерін атқарған тәжірибелі, ақкөңіл, елпілдеген азамат екен. Жалпыдақтығы мен жалтақтығы аралас шығар деп ойладым. Райкомның екінші хатшысы Хымыз деген ширақ, еті тірі жігіт көрінді. Идеология жөніндегі хатшы жергілікті, орта жастағы, өмірден үлгергенінше өз үлесін алған тәжірибелі, Досжанов деген ашық мінезді жігіт. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы – Ғайсин Жақсылық. Мінезі ашық. Ақ қоңыл ширақ.

Менің тікелей көмекшілерім: бірінші орынбасарым елуді еркін еңсерген Е. Утелбаев, көп жыл партия, кеңес салаларында қызмет атқарған, байсалды, сабырмен нығарлай сөйлейтін өз ісіне берік азамат болып көрінді. Тағы бір орынбасарым Барсукова Лидия, қырықтың қырқасындағы, сөзге пысық, іске шапшаң, негізгі мамандығы мұғалім. Мұның бәрін тізіп жатқаным, олар менің жаңа жердегі алғашқы сабақтастарым, жұмыс дастарханындағы табақтастарым. Қалған бас-шылармен жұмыс барысында ертелі-кеш танысып, тамырларын ба-сып, өзімше диагноздарын қойып та жүрдім. Аудандық тұтынушылар одағының бастығы Қожахметов Ниязбек, Сельхозтехниканың бастығы Жүсіпов Мергенбай, Оқу бөлімінің бастығы Оралбайдың бәрі де – алысқанына алдырмайтын өз міндеттерін атқаруда қамшы салдырмайтын азаматтар.

Жоғарыда айтқандай, ауданда дәрежелері де, өндірістік көрсет-кіштерінің салмақтары да ала-құла он бес кеңшардан құрылыпты. Қам-баларына 200 мың тонна астық және ашық аспан астындағы асфальтталған алаңдарына да соншама астық қабылдайтын екі ірі элеваторлары бар. Мал сойып, оның өнімдерін ұқсататын ет комбинаты, қалада сүт заводы салынған.

Кеңшарлардың өндірістік бағыттары негізінен, астық өндіру, мал шаруашылығынан – сүт, ет өндіру. Тек Қайыңды деген кеңшары ғана қой өсірумен айналысады. Кейін оның «Алуа» деген бөлімшесінен сол аттас қой шаруашылығындағы жаңа кеңшар бөлініп шықты. Ал «Көктау» деген шағын кеңшар тек көкөністер өсірумен шұғылданды.

Қай шаруашылықта болсын, кадр мәселесі, әсіресе, механизаторлар өте жетіспейтін-ді. Егін орағы кезінде көптеген кеңшарлардың директор-



лары, партия ұйымдарының хатшылары, ауылдық кеңестің төрағалары түнде астықты элеваторға тасуда өздері жүк машиналарымен кештен таң атқанша астық тасып, кеңсе қызметкерлері қырманда жұмыс істеп, үйлеріне баруға уақыт таппай қырман басында тамақтанатын. Бұл әсірелеу емес, нақты өмір шындығы. Кеңшар директорлары: И.Ф. Черкез, Я. Гри-дасов, В. Козырь, Қ. Жанбыршин, Я. Федько, Р. Қаражігітов, Аманкелді Айтжанов, Н. Кирилов, Гачкайло, Брунер, Теміржан Төлеубаев, Садуов К. нағыз алдыңғы топта жүретін командирлер еді ғой.

Түнде далада келе жатсаң, егін танаптарында жарқ-жұрқ еткен машиналардың, комбайндардың, тракторлардың шамдары кеңбайтақ далаға, көк аспанның астына электр шамдарын тізіп іліп қойғандай немесе аспан әлеміндегі жұлдыздар жермен аптасып кеткендей әсер етеді. Егін орағының тымық түнінде егіс алқаптарын аралап келе жатып, көк аспан астындағы дала сахнасын көргенде ойың алабұртып, көңіліңді қуаныш сезімі кернеп, осындай көріністерді ұйымдастырушылардың бірі болғаның өзінді ризашылық сезімге бөлегендей сезінесің. Өйткені, ол облыс көлеміндегі, тіпті Солтүстік, Орталық Қазақстандағы астық үшін ұлы майданның бір бөлігінің көрінісі емес пе?

Әрине, мұндай кең құлашты майдандардың бәрі тек қуанышпен, жеңіспен шектелмей, оның әр кезеңдерінде қызығы да, шыжығы да болады. Әсіресе, облыс орталығына көрші қоныс тепкен аудан - да, оның шаруашылықтарында сәл жіберген кемшіліктерің соңынан қоңыраулы жетімсіздіктерді «мен мұңдалап» еріп жүретін-ді. Қоңырау соғуға құмар қырағылар да көп. Сырттан жұмыс бабымен келген бас - шылар облыс шаруашылықтарын аралауды бізден бастауға құштар. Сондықтан, облыстық басшыларымыздың бақылауы мен талаптары бізге сағынышты емес, қайта өте «әсерлі», өте «ыстық» сезіліп тұратын. Халық айтады ғой, **кірпінің әсері өзінен гөрі, оның үстіне отырған адамға сезілгіш келеді.** Ауданның Жезқазған облысымен аралығын жара ағатын Терісаққан деген үлкен, кең арналы өзені бар, қаладан 40 шақырымдай. Оған жеткенше 4-5 совхоздың егістік танаптарын басып өтесің. Қалаға жақын, демалыс орыны. Жексенбі, сенбіде демалғылары келгендер сол жаққа барып, бізге, облысқа «жаны ашығандар» жолда көрген, білгендерін келесі күні облыс басшыларына сырлап, бояуын қалыңдата жағып, кірпікшешеннің терісін кигізіп, олжаларын табыс етеді.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев ағамыздың жиі қолданатын мақалындай: «күйе күйдірмесе де, қаралауға жарап қалады. Нағыз




жағымсақтардың қолтаңбасы. Жыландай жылмиып, мысықтай миығынан күліп өсегін жеткізсе болғаны.

Шілде айының басы болуы керек, обкомның кезекшісі телефон соғып, таңертең 8-де бірінші хатшыда Гусаков екеуміздің болуымызды хабарлапты. Таңертең сегізге 15-20 минут қалғанда қабылдау бөлмесінде болдық. Сағат 8-ден кете бере, Сақан Құсайынович келіп кірді, бізге бұрылып: «Немене, Құсайынов жұмысқа қашан келеді деп бақылап тұрмысыңдар?», – деді. Төніп келе жатқан бұлтты сезе қалдық, бірақ ештеме бүлдіріп үлгере алған жоқ едік. Екеуміз де 4-5 айдай ғана жұмыс істедік, өзіміздің алғашқы егіс науқанымызды ел қатарлы аяқтаған едік. Сұрақтарға құрық сілтеп тұрғанымызда «кіріңдер» деген бұйрық келді. Келген бетімізде «отырыңдар» деп те айтқан жоқ. Гусаковқа: «Сендердің совхоздарың егіннің орынына арам шөптен тоғай өсіріп, қара сұлыдан орман тұрғызып, даланың аңдары мен ауылдың малдарына жайылым ұйымдастырып жатыр дейді ғой. Қара сұлымен мемлекетті қарық етеміз деп жүрмісіңдер?», - деген құйындатқан бұршақ сұрақтар борады да кетті. Не керек, әйтеуір найзағай да ойнады, қара дүлей дауыл да соқты. Гусаков анда-санда тұтығып қалған патифонның табағындай «Сақан Құсайынович, Сақан Құсайынович» дей береді. Сәке оған сөз берсін бе? Бір кезде мен жай тұрмай: «Сақан Құсайынович, бөлен жылдан етек жай-ып кеткен қара сұлыны бір егіс науқаны кезінде жою мүмкін емес қой» дегенім. Өзіме де сол керек, Сәке ауыр артеллериясын маған бұрды да: «Ә, Арқалық ауданының өмірі тек екеуіңнен ғана басталғалы тұр екен ғой» – деп, снарядтарын жан-жағымнан жаудыра бастады, топ-топ жары-лып жатыр. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі деген, өзіме оқ жаудыртып нем бар еді деп ойлаймын. Кенет Сәке зеңбіректі тоқтатты да: «Енді осы тойғандарыңмен барыңдар», – деді. Шыға салып, кеше біріншіге кімдер келгенін сұрастыра отырып анықтап алдық. Сол өңірдің аудандарының бірінде бұрын бірінші хатшы болып істеген зейнеткер, Қостанайдан кел-ген қарасақал болып шықты. Бірақ, әділін айтсам, найзағай мен дауылға кінәлі қарт-қырт болса, кінәлі бізде күнәсізбіз деп айта алмаймыз.

Біз жұмыс істей бастаған мерзімнің келтелігінен шаруашылықтардағы бойға сіңіп қалған қара дүрсінділіктің өзегіндегі өңезін тазалап жатқанымыз шындық еді. Сондықтан, Сәке, естігендерін пайдаланып, ауданның жаңа екі басшыларының бұрандаларын (гайкаларын) тартып, аккумуляторларының қуаттылықтарын толықтыра түсейін деген шығар.

Сақан Құсайыновичпен 9 жылдай қызметтес болдым. Сәке орта бойлы, балуан тұлғалы – төртбақ, келбетті, кең маңдайлы, ақ сары, жүзі





жарқын адам еді. Кездескенде-ақ адамгершіліктің мол қорының иесі екені көрініп тұратын. Алдынан жұмыс үркіп отырады, жедел шешімнің иесі. Талабы қатаң. Солқылдақты жаны сүймейтін. Ал ұрысқанда сені ертең көремін деп ойламайды. Тесіле ұрысады. Бірақ, кекшіл емес. Талай көрдім, орыс-қазағы болсын, ұрысқан адамымен бірер сағаттан соң кездесе қалса, «қалай, сыбағанды алдың ба» деп арқасынан қағып қояды. Қазақшылығы мол адам еді. Жанкелді, Аманкелді аудандарына ерекше назар аударатын және басқалардан да соны талап ететін. Жұмысына адал, беріле істейтін. Тізгінді берік те, керіп те ұстайтын.

Жаңа облысқа осындай жан-жақты, талантты, талапты басшыны республика көлеміндегі көптеген саңлақ сарбаздардан таңдай білу Димекеңнің (Д.А. Қонаев) даналығы ғой деп бағалаймын. Торғай облысының құрылғанына үш жыл толғанда, облыстың Ленин орденімен марапатталуы, бірінші хатшысы Сақан Құсайыновичтің Еңбек Ері атағын алуы, өндірістік көрсеткіштерді көгендеп тізбей-ақ, абырой мен атақтың жай беріле салынбай, ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі мен сапа-сын айтып тұрған жоқ па?

Облыс өмірінде Сәкеңе күш-қуат берген, қолдарынан да, тілдерінен де іс келетін сенімді серіктері: Ю.Н Трофимов., М.Р. Сағдиев, Өзбекәлі Жәнібеков, Қаратай Тұрысов т.б. облыс, аудан көлеміндегі көптеген замандастарымыз ғой. Яғни, бастық біреу, қалғаны тіреу болды. Азаматтарды тең ұстау, кең ұстау – ол да басқарушылық қабілеттілігінің бір көрінісі. Сәке оңаша кездескенде айтып отыратын, маңайындағы жігіттеріңді біркелкі ұстамасаң, сәл алақұлалық, салқындық сезілсе, арамзалар араларыңа сына қағып, ши жүгірте бастайды деп.

Мен Арқалық ауданында бір жарым жыл қызмет істедім. Аудан өндірісінің негізгі командирлері, кеңшар директорлары – қабілетті, тәжірибелі мамандар болды. Қостанай мен Ақмола облыстарының шет-те қалған кеңшарларымыз, өндіріс салаларының ауыртпалықтарынан бұйығылық пен жасқаншақтыққа бойлары үйреніп кеткен, сын садағына жиі ілігетін, олар енді олқы-солқылықтан арылып, сын айтылса, ең болмағанда бұрылып, одырая қарайтын, естіліктері оянып, сергіп шира-тыла бастады.

Серіппелері жетімсіз жұмсақтау болса да, шиыршық атуға жарап қалды. Дегенмен, кейбір кеңшарларға ерекше көңіл бөліп, көлеңкеден шуаққа шығуына әлі де болса көмектесу қажет болды. Ол Арқалық ауданының, негізгі өндірістік бағыты мал өсіру, оның ішінде қой шаруашылығымен айналысатын Қайыңды совхозы. Табиғат жағдайы шөлейт аймақта қиыр шетті, даланың ой-шұқырлы дал-дал жолын жеке

меншіктеп алған, бізге төзімділіктің тезіне шыдаймын десеңдер ғана келіндер деп жатқан елді мекен. Негізгі халқы ауыртпалық көрмесе іші пысып отыратын өзіміздің қазақ. Менен де бұрын көңіл бөліне бастапты. Бірақ, көптің бірі.

Мен, жарылқап тастамасам да, мүмкіндігінше ауданның табағына түскен майлы сыбағаны сол кеңшарға бөлдім. Іштей келіспегендері болса да, неге оған ерекше есе тиеді деп ешкім айта алмады. Кейін Қайыңдының Алуа деген бөлімшесінен жаңа кеңшар бөлініп шықты. Жұмыстары сәл жеңілдегенімен, кедейліктің кесірінен тез арылуға уақыт керек-ті. Қайыңдының директоры, Октябрь ауданынан арнайы алдырылған Қаражігітов Раис, Алуаның директоры Жақсы ауданынан алдырылған Айтжанов Аманкелді деген жастар. Екеуінің ауыздық тістеп, арыс тебетін одырлығы да, содырлығы да жоқ. «Қатты жүрсе шаңды аяқ, ақырын жүрсе малма аяқ» деуге жатпайтын, әр істің ретін білетін, өзінің де, өзгенің де бағасын түсінетін, салмақты, салиқалы, өмірде де, өндірісте де адал жігіттер. Кейін де сол сенімімізден өзгерген жоқ.

Жалпы, Арқалық ауданында қызметтес болған азаматтардың көбі жұмысқа дегенде, қазақша айтқанда, қамшы салдырмайтын, делбенің қозғалысын бағып жолдан да, жүрістен де таймайтын тайпалған жорғалар. Адымды, алымды көсіле желгенде жетер межесін, жер та-набын қуырып отыратын ұтымдылығы алғырлықтары қандай! Міне, менің жақын серіктерім осындай болды. Қалыптасқан партиялық тәртіппен, дәстүр бойынша әрбір дүйсенбі күні аудан мекемелерінің және шаруашылықтарының басшыларымен саяси сабақтар өткізіліп тұратын-ды. Мен оның жетекшісімін және сабақ жүргізушісімін.

Карл Маркстың «Капиталы» бойынша «Прибавочная стоимость» деген тақырыпты талқылап, келесі сабаққа дайындалып келулерін тап-сырдым. Келесі кездескенде «кім шығып талдау жасайды» деп сұрасам, бәрі тым-тырыс. Мен «өткен жолы түсіндік деген сияқты едіңдер, енді неге үндемейсіңдер», десем, Я. Гридасов деген кеңшар директоры: «Кеңес Аманович, біз ит сияқтымыз, түсінуін түсінеміз, бірақ айта алмаймыз», -деп жұртты ду күлдірді.

Сөйтіп, Арқалық ауданының дуына да, шуына да араласып жүргенімде обкомпартияға шақыртып, Сақан Құсайыновичке алып бар-ды. Екеуміз ғана. Аудан өміріндегі, өңіріндегі жағдайларды әңгіме етіп отырды да, кілт тоқтап сөзін басқа арнаға бұрып жіберді. Бұрынғы Баян-да қызмет атқарғанымды, Октябрь ауданында, міне Арқалық ауданында тәжірибелі жолдардан, кезеңдерден өткенімді айта келіп: «Енді Жанкелді ауданына бірінші хатшылыққа дайынсың. Жассың, қайрат-қуатың бар,

саған сенім артып отырмыз. Бұрынғы хатшысы сол жерде 7-8 жыл жұмыс істеген. Қайта-қайта арыз беріп жүр», – дегені. Мен тосылып қалдым. Ондай ұсынысты күтпегенмін. Сәл ойланып отырып қалдым. Ол аудан, облыстың ең шалғайда, 300 шақырымда жатқан, негізінен, қой шаруашылығымен айналысатын ауыр аудан екенінен хабардар-мын және халқы да сырттан келген азаматтарға онша бауырмашылдық таныта бермейді деп еститінмін. Бармауға бел байладым. «Сақан Құсайынович, мен институт бітіріп, еңбекке араласқаннан бері, Павло-дар облысының ең алыстағы ауданы Баянда, онда да орналасуын киіз үйден бастаған ең шеткі жаңа совхозында еңбек еттім. Енді міне, 3 жыл-дай болды, республиканың жаңа ұйымдастырып жатқан қызығы да, шыжығы да мол Торғай облысында қызмет атқарып жатырмын. Жаңа ұйымдасқан облыстың бар ауырпалығын мен көтермегеніммен, әйтеуір пұшпақтарынан ұстап сүйреушілерінің қатарындамын. Енді тағы да одан әрмен қарай, тас тасып, тау арқалап Толағай батыр болмай-ақ қояйын, сіз бұл ауданға бар деп маған салмақ салмаңыз», - дедім. Сәке де өзінің жасы ұлғайғанына қарамай, жаңа облыстың ауыртпашылықтарын сезе тұра соған төзіп келгенін айтып, біраз айналдырды. Мен келісім бермедім. «Онда, үйіңе барып ақылдас, ертең таңертең сағат 10-да ұйымдастыру бөліміне кел» – деп қоя берді. Ойы біраз қайнасын, мүмкін пісер деген болуы керек. Ертеңінде ұйымдастыру бөліміне кірсем, «вертушкамен» мені келді ме деп сұрап жатыр екен, бөлім бастығы Архипов Василий деген кісі болатын, келгенімді айтты. Сөйлес деген болуы керек, труб-касын қойып, мені айналдыра бастады. Бармасам, келешекте өсуіме қиын болатынын айтып, бал мен горчицаны алмастырып көрсетіп қояды. Түске дейін ұстап, ештеңе шықпағаннан кейін келіскен болуы керек, ертең кел деп қоя берді. Ертеңінде тағы да бөлімге келіп, шешімімнің өзгермегенін естіп, біріншіге барып әңгімелесті де, мені Сәкеңнің кабинетіне алып барды. Барсам, кабинетте Орталық комитеттің кадр жөніндегі хатшысы (сол жылы сондай дәрежедегі қызмет белгіленген, ал бұрын тек ұйымдастыру бөлімінің басшысы болатын) Севрюков Василий Кузмич отыр екен. Енді екеулеп, тапсырылып отырған үлкен сенім екенін айтып, кезек-кезек қақпақылға салды. Ақырында, В.К. Севрюков: «Қызықсындар, жайшылықта барлықтарың біз партияның солдат-мыз дейсіңдер, ал пәлендей жерге бар десек, ол жақта ауыр ғой, қауіпті ғой деген себептер мен сылтаулар айтасындар», – деп тоқтайтын сөздер айтты. Әйтеуір екеулеп отырып көндірді. Орталық комитетке бармайтынды, Димекеңмен телефон арқылы келіскендерін айтып, ертең сағат 10-да Жанкелдін ауданына арнайы ұшақпен ұшатынымызды айтты. Мен

үйге келіп, мәселенің қалай шешілгенін айтып, Октябрь ауданына Василий Павловичке телефон соқтым. Ол кісі де біріншімен сөйлескен екен, екеуінің қарым-қатынастары жақсы еді, Алматыда Партия мектебінде бірге оқыпты. Көнетін түрі жоқ, келіскенің дұрыс болған екен, әйтпесе, әңгіменің насырға шабатын түрі бар. Сақан Құсайыновичтің мінезін білесің ғой, морт сынып кетуі мүмкін деді. Обкомның ұйымдастыру бөлімінде маған қызметтес болған жігіттерінді жинамай-ақ қой, партияның тәртібін білесің ғой, сайланып тағыңа отырғанша ешкім білмей-ақ қойсын,- деп ақыл айтты. Бір жарым жылдай қызметтес болып, жігіттерге бауыр басып қалып ем, сыйлас, сырластарым да қалыптасып қалған. Жұмысым да жаман болған жоқ, өндірістің қай саласында болма-сын, ілгері басу бар. Құлдыраса – өшкені, ілгері басса – өскені деп жұмыс істедік. Оқырман қауым, ауданның сан-салалы өміріндегі көрсеткіштерді айтып, бастарыңды қатырмай-ақ қояйын. Ол көрсеткіштер жалғыз менің жетістіктерім емес, көптің еңбегі. Мен тек солармен қатар үлес қосушы ғанамын. Сол үлесімнің бағасы шығар: 1972 жылдың қорытындысы бой-ынша, Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталдым. Осы қысқа мерзімде қаншама жолдастар, достар таптым. Өрісім кеңейді. Енді мінеки, жаңа жерге, басқа елге, тың таныстарға барғалы отырмын. Неде болса іске сәт тілеймін.

Жолдар, жолдар, бастаңдар мені алысқа,
Мені алысқа бастаңдар, толы ағысқа,
Өткіз мені шөлдерден, баққа орайын, Түн
отындай жүйткиін, тоқтамайын, Пәк едім
мен, әлі де пәк болайын.

Гүл егін бар кеудемде, тілегім бар,
Таудан тірек, құздардан жүрегім бар.
Алысым бар жетпеген, парызым бар.
Қарызым бар, минутпен жарысым бар.
Кел қиындық, менімен алысыңдар!

деп, қазақтың біртуар ақыны Төлеген Айбергенов жырлағандай, көмескі келешегіме күдігімді арқалатып, тәуекел деп тәңірге сиындым. Иә, әйтеуір біреу баруы керек қой. Ертедегі Наурызбай мен Қаншаймның қиссасындағыдай:

Құрбанға Қылжиренді айтып шалды,
Ерттетіп Көкбесті атқа мініп алды.
Ұста деп Қызыр Ілияс шылбырымнан,
Суына Үшбурылдың түсе қалды, –

дегеніндей, бел буып сапарға шықтым.

Торғай.. Қарт Торғай... Жас Торғай...

Бабасының атын ырымдап ұрпақтарына қоятындай жас облысқа қарт Торғайдың есімін беріп, шежірелі өлкенің тарихының тереңінде жатқан тамырына нәр жүгіртіп, Жанкелді, Аманкелді аудандарының елдігін еселеп өсіреміз, халқының еңсесін көтереміз, тарихтағы орыны көнерсе де, естен шыққан жоқ деп, дара, дана Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың өзі ерекше көңіл бөліп, ұйымдастыруға кіріскен Торғай облысына басшыларды Қазақстанның түкпір-түкпірінен жіберіп, толықтырып жатты. Мен де солардың бірі болғанымды, сенімді құрмет, абыройлы тапсырма деп есептеймін. Бәрімізде бағамыз – елде, еңбегіміз – елге деп сенім дәрежесінен көрінуге тырыстық.

Торғай өлкесінің атын алғаш рет бала кезімде әкейлердің әңгімелерінен, Абылай ханның қазақ халқын қандыбалақ жауыз қалмақтардан қорғағанда, сырттағы басқа да жауларына айбар етіп, қазақтың қалқаны етіп ұстайтын батырлардың қолбасшылары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек деп отырғандарын жиі естігенмін. Одан кейін мектепте Ыбырай Алтынсарин бабамыздың «Кел, балалар, оқылық» деген ұранды өлеңін оқыған кезде кейіннен Аманкелді, Кейкі батырлар, Әліби Жанкелділердің Ұлы Қазан төңкерісі кездеріндегі ерлікке елін бастап, революциялық рухпен халқын сусын-датып, бостандық үшін күрескендерін, халқының болашағына жаңа жол іздеген, қазақтың қаһарман дана тұлғалары, кейін тарихи құпиялардың тұмандары сейіліп, бұлттары ыдырап, күмәнді күдіктердің беттері ашылып, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулаттың көсемдік көшбасшылықтарымен таныса бастаған кезде Торғай деген тарихи аттың сыры сыртқа кеңірек ашылып, ұлы перзенттерінің абырой, атақтары түнекті түрген күн шапағындай көтеріле берген еді. Торғай ашық аспан астындағы тарихи мұражай ғой. Міне, осының бәрін еміс-еміс, үзік-үзіп еститінбіз, тереңдеуге деректер де жетіспей жататын. Мүмкіндіктердің сараң, келте кездері ғой.


Мен Жанкелді ауданына барамын деп ешкімнен мәлімет те жинаған жоқпын, сырласып, сыбырласқан да жоқпын. Өйткені, әркімнің ой-өрісі, көзқарасы әр түрлі. Біреуі жақтап, біреуі даттап, көрмеген, білмеген елге сырттан тон піштіріп, ойымды әр саққа жүгіртуі мүмкін деп ойлады. Құдайдың жазғанын, бұйыртқанын бара көрермін деп

шештім. Ұмытпасам, Б. Наполеон айтқан болуы керек: **«Әуелі майданға араласайық, сосын бағдарлармыз»**, – деп. Сонымен, 1973 жылдың 23-қыркүйегінде арнайы ұшақпен Торғайға ұштық (Қаланың ескі, тарихи аты сол кезде де, кейін де өзгерген жоқ).

Қалың ақ жаңбыр. Жер бауырлап жөңкіле көшіп бара жатқан күздің қалың бұлты. Ауа райының қолайсыздығына қарап, бүгін ұшпайтын шығармыз деп ойлаған едім. Мен жеңіл ұшақпен ұшуды, әсіресе оның өзіне тән, ерекше иістерін өте ауыр сезінетінмін. Ұштық. 300 шақырым. Бір жарым – екі сағаттық жол. Ұшақта бес адамбыз. Бірінші хатшы, Облыстық атқару комитетінің төрағасы және екі бастықтың көмекшілері. Қожанасыр айтпақшы, бұлт пен бұлттың, жаңбыр мен жаңбырдың арасымен ұшып отырып, екі сағаттай уақыт өткенде Торғай қаласының әуежайына қондық. Арқалықтан шыққаннан қабағын түйіп, сұстанған табиғат Торғайға жеткенше жылы қабақ танытпады. Сол түнерген қалпы. Себелеген жаңбыр. Әйтеуір жерлері құмдақты екен. Арқалықтай езілген батпақ жоқ. Аудан басшылары қарсы алды. Төбеден, сырттан қарағанда аудан орталығы үш-төрт қана екі қабатты үйлері, мектебі, мәдениет үйі бар, қалғандары ауылдың жатаған баспанасы, ал кейбірі жартылай құммен көмкерілген көне тарихтың археологиялық қазба орындарындай, 3-4 шолақ көшелер. Ауылдың оңтүстігін жиектеп аққан Торғай өзені. Әуежайы қыраттау жерге салынған, бір қабатты, үш-төрт бөлмелі үй екен. Қыратқа орналасқандықтан өзен аңғарына қарай ылдилап, құлдилап, еңкештей орналасқан ауыл алақандағыдай көрініп жатыр. Келген бет-те бірінші хатшының кабинетіне бюро мүшелерін, атқару комитетінің басшыларын жинап, мені таныстырды. Көп созбай ұйымдастыру пле-нумын өткізіп, ол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша, мені бірінші хатшы етіп сайлады. Мен де биіктен соққан дауылдан еріксіз ығып келгенімді білдірмей, облыстық партия комитетінің бюросына, оның бірінші хатшысы Сақан Құсайынұлына, бюро мүшесі, облыстық атқару комитетінің төрағасы Трофимов Юрий Николаевичке және аудандық партия комитетінің мүшелеріне көрсеткен сенімдеріне рахметімді айтып, бар қабілетімді ауданның, оның халқының өркендеуіне салатынымды айтып, сендірдім.

Екі басшы облыс орталығына қайтып кетті. Мен қалдым.

Енді мен жанкелділікпін. Өмірім де, өрісім де, жетісім де осы ел-мен, оның халқымен ортақтас. Ендеше, қоян-қолтық қызметтестерім кім? Бюро мүшелерін, аудандық атқару комитетінің басшыларын, аудандық ауылшаруашылық басқармасының басшыларын жинап алып, кімнің



кім екенімен таныстым. Ойым, бүгін осы жалпы танысумен шектеліп, ертең шаруашылықтарға барып, кеңшарлармен де танысайын, олардың жағдайын, мүмкіндіктерін көрейін, әйтпесе жергілікті өндірістермен, өндіргіш күштермен таныспай, оларды да шатыстырып, өзім де шаты-сып, сауатсыз басшылық, шалағай шешімдер қабылдармын деп ойладым.

Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Сердалин Мейрам Тасболатұлы деген жігіт екен, идеология саласын басқаратын Алматов Қайырбек, ұйымдастыру бөлімін басқаратын Сапабек Жүнісов, идеология бөлігін – Қасқатаев Ғазиз, жалпы бөлімді – Арыстанов Ақылбек. Аудандық атқару комитетінің төрағасы Жүсіпов Әуезхан, орынбасары – Шайменов Төлембек.

Аудандық ауылшаруашылығының басқармасының бастығы Нығметжан Нұрмақанов, оның орынбасары – Жақыпов Ахметқали. Әзірше танысқандарым осылар. Аудан орталығындағы бөлім, мекеме басшыларымен кейін, жұмыс барысында танысып, тамырларын басып көрермін деп шештім. Кешке қарай ауданның географиялық картасын алдырып, жер көлемі мен шаруашылықтардың қайсысы қайда, қандай қашықтықта жатқанымен қанықтым. Торғай облысының оңтүстік ба-тысын ала орналасқан ауданның жер көлемі солтүстігінде Қостанай об-лысымен, батысында Ақтөбе облысының Комсомол, Ырғыз, Шалқар аудандарымен, Оңтүстігінде Қызылорда облысының Арал ауданымен және Жезқазған облысының шаруашылықтарымен шектесіп, қоршала көмкеріліп жатыр. Аудан совхоздарына бекітіліп берілген жер көлемі 3,7 млн га және оның сыртында аудан мен Қостанай аралығында 500 мың га, Қызылордамен шекарада 400 мың га мемлекет меншігіндегі жер қоры бар. Барлығы 4,6 млн. га. Торғай облысының жалпы жер көлемі 12 млн га болса, өздерің есептей беріңдер. Ауданда 11 кеңшар, оның ішінде тек Шилі кеңшары 7-8 мың га егін егеді, яғни, ауданның барлық кеңшарлары-ның өндірістік бағыттары қой шаруашылығы, тек Қызбел деген кеңшары қара мал өсірумен (11-12 мың бас мал) және шағын ғана мал бордақылай-тын кеңшар құрылған. Аудан орталығы – Торғай. Кеңшарлардан орта қашықтықтағы діңгекке орналасқан. Тек үш кеңшардың орталықтары ауданнан 10-15 шақырымдай жерде, ал қалғандары барлық географиялық бағытта 150-160 шақырым. Олардың 40-тан астам бөлімшелері кеңшар орталықтарынан 30-60 шақырым қашықтықта, Ақкөл, Южный кеңшарларының Қызылордамен шекаралас Қарақұмда орналасқан екі бөлімшелері, әрқайсысында 12-13 мыңнан қой бар, кеңшар орталығынан 150-170 шақырымда болса, аудан орталығына 300-350 шақырым. Аудан

бойынша жыл аяғында қой-ешкі 400 мың, жазда төлімен 600-650 мыңдай, қара мал 35 мыңдай, жылқы 20 мыңдай. Малдар көбіне қысы-жазы жай-ылымда болғандықтан, малшылар қонысының саны 400-ге дейін жетеді екен. Ауданның халқы 25 мыңдай, оның 7-8 мыңы аудан орталығында, қалғандары кеңшарларда, бөлімшелерде. Ауданның негізгі халқы – қазақтар, тек егіспен айналысатын Шилі кеңшарында басқа ұлттардың 10-15 өкілдері, аудан орталығында үш-ақ орыс отбасы бар екен, олардың өзі жартылай қазақ болып кеткендер.

Енді түні бойы қайда келдім, қайдан келдім деп басымды қатырмай-ақ қояйын. «Шешінген судан тайынбас» деген. Бел буып, білек сыбанған соң, «ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, бәрін де келешек көрсетер деп ой-ладым. Танысуды жергілікті орындарға, өндіріс жағдайларға барып көрейін деген шешімім дұрыс деп ойладым. Ертеңіне жауып тұрған ақ жаңбырға, түксіп, ауыр зілін арқалап, маңғаздана көшіп жатқан қалың бұлтқа қарамай, аудандық атқару комитетінің төрағасы Жүсіпов Әуезхан екеуіміз ақылдаса келіп, танысуды ауданның оңтүстік шебінде жатқан Ақкөл, Южный совхоздарынан бастайық деп шештік. Жол ұзақ, 120-130 шақырым, ал бөлімшелері, әрқайсысы 2-3-тен орталықтан 60-70 шақырым алыс. Өңгімелесіп, танысуға да, таныстыруға да уақыт жететін түрі бар. Әсіресе, Торғай өзенінің жазғытұрым су тасығанда жай-ылатын аңғарының жолының өзі ойынды бөліп, сөзінді үзіп, мазаңды ала-ды. Қандай ауыр сын. Бізді машина ішінде біреудің шолжаң еркесіндей қопандатып, шошандатып тиянақты отырғызбайды. Даланың ой-шұқыры мол, дал-дал жолы. Әуезхан (менен үш-төрт жас үлкендігі бар) – Торғайдың тумасы. Ел тарихын, жер жағдайын жақсы біледі. Торғай өзені басын Ұлытаудың сай-салаларынан алып, бері қарай бірнеше өзендердің суын жұтып, Сарыторғай-Қараторғай, Қабырға болып қосарлана ағып, аудан аймағына жете Торғай өзенін құрап, ауданның жер көлемін екіге бөле ағып, Ақтөбенің Шалқар өңірінде, халық арасында мәтелге айналып кеткен, «Су аяғы құрдымға» жетіп, жер жұтып кететін көрінеді.

Жолай Ақкөл кеңшарының Шөптікөл деген бөлімшесіне соқтық ол – аудан орталығынан 50-60 шақырымдай. Бөлімше деген аты, 5-6 үй ғана. Жазда шопандардың бәрі жайлауда, ал қыстың өзінде бөлімшеде үш-төрт отардан артық қой болмайды. Бәрі жер жағдайына, жайылымға байланысты.

Кештетіп совхоз орталығына жеттік. Ақкөл деген көлдің екі қанатында Ақкөл және Южный кеңшарлары орналасыпты. Ақкөлдің суы тұздылау, бірақ жазғытұрым су молайған кезде мал ішуге жарай-

ды, жағалай отарлар қоныстанған. Ақкөл балыққа бай. Жазда Қостанай, Селебе, (Челябі) Свердлов қалаларынан арнайы ұшақпен балық аулауға ұшып келетіндер көп. Әр қаланың балық тұздайтын арнайы орындары бар. Ол кезде кеңшілік қой, ешкім де таршылық жасамайды.

Ақкөл – Ахмет Байтұрсыновтың ата қонысы. Осы жерде туып-өскен. Бұрын халықтың, немесе басқа ақындардың әндері деп айтылатын: **«Жылқым жатыр Ақкөлдің шаңдағында», «Іңкәр-ай»** әндері сол Ақкөндікі. Ақкөл шеңбері 50-60 шақырымдай үлкен, айдынды көл. Көл жағасы, негізінде, биік жарқабақтармен белдеуленіп, қалың құрақ қамыстармен шашақталып, көмкеріліп тұр. Ертеде мал қоралары жоқ кезде байлар қара малдарын қыста астына қалың қамыс, құрақ, төсеп, жарқабақтың астында ұстапты. Сиыр малының суыққа әлсіздігі мүйізінде дейді. Қыста суатқа айдағанда бастарын шайқап, жүгіретіні со-дан көрінеді. Сондықтан байлар сиырларының мүйізіне киіз қалташалар кигізіпті. Тіршілік қамы не істетпейді, не үйретпейді. Өмірдің өзі оқыту мерзімі ұзақ мектеп қой.

Южный, Ақкөл кеңшарларының бір-бірінен арақашықтығы 10 шақырымдай, екеуінің арасын жыланшық өзені бөліп жатады әрқайсысының бөлімшелері орталықтарынан 60-70 шақырымдай, ал Қарақұмдағы екеуінің екі бөлімшесінің әрқайсысында 12-15 мың қойы бар. Олар 150-170 шақырым. Южный, Ақкөл совхоздарының жайылымдары, солтүстік облыстардың тілімен айтқанда, қу тақыр, өсімдіктері, шөптері тырбиған, жермен жер болып жатады, тек кейбір ойдым-ойдым су табандары болмаса, оларды шабындыққа пайдаланады. Кейін сұраймын ғой, мал (қой да, қара мал да) мынадан қалай қорек алып жариды деп, сонда Сәмен Жаңабергенов деген Ақкөл кеңшарының директоры айтады: «Кеңес Аманұлы, біздің жердің топырағы да майлы келеді, тек күйіс қайтаратын, талғауға жетерлік шөп болса болды», – деп. Еріксіз сенбеске сенесің, жер бедері соны дәлелдеп тұрғандай.

Сырбай Мәуленов 50 жылдығын тойлаймын деп Қазақстанның бір топ ақын-жазушыларымен келіп, Ақкөлде, туған жерінде, қайын жұртында болып, бірақ сол күні ауа райы қолайсыз, аңызғақ жел соғып, топырағын суырып үрлеп тұрса керек, сонда Әди Шәрипов ағамыз: «Сырбай-ау, мынандай ит байласа тұрғысыз жерде қалай туып-өскенсің?» – дегенде, Сырағаң: «Әдеке-ау, әркімнің туған жері – Мысыр шаһары емес пе?» – депті.

Кейін тағы да Қазақстанның бір топ ақын-жазушылары келіп, ел аралап жүріп, өздеріне жолсерік болып жүрген қазақтың аты әйгілі ай-

тыскер халық ақыны Қонысбай Әбіловке: «Қонысбай-ау, ит байласа тұрғысыз мынадай жерде қалай өмір сүріп жүрсіндер?» – десе, Қонысбай: «Оларың рас, бұл өлкеге талай иттер келіп, кетіп жатыр, тек адамдар ғана тұрады», – деген екен.

Расында да, осы өңірдің халқының сынаушысы да, сұрыптаушысы да, шындаушысы да, шынықтырушысы да, қасиетті өлкенің қатаң табиғаты.

Бұл тұжырымым елді елеңдетіп, сылауы мен сырлауын үйлестіріп, көбікті көпірте мақтау емес. Мен де, өзімді, сол сындарды басынан кешірген қарт Торғайдың перзенттерінің бірімін деп есептеймін. Өйткені, мен келісімен өте ауыр, қатаң сынақтан өттім. Ауданға келгеніме екі-ақ күн болғанда, Ақкөл совхозына қонып шыққанмын, таңертеңінде, 25-қыркүйекте ауданның солтүстік кеңшарларында қар аралас қалың жаңбыр жауып, соңы суыққа, қарға, қатқаққа айналып, ауыр жағдай қалыптасты. Мал шығыны да бар. Жеделдетіп ауданға қайттық. Аудандағы басшылар да мекемелеріндегі адамдарды, жүк-көліктерін жағдайларына қарай бөліп, кеңшарларға жіберіп жатыр екен. Әуезхан екеуміз жағдайларын барып көрейік деп, қой көп шығындалды деп естіген Албарбөгет, Речной кеңшарларының жайлауына тарттық. Жолай соққан отарлардың орны бар, өзі жоқ, жан түршігерлік көрініс. Ісек қойларды қазан-қараша айларында ет комбинаттарына өткіземіз деп ерте қырыққан ғой. Жайлауда ықтасын боларлық ештеме жоқ. Қу дала. Шарбақ ішіндегі қойлар тоңғанда бірінің үстіне бірі шығып, төрт-бес қабат болып бірін-бірі басып өлген. Кейбір шопандар кішкентай балаларын жылы киіндіріп, үйлеріне сыйғанша қой қамаған. Төсеніштері мен көрпелеріне дейін аз да болса, ықтасын болсын деп, қой қамаған шарбақтарына жапқан. Бірнеше шопандардың әйелдері балаларын жетектеп, көтеріп, ыққан отармен кет-кен. Далада әлі қар жатыр, қатқақ. Өткір ызғарлы жел. Ауданнан келген күш көліктері де, адамдар да дәрменсіз. Айдалада жеке-жеке жайлаулар-да отырған шопандарға не көмек жасай алады? Кейбір отарлар түгелімен қырылып қалған. Басқа совхоздарда да мал шығындары бар. Сол апатта аудан 25 мың қойдан, 500-ден астам жылқыдан, 2000-дай қара малдан айырылды. Мұндай ауа райының апаты облыстың басқа аудандарында да болыпта, бірақ біздегідей соншата ауыр емес. Өйткені, оларда жайлау да, өрістегі малдар да шамалы. Көбі қоралы, ықтасынды жерлерде.

Аудандық партия бюросында апаттың салдары мен себептерін талқылап, бір директорды партиядан шығарып, екі директорды орны-нан алдық. Шындығында, әділдігіне келгенде ондай апаттан малды аман




алып қалу мүмкін емес-ті, тек кінәсі қырқылған қойды ықтасыны жоқ жайлауға, алысқа жібергендері және екі-үш күнгі толассыз жауында сақтық шараларын жасамағандары. Сыртқа білдірмеуге тырысқанмен, маған да оңай соққан жоқ, елдің құтына үлес қосамын деп келіп, жұтты ерте келгенім жаныма қатты батты. Қарт Торғай ауырсынып, алыссы-нып келгеніме ренжіді ме деп те ойладым. Қайда келгенінді біл, әйтеуір келдің ғой, халіңді де, барыңды да көрейін, бұл саған Октябрь, Арқалық аудандары емес, етек-жеңінді жинап ұста деген де болуы шығар. Төс пен балғаның арасында солқылдата соғып, көрейін, шыдасаң осы, шыдамасаң жөніңді тап, дегенді сездірді... Қарт Торғайдың алғашқы сабағы да, сынағы да, сынауы да ауыр соқты. Еңсем түсіп, есім кетіп, жүнжімеуге, немесе шиыршық атып, серпінділіккеде салынбай сабырлықпен, төзейін деп түйдім. Ауданның қарапайым еңбек адамдарының, қазақтың: **«малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы»** дегеніндей, ел алдында азаматтық арын сақтауға тырысып, ақ қар, көк мұзда балаларын жетектеп, ыққан қойдың соңында кетуі, өздері дала түнеп, тұрғын киіз үйлеріне қоғамның малын қамауы, ерліктері, ауырлыққа төзімділіктері, ойран болған ойымды сабасына түсірді. **Николай Тихоновтің «Гвоздей бы делать из этих людей, не был бы в мире крепче гвоздей»** дегеніндей, бұл ауданда – Торғайда, тек сондай адамдар ғана тұрады екен-ау дейп ой түйдім.

Бұл маған Торғай мектебінің алғашқы сабағының таныстырған әліппесі болып сезілді. Енді келешектегі үлгерімім өзіме байланысты. Сондықтан, ел-жұртпен таныса бастадым. Ауданның Еңбек, Қызыләскер – кеңшарларында қыпшақтар, қалған кеңшарларда арғындар шоғырланған.

Жәнібектің атасы Шақшақ орта жүздің ішінде өзі батыр, өзі би болған ғой. Арғын бабадан (тоқалынан) Момыннан тарайтын Аманжол-дан Бәйімбет, Әлімбек және Шақшақ туады. Шақшақтан: Бақай, Көшей, Дүзей, Ақназар, Есназар, Томай тарайды. Ал Көшейдің қалмақ әйелінен алты ұл: Үмбетей, Аю, Қожамбет, Қошқар, Қарабас, Тіней. Қошқардан: Тінібек, Тұрлығұл және Жәнібек. Шақшақ баба халық арасында «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған Есімханның ойрат қонтайшыларымен, «Бұхар» ханымен, Ташкент әмірімен соғыстарына қатысып, ерлік көрсеткен батырларының бірі. Ал шөбересі Жәнібек те қалмақтармен соғыста жа-стары үлкен ағалары қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай батыр-лармен үзеңгілес қатар шықты. 1722 жылы Қытай императорымен бейбіт шешімге келген Жоңғар қонтайшысы Сыбан – Раштанның арқасы кеңіп, қолы босап, жүз мыңнан астам әскерін, атам заманнан соғысып, итжығыс



түсіп, жеңе алмай келе жатқан қазақ еліне бұрды. Мақсаттары – Тибеттен бастап Еділге дейінгі аралықта көшпелі Жоңғар империясын құру. Оған сенімді, өйткені зеңбіректері бар, басқа қару-жарақтары да қазақтардан қуатты. Қазақтар да әскери жаттығу, дайындық жұмыстарын шымыр қолға алды. Қалмақтар екі бағытта жылжыды: бір бөлігі Сырды бойласа, екіншісі Сарыарқаға беттеді. Көздегендері – екі топ Ұлытауда кездесіп, әрі қарай Торғай мен Ырғыздан асып, Жайыққа жетіп, ондағы өз туыстары Торғауыттар мен Хошауыттарға қосылу. Арқаға келген жауды Ерей-ментау маңында қанжығалы Бөгенбай мен қаракерей Қабанбай батырлар бастаған қол күтіп тұрды. Оларға бұланды бойында 1728 жылы Жәнібек пен Әбілқайырдың жасақтары қосылып, жоңғарларға бірінші рет соққы берді. Бұл «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» уақытындағы тұң-ғыш жеңіс. Қалмақтар қазақтың тұқымын құрыту ниетімен, бойы арба-ның донғалағының күпшегінен (белдігінен) асқан ер баланың басын доп-ша домалатты. Жан-жағын тайпап, басқа жұртқада жауыздықтар жасады. Қазақ елі бірлік көрсетті. Табын Бөкенбай, Тама Есет, Әбілқайыр сұлтан, Сырдың төменгі сағасынан шектілер қол жиып, көмекке келді. Бесігін өртеп, анасын қан жылатып жатса қайтып қана шыдасын. Туған елі үшін жан садаға! Бірақ құрттай құжынаған қалмақтар жауыздығын толастатар емес. Тіпті Аңырақай шайқасындағы екінші жеңілісіне қарамай, беттері қайтпады. Қазақ қолы қаша жүріп, ұрыс салу тәсіліне ауысты. Ғасырға жуық уақытқа созылған қалмақ – қазақ соғысы әсіресе, ойраттың басшы-сы Сыбан – Раштан мен Қалден-Серен ел билеген дәуір қазақ халқы үшін ең бір қиын кезеңдер болды. Елін, жерін қорғауда сүйенетін пана керек-ті. Соның бірі көршілес орыс елі деген ұйғарым жасалды. Сондықтан Жәнібек батыр 1739 жылы 22 қыркүйекте Ресей патшалығының сыртқы істер басқармасына хат жазды. Ресей билігінен, алдымен, қазақтардың Жайық өзенінің бойына көшіп барып, орыс шаһарларындағы жергілікті халықпен сауда-саттық жасауына рұқсат сұрайды. Сонымен қатар, орыстар бидаймен көмектессе, қазақтар ет, жүн, тері беретіндерінде айтқан. Ең негізгісі – Ресейдің қазақтарға жоңғарлармен соғыста көмегінің қажеттігі. Сәті түсті. 1740 жылы жетінші тамызда Нұралы, Ера-лы сұлтандар, Жәнібек батыр бастаған бір топ қазақ билері Орынбор комиссиясының бастығы, генерал-лейтенант В.А. Урусовтың қосына жеті шақырым жақын жерге орналасты. Ертеңіне генерал Урусов қабылдады. Бұл жас генерал аты аңызға айналған Едіге батырдың ұрпағы. Атасы – Мәлімнияз әулие. Ол Түркістанның дәруіші болған. Одан Құттықия туады. Ал Құттықиядан 1482 жылы Мәскеуді шабатын, 1498 жылы Ал-



тын Орданың ханы Тоқтамысты өлтірген Едіге туған. Едігенің ұрпағы Смайылдан Орыс деген ұл дүниеге келген. Ал князь Василий Алексеевич Урусов сол тектің жалғасы. Ақ патшаға лауазымды қызмет атқарып жүр. Жәнібек батыр оған үлкен әсер етеді. Батырға ерекше сый-құрмет көрсетіп, патшаға ұсыныс жасап, «Тархан» атағын беруді сұрайтынын айтады. Жәнібекте: **«таудан тірегің болса, тастан жүрегің болады»** деген деп ризашылығын білдіреді. В.А. Урусов 1742 жылы өлді, бірақ сол жылы Орынбор генерал-губернаторы И.И. Неплюев қазақтардан тұңғыш рет Жәнібекке Тархан атағы берілгенін хабарлады. Кейін екінші болып Есет Көкіұлы алыпты. Кейінгі жылдары тағы да алты қазақ сол құрметті атақты иеленді. Қысқартып, тұжырымдап айтқанда «Тархан» атағы хан дәрежесіндегідей құрмет.

Енді Ресейге арқа сүйеп, қалмақтарға күш көрсетіп, оларды қазақтың елінен, жерінен аластай бастаған соң, Жәнібек батыр өз ордасының ал-тын діңгегі болсын деп Торғайдағы Тосын жеріне көш басын тіреп, жауға айбарым болсын деп найзасын шаншып, ел-жұртына, ру аттарын, ата қоныстарын бөліп беріп, Торғай өңірінде 90-нан астам сағалары бар 7-8 арналы өзендер мен көптеген көлдерді меншіктеп орналастырады. Торғай өлкесі мал өсіруге қолайлы, жайлауға да, қыстаққа да нуы да, суы да мол.

Ауданның 11 кеңшарында 40 бөлімше, 400-ге жуық мал қоныстары бар. Ауданның жер көлемін екіге жарып өтетін Торғай өзенінің екі қапталында Тосын және Қошалақ деген екі үлкен құм жатыр. Еңбек, Қызыләс-кер мал бордақылау және Албарбөгет кеңшарларын су шабындықта-рымен қамтамасыз ететін ұзындығы 26 шақырым Албарбөгет деген бөгет салынған. Оны жергілікті су маманы Айсә Нұрманов деген еліне жана-шыр азамат 1926 жылы жергілікті халықтың қол күшімен тұрғызыпты. Бөгетті жиектеп тал шыбықтарымен өріп, көмкеріп отырған. Кейін олар қалың тоғай болып өсіп, тоғанды торлап, бөгетті ағынды, толқынды судың шайып кетуінен сақтаған. Бір ғасырға жуық сол бөгет әлі өзінің беріктігін де, қажеттілігін де жойған емес. Күрекпен, кетпенмен, қолдан тігілген тері қаптармен, ең негізгісі, қарапайым ауыл адамдарының, елдің жанашырларының соққан тарихи ескерткіштері. Ол мейірлене иіген сай-ын үрпісінен сүт ағызған сиыр дерсің. Сиқырлы ескерткіш. Өз сағалары мен жағаларында 7-8 кеңшардың, аудан орталығының мал-жандарының қажеттерін өтеп, Торғай өзенінің байлығын ұқсатып, ұтымды пайдалану-ын реттеп отырған бас мұрабы (сушысы) сияқты.

Ал ауданның солтүстігін ала орналасқан Албарбөгет пен Қызбел кеңшарларының 40-45 шақырымға созылған арақашықтықтарын

тұтастырып жатқан Сарықопа көлі басын Қоңыраулы өзеніне сүйеп, бүйірін Жаркөлге таянып, аяғын Аманкелді батырдың тарихи Татыр шайқасының куәгері Татыр көліне тіреп, керіле, созыла көсіліп жатқан маңғаз, Сарықопа шөбі шүйгін, суы мол, жазда жайылым, әрі жомарт шабындық. Жазда төлімен 12-13 мың қара мал, қыстауға 10-11 мың мал түсіретін Қызбел кеңшарына қыста кейде мал қоралары жетіспегенде қопада мал қыстатуға да пайдаланылатын табиғи ықтасын. Оны қысы-жазы аң-құстың ашық аспан астындағы зоопаркі дерсің. Кең құлашты Торғай өңірінің барын да, бәрін де талдап шығуға менің естелігімнің шеңбері тарлық етер. Сонау Ақкөл-Южный кеңшарының жерінен бастап, бүкіл Торғай өңірінде 7-8 үлкен-кіші өзендер, барлық географиялық бағыттағы шекараларға дейін белдеулеп, белбеулеп ағады. Құмдағы қысқы жайылымдары (Тосын, Қошалақ, Шилі, Аққұм, Айырқұм т.б.) қазақтың «қыста нуды, жазда суды жағала» дегені Торғайдың қай өңіріне болмасын арнайы айтылғандай әсерде қалдырады. Әсіресе, қой өсіруге ыңғайлы. Торғай, Сарықопадағы су шабындықтары қара малға қолайлы. 1974 жылы наурыз айының соңына қарай, қазақша айтқанда, жазғытұрым жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілуге таяу кезінде жайлауға шығу кешеуілдеп, кейбір кеңшарларда шөп қоры сарқылуға таяу қалғанда, өзен бойындағы мал бордақылау кеңшарының директоры Жаңабергенов Сәменнен шөп сұраса, өзінің де күдіктерінің көпшілігін айтып, жолат-пайды. Ауданнан араласса да көнбейді. Бәрі маған салмақ салды. Мен де сыпайылап айтып көріп едім, ол күліп: «Әй, қулар-ай, ауыр артиллерияны қосқандарын қарашы, көмектесейін, бірақ, Кеңес Аманұлы ойдың шөбі қыр малына жұғын ба, біздің шөпті олардың қойлары таңертең шайнап, кешке бірақ жұтады», – деді. Мен де: «Әй Сәмен, сенің шөбің шайналып біткенше көктем де шығып қалар», – дедім.

Әрине, Жәнібек бабамыздың елін Торғай өңіріне нулы, сулы жеріне әкеп орналастырған кезде кейінгі ұрпақтардың ата-баба қалдырған мұралары да сападан гөрі сан қуып, ұқыпсыз пайдаланады деп ойламаған ғой. Торғайда қоғамдық мал саны: қой жазда төлімен 600-650 мыңға, жылқы 20-25 мыңға, қара мал 30-35 мыңға жетеді және осынша мал жеке меншікте екенін ескерсек, бұл мал жайылымға шыққанда өздері бір жесе, тұяқтары екі-үш есе жеп, жайылымның құнарлығын төмендетіп, шаңын шығарып, құмын көтеріп, тоздыруға алып келді. Су шабындықтары да тозды. Жылда шауып тұқымын жерге түсірмегендіктен, тамырынан то-зып, не қоғаға айналып, не күң шаш болып, азықтық сапасын жойған. Оның сыртында жылда Торғай өңірін басып оңтүстіктен келген 500-600



мың киіктер де жердің құнарын жеп, шаңын аспандатып кететін. Сол кезде, ғалымдардың, мамандардың айтуы бойынша, Қазақстан жерінде 500-600 мың киік бар деп есептелетін. Ақбөкендердің Қазақстанның оңтүстігінен солтүстігіне ауысатын үш бағыты бар: бірі Балқаш өңірін басып өтеді, екіншісі Жезқазған арқылы келіп, Аманкелді, Жанкелді аудандарының шекарасын басып өтеді, үшіншісі Ақтөбе облысы арқылы. Киіктер мамыр айының 15-20-нан аса, Торғай өзенінен өтіп, 50-60 шақырым жердегі құмға, не құмдақ жерге келіп төлдейді. Жаппай төлдеу мерзімі үш-төрт күннен аспайды. Ал құмға келіп лақтау- табиғат белгілеп берген ерекшеліктер. Бірінші, мамыр айының 20-25 кезінде Құралайдың салқыны соғады, құмды жерді сәл шұқырлап соның ішіне, не бұтаның түбіне лақтайды. Құралайдың суығынан құм тез тоңазиды, құрт-құмырысқа болмайды. Киіктер құралайы туғаннан кейін басқа аңдардай үстін, денесін жалап құрғатпайды. Жаңа туған төл бір-екі сағаттан кейін денесі тоңған соң түрегеліп, секіріп, бойын жылытады.

Төлдеу науқаны осылай ұйымдасқан түрде екі-үш күнде өтіп болуы үшін, күзде күйек науқаны екі-үш күннен аспайтын көрінеді. Мен кейде кеңшар директорларына, мамандарына ренжігенде айтатынмын: «Аудан-да киік өсіретін кеңшар ұйымдастырып, сендерді соларды басқа руға жі - беру керек, малқора керегі жоқ, шөп дайындамайсың, төлдеу кезінде сақ-манға адам іздемейсің, киік күзде өзі оңтүстікке кетеді, жаз ғы тұ рым өзі келеді, өзі төлдейді, қыста қолдарың бос, ерік өздерінде», – деп. Өз дері келер қыстың суық, жылы болатынын сезгіш-ақ. Қыс жұмсақ болатын жылдары біразы Торғай өңірінде қыстап та қалады. Бірақ, өздері бір-түрлі қызық жануарлар, мен біразға дейін таңғалып жүрдім. Кеңшарларға шыққанда ауылдық жолдардың табандары жол жиектерінен төмендеу болады ғой. Сонда машинамен қатарласа жарысып келе жатқан киіктерді көріп отыратынмын, сөйтсем бірнеше мыңдаған, қатар жарысып келе жатқан киіктердің, қалың тобының мен жақ шеткі қатары ғана болып шығады. Ал маған құба жон болып көрінетін киіктердің арғы жағы, тұтаса жарысқан бірнеше мыңдаған киіктер көрінеді. Жер бедерінен айыра алмайсың. Яғни, құба жон деп келе жатқан көрініс көк аспанмен көмкеріліп, даламен тұтасып жатқан киіктер. Озып кетпесең, қатарласып шаба береді, ал жол табанына түсіп, машинаның алдында жүгіріп келе жатқан киікті қуып жетіп, үркітіп жолдан шығарып жібермесең, өкпесі күйіп құлап түскенінше мәшинаның алдында жүгіре береді. Қаншама шындыққа жанасатынын білмеймін, естуімше кейде киікті күздігүні етке атуға келген арнайы бригадалар бірнеше машиналарға қуатты прожек-





торлар орнатып, киіктердің түнде жусайтын жеріне тұс-тұсынан келіп, қуатты шамдарын жағып, қоршап алатын көрінеді. Жарықта киіктер ешқайда қаша алмай үйіріліп, орындарында тұрады дейді. Ал аңшылар оларды аралап жүріп дыбысы баяу мылтықтармен атып ала беретін көрінеді.

Өз басым Жанкелді ауданында жеті жыл қызмет істегенімде бірде-бір киікті не атып, не соғып алып көргенім жоқ. Жергілікті халық киіктерді Жезқазған арқылы келеді, радиациямен залалданған деп олардың етін пайдаланбайтын, оларға тиіспейтін. Өзі де ботаның көздеріндей мөлдіреген көздерімен үрке қарап жатқанын көргенімде, аяныштан жаның түршігеді. Демін алдырып, жолдан шығарып жібересің.

1977 жылдың мамыр айының орта кезінде біздің аудан мен Амангелді ауданының шекарасына таяу жерде Торғай өзенінің жағасына жақын жерде түнеген, жусап жатқан жерінде 400 мыңнан астам киік бір түнде қырылып қалды. Таңертең естісімен барсақ, жусап жатқан орында-рынан тұрмай қырылып өліп жатқан киіктерді көріп төбе шашымыз тік тұрды. Өліп жатқан аналарының жанында оны еміп зыр жүгіріп жүрген лақтары. Бірсыпыра киіктер суатқа барған жерлерінде өзен жиегінде жатыр. Облысқа шұғыл хабар беріп, ауданның барлық кеңшарларынан тракторлар, жүк машиналарын, адамдар ұйымдастырып, өліктерді жи-нап көмуге кірістік. Адамдарды топ-топқа бөліп, көмілген өлекселерді есептеттіріп, әрқайсына бір сомнан ақша төледік. Өйткені, тездетпесең, өлекселер жидіп, сасиды. Ал олар суға кетсе немесе күннің ыстығынан іріп-шіріп әр түрлі аурулардың тарауы мүмкін. Сондықтан көмілген өлімтіктерді есептеудің қажеттілігі туды.

Республикада 500-600 мың бас киік бар деген тұжырым, есеп өтірік болып шықты. Тек, біздің ауданда өлген киіктердің саны 400 мыңнан асып кетті. Екі жылдан кейін дәл сол жерде, сол мөлшерде киіктер тағы қырылды. Бұл жылы да адамдарды ұйымдастырып, ақша төлеп, көм-діруге тура келді. 3-4 күнде зорға көміп біттік. Екеуінде де облыстан, республикадан арнайы адамдар келіп, Москвадан мамандар шақыртып, себептерін тексертті. Бірақ нақтылы себептерін бізге ашып айтпады. Киіктер жусаған жерде белокка бай раң деген шөп өседі, содан көп жеп уланған деді. Біз оған сенбедік. Киіктер Жезқазған жақтан келді және жусаған жерлерінде бір түнде қырылып шықты, сондықтан ол күшті радиациялық немесе басқадай улы заттардың әсері болуы керек, тек жергілікті адамдарды шошытпайық деп жасырулары мүмкін. Біз кейін болған әсерлерінен сескеніп едік, әйтеуір тыныш аяқталды.



Мұның бәрін айтып жатқаным, осыншама қоғамдық, жеке меншік малдардың және миллиондаған (келіп-кетуі, төлдері) киіктердің өздерінің, тұяқтарының жеулері Торғай жайылымдарының тозуына қалай кесірлерін тигізбесін? Ал сондай қымбатқа түскен қоғамдық малдардың етін мемлекетке тапсыру өте ауыр өтетін. Алғашқы жылдары қойды Қарағанды, тіпті Қызылорда ет комбинаттарына тапсырып жүрдік. Кейбір кеңшардан 350-400 шақырым жердегі Арқалық қаласының темір жолына дейін ай-лап, ай жарымдап айдап барып, одан вагонға тиеп, жұмалап, отын-сусыз ет комбинатына жеткізілген қойдан не күй, не салмақ күтесің?

Ал қойды 700 шақырым Жетіқара ет комбинатына немесе 350-400 шақырым Жезқазғанға айдаудың да қиындықтарын, шығындарын ауыл шаруашылығынан хабары бар адамдар түсінер. Адамзаттың данышпан экономисі Карл Маркстың «Капитал» атты кітабындағы тең еңбектің, өндіріс орындарының жер шалғайлығына қайтарылым (рента) құнының және қосымша пайданың тиімсіздігі жөніндегі қайшылықтары біздің Торғай өңірі жөнінде айтылғандай. Еңбектің – ештігі, қайтарылымның кештігі.

Қоғамдық малдарды етке өткізуге аз да болса пайдасы тие ме деп, шағын мал соятын (тәулігіне бес жүз қой немесе 30-40 ірі қара) цех салуды жоспарлаған. Ол цехтың құрылысы 1973 жылы басталып, маман басшы болмағандықтан тоқтап қалды. 1974 жылы жазда ауданға обкомпартияның екінші хатшысы В.М. Голубенко келіп, екеуміз кеңшарларды аралап, кешке қайтып келе жатып, мен ол кісінің цехты көріп, маман басшы тауып беруіне көмек сұрадым. Құрылысқа келіп көріп, кетейік деп жатқанымызда, күзетші Арқалықтан бір жігіт келіп, құрылысты аралап көріп, аэропортқа кеткенін айтты. Әуежайға келсек бір жігіт жүр. Қайдан келгенін сұрадық, Арқалық ет комбинатында бір цехтың бастығы екенін айтты. Неге келгенін сұрап едік, шешіліп ештеңе айта қоймады. Жай қыдырып келген едім деп шектелді. Содан Виктор Ми-хаилович екеуміз әлгі жігітке осында кел, ет цехын басқар деп үгіттедік. Көнер емес. Ол күні Арқалыққа ұшақ жоқ, кетіп қалған, енді ұшатын мерзімі ертең таңертең ғана. Сондықтан өзімізді таныстырып, кеңірек сөйлесейік деп, қонақ үйге алып кеттік. Әйтеуір екеулей көндірдік. Көкке көтермесек те, төбебізге көтереміз деп көпшікті де, көп сөз көмектерді де үйіп-төктік. Жігітіміз Рысқұлбеков Ақпан деген шымкенттік азамат екен. Жамбылдың технологиялық институтын бітірген, жұбайы да сол оқуды бітірген, екеуі де Ақмола ет комбинатында жұмыс істепті, қазір


Арқалық ет комбинатында бір цехтың бастығы. Мен тезірек тұрғын үй тауып беретін болдым. Ол жеделдетіп көшіп келуге уәдесін берді. Солай болды да. Күзге қарай цехты іске қостық, әрине, әлі де жабдықтардың бәрі түгелдей жетіспейтін. Ақпан іскер жігіт болып шықты. Жұбайы Ма-рияда салмақты, сабырлы, адамгершілігі мол, іскер маман.

Мал соятын цех тұрақты жұмыс істей бастады. Бұл аудан үшін үлкен көмек те, жаңалық та болғанын несіне жасырайын.

Облыс басшылары Сақан Құсайынович өзі бас болып біздің ауданға ерекше назар аударды. Бұрын облыс орталығынан Жанкелді ауданына келетін тас жол Аманкелді ауданына дейін ғана еді, біздің ауданмен шекаралас Құмкешу деген шағын ауылдың тұсынан машинамен жүріп өту өте ауыр болатын. Құмкешу десе, Құмкешу, тіпті Құмкөшу деп те айтуға лайық. Тоқтаусыз сусып жататын сырғыма құмнан өткеніңше талай ба-тып, талай сүйреліп есің шығады. Жүріп өткен ізіңді құм қайта жауып тастайды және қысы-жазы. Міне, осы жерден ауданға дейінгі көтерме тас жолды (145 шақырым) екі жылда салып бітірді. Аудан кеңшарының орталықтары, бөлімшелері бір мың шақырым қашықтықтағы Қарақұмдағы екі бөлімшені қосып есептегенде, мал қыстаулары – бәрі жоғары кернеулі электр жүйесіне қосылды. Осылардың бәрі аудан реңіне өң берді.

1974 жылы мамыр айында Облыстық атқару комитетінің төрағасы Трофимов Юрий Николаевич екеуміз ұшақпен ұшып барып, тың жерлерден Шилі совхозынан бөліп, Юбилейный деген астық кеңшарының алғашқы қазығын қақтық. Оған Шилі кеңшарының егістік 12 мың гектар жерін алып бердік. Бұрынғы кеңшар қой шаруашылығымен қалды.

Қостанай облысының Буровестник (кейін Козлов атындағы) сол кезде одақ көлемінде, тіпті бүкіл әлемде теңдесі жоқ 95-100 мың гектар жерге дәнді дақылдар егетін алып кеңшармен шекаралас, тың жерден жыл аралата екі астық кеңшарларын ұйымдастырдық. (Бидайық, Ыбырай Алтынсарин атындағы) және 1980 жылы оңтүстік өңірде, Жезқазғанмен шекаралас, Еңбек, Қызыләскер кеңшарларының Аққұм, Айырқұм бөлімшелері негізінде Аққұм қой шаруашылығын құрдық. Торғай – Шилі – Юбилейный елді мекендерді жалғастыратын 125 шақырым көтерме жол салдық. Аудан орталығында сүт тағамдарын дайындайтын сүт өңдеу цехын салып іске қостық. Речной кеңшарында сүт өндіретін сауыншылар бригадасы қалыптасты. Оны 50 жылдардың басында 14-15 жасынан сауыншы болып жұмыс істейтін Мұқлиса Бодықова басқарды. Оның бригадасында екі-үш жылдай мектеп бітірген жас қыздар еңбек етті. Ол үлкен еңбек тәрбиесінің мектебіне айналды. Сол кездегі ерек-



ше еңбектері үшін Мұқлиса Ленин орденімен марапатталды, Қазақ ССР жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланды. Сол жылдары сауыншы бо-лып Мұқлисаның абысын-сіңлілері Мұқансалықова Қадиша, Мөлдір, Қожабергенова Зәуреш деген келіншектер де еңбек өнегелерін көрсетті. Олар да марапатталып, облыстық партия комитетіне, мүшелікке, облыстық кеңестің депутаттығына, аудандағы сайланбалы орындарға да көтерілді. Әйтеуір, еңбекпен ерте есейіп, өмірдің шыңдауында сомдалып, абыройға бөленді. Сауыншылардың қатарында тағы да басқа да еселі еңбек иелері көп шықты. Мен ауданнан кеткелі 30 жылдай уақыт өтіпті, сондықтан көптеген есімдер көнеріп, мерзім көлеңкелеріне тасаланып үлгеріпті. Бәрімізді жеке-жеке атап өтпеді деп өкпелемес.

Ал ауданның негізгі өндіріс саласы мал шаруашылығы, әсіресе қой шаруашылығы, сонда еңбек етіп жүрген мыңдаған адамдардың бәрі де мақтаудың шапанын киіп, мадақтаудың қоржындарына иелену-ге лайықтылар. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, мемлекет, облыс, аудан көлемінде қала берді әр кеңшардың, бөлімшелерінің, өз-дерінің топ жарған ақтанкерлері мен ақтабандары атанғандары да болды. Бәрін бірдей атап өту мүмкін емес, тіпті талдай айтсам да, таңдап айт-ты деп өкпелеп қалса қайтемін. Сондықтан мен ауданда қызмет атқарған кездегі еңбеккерлердің бәрі тек өздері үшін емес, бәріміздің абырой дәрежелерімізді қорғаушылар, қолдаушы сарбаздары болдыңдар десем – бәріңе деген құрметім, суымайтын сыйластығым деп бағаларсыңдар.

Дегенмен, сол өңірдің еңбек бәйгесінде жүрген саңлақтар мен тұлпарлардың арасынан бағы жанып, бапкерлері танып, жеке-дара жүрген ақкөлдiк шопан Қоңқабаев Аңсағанды қалай атамасқа. Ол Одақ, республика көлеміндегі партия съездеріне делегат болып, ҚазССР-ның Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, төсіне Ленин орденін тақты. Қиыр шетте, қой соңында жүрсе де, өзін-өзі тәрбиелеген, сау - атты жан. Кейін кеңшар директоры болып, партия, кеңес қызметтеріне де көтерілді. Бұл мысал малшы-шопандарымыздың тек еңбекте ғана емес, рухани өсуді де естен шығармай, қос қасиеттерін тепе-теңдікте ұстауға талпыныстарының көрінісі еді... Көздері ашық, көкіректері ояу дегенің осы.

Барлық малшы-шопандарымыздың мал өрісінде кездесе қалсаң сұрайтыны – зәру заттары, тамақ та, киім де емес, транзистор – ра-дио қабылдағыш, солардың тамағы – батареялары. Әйтеуір, рухани олқылықтарын толықтырып отыратын.

Әрине, аудан еңбекшілерінің өндірістік өмірлері бірыңғай мақтаудың майында балқып, мадақтаудың ескегімен жылжып, мамыражай,

жайма-шуақта біркелкі өте берді деуге келмес. Табиғат кейде, ұйқылы-ояу жүрген жоқсындар ма, етек-жеңдерің түрулі, белбеулерің тартулы ма деп ара-тұра тексеріп, сынап та алатын-ды. 1975 жылы қатты қуаңшылық-тың болғаны белгілі. Өзен-көлдерге су түспей, тасымай қалды. Қырдағы, құмдағы, тіпті өзен аңғарларындағы шабындықтарда қырма ғана шөп шықты. Шөп тапшылығының төбесі көрініп тұрды. Халыққа жеке меншіктегі малдарыңа шөпті өздерің дайындап алындар дедік. Қоғамдық малға аз да болса көмек болсын деп, аудан, кеңшар тұрғындарына, отбасындағы, еңбек жасындағы әрбір адам 500 кг құрақ дайындап, кеңшар бойынша бір жерге жинасын деп (есеп болуы үшін) тапсырма бер-дік. Бірақ, біразға дейін бүгін-ертең деп созбалап, қозғалыс бола қой-ған жоқ. Бір күні жүргізушім Тәпен деген жігітке айттым: екі қол шалғы дайында, – деп. Ертеңінде жұбайымды, балаларымды машинаға мінгізіп, аудан орталығымен көршілес Торғай кеңшарына тарттық. Өзен жиегіне барып, киімдерімізді ауыстырып, құрақ шабуға кірістік. Жүргізуші ша-бады, біз жинаймыз. Кешке жақын азын-аулақ дайындаған құрағымызды кеңшардың шөп қоймасына тапсырдық. Құрақ шауып жатқан жерімізге кеңшар директоры келіп: «Кеңес Аманұлы, ертең келмей-ақ қойыңдар. Сіздер үшін біз еселеп шауып орнын толтырамыз», – деп өтінді.

– Е, мен кеңседе отырсам, сендер осылай ел аралап, ақыл айтып жүрсендер, қайтіп қоғамдық малды асыраймыз деп ренішімді айттым. Ертеңінде тағы келдік. Екі тонна құрақ дайындалды деп қағаз алдық. Содан кейін аудан, кеңшар мекемелерінде қозғалыс басталды. Облыс та қарап отырған жоқ, облыс орталығынан, солтүстік аудандардан арнайы шөп шабатын бригадалар ұйымдастырылып, көмекке келді. Күзде қара малдың бойдақтарын Солтүстік аудандарға апарып қыстатуды ұйғарды. Бір мың шақырымға шөп-сүрлем тасығаннан гөрі, мал тасыған тиімді ғой. Кейін кездескенде Есіл ауданының бірінші хатшысы Рысбек Мыр-зашев:


– Кеңес Аманұлы, сіздерден келген бұзауларға астауға құйып сүт берсек, төгіп тастап, жерден ішеді ғой, – деп әзілдейтін. Ащы әзіл болса да, ашырқағаныңды білдірмей, жай жымыып:

– Е, сендердің шошқаға сүтті астауға құйып бергендеріңді көріп, қыр көрсетіп, мазақтағандары шығар, – деп қисынсыз болса да қыңыр дау айтып, «ұялған тек тұрмас» дегеннің керін көрсететінмін. Сол жылы облыс мекемелері әр кеңшарға бір-бір кормоцех салып берді қамыс-құрақты (шөпті кесіп, ұнтақтап, жем қосып, гранул түйнек жа-сап шығарады). Бұрын білмеген нәрсенің бәрі таңсық болады ғой,

Қызбел деген кеңшарда бір әзілқой адам кормоцехты көріп, одан шыққан гранулдың бір уысын қалтасына салып, құрдасының үйіне барып, шай ішіп отырып, қалтасынан гранулдың бір-екі түйірін аузына салған бо-лады. Көріп отырған құрдасының әйелі: «Әй, сен не жеп отырсың?» – дейді. Өлгі жігіт: «Біздің кеңшарға бір жаңа машина әкелініп еді, шығарған өнімі тәтті екен, содан бір қалтасын ала салып едім, өзі дәмді екен. Балаларға деп алып едім, жарайды, сен де ауыз ти», – деп төрт-бес түйірді береді де, – Аузыңа түгел салып жібер де, бер жағынан ыстық шай іш, – дейді. Солай істеген әйелдің аузындағы гранул су тиген соң еріп кетіп, аузы үгітілген жем-шөпке толып, қақалып, шашалып қалады. Аузын жуып-шайып жатыр дейді. Ал құрдасы болса күлкіден шек-сілесі қатып, үстелдің жанына құлап түседі. Осы Қызбел ауылы Өтей, Шым-болат, Жылқайдар, Мадияр деген төрт рудан тұрады. Бұлардың басқа ауылға қарағанда ерекшеліктері – шеттерінен әзілқой, сайқымазақ. Сы-рын білмейтін, сырттан келген қонақтардың бас киімін теріс айналды-рып, кигізіп жібереді. Әсіресе, құрдастардың әзіл-қалжыңдары қатты, өткір. Бұрын аудан Қостанай облысына қарап тұрған кезде жылына бір рет дәрігерлер тобы келіп, ауыл адамдарын тексерістен өткізетін көрінеді. Бірыңғай қазақтар болғандықтан, ауыл адамдары орысша біле бермейді. Содан Қызбел кеңшарына келген дәрігерлер тілмаштыққа ауылдан бір жігітті алады. Дәрігерге өз кезегінде әлгі мұғалімнің құрдасының әйелі келеді. Тексеріп, «бәрі дұрыс, денсаулығы жақсы» дейді. Бірақ, тілмаш оны теріс аударып: «Сенің бұрын біреумен байланысың болыпты, соның аты-жөнін айтсын деп жатыр» – дейді. Әйел шамданып: «Олары жалған жала» – дейді. Әйелдің неге ренжігенін түсінбеген дәрігерлер «не бол-ды» десе, тілмаш оларға: «Ол әйел сендер ештеме білмейсіңдер, ауыра-мын дейді», – деп түсіндіреді. Оған дәрігерлер шамданып, дауыстарын көтеріп, реніш білдіреді. Тілмаш болса, әйелге: «Мыналардың қоятын түрі жоқ, кім екенін айтсын деп жатыр» – дейді. Сөйтіп айтыс бірнеше рет қайталанып, шегіне жетті-ау деген кезде тілмаш әйелге: «Бара бер, мыналар бәрібір тауып аламыз деп отыр», – десе, шиыршық атып тығылып тұрған әйел ашумен: «Атасының басын табады, ол бұдан екі жыл бұрын Семиозеркаға (Қызбелден 150 шақырымдай қашықтықтағы Қостанайдың аудан орталығы) көшіп кеткен», – депті. Бұл ауылда он-дай тұздығы ащы әзіл-қалжыңдар көп. Бірақ бұл елдің бәрі сондай қылжақбас деп ойлап қалмаңдар. Қызбел кеңшарында тұратын халықтың бір тармағы Әулие, Қожа тұқымдарынан да тарайды. XVIII ғасырдың ортасынан аса Шақшақ Жәнібек Бұхарада тұратын (қысқартып жазып

отырмын) достарына арнайы Қожаназар деген туысын аттандырып, елімді мұсылмандыққа тәрбиелеп, арабша оқытып, сауатын ашатын адам жіберсін дейді. Содан Қожа нәсілінен 17 жастағы Азынаны жіберіпті. Кейін Азына абыз деген атаққа ие болады. Абыз – «әулие», «көрікпел», «қасиетті» деген ұғым. Жолда келе жатқан Қожаназар баланы сынамақ болып: «Анау кетіп бара жатқан киіктердің біреуін тоқтатшы», – дейді. Бала бір дұға оқып, қолын сілкіп қалған кезде бір киік тұра қалады. Бәрі шауып барса киік еңтігіп, қан сиіп тұр екен дейді. Қожаназар киікті аяп кетіп: «Қарағым, енді мына киікті босатып жібер», – дейді. Бала: «Ата, жібере алмаймын» – дейді. Неге десе: «Атылған оқты қайтарып, не тоқтатуға бола ма? – Жоқ», – Ендеше қайтаруға болмайды», – дейді. Со-дан Қожаназар үш рет өтінеді. Бала үш қайтара көнбейді. Ақыры тағы да өтінген соң: «Ата, маған обал жасадыңыз, ата-бабаларымыздың ұстаған жолы дарыған аруағы бар еді, енді аруағымыз көшпелі болатын болды, әулиелік тұқым аралап қонатын», болды деп тағы да дұға оқып, қолын сілтеп қалғанда, әлгі киік секіріп зыта жөнеледі. Қожаназар үйге келген-нен кейін Азынаның жолда көрсеткен қасиеттерін жыр етіп айтады. Ел ішіне тез тарайды. Жәнібек Бабаның үйінде тұрады. Арада үш жыл өтіп, жиырмаға толған Азынаны Жәнібек шақыртып алып: «Қарағым, елмен, жермен таныстың, енді қайда тұрамын десең, өзің біл» – дейді. Азына: «Ата, мені осы елге алып келген Қожаназар еді, ренжімесеңіз сол кісінің үйінде тұрсам деймін», – депті. Жәнібек Қожаназарды шақыртып алып, Азынаны соған тапсырады. Қожаназардың үш ұлы бар екен. Енді Азына-ны ұлым деп, балаларымен ағалы-інілі етіп, ортан жілікті ұстатып, анда жасатып, ант ішкізіп төртінші ұлы етіп алады. Содан ол Арғын – Айдер-ке – Жылқыайдардың ұрпақтары деп есептеліп кеткен. Азынадан үш ұл, соның біреуіне Малтабарға қожалық қонған, Малтабардан төрт ұл, бір де біреуіне қожалық қонбайды. Ата жолын ұстамайды. Бірақ төрт ұлдың біреуі – Өтейден Оспан қожа туады, ата жолын қуады, көріпкел-емші, әулие адам болған. Баяғы киікті қоя бергенде Азына әулиенің айтқаны келіп, қожалық-әулиелік көшпелі, тұқым аралатып қонатын болыпты дейді. Міне, сол қожа әулетінің түп-тамыры осы Қызбелде қоныстанған. Әулие елі. Әулие қонысы. Қызбел атақты азаматтарға бай ел. Тек менің білетіндерімнің өзі: көрнекті ғалымдар Асқар Закарин, Сайлау Байзақов, Су шаруашылық министрі болған Нариман Қыпшақбаевтар.

Қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық тағамдарын жазып жүрген және әзіл-ысқаққа жалатпа ұстарадай білдірмей кестіріп, ауыртпай тестіріп, бірақ тиген жерін у-дай аштып жүретін республика көлеміне аты белгілі



Сейіт Кенжеахметов те осы елдің түлегі. Республикада жасынан аламан бәйгелерде алдыңғы топта жүрген Арғынғазин Әнуар да осы елдің бәйге торысы. Арқалық қаласында Сейіт кітап дүкеніне барған сайын сатушы қыздың атын ұмытып қалып: «Қарындас, сенің атың бұрынғы атың ба?», – деп сұраса, қыз: «Аға, атымды тағы да ұмытып қалғансыз ба?» – деп ол да әзілдеп: «Атымды ат бәйгесіне қосып жібергенмін», – деп, атын айтпайтын көрінеді. Сейіт бірде жолдастарымен келе жатса, дүкеннен қолторына тамақ толтырған құрдасының келіншегі кездеседі. Құрдасының әйелін құшақтап шыр көбелек айналдырса, келіншек «Ойбай, жұмыртқамды жардың» деп айқайлап жібереді, Сейіт: «Әй, жігіттер, естімеген елде көп деген, мынаның бір ерекшелігі болды ғой», – деп, жерге түсірсе, әйел дүкеннен жұмыртқа сатып алып келеді екен.

Қазақ әдебиеті аталарының бірі жазушы Сәбит Мұқановтың алғаш-қы шығармасы «Адасқандардың» бас кейіпкері де, Алаш қозғалысының көсемдерінің бірі Міржақып Дулат та осы елдің төл перзенттері.

Бұл ауылда Мадияр атты ру тұрады. Венгерлермен қандас, тектес. Осыдан 200 жылдан астам уақыт бұрын венгер халқы «біз кіміз, қай дан келдік» деп түп-тамырларын іздестіре бастапты. Кавказ халықтарының арасынан, украинадан іздестіріп, ақыры 1965 жылы Қазақстанда Мадияр деген халық тұрады екен деп естіп, біздің елге келіп, оқымыстылармен және жергілікті мадиярлармен жолығысады. Олардың салт-дәстүрлерімен танысады, тарихи деректер жинайды, антропологиялық зерттеулер жүргізеді. Тұрмыстарын, киіз үйлерін, қайтқан адамдарды жерлеу тәртіптерін т.б. зерттейді. Оларға торғайлық терең білімді, ізденгіш ғалым Нұрханов Сейітбек және Қызбел кеңшарының директоры Ізтілеуов Қали көп көмек береді. Бұл танысулар, зерттеулер бірнеше жылға созылады. Содан 2006 жылы Аюрраш Биро деген венгерлік жас профессор экспедицияны басқарып келіп, тағы да тексерулер жүргізіп, осы күнге дейінгі көптеген ұқсастықтар кездейсоқ болмай, оны ғылыми түйіндеу үшін 165 мадиярлық ер азаматтардан қан алады. Ғалымның мақсаты – ДНК-ларын тексеріп, оның ғасырлар бойы өзгермейтін генетикалық хромосомаларды Венгрия лабораторияларында тексеру. Он-дайда кездейсоқ үйлесімдер болмасын деп, қырық ұлттың өкілдерінің де қандарын тексереді. Оның ішінде түркі тектес халықтардан да: қырғыз, өзбек, тәжік, түркімен, башқұрт т.б. бар. Солардың ішінде ең жақыны қазақтардың қандары болады. Венгерлер өздерін қазақпен тұқымдаспыз, қыпшақпыз дейді. Әрине, ол қазіргі рулық қыпшақтардан ілгерідегі дешті қыпшақтарды (XI-XII ғасырлар) санайды.

«Қанына тартпағанның қары сынсын», – демей ме атамыз қазақ. Сонау ұлы тарихтан тамыр тартып, Венгрия жерін мекендеген қыпшақтар түркі жұртынан сүйінші сұрап, 2010 жылы құрылтай өткізді. Бұл – түбі бір ағайындылардың осымен үшінші мәрте бас қосуы. Ба-сты себеп – ғылыми зерттеулер арқасында үлкен жаңалыққа қол жетіп, Мажарстандағы мадиярлар біздің қаны бір ағайынымыз екені, яғни ғалым Аюрраш Биронның ұзақ жылдар жүргізген генетикалық зерттеулері Мажарстандағылардың тегіннен тегін қыпшақ атанбайты-нын дәлелдеп берді.

Бауырын іздеп барлық елдерді аралағанда олардың Торғай өңірінде тұратын қыпшақ-арғын рулары арасындағы мадияр атты тайпамен негізі бір болып шыққан. Сондықтан да бұл құрылтайда қазақтарға деген құрмет те ерекше болды. Тіпті тамырын тауып, қуанышы қойнына сый-май жүрген бауырларымыз жиынның ашылу салтанатын да Қазақстан өкіліне құрметпен тапсырды.

Бұл басқосуға татар, башқұрт, якут, әзірбайжан сынды тамы-ры тереңде тоғысатын он екі мемлекеттің делегаттары қатысты. Айта кетерлігі, болгарлар мен жапондықтар да өз өкілдерін жолдапты. Олар да түркі деген Ұлы әлемнен тарауға аса құштар екенін сездірді.

Қонақтарға Будапешті көрсетіп, шаттықтарын ұлттық ән-күйлерімен өрнектеген қонақжай халық негізгі шараны Бугац ауылы маңына өткізді. Жиылған жұртта есеп жоқ, шамасы 60 мыңнан асып жығылды. Осынша көрерменнің алдында «Біз мәңгілік біргеміз» деген ежелгі руна жазуымен жазылған ұран көтерілді.

Бұл жиынға келген бауырлас елдердің бәрі өз өнерпаздарын әкеліпті. Азербайжанның сазы, татардың әні, ұйғырдың биі..... Бірақ Венгрия көгінде қазақтың көне әуені құйқылжығанда жергілікті халық тебіреніп сала берді. «Бұл – біздің сазымыз», – деп көздері жасаурағандар да болды.

Тұлпармен шеру тартқан ежелгі ғұн жеріндегі мұрагерлердің тілдік қорында да қазақ тіліне екі тамшы судай ұқсас 640 сөз бар екен. Тек сәл бұзып айтады. Мәселен, ана-әня, ата-атя, балта-балтя. Құрылтайдың алғашқы күнінен бабаларының сүйегіне тәу етуден бастаған хунгариялықтар сол күнді Тұранның түпқазығы болған қазақ елінен барған «Тұран» ансамблінің сазымен түйіндеуді жөн санады. Сонымен үшкүндік ұлы жиында «Түркілер, бір шаңырақ астына жиналыңдар» де-ген ұран тасталды.

Міне, қысқарта айтқанда, Торғай тарихының бір тармақтарының сыры қайда жатыр? Торғайдың әр ауылы бір тарих, бір шежіре. Мысалы, Шилі кеңшарында Өлкейік өзенінің бойында Хан деген қоныс көпке таныс, ол Барақ батырдың Әбілқайыр ханды өлтірген жері деседі. Менің көзім көріп, сөзін құлағым естіген жеті атасынан бері тұқым қуалаған сөз маржандарын терген Ахметхан ақсақал да, ағасына тартып, еліктеп жүрген әдебиет – мәдениет жорғаларының бірі Бекболатов Кәрімжан қазақтың көрнекті ақындары Қайнекей Жармағанбетов те, Серікбай Оспа-нов та, Нағашыбай Мұқатов та, республикаға белгілі ұстаз-ғалымдар Са-мыратов Сабырбек те, Әнуар Байжұманов та, Ғабдықапар Сейітқасымов, белгілі дәрігер Асқар Байжұманов та т.б. – осы Шилі жерінің түлектері.

Ақшығанақтың (XXI партия съезі атындағы кеңшар) жұлдызды ақтаңгерлері, сөз зергерлері Кеңшілік Мырзабеков, Серік Тұрғанбеков, Сабыржан Шүкіров қазақ мемлекетінің тұңғыш шығарылған ақшасы – теңгеге қол қойған, Республикалық ұлттық банктің төрағасы Ғалым Байназаровтар бір ауылға жетерлік қазына сол емес пе? Ақкөл-Южный өңірінен шыққан Алаш партиясының көсемдерінің көш басшысы Ах-мет Байтұрсынов, бұрынғы Одақ көлемінде әйгілі, Қазақстанда Ғылым Академиясының Президенті болған, көрнекті, қоғам қайраткері академик Сағадиев Кенжеғали, жоғары да айтылған ауылдан шыққан қоғам қайраткерлері Аңсаған Қоңқабаевтар біздің елдің азаматтары деп мақтауға да, мақтануға да тұрарлық тұлғалар емес пе?

Еңбек – Қызыләскерден Торғайдың топ жарған торыларының дүбірлі тобы: тарих төрінен орын алған Торғай өңірінде тұңғыш суар-малы жерге тары өсірген Қыпшақ Сейітқұл, Албарбөгет алып тоғанын халықтың қол күшімен салып, Торғай жерін суға да, нуға да бөлеген Айсә Нұрманов, жазушы-тарихшы Сейітбек Нұрханов, Төлен Әбдіков, Қоғабай Сәрсекеев, Қойшықара Салғарин, әрқашанда «бәйгемді шаппай бер» деуге лайықты Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілов.

Албарбөгет елінің атын әйгілі еткен, қазақтың көрнекті ақыны Шәміл Мұхаметжанов Қазақстанның айтыс ақындарының сәйгүлік құлагері Айбек Қалиевтер емес пе? Ал, Речной кеңшарынан (Шұбалаң-нан) шыққан қазақ поэзиясының сөз мергені Ғафу Қайырбековтың өзі әдебиеттің қай саласын нысанаға алса да, қанжығасын олжаға толты-рып, жыр маржандарын қазақ халқына сыйлыққа үлестіріп өткен Атым-тай жомарты емес пе?

Бабасы Жәнібектің қара шаңырағы Тосыннан тосын шыққан, «Сыр-да туып, қырда өскен» дарынды дауылпаз ақын, «Торғай деген қазақтың

кәдімгі Ленинградды» деп толғап өткен Сырбай өрісі кең, өресі биік әдебиет заңғарларының бірі, дарабозы емес пе?!

Ал аудан орталығы – Торғайдың өзі – әдебиеттің қайнар бұлағының басы, алтын дiңгегі. Кезінде Иса Байзақовтың Торғайдың бәйгі бермейтін жауыр торысы екенсің деп ақындығына таңдай қағып, риза болған Нұрхан Ахметбеков, буырқанса сөз дестесін жоталап, төгіп-төгіп тастайтын орақ тілді Назарбек Бектемісов, тұлпарлар тобынанбыз деп келе жатқан: Әмірхан Абдуллин, Таңатар Сәтбаев, тоқ бәйгеге қосылған Рахым Ры-скелдин т.б. ой тереңінен сөз асылдарын терген, өлең етіп өрнектеп, халқына алқа тағып, жастарды тәрбиелеуде армандарын ортақ еткен жан-дары жомарт түлектері.

Оқырман қауым! Мен Жанкелді ауданының Қазақстанға әйгілі азаматтарын елге, жерге бөліп, мүшелеп берейін деп отырған жоқпын, қайта, бәрін біле бермейтін оқушыларға, солардың торғайлықтар екенін анықтап, ашып таныстыру. Өйткені, көбіне, Қазақстанның әйгілі, белгілі, көрнекті ақындары деп жалпыламай айтылады. Ал әр елдің аттарын жеке-жеке атап жатқаным Торғай өлкесін белдеулеп, белбеулеп, шеңберлеп, тарихтың шыңырауын шегендеп, біріктіріп, кіріктіріп жатқаным ғой. Өйтпесе, әрқашанда жақсы адам – жалпыға ортақ қой.

Торғай өлкесінің үлкен қалалардан, өндіріс орындарынан алыс-тығы ма, бұл ел – халқымыздың негізгі табиғи салт-дәстүрлерін, өнерін, қазіргі заман ағымдарымен үйлестіре отырып, тарихын сақтай білген халық. Жандары жайсаң да жомарт. Көзі ашық, көкірегі ояу. Еңбексүйгіш, қайратын намысына жанып жүретін, басқаларды да сыйлай, өздерін де сыйлата білетін халық. Бәрі сауықшыл, әнші, домбырашы, биші. Әр кеңшарда көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істеді. 1974 жылы ауданның көркемөнерпаздар үйірмесінің тобынан байқауға түскен бес атаудан таңдап, мәдениет үйінің жанынан «Ғасырлар пернесі» фольклорлық ансамблін құрдық. Оның алғашқы негізін қалаған, ұйымдастырушылары Алматы Қайырбек, Қойшы Сарсенкелді, Болат Хамзин, Орекен Алма-тов, мәдениет бөлімінің басшылары болды. Әншілер: Ырысты Ерденова, Дина Ержанова, Бақытжан Сауекенов, Қалыбек Бейсембаев, Молдашев Бөлтірік, Хасенханов Кәдіржан, Ақторта Әбілова т.б. болды. Ансамбльді табиғи дарын, композитор Қазақтың, басқада ұлттардың барлық ұлттық аспаптарында ойнайтын – Бақытжан Сәуекенов басқарды. Ансамбль екі-үш жылдың ішінде тез жетіліп, шыңдалып, республика облыстары мен шет мемлекеттерге барып жүрді.

Ауданда қазақ, орыс орта және музыка мектептері болды. Біздің тұсымызда бір мыңдай балалар оқыды. Кәсіптік-техникалық оқу орны

жұмыс істеді. Осының бәрінде арнайы жоғары білімдері бар, мұғалімдер ұстаздық етті. Ауданда 25 орындық аурухана ашылған-ды. Оның да өз тарихы бар. Аурухана ғимараты – патшалық Ресей тұсында, яғни, XIX ғасырдың соңында қазақ жерінде әскери бекіністер орналасты-ра бастағанда күйдірген қызыл кірпіштен салынған бір қабатты төрт жатақханаларға (казарма) орналастырылыпты. 1975-76 жылдары 50 орындық типтік аурухана ғимаратын салып, сонда көшірілді. Дәрігерлер түгелдей, жоғары білімді тәжірибелі. Олардың көбі кейін облыс, республика дәрежесіндегі қызмет баспалдақтарына жоғарылатылды.

Әскери полктің сол кездің өзінде Москва, Петербургпен телефон байланысы болыпты. 1976 жылы, сол кездегі 80 жасқа тақап қалған Әбдіразақ Елебаев деген құрметті ақсақал, әлі байланыс министрі болып жұмыс істейтін, арнайы келіп, біздің ауданнан Ақтөбе облысының Ырғыз ауданына дейін (200 шақырымнан астам) машинамен жүріп өтті. Сондағы мақсаты: XIX ғасырдың соңында тұрғызған ағаш телеграф бағандарының ғасырдан артық мерзімде әлі де шірімей, құламай тұрғандарын көру. Таң қалды. Бағандар бірыңғай таңдаулы, безді ағаштардан тұрғызылыпты. Тәжірибелік пен сапалық, жауапкершілік талаптары осындай болуы ке-рек деп ризашылық сезімін ортаға салды.

Мен Әбекеңмен 1976 жылы, Қазақстан коммунистік партиясының XIV съезінде сайланған (1974) Орталық комитетіне мүше болып жүргенімде танысқанмын.. Бір күні Алматы қонақ үйінде кешке дема-лып жатып, Одақтың қиыр шығысында жер серігі (спутник) арқылы көретін теледидар бар екенін естіп, ертеңінде Әбекеңнің жұмыс оры-нына барып, сол жер серігі арқылы теледидар көрсететін құралдарды алып беруді өтіндім. Ол кісі әуелі олардың біздің Орталық Қазақстанда анық, ашық көрсетуге әлсіз екенін және уақыт айырмашылықтары 5-6 сағат, қолайсыз екенін айтып, мен өтініп қадалып қоймаған соң, «сапасыз болса, ренжімейсіңдер» деп бір қондырғы тауып беруге уәде берді. Мен де уәденің шеті көрінген соң тездетуін өтіндім. Сол кісінің кабинетінен ауданға телефон соғып, екі-үш күннен қалдырмай Алматыға жүк маши-насын жеткізуді және техникалық жаңалықтардан хабары бар ауданның архитекторы Марат Өтегенов деген жігітті қосып жіберуін тапсырдым. Әбекең мәселені менің жедел шешкеніме риза болып, біздің ауданға бір жұмадан кейін арнайы 2 маман жіберіп, теледидарды қостырып беруге уәде етті. Айтқанындай, бәрі орындалды. Он күннен кейін аудандық пар-тия комитетінің пленумы жүріп жатқанда үзіліс жасаттырып, алғашқы рет теледидар көрдік. Әрине, негізгі хабарлар таңға жақын берілетін болып

шықты. Оған да риза болдық. Кейін, үш жылдан кейін облыстың негізгі теледидар жүйесіне қосылдық. Осы күні ойласам, солардың бәрі тарихтың бір парағы сияқты. Жоғарыда келтіргенімдей, Шекспирдің: «Өмір – сахна, адамдар – артистер» деп, Торғайдың кең даласы сахна болса, оның әр саласындағы орындаушылары тапсырылған орындарында әр дәрежеде өз өнерлерін, қабілеттерін көрсетіп, елді риза етті. Шаруашылықтардың өндіріс саласында қаншама еңбек қайраткерлері елдің ен байлығын еңбек көрігінде балқытып, қорытып, маңдай терілерімен суарып жүрді. Бірін айтсаң, бәрін айту керек. Бәрі алыптар, еңбек жауынгерлері, талдап, топтап айтсам қалғандары өкпелеп қала ма деп те қауыптенемін. Дегенмен, қашан, қайда, қай салада Торғайдың аты аталса, мені де айтып жатыр деп түсініңдер. Бәрінің қасықтарың бөлек болғанымен қазандарың ортақ. Ол – Торғай. Торғайдың көне тұңғиығынан сусындап, халқымыздың салт-дәстүрлерін тұмса қалпында сақтай білген, Қазақстанның ғалымдарының, әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің, ақын-жазушыларының бір көріп қайтсам деп аңсарлары ауып тұратыны содан ғой. Олар үшін Торғай ашық аспан астындағы кең даладағы мұражай іспеттес.

Мен ауданда қызмет істеген жылдарымда халқымыздың: «Азамат болсаң осындай бол деп» таңдай қақтырып, көруге зәру болып жүрген талай республика, одақ көлеміндегі саңлақтарымен кездестім, 75-76 жылдардың бірінде елге Шара Жиенқұлова (Жандарбекова) қасында Қасым Тоғызақов бар, қонақ боп келді. Қазір егде тартқан адамдарға ол кісілерді таныстырып қажеті жоқ, ал Торғай жастарының ондай өнер қайраткерлеріне құлақтары түрік келеді. Сонда да таныстыра кетейін: Қасым Тоғызақов болса, ертеде Жамбыл Жабаяевқа көмекші-хатшы болған, өзіндік қолтаңбасы бар, қазақтың көрнекті ақындарының бірі, ал Шара – отызыншы жылдары экранға шыққан «Аманкелді» фильмінде Аман келді батырдың жары – Балымның рөлінде ойнаған, сондықтан біздің ауданға көптен келе алмай жүрген келіндеріңмін деп келді. Шараның тума та-лант екенін, оның қазақ биінің анасы, халқымыздың сүйікті қыздарының бірі екенін бүкіл қазақ халқы ғана емес, Одақ көлемінде аты әйгілі биші екенін ес білген баладан еңкейген қарияларға дейін біледі және «біздің Шара» деп құрмет тұтады. Ертедегіні еске түсіріп, еркелеп келген ке-лінін, төркіндеп келген қызын қарт Торғай дәстүрлі дәрежеде қарсы алды. Ауданның бірнеше шаруашылық тұрғындары арнайы шақырып, ілти пат-тық жол-жоралғыларын жасады. Сапар соңына қарай аудан орталығының тұрғындарымен кездесті. Дастархан басында кездесулерде біздер, аудан басшылары, Шара апаймен Қасекеңнің өмір жолдарынан, өнер

өрісіндегі биіктерінен көптеген қызықты әңгімелерді тыңдадық. Бәрін айтып шығу мүмкін емес, сондықтан бір-екі кезеңдеріне ғана тоқтала кетейін. 1936 жылы Москвада қазақ өнерінің онкүндігі өтпекші болып, елдегі қазақтың бетке ұстайтын талай топжарған саңлақтарын сұрыптап, жүзден жүйрігін, мыңнан тұлпарын таңдап алып, еліміздің мәдениетте, әдебиетте шыққан шыңдарын Одақ халқына, әлем халықтарына көрсетуге және бұл сыннан сүрінбей өтсе, сыйына шомылып, құрметтеріне бөлену үшін сапарға аттанады. Сол кезде Италияда емделіп жатқан, Қазақстан компартиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы Мырзоян жол-дас телефон соғып, дайындықтарын пысықтап, арасында тау халықтары қазіргі дәуірдің Гомері деп, хат танымайтын, көзі көрмейтін Сулей-мен Стальскийді алып барып еді, ал біздің елде де атақты суырып сал-ма ақындар көп еді, солардан таңдап біреуді апарғандарың жөн шығар депті. Мұндағылар әрі ақылдасып, бері ақылдасып 90 жастағы Жамбыл-ды таңдайды. Москваға онкүндікке баратындардың бәрін теміржолмен, поезбен аттандырады. Жамбылдың купесіне, ас-суына, дәрі-дәрмегіне көмектессін деп Күләш Байсейітованы орналастырады. Ол кезде Күләш та, Шара да 24 жаста. Жол ұзақ. Келесі күні түннің бір уағында Жам-был атамыз «Күләш», -деп дыбыс береді. Күләш ұшып тұрып: «Тәте, не болды, сусын керек болды ма?», – деп сұраса, үндемейді. Солай екі-үш рет қайталаанады. Таңертең шай ішуге жиналғандарға естірте (сәлем бере келген ғой) Күләш: «Тәте (бәрі Жамбыл атамызды солай атайтын) түнде екі-үш рет «Күләш» деп шақырдыңыз, барсам үндемейсіз, купе тынышсыз болды ма?», – деп сұраса, – «Жоға, Күләшжан, жігіттік бо-рышымды атқарып жатқаным ғой», – дейтін көрінеді. Кейін Шараның «Өмірім менің – өнерім» деген естелігін оқыдым, сонда айтылған әңгімелердің кейбіреулері кірмей қалыпты, заты баспадан шектеу болған ба деймін. Содан бәрі Москваға барады, өнер саңлақтары Қазақстанның қандай ел екенін, мәдениетінің көтерілген биігін Москваға, әлемге паш етеді. Енді қорытынды концерт болмақшы. Онда Қыз Жібек операсын көрсету ұйғарылады. Концертке Сталин бастаған барлық басшылар, шет елдердің елші-дипломаттары, корреспонденттері қатыспақшы. Бәрі ойдағыдай өтіп жатады, сценария бойынша соңғы көріністе бір биші жігіт үстіне қойдың басы салынған табақ етті төбесіне көтеріп билеп өтуі керек. Сахнаның дәл ортасына барғанда әлгі жігіттің жібек белбеуі шешіліп кетіп, жібек шалбары аяғының басына түсіп кетіпті. Шара сөзін жалғастырып, «Жігітте тұра қалды, бәріміз есіміз шығып, қатып қалдық.

Зал да тым-тырыс. Шымылдық жабылды. Сонда ғана зал қол соқты. Сахнаның ар жағында бәріміз бір-бірімізді құшақтап жылап жатырмыз. Масқара болдық. Енді шетелдіктер біздерді мәдениетсіз, артта қалған деп ауыздары қисайғанша жамандайды. Енді бәрімізді соттайды. Басқарып барған басшылардан бізге ешкім келген жоқ. 30-40 минуттай уақыт өтті. Бір кезде мәдениет министріміз Жүргенов келді. Көңілі көтеріңкі. 25-30 адамға үкіметтің орден, медалдарын, атақтарын беріпті. Енді оны естігеннен кейін қуанғаннан бірімізді-біріміз құшақтап қайтадан жылай бастадық», - дейді.

Кешке Сталин қазақстандықтарға қонағасы беретін болыпты. Әрине, оған шақыру белгіленген тізім бойынша. Бәрімізді жинап, артық кетіп қалмауымызды, байқап ішуді түсіндірді. Белгіленген уақытта бәріміз дастархан басына жайғастық. Барлық политбюро мүшелері, төрде Сталин жайғасқан. Жамбыл Сталин қайсысы екенін анықтай алмай, Қасымнан анау отырған Сталин бе деп Калининді нұсқайды, басқаларға сездірмей басын ақырын шайқайды, одан кейін Молотовты айтады, тек содан кейін Сталинді мезгейді, иә деген жауап алған соң, Жәкең өзінің қалыптасқан дағдысы бойынша, – Е, қызынды...деп, өзі де отырысы да келісіп тұр екен деп риза болғандығын білдіреді. Біраз тілектер, мадақтаулар айтылған соң Сталин түрегеліп қорытынды сөз айтып, қазақстандықтардың тез өсіп, өркендеп келе жатқанына бәрінің атынан ризашылығын білдіріп, соңында манағы концерт соңындағы көріністі – ол да шығыс халықтарының бір дәстүрлі ерекшелігі (экзотикасы) ғой деп, түйіндейді. Біз Сталиннің бұл даналығына, шетелдіктер алдында оқысымыздың қоқысын білдірмей жуып-шайғанына ішімізден қатты қуанып қалдық. Әйтпесе шетелдің тілшілері – корреспонденттері ертең қалай айтар-жазар екен деген күдігіміз әлі де көңілімізден сейілмей отырған. Сталин қазақстандық өнер қайраткерлерінің әрқайсысының жанына келіп, қолындағы шарабын қағыстырды. Елубай Өмірзақовтың жанына келгенде, ол көршісімен қызу әңгіме соғып жатыр екен, тіпті Сталиннің өзінің жанына келгенін аңғармапты, «подожди», «подожди» деп мойнын бұрар емес, Сталин иғынан сәл тартып, жолдас Өмірзақов дегенде, бұрылып қарайды да, қатып қалды, қолымен сипалап рюмка-сын іздеп жатыр. Жанында отырғандардың бірі қолына ұстатқан рюмка-сын ала-сала атып тұрады. Бәріміз басқасын былай қойғанда Сталиннің Елекеңнің фамилиясын айтқанға таң қалдық. Кейін бізге осы кезеңдердің өзі әңгіме желісіне өзек болып, айтып жүрерлік тарих айшықтарының елеулі көріністерінің біріне айналды.

Кейін Роза Бағланова келіп, елді рухани бір сілкіндіріп тастады. 50-60 жылдары Совет Одағының халқы тұрғай, көптеген шет мемлекет-тердің көрермендерін сұқтана-сүйсіндіріп, есірте еліктіріп, желіктіріп, желпіндіріп әкететін Розаның әлі де «сыры кетсе де сыны кетпегенін» көрген ауыл адамдары бір жасап қалды десем әсіре мадақтағаным емес. Аудан шаруашылықтарын аралағанда, жанында қошаметтеп аудандық партия комитетінің идеология саласын басқаратын Алматы Қайырбек және аудан кәсіподақ комитетінің төрағасы Әуелбеков Уәли еріп жүрді. Екі-үш күннен кейін, аудан орталығына бір соққандарында екеуі әзіл-шыны аралас – «Кеңес Аманұлы, бізді мына азаптан құтқарыңыз» – демесі бар ма? Не болып қалды десем, Роза Тәжібайқызы (бізге облыстан «апай» деп айтпаңдар деген тапсырма берген) Торғай өзенін кездестірген жерде – жарықтық Ақаң (Ахмет Байтұрсынов) пен Жақаңдардың та-лай шомылған суларына менің түспей кетуім кешірілмес күнә болар», – деп, неше кездесе сонша суға түсе беретін көрінеді. Мүмкін күннің ыстығының да әсері болуы. Ал екі жігітімізді суға түсер жерге жеткенде алысырақ қалдырып кететін көрінеді. Олар Розаны суға кетіп қалама деп қорықса, екінші «көрген қорлықтары» өздерінің айтуы бойынша, «жаны да, тәні де сұлу әншіміз суға сүңгіп шығып, жағаға ақ матаны жайып та-стап, күнге қыздырынып жатады екен. Ақ сазандай, күнмен шағылысып жатқан Розаны көргенде екеуі бірін-бірі түрткілеп, әзіл айтқаннан басқа амалдары жоқтығы көздерін сүзіп, тесіле қарап, сезімдеріне шоқ түсіріп, мазасызданған ғой. Роза Торғайдың бірсыпыра жерін де, елін де аралап көрді. Қорытынды кешті аудан орталығында өткізді. Мен аудан халқының атынан елімізді, жерімізді алыссынбай келіп, халықпен кездесіп бұрын тек теледидардан көріп, радиодан естіп жүрсек, енді жүздесіп, қол алы-сып, көңілдеріне қуаныш сыйлағанына рахмет айттым.

Өзіңіз бүкіл қазақ халқының Розасысыз, дегенмен Розаға роза гүлін тағы да қоса сыйлап, қарт Торғай қадірлі, атақты қызына ырымдап алтын алқа тақпақшы деп жолын жасадық. Ол кісі де: «Өмір жолымда, өнер то-бында талай сый-сияпат көріп келемін, бірақ қасиетті Торғайдан алған сыйлығымның орны ерекше», – деп рахметін айтты.

Бірде «Торғайды бұрын көрмесем де атына қанықпын, сондықтан қартайсам да қарт Торғайға сәлем берейін деп арнайы келдім», – деп Бектасов Әшірбек деген ақсақал келді. Қазақ мемлекетінің ірге тасын қалаған тұңғыш қайраткерлердің қатарында болған азамат. Жас шамасы 70-тен асқан, ұзын бойлы, келбетті ақсақал. Сөзі де, өзі де ширақ, ой-өрісі кең.

Атақты Мәдидің ұрпағымын дейді. Кейін «Мәди» деген кітабы жарық көрді. Бір жұмадай жатып Торғай өңірін тегіс аралады. Өңгімелескен кездерімізде өзінің өмір, еңбек жолдарын майын тамызып айтады. Димекенді өте қатты сыйлайды, жоғары бағалайды, ол кісі де Өшекенді ерекше сыйлап, қамқорлығынан, назарынан тыс қалдырмапты.

Маған «Кеңесжан, менің құндылығым, құрметтілігім: я не бывший министр сельского хозяйства Казахстана, а первый министр сельско-хозяйства Казахского государства», – дейтін. Және де былай деп сөзін жалғастыратын:

– Мен құрастырған, қалыптастырған ауылшаруашылық министрлігінен қазір 8-9 министрліктер бөлініп шықты. (1. Ауылшаруашылық. 2. Ет-сүт өндіру. 3. Су шаруашылығы. 4. Орман шаруашылығы. 5. Балық шаруашылығы. 6. Ауылшаруашылық құрылысы. 7. Ауылшаруашылығын жабдықтау. 8. Жанар-жағар майды қамтамасыз ету т.б.).

Ол кезде мамандар да, үлгі де, тәжірибе де, техникалық күш-қуат та жоқ, экономика да әлсіз, соның бәрін жеткіземіз деп іздендік, тырмыстық, аянған жоқпыз, адал еңбек еттік. Қиындықтарды біртіндеп жеңе бастадық. Осы кездегінің бәрі солардың жалғасы, солардың жемісі.

Қазыналы қарт ақсақал осындай әңгімелерімен аз күн болса да көп сабақ берді. Торғайда болған күндерінен маған қолжазба – естелік қалдырып кетті.

Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков туған жерін, өсірген елін сағынып Торғайға келгенде қазақтың көптеген әдебиет, мәдениет қайраткерлерін жанына ертіп алатын-ды. Қазақтың ғасырлардың дауылы мен жауынынан қаймағын бұзбаған елімізді, жұртымызды, салт-дәстүрімізді көрсін, тың ойлар, соны пікірлер арқалап қайтсын дейме. Өйтеуір, Торғайын толғап, сомдап, қомдап, көзқарастар қалыптассын деген ойлары болуы керек. Екшеп айтқанда: олардың бір шоғыры Әди Шәріпов, Хамит Ерғалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жарасқан Әбдірашев, Суат Әбусейітов, Зейнеп Қойшыбаева, Абай Байтоғаев, т.б. Ал жоғарыда айтылып кеткен Торғайдың төл түлектері қан шама. Бір қиыр шетте жатсақта қазақтың аттары әйгілі азаматтарының есептен қалдырмай, есте сақтап жиі келіп-кетулерінің өзі елді жайбарақат есінеуден сақтандырып, дүр сілкіндіріп, елеңдетіп, сергітіп тастайтын.

Жаңа қалыптасып, экономикасы күш-қуаты нығайып келе жатқан Торғай облысының серпінді көмегі Жанкелді ауданы өңірінің, өмірінің кісесін беліне тарта буып, шабандықтың кісенін ағытып, адымды, алым-ды, шалымды, қарымды, салымды ілгерілей бастаған, дамып келе жатқан

кезеңдер ғой. Әзірше көптен дара озбасақ та, қатардан қалмайық деп мақсаттарымыз намысымызға жетектеттіріп, қайратымызға қамшы басу-да болдық.

Ауданда ең негізгі қуатымыз қару-құралымыз, тірегіміз – бірлігіміз болды. Қисайған жері болса түзей білдік, солқылдаған жері болса бекіте білдік. Азаматтардың қатардан шығып, арыс теуіп, ауыздық тістегендері болған жоқ. Бәріміз Торғайдың келешегі үшін еңбек еттік. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» деген кітабының «Алмас қылыш» деген бөлімінде Шыңғысханның жаулап алған жерлерін төрт ұлысқа бөліп, төрт баласына бергенде, ел билеу жөнінде айтқан өсиеттерін талдап көрсетеді. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы әкесінен: «Хан қандай болу керек?», -деп сұрайды. Шыңғысхан: «Хан халқының көңілін табу үшін ақылды болу керек, ал халқы оның көңілін табу үшін тақымды болуы керек», – дейді. Екінші ұлы Шағатай: «Ханды қайткенде халқы сыйлайды?», – де-ген сұрағына, әкесі: «Халқың сыйласын десең, тағыңнан түспе», – депті.

Үшінші ұлы Үгедей: «Хан қайткен күнде тағынан түспейді?», – деп сұраған екен. Шыңғыс хан: «Маңайына өзінен ақылы төмен, бірақ құлқыны, жемқорлығы төмен емес адамдарды жинаса, сол хан тағында ұзақ отырады», – депті.

Төртінші ұлы Төле: «Қандай хан абыройлы болады?», – десе, Шыңғыс хан: «Көздеген мақсатына жету үшін жалғыз ұлын да аямайтын хан әрқашанда абыройлы болады», – десе керек.

Шыңғысханның осы төрт ақылын алған төрт баласы өле-өлгенше абыройлы хан болып өтіпті-мыс.

Шақшақ Жәнібек бабамыз:

Қадірсізден хан қойсаң,
Қасиеті болмайды. Пірсізді
пір тұтсаң, Қаракеті
болмайды, – десе,

Көне ғасырдың данышпаны Демокрит: «Мемлекет басқару өнері – өнер атаулының төресі», – деген ғой. Абай атамыз айтқандай осы дана сөздердің сыртын ғана емес, ішіне үңілсек: Жазушының даналардың ойындағы хан, мемлекет деген сөздер шартты ұғымдар, адамдардың бәрі мемлекет басқара бермейді, олардың мемлекеттері, ханы әрбәр отбасынан, өндіріс орындарынан, кеңшар, ауданнан құралады. Солардың қосындысы. Мемлекеттің алғашқы бастауыш ұйымдары. Сондықтан басқару өнері, қабілеті отбасынан мемлекет дәрежесіне дейін ізденісті, талпынысты, сергектікті, өмірден өзінде оқып, өзгені де оқытатын та-

рам-тарам қасиетті дарындылық. Мен бұрынғы өткен данышпандардың сөздерін тиек, мағыналарына иек артып отырғаным, жазып отырған кітабымның негізгі мақсаты ұрпақтарыма, оқыған азаматтарға естігенімді, оқып-түйгендерімді айтайын, өнегелерін теріп пайдалана-нар дедім. Ал мән бермегендерің, түсінбегендерің болса өз обалдарың өздеріңе. Тереңге бойламай, шалшықта ойнап, сандарыңды шапалақтап, далақтаумен жүгіре берсеңдер, Шернияз ақынның: «Құдай солай бер-ген соң амал барма?»,- дегені сияқты өкініштің ертеңі болып қала береді. Шыңғысхан ұлдарымен сөйлескенде жанында тұрған ешкім жоқ, оның бәрі халықтың, жазушының өмірден түйген дарындылығы. Өмір – мек-теп, берер сабақтары да сан салалы. Тіпті өзіңнің отбасыңды басқару-дың өзі – қабілетіңнің дәрежелі көрсеткіштері. Отбасында бірлік, тірлік, сыйластық болмаған адамды мен ел басқаруда қабілеттілік көрсетеді де-генге илана, сене бермейтін адаммын. Сондықтан кеңшар, мекеме, өндіріс басшыларын сол қасиеттерімен сынауға, бағалауға тырыстым.

Мысалы, «Юбилейный кеңшарында егістік бригадаларының бі-рін Қасымов Қуаныш деген азамат басқарды. Кездескенде жүзінен биязылық мейірі есіп, адамгершілік нұры сезіліп тұратын. Қашан көрсең де лақылдаған, тақылдаған, лапылдаған сөздері жоқ, тек жымыған жылы жүзі. Ал бригадасында еңбек тәртібі, төңірегінің тазалығы «бар жерде осындай болса» деген сезім тудыратын. Міне, бұл да өз дәрежесіндегі кішкентай мемлекет, соның ханы. «Еңбек» совхозының Көлқамыс деген бөлімшесін Кәрібозов Кәкімжан деген азамат басқарды. Ауданда жалғыз сол бөлімше суармалы жерге сүрлемдік жүгері өсірді. Осыдан үш ғасыр бұрын бабасы Қыпшақ Сейітқұлдың таңқаларлық жаңалығын, батыл-дығын, тіпті батырлығын деуге болады, қайталады. Облыстың бірінші хатшысы Сақан Құсайынұлы, облыстық атқару комитетінің төрағасы Ю.Н. Трофимов арнайы ұшақпен келіп, ризашылығын білдіріп, кезек-тен тыс «Волга» жеңіл машинасын саттыруға уәдесін берді. Кәрібозов Кәкімжан қой шаруашылығын ұйымдастыруда да көптеген тың баста-малар енгізді. Бөлімше орталығында 2-3 мың бас қой бордақылайтын қоралар, шарбақты алаң салдырып, жайылымдағы малшылардың қосын-да екі-үш отардан топтастырып, мол жем-шөп қорын жасауды да ұтым-ды ұйымдастырды. Бөлімше орталығында тұрғын үйлер, мектеп, дүкен салдырды, адамдарды екі көше бойына орналастырып, ағаш отырғызып, ауылды көркейтуді де қолына алды. Мереке күндерінде (наурыз, мамыр, қараша, жаңа жыл) шопандарын бөлімше орталығына жинап, тойлау-ды дәстүрге айналдырды. Бөлімшеде қысы-жазы қымыз, шұбат, құрт,

ірімшік үзілмейді. Осыларды ұйымдастыруда, сыйлы қонақтар күтуде. Кәкімжанның жұбайы Гүлназияның қабілеті де, үй ішінің тазалығы да басқаларға үлгі еді. Қазақтың батасы: «Би бол, би болмасаң да би түсетін үй бол», – деуі – отағасы мен бәйбішенің үйлесімді істері.

Қазіргі алакөлеңке, білмеймін таң қараңғысыма, әлде кештің келеңі ме бәрі бұлдырап, тіпті құлдырап, ел азып, жұрт тозып, бұрынғы кеңшарлардың орны бар да, өзі жоқ кезде Кәкімжан басқарған бөлімше қалыптасқан бірлігі мен тірлігін сақтап, қайта сомдала түсті. Менің бұл мақтауымды біреулер қызыға, біреулер қызғана қабылдар. Бұрынғы кеңшарлардан, олардың орталықтарынан, өндірісінен не қалды өзі – соны түсінгендерің өздерің салыстырып көріңдер. Республика бой-ынша бөлімшелерді былай қойғанда бұрынғы кеңшар орталықтары «Келешексіз ауыл» деген атқа ие болып, ескі жұрттар қатарына қосылып жатқан жоқ па?

Мен: «Әй, Кәкімжан, осы қабілеттеріңмен жоғары білім алғаныңда бірсыпыра жерге барар едің», – десем: «Кеңес Аманұлы, Абай бабамыз «қолымды мерзімінен кеш сермедім» дегендей, ерте туып, кеш қалдым ғой», -дейтін. Бірақ өмірден, өндірістен оқығаны да, тоқығаны да мол.

Қызыләскер кеңшарының директоры Бекболатов Кәрімжан да шаруашылықты тұрақты басқарды. Ел көшінің делбесін керіп, берік те ұстады. Көзі ашық, көкірегі ояу, әдебиет, мәдениеттен жан-жақты хабардар. Айтар пікірін бүкпесіз, сығаламай, сыналамай, түйіндеп айтатын. Маған мінездері мен қабілеттері ұнады ғой деймін, кейін аудандық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімін басқаруға алдық. Жаңылмаппыз. Абыройы, беделі райкомның хатшыларынан кем болмады. Қазір де зейнеткерлікке шықса да: «Оған Кәрімжан не айтар екен?» деп ақылдасатын, ақыл қосатын ел ағаларының қатарында.

Мен осы үш дәрежедегі үлкенді-кішілі үш «мемлекетті», үш «хандықты» айтқандағы мақсатым азаматтың құндылығы басқару білуде, қабілеттілігінде, өз құрамының бірлігі мен тірлігін ұйымдастыра білуде. Мен жас кезімде үлкендердің «Ханда қырық кісінің ақылы болады» дегенін естігенде: «Е, ел басқарушы данышпан, ақылды болғаннан соң айтатын шығар», -деп ойлайтынмын. Жоқ, бертін есейе келе ойласам, бұл ханның өз ақылынан басқа қырық уәзірінің ақылын қосып тыңдауы, қорытуы екен. Сондықтан мен басқарған кезде сан салалы аудан өмірінде ілгері басушылық болса, менің және ақылшы, кеңесшілерімнің, бәрінің ақылдарының, қабілеттерінің қосындысының көрсеткіштері деп бөліскім келеді.

Аудандық партия комитетінде қызмет атқарғандар: Алматы Қайырбек, Әуелбеков Уәли, Жүнісов Сапабек, Бекболатов Кәрімжан, Айбасов Айтжан, Арыстанов Ақылбек, Шайкемелов Мақсұт, Сапарғалиева Роза, Шаймағанбетов Тұрсын, Саржақова Марияш, Ибраев Олжа. Аудандық атқару комитетінде Жүсіпов Әуезхан, Сердалин Мейрам, Би-екин Шайсұлтан, Шыңғысов Базарбай, Шайменов Төлембек, Айешева Сәуле, Өтегенов Марат, Н.Сапарғалиев тағы басқалар...

Аудандық ауылшаруашылық басқармасында: Нұрмақанов Нығметжан, Есмұратов Қуаныш, Ахметқали Жақыпов, Сағындықов Фа-зылбек, А. Бейсов, Ж. Садвақасов, Р. Рыскельдин т.б. аудандық мекеме, бөлім басшылары: Сауекенов Дәурен, Қасымов Марат, Әмірханов Ғазиз, Хасанов Жұмағали, Назарбек Бектемісов, Тайпа Сапарғалиева, Ә. Аб-дуллин, Е. Әлмағамбетов, Одақтық жоғары Кеңесне депутат Қоңырбаева Фаруза, мектеп директорлары Л. Сметановская, С. Щегельская, Жо-кешбаев Сәбитбек, Бірмағанбетов Қарсақбай, Тыныштық Сейдахметов, Қ. Құлмағамбетов, Әлиев, Алшынбаев, С.Абишев, дәрігерлер: Алма Бекмағамбетова, Әбдрахманов Шайхислам, Шыңберген Әбдіғалиев, Оспанов Мұрат, Ғ. Зайнуллин, Хамзин Болат, Шакенов Б., Аққалиев Ә.

Рахметжанов Қабдыраш (прокурор), Ермеков Тегінбай (РОВД). Сейдахметов Б (РОВД) Военком – Жұмаш Мақметов.

Совхоз директорлары: Балтабай Сейдахметов, Мұттал Нұрғалиев, Сәмен Жаңабергенов, Мусин Кәрім, Жақан Қосабаев (кейін облыс әкіміне дейін өсті) Марқабай Сыманов, Самырат Молдахметов, Сүлейменов Қабдолла, Қуандық Әбуов, Зәйд Әбілхаиров, Жүнісов Қадір, Қайыржан Шайзин, Нұрыш Молдабеков, Көшеков Айдарбек, Қабажаев Ахат, Әлібеков Қабжалел, Серікбай Тапаев, Әлтай Хамилин, Шайменов Жа-най, Тұрғынбек Мұсағазин, Сапабеков Мұхамеджан, Б. Мырзахметов, Қ. Қанафин, Құлмұхамбетов Кәрім т.б.

Партия ұйым хатшылары: Ғалым Сейдеғалиев, Әмірбек Қапақов, Сүйінов Манаш, Бектұрғанов Рақымжан, Жалғас Сүлейменов, Бекмурзин Сейітбек, Қарақұл Сейдахметов, Сағындықов Қабдығали.

Прорабтар: Қазихан Әміртай, Қойшин Болғанбай, Алматы Қазі, Мәжит Бекмағамбетов т.б.

Совхоз бөлімше басшылары: Жүзбаев, Сәлімжан Сапабеков, Ғ. Молдағалиев т.б. Біздің күні-түні ұзақ жол сапарымызды қамтамасыз еткен, жол серігіміз болған Тапен, Әбдірасыл, т.б. атқосшыларымыз.

Көңілім таза, құшағым кең, жаным жомарт болғанымен аудан халқын, оның өндірісте болған, қызмет бабында қолғабыс болған азамат-

тарын түгел атау мүмкін емес. Тек, аты-жөндерін атаудың өзі жеке-жеке бірнеше кітап боларлығы анық. Міне, осылардың бәрі маған уәзір де бола білді және әрдайым көмектесуге әзір тұрды.

Бәріне деген ыстық ықыласым, сыйластығым жүрегімде сақтаулы. Әрине, қызмет бабында көлеңкелі келіспеушілік болмады деп те айта ал-маймын. Франция королі Людовик XIV айтқан екен: «Мен бір кісіні таққа отырғызсам, тоқсан тоғыз кісі өкпелі, бір рахметі жоқ адам табамын», – деп. Кейін өткендерді саралағанда ойлаймын, кемшілігім болса осы кадр мәселесінен болуы мүмкін, әйтпесе өмірде әділ болуға, кешірімді болуға тырыстым. Абай:

«Ашу келсе, ақыл кетер,

Ашудан ақыл көп болса,

Ашу не етер», – десе,

Халқымыз: «Жақсы кісінің

ашуы, Шәйі орамал кепкенше,

Жаман кісінің ашуы, Басы

жерге жеткенше», –

деп, бізді тәрбиелеп келеді емес пе? Сондықтан ірілі-ұсақты кикілжіңдерді асқындырмай, кешіре де, келісе де білдік. Кекшіл, кесірлі болмауға тырыстық.

Отбастарының ынтымақ – бірліктерінің қарым-қатынастарын-сыз, сыйластықтарының елеулі әсерлерінің боларын өмірдің тәжірибе сабақтары көрсетіп жүр. Біз бірлесіп жұмыс істеуді райкомның бюро, атқару комитетінің өзара тең сыйластықтан, сенімділіктен бастауды ұйғардық және жұбайларымызды да солай сендірдік. Мейрам мен Күләш, Қайырбек пен Жұман, Уәли мен Орынтай, Шайсұлтан мен Ақжүніс жеңгей, Дәурен мен Жазира жеңгей, Ғазиз бен Гүлшарбан, Нығыметжан-Гүля, Қуаныш пен Зайтүнна, Базарбекпен Нағима, Самырат – Халида, Әлтәй – Тоня, Тоқбаев Қайыр, Бақыт – бәріміз алғашқы кездесулерден бастап, біз, 1980 жылы ауданнан көшкенше жұбымызды жазбай той-думандарда, мереке күндері де бірге, бірдей жүрдік. Ол бір-бірімізді жақынырақ, тереңірек таныстырды. Біз бас қосқанда жұмыс жөнінде әңгімелеспей, сырттай ешкімді сынап, мінеп, сөз айтпауға келістік. Көбінесе бас қосуымыз қазақтың ұлттық ойындары: көрші, жүзігімді тап, аяққа қап киіп (бір әйел, бір еркектен), жарыстырып ұтылып қалғандарға жазалар белгілеп, ән айттырып, билетіп, бірін-біріне арқалаттырып т.б. қызықты, күлкілі өткізетінбіз. Көбіне сот Күләш болатын, ол кесім шығарғанда дәрежеңе, жасыңа қарамай әділ, өткір «соттайтын». Осын-

дай қарым-қатынастарымыз өсек-аяңға жол бермей, көлеңке түсірмей, жел тигізбей, салқындық түсірмей жеті жылды тату-тәтті сыйластықпен өткіздік. Былай қарағанда жеке бастың қарым-қатынастары болып көрінсе де, қоғамдық жұмыстарымызға оң әсерін тигізіп, ала ауыздық, ала көздікке шідер салып, ауыздықтап отырды. Ішімізде аңқау сөйлейтін, күлдіріп отыратын, өзі аңшы Мейрам марқұм болды. Қасқыр соққанын айтқанда қасқырды сол үйдің ішінен соғып жүргендей арқаланып, екпіндетіп әсерленіп айтатын. Қасқыр көрсе машинадан, ұшақтан секіріп кетуге бар. Ақкөңіл, ойында не бар, соны айта салатын. Бірде тұрмысқа кешігіңкіреп шыққан қыздың ұзату тойына бардық. Тілек айту кезегі оған келгенде, қызды құттықтап, соңында: «Сарғая сақтасаң, қызара бөртөрсің» – демесі бар ма, бәріміз күлкіден құлап түстік. Қыз бишара қатты ұялып, бір отыр-ды, бір тұрды. Ондай аңқау сөздер жиі айтылып тұратын.

Аудан жаңа облыстың талабымен көмегінің дәрежесіне сай елдің экономикалық-әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени жағдайларын көтеруге талпынды. Елдің өмірінде де, өңірінде де көптеген жаңалықтар қанат жайды. Сол кезде менің де қосқан еңбектерімнің бағалануы шығар, 1974 жылы Қазақстан компартиясының XIV съезінде президиумге отырғызып, партияның орталық комитетіне мүше етіп сайлады. 1976 жылы Одақ бойынша «еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталдым. В.И. Лениннің туғанына 100 жылдық медальмен, тың игерудің бірнеше юбилейлік, СССР халық шаруашылығы жетістіктер көрмесінің медальдарымен, Ре-спублика көлемінде өкіметтің, үкіметтің грамоталарын алдым.

Жоғарыда айтылып кетсе де қайталайын, мен ауданда қызмет атқарған жылдары ауданның барлық малшылардың қоныстары, тіпті бір мың шақырым қашықтары, шөл өлкедегі Қарақұм қоныстары да жоғары кернеулі электр жүйесіне қосылды, Аманкелді-Торғай аралығына 145 шақырым асфальтты көтерме жол салынды, тың жерден төрт кеңшар (Юбилейный, Бидайық, Алтынсарин атындағы, Аққұм) ұйымдасты-рылып, сап түзеді, жаңа ауылдар аудан орталығында елу орындық жаңа аурухана, 140 орындық балабақша ғимараты салынды, үш қабатты аудандық партия және атқару комитетінің кеңсе үйі іске қосылды, елу орындық монша үйі, кәсіптік-техникалық оқу орынының және құрылыс мекемелерінің ғимараттары, мал соятын қасапхана пайдалануға берілді. Торғай-Шилі, Юбилейный аралықтарын қосқан 130 шақырымдық көтерме жол, осылардың сыртында жаңа құрылған төрт совхоздың қаншама тұрғын үйлері, өндіріс орындары бой көтерді. Аз уақытта осын-дай атқарылған қыруар жұмыстарды кейін кейбір азаматтар қомсына

бағалауға тыраштанып, жағымсақтың шапанын жамылып, 1988 жылы облыс жабылғаннан кейін, келесі жылы (1989ж.) Торғай қаласының орталығында Қостанай облысы салған 200-дей тұрғын үйлердің тасасына жасырғылары келді. Ол саяси қулықтың нұсқауымен салынған үйлер еді. Ондай қомақты көмек жасаймыз десе, Қостанай, Торғай облысы құрылғанша қайда болған? Мен айтар едім, сол үйлердің салынуының өзі Торғай облысының шапағаты. Торғай облысының жабылуын негіздеуге тырысқан «мультфильм». Сол үйлерді салғалы да жиырма жылдай уақыт өтті, содан кейінгі көмектері қайда? Жангелдин ауданын жарылқаулары сонымен шектелді ме? Ондай көмекті қазақ «соқыр жаңбыр» дейді, яғни күн көзі көрініп тұрғанда жауған ұсақ өткінші. Торғай облысының жабылғандығы халықтың ашуымен айтылған ащы шындықтың екпінін басу. Міне, Қостанайға қосылындар, жұмақтың есігінен сығаладындар, кілті осылардың қолында деген сиқырлы саясат. Енді «сенгіштермен», «сендіргіштерге» айтарым: бос болса екі қолдарыңмен, ал бір қолыңда Қостанайдың туы болса, екінші бос қолыңмен әлі де болса сандарыңды шапалақтай беріңдер.

Жас Торғай облыс отауының іргесін жаңа қалап жатса да, алғашқы күннен Аманкелді, әсіресе Жанкелді аудандарынан қамқорлығы мен көмегін аямады. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары Сақан Құсайынұлы, кейін Еркін Нұржанұлы Әуелбеков те облыс басшыларының бәріне: «Торғай облысы Жанкелді, Аманкелді аудандары үшін ұйымдастырылған, барын да, бәрін де соларға, деп ерекше назар аударып отыратын. Облыс өмірінің алғашқы күндерінен бастап осы екі ауданның барлық жағдайларын жедел қарап, қажетті көмектер жасау үшін облыстың атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары Сағдиев Мақтай Рамазанұлын да, кейін, оған қоса, жаңадан келген облыстық партия комитетінің өндіріс, көлік, байланыс салаларын басқаратын хатшысы Қаратай Тұрысұлын да осы екі ауданға тұрақты өкіл етіп қойды.

Екі азамат та облыс басшыларының талаптарын ойдағыдай орындап, екі ауданның халықтарының құрметіне, ризашылықтарына бөленді. Облыстың, оның бірінші басшыларының жан-жақты қамқорлықтары мен көмегінің арқасында қарт Торғайдың қабағы ашылып, көк жиегінен күн күлімдеп, көктемнің көктері көтеріле бастады. Со-дан Сақан Құсайынұлы Талдықорғанға, облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына ауысты. Ол кісінің орнына республикаға, Одаққа аты әйгілі, Көкшетау облысының бірінші хатшысы Әуелбеков Еркін Нұржанұлы тағайындалды.

Тұрысов Қаратай Москваға Қоғамдық Ғылыми академияға оқуға түсті. Сағдиев Мақтай Рамазанұлы республикамызға Балық шаруашылығы министрі болып кетті. Ол кісінің орнын Еркін Нұржанұлы маған ұсынды. Мен әлі де болса игермеген көптеген жоспарлар бар екенін айттып, әзірше қозғамауын өтініп едім, келіспеді. Сөйтіп, Торғайға қиналып барып, қимай айырылысуыма тура келді. Бірақ, ең алғашқы ел басқаруға араласып, есейтіп, бұғанамды қатырып, ел ағасы дәрежесіне көтерген Торғай халқын, үзеңгілес, сыйлас болған азаматтармен әлі де арамыз алшақтаған жоқ. Көңілімізге көлеңке де түспеді. Мен ауданнан кеткелі 30 жыл болса да, сыйластығымыздың мәні де, дәмі де тұщынарлық дәрежесінде.

Алыстан болса да, қарт Торғайдың заманның таршылығы мен заршылығына төзіп, тамырларын тарығудан сақтап, бұтақтарын сиретпей, селдіретпей келе жатқанына тілектестігіміз сарқылмас деп сенемін. Торғайлықтар жан-жаққа тозып кетпей, озып кетсін деп тілейміз. Бабаларымыздың:

Билігің тектінің қолында
болса, Теңдікке жетерсің.
Тексіздің қолында болса,
Тентіреп кетерсің, –

деген ғой.

Арманымыздың қанаты талмасын.

Қайратымызды намысымыз қайрай берсін.

Облыстық партия комитетінің бюросында мені облыстық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасарлығына ұсынуды ұйғарды. Қазақстан компартиясының орталық комитетімен келісілген деп бірден Москваға, үлкен орталық комитетке жіберді. Ол жақта да көп созбай, бір күнде бекітті. Келіп жұмысқа кірістім. Облыстық басшылардың бәрін та-нимын, білемін. Облыстың партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков, екіншісі хатшысы Коротенко Геннадий Нико-лаевич, идеология, оқу-ағарту, денсаулық сақтау жөніндегі хатшысы Дүйсенов Әбілдә Қабдешұлы, өндіріс-құрылыс салаларын басқаратын хатшы – Спицын Анатолий, кәсіпорындар, сауда жөніндегі хатшы – Жаманқұлов Жолдасқайыр.

Облыстық атқару комитетінің төрағасы Зарицкий Евгений Ерофеевич, сауда, жеңіл өнеркәсіпті басқарушы орынбасар Шишига Павел Иванович, коммуналдық, құрылыс жөніндегі – Лебсак Марат Викторович, оқу-ағарту, мәдениет, денсаулық саласы жөніндегі Күләш Дауылбаевна Ержанова, өндіріс-транспорт саласында – Горкопенко Анатолий, жоспар-

лау комитетінде – Шманов Тастанбек. Облыс көлеміндегі мекемелердің және аудандардың басшыларының бәрін білемін, сондықтан жұмысты тез игеріп, кірісіп кетемін ғой деп ойлағанмын. Бірақ, көлемі мен тереңін, биіктігін әлі жете бағаламаппын.

Көлеміне келсек, облыста он аудан құрылған. Оның төртеуі: Жанкелді, Аманкелді, Октябрь, Арқалық аудандары Қостанай облысы-нан берілсе, төртеуі – Есіл, Жақсы, Державин және Жаңадала аудандары – Ақмола облысынан, ал кейінгі екі аудан: Амантоғай, Қима жаңадан шаңырақ көтерді. Облыс халқының жалпы саны 371 мыңдай болса, оның 182 мыңы қалада, 190 мыңы дала-ауылда қоныстанғандар. Облыстың жалпы жер көлемі 11,2 млн. гектар болса, егістік алқап 2,7 млн., ал дәнді дақылдар 2,300 млн. га. Орта есеппен, жылының жомарттығына қарай мемлекетке 1-1,5 млн. тонна астық тапсырады. Жалпы өнім 1,8-2 млн. тоннаға жететін. Облыс шаруашылықтарында қара мал саны 330 мың, жылқы 43-44 мың, қой-ешкі 1 млн. бастан асса, шошқа 240 мың бас.

Тереңіне үңілсек, осы байлықтардың бәрін өндіретін, өсіретін 131 кеңшар, 2 ұжымшар. Осыншама астықты қабылдайтын, сыйымдылығы 1,5 млн. тоннадан астам 22 элеваторлар мен уақытша қабылдау пунктері. Арқалықта мал соятын ет комбинаты және облыс орталығындағы халықты қамтамасыз ететін сүт заводы жұмыс істеп тұр.

Соңғы жылдары екі құс фабрикалары іске қосылып, (Арқалық ауданында және Есілде) жылына 22-24 млн. жұмыртқа өндіреді. Яғни, облыс құрылғаннан бері он жылда ет өндіру екі есеге жуық, сүт 2 есе, жұмыртқа 6 есеге өсті. Облыс өмірінің басқа салаларын өндіріс орындарының жаңарып, қуаттарының өскендігіне тарамдап талдау жасамай-ақ, тек осы өткен жылдарда облыс орталығында – Арқалықта мұғалімдер дайындайтын институт ашылып, драмтеатр жұмыс істеп, үлкен орталық мұражай ашылды. Осылардың көбінің қалыптасып, қаз тұруына сол кездегі обкомның идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтың еңбегін ерекше атаған жөн. Марқұм жұмыс істеп жатқан адамдардың еңбек қарқынын жеделдету үшін кейде өзі жалаң аяқ, балағын түріп та-стап, білек сыбанып еден-әйнек-есіктер жууға, сырлауға араласып кететін көрінеді. Ал жаңа құрылып, жинақталып жатқан мұражайға жөдігерлерді, қойылған бұйымдарды, заттарды халықтан, ауылдардан барып, жинап әкелетін, не сыйлық ретінде немесе саттырып алдыратын-ды. Бұл тек жеке мысал ғана. Облыстың көптеген басшылары осылай жанашырлықпен күні-түні аянбай еңбек етті. Сондақтын да ғой облыстың он жылда есейіп, басқа облыстардың өкшесін басып, қапталдасып, олардың қатарынан

орын алғаны. Қазақстанның әр түкпірінен келсе де, басқарушы азамат-тар бірліктің беріктігі мен берекесін көрсетті. Ал ортақ өгізден оңаша бұзауды артық көріп жүрген маған жаңа ортаға кірісіп, сіңісіп кету таныс болсам да, қалыс баспауларымды аңғартты. Қалыптасуым, қалыспауым, қалыпқа түсуім керек деп түйдім. Жоғары, төменгі баспалдақтарын сы-най басып, сүрінбеуім керек.

Бәрінің де өз ерекшеліктері, дәреже таразылары бар болып шықты. Бұрын ауданда бәрі өз қол астында. Өзің – би, өзің – төс. Ал облыста бәрімен санасу қажет. Қарым-қатынас, тіпті сөйлесу, тапсырма берудің де өзіндік ерекшеліктері, өзгешеліктері көп. Берген тапсырмаларының орындалуына біреулері құрақ ұшып, желпең қақса, екіншісі біле тұра сенің салмағыңа, тәжірибеңе, білімділігіңе сынап қарап, өз пікірінің де шетін танытып отырады. Әйтеуір, сөйтіп аңдап сөйлеп, аптықпай басуда бір айналым да, яғни, бір жыл да өте шықты. Басқалардың да, өзімді өзім сынаудың да бір кезеңі өтті. Өз қабілетімді, өз күшімді облыс көлемінде қорытындылаудан бастадым. Сынасқанымыз бен сыйыспағандығымыз, таласқандарымыз орын алған жоқ. Ауыртпалықтармен араласа жүріп, аянбай еңбек етсең, өз орныңды таба білсең, бәрімен де терезең тең, мүмкіндіктерің кең ғой, шіркін.

Торғай облысы шаңырақ көтергелі он жылдай уақыт өтті. Оның тоғыз жылын Сақан Құсайынұлы басқарды. Ол кісі туралы толық бол-маса да, қандай азамат екенін жоғарыда айтып өткенмін. Соны қайталап, түгендеп айтсам, қарапайым халықтың қатарынан шыққан нағыз аза-мат еді. Халықтың тілімен айтсақ, «Самородок» дейді, ал өндірістік көрсеткіштерді айтсақ: жасөспірім Торғай облысының үш жасқа толғанында Одақ көлемінде мадақтаулар мен мақтауларға ие болып, Ленин орденін кеудесіне тағуы, бірінші басшының Социалистік Еңбек Ері атағын алуы, көптеген облыс, аудан, шаруашылық басшылары мен мамандарының, еңбеккерлердің орден, медальдар алуы еселі еңбекпен қабілетті, қарымды ұйымдастырудың мемлекеттік бағасы, ризашылық білдіріп берген сый-сияпаты екені анық. Ертедегі ертегі-аңыздағыдай жас алыптың уақытпен санаспай тез өсуі, тез сомдалуы ғой, бұл.

Сақан Құсайынұлы Талдықорған облысына ауысқаннан кейін біздің облысқа бірінші хатшы болып Әуелбеков Еркін Нұржанұлы ке-леді деген хабар тарады. Әрине, бұл қауесетті әркім әртүрлі қабыл дады. Ерекеңнің аты, республика көлемінде ерте шыққан, қатал, талап кер деп еститінбіз. Сондықтан сезімдері секем алғандары да болды. Облыстың әлі де алынбаған қамалдары, жамалмаған жыртықтары бар елге абы-



ройлы, адымды, алғыр басшының келгені дұрыс деп түйгендері де аз еместі. Мінеки, Еркін Нұржанұлы облысқа келгелі екі жылдай уақыт өтті. Соның бір жылға жуығында мен ауданда қызмет атқарсам, енді облыста, жанындамын. Яғни, алыстан да, жақыннан да ел басқарудағы, жұмыс тәсілдерімен де танысуыма әжептәуір мүмкіндігім мол. Ерекең облысқа келген бетте жаңа басшы жөнінде азаматтардың бір-бірімен пікір алысуы заңды түсінік қой. Ерекең келісімен бірнеше күннен кейін көмекшісі Тобыл Мырзабайұлынан (Партия мектебін бірге бітіргенбіз) телефонмен сөйлесіп: «Қазақшасы қалай екен?», – деймін. Өйткені Ерекең Мәскеуде Тимирязев академиясын бітіріп, одан кейін қызмет жолында, негізінен, орыс тілділердің арасында болды ғой. Тобыл: «Кеше Тяньмен (трестің бастығы) оның құрылыстарын аралап, қайтар кезде Тяньге «біздің машинаға отыр, – деді. Мен оның машинасы бар ғой деп едім, бастықтың атамыз қазақ: «Албастыны да алған жеріне апа рып таста демеп пе еді», – дегені. Соған қарағанда қазақшасы жаман емес пе деп ойлап қалдым», – деді.

Менің өз пайымдауым бойынша Сақан мен Ерекеңнің ортақ қасиеттері: мәселені жедел және тиянақты қараулары, адалдық, жұмысқа өздерін де, өзгелерді де аянбай, беріле істеуге ұмтылдыру. Мен бұл жерде өзім ұстаз, өнеге тұтатын екі тұлғаны салыстырып, салмақтайын деген ойдан аулақпын. Олай жасасам әдепсіздікте болар.

Тек айтарым, екі басшының да басқаруда өз тәсілдері, өз ерекшеліктері сан қырлы. Сақан Құсайынұлы тапсырылған жұмыстың тез, жылдам шешілуін талап ететін. Ал Еркін Нұржанұлы тапсыр-маны салмақтап, асықпай шешуді ұнататын және шешу тәсілдерін орындаушының өзіне міндеттейтін-ді. Еркін Нұржанұлы бетті. Қазақша айтқанда «аруақты». Жұмыста болсын, жолдастық қарым-қатынаста болсын арақашықтықты берік және біркелкі ұстайтын. Тіпті республикалық басшылардың, министрлердің өзі сескенетін. Олармен ресми ғана сөйлесіп, өздерін еркін ұстауларына жол бере бермейтін. Аудан, мекеме басшылары Әуелбеков келеді дегенде абыржып, тіпті қорқып қалатыны шындық. Бірақ, Ерекең сол кездесулерде біреулерді балағаттап, жержебіріне жетіп ұрсып, не жазалағанын көрген жоқпын. Тек, сөздерін шегелеп, салмақтап, нығарлап, мойындата сөйлейтін еді-ау, тарланым. Өндірістің қай саласы болмасын, Ерекеңдей оның келешегін де, технологиясын да терең, көлемді білетін адам сирек. Мысалы, бидайдың бағалығының негізгі қасиеті ондағы клейковинаның көрсеткіштеріне байланысты. Оны бәріміз де білетінбіз. Бірақ, бидайдың құндық бағасын



сол клейковинаға байланысты үстемелеп өсіре төлеуді Кеңес Одағына мемлекеттік мәселе етіп көтерген Еркін Нұржанұлы ғана. Өйткені, ең астықты дейтін Украина, Ресейдің бидайларының клейковинасы 20-23 пайыздан аспайтын, ондай астыққа Қазақстанның клейковинасы 28-44 пайызды бидайларын араластырмаса, ондай бидайлар тек малға жемге беруге ғана жарайды. Нан пісіруге жарамсыз. Ал сондай қасиетті дәнді астығымызды 80 жылдары сынап, біз Ресейді емес, керісінше, олар бізді асырап, сақтап отырған болып, бөскен жоқ па? Бөстірген жоқпыз ба? Не деген ұятсыз, топастық десеңші? Д. Қонаевты жамандаймыз деп бүкіл қазақ еліне күйе жағу дұрыс па? Жеп отырған нандарының кепиетінен де қорықпады.

Ерекеңнің кадрларды тәрбиелеуде тағы да бір ерекшелігі – біз Алматыға жұмыс сапарымен шыққанда, бара жатқан жұмысымыздан басқа тағы да 5-10 сұрақты арқалатып жіберетіндігі. Сондағы мақсаты демалыс уақыттарымызды босқа ұтқызбай, облыс көлеміндегі басқа мәсе-лелермен танысып, терең ұғына берсін дегені, республика мекемелерімен, олардың басшыларымен таныса беруімізді қалайтын-ды.

Ерекеңнің ұнатпайтын ісі қонаққа бару. Оны босқа кеткен, ысырап болған уақыт және азаматтарды тым жақындатып, жұмысқа зиян тигізеді, – дейтін. Кейде қонаққа шақырған жерге жұбайы Күлше Оспа-нованы жібереді де, өзі үйде қалады. Отбасындағы қалыптасқан тәртіп пен дәстүрі ғой, ол кісі де «біріншінің біріншісімін» деп менмендікке са-лынбай, сыпайгершілік пен әдіптен аспайды. Бастықтардың әйелдерінің жұқпалы ауруларының бірі – сауда қоймаларына, дүкендерге барудан ол кісі аулақ еді.

Біреулер ойлап қалуы мүмкін, Әуелбековтың әулетін неге мақтап жатыр деп, өйткені мұның бәрі бояусыз, әсірелеусіз шындық және оқыған жастар үлгі алсын, өнеге тұтсын деп жатқаным.

Еркеңмен бес жыл қызметтес болдым. Сол бес жылда ешкімнің үйіне қонаққа барғанын көрген емеспін. Бірақ, мақтанып қосатыным, тек біздің үйге ғана бюро мүшелері мен екі рет – бірі үйімізде, екіншісі – мен 50 жасқа толғанда обкомның қонақ үйінде болды. Ал көршіміз, обкомның идеология жөніндегі хатшысы, Дүйсенов Әбділдә Қабдешұлы екеуміз жұбайларымызбен, бес жыл бойы үзбей жаңа жыл, май, қазан, 8-наурыз мерекелерінде Ерекеңнің үйінде болып, Күлше Оспанованың дастархан мейірін көріп, ән салып, мерекелеп қайтатынбыз. Оған ол кісілердің таршылығы жоқ. Қайта риза болып қалатын. Ерекең пианино

ойнайды, домбыра тартады, біз, қалғандарымыз ән саламыз. Мұндай бас қосулардың тағы бір үлгі боларлық жағы: сол үйде қаншама бас қосып жүріп, не жұмыс жайында, немесе басқа біреулерді әңгіме етіп көрмеппіз. Бұл да сабақ. Тек Ерекең Москвадан Қызылордаға баратын болып, бекіп келген күні, сол үш отбасы бас қосып, Әбекең екеуміз біраз жерге барып та қалдық. Көтермеміз жоғары. Ерекең екі-үш рюмкадан артық ішпеді. Халықтың кекесін әзілінде: «арақ ішкен адам ақылды келеді және батыл да болады дегендей», мен:

– Ереке, көптен ойымда жүрген екі-үші сұрағым бар еді. Ренжімесеңіз айтайын, бірақ, кететін болған соң айтып отыр деп ойламаңыз, – дедім.

– Айтыңыз», – деді.

– Бірінші, мына Әбекең екеуміз бұрын да, бүгін де сіздің үйіңізде еркін отырамыз. Ал ертең жұмысқа барғанда сіз бізбен ресми сөйлесесіз. Жолдас Әубәкіров, жолдас Дүйсенов деп. Үйде болмағанымен, кеңседе пікір алыспайсыз, қашықтықта ұстайсыз. Өсек, өтірік болса тыңдамаңыз, ал пайдалы, құнды ойлар болса бөлісуге болады ғой, ұнамаса қабылдамаңыз, – дедім.

– Жұрттың бәрі аңқау деменіз, аңғарымпаз. Біреуіңізді жақын тартсам жік түседі, ал басқалар ондайды тез және ұтымды пайдалана-ды, – деді.

– Екінші, өте қаттысыз және өте жұмсақсыз, – дедім.

– Оны қалай түсінуге болады? – деді сәл жымыып.

– Әуелбеков келеді дегенде мекеме басшылары инфаркт алмаса да, соған жақындап қалады. Ал талай орнынан алып, партиядан шығарып жіберетін адамдарды жазаламайсыз, кешірім жасайсыз, – дедім.

– Менен қорқатындары – мінезімнің қаталдығы шығар. Бәрімен біркелкі салқын сөйлесемін. Ал қарапайым халықпен, еңбек адамдарымен іш тартып жылы сөйлесемін. Жұмсақтығым жөнінде: кемшіліксіз адам болмайды, оның бәрін ұра берсең, бардың өзінен айырылып қаласың. Ақылы болса сыннан қорытынды шығаруға тырысар, ал ақымақ болса, түзелмесе кейін де кездесеміз ғой. Есеңгіретіп жібергеннен гөрі, есіңді жи деп жібергеніміз дұрыс шығар, – деді.

Еркін Нұржанұлы Қызылордаға барып біраз қызмет атқарғаннан кейін, қарапайымдылығын, мінезінің қаталдығын, бірақ әділеттігін көрген соң халық айтты дейді ғой: «Сталин өлді деп жүрсек, әлі тірі екен ғой», – деп. Өрмен қарай соза бермей доғарайын, не сұйылып, не дәмін, не дәнін кетіріп алармын. Жазушылардай бауыры жазылған сайын көсіле

шабар жүйріктігімде жетімсіз. Тілге байлығым да қара байыр. Қорыта айтқанда, Сақан Құсайынұлы да, Еркін Нұржанұлы да маған Аллаһ Тағаланың кездестірген, берген ұстаздарым болды. Тағдырыма тартқан сыйы да.

Мен осы кітаптың атын: «Елім – мектебім, халқым – ұстазым» деп қойғандағы мақсатым – ұрпақтарыма, жастарға түсіндіріп, ұғындырайын, адамның өсуі, шыңдалуы өмір жолында кездескен ортаға да байланысты. Артық-кемінді түзеп, сезімің сергек болса өзіңе түзеттіріп, толықтыртып, сомдап отырады. Адам өмір жолында әрі – оқушы, әрі – оқытушы. Біріңді бірің оқытып, сабақ алмасып, кетігінді де бітеп, тетігінді де бекітіп отыруға тырысады. Облыстың әр саласында, әр дәрежедегі мамандары жылдан-жылға өздері де өсіп, өндірісті де ілгері сүйреп, шыңға шығаруға тырысты. Көптеген жаңалықтардың қақпасын қағып, есігін аштырды.

Ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің талаптары қатайып, сапалары жақсарып, өнімділігі арта түсті. Мал шаруашылығында да ілгері басушылық байқалды. Енді олар өндіріс орындарының қуаттылығын арттыруды, еңбек өнімділігін еселей түсуді талап етті. Мысалы, бұрын егін орағының қызған шағында элеватордың астық қабылдау мүмкіншіліктері жетімсіз болғаны жасырын емес. Кезек тосқан автомашиналардың тізбегі бірнеше шақырымға созылып, қолбайлаушылық көрсететін-ді. Екі-үш жылдың ішінде республикалық астық дайындау министрі Дай-ыров Мұзафар (кейін Клевцов, Остапенко) облыстық астық қабылдау басқармасының бастығы Г.А. Кинасовтың пысықтығының арқасында бұрынғы 5-10 тонналық таразылар және машинадағы астықты аударып түсіретін жүк көтергіш қуаты 60-70 тонналық қондырғыларға ауыстырылып, еңбек өнімділігін жедел, бірнеше есеге өсіріп жіберді. Оның сыртын-да қырманнан элеваторға астық таситын бірнеше тіркемелері бар бірден 80-100 тонна астық алатын автопоездар қатары көбейе бастады. Астық үшін күрес үлкен майдан саналатын. Сол күндер қандай ыстық. Облысқа жылда егін орағында астық тасуға 2,5-3 мыңға жуық әскери машиналар келеді. Оның сыртында облыстың арнайы автокөлік мекемелерінің, басқа саладағы мекемелердің, аудан, кеңшардағы өз машиналары – бәрі егін орағына жұмылдырылып, күндіз-түні егін алқаптарын шаңға орап, ерсілік-қарсылы жосылған машиналар. Бейне майдан алаңы. Немесе, әскери оқу жүріп жатқандай. Тымық түнде келе жатсаң шетсіз, шексіз егіс алқабы бейне бір ашық аспан астындағы дала сахнасы тәрізді. Аспанның бар жұлдыздарын жерге түсіріп, далаға іліп қойғандай. Жан-жағың тыным таппай зуылдаған, зымыраған, жарқ-жұрқ еткен тынымсыз көріністер.

Кейде далада келе жатқаныңды ұмытып, тоқтап, тамашалап тұра бергің келетінін қайтерсің.

Бірде көмекке келген автодивизияның командирі генералмен (ұлты армян еді) арнайы тік ұшақпен аудандардағы әскери бөлімдердің жұмыстарымен танысып, бақылап қайтайық деп ұшып шыққанбыз. Бірнеше аудандардың егістік алқаптарының үстімен ұшып келеміз. Құжынаған техника: комбайндар, тракторлар, астық тасыған машиналар, бәрі кең далада бірін-бірі қуып, жарысып, ойнап жүргендей. Генерал ил-люминатордан көзін алмайды, анда-санда басын да шайқап қояды. Күні бойы ұштық, кешкі қонақасыда маған: «Кеңес Аманұлы, мына абыр-са-бырда дала майданының орылмай, ұмыт қалып қоятын егіс танаптары бола ма?», - дейді. Әрине, «жоқ» деп жауап қайтардым. Себебі осы астық үшін күрес, оның дала көріністері, көңіліңді көтеріп, шаттық сезіміңді оятып, осы майданның командирлерінің бірі болып жүргенімді құрметті мәртебе деп ойлайтынмын, ол кезде басқа да басшылардың көбі солай сезінетін-ді.

Астық орағы – ырыс жорығы басталарда Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың республикамыздың солтүстік астықты аймақтарына арнайы келіп, аралап, ой-пікірлерімен бөлісіп, қарапайым еңбек адамдары – механизаторлармен кездесуі – дәстүрлі үрдіске айналған. Димекеңмен бірге кейде министрлер кеңесінің төрағасы Әшімов Байкен Әшімұлы, немесе бірнеше министрлер бірге келіп қайтатын. Талай кездесіп жүріп мен Димекеңнің ренжіп, дауыс көтеріп, қабақ түйіп, ұрысқанын байқаған емеспін. Біркелкі биязы мінез. Жылы, салмақты әңгімелесу. Кең, тең кездесу. Әлі есімде, бір келгенінде бірінші хатшы кабинетінде Димекеңе бюро мүшелерін таныстыра бастады. Кезек маған келген-де Павлодардың «Железенко ауданынан» деп таныстырды, Димекең: «Жоқ, Баянауылдікі емес пе» деді. Мен есте сақтауына таң қалдым және жылылық сезгендей күй кештім. Білмеймін, біреулердің өзілі ме, әлде шындық па, сондай бір келгенде Димекең солтүстік жақтағы бір кеңшарға қонады. Кеште қонақасы ішіп отырғанда, кеңшар директоры, партия ұйымының хатшысы – екеуі зыр жүгіріп қонақтарға қызмет етіп жүреді. Димекең әлгілерге: “Әй, жігіттер, қонақ-қонақ деп өздеріңді де ұмытып кетпеңдер», – десе, сасқалақтап жүрген кеңшар директо-ры: «Жоқ, Димеке, сіздер ішіңіздер, біз күнде ішіп жүрміз ғой», – деп отырғандарды ду күлдіріпті. Димекеңнің алды кең, сөздерінен самал есіп тұратын. Жер жаһанда шыңы сегіз шақырымнан асатын 14 заңғар та - улар бар көрінеді, солардың ең биігі Гималайдағы Эверест шыңы болса,

табиғат сол дараны жалғыз қалдырмайын деді ме, жаңағы заңғарлардың бесеуін Эверестің маңайына, Гималайға орналастырған көрінеді. Қазақстан Гималай болса, соның Эверестісі, ең заңғары Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев болса, қалған үлкенді-кішілі басшылары әрқайсысы өз биіктері бар қоршаған дара-дара серіктес шыңдары ғой. Ол біздің ғана бағамыз емес. Димекең Кеңес Одағы бойынша шет мемлекеттердің де қадіріне, құрметіне де бөленген тұлға. Сондықтан осы кезге дейін, арада 20 жылға таяу уақыт өтсе де Қазақстан халықтарының «Димекең, Димекең» деп көзден таса болса да, көңілдерінің жылуын суытпай, сақтап келе жатқандары, сол дана, дара тұлғаның қасиеттілігі ғой.

Торғай облысы Димекеңнің төл түлегі ғой, сондықтан келген сайын қаланы аралап, көп қабатты тұрғын үйлерінің қатарының көбейгенін, жаңа салынған әуежайды, обком мен облыстық атқару комитетінің әкімшілік ғимаратын, мұғалімдер институтының жаңа корпусы мен жатақханаларын, көптеген өндіріс орындарының дамуын көріп риза болып қалатын. Оған біз де марқайып қалатынбыз.

Облыс өндірістерінің жылдан-жылға өрісі кеңейіп, өркені өсті. Ол көрсеткіштер Кеңес Одағының республика көлемінде жыл қорытындысына жоғары бағаланып, еңбек озаттары, мемлекеттің ордендері мен медальдарымен, ескерткіш және ауыспалы қызыл ту-ларымен марапатталатын. Солардың ішінде мен де бармын. Мен 1982 жылы үшінші рет Еңбек Қызыл Ту орденін тақтым. Облыс көлемінде еңбек қорытындыларын жылына екі рет тойлайтынбыз. Біріншісі, облыс көлемінде шілде айының басында мал төлдеп бітіп, қой қырқылып, қорытындылары шыққаннан кейін, мал жайлауға орналасқан соң жалпы малшы, шопан, жылқышылардың тойын жоғары дәрежеде өткізетінбіз. Той Аманкелді ауданының кеңжазық даласында өтеді, әр аудан бірнеше киіз үй тігіп, дала қаласын орнататынбыз. Үйлердің іші-сырты қазақтың бұрынғы салт-дәстүрлерімен безендіріліп, үй жиһаздарының таңдаулары жиналып, қыз-жігіттер қазақша киіндіріліп, ән аспаптарының түр-түрін жинап, келген кісілерді ән, бимен қарсы алатынбыз. Әр аудан, әр кеңшар өздерінің халықтық қол өнерімен көрме ұйымдастырады. Өрмек құрып, алаша тоқитын, киіз басып, жүн түтіп, сабалап, ұр шық иіретін, тары түйетін, ал ер азаматтар қамшы, жүген өретін қайыс тан, ер тұр мандардың басқа да әбзелдерін дайындайтын. Бүркіт, тірі қас қыр, түлкі алып келеді. Зергерлер өз өнерлерін көрсетеді (білезік, жүзік). Әйтеуір кімнің қолында не бар. Ойымыз осы күні көне тартып, көзден таса болып бара жатқан қол өнердің дайын бұйымдарын жасау тәсілдерін көрсін дейтінбіз.

Далада алтыбақан, күрес, жаяу жарыс, ат жарыстың түрлері, тағы басқа ойын-сауық дүрілдеп, аспан астын қызық думанға бөлеп, екі күн тойлайтынбыз. Ол тойға облыс, аудан, шаруашылық шеңберінде жоғары көрсеткіштерге жеткен еңбек озаттары шақырылады, баяндамалар жасалып, озаттарға заттай құнды сыйлықтар тапсырылады. Бәйгеге көп аттар қосады. Тек аламан бәйгенің өзіне 40-50 ат қатысатын. Аламан бәйге 25-30 шақырымға жіберіледі. Шеңберлі алаңды 8-9 рет айналады. Аламан бәйгеден мен Жанкелдин ауданында қызмет атқарған жеті жыл-да бірінші орынды басқаларға беріп өкінген жоқпыз. Шилі кеңшарында Диханбай деген ақсақалдың қара көк сәйгүлігі болды. Диханбай ақсақал ат баптаудың нағыз профессоры десең артық айтқандық емес. Қаракөкті бәйгеге дайындауда терін алғанда, қолында сағат, секундамері болатын, аттың жылдамдығын солармен өлшеп, сөреге жетерде неше айналым-нан кейін атты еркін шабысқа жіберу керек екенін, әйтеуір бәрін ат ай-даушы балаға түсіндіріп жататын. Бәйге алаңына шыққанша қаракөкті көрсетпей, жабу жабып, елден шет ұстайды. Атқа көз тиеді деп, жылда қаракөкті басқа түсті шаш бояйтын бояулармен бояп тастайтын қылығы бар. Атты бірнеше күн сүтпен суарады. Әйтеуір бабы көп, бәрін дөп айта беру мүмкін емес, абырой болғанда еңбегі жанады, аламан бәйгеде (25 км) Қаракөк жүлделі бірінші орынды басқаларға бермейді. Нағыз монарх.

Аламан бәйге басталғанда делебесі қозбайтын тірі жан жоқ шығар. Қаракөк жерортаға дейін қалың көптің ішінде, бірақ шетінде келе жа-тады. Содан әр айналымда бірте-бірте алдыңғы аттар тобына қосылады. Ал енді бір жарым – екі айналым қалғанда бала атқа ерік береді. Міне, нағыз сүйсінер кезең де осы. Қаракөк тыңнан қосылған аттай үзеңгілестерін біренен соң бірін басып озып алға түседі. Бауыры жазы-лып, көсіле шапқанында менің көз алдыма жолбарыстың жер бауырлай созыла атылғанын елестетеді. Иса Байзақовтың «Ақбөпе» поэмасындағы Әмірханның Ақбоз атын суреттегеніндей:

Жануар жымитып ап қос құлағын,
 Шақырып, шапқан сайын аруағын.
 Тер шығып тебінгіден алғаннан соң,
 Топтап жерге түсіреді төрт аяғын, –
 десе, Қобыландының қисасындағыдай:
 «Тайбурыл атты құтыртып, Оған да жетті
 сыпыртып, үлкен едің ар ма деп, Алдыңда
 кісі бар ма? – деп, Әйт жануар шу – деді.

Сонда бурыл гуледі, табаны жерге тимеді.

Көлденең жатқан көк тасты тіктеп тиген
тұяғы, Саз балшықтай иледі

Көл жағалай көк құтан, көтеріліп ұшқанша, белінен басып өтеді» – дейтін көріністер.

Атам қазақтың: «Ат – ердің қанаты, ер серігі», **«аттың үсті – жел, еті бойға қуат, қымызы – дертке шипа»** деген теңеулері өмір шындығы ғой. Арқаны қоздырып, төзімді тоздырып, аруақтандырып жібермесе, оларға: дүлдүл, тұлпар, арғымақ, қазанат (жауға мінетін), сәйгүлік деген теңеулерді бабаларымыз жай қарапайым, қарабайыр аттарға қояр ма еді? Ал сол тұлпарларды мөпелеп, баптап өсірген Құртқалар, Әмірхандар, Ди-ханбайлар Қамбар атаның (жылқы атасы иесі) жердегі көмекшілері емес пе?! Қазақ: **«Бап шаба ма, бақ шаба ма»**, – дейді. Меніңше, екеуінің егіз болғаны дұрыс шығар.

Қысы-жазы қиян шетте, мал соңында жүрген еңбек адамдары осын-дай бәйгеде бір серпіліп, сергіп қалатын.

Екінші тойымыз егінші ерлерге, дихандарға арналған, ортақ жұмыстары, астық тапсыру науқандары жинақтала бастаған кезде, қазан айының екінші жартысында Арқалықта өтетін. Оған да барлық аудан, кеңшарылар, егін орағына қатысы бар облыстық мекемелер қатысады. Әр мекеме өзінің өнімдерін, кеңшарылар астықтың, көкөністердің, ет, сүт, құрт, ірімшігіне дейін әкеліп, экспонаттардың қатарларын толтыратын. Тігілген киіз үйлердің іші-сырты әшекейлі, сәнді заттармен безендіріліп, аудан үйлерінің алдындағы алаңдары ән-күй, билерге бөленіп, төңірек думанды шуға толып кететін. Еңбек озаттары дәріптеліп, марапаттала-ды. Мақсатымыз – еңбекші бұқараның арнайы ұйымдастырылған той-ларда көңілдері бір көтеріліп, бір-бірінің өндірістік жаңалықтарынан сабақ алып, тәжірибе алмассын, намыстары дүр сілкініп, бәсекелестіктер бой көтерсін, қайраттарын қайрап, жани түссін деген мақсат. Облыстың сан салалы өмірінің түбірлі-дүбірлері, тасқынды гүрілдері, қалыптасқан бірліктің, тірліктің, ынтымақтың нәтижелерінің көріністері еді. Торғай облысына, әсіресе облыс орталығына, басшы кадрлар Қазақстан Орталық комитетінің жолдамасы бойынша республиканың түкпір-түкпірінен жіберілді. Ол кезде кадрларды тағайындау, өсірудің партиялық жүйесі қалыптасқан еді ғой. Кадрлардың көбі атамыз қазақтың «көргенсіз» деп сөгуіне ұшырамаған, тәжірибелі, ысылған, өткерілген еді ғой.

Әрбір өңірдің қалыптасу ортасы, салт-дәстүрлері, тіпті мінез-құлықтары әртүрлі болса да, Торғайға келген азаматтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұлтқа, жерлестікке, рушылдыққа ұрынбай,

қоғамдағы азаматтық қарым-қатынас, өзара сыйластық, қажетті демеу мен қолдаудың үлгісін көрсетті. Мен республиканың 4-5 облысында, 5-6 аудандарында әртүрлі дәрежеде қызметтер атқардым. Сондықтан жоғарыда айтылған пікірлердің құндылығын да, пұлдылығын да түсіне, айыра білемін. Бәрі әсіресіз шындық. «Біз торғайлықпыз» деген сөзді мақтану дәрежесінде айтатынбыз.

Көптеген азаматтармен туыстай араласып кеттік. Облыстық «Торғай таңы» газетінің редакторы, облыстың алғашқы ірге тасын қалаушылардың бірі Әлқожа Мұхаммеджанов – жұбайы Роза, менімен жоғары партия мектебін бірге бітірген, біріншінің көмекшісі Тобыл Исаев – Алма, облхимия мекемесінің бастығы Сейілхан Әбікенов – Аманжан, Қуандық Мүшкенов – Жәмилә, Ниязбек Қожахметов – Еркін, Бөлекбаев Серік, Жүсіпов Мергенбай – Нағима, кейін, 1985-86 жылдары біздің қатарымызды толықтырған – облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасарылары – Мәркен Шайжүнісов – Майнұр, одан соң, оның орнына келген (Мәркен Қазақстан партия орталық комитетіне бөлім басшысы болып жоғарлап кеткенде) Шакенов Мұхаммедқасым – Шекер, міне осы отбасылар, бәріміз дастархандарымыз ортақ, сыйластығымыз жарасымды туыстай болып кеттік. Барымыздың бәріміз әлі солаймыз. Сыйластығымыз ортаймасын деп тілейміз. Бұл да тағдырдың, Торғайдың бір-бірімізге тартқан сыйлығы дейміз.

Бір кездері торғайлықтардан Қазақстан компартиясының орталық комитетінің төрт хатшысы өсіп шықты: Ю.Н. Трофимов, Өзбекәлі Жәнібеков, Қаратай Тұрысов, Евгений Башмаков, Орталық комитеттегі тоғыз бюро мүшесінің төртеуі жоғарыда аталған торғайлықтардан сайланды. Сағдиев Мақтай Рамазанұлы министр болып өсті. Қостанай облысының атқару комитетінің төрағасы, Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғары кеңестің президиумының төрағасы қызметтерін атқарды. Біз Мақаң, Қарекең (Қаратай Тұрысов) үшеуіміздің отбасымыз араласқан, дастархандарымыз ортақтас, достық дәрежесіндегі жолдастар болдық. Екеуі де жұбайлары: Түкіш жеңгей мен Әскергүлде қарым – қатынасқа құшақтары кең азаматтар. Мақаңның Қарекең екеуімізден (менен Мақаң бес жас, Қарекең – 8 ай үлкендігі бар) бір ерекшелігі – аңшылығы. Кең мағынада. (Екі түсінікте де...). Мақаң көбіне тік ұшақпен қасқыр аулайтын. Кейде бір күнде он шақты қасқыр алатын. Өзі оны кейде екі-үш есе көбейтіп айта береді және соншама болды деп өз сөзіне өзі сеніп те қалады. Кәнігі аңшылардың қосып та, бөсіп те айта беретін кәсіби дағдылары, аңшылық аңыздары емес пе?

Бірде, ол кезде мен Жангелдин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы едім, аудандық партия комитетінің кезекті конференциясын өткізіп, жексенбі болған соң дем алып жатқанмын, балалар келіп, біздің үйдің ауласына тік ұшақ қонайын деп жатыр деді. Әйнектен қарасам, тікұшақ қалықтап тұр. Мен киініп далаға шыққанымша аудандық әуежайға қарай ұшып кетті. Көп кешікпей бір жігіт екі қасқырды әкеліп тұр, «Сағдиев беріп жіберді», – деп. Мақаң алған қасқырларын тарту ретінде жолдас-жораларына үлестіріп жүретін.

Торғай облысына он жыл толғаннан кейін көптеген кадрларын республикаға, басқа облыстарға жоғарлатып әкете бастады. Өзілшындығы аралас, Торғай кадрлар дайындаудың ұста дүкені деп те жүрді. Кейін В.Н: Устинов, В.А. Брынкин, А.Ф. Горкопенко басқа облыстарға обкомпартияның салалық хатшылары болып сайланды.

Г.Н. Коротенко, М.Ж. Шәйжүнісов орталық комитетінің бөлім меңгерушілігіне, Есіл ауданының бірінші хатшысы Р.М. Мырзашев Шығыс Қазақстан обкомпартиясының екінші хатшылығына жоғарылатылды. Кейін Р.М. Мырзашев Павлодар облысының атқару комитетінің төрағасы, Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызметтер атқарды. Рысбек марқұм екеуміз құрдас, өте жақын сырлас, сыйлас қарым-қатынаста өмір сүрдік. мінезі салмақты, сөйлеген сөзіне, басқан ізіне байыппен қарайтын, өмір мен өндірісті жетік білетін сақ азамат қой. биік еді, таза еді. өмірден өтуінің жұмбақтары мені осы кезге дейін таңқалдырады, таңдандырады. ол ондай адам емес еді, деп ойлаймын....

Облыс құрылғаннан бастап, оны тарқатқанға дейінгі он сегіз жыл ішінде аудан, облыс көлемінде қатарлас, қадамдас азаматтардың көбі өмірдің көрігінде қақталып, бапталып, балға мен төстерінде сомдалған, өндірісте қайнаулары жетіліп, піскен ірі азаматтар еді.

Өрқайсысының қасиеттерін, қабілеттерін тізіп, теріп айту өте ұзақ жазуды қажет ететін шаруа. Сондықтан аттарын атап өтсем, сол да менің ол кісілерге деген көңілімнің жылылығы, сыйластығымның сипаты бо-лар: Аманкелді ауданының бірінші хатшылары Омаров Сартай, Ислами-ев Нұрхан, Садырбеков Амангелді, атқару комитетінің төрағасы Ғайсин Жақсылық, Торсан Нұрмағамбетов.

Жанкелді ауданының мен кеткеннен кейінгі басшылары, бірінші хатшысы Айсин Мұхаммедқали, Жақан Қосабаев, әкімдері Шайкемелов Мақсұт, Ғайсин Жақсылық, Ахметов Батырбек, Амантоғай ауданының басшы азаматтары Жоламанов Ғабдессәлем, Дүйсенбаев Әнеш, Арқалық,

Октябрь аудандарының азаматтары (қызметтес болған кездерімдегі) айтылып кеткен, қайталамай-ақ қояйын. Державин ауданынан Н. Нефедченко, Ж. Хасенов, Есіл ауданында менің партия мектебінде бірге оқып, бір бөлмеде жатқан досым, кейін аудандық атқару комитетінің төрағасы, облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы В.Е. Тарасенко, бірінші хатшылары Хамит Нұрғалиев, Тельман Данияров, Октябрь аудандық атқару комитетінің төрағасы М.Б. Бабаев, Ислам Елеусізов, Жақсы. Қима аудандарының басшылары: Касьянов, Касьяненко, Избасар Байлин, Бекіш Хасенов. Бұл екі ақсақалдардың ерекшеліктері қазақи, ақкөңіл, сөздері әзіл-сынмен тұздықталып, облыстық, аудандық пленум, сессияларда ол кісілер сөз алып, мінбеге көтеріле бастағанда-ақ залда отырғандар бір дүрлігіп, желпініп қалатын-ды. Әсіресе, Ізекең орысша бастап, тұздығын украинша, қазақша араластырып, мәдениетті, орынды түрде сын мен шынды араластырып, бергенде залдағылар ду күліп, қол шапалақтап отыратын.

Бірде Жақсы ауданына Москвадан партияның орталық комитетінен жұмыс бабымен инспектор келеді. Ауданның бірінші хатшысы және Ізекең екеуі келген қонаққа ізет көрсетіп, шаруашылықтарды бірге аралайды. Түскі тамақты – қонақасын озат шопанның үйіне дайындатқан ғой, ет жеп болған соң, шопан Ізекеңе бұрылып: «Илләһи әмин» деп бата тілейді. Отырған қонақтар ыңғайсызданып қалады (ол кезде атеизмнің дүрілдеп, гүрілдеп тұрған кезі). Ізекең қолын жайып: «Пролетарий всех стран, соединяйтесь» деп бата береді. Ағамыздың тапқырлығына риза болған қонақтар бәрі ду күліп, алақандарымен беттерін сипайды.

Бір жылы Бекіш ағамыз, екі отбасы Алматы санаторийінде демалдық. Мен арқалық ауданының атқару комитетінің төрағасымын, ол кісі Қима ауданында. Бекең дастархан басында да елпілдетіп, желпіл-детіп әңгіме айтатын. Жастықтың жалынынан от тұтатып, дуылдатып, шуылдатып жүрген кездерін еске алып, әлі де от алып, шоқ тастайтын сәттерді іздейтінін айтып күлдіріп қоятын. Далаға, оңаша, серуендеуге шығып кеткенде «Беке, жеңгейдің көзінше өтірікті шындай, ақсақты тың-дай етіп, әсіре сөздер айтасыз, өкпелеп қалса қайтесіз?», – деймін. Бекең: «Ой, Кеңесжан, осылай айта берсең, олар сами запутается, где правда, где шутка», – дейді. Сол азаматтар мен бастас, үзеңгілес, облыста абыройлы, Қима ауданындағы Ишим кеңшарының директоры Нұртазин Бірәлі деген ағамыз болды. Жанып тұрған жалын еді. Алдынан жұмыс үркіп отыратын адымды, алғыр болды. Екеуіміз 1974 жылы Қазақстан компартиясының

XIV съезінде Орталық комитетке мүшелікке сайландық. Кейін Еңбек Ері атағын алды. Бетті. Қолынан да, тілінен де іс келетін. Шешімі қажет деп ұйғарса ешнәрседен тайынбайтын. Көңілі түссе – көлдей, жайлаудай жо-март, ал тарылса тарпып тастайтын азамат еді. Екеуміз терең сырлас, кең сыйлас болдық. Облыстық партия комитетінде істейтін жігіттер де кең құлашты, алғыр жігіттер еді ғой, шіркін. Мельник Александр Васильевич, Брынкин Виталий Алексеевич, Батталов, Бабаев Мэлс Балташевич, Дүйсенбаев Амангелді, Желябин Владимир, Байтанов Нығмет, Анатолий Рязских, Жаскен... Айша Жүнісқызы, Аманжол Сейітжанов, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Әнуар Арынғазин, Нұрикәмал Сейітжанова, облысполкомда Құдайберген Тоғызбаев, көмекшілерім Ай-син Талғат, екі Марат, т.б.

Горкомпартияда: Садықов Барлық, И.М. Стрик, Зинаида Леонтиевна Федотова, Жеңіс Букин, т.б. Атқару комитетінің төрағалары Ермек Жақсылықов, Жәмшит Әубәкіров, Ғабдессәлем Жоламанов т.б.

Осы жігіттердің бәрі өз жұмыстарында тауды бұзып, тас қопарып намыстанса тас шайнап, мұз бүркіп, ығындағыларды тоңдырмайтын, дауылына ұшырағандарды оңдырмайтын. Осындай азаматтармен қолтықтасып, қол ұстасып қызмет етудің өзі мақтануға, сүйсінуге тұрарлық кезеңдер еді. Еркін Нұржанұлы кеткен соң бірінші хатшы болып Оразбек Сұлтанұлы Қуанышев келді. Тәжірибелі азамат қой, жұмысын аңдап басып, баяу барлаудан бастады.

1985 жылы облыстың ауылшаруашылығы басқармасының басқару жүйесі өзгеріп, аумағы ірілендіріп, қайта қалыптасуға бет алды. Облыстың агроөнеркәсіп комитеті құрылды. Оны басқару облыстық атқару комитетінің бірінші орынбасарына және оған қосымша мәртебе, облыстық агрокомитетінің төрағасына жүктеледі, яғни, мен бұрынғы қызметіме қоса агрокомитеттің төрағасы болып тағайындалдым. Жұмыс орным екі жерде облыстық атқару комитетінде және бұрынғы облыстық ауылшаруашылық басқармасында. Біраздан кейін жұмысты нақтылы, же-дел басқаруға қолайлы деп ауылшаруашылық мекемесіне көшіп кірдім. Орынбасарларым болып бірінші орынбасарым Лемешко Александр Иванович, экономика саласы бойынша Жәнібек Сәлімұлы Кәрібжанов, жабдықтау саласы («сельхозтехника») Мергенбай Жүсіпов, Механизация және инженерлік қызметтер бойынша Жалалов Анатолий Михаило-вич, құрылысты басқару – Әбдірахманов Аманжол, мал шаруашылығын Н. Поспелов, ет-сүт өндіру саласы – Смағұл Бейсенбаев, кадр жөніндегі Сәкенев. Бәрі де өндірістің тезінен, сынағынан өткен, тәжірибелі, еттері

тірі, байырғы тілмен айтқанда Римді де, Қырымды да жаяу жүріп өткен ығай мен сығайлар.

Арқалықта үш мың тонна көкөніс сақтап, ұқсататын жаңа қойма іске қосылды. Оның директоры болып ертеден таныс, Арқалық ауданында тұтынушылар одағын басқарған пысық, іскер, адал тәжірибелі Қожахметов Ниязбек тағайындалды. Агроөнеркәсіп саласының шеңбері кеңейіп, салалары күрделене, тармақтала түсті. Сондықтан өндіріс тізгінін керіп те, берік те ұстайтын басшылар қажет болды. Әсіресе, экономика – бухгалтерия салалары жөнінде орынбасарлыққа лайықты адамды ұзақ іздедім. Октябрь ауданының Панфилов атындағы совхозының директоры, Москвада аспирантурада оқып, экономика ғылымы кандидаттығын қорғаған, қазақ жігіті бар деп естідім. Бірақ күдіктенгенім, қалай ғылым кандидаты бола тұра келген жылы ауданның «Заря коммунизма» деген совхозына бас экономист болып орналасады? Әйтеуір, кандидаттық дәрежесі бар біреу шығар, не өзіне-өзі сенімді адам болар, деп ойладым, Дегенмен, шақырып сөйлесіп көрсем, Омбы облысының азаматы көрінеді, қазақша әжептеуір жатық сөйлейді, сөз саптасы, ой-өрісі де дұрыс сияқты. Ұсынысыма келісім берді. Таңдауымыз дұрыс болып шықты. Бізде екі жылға таяу қызмет істеген соң Ж.С.Карибжановты республикаға, ауылшаруашылық министрлігіне басқарма бастығы қызметіне алып кетті. Кейін ауылшаруашылық министрі, министрлер кеңесінің төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілді. Кейін Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қытайға елші, Шығыс Қазақстан облысының әкімі, қазір депутат, спикердің орынбасары.

Облыс дегенің сан салалы, көп сағалы, кең арналы, асау ағынды өзен ғой. Оның екпінін, бағытын үлкен дүлей күш араласпаса, ешқашанда толқындар, тосқауыл сендер өзгерте алмайды. Өйткені, оның жағалары жылдан-жылға нығайтылап беки береді.

Баяғыда бала кезімде ертегілерден оқушы едік, жын, дию дегендер болады, оларды құмыраға қамап ұстайды, ол шығып кетсе, бәрін бүлдіреді, ел тыныштығын бұзып, тұнығынды лайлайды дегенді. Міне, 1986 жылы Москваның колбадан шығарған Колбині Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланысымен, қазақ кадрларына қырғидай тиісіп, республиканың тымық, тыныш өміріне дауыл тұрғызып, нөсер жаудырып, сел топанын тасқындатып, найзағай сатырлатып астан-кестен етті. Бұл Горбачевтің есірік нұсқауы екенін елдің бәрі түсінді. Оларға Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың абы-ройына дақ түсіріп, нұқсан келтіру Қазақстанның халықаралық, одақ көлеміндегі беделін шайқалту қажет болды. Димекең өзі талай айта-

тын, «кейбіреулері күйе күйдірмесе де қаралауға жарап қалады» деп дәмеленеді. Димекеңе қоса бүкіл Қазақстан халқының бар жетістіктерін жай ғана көпшікті, көбікті көрсеткіштер деп сандырақтай бастады. Бүкіл Кеңестер Одағының, басқа республикаларының клейковинасы төмен, сағыздай созылған, (таңертең шайнап, кешке жұтатын) көкайыз нандарына, біздің бидайдың ұндарын қосып пісіретін, ауыздарын тол-тырып, сүйсіне шайнайтынын естен шығарып, (енді нені шайнағылары келетінін өздері де түсінбей) оларды Қазақстан емес, олар бізді асырап отырғандай етіп көрсетуге тырысқандары есі дұрыс адамдардың айта-тын сөздері емес еді. Димекеңнің Қазақстанда 14 облыс орнына 19 облыс құрып, орталықтарын, әсіресе шашыранды аудан, ауылдарды орталыққа жақындатып, олардың экономикалық, тұрмыстық, мәдени жағдайларын жақсартқанын да жоққа шығаруға тырысқаны да сол топас қулықтың көрінісі емес пе. Әйтпесе, Торғай, Семей, Жезқазған, Атырау, Ақтау облыстарының әрқайсысы жер көлемі жағынан қиян шетте жатқандары болмаса, Батыстың кез-келген мемлекетіндей ғой. Халықтары шашы-ранды орналасты демесе, байлықтары да бәсекеге түсуге жететін.

Қазақстан Кеңестер Одағының көптеген үлкен қалаларының, қарулы күштерінің ауылшаруашылық өнімдерінен (астық, ет, сүт) мұқтаждарын қамтамасыз етіп отырғанда, Колбиннің басқа республикалардан көмек алдырамын, ет қорын молайту үшін ет комбинаттарына шошқаны терісін алмай үйітіп тапсырыңдар, аң аулап, құс атыңдар дегенін естігенде «осы шіркін шынында да колбада өскен Колбин емес пе екен» деп шүбәланасың. Ал жоғары оқу орындарында студенттерді, мекеме қызметкерлерін, тіпті балалар бақшаларына сәбилерді, халықтың үлес-салмақтарына сай қабылдансын деген «жаңалықтары» естімеген, көрмеген елде көп деген-ге саятын-ды. Мемлекет басшысы емес жындыхананың күзетшілігіне де алуға жарамайтындығы көрініп тұр-ау.

Ал осы дүлейдің долдануын қоздырып жіберген Қазақстанды басқаруға елімізді, халқымызды білмейтін адам сырттан неге әкелінді? Өзімізде де ел басқарар көсемдеріміз бар», - деген студенттердің 1986 жылғы намысты, бірақ қасіретті бас көтеруі болды. Өздері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа дақ түсіріп, күйе жағуға сылтау іздеп жүрген Горбачевке азуын басуға ұмтылып, қаппаса да, жұртқа естірте арсылдап қалуына дәл келді. Жастар көтерілісі республика көлемінде үлкен толқуға, Алматыда қантөгіске ұласты. Басқа республикалардың әскери құрамдарынан арнайы дайындықтан өткен жөндеттер арнайы ұшақтармен жедел алдырылды. Бұл көтеріліс Горбачевтің, Колбиндердің шаптарына шоқ түсіріп, естерінен тандырып, ауыздықтарын тістеп, арыс теуіп, адамгершіліктің делбесінен айырылып, лағып кетті. Жастар талап еткенде орыс, қазақ

деп бөлген жоқ, тек неге өзіміздің кадр емес дегендерін қулықпен – ұлтшылдық етіп шығарды.

Димекенді, елімізді жамандаймыз деп жүріп, өздері былғанып қалды, бірақ елімізді қаралап, жүрегімізді жаралап кетті. Қазақ халқына ұлтшыл деген атақ жапсырды. Қазақ елінің жаңа өмірі, Колбиннің тек менен ғана басталады, деген әумесер ұғымы Сүйінбай ақынның қырғыз ақыны Қатағанға айтқанындай: **«алжыған тазы секілді, аңдамай шаптың аңыңды» – болып шықты.**

Міне, осындай есірдің кесірінен тамырын қазақ халқының тарихи тереңінен алған, ел үшін, жер үшін деп құрылған Торғай, Семей, Ақтау, Жезқазған, Талдықорған облыстары 18 жыл өмір сүріп, сүбелі жетістіктерге жетіп, есейіп қалған кездерінде, қаншама қаржы, күш-қуат сіңірілген кезде қысқартылып миллиардталған қаржы, байлықтар талқандалып тынды. Қаншама қаржы желге ұшты, құрдымға сіңді. Сол дарынсыздардың, қабілетсіздердің бәрі Сталиннің ертерек өліп кеткеніне разы шығар.

Ең болмағанда 60 жылдардың басында Хрущев Қазақстанды пұшпақтап Ресейге, Өзбекстанға, Түркіменстанға бөліп беремін дегенде **«тағым арымның садағасы, елім үшін мансабым да келешегім де құрмалдық»** деп қазақ елін ешкімге талаттырмай, бергізбей қорғап қалған бір Тәшеневтың шықпауы, шаңырақтарын жаңа көтерген облыстарды тарқаттырмай қорғап қалу, ел азаматтары үшін үлкен сын болды. Тарих кешірілмес күнә да, кінә да ғой. Облыстардың тарқалуы ұя салып, бауыр басып, өмірлік, өндірістік қарым-қатынастары қалыптасқан халыққа ауыр әсер қалдырды. Басшы кадрларды басқа облыстарға, ре-спублика көлемінде орналастырғанымен, көбі ұшарын жел, қонарын сай біліп, делсал күйге ұшырады. Жол тосқан жолаушыдай вокзалда чемодандарымыздың үстінде отырып, өтетін пойыздарды күткендей хал кештік. Менен, партияның Орталық комитетінен қайда барғың келеді деп сұрағанда, жасым жер ортадан асқанда басқа елге барып, көзге түрткі болып қайтемін, өзімнің туып-өсіп, алғашқы еңбек жолым-ды бастаған үйреншікті Павлодар облысына барғым келетінін айттым. Бос орын облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметін ұсынды. Келісім бердім. Бірақ 2-3 күннен кейін ол орынға облыс басшы-лары Качир ауданының біріші хатшысы Держұманов Қанат Болатовичті тағайындауды ұйғарыпты. Маған Качир ауданына бірінші хатшылықты ұсынды. Ақылдасып көріп едім, жолдастарым: «Аудандарда болдың ғой, қайтып барғаның жөн болмас», – деп ақыл айтты. Бір күні Көкшетау облысының бірінші хатшысы Сағдиев Мақтай Рамазанұлы телефон соғып,

екі ауданды қосып, ірілендіріп жатырмыз, соған бірінші хатшылыққа кел, Торғайда он шақты жыл қызметтес болдық, бір-бірімізді жақсы білеміз деді. Оған мен: «Мақа, сізбен қызметтес болғым келмейді», – дедім қуланып. Ол абыржып: «Әй, неге өйдейсің?», – деді. Мен: **«Орыстың мақалы бар, досыңнан айрылғың келсе, бірге қызметтес бол деген»**, - деп едім, «Әй, оның да дұрыс шығар», – деді күліп.

Гурьевтен облыстық атқару комитетінің төрағасы В. Новиков те-лефон соғып, бұрын республикада ет-сүт өнімдері жөніндегі министр кезінен жақсы таныс едік, осы өзің атқарып жүрген қызметке кел, бірге жұмыс істейік деп өтініш айтты. Оғанда рахметімді айтып, келісім бермедім.

Таңдауым молайып кетті, жоғарыдағылар не айтады деп жүргенде, республикалық агроөнеркәсіп комитетінің төрағасы Э.Х. Гукасов үйге телефон соғып, өзінің республикалық көкөніс, жеміс өсіру сала-сы жөніндегі орынбасары, яғни министрдің орынбасары дәрежесіндегі қызметке келуіме ұсыныс жасады. Келіссен, ертең Алматыға кел деді. Артынан іле-шала орталық комитеттің ұйымдастыру бөлімінің бастығы О. Виноградов телефон соқты. Екеуі келіскен болуы керек. Ертеңінде Алматыға барып, Э.Х. Гукасов қабылдап, орталық комитеттің екінші хат-шысы С. Құбашевке жіберді. Сәкеңмен бұрын екі-үш рет кездескенмін. Есінде қалыппын. Маған Сәкең: «Қарағым, Кеңес, ұсынылып отырған қызмет дәрежесі жағынан жаман да емес, бірақ сен қазіргі талапты білесің, ертең республика көлемінде емес, Алматыны қамтамасыз ету басыңды қатырып, Алматыға көкөніс, жеміс-жидекпен қамтамасыз ету сенің мойныңа жүктеледі. Бар жауапкершілік сенде қалады. Балтам-ды таптың аяғы саған тіреледі, менің қызмет бабындағы емес, ағалық ақылым. Ойлан, шешімі өзіңдікі», – деді. Сәкеңе түсінгенімді және ағалық ақылына рахметімді айттым. Шыққаннан кейін Виноградовқа, Гукасовқа ұсынған қызметтеріне рахметімді айтып, бірақ жұмыстың өте ауқымды, жауапты екенін, ал менің денсаулығым оларға төтеп бере алмайтынымды, текке оларды қолайсыз жағдайда қалдыруым мүмкін екенін айттым. Тағы да Арқалыққа қайта оралдым. Арада бір жұмадай уақыт өткеннен кейін О. Виноградов телефон соғып, Жамбыл облысына бұрынғы қызметім дәредесіндегі жұмысқа келісімімді сұрады. Ойлан-дым да келісім бердім. Ойланғаным, бұрын оңтүстік облыстар, оның ішінде Шымкент, Жамбыл облыстарында сырттан келген азаматтардың қызмет істеуі қиын, сыйғызбайды деп еститінмін. Бірақ бірнеше қыз-меттер ұсынды, таңдадым, енді ұяттың шеңберінен шықпайын, олардың мені қызметке орналастырудан да басқа жұмысы бар емес пе? Жамбыл да

қазақтың іргелі елінің бірі ғой, әйтеуір барған бетте жеп қоймас, ал арала-рына бір аралассам тіл табармын, біреуі құрлы қызмет жасауға қабілетім де, тәжірибем де жетеді, қазақтың салт-дәстүрлерінен де хабарым бар, қазақшам да онша жаман емес деп түйдім.

Орталық комитетке келдім, олар Жамбыл обкомымен сөйлесіп, ертеңінде Таразға ұштым. Әуежайдан обкомның ұйымдастыру бөлімінің бастығы қарсы алды. Ертеңінде обкомпартияның екінші хатшысы Чернов Вячеслав Федорович қабылдады. Өзі көп жыл Көкшетау облысында «Сельхозтехниканы» басқарыпты. Менің ой-өрісімді, орысшамды, тәжірибелілігімді барлау мақсатында әңгіме құрды.

Одан кейін облыстық атқару комитетінің төрағасы Клочков Юрий Алексеевичке алып барды. Ол да барлау сұрақтарын қойып, өзінше сынап отырған кейіп байқатты. Енді бірінші хатшы Жақыпов Әнуар Хамзаұлы қалды. Бұрынғы қызметтерінде мінезі қатты, тік, тәртіпті, талапты басқарушы деп еститінмін.

Ертең қабылдайдымен екі күн тостырып, үшінші күні Москвадағы XVIII партия конференциясына барып, келген соң қабылдайды деді. Мен: «Партия конференциясына әлі екі айдан астам уақыт бар, оған дейін күмәнді, ескексіз қайықта отыра алмаймын. Мен жұмыс сұрап келген жоқпын. Орталық комитеттің жіберуімен келдім. Не болады, не болмай-ды деген шешіммен кетуім керек», – дедім.

Ертеңінде бірінші хатшы қабылдады. Кабинетінде Ю.А. Клочков, В.Ф. Чернов отыр екен. Амандықтан кейін торғайлықтардың жағдайын, егін егуді қашан, қалай аяқтағаны жөнінде, менің қайдан екенімді, отбасында кім-кімдер барын сұрады. Алдында жатқан қағаздарға қарағанда барлық деректерім қолында, тек менің сөз саптасымды, ширақтығымды сынау үшін сұрап отырған сияқты. Ақырында мен орнына келетін Л. Ремез деген кісімен әлі әңгімелеспегендіктерін, сондықтан уақыт керектігін, ал маған осы орынға келуге келісетіндерін айтты. Мен мәселе шешілді деп елге қайттым.

Октябрь ауданының азаматтары







Торғайлықтар Қазақстан Компартиясының XIV съезінде







Еркін Нұржан ұлы алтыншы облыстық партия конференциясында (1983)

Облыстық ауылшаруашылық көрмеде





«Қызыл Ту» орденімен марапаттау



Жолдастар (солдан оңға): Исаев Тобыл, Әубәкір
Кеңес, Тарасенко Василий, Мырзашев Рысбек



Солдан: Кеңес, Альходжа, жұбайы Роза, тұрған Алма, Тобыл, Сағила, Мергенбай





Тарышкерлер Армиясында



Жанкелдіктер (Алматы)





Ғафу Қайырбековтың 50 жасқа толу тойында: Хамит Ергалиев,
Сырбай Мауленов және басқалары

Торғай жерінде



Шара Жандарбекова



Роза Бағланова

Талас елі – Жамбыл облысының тегі

Біздің дәуірімізге дейінгі 8-7 ғасырларда Сырдарияның орта тұсынан өрге қарай Тянь-Шань тауының етегін, Қаратаудың (бұрын Қараспан деп аталған) оңтүстігі мен теріскейін біздің арғы ата-бабаларымыз – сақтар жайлаған. Грек тарихшысы Геродоттың айтуын-ша: «скифтер тайпасы – сақтар бастарына киізден жасалған, иілмейтін, шошақ бөрік, бұттарына тері шалбар киген. Аяқ киімдері жұмсақ иленген көннен болған. Үстіне шапан киген, белдеріне жалпақ белбеу буынған. Олар Тәңірлік сенім-нанымға бағынған. Айға, күнге, отқа, суға, желге табынған. Семсерді соғыс тәңірі деп түсінген. Соғысқа кірерде, құрбан шалғанда семсерді жерге қадап қойып, оған ақ құйып, қан жағатын болған».

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы ІҮ – ғасырдың бірінші жартысында Ескендір Зұлқарнайын Самарқандтан асып, түрік қалаларына қарай беттеген. Сол кезде түріктердің Шу есімді бір жас қағаны болған екен. Шу қаған қан төккісі келмей Шынға (Қытайға) қарай жылжиды. Зұлқарнайын оның соңына түседі. Ұйғырларға жақын бір жерде Шу батыр қуғыншы жауға қарсы 40 жігіт қана қояды. Күллі әлемді (27 мемлекетті) жаулаған, талай қанды шайқастарды көрген Ескендір «Бұл қалай? Мұның сыры неде?» деп таңырқайды. Сонда оның ақылшы қарты: «Бұл оның осы 40 жігітіммен шайқасып көр. Осыларды жеңсең, басқамыз соғыспай-ақ бас иеміз дегені», - дейді. Намыстанған Ескендір 40 кісіге қарсы 40 нөкерін шығарады. Таулы жерде қанды майдан, шайқас басталып кетеді. Шу батырдың бір жігіті Ескендірдің бір сарбазын қас-қағымда қақ белінен бөліп тастайды. Сонда жер әлемді тонап келе жатқан әлгінің кесіліп кеткен былғары белбеуінен жерге жалтылдаған алтын төгіліп, қып-қызыл қанға боялады. Шу қағанның батыры: «Ал-тын қан болды, Алтын қан, Алтын қан» деп айқайлайды. Содан сол жер «Алтын қан» аталып кетеді. Осыдан кейін Зұлқарнайын жеңілгенін мойындап, Шумен бітімге келіпті. Сөйтіп, Шу батыр елін қантөгіс соғыстан аман алып қалған екен. Жаһанды жаулаушы патша кеткен соң Шу батыр қайтып келеді де, Баласағұнға жақын жерден қазіргі өз аты-мен аталатын Шу қаласын салдырады. («Түрік сөздігі», 3-том, 551 бет. Дауытбаев Мақсұт Атанбекұлы. «Әулие – Ата, Қарахан»).

Осыған қарағанда, Тараз (Талас) жеріне Зұлқарнайын Ескендірдің де табаны тиген. Тараз (Талас) шаһары осыдан кейін бой көтерген.

Осыларды Махмуд Қашқари да қуаттайды. Орталық Азиядағы алғашқы ірі көшпелі ғұндар империясы біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдың соңында құрылды. Бұл ұлы патшалық Байқалдан Тибетке, Орта Азиядан Қытайдағы Хуанхэ өзеніне дейінгі аралықты мекендеп, жүздеген жылдар бойы осы аумақта өз үстемдігін жүргізіп отырды.

Біздің дәуіріміздің I-мыңжылдығының басынан Еуразия даласында біртіндеп этникалық өзгерістер етек жайды. Ал I-мыңжылдықтың екінші жартысынан бастап бірнеше үлкен мемлекеттер пайда бола бастады: Оңтүстік Сібір, Орталық Азия, төменгі Еділ жағалаулары мен Солтүстік Кавказ аймақтарында, Түрік қағанаттары (Шығыс, Батыс), Түркеш қағанаты, Арал оғыздары хандығы, т.б.

Сонымен, Қазақстан мен Орталық Азияны және Оңтүстік Сібірді мекендеген түркі тілдес ру – тайпалар бірігіп IV ғасырдың орта шенінде түрік қағанаты мемлекетін құрғаны тарихтан белгілі.

Өткен тарихқа қысқа болса да шолу жасай кетсек, жер жүзіндегі адамзат атаулы Нұхтың (пайғамбар, орысша Ной) үш баласынан тарапты-мыс: Хам, Сам, Иапестен.

Хамнан – қара түсті нәсілдер;

Самнан – барлық ақ түсті нәсілдер;

Иапестен – барша қоңыр түсті нәсілдер тарапты-мыс. Түркі жұрты осы Иапес нәсілінің ұрпақтары дейді.

Осы ретте қожа – молдалардың шежірелері бойынша Нұх пен Әнес (Анас) сахабаның арасында 15-20 атаның, Әнес сахабамен Түрік, Уыз (Оғыз) хан арасында 20-30 атаның, Түрік, Уыз (Оғыз) хан мен Сейілхан, Жайылхан арасында 10-15 атаның есімдері тізбеленеді.

Мұнан әрі Сейілханнан – сегіз арыс түркіменді өрбітіп, Жайыл-ханнан – Майқы би жалғыз туып еді дейді. Майқы биден – Өзбек пен Сәбиан туыпты-мыс. Осымен тоқтайын, өйткені әрмен қарай шежірелер біріне-бірі қайшы, айқыш-ұйқыш. Кейінірек нақтыланар. Мәшһүр Жүсіп атамыздың айтқаны бар ғой:

Арғыннан әрі ассақ адасармыз, Тарихтың

тау-тасынан бел асармыз. Ол кезде

сенде жоқсың, мен де жоқпын, Несіне

сол шіркінге таласамыз, – деп.

Еуразияның ұлы даласы деп аталатын кең байтақ алқаптың кіндік мекені – қазақ даласы: солтүстігінде – Батыс Сібір ойпатының,

оңтүстігінде – Амудария мен Сырдария алабының, шығысында – Алтай, Тарбағатай сияқты тау сілемдерінің, батысында – Каспий, Еділ, Дон ойпатының ортасындағы географиялық аймақтар. Міне, осы ұланғайыр аймақта жаңа жыл санауына дейінгі II-I мыңжылдықтардан бастап XX ғасырға дейін көшпелі өмір-салт-салтанат құрды. Еуразия аймағында отты қару бел алғанға дейін (XVII ғ.) көшпелілердің әлеуетті күш болып қалуын қамтамасыз етті. Тарихшылар айтқандай, төңірегіндегі ел-жұрт үшін «көшпенділер Тәңірдің дырау қамшысы болды».

Шәкәрім Құдайбергенұлы:

Қазақтың түп атасы батыр түрік,

Арабсың деген сөздің түбі шірік.

Пәленше сахабаның затысың деп,

Алдаған дін жамылған өңшең

жүлік», -деп шегелейді.

(Ақселеу Сейдімбек. Қазақ ауыз әдебиеті).

Келесі бір деректерді де келтіре кетейін, түсініктері сабақтас. «Ескі жәдігер – деректерге сенсек, Түрік – тәңірі жарылқаған Нұх пайғамбардың ұрпақтарының есімі. Бұл – Ұлы түркі балаларына тәңірдің берген есімі. Оның әулеті де Түрік-түркі деп аталады. Ұлы Тәңірі: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «Түрік» деп атадым. Оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» – депті. Бұл түріктердің басқа жұртқа қарағанда үстем екендігін көрсетеді. Сондықтан, Тәңірім өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең ауасы таза, шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды өз қосыным деп санаған. Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу,сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие деген». («Түрік сөздігі», I том – 407 бет. Дау-ытбаев Мақсұт Ақтанбекұлы «Әулие Ата – Қарахан»). Сондықтан, осын-дай таңғажайып жермен елге қызыға да қызғана да қарап, көз алартып, күш көрсетушілер көбейе бастады. Шығыстан Қытай, Моңғол, Қалмақ басқыншылығы, оңтүстіктен – парсы, арабтар, Хиуа, Қоқан хандықтары, солтүстіктен орыстар, оның сыртында «біз де ауыз тиіп қалайық» деп үміттенген, ең болмаса И.Крыловтың: «Пілмен қанден» деген мысал-сықақ өлеңіндегідей: **«Атым шығып бір қалсын, Батыр екен қанден де пілге де үрген» демей ме**, деп, аяқтан қауып, балақтан тартқандар да аз болмады. Олар ішкі алауыздықтарды да пайдаланды.

Енді мен тарихтың тереңіне сүңги бермей, ат басын бері бұрсам, түріктердің төл ұрпағы – қазақтар да ғасырлардың тар жол, тайғақ кешулерінде өздері сырттан үлес, байлық іздемесе де қандыбалақ жаулардан қорғануда да ауыр кезеңдерді бастан өткізді. Ақын тілімен айтқанда: «мың өліп, мың тірілді». Жорықтарда сүрінді де жаралан-ды да, тіпті қансырады да, бірақ жығылған жоқ, тірлігін сақтады, туын жықпады, тізгінін қолынан түсірмеді, бермеді. Тіпті 1723 жылғы, халық арасында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталған қалмақтардың жауыздық қырғын соғысында да халқымыздың біразы батысқа жөңкіле көшіп, біразы жаудан сескеніп Сарыарқаға үдере қоныс аударса да ел тұтастығы, халық бірлігі бұзылмады. Елдің шаңырағы шайқалса да құламады, керегесі берік, уықтары мықты болды. Соның нәтижесінде, 1729 жылы Аңырақай шайқасында қазақтар қалмақтарды тас-талқан етіп жеңіп, тарихта халық деген атын өшіруге дейін әкеліп, жұртта қалған бұралқы иттей тентіретіп, тоз-тоз етіп жіберді. Қазақ ру-лары атамекендеріне қайта бастады. 1771 жылы Абылай хан үш жүздің тағына отырды. Бірақ ол кезде қазақтардың қалмақтарға алаңдауын пайдаланған қырғыздар Іле, Шу, Талас өңірлерін тіпті Шолаққорған мен Созақты қоса басып алған еді. Абылайдың басшылығымен қазақ сарбаздары қырғыздарды аталған өңірлерден қуып шықты. Жеңістен кейін Абылай 1774 жылы өз ордасын Талас өзені бойына тікті және ескі Тараздың орнындағы Яны (Жаңа) қамалының әкімі етіп өзінің ұлы Әділді тағайындады. Әкім қамалды қайта тұрғызу үшін қарақалпақ шеберлерін алдырды. Жаңа қала Қарахан әулетінен шыққан Шах Махмуд әулиенің мазары төңірегіне салынғандықтан Әулиеата деп аталды. Шах Махмуд – Қараханның шын аты (төл аты), ал Қарахан – ерекше ерлікке, батырлыққа берілетін жоғары лауазымды әскери атақ деген де деректер, пікірлер бар. Бұл ежелгі Талас қаласы еді. Талас тарихы Қазақстан ғана емес, Орталық Азиядағы ең көне – 2000 жылдық өмір жолы бар қалалардың бірі. Белгілі тарихшы Л.Н. Гумиловтың айтуынша, Қытай деректерінде қаланың негізін біздің заманымызға дейін I-ғасырда ғұн билеушісі Чжан – Чжин қалап, атын То-ло-со деп атаған. Қала 630 жылға дейін То-ло-со, онан соң Талас, ал 893 жылы Самани мемлекеті (тәжіктер) Талас өңірін өзіне бағындырған соң, тәжіктер Талас қаласын Тараз деп атай бастайды. 955 жылы Талас өңірінде қарахандардың билігі орнады. Қараханидтер 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. 11 ғасырда әйгілі Тараз моншасы, жаңа үлгідегі Қарахан, Айша – бибі, Бабажа – хатун, кейінірек Дәуітбек Тектұрмас мазарлары салынды.

Айша-бибі жөнінде аңыз көп. Бір аңызда оны Сүлеймен хакімнің, шәкірті болған, кейін Зеңгі баба атанып кеткен Айқожа батырдың қызы еді деп айтады. Қытай әмірінің қызы болған дейтіндер де кездеседі. Сол Айша әскери ойындар кезінде Қарахан атты жас батырды көріп ғашық болады. Бұлар танысып уәделескен кезде елге жау тиіп, Қарахан соған аттанып кетеді. Оның: «Уәдең шын болса, Таразда алдымнан шық» де-ген өтінішімен батырды қарсы алуға шыққан Айшаны, жолда дем алып отырған жерінде жылан шағып өлтіреді. Енді аңыздың бір түрінде Айша мен Қарахан атастырылып қойылған екен. Бұлар үйленбестен бұрын қыздың елін жау шауып, Қарахан қолымен келіп құтқарып қалады. Бірақ бұл соғыстың ізі басылмай жатып, Қараханның өз еліне жау тиді деген хабар жетіп, осыдан аман қайтсам некелі жарым ретінде алдымнан шық деп, батыр кете барады. Сол уәдемен келе жатқан Айшаны, жолда жы-лан шағып өлтіреді. Бұл хабарды естіп, суыт келген Қарахан сол жерде Айшамен некесін қидырып, қызды Айша-бибі деп жерлеген екен дейді. Түркі халқында хан әйелдерін ертеректе «қатын», кейініректе «ханым», қызын – «ханша», би мен бай әйелін – «бәйбіше», қызын – «бикеш», «бике» десе, қожа қыздары ерге шыққанда оларды «бибі» деп атаған көрінеді. Айша деген сөзді арабша аударғанда «өмірге құштар, іңкәр» де-ген мағына беретін көрінеді. «Ажа» – көне түрікше билеуші деген сөз. Қазақта: «қой дейтін қожа, әй дейтін әже жоқ» деген мақал бар. Қырғыздар өз президентін «ажа» дейді, ал қазақтар – президент дейді. Айша ел ал-дында некесі қиылып, ұзатылған емес, сондықтан оң жақтағы қызының өз бетімен желек жамылып, жігіттің алдынан шығуын әкесі құптамаған, сөйтіп батасын бермеген, сұлудың ажалына сол себеп болған деп те пай-ымдалады. Осылайша қалай айтылса да Қарахан уәделі сезімге ескерткіш тұрғызып, кейінгі ұрпақтар «Айша бибі» – асықтардың аруағы» деп табы-натын болды. Айшаның күтушісі «Бабажа қатын» өле-өлгенінше Айша-бибі кесенесінде шырақшы болып өтіпті. Өлген соң оған да кесене жаны-нан күмбез тұрғызылған. Иә, қазақ даласы ескерткішке бай. Соның бірі асық сезімге, берік уәдеге соғылған «Айша- бибі кесенесі. (Тараз және Ақыртас, 2007 ж. Даутбаев Мақсұт Атанбекұлы).

XII ғасырдың аяқ кезінде қараханидтер мемлекеті әлсіреп кетеді де, оны қытайлықтар жаулап алады. 1210 жылы қарақытайлықтарды Хорезм Шах Махмуд талқандап жеңіп, бұл жерді тартып алады. XII ғасырдың ба-сында Шыңғысхан бастаған моңғолдар жорығы басталды. 1206 жылы ру-тайпаның игі жақсылары бас қосып Темучинге «Шыңғысхан» деген атақ беріп, оны Ұлы қаған деп жариялады. Бүкіл моңғол соған қаратылып,

үш аймаққа бөлінді. Әр аймақ өз ішінде түмендік (он мың), мыңдық, жүздік және ондық бөліктерге бөлінді. Бұлар 25 мың әскер жасақтады. Жер қайысқан бұл қалың қол 1207-1215 жылдарда айналасын түгел жаулап алып, 1218 жылы Жебе ноян бастаған 20 мың сарбаз Күшілік ханға қарсы Жетісуға аттанды. Шыңғысхан әскері Орта Азия мен Қазақстанды 1219-1223 жылдары жаулап алды да, бөліске салды. Ежелден Іле алқабы мен Жетісу өңірін жайлаған Үйсін, Дулат, тағы басқа тайпалар Шағатай хандығына қарады, ал солтүстік өңір Жошы ханға бағынды.

1220 жылы Талас өңірі, Тараз қаласы Шағатай хандығының қарамағына көшті. Ескерте кететін бір жағдай: Шыңғысхан әскері Жетісу өңіріне келіп кіргенде Карлук – Қарахан билеушісі Арыслан хан қарсылықсыз бағынған. Оған Шыңғысхан өз қызы Алқа бикені ұзатқан. Сөйтіп, Тараз қаласы моңғолдардың ат тұяғында көп таптал-май, қиратылмай қалған көрінеді. XV ғасыр мен XVI ғасырдың басында өзара жауласу мен дауласудан гөрі экономикалық, этникалық негіздерде хандық құрып қалыптасу дамып түсті. Дешті Қыпшақта пайда болған Әбілхайыр хандығы Өзбек хандығы деп аталды. Әбілхайыр хандығына Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі байтақ жер қарады. Бұл кезеңде хандықта династиялық күрес те бой көрсете бастады. Әбілхайырдан жеңілген Барақ ханның балалары Керей мен Жәнібек сұлтандар ауылы-мен Шу бойына көшіп келді. Моңғолстан ханы Исабұға өз қарамағындағы Шу мен Талас алқаптарындағы Батыс, Жетісу аудандарын солардың иелігіне беріп қойды. Оқырман қауым, енді мен де тарихтың соқтықпалы, соқпақты кең даласын кезе бермей осы жерде атымды шалдырып, ой-ымды бір түйіндейін. Талай тартыс пен таласты, айқас пен шайқасты бастарынан кешіре жүріп 1456-1464 жылдары Керей мен Жәнібек сұлтандар басшы болып қазақ халқының атын әйгілеп, алауын тұтатып, мемлекетінің іргетасын қалап, орданың қазығын қағып, еншісін әперіп, қазақ хандығының отауын тігіп, шаңырағын көтерді. Бұл көп ұрпақты түркі елінің тұңғыштарының бірі еді. Оған қазақ елі, қазақ жері деп ат қойылды, айдар тағылды. Жалпылықтан даралықты иеленді. «Менің», «Өзімнің» деген саяси, экономикалық, әлеуметтік шеңберлердің келешегі қалыптасуға бет бұрды. Найзаға байланып қазақ байрағы желбіреді. Ереуіл атқа ер салып, келешек сапарына жолға шықты, бірақ, алда әлі де тарихтың сыры мен жұмбақтары, таулы-тасты асулары мен белдері жатқан-ды. Сан ғасырлар бойы Алтын Орда хандарын «Цар батюшка» деп бас иіп, құлдық ұрып үйренген Ресей ақсүйектері енді XVI ғасырдың басында Иван Грозный өзін бүкіл Ресейдің патшасы деп жариялағанда

оған сенімсіздікпен «жар астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деп шүбәлана қарағанымен, естерін тез жинап, өздері мойын ұсынып келген Жошы әулеті билігіндегі түркі халықтарын батыл жаулап алуға кірісті. Ал ол мақсаттарына бірінші Петрдің «... қайсақ елінің кең байтақ жерін... Ресейдің иелігіне алуды» біртіндеп іске асыру саясаты ұласты. Біржарым ғасырға жуық уақыт аралығында Қазақстанның батысы мен шығысы, солтүстігі мен орталығы толық отарланып, әскери бекіністер белдеуі бой көтерді. Оған қарсылық білдірген, бас көтерген Сырым Датұлы, Исатай – Махамбет, Есет Көтібарұлы, Кенесары Қасымов бастаған көтерілісшілерді қан жосасын шығарып, басып тастады. Сонымен, құлдық қамыты кигізіліп, бодандыққа мойынұсыну кезегі қазақ даласының оңтүстік аймағына да келіп жетті. Ол кезеңде қазақтарға, қырғыздарға Қоқан және Хиуа хандықтары жаугершілікті үдетіп, қысымшылық көрсетіп жатқан-ды. Оларға қарсы көтерілістер де жиіледі. Міне, осы аласапыранды пай-даланып орыстар Лепсі, Қайол, Алатау бекіністерін салып, Жетісуға орналасуға кірісті. 1854 жылы Верный бекінісі тұрғызылды. Орыстар 1863-64 жылдары Тоқмақ, Меркі, Әулиеата, Шымкент, Созақ, Ташкент қалаларын басып алды. Ұлы жүз толығымен Ресейдің қол астына (1838) өткеннен кейін, 1867 жылы Әулиеата уезі құрылды. Ол Сырдария облысына қарады.

Оқырман ұрпақтарым, мен аталарың, тарихтың кең даласын шола жортып кезе бермей ғасырлардан-ғасырларға созылған ата-бабаларыңның күрестері мен жеңістерінің тағы да бір күрделі кезеңі 1917 жылғы Ок-тябрь (Қазан) революциясына төтелеп ат басын тірейін. Үстіртін бол-са да менің бұлай ұзағырақ шолуым, сендер, ауыр болса да айтай-ын қазақпын деп кеуде қаққандарыңмен қазақтың кім екенін, олардың өмір жолдары мен тарихи өткелдерін әлі де толық, терең білмейсіңдер, жеңіл-желпі айта саласыңдар. Ұлттық ұғымдарың тым салқын, тым жайдақ, тым жалпылама, ата-тектерің, аттарың, қазақша болғанын місе тұтып, көбіне оны да дұрыс жазып, айта алмайсыңдар. Ұлт атын жамы-лып жүрсіңдер. Мен қазақ жастарының бәрі солай деп отырғаным жоқ, бірақ көбі ұқсас. Мүмкін кейбіреулерің намыстанғансып, ауырсынаарсың. Шындық – әрқашанда ауыр. Көңілге қарамайды. Мен кітабымды: «Елім – мектебім, халқым – ұстазым» деп жәй сәндік үшін атай салған жоқпын. Сонау өзім туып-өскен елім Ертіс ауданынан бастап, Алматыдағы ауылшаруашылық институты, Баянауыл, Торғай, Жамбыл елдері – бәрі менің мектептерім, тіпті университеттерім, ал сол жерлерде кездескен әрбір адам – менің оқытушыларым, ұстаздарым болды. Әрбір саналы аза-

мат өмірде әрі ұстаз, әрі шәкірт. Тіпті, мен жөнінде басқа пікірдегі адам-дар болса да – мені сақтандырып, кем-кетіктерімді көріп, мінеушілер. Мысалы, ауырсаң дәрігерлер укол береді ғой, ауырсынасың, оның емдік, сауықтырғыш қасиеттерін, шипалық әсерін біле тұра жақтырмайсың. Кейде мен осы күндері ұзақ ойланамын, өмірде не көрдім, не ұқтым деп. Көп сериялы фильмдер көргендей өмір жолдарының әр кезеңдерін көз алдымнан, ой толғауларынан өткіземін. Әрқайсысының ерекшеліктері елес електерінен өтеді. Өмірде дарындар да, дарынсыздар да, қолдан қоқитып, көтергендердің көтеремдері де кездеседі. Сүйінбай ақынның қырғыз ақыны Қатағанға: «Аңға шыққан тазыға, оған да қарғы бай-лайды» дегеніндей. Сондықтан саналы жастар әрбір кезеңдерін елеусіз өткізбей, өмір жолдарын күн сайын, жұма сайын саралап, ағы мен қарасын, қисығы мен түзуін, асқаны мен тасқанын ой елегінен өткізіп отырса келешектерінің өрісі кеңейіп, өркені өспейді ме?

Біздің ата-бабаларымыздың арманы да, үміті де ұрпақ келешегі ғой. Сол үшін жанын құрбан етті, қанын төкті, өмірдің талай адам төзгісіз азаптарын, таршылығы мен жоқшылықтарын бастан кешірді. Біз, кейінгі ұрпақ солардың қадір-қасиеттерін кейде жете түсіне де бермейміз. Ел үшін, жер үшін күрес – ұрпақ үшін күрес. Ұрпақ тазалығы үшін тар-тыс. Өткен дәуірлерге қайтадан оралмай-ақ қояйын. Әйтеуір қай заман-да болмасын, бәрі біз үшін, мен үшін, сен үшін, менен бұрынғы, сенен кейінгі ұрпақтар үшін, солардың болашағы үшін күрестер. Мысалы, Октябрь революциясын алайық. Революция – эволюция емес. Революция – соғыс. Қарама-қарсы екі қоғамның айқасы. Жеке меншік пен қоғамдық меншіктің тайталасы. Соғыстың заңы белгілі – бірі жеңеді, бірі жеңіледі. Жекпе-жекте екеуінің біреуі ғана тірі қалады. Бір мемлекетте саяси екі бағыттың болуы мүмкін емес. Алаш көсемдерінің де алғашқы мақсаттары большевиктермен мүдделес – халық үшін болғанымен, кейін екеуі екі айрық жолға түсті. Тағы күрес. Тағы жеңіспен-жеңіліс. Мен та-рихи, саяси талдау жасайын деп отырған жоқпын. Менің пікірлеріммен біреулер келісіп, біреулердің келіспеуі қанша адам болса сонша пікір бо-луы – заңдылық. Кейбіреулер Қазан төңкерісін сыңар жақты бағалайды. Әрине қымбатқа түсті. Бірақ, біз кім едік? Кім болдық? Түсінік содан ба-сталып, қортындысында қандай биікке көтерілдік – сонымен түйінделуі керек. Саясат теңізін шолсақ, Маркске, Энгельске, Ленинге, Сталинге мансап та, атақ-даңқ та, тіпті жеке бастарының рақаты, байлығы да керегі жоқ еді. Өйтсе, Маркс қайыршылықта өмірін өткізе ме? Сталин ескі ши-нельмен, жамаулы пима кие ме? Жоқ, олар адамзат үшін жаралғандар

таңдаған бағыттары, жолдары – социализм, коммунизм болды. Өмірлері жеткенінше күресті, жеңістерге жетті. Олардың істерін жалғастырушылар жаңылды, шатасты. Оны түсіну үшін ақылдың асқары, ойдың тұңғиық тереңдігі, сананың – кең өрісі болуы керек. Қазақ айтады **«біткен іске сыншы көп»** – деп. Ал түсінігі мен түйсігі тайыз, қоғам көлемінде ой түйіндеуге өрісі тарлардың өресі жетпейтіндердің көсемсіп, көрегенсіп көсілгенін көргенде, естігенде ақмақтықтың да шегі болмайды екен-ау деген ойға қаласың. **«Өлген соң арыстаннан тышқан артық» – деген-дей. «Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды»** деген осы шығар.

Тарихқа түкірмеу керек, тіксіңбеу керек. Өмірде бәрі егіз: нарлық пен бәспелік, дарын мен дарақылық, кеңдік пен күншілдік, егіздер көп қой, тіпті ақыл мен ақымақтықта.

Кейбіреулер Кеңес Одағының өмірге келуін – тарихтың қателігі деп сандырақтайды. Тіпті Кеңес Одағының күйреуін тарихи кезеңдердің заңдылығы деп көрсеткілері келеді. Жоқ оны Сталиннен кейінгі, Хрущевтен бастап, көсем боламын деп көсіле алмаған қабілетсіздердің, дарынсыздардың мешеуліктері. Кейін студенттер бір философқа сұрақ қойыпты: Сталинді жеке басқа табынуға жол берді дейміз Хрущевті да солай болды деп кінәлап жатырмыз. Айырмашылықтары барма депті? Сон-да ғалым да «У Сталина действительно был культ личности, а у Хрущева культ был, личности нет» – депті. Ал жаңа дәуір менен басталып жатыр деп, бұрынғыларды жамандап, олардың жетістіктерін өзінің жоқ аброй-ын көтеруге баспалдақ етіп көрсетуге тырысулары дарақылық емес пе? Жезқазғандық Шынболат ақын айтқандай: **«Тірісінде ардақтап аспанға атып, ұят екен өлген соң жамандаған»**. Егерде Кеңес Одағы болмағанда біз қазақтар, пәлен болушы едік, түгендей болушы едік деп бөседі. Кеңес Одағы өз құрамындағы ұлттарға, қазақтарға бәрін де берді. Қазақтардың басын біріктіріп, көнені жанғыртып, қазақ мемлекеті деген жаңа отау тігіп, ескісін жаңалап, шаңырақ көтеріп, шекарасын анықтады (шартты болса да). Басқа халықтардан алаламай жер мәселелерін шешті, отырық шылғыққа бет бұрғызды. Халықтың жаппай сауатсыздығымен күресті. Жеңдірді. 70 жылдың ішінде, азамат соғысын, Ұлы Отан соғыс жылда-рын есептемегенде 25-30 жылдық кезеңде, білім – ғылым дәрежелерін алдыңғы қатарға көтеріп, дүниежүзілік даңққа көтерілген ғалымдарға, ақын-жазушыларға жол ашты. Қазақстанның кең даласының дархан қазынасын игеріп, Менделеев таблицасының барлық элементтерінің байлығын да әлемге паш етті. Қоныстану тұрақтылығын шешті, кол-

хоз – совхоздар ұйымдастырып, ауылдарды көркейтті, мәдениетімізді гүлдендірді. Зауыттар, фабрикалар салып, елімізді темір-тас жолдармен белдеулеп, еліміздің қуаттылығын нығайтты. «Береген қолым алаған» деп, Қазақстаннан басқа республикаларға не берсе, соны еселеп қайтарып жатты. Қандай тапшылық, таршылық болса да шетелге жерімізді бермек тұрғай, пұшпағын да ұстатпады. Әрине, баймыз деп, «қолымнан келсе қонышымнан басамын» деген аспа-төкпеге, дарақылыққа да жол бермеді. Бәрі біздікі, менікі, сенікі болды. Әрине, мұның бәрі бізге қымбатқа да түсті. Екі идеология, екі саяси қарама-қарсы күрестерде әділетті-әділетсіз құрмалдықтардың болуы тарихтан белгілі. Қай күрес, қай соғыс қан төгіссіз аяқталып еді. Жеңгендері жеңілгендерін қансыратып кетеді. Алаш ардагерлерінің, көсемдерінің көздегені жаңа саяси мақсатты өзгерістерді большевиктік жалпы, ортақ бағыттан бөліп, жеке ұлт мүддесіне бұрып, дербестікті алуды көздеді. «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген бағыт ұстады. Оған большевиктер ортақ, жалпы мүддені бөлшектегілері келмеді. Онда одақ болмайды, қоғамдық, жалпыхалықтық меншік болмайды, негізі бұзылады, жеке меншікті болып, «менікі» бо-лып, бәрі баяғыдай деп ойлайды. Ақырында жалпыға ортақ Одақ құрумен аяқтады. Дегенмен, Алаш басшылары қазақ мемлекетінің алғашқы саяси құрылымдарына, саяси бағыттарына өз үлестерін қоса білді. Ел шетін шегендеп, шеңберлеп астана етіп Ресеймен іргелес Орынбор қаласына орналастырып, екі елдің шекарасына қада қағылды.

Менің мұны жазып отырғаным, кейінгі ұрпақтарға естелік – ескерткіш қой, сондықтан тарихи кезеңдерге, қысқаша болса да өз пікірімді айта кетейін. Бірақ, жастардың да өз пікірлерінің болуы да мүмкін. Көптеген жылдар бойы Сталинді кейбіреулер репрессия жасады, зиялы азаматтарды көп жазалады деп сөксе, кінә тақса, енді біреулер ақтайды, мақтайды. Үлкен мемлекеттік саясатта, әсіресе, бұрын тарихта болмаған жаңа қоғам құруда кемшіліктердің болуы мүмкін, соларды ескере отырып, мен соңғылардың тобында мын. Революция – қатыгез, мақсаты; саяси бағыттарын, оның негіздерін түбірімен өзгерту. Яғни, саяси көсемдердің, олардың жақтастарының бір-бірімен күресі. Ескілер өлмей берілгісі, жаңалар жеңбей тоқтағысы келмейді. Соғыс заңы – белгілі. Екі жақтан да шығын көп. Әрине, әділетсіз, жазықсыз кеткен құрбандар да көп. Кейін бәрін Сталинге жапты, сол кісіні кінәлады. Мен ондай сыңаржақ пікірлермен толық келісе алмаймын. Солардың жазықсыз жазалануында, оқырман қауым, сендердің де, кейбіреулеріңнің ата-ағаларыңның да қатыстары болды. Адасты ма,

адаспады ма Алаш көсемдерін, тіпті алыстағы, түкпірде жатқан елді мекендегі атқа мінер азаматтардың көбін өзінің достары, жолдастары, ағайын-туыстары көрсетіп, ит қосып, айтақ салған жоқ па? Кейінгі ұрпақтарының көңіліне келеді деп бүркеп, жауып қойған жоқпыз ба?

Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов:

Қинамайды абақтыға жапқаны, Қиын да
емес дарға асқаны, атқаны.

Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз елімнің иттері үріп, қапқаны,

– деп назалануы нені көрсетеді? Нені айтады? Алаш азаматтарының, басшыларының тағдырлары ұқсас, сабақтас. Ал кейін ғалымдарымызда, ақын-жазушыларымызда жабылған жала, өтірік арыздардың талайын бастан кешірген жоқ па? Аттарын атап қажеті қанша. Тарихтан хабар-лары барларың білесіңдер, ал хабарсыздарыңа бәрі-бір – оқымасаңдар олқымыз деп жоқтамайсыңдар.

Тарихқа үңілсең, талдау жасасаң біздің қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан созылмалы, тұқым қуалаған, рухани жұқпалы аурулары: бақталастық, қызғаншақтық, күншілдік, ала ауздық саналарына сіңіп кеткен кесірлі кеселдер емес пе? Байқандаршы, Керей мен Жәнібек іргесін қалаған қазақ мемлекетінің, (басқа ұсақтарын былай қойғанда), екі алып мемлекетпен: Ресеймен, Қытаймен, өзінің кемеңгерлік, дипломатиялығымен ел абыройын төмендетпей, шаңырағын биік, терезесін тең, босағасын берік ұстап тұрған Абылайды Арқаға сый-дырмай, оңтүстікке қоныс аударуға мәжбүр еткен. Орта жүз қазақтары емес пе? (Руға бөлмей-ақ қояйын). Орысқа жер бермеймін, ел бермеймін деп күрескен Кенесарыға қолдау көрсетпей, екіге жарылып, оңтүстік өңірлерден жақтастар іздеуге, мәжбір еткен кім?

Шәкәрімді, Иманжүсіпті, Балуан Шолақты, Мәдиді: бәрін «сайынан сайғақ құрлы сая таптырмай» қуғындаған, жаптырған, аттырған кім?

Қалмақтардың екі ғасырға созылған қандыбалақ жауыздық соғысынан азап шегіп, мезі болған қазақтардың пана іздеп қолтықтарына кіргенін құлдыққа бейімділік деп түсінген орыстар орамымызбен жұта бастағанда көмейлеріне тас тығын боламыз деген көсемдерімізбен батырларымызға қолдаушы, жақтаушы бола алдық па?

Арқаның ала ауыздық аязынан түңіліп, орыстарға қарсы күресуге қолдау іздеп барғанда оңтүстіктен, Хиуадан, қырғыздардан қолдау таппаған, Кенесарыны сарбаздарымен қырғыздардың қоршауында

қалдырып, кеткен ұлы жүз елі емес пе еді? Саурық батырды кім жақтады? Кім жоқтады? Сталиндік репрессияны талдамай-ақ қояйын.

Исатайды, Махамбетті, Сырымды, Есетті жатқа жау етіп көрсетіп, ел ішінде бүлікшілдер деп жаптырып, аттырып, елге сиғызбаған Кіші жүз азаматтары емес пе?

Сырым батыр еліне өкпелеп, Хиуа жаққа кеткелі тұрып айтқан екен: «Па, шіркін, ағайыннан мықты жау жоқ екен, Табалдырықтан биік тау жоқ екен» – деп.

Қайталап айтамын: бақталастық, қызғаншақтық, көреалмаушылық – ел бірлігіне, ел тірлігіне ірткі салып, ала ауыздықты тудырып келе жатқан жоқ па.

Тазаратын, сауығатын уақытта, мүмкіндік те жетіп жатыр. Қазіргі жастардың өрістері кең, өрелері биік, жан-жақты білімді, енді тек саналарыңды сомдап, намыстарыңның қанатын қомдай білсеңдер екен. «Ағалар-ай» деген жақсы өлең бар:

Шоқыға хан көтеріп шығарсаңшы,
Жақсыңды жарға тығып қамаламай.
Алыссаң аяғыңнан шалдырарсың,
Тартыссаң жыртылмайды жаға
қалай? Бұл жәй ән емес, өсиет.

Көптеген ата-аналардың армандары сияқты менің де арманым: ұрпақтарым арлы, адамгершілікті, адал, әділ, намысты азаматтар болып өссе деймін. **«Бірлік бар жерде – тірлік бар, тірлік бар жерде – ырыс пен ынтымақ бар»**, – дейді халық.

Енді әңгіме желісіне қайта оралсақ, елімізде саяси басқарушы құрылымдар қалыптаса бастады. Қазақстан 1920-1925 жылдары, (астанасы Орынбар) әуелде Ресей құрамына киргиз, қайсақ, ал 1925 ж. Қазақ автономиялық республика болып қалыптаса бастаса, астана-сы Қызылордаға, кейін Алматыға көшірілді. 1936 жылы Советтік (Кеңестік) Социалистик Республикалар Одағынан орын алды. Көптеген ізденістерден, өзгерістерден кейін 1939 жылы қазан айының 14 күні СССР

Жоғарғы Советі (Кеңесінің) Президумының жарлығымен Қазақ Советтік Социалистік республикасының құрамында Ақмола, Семей, Жамбыл об-лыстары құрылды.

Тарих тұңғышына кеткен, 2000 жыл бұрын арғы ата-бабаларымыз әуелі –Талас, кейін Х-ғасырда тәжік Исмаил Самани әскері жаулап алған соң бұрмалап – Тараз, Абылай хан заманынан 264 жыл бойы Әулие-Ата, 1938 жылдан Қазақстанның ең көне қаласы – Жамбыл есімімен атанып,

1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Жамбыл қаласының аты Тараз қаласы болып қайта өзгерді. Сөйтіп, қала І-ІХ ғасырлардың аралығында Талас, Х-ХІҮ ғасырларда Тараз, ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда Янчи, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде Әулие Ата атанды. Ал 1936 жылы қалаға Мирзоян, 1938 жылы ХХ ғасырдың алып ақыны Жамбылдың есімі берілді. 1997 жылы қалаға та-рихи Тараз атауы қайта орылды. Ескерте кетейін, неге Жамбылға кезінде қаланың да, облыстың да аты берілді? Әрине, ол өткен ғасырдың дарынды, феномені, 90 жастан асқан ақындығында. Сонымен қатар, Жамбыл осы облыстың Мойынқұм деген ауданындағы Жамбыл аталатын шағын тау бөктерінде 1846 жылы өмірге келіпті. Ұлы ақынның жырларында ол тау асқар (биіктігі 1 км болса да), етегі жайлы, жайлаулы өлке ретінде суреттеледі. Қытайға қарасты Шығыс түркстандық қазақтардың және монғолдар мен қалмақтардың тілдерінде «Жамбыл» сөзі қамал немесе қорған деген мағынаны білдіретін көрінеді. (Б. Әбділдаұлы).

Мен осы Жамбыл облысына 1988 жылы қызметке келдім. Оңтүстік Қазақстан өңірі маған ерекше, ата-бабаларымыздың қарашаңырағындай көрінетін. Менің бұл түсінігіме, ұғымыма кейбіреулердің қызғана, сыз-дана қарауы да мүмкін. Қара қыпшақ Қобыланды поэмасында: Қараспан (Қаратау) тауын жайлаған қалың қыпшақ елі бар, десе, Алпамыс батыр жырында: Жиделі, Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, деп толғайтын. Олай болса, Орта жүз, Кіші жүз, Ұлы жүздің негізгі қоныстанып, қол ұстасып, бас қосып жауға да, дауға да қарсы тұрып, күш көрсетіп, билік айтқан жері, оңтүстік өлке. Түркістан төңірегі әулиелер мекені болған. Үш жүздің игі жақсылары: хандары (21 ханы), билері, батырлары Ары-стан баб, Қожа Ахмет Яссауи кесенелернің төңірегінде жерленулерін ұрпақтарына тапсырып кеткен аманаты.

Сонау сақ, ғұндар, түріктер, Дешті Қыпшақ, т.б. негізгі тарихи деректері осы өңірлермен байланысты. Бір ескерте кететін жәйттер: тарихшы ғалым, жазушы Қойшығара Салғариннің деректері бойынша Тұран – Түркістанның ежелгі атауы десе Х ғасыр жазбаларында «Шаңғар», «Иасы» деген атпен белгілі болған қала. Кейіннен «Түркістан» деп аталған. «Түрік» сөзінің түпкі мағынасы «батылдық, ержүректі» дегенді білдіреді. Ал «Стан» парсы тілінде «ел, халық» деген мағынада болғандықтан «Түркістан» атауы батырлар елі ұғымын берген.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер Түрігім туып, өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ертүріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңірі берген нәсібі ғой.

Мұны ұлы ақын Мағжан Жұмабайұлы осылай жырлаған-ды.

Ал, Ир-ан түрікше «Ер елі» деген мағынаны білдіреді екен. «Иран» деген атауды парсылар мемлекетіне біздің ата-бабаларымыз тақса, біздің ата-бабаларымызды парсылар «сақ», яғни «сақшылар», «қырағылар» деп атаған.

Орыстар «доичтарды» немістер (немец-мақау) десе құлаққа сіңіп кеткен сөзге олар намыстана қоймайды, сол қалпында қабылдайды.

Оңтүстік өңір – түркі тектес халықтардың ғасырдан – ғасырға жалғастырып келе жатқан тарихи ордасы, ортасы, қорғаны. Әрине, та-рих кезеңдеріне байланысты өмірдің бұрқылдап қайнап та жатқан кейде дауылды, жауынды кезеңдерінде ошағының отының шоғынан шаласы көп болып, шымырлап қана қайнап, әлсіреген кездері де ел есінде. Менің Оңтүстік өңір туралы ұзақ сонарға түсіп, шолу жасауым бұл өлке әр кезеңде елдің шетінде, желдің өтінде, жаудың бетінде тұрды. Азаттық пен азаптықтың дәмдерін басқа өңірлерге қарағанда ертерек, жиірек татып отырды. Бір жағынан, оның бәрі жалпы қазақ халқына ортақ үлестер. Бірақ, әр өңірдің тарихының кезеңдері, көлемдері, тереңдігі әртүрлі. Дегенмен, қазақ елінің қақпасы да, қалқаны да оңтүстік өңір, оның ішінде Жетісу, Талас, Шу өлкелері – қазіргі Жамбыл облысының аумағы. Тарихтары іргелі, күрделі Шу мен Талас елі – Жамбыл облысының тегі, ордалы, қордалы дәстүрлерін Кеңес Одағы кезінде де үзбей, республикамыздың белді де, әулетті, әлуетті, дәулетті, сәулетті облыстарының алдыңғы тобында болып келді. Жамбыл облысының жер көлемі 144,6 мың шаршы шақырым (14,46 млн. га). Жер көлемі жағынан республика облыстарының арасында оныншы орында, алайда Португалия, Греция, Исландия сияқты мемлекеттерден көлемдірек, ал Италия мен Англияның жерлерінің жартысына тең. Егерде бұрынғы Кеңес Одағының елдерімен салыстырсақ үш Закавказья елдерінің немесе үш Балтық жағалауы елдерінің көлемімен шамалас. Облыс солтүстігінен оңтүстігіне дейін 360, ал шығысынан батысына дейін 480 шақырым жерге созылады. Облыстың бүкіл солтүстік жағын Шу өзені айдынына дейін Бетбақдала шөлейті алып жатыр. Ал, оның түстік жағы Мойынқұм жазығына жалғасады. Облыстың оңтүстігінде ақ қарлы Тянь-Шань Алатауы. Мұнда Қазақстандағы тұңғыш мемлекеттік Ақсу-Жабағылы қорығы ұйымдастырылған, онда табиғаттың адамды

таңқалдырарлық тамаша байлығы, өзінің тұмса пәк күйінде сақталып тұр. Оңтүстік батыста – бауырына фосфоридтің дүниежүзілік қорын бүгіп жатқан Қаратау қыраттары. Ал оңтүстік шығысында қысы-жазы қардан сәлде ораған Алатау, Қордай жоталары. Облыстың жерінен Шу, Талас, Аса, Аспара, Қорағаты, т.б. өзендер өтеді. Солардың арнасында Терісащыбұлақ, Тасөткел, Қарақоңыз, Ақсу, Қақпатас сияқты көлдері, су қоймалары, жер суландыратын каналдар жүйесі жасалған. Көлдердің үлкендері – Билікөл, Ақкөл, Ащыкөл. Облыстың солтүстік шығысы белгілі Балқаш көлімен шектеседі. Табиғат байлығы дегенде – фосфорит, мыс, алтын, кобальт, вольфрам, көмір, мұнай, газ, ас тұзы, тағы басқа минеральды шикізаттар қорларының молдығын айтамыз. Бұрынғы Кеңес Одағының фосфоритінің 60 пайызы Қаратау қыраттарынан өндірілді. Онда салынған қуатты химия өнеркәсіп орындарының өнімдері көптеген елдерге тарайды. Әк, мәрмәр, гранит, құм, шағал, лай сияқты құрылыс материалдары да мол.

1988 жылдың қаңтарында облыс халқы 1.029 млн. адамға жетті, олардың 520.8 мыңы қалада, 507.8 мыңы ауылда тұрды. 1990 жылы облыс халқының 48,3 пайызы қазақтар, 26,3 пайызы орыстар, 6,6 пайызы немістер, 3,2 пайызы украиндер, 2,2 пайызы дүнгендер, 2 пайызы өзбектер, қалғандары түріктер, әзербайжандар, татарлар, корейлер, грек-тер, курттер, қырғыздар, ұйғырлар болды. Облыс жері арқылы Бұхара, Ташкент – Бішкек – Алматы газ құбыры өтеді. Облыста он аудан, төрт қала бар. Оның ішінде Шу қаласы 1960 жылы, Қаратау кенді қаласы 1963 жылы, Жаңатас қаласы 1969 жылы Шаһар дәрежесін иеленді. Облыстың әкімшілік орталығы Тараз (Талас) қаласының іргетасы бұдан 2000 жыл бұрын қаланған,

Жамбыл облысының кеңшар, ұжымшарларында ауылшаруашылығы да қарқынды, қарымды өріс алған. 500 мың гектардай жерге дәнді дақылдар, жүгері егеді, оның жартысы суармалы танаптарға орналасқан күздік бидайлар. 22000-25000 га жерге қант қызылшасы, 700-800 га – жүзім алқабы кең көлемді танаптарға, көкөністер (бақша) өсіріледі. Облыста үш қант зауыты, бес жүзім шараптарын өндіретін, өңдейтін зауыт-тар, үш көкөніс өнімдерінен консервілер және шырындар дайындайтын зауыттар бар.

Малшаруашылығы да кең құлаш жайған, жазда төлдерімен 4 млн. бастан астам қой, оның 30-35 пайызы қаракөл төлі. 30 мыңдай қара мал мен 20 мыңнан артық жылқы өсіріледі. Жамбыл облысының жерінің асты-үстіндегі байлықтарын игеретін де, өндіретін де, өңдейтін де –



елге ырыс етіп беретін де осы өлкенің халқы. Еңбекпен өндіріп, маңдай терлерімен суарылып қол жеткізген жеңістері де, жемістері де айтуға ауыз толарлықтай. **Данышпан Карл Маркстің: «Байлықтың еңбек – атасы, жер – анасы», дегені осыдан да.**

Жамбыл өңірі атақты, абыройлы адамдарға бай өлке. Ертеректегі тарихи тұлғаларды былай қойғанда, біз көзіміз көріп, сәлемдесіп, қолын ұстаған тұлғаларының қай-қайсысы болсын, елдіктің, ерліктің тереңінде жатқан солардың тамыры, еңбекте шыңдалып, өмірде сомдалып өскен ұландары, ұрпақтары. Өлемге аты әйгілі, қазақтың мақтанышы, халық батыры – аты аңызға айналған дарынды қолбасшы, әрі қаламымен-ақ жас ұрпаққа Отанын сүйіп, халқын қасиеттеуді санасына сіңіріп, нұрын сепкен ұстаз – жазушы – Бауыржан Момышұлы. Оның ауылдас, ізбасар інісі, қазақтың көрнекті жазушысы, кезінде тілі – қанжар, сөзі-оқ, қабағын түксите, айтар сөзін тісінің арасынан сыздана, сыздықтата шығаруы тек өзіне ғана жарасатын Шерхан Мұртаза, Ауған соғысының ардагері, айбынды сардары, жауын жайпап, дауласқанын тайпап өтетін азаматтың жасыны «Халық қаһарманы» Бақытжан Ертаев – үшеуінің Жуалы ауданының атына айдар тағып, бір өңірден шығуы Тәңірдің жомарттығының шексіздігі емес пе?

Мүмкін бұған таңданудың да, таңқалудың да реті жоқ шығар. Әулиеата өңірінің ұрпақтары құт дарып, бақ қонған азаматтар. Кеңес Одағының 22 батырларын, 213 Еңбек Ерлерін тәрбиелеп өсірген әулет. Бәрінің атын атап жазу мүмкін емес. Бір ғана Талас ауданында екі Кеңес Одағының Батыры, 56 Социалистік Еңбек Ері болды. Сол ауданның Үшарал ауылындағы Талас (тоғысқан) асыл тұқымды қаракөл қой (заводының) өзінде 12 Социалистік Еңбек Ері болған. Қазіргі Павлодар облысының әкімі Сағынтаев Бақытжанның әкесі (1921 жылы туған) Сағынтаев Әбдыр 1941-43 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, қайтып келген соң шопан, бөлімше басқарушысы болып, Еңбек Ері атанды. Кейін 1948 жылы сол кеңшардың директоры болып еңбек етті (Қапланбек техникумының 2 жылдық совхоз директорларын дайындай-тын мектебін бітірген). Қазір Сағынтаев атында өзі басқарған ауылда ауылшаруашылық кооперативі, ауылдағы орта мектеп бар. 25 жыл сол кеңшар – зауытты басқарды. Одақтың жоғарғы Кеңесінің екі дүркін депутаты, Кеңес Одағы Коммунистік партия съезінің делегаты т.б. Мұны ай-тып жатқанымның бір себебі бар. Осы күні облыс тұрғай аудан әкімдерінің қабылдауында болудың өзі күрделеніп кетті. Қабылдау, қабылдамауды облыс әкімінің өзі емес көмекшісі шешеді. Сен кімсің, қайдан келдің, оған қарамайды. Бізде әжептеуір дәрежедегі қызметтерде істеп едік. Мен



өз басым көмекшілеріме келген зейнеткерлерді, шеттен жеткен адамдарды кезектен тыс қабылдауға жіберуді тапсырып қоятынмын. Өткен жылы тағайындалғанына бірнеше ай өткенде Павлодар облысының әкімінің қабылдануына сұранып, көмекшісіне телефон соқтым. Қолма-қол уақыт белгілеп, қабылдады. Бұл бірінші жаңалық болды. Екіншісі мен кабинетінің есігін ашып кіре бергенімде орнынан тұрып, сәлем беріп, есік алдынан қарсы алды. Өз орнына отырмай менің қарсымағы орындыққа отырып әңгімелестік. Мен Бақытжанмен Астанада, қайын атасы Қаратай Тұрысовтың үйінде 2-3 рет кездескенім болмаса, араластығым жоқ еді. Өкесінің өмір, еңбек жолдарынан Жамбыл облысында қызмет атқарып жүргенімде хабардар едім. Қызметімен құттықтап, Павлодар облысының қиыр шетінде жатқан туған елім «Сілетіге» көз қырын салып, көңіл бөлуін өтіндім. Мүмкіндік тауып, барып, көріп қайтуға уәдесін берді. Кетерімде есік сыртына дейін шығарып салды. Мен болсам сол ілтипаттылығына ризашылық сезімде шаттанып шықтым. Адам жасы ұлғайғанда әр нәрсені елегіш келетін әдеті ғой. Бұрынғы әкімдермен салыстырдым.

Тігілсе кейбіреудің туы шыңға,
Танымас өзге түгіл туысын да Тарс
жұмып түсірместей боп тұрады Күн
көзі тұрса егер уысында, -

деп, Қанипа Бұғыбаева жырлағандай емес, Бақытжан әкеден балаға жалғасқан тектіліктің тамырластығын көрсетті.

Есіме Қаздауысты Қазыбектің бір топ жолдастарымен 90-нан асқан Әнет бабаның көңілін сұрауға барып, біраз күн болып, кетерлерінде бізге не өсиет айтасыз дегенде. Әнет баба, қарақтарым **әкім болыңдар**, – деген екен. Былай қарай шыққан соң жігіттер, бабамыз қартайған ба, әкім бол дегені несі десіпті. Сонда Қазыбек баба: «Жігіттер түсінбеген екенсіңдер. Әкім бол дегенде:

Ә – әділетті, әдепті бол дегені еді; К – кісілікті,
кеңпейіл бол, кекшіл болма дегені еді;
І – дегені –ізетті, ілтипатты болыңдар; М – дегені мейірімді
болыңдар, менмен болмаңдар дегені ғой», –

депті.

Осы күнгі үлкенді-кішілі әкімдер осы ұғымдарды тереңірек, көлемдірек түсіне білсе, бұрынғы данышпандардың:

Билігің тектінің қолында
болса, Теңдікке жетерсің.
Тексіздің қолында болса,
Тентіреп кетерсің –

дегендей, не шыңға шығарар, не құздан құлдыратар. Осыларды негізгі сөз желісінен бұрып айтсам да дұрыс айттым деп ойладым. Сабақ болсын дедім.

Жамбыл облысының батырларының көш басында, елдің абырой – атағын жалғастырып, еңбектің көрігінің алауын арайландырып, әр отарынан екі отар төл өсірген Шопан Ата, екі дүркін Еңбек Ері атағының иегері Жазылбек Қуанышбаев, қант қызылшасының әр гектарынан мың центнерден астам өнім жинап, қырқыншы жылдардан аттары әлемге әйгілі, жасы ұлғайғанша еңбектен қалмаған, бір ғасыр өмір сүрген Социалистік Еңбек Ері Сәндібала Оңғарбаева, оның өкшелес, ізбасар сіңілісі, қазір әлі де тоқсанында сергек, жинақы Социалистік Еңбек Ері Дариға Жантоқовалар кейінгі жас ұрпақтарға еңбек мектебінің әрі ұстаздары, әрі өнегелі тәрбиешілері. Өскеніміз болған соң бөскеніміздің де артықшылығы жоқ шығар. Өткен дәуірді, социалистік қоғамды кейде қалай жамандап, ой өрісіміз көз көрімнен аса алмай жатса да, сын айтып, мінін іздесек те, ол заман, қоғам үшін, ел үшін, тіпті халық үшін еңбек етті. Оларды сол қоғам көтермеледі, сол қоғам абырой-атақтар әперді. Кеңес Одағына танытты. Еңбектерін елге, жастарға өнеге етті. Ал қазір жеке бастың, жеке меншіктің көлеңкесінен, шеңберінен аса алмай қалдық. Еңбегіңе – қоғамдық баға жоқ. Республика бойынша бар байлық, құндылық жүз шақты тойымсыз обыр, құныққандарымен құмықпайтын байшыкештер мен латифундистердің билігінде, қолында, ал ауылдағы халыққа тигені жұртта қалған ескі, көн тулақтың пұшпақтары. Ауылшаруашылығына әлі де білгір басшылық терең, тұрақты назар бол-май жатыр.

Мен бұл естелік кітабымды ұрпақтарым аталарының өмір жолдарының құбылыстарының, аялдамаларын, бұрылыстарын, өткелдерін ой елегінен, сараптауынан, сұрыптауынан өткізіп жақсыларынан үйренсін, жамандарынан жиренсін деп жазғандықтан үлкен аялдаманың бірі Жамбыл облысының бұрынғы тарихы және кейінгі кезеңдерін желе-жорытып шолып қадір-қасиеттерін ойып-ойып, теріп-теріп көрсеткім келді. Өйткені, бұл өлкеге өткен өмір жолдарымда әр елдің ерекшеліктерін, аларым мен берерімді топшылап ой түйер жасқа жетіп, бұғанам қатқан кезде келдім. Өмір жолымда әр елдің өздерінің қалыптасқан өнегелі, үлгілі салт-дәстүрлері, ақылдасар, арқа сүйер ағалы-інілерім болды. Өмір болған соң, бәрі біркелкі, бір сарынды болмайды ғой, өз дәрежесіне лайықты көсемдері де, ақкөңіл, дархан мінезділері де, жылмия қарап әр қыбырынды бағып отыратындары да ұшырасады.

Мені 1988 жылдың 23-тамызы күні облыстық партия комитетінің бюро мүшелері қабылдап, одан кейін облыстық атқару комитетінің мүшелерімен таныстырып, облыстық атқару комитетінің төрағасы Ключков Юрий Алексеевич, облыстық агроөнеркәсіп комитеті төрағасының тағына отырғызды. Агроөнеркәсіп комитеті қатар орналасқан үш қабатты екі ғимараттың бірі екен. Екіншісінде – облыстық атқару комитеті. Агрокомитеттің төрағасында екі кабинет бар екен – бірі облисполком-да, екіншісі – агропромда. Мен әлі облыстық кеңеске депутат бол-масам да облисполком төрағасының бірінші орынбасарының қызметін уақытша атқарушы етіп бекіткен. Мен атқару комитетінің ғимаратындағы кабинетіме отырмайтынымды айтып, босатып бердім. Кейбіреулер ол кейін қызмет беделіңе әсер етпей ме дегенді айтты. Мен әсерді кабинет емес, өзім көрсетуім керек деп түсіндірдім. Агропромының ғимараты үш қабатты болғанымен, шағын екен. Ғимаратта төраға мен көмекшісінен басқа: агрономдар, зоотехниктер, кадр, бухгалтерия бөлімдері орналасыпты, ал қалған жоспарлау, инженерлер, құрылысшылар бөлімін қаладағы басқа мекемелерге бөліп-бөліп орналастырылған. Сегіз орынба-сарым бар екен: бірінші орынбасар және агрономия саласын басқаратын Синельников Владимир Иванович, екінші бірінші орынбасарым және жоспарлау, бухгалтерия бөлімдерін басқаратын Жұмабек Сапаралиев, малшаруашылығы саласын – Шимф, инженерлер, химия салаларын – Амангелді Карентаев, құрылысты – Шалепо Владимир Михайлович, жабдықтау саласын (облселхозтехника) – Қожақанов Сейфолла Сакенович, кадр бөлімін Ядгар Гумиров жалпы бөлімді басқарады Мараджай-ов Толқын. Әрқайсысы қысқаша жұмыстарымен таныстырды. Алғашқы күн сонымен аяқталды. Келесі күні түске таман бастықтың хатшысы те-лефон соғып, төрағаға келіп кетуімді өтінді. Әрине, бастықтың өзі емес, хатшысы арқылы шақырғанын көңіліме кіді алып қалдым. Кабинетіне кірсем, жанында бір орыс жігіті бар екеуі ұзын столдың басында отыр. Қол алысып, амандасқаннан кейін мен де жоғары шықтым. Бастық бірден біздің ғимараттың бірінші қабатын босатуды, оған облыстық халықтық бақылау комитетінің кіретінін айтты. Мен: «Юрий Алексеевич, жұмысқа жаңа кірісіп жатырмын, танысып та үлгірген жоқпын. Әзірше түсінгенім біздің 3-4 бөлімдеріміз әр жерде орналасқан көрінеді, қайта соларды бір жерге жинап алмаймыз ба»,- дедім. Ол шорт кетті, бірден булығып жанында тұрған телефонның тұтқасын оқыс көтерді де сарт еткізіп орнына қайта қойды. Тұтқаның қалай сынбай қалғанына таң қалдым. Ашуланғандағы дағдысы көрінеді. Бұрын талай телефондар

«мерт» болыпты. Айттым – бітті, кестім – үзілдіге келтіріп, орындаңыз, шешімге қол қоямын деді. Мен келіспеймін, қол қоймаймын деп қасарыстым. Ол бұрынғыдан бетер ыршып түсті, Сіз мені..., Сіз мені... деп тұтығып, түтігіп кетті де, мен сізсіз де шешім қабылдаймын деді. Мен ол шешіміңіз заңсыз, өйткені ғимарат агрокомитеттің меншігінде деп жауап қайтардым. Сіз мені масқаралап отырсыз дегеніне, мен Сізге одағай ештеңе айтып отырған жоқпын. Тек әділдігін айттым дедім. Ма-надан үндемей тыңдап отырған адам маған: «Төрағамен алғашқы күннен тіл табысқаныңыз дұрыс қой», – деді. Мен оған бұрылып: «Сіздің кім екеніңізді білмеймін, бастық пен орынбасардың арасына кіріспегеніңіз дұрыс болар», - дедім. Мен орнымнан тұрып: «Ақылдасайын», – деп шығып кеттім. Кабинетке келіп, орынбасарларымды шақырып, болған әңгімені айттым. Олар маған бұл мәселе обкомның бюросында қаралып шешіліп қойылған. Келісіңіз, қолайсыз жағдайда қаласыз деп түсіндірді. Сонымен, И. Крыловтың мысал өлеңіндегідей: Қарға қарқ етті, ірімшік жерге жалп етті. Түлкі ірімшікті салп етті. Іс бітті. Қу кетті.

Дегенмен, бастыққа ұйпалауға да, ұйқалауға да, уқалауға да көне бермейтін пұшпақ екенімді де, айтса болды, айдаса жүре бермейтінімді де сездірдім. Жұмысқа кіріскеніме бір жұмадай уақыт өткенде, бірінші хатшы Әнуарбек Хамзинович шақырып, қалай танысып жатқанымды сұрап, қысқаша ақыл-кеңестерін айтып қорытындысында, орысшылап: «Я дам Вам самостоятельность, но переставлять ваших ног не буду» – деді. Әділ, таза адамдардың тік, түйреп сөйлейтінін білемін ғой. Мен де: «Я никогда ни у кого не просил и не позволял переставлять моих ног», – дедім. Тік қараған күйі: «Тогда – нормально» – деді.

Менің алдымда агроөндіріс комитетін басқарған Л.Д. Ремез – бұрын Кеңес, партия ұйымдарында, аудандық партия комитетінде бірінші хатшы болған, өмірлік, жұмыс тәжірибесі мол, жасы менімен шама-лас, мінезі жұмсақ, ешкімге зілді сөз айтпайтын биязы адам болды деп естігенмін. Оның сол жаймашуақтығын пайдаланған ба, комитеттің ішкі жұмыстарына араласушылар көп екен. Байқаймын орынбасарларымның, бөлім басшыларының обкомға шақырды, облысполкомға шақырды деп кетіп қалулары жиі. Қызметкерлерімді жинап алып, ұлықсатсыз ешқайда кетпеулерін талап еттім. Обкомның хатшылары, бөлім басшылары (әрине бірінші хатшыдан басқалары) сұрақтары, тапсырмасы болса маған шықсын, шақыра қалса менің келісіміммен барасыңдар. Ал облысполком дегенің – мен, Төрағадан басқалары тек мен арқылы мәселелерін шешеді. Бос жүріс, ауа жайылу тоқтатылсын, дедім. Кейін солай болды да.

Облыстық атқару комитетінің (облисполком) төрағасы Ю.А. Клочков мені нөқталамаса да, жуасытып, жұмсартып алғысы келді ме, әйтеуір, атқару комитетінің қазан айындағы отырысына: «Облыстық агрокомитетінің ауылдық мектептерді қысқы маусымға дайындаудағы жұмыстары жөнінде» менің есебімді қойыпты.

Әрине, қызметке келгеніме екі-ақ айдай уақыт өтті, әлі дайындық тұрғай аудан, кеңшарлардың қай жақта екенін де білмеймін деп жалтаруға да, немесе орынбасарларымның біреуіне жүктей салуыма да қолайлы-ақ. Бірақ өйтпедім, ойладым, отырысқа облыс басшыларының үлкен-кішілері түгелдей қатысады. Менің тамырымды басып, тексергілері, сынағылары келген шығар деп. Мен дайындалған анықтамалар бойынша, онша тереңдемей, мектептердің жылу жүйелерін қысқы мерзімге дайындау, жалғыз агрокомитеттің ғана емес басқа да жауапты орындар бар екенін сездіре айттым. Сұрақтар көбейді, әсіресе, төрағаның оқу-ағарту жұмыстарын басқаратын орынбасары тарапынан (аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, қыз бала еді. Жазылған нәрсе тарих ғой). Біраздан кейін менің де төзімім жұқара бастады. Сосын айттым: бір аудандық мұғалімдер конференциясына қатысқанымда, аудандық оқу-ағарту бөлімінің бастығы сөйлеген сөзінде бар кемшіліктерді мектеп директорларына үйіп-төгіп жаудыра бастады, сонда бір директор дауыстап: бастық-ау өзің де бірдеңе қалдырсайшы деп жұртты күлдіріп еді. Сұрақтарды маған қоя беріп залда отырғандарды күлдіріп, бүлдіріп алмаңдар дедім. Әлгі орынбасар: Сіз жауаптысыз, міндеттісіз деп шүйлігіп қалмады. Жолдас! Мен жауап-ты да, міндетті де емеспін. Ол сіздің жұмысыңыз. Әркім өз қызметін өзі атқару керек деп едім, ол да қасарысып: «Ауылдық мектептердің жылу жүйелерін қысқа дайындауға агрокомитеттер, директорлар жауап береді деген республикалық агрокомитетінің бұйрығы бар», - деді. Мен: «Он-дай бұйрықты орындамаймын. Әркім өз саласындағы жұмысқа өзі жауап беруі керек. Мен – орындаушы, сіз – бақылаушы болғанға келісе алмай-мын», - дедім. Зал гу... ете түсті. Мынау қайдан келген мықты деп ойлады ма екен? Алғашқы кездескеніміз, танысқанымыз ғой.

Ауыл балаларына қамқорлық жасау керектігін, олардың сапа-лы білім алуына мүмкіндіктер туғызу, азаматтық борышымыз екенін түсінеміз, көмектесеміз, - дедім.

Арада бір айдай уақыт өткенде кабинетіме «сол орынбасардың көмекшісі едім, әнеугі қаулы бойынша анықтамалар алайын деп едім» – деді келген жігіт. Көмекшімді шақырып, мына жігітке қажетті құжаттармен көмектесіңдер деп тапсырдым. Артынан бір-екі жұма өткен

соң әлгі жігіт қайтадан келіп, тағы да бір анықтамалар сұрайды. Мен, әй, сен кім болып істейсің (білсем де) дедім. Көмекшімін – деді. «Айналайын, ана жолы келгеніңде азаматтығыңды силап қабылдадым. Енді сұрағың болса менің көмекшіме бар. Ал бастығыңның менде жұмысы болса өзі келсін. Менің бірінші орынбасар екенімді ұмытпасын. Менің агрокомитетте отырғаным кемшілігім емес, кеңшілігім. Ал сен енді маған келуші болма. Менің тілім тәтті болғанымен, ділім қатты. Көңілің қалады», – дедім.

Жамбыл облысында да, солтүстік облыстардағы сияқты ауыл-шаруашылығының шешуші науқанды жұмыстары тамыздың соңын ала қызу қарқынды жүргізіледі. Тек ерекшеліктері солтүстік өңірде шешуші майдан астық үшін күрес болса, оңтүстікте, әсіресе Жамбыл облысында ондай майдандар сан салаға, бөлінеді. Өрқайсысы жеке-жеке майдан шептері. Облыс және аудандар көлемінде, солтүстіктегідей емес, дәнді дақылдардың (жүгері де) орақ науқанында, оны тазалап, мемлекет қоймасына тапсыруда, онша қауырт, қарбалас ауыртпалықтар түсірмейді. Ал ерекше дайындықтарды қажет ететін де, талап ететін де қант қызылшасы және көкөністер. Наурыз айынан басталатын қарбалас жұмыстар бір-бірімен сабақтаса жалғасып, күзгі қараша айына дейін тыным жоқ. Әсіресе, әйелдер, қыз-келіншектер, кейде мектеп оқушылары. Бәрі таңсәріден тұрып, қараңғы қоюланғанша далада, танапта, күнге қақталып, жұмыста шыңдалып, күзде еңбектерінің қорытындысы шыққанша, тыныс та, тыным да таппайтын бір жандар. Егістік танаптарды суару, аңыздарды егіске дайындау, егу, белгілі мөлшерге дейін өскендерін селдірету, арамшөптерін жұлу, отау, әр өсімдікті түптеу. Таңсәріден, түстен кейін, күн қызуы қайтқасын суару. Қазақша айтқанда сәресісі де, түстігі де, ауыз ашары да егістіктің басында, күркеде. Неткен жан қиярлықтың жолына түскен, еңбекпен піскен, төзімдері тозбайтын сірі болып кеткен жандар деп таң қаласың, бас шайқайсың. Көкөніс, жеміс-жидек өсіруде де осы көрініс, осы сарын, осы тіршілік. Ал өнімдерді жинап, қабылдау орындарына тапсыру, ондағы өңдеу, ұқсату қарқындары күзгі 3-4 ай мерзімінде тәулік бойы тынымсыз, толассыз жүргізілетін жұмыстар. Алайда, осылардың ішінде қант қызылшасын өсіру, дайын қант алудың экономикалық жағынан гөрі саяси мәнділігі ерекше. Жоғарыда айтылғанындай, облыстың Жамбыл, Меркі және Шу қалаларында үш қант зауыты бар. Олар жылына орташа есеппен бір миллион тоннадай қант қызылшасын қабылдап, 80-120 мың тонна қант өндіреді. Ол республика бойынша қажетті 500 мың тонна қанттың 16-

24 пайызын құрайды. Қант өндіруге қажетті қалған шикізатты Кубадан, Украинадан алады. Сондықтан қант қызылшасын жергілікті жерде өсіруге ерекше көңіл бөлінеді. Республика бойынша қант қызылшасын өсірудің де, қант өндірудің де негізгі салмағы Жамбыл облысының үлесінде. Қант қызылшасын өсіру жоспары, тіпті асыра орындалуы, республикалық партия, кеңес орындарының ерекше назарында. Облыс қант қызылшасын бір миллион тоннадан асыра өндіріп отыруды дәстүрлі талапқа айналдырды. Тек, ұзақ жылдарғы суармалы жерлер сортаңы шығып, құнарлықтары төмендеп, аза бастаған. Қант қызылшасын өсірудің көлемінің мөлшерін азайтуды республика алдына қоюдың өзі бос сөз, орындалмайтын өтініш болып қала берді. Осыдан екі-үш жыл бұрын Облыстық партия комитетінің бюросында қант қызылшасын өсіруді, өндіруді, оны ұлғайтуды талқылап жатқанда, облыстық, ауылшаруашылық саласын жабдықтау мекемесінің «Облсельхозтехника» бастығы Қожақанов Сей-фолла Сәкенұлы ұсыныс жасап: «Қант қызылшасын өсірудің жоспарын кемітудің жолын іздеуді маған тапсырсаңыздар», – дейді. Бюро мүшелері сенер-сенбестерін білмей аңтарылып қалады. С.С.Қожақанов – одақтың жоспарлау комитетінің төрағасы Байбақов жолдаспен таныс екенін айтады. Қарбану қателік болмас деп, облыстық партия комитеті мен облыстық кеңестің атқару комитеті аттарынан арнайы хат жазып, Сей-фолла Сәкенұлын Москваға аттандырады. Таныстық былай болған екен. 2-3 жыл бұрын Сейфолла отбасы, бала-шағаларымен Сочиге демалысқа барады. Бір күні естиді: көрші санаториде Байбақов демалып жатыр деп. Байбақов – Кеңес (Совет) өкіметінің мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы. Ал жоспарлау комитеті дегенің мемлекеттік барлық қордың иесі: ақшалай, заттай, техникалық жабдықтау, әйтеуір Одақ көлемінде қай республикаға, өндіріс салаларына – бәрі – бәріне не беру, қанша беру, не өндіру, қанша өндіру – тегіс сол жоспарлау комитетінде қайнатылып, пісіріліп жоспарланған үлестері белгіленеді. Кеңес Одағындағы өте ірі, беделді, мекеме. Байбақов қысқаша айтқанда, салалық министрлер, республикалардың басшылары бас иіп, амандасатын дәрежедегі адам. Сейфолла, тәуекел, барып танысайын, тонымды шешіп алмас деп Байбақов жатқан демалыс үйіне барады. Сақшылар, оққағарлар маңайларына жо-латар емес. Әйтеуір, тілдерін тауып, келісіп, ішке кіреді. Байбақов бір бөлмеде қағаз жазып отыр екен. Бөтен адамның келгенін аңғармады ма басында көтермейді. Біраз тұрған соң Сейфолла тамағын қырнап ды-быс береді. Басын көтерген Байбақов: Сен кімсің? Неге келдің?- дейді. Сейфолла Қазақстаннан, Жамбыл облысынан екенін айтып, сіз осында

демалып жатыр деген соң сәлем берейін деп келдім. Сізбен көрші демалыс үйінде болып, сізге арнайы келіп сәлем бермегенімді естісе, елдегі азаматтар менімен сөйлеспей, амандаспай қояды, – дейді. Байбақов сәл жымиып, онда отыр деп орындықты нұсқайды. Сейфолла отырған соң, алып келген қазы-қарта, жал-жая, құрт-ірімшіктерін елдің сәлемдемесі деп үстелдің жанына қояды. Біраз әңгімелеседі. Кетерінде Сейфоллаға Москваға барсаң келіп жүр деп, «визиткасын» береді. Енді міне, сол таныстықты пайдаланып, Байбақовқа кірмекші. Сәті түсті. Басқалардың жұмалап есігін аша алмайтын төрағаға ертеңінде қабылдауында болып, келген мәселесін айтады. Облыста қант қызылшасын өсірудің жоспарын тең жарымына дейін кеміттіріп, шешімін алады. Жалпы, Сейфолла қай жұмыста болсын алғыр еді. Алдынан жұмыс үркіп отыратын. Бетті, шешімді, кесімді, қырсыққан адамына кесірлі де еді. Жұмысты аянбай, беріле істейтін. Қазақша айтқанда үзеңгіден аяғы босамайтын. Күні-түні жұмыста. Жұбайы Зина ақылды, байсалды, мінезге төзімді адам. Ана-дай бас асаулығы бар, кедергілер кездесе айналып өтуді іздемей, тура-төтесінен кесіпте, тесіп те өтетін таранды да анда-санда сабасына түсіріп, тізгінін тартып отыратын тегеурінді салмақ керек қой. Ондай қасиетте, қабілетте Зинада бар болатын. Біз отбасымызбен туыстай араласып тұрдық. Сөйтіп, Жамбыл облысы «Уһ!» – деп бір тыныстанып қалды. Облыс қант қызылшасын өсіруде жеңілдеп қалса да ауылшаруашылығының басқа салалары сол қалыптасып қалған қарбалас, жанталас, көрігі қызып тұрған еңбек қарқыны толастар емес. Жоғарыда жазылғандай көктемде басталған көкөніс, жеміс-жидек, жүзім өсірудің желісі жалғаса беретін жұмыстары күзгі өнімді жинау, қабылдау, орындарына тапсыру, онда оларды өңдеу, шырын, томат-пасталар дайындау, консервалардың сан түрлерін шығаруда да бір тыныс табу қиын. Кеңшар – ұжымшарлардың өздерінде шағын цехі барын былай қойғанда, облыстық үлкен төрт зауыт та үлгере алмай жатады. Жүзімнен шараптың әр түрін өндіретін 5 кеңшарда – 5 зауытта өздерінің миллиондаған декалитр өнімдерін облыстың өзіндегі, Алматыдағы, тағы басқа жерлердегі зауыттарға жоспарлы түрде жіберіп жатады. Мүмкіндіктен сұраушылар көп. Көктемде даланың науқанды жұмыстарымен қатарлас, қаптарлас малшаруашылығының дүрбелеңіде басталып кетеді. Әсіресе, қой төлдетудің әбігері. Облыста қойлардың үштен-бірі қаракөл тұқымдас. Қазақстанда қаракөл елтірісінің 60-70 пайызын Жамбыл облысы, оның ішінде Мойынқұм, Сарысу, Талас аудандары дайындайды. Қаракөл қойлары негізінен егіз қозыдан табады, өйткені оларды қолдан ұрықтандырады және арнайы СЖК препарат-

тарын пайдаланады. Алайда СЖК препараттарын ұзақ жылдар бойы пайдаланғандықтан соңғы жылдары қаракөл елтірісінің сапасы төмендеп кеткендігін айтады. Бірде қой төлдеп жатқан шопан ауылына барғанмын. 2-3 күндік қозыларды қырып-сойып жатқанын, аңыраған-маңыраған аналық қойларды, төлдерді көргенде жаның түршігеді. Қайтіп, ешқашан қаракөл қойларын төлдетіп жатқан жерге барған емеспін. Қаракөл елтірілерін кеңшарда алғашқы өңдеуден өткізіп, сосын оны Шымкенттегі елтірі өңдейтін зауытқа тапсырады.

Қой шаруашылығындағы екінші күрделі науқан – жайлауға көшу. Мойынқұм, Сарысу, Талас аудандарының қойларының жартысына жуығы жайлауға – Бетбақдала арқылы Жезқазған өңіріне, Қаражал кен өндірісінің төңірегіндегі кең алқаптарға көшеді. Өйткені, бұл аудандарда, құмды өңірде жазда күн ыси бастағанда құм сусып есіле, жорғалай көшіп, мал өрісі тарылып, жайылымдық жер болмай қалады. Малдың жа-рымынан көбі совхоз жерінен, күзде, қараша, желтоқсан айларында, күн салқындап, құм бекігенше, уақытша басқа қоныстарға көшуге мәжбүр. Малдың көбін (қой, ірі қара малдарды) жайлауға, Арқадағы 400-500 шақырымға айлап, малды жайып, көп қиындықтар көреді. Аналық мал-дар жолда төлдеп те қалады.

Шопандар бала-шағасымен арбаның үстіне күрке жасап, жол бойы сонда демалып, сонда тамақтанады. Сарысу, Талас, кейде Байзақ аудандарының қойларының үштен біріне жуығы Арқаға, Қаражалдағы Үкітай станциясына дейін темір жол арқылы вагондармен, жазда, күзде ерсілі-қарсылы тасылады. Мал басынан да, қаржылай да қаншама шығын көп десеңші.

Ал Луговой, Меркі, Байзақ аудандарының қойларының біразы қырғыз жеріне түбектеп сұғына кіріп жатқан атақты «Сусамыр» жайла-уына көшіріледі. Малды Қырғыз Алатауының жоталары арқылы, шың-құздарын жағалап, таулы-тасты соқпақ жолдармен тікелей айдап барады, ал адамдардың көш-көлік қатынасы Жамбыл қаласы, Қырғыздың Манас облысының жері арқылы 200-250 шақырым болады. Мен барған, 1988 жылдың қысында, шопандар қоныстарын араласам, құмда қоныстанған шопандардың көбі қыста киіз үйде тұратынын білдім. Оңтүстікте қыс болмайды, жылы деген ұғым дұрыс емес. Ол жақта қыс айлары аз (3-4 ай) болғанымен қыстың қысымы мен қатаңдығы солтүстік өңірден жұмсақ деу қате. Құмда қысы-жазы көшіп-қонып жүргендіктен тұрақты қоныс болмағандықтан ба және қалыптасып қалған тұрмысқа – бой үйреніп кеткендіктен бе, әйтеуір есебін алдырсам мыңға (анығы 912) жуық

шопандардың отбасы қысты киіз үйде өткізеді. Бұл жағдайды облыстық агрокомитет отырысында арнайы қарап, шопандар қоныстарына жеңілдетілген болса да тұрғын үйлер салуға үш жылға жоспар жасадық. Қатаң бақылау ұйымдастырып, орындап шықтық. Құмдағы жолдар да ауыр, мүмкіндіктер де шектеулі болғандықтан құрылысқа жыңғыл мен қамысты араластырып арнайы станокта тығыздап буып, қабырғаларын ішінен қаптатып, екі-үш бөлмелі үйлер салынды.

Мен 1988 жылы қараша айында, Қазақ Республикасы Агрокомитетінің делегациясының құрамында (Комитет Төрағасының орынбасары Айып Қисаұлы Құсаинов басқарған) Қытай мемлекетінің СУ-АР-ына (Сынцзызиян ұйғыр автономиялық, республикасы) бардым. Шет мемлекетке алғашқы шығуым. Машинамен, біздің шекарадағы Хоргос бекетіне дейін барып, әрмен қарай қытайлықтар қарсы алды. Шекарадан 30-40 шақырымдай Құлжа қаласына жеттік. Оларда маши-налар жоқтың қасы, ерсілі – қарсылы жөңкілген сансыз велосипедтер. Қаланың үйлері бір қабатты, жатаған, жұпыны. Көшелер де көріксіз. Таң қалғанымыз, әрбір үйдің деуге болады, есігінің алдында миллиард ойнап жатқан жастар. Кейбір үйлердің есігінің маңдайшасына сатуға деп іліп қойған қой еттері. Есімізге еріксіз біздің санэпидстанцияларды түсіріп, күлісіп те алдық. Бір қабатты қонақ үйге алып келді. Отызын-шы жылдары Кеңес үкіметінің елшілігінің өкілдері (консульствосы) бо-лыпты. Аулада И.В. Сталиннің үлкен бюсті тұғырда тұр. Бізді шекара-дан қарсы алып, орналастырып жүргендер СУАР-дың Ауылшаруашылық министрі Талаш және облыстық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары Мәлғаждар деген орта жасқа келіп қалған қазақ азаматта-ры. Кешкісін бізбен кездесуге обкомның бірінші хатшысы (Қытай) және облысполкомның төрағасы (қазақ, 40-тар шамасындағы) азаматтар келді. Танысу, әңгімелесу – бәрі қарапайым. Бәріміз диванға жайғасып, темекі тартып, екі жақта ерсілі-қарсылы сұрақтарға еркін жауап бере отырып, сөйлестік. Кешкі қонақасыға да бірге қатыстық. Биік стол. Беті дөңгеленіп тұрады. 10-15 адамға. Әуелі бір тамақты тарелкамен әкеліп қояды, әркім столды дөңгелетіп, өзіне бір бөлігін салып алады, содан екінші, үшінші – барлығы 20-25 тағамның түрін әкеледі. Көбісі мал еттерінен, балықтан қуырылған. Балық үстіне себелеп қант қосылады. Арақтары, градусы біздікінен жоғары болмағанымен, ауыр, өздеріне тән борсыған сияқты иісі бар. Әйтеуір өздерінше жомарттық көрсетіп жатыр.

Келесі күні қаланы аралатты. Қала үлкен, бірақ ауылдың жатаған жаппа үйлері. Көше сайын және оның бойы толы базар. Біріне-бірі

жалғасып созылып жатыр. Екі кісі зорға қатар жүретін тар, ал сатушылар – бірімен-бірінің арасын тек матамен ғана бөлген, 2-3 метрлік ашық сөрелер. Заттардың дені маталар, киімдер, балалар ойыншықтары. Түстен кейін жүн қабылдап, иіретін және тоқыма бұйымдар, киімдер шығаратын фабрикаға бардық. Шығаратын заттары негізінен қой жүнінен, ешкі түбітінен, түйе шудаларынан жасалған.

Үшінші күні 30-40 шақырымдай, тау бөктерлеріне қарай орналасқан қой, түйе бағатын 2-3 ауылға алып барды. Ауылдары 20-30 үйден тұратын шағын ғана. Бәрі қазақтар, негізінде Құлжа өлкесінің қазақ елі деп есептелетінін байқадық. Біз келеді деп естіп, мектеп алаңына пионерлерді сапқа тұрғызып қойыпты. Бізге пионерлер ізет көрсетіп, сәлем берді. Бәрімізді ауыл ақсақалының үйіне алып барды. Үйлердің бәрі бірдей кіре берісте қазан-ошақ орналасқан ауыз үй, екі жағында екі бөлме, яғни қоржын үйлер. Үйлердің едендері цементтелген, үй бұйымдары кереует, диван, біздің жорнал столдарымыз сияқты аласа столдар, әр бөлмеде теледидар. Ол кезде олар біздің елде жоқтың қасы, тапшы еді ғой. Бәріміз дивандарға жайғасып, темекі тартып, әңгімеге көш-тік. Олар үлгергендерінше елді, халықты қазақтарды, олардың тұрмыс-мәдени жағдайларын сұрап жабысып жатыр. Біз де сұрақтар қоюдамыз. Қазақтардың көбі, негізінен керей, найман руларынан. Біздің мемлекетпен бұрын мұндай араласу сирек болды ғой, сондықтан біздің келуіміз, емін-еркін әңгімелесуіміз, олар үшін басқа ғарыштан келген адамдармен сөйлескендей көрінді. Әйтеуір, риза болып, рахметтерін айтуда.

Түстен кейін СУАР-дың орталығы Урумчиге жолаушылар таситын самолетпен ұштық. Шамасы 400 шақырымдай. Онда да жақсы жылы қарсы алды. Талаш пен Мөлғаждар бізбен бірге. Біз өзіміз бес адамбыз. Урумчида да қабатты үйлер сирек, бірақ қала созылып жатқан үлкен. Қалада ірі өндіріс орындары жоқ. Шағын кәсіпорындары. Мысалы, бір дунган жігітінің темір балқытатын цехына алып барды. Өзінің, басқалардың жинаған темір қалдықтарын сол жерде балқытып, керек зат-тарын құйып, сомдап беретін көрінеді. Кейбіреулері қолдан жасалған су қоймаларында балық өсіріп сатады. Құс өсіреді.

СУАР халықтарының құрамы: 4,5 – 5 млн. ұйғырлар, 1,5 млн. қазақтар, сол мөлшерде қытайлықтар (хансулар) т.б. ұлттардың өкілдері.

1970 жылдардың орта кезеңінен Қытайда үлкен, түбірлі саяси, экономикалық өзгерістердің жаңа бетбұрыстарына бағдар ала бастапты. Соның бірі – мал шаруашылығы өнімдерін қарқынды алға бастыру. Қоғамдық малды, әркімнің бағу, күту мүмкіндіктеріне қарай 50-60 бастан

250-300 қойға дейін тегін үлестіріп беріпті. Жылқыны да, түйені де солай, әрқайсысын 5 қойға балап. Отардағы қойдың саны 300-350 бастан аспау керек. Асса мал азып, жер тоза бастайды. Мал өсіретін қонысқа мемлекет жол салып, электр жүйесін тартып, сумен қамтамасыз етеді (құдық қазады, тоғандар соғады), шопанға үй салады. Қойылатын талап: жыл аяғында мал басын кемітпейсің, күзде әр жүз аналықтан 70 қозы (салмағы 36 кг – жоғары) немесе қойды мемлекетке өткізесің, қалғандары – сенің өзіңдікі, мемлекетке сатасың ба, өзің қолданасың ба өз еркінде. Мал көбейіп, ет молайып, сапасы күрт жақсара түседі. Мемлекет те ұтты, меншіктер де қоңдана бастайды.

Мен сол жолы Жамбыл облысына 150 түйе алуға шарт жасасып қайттым, біз оларға Қазақстаннан салмақтарына салмақ асыл тұқымды бұқа, қошқар бермекші болдық. Шарт – іске асты.

Ал біз болсақ мал басын жоспарлы өсіреміз деп санын қуып сапасын жоғалттық. Жыл бойында қажетті жағдайлар жасалмағандықтан малдың қанша өлім-жітіміне жол бердік, мақсатты төл ала-алмадық, етке тапсырылған малдардың қоңынан да, салмағынан да ұтылды. Жай-ылым азды, жер тозды. Жайлымдық жердің мүмкіндіктерін шексіз деп есептедік. Ал созылған резинаның да шегі болады ғой.

Республикамыздың басқа облыстарына қарағанда Жамбыл облысының өндірістері, экономикасы салмақты көп салалы болды. Республикада жылына 50-60 мың тоннадан астам жүн қабылдайтын, оның біраз бөлігі Австралия, Новая Зеландия т.б. мемлекеттерінен келетін, жалғыз фабрика (ПОШ – первичная обработка жерсти) осы Жамбыл облысын-да болды. Онда, маусымды кезеңдерде 2,5-3 мыңдай жұмысшы, маман-дар еңбек ететін. Ол фабрика Жамбыл облысының бюджетінің, өндіріс орындарының қаржылық табыстарының үштен бірін беретін. Оны сол фабрикада 25 жылдай еңбек еткен, көптеген технологиялық жаңалықтар енгізген тәжірибелі Ержігітов Жұман басқарды. Артынан арына, абыройына көлеңке, күдік түсірмей құрметті зейнеткерлікке шықты.

Жамбылда бүкіл Қазақстан көлемінде мал терісін өңдеп, ұқсататын. Ал сол терілерден былғарыдан аяқ киім тігетін, тері бұйымдарын жа-сайтын ірі «Жамбыл кожобувь» АҚ зауыты іргелі өндіріс орыны жұмыс істеді. Оны тәжірибелі азамат Аманкелді Мұнатаев басқарды.

Тәжірибелі маман Аманкелді Момышев басқарған ет комбинаты Жамбыл облысының, кейде көрші облыстардың да малдарын сойып, еттен жүздеген түрлі тағамдық шикі заттар дайындайтын іргелі өндіріс орыны-на айналды. Бұлардың бәрі бұл күнде ертедегі ертегілердей. Капитализм


жарылқайды деп жүргенде бәрін жайратып аттарын аңызға айналдырып, шаңырақтарын ортасына түсіріп тастады. Қаншама адам жұмыстан айрылды, қаншама өнім жойылды. Шетел асырайды, шетел жарылқайды деп жаттардан жақсылық күтіп, барымызды жоғалтып, шетелдердің қоржындарын арқалап, есіктерінен сығалап жүріп, «Буштың бұтын» базарлап, ағаштың үгіндісін қосқан шұжығын далбасалап жүріп, жиырма жылды да өткіздік-ау. Енді ауылшаруашылығының әрі тамақтандырып, әрі киіндіріп, әрі еңсемізді көтеретінін жаңа еске ала бастаған сияқтымыз.

Ал әлемнің 80-нен астам еліне өз өнімдерін жіберіп өндірістік, экономикалық байланыстар жасап тұрған Акционерлік холдинг компани-ясы «Қаратау» (Атабаев Мұқан Жұмағалиұлы), оның құрамдас бөліктері «НОДФОС» АҚ (Әжібаев Талғат), «ХИМПРОМ» АҚ (Тё Алексей), «Суперзавод» АҚ (Исаев Төленбек), Қаратау және Жаңатас қалаларының кеңшарлары Жамбыл облысының атын Кеңес Одағына ғана емес, әлемге әйгілі етті. Бірақ соңғы жылдары құда түсушілерде, күйеу балалар-да көбейіп, жеңілтекке ұшырап, желбегейлерін жиі ауыстыратын-ды. Қолдан қолға көше берді.

Мойынқұм ауданындағы Ақбақайдағы алтын өндіру, Хантаудағы көмір, түрлі-түсті мрамор кен қоры, Талас ауданындағы Амангелді өңіріндегі мол газ орындары Жамбыл облысының келешек байлықтарының көк жиегін кеңіте беруге тиісті.

Жамбылда үш жоғары оқу орындары да кең қолтықты сала: педин-ститут (Шуканов Апутан), гидромелиоторлар дайындайтын (ЖГСМИ (Сулейменов Жусупбек) және (ЖТИЛПП) – технология институты (Ма-диев Өскен). Осы институттарда бірнеше мыңдаған жастар білім алып, тәрбиеленеді және тәрбиеленді. Республика кадрлерінің бағбандарына айналды.

Оқырман қауым, ұрпақтарым, мен ойымның ұшқырлығын, тілімнің үшкірлігін сендерге дәмін татарлық, ең болмағанда ауыз тиерлік бірдеңе қалдырсам, сендер өмір жолдарыңда пайдасы тиерлік, үлгі-өнеге тұтарлық қармаққа ілінері барма деп өткен өмір өзеніне қармақ тастап, ау салып сүзіп жатқаным ғой. Біз де сендердей жас, аңғал болдық. Бабаларымыз: **«Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың»**, - деген. Мен Американың 34-45 жылдардағы президенті Франклин Рузвельттің өмір жолы жөніндегі кітапты оқыдым. Рузвельт сайлаушылармен алғашқы кездескенде әйелі оның сөздерін естіп, жүрегіннің тал-масы ұстап, құлап қала жаздайды. Сөздері кедір-бұдыр, жүйесіз. Ал Руз-вельт кейін көсілген көсем, сайраған шешен болып кетті. Сол сайлауға



түскенде оның екі аяғы жұмыс істемейтін, тек қол арбаға салып сүйретіп жүрген. Намыс, жігер, ұмтылыс бәрін жеңіп шықты. Америка тарихында тұңғыш төрт рет қатарынан сайланған жалғыз президент сол. Мен мол арналы, көп салалы, кең сағалы Жамбыл облысында бұрынғы жылдары-ма қарағанда шыңдала, сомдала түстім деп ойлаймын. Оған себеп тек кең құлашты алып өндірістер ғана емес, кең қолтық ортаға кездескенім де себепкер. Облыс, мекеме, аудан, шаруашылық көлеміндегі басшылар да тәжірибелі азаматтар еді.

Облыстың бірінші басшылары: Жақыпов Әнуэр Хамзаұлы, Байжанов Сәбит Мұқанұлы, Байгелді Өмірбек Байгелдіұлы, ал олардың үзеңгілес, қапталдас ақылшы-кеңесшілері: В.Ф. Чернов, Ә. Исаков, Т. Темірбеков, Ю.А. Клочков., А.Ф. Гусаров, Тұрсынхан Мүсіралиев, Алданыш Нұрымов, Сейфулла Қожақанов, Аманкелді Қарентаев, А. Жүнісалиев, Щорс Шарафуддинов, С.Н. Макаров, В.И. Левин, Са-нат Ахтанбердиев, Еркебұлан Мырзағалиев, Н. Ракишева, Ә. Жолшы-беков. Мен бұл басшылармен жақын араласып, пікірлес болғаныммен ешқайсысына жекелеп мінездеме беріп, баға айтқым келмейді. Ең негізгісі бәрі де намысына тырысып, адал қызметтер атқарды. Ал кейін жылдар өткеннен кейін біреуін мақтап, біреуін даттап жатуым әділдікке де, әдептілікке де жатпас. Бәрі де –өмірдің тезінен де, кезінен де өткен ойлары орнығып, сезім-сенімдері қалыптасқан азаматтар. Сондықтан есейіп кеткен адамдарға соңынан ақыл айту – артық. Өтері-өтті, бояуы сіңді. Тек, Мүсірәлиев Тұрсынханмен қарым-қатынасымыз ерекше. Біз 1954 жылы Алматы ауылшаруашылық институтына қатар түстік. Бірақ, Тұрсынхан үй-ішінің жағдайына байланысты бір жылға демалыс алып кетіп, оқуды бізден бір жыл кейін бітірді. Жетім өссе де жетік өскен, пысық болатын.

Институтты бітірген соң Жамбыл облысында әр салада, әр дәрежеде қызметтер атқарыпты. Тез төселіп, тез өсіпті.

Кейінгі жылдары Тұрсынхан екеуіміз де облыс әкімінің орынбасарлары болып, қатар қызмет атқардық. Бірақ сонау студенттік кезден негізі қалыптасқан сыйластығымызды шытнатқан немесе салқындатқанымыз жоқ. Екеуіміздің де ортақ мінезіміз болатын, пікірімізді кімге болсын тік, бетке айтып тастайтын. Сол тазалығымыздың терезесіне кір жұқтырғысы келген кейбіреулердің арамызға өсек айтып, сыбырлап, жыбырлап ши жүгірткілері де келді. Бірақ екеуіміз де желдің қай жақтан соғып, жағымсыз иістің қай жақтан кімнен екенін сезетінбіз. Бірде Мұхтар Әуезовке кейбір жолдастары: «Сіз жөнінде анау анандай өсек айтты, сын айтты, солардың сыбағасын бермейсіз бе?» – десе, Мұқаң: «Әй, жігіттер,

олардың қатарына дейін төмендесем, менің де кім болғаным», – дейтін көрінеді. Сол сияқты біз де өсекке өрепкімей, әпербақанды демей, тіпті, ізіне түсіп, індеттемей-ақ қояйық, бәрібір өмір керуені жолынан қалмас дейтін. Күдіктің де, кіділіктің де дәрежелерін көтергіміз келмейтін. Қайта Тұрсынхан мен туыстай араласып тұрамыз.

Жамбылда қызмет атқарған жылдарымда жұмысымда жолдас та, қолдас та болған, кейін тереңдеп, шынайы сыйластыққа көтерілген азаматтар өте көбейді. Бәрін түгелдеп айта алмаспын, дегенмен жоғарыда әр салада аттары аталған азаматтардан басқа: Алдияр Түсіпов, Айтбек Байқоразов, Аманкелді Омаров, Қайрат Шотбақов, Жұматай Лайықов, Исатай Үмбетбаев, Сағымбек Ақшалов, Жақсылықбай Тәжібаев, Алпыс Бекболатов, Исақ Нұрманбетов, Асқар Сарсенбеков, Лида Ахметова, Бейсен Зиябеков, Ескендір Мусаев, Жамал Медеуова, Айдар Жұмағалиев, Абдықадыр Мамбетов, Камлет Беисов, Владимир Щелочков, Тілепалды Жетыгенов, Мусабек Алимбеков, Мақсут Абілқаиров, Меирхан Жаманбай, Григорий Семенченко, Сағатбек Барлыбаев, Қанат Нұрлыбаев, Орынбек Тлеубаев, Халел Бейсеев, Онласын Есіркепов, Ақылбай Нұрмағанбетов, Анатолий Шубин, Қасымхан Тілендиев, Куркин В., Н. Полищук, Дуйсенбеков С., Қалтаев Н., Ақбаев Б., Ахметова Дәметкен, Бондарев А., Жогов М., Гайдуллина С., Исаева А., Қасенов М., Қасенова Әсия, Мырзабаев Б., Мақанова Р., Дурумбетов М., Врублевская Н.Т., Дәрімбетов, Нүсіпова Ш., Числова А., Қазыбеков С., Оспанбеков Т., Қойшыбеков Б., Кенжемұрат Қалыбеков, Иманжанов С., Елеушев Б., Ремша А., Ешенкулов И., Тай-тенов Н., Черняк Г.Ф., Федяева Л.В., Алиев А., Оңғарбаев А., Халимбетов А., Омаров Б., Байсеркеев Үлесхан, Ахметов Өшімжан, Омилаев Н., Массон А.Ф., Карасев А.С., Алимжанов Е., Оразымбетова М.А., Мулла-ходжаев И., Сапаралиев Мырзабек, Ельшибеков Б., Жуасбеков Ақынзада, Тишкунов А., Ни Афанасий Илларионович, Маханов Н., Искаков Б., Елу-баев Боранқұл, Өлибеков Нұрдаулет, Имашев Берикшал, Жанабиллов С., Мамашев А., Дигель Э.Г., Созонович В.Н., Добрыдень К.Я., Сабдеков А., Мысыкбаев О., Есжанов Б., Калюжная Р.А., Жорабеков К., Ибраимжанұлы Райхан, Жексембинов М., Бұзауов Е., Ахметшаев А., Асанов Дәулет, Жаннабергенов М.

Бұлардан басқа аудан-қала азаматтарының өзім жақын араласқандарын атап кетейін: А. Мамашев, Бақытжан Тұяқбаева, А.Н. Карнаухов, Е. Дадабаев, Е. Бейсеуов, Т. Сейдуанов, Балтабай, Бек-жанов, А.Көпбергенов, К. Абдыкешева, Смағұл Әбілеков, Юсіпәлі Халиев, Б.Қарашолақов, Мұрат Сейдалиев, В. Шаповалов, Сәбит Садықов,

С. Әміреқұлов, Қ. Уалиев, А.А. Шупта, Е.Солтыбаев, Қ.Тоқтақұлов, Е. Аманбеков, Ю.Н. Морозов, Т. Нұрбаев, Т. Абдықұлов.

Ұжымжар-кеңшар басшыларынан: А.Л. Нахманович, А.Л. Костян-кин, М. Аширов, Сағит Садықов, Дауытов Шолпан, Л. Ким, Нәби Момы-нов, Мақұлбек Байгельдиев т.б.

Жамбылға келгеннен ағалық ниет білдіріп, жатсынбай, жатырқатбай бауырларына тартып, жүретін аға буын ақсақалдар: Тоқтамысов Сәлімгерей, Салбакиров Абдрахман, Тұрсынов Бариям, Сандыбаев Ә., Арыстан Өтеулин, Жақай Жумадилов, Нүркенов Асан, Сыздықбаев Ұзақбай, Садықбеков Әкім, Аққозиев Сейілхан, Төребеков Жапар, Ж. Түйебеков, Келесов Рақан, Қиман Ясов, Баттал Жанабаев, Кеңес Бау-дарбеков т.б.

Туған інілерімдей болып кеткен көмекшілерім: Арғынбаев Марат, Сабыралиев Бекбол. Бәрі бауыр, бәрі туыс кеңпейіл, мейірімді құшақтарын айқара ашқан жандар. Менің Жамбыл облысында ойымның, өрісімнің кеңеюіне, санамның саралануына әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің де өзіндік елеулі әсерлері көп. Жамбыл өңірі, Сарысу елі қобызшы, күй атасы Ықылас бабаның елі, оның ұрпақтары белгілі өнер қайраткері Асанәлі Әшімовтың елі, әннің балын ағызып, нәріне сусындатқан Ілия Жақановтың елі, жалпы білім, өнердің сәйгүлік тарландары шыққан жер. Бәрін түгендеп айтуға ой-өрісім кең болғанымен, мүмкін-дігім таршылық жасап тұр. Сондықтан тек кейбір өзім араласқан өнер қайраткерлеріне ғана тоқтала кетейін. Облыстық «Ақ жол» газетінің редакторы, бір кезеңдерде Республика Жоғарғы Кеңесіне менімен қатарлас депутат болған Бекбосынов Арғынбай жазған өлеңдерінің, шығыстың жеті жұлдыздарының бірі Омар Нәйямның рубаяттарын қазақшаға тәржімелеудегі ойының оралымдылығы, сөздерінің, пікірлерінің тұшымды әсерлігі, тұжырымдарының тұғырлылығы қатты ұнайтын. Өзінің «Мың түрлі ой» – деген жинағында:

Ел «тілім» деп тіріле бастағанда, Кәрі сайқал сатқындық басты амалға: Өзге тілде сөйлетіп өз баласын Қазақ тілін үйретпек басқаларға. Бұлаң басып бөксесін ойнаттырып, Бикеш кетті-ау тентек ой ойлаттырып: «Тілін емес бөксесін сөйлеткенде, Дегеніме «Ер болсаң – ойнап, тынық,
Тілің – бал, жүрегің – у, жолың – бүлік...
Мен сенен алдым жалғыз соныңды ұғып.



Ал жұмбақ: сен туғанда туған анаң,
Алды екен қандай суға шомылдырып.
Қу еді айласы асқан, сөзі де епті, Дүйім
жұрт түршіксе де төзім етті. Байғұсты
қайтер екен анау жақта? Көтеріп өз
шашбауын өзі кетті.

Омар һәйямды өзінің ұстазы, пірі санайтын, өзі де соған еліктеп төрт жолдан тұратын (төрт таған деп атайтын) рубаяттар жазып келеді. Аяқ алысын, қарқынды шабысын қазақ тілінен хабарларың барларың өздерің шамаларсыңдар. Бағаларсыңдар.

Мен Алтынбек Қоразбаевтың өлеңдерін, әндерін Торғай облысын-да қызмет атқарып жүргенде сүйсініп, көп тыңдаушы едім. Бірақ оның Жамбыл облысынан екенін білмейтінмін. Өйткені қазақтың атақты ақын жазушыларын, әншілерін елге, жерге бөлмей бір тұтас қазақстандық дарындар деп түсінетінбіз. Біз Тараз қаласына көшіп барған соң менің орынбасарым Амангелді Қарентаев қазақтың дәстүрі – бойынша ерулікке шақырды. Келініміз Гүлзипа биязы, мінезге бай, өте жақсы әнші де екен, салған әндері, әсерлі, арасында Алтынбектің де өлеңдерін айтты. Мен ол композитордың өлеңдерін жақсы көретінімді, Торғайдан осында көшерде бірнеше өлеңдерін таспаға түсіртіп алғанымды айттым. Амангелді Алтынбектің көрші тұратынын, егерде қарсы болмасам шақыруға дай-ын екенін білдірді. Мен қуанып кеттім. Содан Алтынбек келді. Жүзі жылы, ақсары, сымбатты келген сыпайы жігіт екен. Содан түннің біраз уақытына дейін өлеңдерін айтты. «Қара кемпір»-ден бастаттым. Әуелі ол өлеңнің шығу тарихын түсіндірді. Өлең негізінде ұзақ, поэмаға ұқсас көрінеді. Одан кейін «Бозторғай» (Қара бала), «Қарашал», «Шашбаулым», «Мамаңның сен мамандығын сұрама» т.б. әндер. Ауылдық жердегілердің кәрі-жасы Алтынбектің өлеңдерін мейірлене, сүйсіне айтып жүреді. Тек қаланың дуы мен шуына әуес кейбіреулері ғана бұл өлеңдерді мұңды, зарлы деп зер сала, мән бере тыңдай алмайды. Ой-тереңіне сүңгіп, мағынасын толық, түсіне бермейді. Тебірене білмейді. Өйткені олар естігені болмаса, тыңдай білмейді.

Амангелдінің үйінен, қонақтан тарқарда Алтынбекке айттым: «Қарағым, маған ерулігің болсын өлеңдеріңді жазып бер», – дедім. Солай болды да.

Талас ауданының азаматы, әрі ақын, әрі әнші Асылбек Абдрахман да өзінің қоңыр дауысымен Арқаның, әсіресе Мәдидің, Ақан сері мен Біржан сал, Үкілі Ыбырайдың әндерін нақышына келтіріп, тартымды айтады екен. Бірнеше рет ән салдырып, қолқалап таспаға түсіріп алдым.



1988 жылы желтоқсан айында Сарысу аудандық партия ұйымының конференциясын өткізуге барып, жиналыстан кейін ауданның көркем өнерпаздарының ән-сауық кеші өткізілді. Сол орындаушылардың ішінде мектеп оқытушысы Сәуле Жанпейісованың өзі домбырамен сүйемелдеп айтқан әндері маған үлкен сүйкімді әсер қалдырды. Дауысы өте жоғары, таза, әнді нақышына келтіре, сөздерін анық, жігерлендіре нығарлап, желдірмелетіп айтады. Бұрын да талай орындаушылардың әндерін естіп жүрміз ғой, мына орындау да, орындаушы да ерекше. Мен республика көлемінде талай таланттардың ішінде Нұрғали Нүсіпжановты кез келген әнге жан бітіріп, әрлендіріп, мәнінде, дәмінде келтіріп, тамылжыта сазды, назды орындайтын ерекшелігіне сүйсіне тындаушы едім. Осы жолы да сондай әсерде қалдым. Кеш аяқталған соң аудандық атқару комитетінің төрағасы Ілияс деген жігітке осы қыздың орындауындағы таңдаулы әндерін таспаға түсіріп беруін өтіндім. Кейін Сәуле Жанпейісова республика көлемінде атақты, абыройлы әншілер тобына дейін көтерілді. Бірақ әрқашан үздік, оқшау тұрады.

Шу ауданының күйші-композиторы Желдібаевтың да өзі шығарған күйлері мен әндерін жаздыртып алдым. Өсіресе, «Ерке сылқым» – деген күйі қатты ұнайтын. Мен өзім ақын да, әнші де емеспін, бәрін тізіп жазып жатқаным ұрпақтарым да әрқашан сергек, сезімтал, ақынжанды азамат-тар болып өссін деймін. Ондай адамдардың жүректері жомарт болады.

1988 жылдың желтоқсан айында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әнуәр Хамзаұлы Республикаға ауысып, орнына Байжанов Сәбит Мұқанұлы келді. Ол кісімен бұрын екі-үш рет кездескенбіз. Москвада Орталық комитетте қызмет атқарған, республикада байланыс министрі болды. Ертеректе Павлодар облысында облыстық байланыс са-ласын, Екібастұз қаласын басқарған. Яғни, өмірдің, өндірістің сатылары-нан өтіп, мол тәжірибе жинақтаған адам. Ол кісі келгенде мен іс сапары-мен Қытайда жүргенмін. Қайтып келген соң кіріп, танысып, (бұрыннан білетінін айтты), қысқаша облыстық агроөндіріс саласының жағдайларын баяндап бердім. Ысылып, өткерілген азамат ғой жедел облыс өміріне ара-ласып кетті. Күндегі кезекті мәселелерден басқа екі өзекті істерді қолға алды. Бірі: облыста өзінің телеорталығы жоқ болатын, соны бір жылдың көлемінде шешіп, облыс халқының ризашылығына бөленді.

Екіншісі: жоғарыда айтылғандай, жаз жайлауға, Бетбақдала арқылы Жезқазған жеріне, Қаражал төңірегіне, 500-600 шақырым жол азабымен, қой, қара малдарды көшірудің ауыртпалықтарын жеңілдететін көтерме жолды қолға алып, екі жылда аяқтатты.

Ауылшаруашылығының жұмыстарын бірыңғай маған сеніп, қолдап, көмектесіп отырды. Дегенмен байқаймын, келгеніме 4-5 айдың жүзі болып қалса да басқа саладағы кейбір мекеме басшылары менің дәрежемді агроөндірістік кәсіпорындардың шеңберінде ғана қабылдап, облыстық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасарлығымды жәй қосалқы лауазым ретінде қабылдап, тапсырмаларыма қарсылық білдірмесе де, кейде олардың орындалуын міндетті деп есептемейтін сияқты. Сәбит Мұқанұлына барып, қаңтар айында ауылшаруашылық саласы бойынша күрделі құрылыс салудағы жылдық қортынды жасасақ және ол мәжілісті аудандық партия комитетінің бірінші хатшыларын, атқару комитетінің төрағаларын, олардың күрделі құрылыс жөніндегі орынбасарларын, аудандық агроөндірістің басшылары мен орынбасарларын, облыстық, өндірістік басқармалардың басшыларын, облыстық партия, атқару комитетінің хатшылары мен орынбасарларын шақырып, өздерінің қатысуымен жиналысты облыстық агрокомитетінде өткізсек деп өтініш айттым. Келісті. Солай болды.

Ондағы негізгі мақсатым облыс, аудан басшыларының алдында беделімді бекітіп, қонған тұғырымның дәрежесін көтеру.

Оқушы қауым ойлап қалмаңдар, Кеңес тек өзінің абырой-атағын ойлайды, сол үшін қам жейді екен деп. Шыңғысхан өзінің балаларына бірде өсиет айтыпты: «Еліңе сыйлы боламын десең тағыңнан түспе», – деп. Басыңа қонған бақ та, отырған тақ та бір-біріне үйлесімді, сәйкес, бірін-бірі толықтырып отырулары керек. Бірі ақсаса – алысқа ұзай алмайсың. Танымайтын елге, жаңа жерге келген азамат барын да, бәрін де, атқарып отырған жұмысына салуы керек. Қабілетін де, мүмкіндігін де көрсете білуге тиісті. Солай қызмет атқарып алғашқы үш-төрт жылда бедел байлығының негізін қалап, қорын жинай білсең, әрмен қарай бедел саған қызмет ете бастайды. Тоқ етері, бедерсіз беделдің халыққа берері берекесіз. Қызмет бабындағы отырған жалаң тағың тым қатты – не ұзақ отыра алмайсың, отырсаң да қопандай бересің. Жиналыста күрделі құрылыс са-ласын басқаратын орынбасарым Шалепов В.М. баяндама жасады. Жарыс сөзге аудан, облыс басшылары шықты. Ең соңында мен сөйледім. Әліде кемшіліктердің көп екенін айта келіп, біздің ауылшаруашылық саласы-на осында отырған барлықтарыңыз қолдау, көмек жасап жатырсыздар, оларыңызға рахмет деп ризашылығымды айттым. Сол кезде залдан бір ауданның бірінші хатшысы (атын айтпай-ақ қояйын, марқұм болған) дауыстап, дегенмен, партия – өкімет қаулыларында негізгі жауапкершілікті агрокомитеттерге жүктеген ғой демесі бар ма. Жолдас (аты-жөнін айтып),

Сіз қаулыдағы сөйлемді түгел оқымаған екенсіз. Ол жерде нүкте емес үтір тұрған еді ғой, – дедім. Зал ду күлді. М. Горькийдің бір мақаласынан оқығаным бар еді. Жауабым ұтымды шықты деп ойладым.

– Жолдастар, жаңағы әңгіменің желісін әрмен қарай жалғастырсам, егерде сыпайлықтың шеңберінен шығып кетсем кешірерсіздер, мен облыстық атқару комитетінің Төрағасының бірінші орынбасарымын. Кейбір облыстық мекеме басшылары менің қызмет орнымның атқару комитетінде емес, облагокомитетте екенін елей ме, кейде жүре тыңдап, жауырынымен сөйлескілері келеді. Ондайларға мен кешірімділікпен қарағанмен қызмет бабым келіспейді. Сондықтан бүгін облыстың бірінші басшыларымен, аудан, облыс мекеме басшыларының алдында пікірімді ашық айтайын: менің облыста екі-ақ басшым бар: облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы және облыстық атқару комитетінің төрағасы. Қалғандарыңмен терезем тең. Ал мекеме басшыларына айта-рым, менің тапсырмам, нұсқауларым – бірінші орынбасардың тапсырма-сы – олар орындалуға міндетті,- дедім. Менің бұл ашық пікірлерім дұрыс, орынды қойылып, елеулі әсер еткендей әсер қалдырды.

1989 жылдың қараша айында облыстық партия комитетінің плену-мы болып, жоғарыдан келген нұсқау бойынша, онда бюро мүшелері есеп беруге тиісті болды. Мен есебімді өндірістік жұмыстарға емес, халықпен жұмыс істеуді арқау етіп, өндірістік көрсеткіштер соның салдары, дедім. Жеке-жеке мүшелеп, жіліктедім.

1. Адамдар өмір бойы бір-біріне әрі шәкірт, әрі ұстаз. Тіпті сені жамандап тұрсада сенің кемшіліктеріңді көрсетеді, болмаса сондай болғаныңды қалайды. Сақтандырады. Бұл жұмысымдағы негізгі бағытым.

2. Қай салада, қандай дәрежеде қызмет, жұмыс атқарсаңда экономисттік, бухгалтерлік талдау жасай білуің керек. Атамыз қазақ: «Есеп білмеген есек» деп кесіп айтқан.

3. Өмірді, өндірісті жан-жақты терең білу. Ол үшін сергектік, ынта-лы, ізденісте болу. Өміріңді ұйқысырау жағдайда өткізбеу.

4. Міндеттеріңді жан-тәніңмен беріле атқару. Бар ауыртпалықтың тірегі де, тіреуі де тек менмін деп қана түсіну. Көптің бірімін, менсіз де басқалар атқарар десен беріліп жұмыс атқара алмайсың. Жұмыста – фа-натик болу.

5. Бақталастық – біреудің өзіңнен артықтығын, озықтығын мойындауың, намыстансаң жақсы болуға тырыс. Бақталастық – қызғаныш. Қызғаныш – іштарлық, өзімшілдік, менмендік.

Мен өмір жолымда, қызмет барысымда осы қағидаларды негізгі бағыттарым деп есептеймін. Олар менің өмірлік кредом. Күнделікті жұмыстарым да осы ұстанымдарымның төңірегінде өрбиді. Өрісі мен өресін өздерің бағаларсыңдар деп есебімді аяқтадым. Әрбір баяндамашыға екі-үш адам сыншылар дайындалыпты. Енді жарыс сөздер басталды. Біраздан кейін менің сыншыларым сөз алды. Облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы Жүнісәлиев Әнуәр: облыстық, аудандық, агрокомитеттер, ауылдық шаруашылық басшылары кәсіподақ ұйымына көмек көрсетпейді, өзара байланыстары жетімсіз деген жалпылама сын айтты.

Келесі жарыс сөзге облыстық «Знамя труда» газетінің редакторы (аты есімде жоқ, өйткені бір жылдай ғана жұмыс істеп, кетіп қалды) менің қызмет дәрежелерімді асыра пайдаланатынымды, кейде редакция қызметкерлерін шақырып, тапсырмалар беретінімді айтты.

Жалпы жарыс сөздер аяқталған соң, әрбір бюро мүшелерінің өздеріне айтылған сындарға жауап беру басталды. Мен: әрбір облыстық мекемелердің аудан, жергілікті жерлерде салалық қызмет орындары бар, бірақ совхозға барса бар жауапкершілікті тек директорға артып, бар талаптарын соған айтады. Партия бізге: «Кәсіподақ – коммунизм мектебі» деп, олардың еңбекшілерді екіпінді, өнімді еңбекке тәрбиелеудегі орнын, міндеттерін анықтап берсе де, олар еңбекке тәрбиелеуді шаруашылық басшыларына итере салуға әуес. Неге облыстық кәсіподақ ұйымы өз жұмыстарын тікелей аудан, шаруашылықтағы кәсіби комитеттерімен ұйымдастырудың орнына тағы да өз міндеттерін біздерге жүктегісі келеді. Қызмет бабында ешкімді ешкім қолынан жетектеп жүруге тиісті емес. Қызмет болған соң жауапкершілікті де қоса атқарған жөн. Әйтпесе, орыстың мақалындағыдай: «Один с сошкой, семеро с ложкой» болып шығып жүр дедім. Редактор жолдастың сынына айтарым: расында да мен жуырда екі облыстық газеттердің орынбасарларын шақырып, өз орынбасарларыммен жүздестірдім. Мақсатым: облыстық газеттерде көлік мәселесі жетімсіз. Олардың қызметкерлерінің ауылдарға баруға мүмкіндіктері шектеулі. Сондықтан облагрокомитеттің қызметкерлері жол сапарларға шығарда редакцияға хабарласып, баратын адамдарын ала кетсін. Тілшілер елдегі, шаруашылықтағы кемшіліктерді көріп, біліп қояды деп қорықпандар. Кейде біз көрмеген, естімеген өндірістердің озығын да, тозығын да олар естіп, көріп отырады. Сондықтан сын болсын, мадақтау болсын бізге деген көмек. Сын түзелмей – мін түзелмейді де-ген. Сыннан қорықпандар деп тапсырма бергенім рас. Бірақ оны сіздерге

бұрмалап жеткізіп тұр. Мейлі «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа», деп түсінген шығар, бірақ Мұқтар Әуезов айтқанындай: «Сын – шын болуы керек, шын – сын болуы керек» – дедім. Екі сыншымды да ұттым деп ой-ладым. Бұл да күрестің бір түрі ғой.

1990 жылдың наурыз айында Сарыағашта демалып жатқанбыз. Біздің Талас аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Омаров Амангелді деген жігіт те жұбайымен демалуға келіпті. Бір күні әңгімелесіп отырып, Амангелді: «Аға осы сайлауда депутаттыққа сайлануға жарысқа түспейсіз бе? Біздің округтен түсіңіз, қолдап әкетеміз»- дегені. Оған дейін депутат болу ойымда да жоқ еді. Депутаттыққа кандидаттарды тіркеу қызу жүріп жатқан. Әрі ойланып, бері ойланып түссем түсіп көрейін, өте алмасам, кемшілікке саналмас, тәуекел деп бел будым. Содан дема-лыс мерзімі аяқталмай, елге қайтпақшы болдық. Амангелді ауданға ба-рып мені депутатқа кандидатқа ұсынуды қолға алмақшы, ал мен қажетті құжаттарды дайындап сайлау комиссиясынан тіркеуден өтпекшімін. Облысқа келіп бірінші хатшыға, Байжанов Сәбит Мұқанұлына қарсылық білдірмесе сайлауға түсуге бел бұғанымды айттым. Ол кісі келісім берді. Содан майданға араласып кеттім. Үміткерлер жеті адам. Мен түсетін округ: Талас, Сарысу аудандарымен Жаңатас, Қаратау кенші қалалары. Сайлаушылармен кейде жеке, кейде топтасып кездесулер өткізе бастадық. Әрине, бәріміз де сайлаушыларға, олардың талап-тілектерін орындауға көмектесіп, өндірістің өркендеуіне ат салысамыз, денсаулық сақтау, оқу-ағарту салалары да назарымызда болады деп сендіріп жатырмыз. Кейбіреулері сөйлеген сөздерімізге сенетіндерін, дауыс беретіндерін айтса, кейбіреулері күдіктенетіндерінде жасырған жоқ. Өйтеуір қызу күрес. Күнде үш-төрт мекемелермен кездесеміз. Аудандық, қалалық га-зеттерде, радиоларда әрқайсымызды әртүрлі дәрежеде мақтап, мадақтап, қолдайтындарын айтып жатыр. Талас ауданынан мен танымайтын бір жас жігіт: Сабырғали Ырысбаев деген азамат аудандық газет арқылы мені қолдайық деп арнайы өлең шығарыпты:

Сайлаушы ағайынға

Уа халқым, туып өскен кең далам,
Жаны бірге, намысы бір мен балаң.
Туған жердің келешегін көздемей,
Елді бұзған жікшілдерге таң қалам.

Елу алты Ер, қос ұлы Батыр атанған,
Ұлы жерде кеудем толы от – арман.



Халық қамын ойламаған бәзбіреу,
Ел бірлігін ірітуге бет алған.

Қызың да бір, ұлың да бір емес
пе, Түсесіздер неге көзсіз егеске.
Бір жеңнен қол шығарайық, ағайын,
Бағаң артар, сол бірлігің емес пе.
Арамызда көп қой әлі азап – мұң,
Тумасыншы басымызға мазақ күн.
Нұрсұлтандай бас болғанда адал ұл,
Жүзге бөлген жүзі күйсін қазақтың.

Ұл – қызынды халық сүйіп қалаған,
Сақтасыншы Алла көз бен жаладан.
Халық қамын ойлап қайғы жұтқандар
Онсыз да аз саусақпенен санаған.

Келді ортаға қарлығаш та, қыран да,
Қалауыңды айт, демеймін тек ұранда.
Сұранарым ақылмен шеш асықпай,
Сай болсын тек ертең қояр сұрамға.

Істеу қиын, айту оңай сөзбенен,
Жарандар көп қиындыққа төзбеген. Өмір
заңы – жүйрік озар жүйріктен, Әділ
болсын қояр белгің көздеген. Түзік ойдан
ашылсын бір тынысың, Жаздым өлең
есер жанның тілі үшін. Ер болып біз
көтермесек ел қамын, Жеңілдемек қалай
бауырым, жұмысың.

Сенім жүгін жүре алмаған қолдасып,
Өз пікірін айта алмаған сол жасық.
Екіжүзді ел арына у сепкен,
Жүргендер сол ақылынан алжасып.

Ақын емен аты шығып төселген,
Арылайық көзсіз ура – кеселден.



Еске алайық халық сөзін даналық,
«Қолында жоқ қамшылайды көсеумен».

Қаратау мен Таласымның назы асып,
Жүрсін десең облыста сөзі асық.
Дауыс бергін Кеңес Аманұлына, Қадірі
мол азаматқа көзі ашық.

Көш соңында Таласымның тұрмысы,
Көп мұқтаждан тарылып тұр тынысы.
Көтерсем деп жүрген осы ауданды,
Әубәкіров – еңбекші елдің ырысы.

Бұл пікірім саналмайды қатаға,
Халықпыз ғой басын иген батаға.
Өткен жолы өсер елге өнеге,
Ұрпақ зәру ақыл айтар атаға.

«Сатылмаймын атақ пенен пұлыңа,
Жан садаға ар мен халық сынына».
Деген еді дауыс берем өзім де,
Әубәкіров Кеңес Аманұлына.

Демеймін мен жарамсақ боп жағайын,
Ақылға сал түсіне алсаң талайың.
Алдындағы ел тағдыры, анық бас,
Ашық күнде адаспайық, ағайын.

Ақкөл ауылы.

27 наурыз, 1990 ж.

Сайлау өтті, екі адам қосымша сайлауға өттік. Онда 400 дауыс басымдықпен қарсыласым Гүлмира деген мұғалім қарындас озып шықты. Біреулер бармақ басты, көз қыста болды дегенді айтты. Республикадағы білікті бір ағайындары Әубәкіров біржарым жыл ішінде Жамбылға не жақсылық істеп үлгерді дейсің, өздеріңнің мұғалім қыздарыңды өткізіңдер, мұндай мүмкіндік бола бермес депті десті. Өтпей қалдым деп өкінген де, өкпелеген де жоқпын. Халыққа рахмет. Шындығында менің Жамбылда қызмет істегеніме бір жыл сегіз айдай ғана уақыт болған-ды.

Сондықтан көңілдің терезесіне сәл көлеңке түскенімен кірлеткен жоқ. Бәрі әділ болды деп есептеймін. Ел ішінде: «дейді екен де, дейді екендер» бола береді ғой.

Қызу еңбекке қайта араластық. 90-шы жылдардың басында егістікке шетелдік жаңа технологиялық тәсілдер, құралдар енгізу өндірістің есігін еппен ашып кіріп келе жатқан кездері. Қордай ауданында Н.Ә. Назарбаев бастаған республиканың басшылары қатысқан америкалық технология-мен дәнді дақылдар себуді көрсеткен семинар өтті. Доңғалақты тракторға тіркелген тұқым сепкіш (сеялка) бір мезгілде бірнеше түрлі жұмыстар атқаратын (арамшөпті отау, тұқымды, тыңайтқышты себу, тырмалау, себілген жердің топырағын тығыздау) күрделі агрегаттың жұмыстарымен танысты.

Байзақ, Жамбыл аудандарында көкөністі, жеміс-жидектерді, жүзімді, жылы жайлардағы (парниктердегі) өнімді өсімдіктерді: Израильдықтардың тамшылатып суару тәсілдерінде кеңінен қолдана бастадық. Жуалы ауданында картопты Голландиялық технологиямен өсіруде өндірісте кеңінен қолданыс тапты. Әйтеуір ауылшаруашылық саласында ғылыми, шетелдік озық жаңалықтарды іздеу, табу, тану, қабылдау – бәрі жүйелі талпыныстардың өзегіне айналды.

Шетелдіктердің өмірімен, өндірісімен танысу мақсатында үш рет Қытайда (СУАР-да, Құлжада) болдым, кейін Швейцарияда, Францияда, Оңтүстік Кореяға бардық. Әрқайсысына терең талдау жасамай-ақ, жалпыламай айтқанда маған ерекше ұнағаны Оңтүстік Корея. Күтуші адамдары, қызмет бабында кездескендері мәдениетті, биязы, нәзік, сыпайы жан-дар. Өздерінің ерте замандағы салт-дәстүрлерін қатты құрметтеп, мақтап, мадақтап отырады. Көне тарихи орындарды бұрынғы қалпында сақтап, күтіп, қадірлеп ұстаулары біздерге үлкен әсер қалдырды. Басқаларға сабақ боларлықтай.

Біз сияқты дархандық пен дарақылықтың шегімен шеңберін шатыстырып алмай, сыйластықты, сыпайылықты тең ұстай білетін көрінеді.

Қай өндіріс орындарына барсаңда (завод, фабрикалары) жоғары дәрежедегі тазалық, жинақылық. Бір сөзбен айтқанда – суреттегідей.

1991 жылы Әлем тұтқасын ұстап отырған алпауыттардың маңдай алды, күш-қуатымен жауын ықтырып, дұшпанын бұқтырып отырған Кеңес Одағы ел басқаруға қабілетсіз, дарынсыз дарақы Горбачевтың дәрменсіздігінен ыдырап тынды. Кейін кейбір данышпансымақтар негізгі кінәні социализмнің саяси, экономикалық жүйелерінің кемістігі деп түсіндіруге тырысты. Мен терең теоретик, тарихшы болмағаныммен оң

мен солымды танитын түсінігім де, түйсігім де біреу құрлы жеткілікті деп ойлаймын. Сталин Россияны, Қазақстанды, басқа республикаларды қандай саяси, экономикалық, әлеуметтік – тұрмыстық, сауатсыздық, мәдениет дәрежелерінде қабылдады. Жетпіс жылда Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы жылдарын, олардың салдарларын алып тастағанда 30-35 жылда басқаларын былай қойғанда, Қазақстанды қандай биікке көтерді. Қалалар, ірі өндірістер, ауылшаруашылығы, колхоз-совхоздар, сауатсыздықтан ғылым-білім шыңына көтерді, теміржол тораптары т.б. Барлық республикаларда да осылай болды. Горбачев және басқа өкімет, үкімет басшылары осылардың тізгінін ұстай білмеді. Қабілеттері жетпеді. Көке мылжың. Сағыз сөз. Данышпан бабаларымыз:

«Өлген соң арыстаннан тышқан артық,

Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық,-

деген ғой. Сталиннің, социализмнің бірінші қас жауы Уистон Черчилль: «Сталин Россияны соқамен қабылдап, атомдық мемлекет дәрежесінде қалдырды», – деген екен.

Кеңес Одағы құлағаннан кейін қазір бәрі Адам атаның рөлінде: «Өмір менен басталып жатыр»- дегілері келеді. Біздің республикада басқалар сияқты егемендік алды. Әлі егемендіктің қадірі мен қасиеттерін толық түсінбесекте бас киімімізді аспанға атып, бөркімізді қоқырайта киіп, кердең басып маңғаздана бастадық. Асығыстау болсада егемендіктің атына ер салмай, жайдақ мініп, тіпті тоқым да салмай, әйтеуір тездетіп капитализмнің жолына шықтық. Жүре көрерміз, не ат жауыр болады, не бізге ауыр болады дедік.

1992 жылы қазан айында облыстардың бірінші басшылары Алматыға Қазақ республикасының егемендік алған бір жылдық торқалы тойына шақырылып, облыста салтанатты жиналыста баяндама жасау маған тапсырылды. Саяси өзгерістерге байланысты облыстық атқару комитеті таратылып, облыс басқару орынын әкімшілік деп атады. Енді мен әкімнің бірінші орынбасары болып тағайындалдым. Бұрын ауылшаруашылығын басқарсам, енді экономикалық салаларды басқарамын. Баяндама бітіп, үзілісте демалыс бөлмесіне барғанымда, президиумда отырған ардагерлер келіп қолымды алып алғыстарын айтты. Өйткені, қазақ тілінде баяндама жасалғаны естерінде қалмапты. Білмейміз деді. Ертеңінде Тоқтамысов Сәлімгерей ақсақал жұмысыма телефон соқты. Денсаулығына байланысты жиналысқа қатыса алмапты (80 нен асып кеткен). Қазақ тілінде жақсы баяндама жасапсың. Мына Жапарға өмірі кісі жақпайтын, кірпияз адам еді. Таңертең келіп: мына Әубәкіровтың сөз саптасы жақсы екен.

Сөздерін жүйелеп, етек – жеңін жинап, белбеуін буып, түйіндеп отырады екен – депті.

Тоқтамысов Сәлімгерей бұрын (ұмытпасам 60 жылдары) Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, содан біреулер проферанс (карт) ойнайды деп, тағы басқа кемшіліктерін көрсетіп қызметінен босатып, Жамбыл облысының Қордай ауданының бір кеңшарына директорлыққа жібереді. Кейін қайтадан көтеріп облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасарлығына тағайындайды. Сол қызметтен зейнеткерлікке шығады. Руы – қыпшақ екен, содан маған іш тарта сөйлеседі. Ал өзі ұзын бойлы, келбетті, етжеңді ақсары адам. Сөздері салмақты, ұтымды.

Жаңағы айтып отырған Түйебеков Жапар деген ақсақал екеуі облыстық атқару комитетінде орынбасар болып қатар қызмет атқарған. Екеуі көрші тұратын. Жақаң жұқалтаң келген, қараторы (бидай өңді деп те айтуға лайық) салмақтап баяу сөйлейтін, сүйкімді аға еді. Бұл кісілерден басқа бауыр тартып, жылы сөйлесетін Салбәкіров Әбдірахман деген ағамыз болды. Көп жылдары республика, облыс көлемінде тұтынушылар одағында басқарушы орындарда еңбек еткен. Шәмшібану деген жеңгеміз болды. Екеуі де келбетті, мінезге бай, өз бағаларын да, өзгелердің де бағаларын түсіне білетін-ді. Тағы қамқоршы ағаларымыздың бірі – Бари-ям Тұрсынұлы. Үш-төрт облыстарда істеген қызметі облыс прокуроры. Отыз жылдан астам заң орындарында жұмыс істеген. «Жезде» деп әзілдеп қоятынмын. Өйткені жұбайы Минуара апай біздің Ертіс ауданының Үл-гілі деген ауылынан. Осы аға, жеңгейлердің кездескенде: Кеңес қарағым, халың қалай, жұмысың жақсы ма деп амандасқандарының өзі мені бір сатыға көтеріп тастайтын. Ол кісілердің бәрі жәй қатардағы қарттар емес, кесек тұлғалар ғой. Ол кісілермен жәй кездескеннің өзінде бойым-ды жинап, ойымды саралап, жинақы отыруға тырысатынмын. Өмірдің сабақтары көп ғой, бірақ кейде бәріне бірдей үлгеріміміз жетіспей жата-ды. Бірақ ізденістен, талпыныстан жалықпадым.

Бірде Талас аудандық партия комитетінің пленумын өткізуге қатыстым. Жарыссөзге шықтым. Сөзім аяқталуға жақындағанда бір совхоздың директоры орынында отырып: Бүгінгі Пленумымыз әдебиет кешіндей болды ғой, демесі бар ма. Жүрегіме дық ете түсті, тық ете түсті, шық ете түсті. Маған кекесін сияқты сезілді. Сөйлеп тұрып ойлап тұрмын: қалай жауап беруім керек деп. Есіме Бөлтірік шешеннің бір әңгімесі түсе кетті. Бөлтірік өзі шешен, өзі батыр болған. Өлгі 1848 жылғы қырғыздың

манабы Орманхан шешесіне ас беріп, қазақтарға сауын айтып, сонда Талдықорғаннан (Жетісудан) Тезек төре өзінің сән-салтанатымен барып, жанына батырдан Саурықты, шешеннен Бөлтірікті, айтыс ақынынан 21 жастағы Сүйінбайды ертіп барады.

Айтыс басталады. Қырғыз ақыны Қатаған да өте дарынды. Айтысты бастап, Сүйінбайға, қазақтарға намысына тиетін өткір де ауыр сөздерді жаудырады. Енді кезек Сүйінбайға келгенде, ананың сөздеріне намыстанып, тығылып отырды ма, аһ ... деп бастағанда дауысы шықпай қалады. Сонда Бөлтірік: албасты, басып отыр ма? Шығар даусыңды, – деп қолындағы қамшысымен арқадан тартып қалады. Содан Сүйінбай ширығып, бұрқанып өлеңнің тізгінін жібереді ғой. Бүкіл үш жүздің қадір – қасиеттерін айтады. Енді кезек Қатағанға келгенде тойды басқарып отырған Қарабәйтік: «Сүйінбай сен жеңдің, Қатаған сен жеңілдің. Сен мақтанып кеттің: қырғыз қашан қазақтан көп болып еді, қырғыз қашан қазақтан бай болып еді. Сен қазақтың ала ауыздығын айтқанда жеңуші едің», - деген екен.

Міне, сол Бөлтірік кейін жол жүріп қырғыз еліне келе жатыр дегенді естіп, қырғыздың манабы Орманхан бір шешенін шақырып алып: «Осы Бөлтірік келсе бізге сөз бермейді, соны сөзден тоқтатшы», – дейді. Бөлтірік келіп, бәрі әңгімелесіп отырғанда қырғыздың шешені: «Ей, Бөлтірік ат жаманы соқпақшыл, адам жаманы тақпақшыл келеді деуші еді, асып, тасый бермей бізге де кезек берсейші», - деген екен. Сонда Бөлтірік: **«Сөз атасы мақалды, Ердің көркі сақалды, сақалы жоқ сендейлер, қасабалы тоқалды»**, – деген де қырғыздың шешені үйден шығып кеткен екен. Жаңағы директорға соны айтайын десем менде де сақал жоқ және Қасаба деген сөздің мағынасын білмеймін. Бірақ оны бұрдым да: «Бөлтірік бабамыз қырғыздарға барғанда, қырғыздың шешенінің айтқанына жауап беріп: өсіп сөйлесем, бөсіп сөйлесем, көсіп сөйлесем, кесіп сөйлесем, тесіп сөйлесем қырғыздар сендермен құдандалы, ауылымыз аралас, қойымыз қоралас туыстығымыз шығар: Ел қадірін ер біледі, Ер қадірін ел біледі. Тек ит ғана кісі таңдамайды, көрінгенге үреді», – деген екен дедім. Өлгі директорым үстінен біреу мұздай су құйып жібергендей орнынан ұшып тұрды: «Кеңес Аманұлы сіз мені түсінбей қалдыңыз. Бұрын Пле-нум, сессиялар өткізіліп жүргенде, мұндай қазақтың байырғы тілі мен мақал-мәтелдерді кеңінен пайдаланып сөйлеу болмаушы еді. Бәрі ресми түрде, ресми тілде сөйленетін», – деді. Мен де: «Қарағым, бабамыздың бұл сөзін саған айтып жатқан жоқпын, әр сөзге мән беретінін айтып жа-

тырмын», – дедім. Кейін, әттеген-ай, сөздің бағытын аңдамай қаттырақ айтып жібердім-ау деп өкіндім.

Не істейсің: айтылған сөз – атылған оқ. Қайтарып ала алмайсың. «Қасаба» деген сөздің мағынасын кейін түсіндім. Жас келіншектердің бас киімі екен. Желкесіне желбіреуік салып, асыл тастармен, моншақтармен, күміс-теңгелермен әшекейлейтін – тақия.

1994 жыл қаңтар айы. Кабинетіме Жамбыл қаласының әкімі Алди-яр Жүсіпов келді. Осы елге келгелі отбасымызбен араласып, дастарха-нымыз ортақ десе де болатын. Жұбайы Айша да ашық мінезді, жұқалаң өнді, көрікті, қашан көрсең де ағалап-тәтелеп тұратын. Алдиярмен сы-рымыз да бүкпесіз еді. Жұмыста қарым-қатынасымыз – ресми. Маған сайлауға дайындықтар жүріп жатыр, қаладағы үш округтің бірінен депутаттыққа кандидаттыққа түсуіме ұсыныс жасады. Мен рахмет ай-тып, келісім бермедім. Айттым: «Кейбіреулер Әубәкіров депутаттық десе елпілдеп, желпілдеп тұрады екен деп ойлаулары мүмкін», – дедім. Арты-нан, бір жұмадай уақыт өткенде қайта келіп, қаланың ауылшаруашылық өнімдерімен айналысатын мекемелердің топтасқан бөлігіндегі № 46 округтен сайлауға түсуімді, мекеме басшыларымен келісіп қойғанын, сенімді өкіл ретінде әкімдіктің қазақ тілі комитетінің бөлім бастығы, ел ішінде қадірі мол, беделді ақсақал Садықбеков Әкім деген ақсақал болатынын айтып, келіскенді жөн көрді. Ойладым, несіне шірене беремін өтсем-өттім, өтпесем ешкім тонымды шешіп алмас деп ұйғардым. Облыс әкімі Өмірбек Байгелдіге барып айтып едім, қарсылық білдірмеді. Келістім. Кірістім. Таласқан тоғыз үміткер едік, бірінші айналымда жеңіп шықтым. Кейін туған ағамдай болып кеткен Садықбеков Әкім ақсақал сенімді өкілдікті күткенімізден артық орындап шықты. Рахмет. Қаланың әкімі Жүсіпов Алдияр орынбасарларымен, мекеме, кәсіпорын басшыларымен күні-түні бірге жүріп, шашбауымды көтеріп, үгіт-насихат жұмыстарын екпінді, ұтымды ұйымдастырып, мені сүріндірмей қауғалап, қолтықтап алып шықты. Алдиярға, Әкім ағаға, азаматтарға рахметімді сол кезде де айтқанмын, бүгінде, өзімнің кішкентай тарихым ғой кітабымда да тағы да шексіз ризашылығымды қайталаймын. Әрине, кандидаттар арасында айтыс та, тартыс та, талас та, аяқтан шалғысы келгендер де – бәрі болды. Пендешіліктің екі жағы да шексіз ғой. Сөйтіп, 1994 жылғы 7 наурызда Жамбыл облысынан Қазақ республикасының Жоғарғы Кеңесінің (XIII шақырылған) депутаттары болып жеті адам сайландық: Мен, Тұрсынхан Мүсірәлиев (ол да облыстық әкімнің орынбасары еді), жазушы Мұртаза Шерхан, Байсеркеев Ілесхан, Ахметов Әшімжан (екеуі де ғылыми

дәрежелері бар, институттарда ұстаздар еді), әскери қызметкер, (кейін генерал атағын алған) Болат Жанасаев және Социалистік Қазақстан газетінің бас редакторы Қалижан Уалихан. Облыс әкімі Өмірбек Байгелді жинап, құттықтап, депутаттық жұмысымызға сәттілік тіледі. Дос, жолдастарымыз кіші-гірім той жасап, Алматыға шығарып салды. Келген депутаттарды Алматы қонақ үйіне орналастырды. Екі-үш күн тіркеу, дайындық жұмыстары жүрді. Ертең сессияның алғашқы отырысы болады деген күні 15 депутатты тізім бойынша Президенттің қабылдауына шақырды. Президентпен Жамбыл облысында жұмыс бабымен келгенде үш рет кездесіп, дастархандас та болғанбыз. Дастархан басында қарапайым, ашық, көңілді отырады екен. Бір келгенінде Луговой асыл тұқымды (негізінен ақалтеке тектес) асыл тұқымды жылқы заводын да болып, жылқыларды серуендетіп, жаттықтыратын алаңында және әлемге аты әйгілі дүлділ, Кеңес Одағына 1962 жылы әлемдік жарыста ат спортынан, тұңғыш рет әлем чемпионы атағын әперген, әрине, одан кейін де бірнеше дүркін әлем, Одақ чемпионы болған сәйгүлік Абсенттің ескерткішін тамашалаған. «Абсент» осы заводтың тұлпары.

Нұрсұлтан Әбішұлының кабинетінде Нұртай Әбіқаев және қаржы министрі Еркешбай Дербісов бар екен (марқұм өте сүйкімді азамат болушы еді). Президент бәрімізді депутат болып сайланғанымызбен құттықтап, мемлекеттік жоғары лауазымды жұмыста алда тұрған міндеттерге қысқаша тоқтай келіп, табыс тіледі. Сөзін аяқтап, кімде қандай сұрақтар барын сұрады. Ертең, сессия ашылатын күн, Ұлы Отан соғысының ардагерлері өткен жылы қысқартылып қалған жеңілдіктерін талап етіп, алаңға шығады деп естігенбіз. Мен ардагерлердің өкпелі екенін, мүмкіндік болса жеңілдіктерін қайтаруға көмектесуін сұрадым. Президент министрге бұрылып, қанша қаражат керектігін сұрады. Ол кісі бөгелместен 40 млн. теңге деді. Менің ойымша бұл мәселе бұрын да талқыланып, шешімін күтіп жатқан болуы керек. Президент Әбіқаевқа бұрылып, үкім дайындауға тапсырма берді. Мен тағы да, Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл мәселе шешілген болса, теледидардан бүгінгі кешкі хабарда беріп жіберсе дедім. Нұрекең: ол да дұрыс екен деді. Сөйтіп халыққа алғашқы депутаттық көмегіміз тиді. Біз де, ел де риза болды. Ертеңіне алаңға жиналғандар болмады.

Президенттің қабылдауынан шыққан соң маған тағы бір ой келді. Пісуге жақын тұрған мәселе жедел, әп сәтте қолма-қол шешілді. Бізден де бұрын шешілуге таяу, тұрған түйін екен. Біз тездетуге себепші болдық.

Сондықтан кейбір мемлекет басшыларының Президентке өз ойларын шешімді, өтімді айтулары жетіспей жататын сияқты көрінді.

Ертеңінде Қазақстан республикасының Жоғарғы Кеңесінің (XIII шақырылған) сессиясы өз жұмысын бастады. Сессия жұмысына Нұрсұлтан Әбішұлы бастаған барлық өкімет, үкімет мүшелері, минис-трлер және де басқа да мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты. Сайланған 177 депутат мәжіліс залына орналасты. Бірінші қатардағы орындықтар шақырылған басшыларға, ал депутаттар екінші қатардан бастап орналасыпты. Бәрінің өздеріне белгіленген орындары бар. Әр адамның сөз сұрағанда қабырғадағы экранға шығатын мониторлық кноп-касы тұр. Бірінші күн тәртібіндегі мәселе: ұйымдастыру жұмыстары. Ұзақ (екі үзіліске созылған) айтыс-тартыстан кейін Жоғарғы Кеңестің төрағасы болып Әбіш Кекілбаев сайланды (Қазақстанның көрнекті жазушыларының бірі), оның орынбасарлары болып: Марат Оспанов, Зинаида Федотова, Қуаныш Сұлтановтар сайланды. Енді салалық 9 ко-митет құрылып, олардың төрағаларын сайлау басталды. Сессия бастал-май тұрып кімнің қай комитетке барғысы келетіні жөнінде тізімдер жасалған-ды. Біздің аграрлық комитеттен, 21 адамнан 6 депутат таласқа түсті. Менің келіспегеніме қарамай жамбылдықтар ұсынып жіберді. Да-уыс беру – жабық. Бірінші айналымда жеңіс болмай, екінші айналымға мен және Ильященко деген депутат екеуіміз өттік. Мен екінші айналымға түсуден бас тарттым. Екі себеп болды: біріншісі – Ильященко Ю.М. өткен сайлауда да аграрлық комитеттің төрағасы болыпты. Тәжірибесі бар. Екіншісі: мүйіз шықса бірсыпыра үлкенді-кішілі орындарда 35 жыл бастық болдым ғой, енді 60-қа келгенде жүгіріп қағаз жинап, үлкенді-кішілі азаматтарға қағаз тасып, қабылдауларында кезек күтіп тұрғанда қайтемін, осы депутаттығым да жетер, шен құмарлықтың шегін шұбыртпай-ақ қояйын деп ойладым. Басқарушы орындар толыққан соң, енді жан-жағыма қарап, отырған ортамды саралай бастадым. Орным екінші қатарда. Оң жағымда – Батыс Қазақстан облысынан, аты шулы казактар ұйымының белсенді басшыларының бірі: Водолазов Виктор Бо-рисович деген, қайтадан сайланып отырған депутат екен (үзіліс кезінде таныстардан сұрап алғанмын). Сол жағымда Шығыс Қазақстан облысы-нан, бұрын Кеңестер Одағы көлемінде депутат болып, Шығыс Қазақстан облысына автономиялық дәреже беруді көтеріп, шулатқан Васильева Стелла Георгиевна деген, орта жастағы әйел. Отырған орнымның мәнін енді түсіндім: ауыздық тістеп, бас асаулық білдірсе, ашуларына басу ай-татын дәрмені болар деген болу керек.

Депутаттардың қатарында бұрыннан танымал азаматтар да бар екен: Абдильдин Жабайхан, Абдрахманов Серік, Абдыкаримов Болат, Абишев Хабылсаят, Алдамжаров Ғазиз, Алпысбеков Қуаныш, Әубәкіров Тоқтар, Асанғазықызы Оразгүл (кейін қосылды), Байжұманов Асқар, Байменов Әлихан, Баймұратов Оразгелді, Балиева Зағипа, Бекбосынов Арғынбай, Бельгер Георольд, Беркенова Әсия, Бижанов Ахан, Жаганова Алтыншаш, Жолдасбеков Әмірбек, Ермагамбетова Аглен, Жексембинов Жомартқали, Жуланова Людмила, Зиманов Салық, Ибраев Рашид, Кадырова За-уре, Қажыбаев Аманкелді, Қалижанов Уалихан, Қараманов Ұзақбай, Көпбергенов Әбдіманап, Құлбатшаева Қалима, Макалкин Валентин, Мухамеджанов Орал, Нұрқадиллов Заманбек, Нұрахметов Досмұхамед, Сабденев Оразалы, Сартаев Солтан, Сейдалиев Мұрат, Сүлейменов Мехлис, Сүлейменов Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Сұлтанов Ерік, Тұрлыханов Дәулет, Шайжүнісов Мәркен, Шуховцов Анатолий, Щеголихин Иван. Мен танытын азаматтардың көбі бұрынғы сайлауда да депутат қатарында болғандар. Мұның бәрін тізіп жазып жатқаным – бұл да шежіре ғой. Та-рих қой. Осы азаматтар Қазақстанға азды-көпті еңбек сіңірген мемлекет, қоғам қайраткерлері. Ал менің осы азаматтармен қолтықтасып, тіпті кей-де пікір таластарына түсіп, депутат болып қызмет атқаруым да тағдырдың маған тартқан сыйлығы ғой.

Жұмыс орындарың деп екі депутатқа бір кабинеттен берді. Менің көршім, тағы да бұрын Шығыс Қазақстан облысында құс фабрикасының директоры болған, ой өрісі доғалдау болғанымен шовинизмнің борсыған иісі сезіліп тұрған Монетов деген депутат. Екеуімізге бір жеңіл машина бекітіліп берілді. Жұмысқа кірістік. Келесі күні екі құшақ бума келешек-те қаралатын заңдардың жобаларын әкеліп берді. Осыншама заңдарды оқып шығып, оған ұсыныс, түзетулер енгізу маған мүмкіндігі жоқ, қабілетімнен жоғары, ауыр жүк болып сезілді. Сөйтсем, заңдарды дай-ындау мемлекеттік мекемелердің жұмысы және оларды қараудың, талдау-дың мерзімді уақыттары, кестелері болатын көрінеді. Жұмыстарымызға қолқабыс тигізіп, көмектесу үшін әрбір депутатқа үш көмекшіден берілді. Екі көмекшіге өздерінің атқарып жүрген қызметтеріне қоса ауылшаруашылық министрлігінен, бұрыннан өзім танытын бөлім бас-шылары: бір экономисті, бір бухгалтерді көмекші етіп алдым, ал үшінші көмекшілікке облыстағы бұрынғы өзімнің көмекшім Сабыралиев Бек-болды тағайындадым. Оның негізгі жұмысы – сайлаушылардың өтініш – арыздарын қабылдау. Облыстық әкімдіктен кабинет алып бердім. Жұмыс кестесі бойынша жұмасына екі-үш рет депутаттардың жалпы отырысы

өткізіледі. Қалған күндерді өз еркімізше пайдаланамыз. Көпке дейін сессия мәжілісінің өзі бірсыпыра пайдасыз таласпен басталатын. Депутаттардың жартысына жуығы екінші, үшінші рет сайланғандар. Солар өздерінің тәжірибиеліліктерін көрсеткілері келе ме, ал кейбірлері, әсіресе оншақты депутаттар нағыз ағаш ауыз, көк езулер, мәжілістің күнтәртi бiн бекiтудiң өзiне 2-3 сағат уақытты босқа ысырап жасап, керісіп отырғандары. Әрине, ондайларға босбелбеулік көрсететін Төрағамен оның орынбасарлары да болды. Ауыздықсыз жүргендердің демократиялықты бүркемеленіп ретсіз қайта-қайта сөйлеулерін тежеуге дәрменсіздік жасап, жасқаншақтық білдірді. Алғашқы кезде біз түсінбейміз, сөйлейік десек кезегіміз жетпейді. Сөйтсек, жаңағы оншақты сөзқұмарлар сөздерін аяқтап, келесі әңгіменің не жөнінде боларын білмесе де қайта монитордың кнопкасын басып қоятын болып шықты. Бірде, әйтеуір, маған да кезек келіп: «Мен депутаттар деген азаматтарды мемлекет қайраткері деп түсінуші едім. Елдің қамқоршысы, жоқтаушысы деп ойлаушы едім. Көбің ұсақ, тайыз екенсіңдер», – деген пікірімді айттым. Әрине оларды тежеу, жөнге салу қиын еді.

Абайдың:

Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен
орақ орған өңкей қыртың, – дегеніндей.

Өйткені, әрқайсысы өзінше данышпан, ерекше тұлғамын деп ойлайды. Әрине, іштерінде сол кезеңдегі саяси, экономикалық, халықтың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайларын айтып, талап қоятын ірі, тұлғалы азаматтар да сұрыпталып, көзге көріне бастады. Бірақ, қоғамдық меншіктерді жекешелендіру өзінің тосындығына қарамай адамдардың пейілін, көзқарасын тез өзгертеді екен. Ашкөздікті қоздырып, ұмсын-дырып, үміттендіріп, жалап қалуды, талап қалуды жеделдетіп көп сұрақтарды қоздата беретін. Көкейлерінде жекеменшіктің сұр жыланы жалмаңдап, қомағайлардың қоғамның майлы табағына білектерін сыба-нып кірісе бастаған кезең еді. Мемлекеттік байлықтарды талау ірі өндіріс орындарының жанында саудамен айналысатын шағын мекемелер құрудан басталды. Мен депутаттыққа келердің алдында Жамбыл қаласының коммуналдық шаруашылықтарына қажетті металл, құбырлар әкелу үшін Теміртау, Қарағанды заводтарына қаланың әкімін бас етіп арнайы мамандар жіберіп едім, олар бір жұмадан аса уақыт жүріп, бірде-бір заводтың директорына кіре алмай, іс бітірмей бос қайтып келді. Әр заводтың төңірегінде 70-80 шағын мекемелер құрылған. Олар завод директорының есігін торыған сақшылары. Сені заводқа жолатпайды. Өздері заттарды,

өнімдерді басқа мемлекеттерге сатады. Қазақстан өндіріс орындарының қаймағын солар жеп, мемлекетке тек қаспағын қалдырады. Сондықтан егемендіктің алғашқы жылдарында сырт мемлекеттермен байланысымыз үзіліп қалды, қаржы бұлағы сарқылды дегеннің бәрі халықты алдау, арбау тәсілдері еді. Егемендікке дейін заводтардағы, өндіріс орындарындағы жинақталған қорлардың, өндіріліп жатқан өнімдердің бәрі жаңағы шағын мекемелер арқылы жеке-жеке обырлардың жемса-уынан, бөтегесінен өтіп, қалталарына құйылды. Әрине, мен жаңалық ашып отырған жоқпын. Халық бәрін де сезіп те, біліп те жүрді. Бірақ төмендегі дауыс қанша биіктікке жете алады және бастарына жеке меншіктің тымағын киіп, құлақбауын байлап алса. Депутат Ғазиз Ал-дамжаров есеп комитетінің төрағасы бастаған кейбір депутаттар осын-дай және басқа да кемшіліктерді, жебірлерді, акулаларды айтса ошақ басындағыларға ұнамайды. Ал халықтың: **«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен маза кетеді»**, – дегені осы болар. Сынды төзімі жетсе – түрпідей, жетпесе – кірпідей сезінеді. Шындықтың қытығы да, шымшуы да ма-засыз екені белгілі ғой. Сол шақырылған Жоғарғы Кеңестің құрамында Есеп комитеті болатын. Комитет кез келген мемлекеттік құрылымдардың іс-әрекеттерін, әсіресе қаржылық тәртіптілікті, заңдылықты тексеруге құқылы. Комитеттің төрағасы Ғазиз Алдамжаров. Комитеттің жұмысы жылдың екінші жартысынан бастап қыза түсті. Қоғамдық байлық пен мүліктердің, өндірілген өнімдердің жеке меншіктің атына жайдақ міне салып, нарықтық экономиканың шапанын жамылып, қанжығаларына көздің қабынан тігілген тойымсыз қоржындарын байлап, шашылып жатқан байлық іздеп шыққандардың жазғытұрғы саңырау құлақтай қаптап, дүркіреп өсіп, терушілердің көбейіп келе жатқан орақ ору кезеңі. Қоғамдық үлкен табақтан үлесімізді асап қалайық деп, майлысынан қомағайлана, шайнамай қылқытып, қарпып қалайық дегендерден саула-ры санаулы. Тіпті сыбайлас сыбағашылардың бел ортасында заң орын-дары да, тәртіп сақтау орындарыда бар. Бәрі жоғарыдан төмен қарай (республика, облыс, аудан) ірі өндіріс орындарының жанынан шағын жекеменшік мекемелер ашып алып, бәрі-бәрін емізіксіз сорып жатқан шақ. Жыл аяғына қарай көптеген деректер, ұсыныстар жинақталып, мемлекет басшылығына тапсырылып, арнайы қаралуға ұсынылған-ды. Тырнауыштың басы оқыс басылды ма, сабы сайланғандарына бір жыл толуға бір күн қалғанда депутаттардың маңдайына сарт етті. Конституциялық соттың шешімімен 1995 жылы 6 наурыз күні заңды сайланған депутаттар заңсыз таратылды.

«Қазаншының еркі бар

қайтадан құлақ шығарса» деген осы. Басқа салалық комитеттердің мүшелері – депутаттары өздеріне талдауға, дайындауға түскен заңдар жобаларын әуелі әрқайсысы жеке-жеке қарап, өрістері, өрелері жеткенінше пікір түйіндеп, содан кейін комитеттің жалпы отырысында талқылап, қажетті жағдайларда басқа комитеттерден өкілдер шақырып, қатысы бар министрлерді, не орынбасарларын қатыстырып, заң жобасын қабылдауға – қарауға сессияға ұсыныс түсіретін. Алайда депутаттардың бәрі де сондай пысық, ізденгіш болды деп айту да қиын. Депутаттардың кейбіреулері ұя басқан қаздай жылы орынын суытпай отырғандарын да міндеттерінің атқырылып жатқандары деп есептейтін. Көптің бірі ғой – зерігіп отырғанның өзі де, өзгелері де елей бермейтін. Әйтеуір ең болмағанда қатар санын толтырады. Ал кейбіреулерінің көзге түсіп қалуға тырысып, сөзден дауыл тұрғызып, ысқырып жел шақырып, жүретіндері де баршылық. Көпшілік ғой. Көптің арасында бәрі де болады.

Ал ел өмірі де саяси өзгерістердің салдарынан адамдардың ға сырлар бойы сарытап болып сүрленіп қалған сана-сезімдерін күрт, оқыс өзгер-тіп, жекеменшіктің әбжыланын оятып, бұрынғы тәп-тәуір қасиеттердің бәрінен біртіндеп айырылып, арсыздықтың аранының қақпасын ашып, ішіне енгізіп жіберді. Енді қалай шығасың, қалай аман қаласың – бәрі бұлыңғыр. Бәрі – тұлдыр. Адамдар да өзгере бастады. Психологиясының басы айналды. Ал өндіріс өмірі, экономика жазғытұрғы лай, тасқын сел-дей, бұрынғы арналарын бұзып, кез келген сай-саладағы, жылдар бойы жиналған көзқарастардың көң – қоқыстардың астан-кестеңін шығарды. Өңірді ластады. Өмірді настады. Шашылған халық байлығын қолы жеткендер көсіп алды, азулылары асап қалды. Негізгі халық аңтарылып састы. Нарықтық экономика – бәсекелес бағаларды өздері тудырады, реттейді деген Карл Маркстің теориясына **«түзетуші классиктеріміз»** нарықтың жүген-ноқталарын сыпырып, еркіне жіберулері, өзі де әлсіреп тұрған өндірістерді, тұрмыстық тауқыметтерді құлдыратып құлатты. Көтерем етіп сұлатты. Бәрі жетімсіз, бәрі тапшы, деффициттің бас аса-улары ауыздығын тістеп, арысыңды теуіп, шанасын сындыра бастады. Желігін тежеп, жөнге салар, тізгін де жоқ, делбе де жоқ, ду мен шудың өрекепе даурықпасы халықты есеңгіретіп, барар бағытынан жаңылдырып тастады. Менің ұққаным да, көргенім де сол болды. Әрине, онымен өмірдің оты сөніп, шоғы шашылып қалған жоқ. Өмір-өзекті ғой. Тіршілік қамын, желісін үзбеді. Жаңа дәуірдің де өмірдің тек байлық пен ақша деген есірткісінен ғана тұрмайтынын, басқа да жолдары мен арналары

бар екенін, халық үміттеніп күтті. Бірақ, әзірше, обыр жекеменшік барым-та ақша, байлық әркімнің үлгергенінше, қолы жеткенінше жалап қалуға тырысатын өмір қазанының көбігі деп түсінді. Көп жаласаң жүрегіңе тиеді, қасығың қысқа болса қолың күйеді деп қорқытады. Бірақ адам бәріне де көндігіп кетеді-ау. Әзірше көп жаладым деп өздігінен жүрегіне тиіп, құсып жатқан ешкімді көрген жоқпын, ал ұтып жатырмын деп көзілдірігінің үстінен сүзіле қарағандарды көріп жүрмін. Міне, қысқаша айтқанда өмірдің жаңа көп сериялы киносы осылай басталды. Бірақ өмірдің бұрынғы ескі фильмдерін де, той-думандарын да ұмытқан жоқ. Ел есеңгіренгенімен есінен танбады. Елдігін сақтай білді.

1994 жылы қырғыз халқы атақты, тарихи «Манас» жырының 1000 жылдық торқалы тойына түркі тектес елдердің мемлекет басшыларын, азаматтарын шақырып үлкен мереке дәрежесінде өткізді. Көк аспанмен көмкерілген көз жетпес кең жайлауда мыңдаған киіз үйлер тігіліп, алаулы жалаулар көтеріліп, әлем-жәлем алқап, аттылы-жаяулы сапырылысқан халық – бәрі даланы сәнге де, ән-күйге де бөлеп, гүлдендіріп, дүбірлетіп, думандатып жіберді. Тек біздің Жамбыл облысының өзі жиырмадан астам киіз үй тігіп, өзінің сән-салтанаты, ақын-жырауларымен, балуандарымен, сәйгүліктерімен барды. Тойда әлемдік даңқы бар, қырғыз халқының бір туар ұлы, мақтанышы Шыңғыс Айтматов баяндама жасады. Баяндама аяқталып, Шыңғыс мінбеден түскенінде қырғыз азаматтары құттықтап, ризашылықтарын жаудырды. Біз де сол маңда тұрғанбыз. Арамыздағы Қазақстанның бетке ұстар азаматы, әлем таныған көрнекті ақыны, сол кезде Қырғызстанда елшілік қызмет атқарып жүрген Мұхтар Шаханов тоқты жара Шыңғысқа барып: – Шыға, баяндаманыз баяндама болмай шықты, – дегенде шуылдап тұрған қырғыздар тына қалды, Шыңғыс та таңырқана: Мұқа баяндама ұнамай қалды ма, – деді. Мұхтар: жоқ, баяндамаңыз баяндама емес, поэзия-поэма болып шықты деді. Аңтарылып қалған адамдар қайтадан шуылдасты. Сол тойдан, Жамбыл қаласына төрт отбасы бірге қайттық: Шыңғыс Айтматов жұбайымен, облыс әкімі Өмірбек Байгелді, республикалық сайлау комиссиясының төрағасы Қаратай Тұрысов және мен. Жұбайларымыз бірге. Шыңғыс Москваға ұшады екен. Резиденцияға орналастырып, қонақасы бердік. Ұзақ әңгімелесуге, пікір алысуға кең мүмкіндік туды.

– «Манас» бір халықтың үлкен шежіресі, толымды тарихы деу-ге де болады. Бірақ, оның түп тамыры іргелес, бауырлас халықтардың да мәдениетімен, тұрмыс тіршілігімен тығыз байланыста. Әсіресе, бұл жырдың түпнұсқасы қазақ халқының ауыз әдебиетімен үндесіп кетеді.

«Қазақ-қырғыз бір – туған» деп тегін айтылмаған ғой. «Манас» ауқымы кең шығарма деп жай ғана айта салу оңай. Әлемде көлемі жағынан бұған жетер алып туынды жоқ. Гомердің «Илиадасы» мен Одиссеясы» да-рия жырдаң 20 есе аз. Барша халыққа танымал үндінің «Махабхараты» көлемі жағынан 2,5 есе кем. Әрине, бар жетістік көлемде емес. Сондай алып жырды жырлауға халықтың ақындық шабытының, тіл байлығының жеткендігі. Бұл мәдени мұра, қырғыз елінің мәңгілік мақтан етер асыл мұрасы, – деп Шыңғыс өз елінің байтақ өнері жайлы кең көсілді.

Бұл жырда айтылған жер-су аттарына, батырлардың есімдеріне зер салсақ, аталарымыздың, қазақ ру басыларының есімдерін көптеп кездестіреміз. Олардың жаудан елін қорғаған ерлік істері туралы «Ал-памыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырларындағыдай суреттеледі. Батырларымыз байтақ жерді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келгені тек фольклорлық жырда ғана емес, тарихта да дәйекті түрде байыпталуда ғой. Әсіресе, еліміз егемендікке ие болған кезеңдерде көптеген көне деректердің қағаз бетіне түсіп, ақтаңдақтардың орнын тол-тыра бастағаны анық.

Моңғол-татар шапқыншылығына дейінгі елді мекендердің, қазақ руларының негізін құрған – Ұлы жүзден Үйсін, Жалайыр, Қаңлы, Орта жүзден Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ, Найман, Қоңырат, кіші жүзден – Адай, Алшын, Шеркеш, Кердері, Тама, Төлеу, Керейт тайпалары қырғыз елімен бірге тізе қосып жаз жайлап, қыс қыстап жайқалдыра көшкен көшті қорғап, ауылға қалқан болған. Міне, осындай қауымдасқан елдің өмірі жайында жазылған дастанды арасын үзбей толық жариялайтын болса 18 томдық қалың кітап құрайды екен. Әзірше төрт томдығын жинап жариялауға мүмкіндік туған. Жыр дүниесі әлі де зерттелуде, іздестірілуде. 1922-26 жылдары атақты манасшы Сағымбай Оразақовтан жазып алған нұсқасының өлеңдері 180378 жолдан тұрады.

Қазақ оқырмандары «Манас» жырларымен алғаш рет 1960 жылдары танысқан. Оны аударып, басып шығаруға Тайыр Жароков, Қалижан Бекхожин секілді асқаралы ақындарымыз қатысты. Жалпы «Манасты» алғаш әлемге танытқан ғалым Шоқан Уәлиханов. 1856 жылы қырғыз еліне сапар шеккен 21 жасар оқымысты – ғалым «Манастың» бір тарауы болып саналатын «Көкетай ханның асы» деген жырды жазып алады. Жырды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіреді. Орысшаға аударып Ре-сей императорының географиялық қоғамының мүшелерінен тұратын Семенов-Тянь-Шанский бастаған ғалымдардың сараптауына ұсынады. Кейін Шоқанның еңбектерін зерттеген ғалым Н.И.Веселовский қазақ

жерінен шыққан жалынды ғалымның орыс тілін соншама жетік білгеніне, аудармашылық дарынына ерекше таңданыпты. Қырғыз эпосының бойындағы көркемдік белгілерден еш ауытқымай орыс оқырмандарының алдына тайға таңба басқандай, айна қатесіз жеткізуге білімі мен жастығын аянбай жұмсаған ғой, ғұлама. 1881 жылы Шоқанның «зерт-теу мақалалары» неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылып Европа әлемі қырғыздың «Манас» – жырымен танысты. Осы үлкен туындыға Мұхтар Әуезов те көп мән беріп, арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Сол зерттеулердің қорытындысы алғаш 1936 жылы жазылған. Кейін 1944 жылы, одан бергі жылдарда да жыр туралы зерттеулеріне қайта-қайта оралып толықтырып отырыпты.

«Манастың» әлем әдебиеті мен тарихында алар орнын ұлылардың танығаны да дарияға тасқынды бұлақ болып құйылғанын, телегей теңіз ойлардың үндестігін танытпайды ма. Сол дарияның қасиетін әрбір ұрпақтың да танып білуіне ден қою парыз. Шыңғыс Айтматов кездесіп отырғанда осы ойды өрбіте келе, әр елдің өзінің өткен тарихын, өнерін қалай дәріптеп, насихаттайтыны жайында да әңгіме қозғады.

Сөзін жалғастырып: «Грузияға бір барғанымда елдің азаматтары «саған тартар ең үлкен сыйымыз» деп Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанын ұсынды. Бұл тек елге келген үлкен қонақтарға ғана ұсынар дүние емес, халықтың мақтан тұтар қазынасы екенін аңғартты. Халықтың қалыптасқан дәстүріне айналған. Олар қыздары тұрмысқа шыққанда «Жолбарыс терісін жамылған батырды» жасау ретінде береді екен.

Әрине, қызына тек бір кітап ғана беріп босағасынан шығарып сала-тын грузин халқы рухани жағынан да, дүние жағынан да жұқалтаң емес. Олардың қызын да патшасындай сыйлап, құрметтейтін салты ежелден сақтаулы. Тұрмысқа шыққанда барын береді. Ал Ш. Руставелидің дастаны сол ұзатылатын қыздың жасауының басы.

Біздің елдің де бір жазушысы осы әңгіменің шет жағын естіп қалған болуы керек. Өзінің естелік кітаптарының бірінде: «Мен қызым тұрмысқа шыққанда жасауына бірнеше бума кітап бердім. Құдаларым «ойбай-оу, бірдей бір жазушы, ауқатты тұрады десек, қызына бергенін қара», – десіп, жақтырмаған кейіп танытты», – дейді. Кітап сыйлаудың жөні олай болмаса керек-ті.

Сыйға тартар заттың халықтың салт-дәстүрлік дәрежесінде орнын шатыстырмай, құндылығын арзандатпай, бергеннің де, алғанның да ризашылығын қанағаттандыруарлық, болғаны абырой емес пе?

Ш. Айтматов та қырғыз елінде «Манас» әрбір үйдің төрінде орын алса деген арманын айтты. Ал біздің қазақтарда да сондай қадірлеуге, қасиеттеуге лайықты тарихи батырлық, ғашықтық жырлары жоқ па? Тек ұлттық ортақ бағалауымыз бен дәріптеуіміз жетіспей жатыр. Абайдың, Өуезовтың, Есенберлиннің басқа да классиктеріміздің, бұрынғы – соңғы ақын-жырауларымыздың ақыл-нақыл қазыналы сөз асылдары тәрбиелік мән-мағынасы зор, жүзсең телегей теңіз, терсең рухани тояттандыратын жемісі мол, жас ұрпақтың келешегі мен болашағына жетерлік, сарқылмас ата-мұра байлықтар емес пе? Тек ұтымды, ұқсатымды пайдалана біл. Жас ұрпақ! Енді бәрі сенің үлесің – құралақан қалмаңдар. Абай бабаларың сақтандырғандай:

Сабырсыз, арсыз,
еріншек, Қәрсеқызар
жалмауыз Сорлы қазақ
сол үшін, Алтыбақан ала
ауыз. Өзін-өзі күндейді
Жақынын жалған мінейді.

Мен 1994 жылы депутаттар атынан тамыз айында Қазақстандық, Өзбекстандық, Қырғыз, Түркімен және Тәжікстандық 20 адамның қатарында Американың Айово штатына тәжірибе алмасуға бардым. Онда бір айдан аса уақыт болдық. Джон Дир заводында, ауылшаруашылық министрлігінде, фермерлерде, жоғары оқу орындарында болып, бан-ктерде, кітапхана, сауда, тәртіп сақшыларының басқару жүйелерімен, жұмыстарымен танысып, сабақтар алдық. Кездесулерде өзіміздің елдің жағдайларын айттық. Көптеген ірі-ірі қалаларын аралатты. Мешіттерге бардық. Чикаго қаласында дүние жүзіндегі ең биік – 144 қабатты (биіктігі 500 метрдей) ғимараттың үстіне, саяхатшыларға арнайы салынған алаңға шығып, бинокльмен түнгі қала көріністерін тамашаладық. Ай-ово штатының бір губерниясының аты «Тама» екен, сол штаттың 5-6 географиялық картасын сатып алып, елге келген соң кіші жүз тамалық жолдастырыма әзілдеп: Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін тұтқынға түскен тамалықтарды Америкаға алып кетіп, осы «Тама» губерниясын құрған екен деп, ескерткіш болсын деп сол әкелген карталарды үлестіріп бердім. Олар да әзіл екенін түсінеді ғой, ризашылықпен қабылдады. Америка әлемге аты шыққан алып елдің бірі ғой. Көргенімізде, бізде неге осылай емес, деп қызғанышпен намыстана таң қалған да кездеріміз жадымда. Бірақ кейін кітап жазамын деп кім ойлапты. Тіпті күнделік

те жүргізбеппін. Сондықтан олқылығы болса сөкпессіңдер, ойыма түскендерін теріп көрейін. Алғашқы әсерім: Хельсинкиден Вашингтонға шетсіз, шексіз, көк аспанмен көмкеріліп, тұтасып жатқан мұхит үстінде қонбастан 14 сағат ұшу. Бізде сағат күндізгі 12 болса, Америкада түнгі 12. Американдықтардың амандықтан бастап, қарым-қатынастары, киген киімдері, жұмыс орындары – бәрі өте қарапайым. Жұмыс, сауда орындарында кездескендері көптен таныс адамдай жәйбарақат күліп аманда-сып жатқаны. Тұрмыс – салт-дәстүрлерін ұққанымша түгелдеп жазу ұзақ уақыт алады, сондықтан қысқаша баяндайын.

Олардың банк жүйелерінің жұмыстарындағы жолдары да, тәсілдері де көп екен. Негізгі ұққандарымыз: несие берудің пайызы 2-4-тен аспайды және қайтару мерзімдері ұзақ. Егерде үй, трактор, комбайн, басқа да күрделі техникалар алсаңыз, қарыз 20-25 жылға дейін, қысқа мерзімге алсаңыз – маусымдық жұмыстардың аяқталар кезеңдерімен сәйкестендіріліп берілетін көрінеді. Ең түйіні – банктер несие алушылармен қаржының қайтарымдылығына, ұтымды пайдалануына жұмыс істейді. Өйткені кредиторлардың байлығын молайту, қатарларын көбейту – банктің де келешегін кеңейтеді. Сондықтан біздердікі сияқты қарыз алушылардың шырынын сорып, майын сығып, сылып алмайды. Қайта оларға көмектеседі, келешекте кредиторлардың қарызданушылардың бай түсуін, қуаттылығының өсуін, қатарларының көбейуін көздейді. Бүгінгі жұмыстарын келешектегі үміттерімен жалғастырады.

Әлемге құлашын кең жайған, атақты Джон Дир заводына ба-рып, араладық. Ол ауылшаруашылық техникаларын шығарады, оның ішінде негізгілері егін оратын комбайндар мен тракторлар. Жер жүзінің 26 мемлекеттерінде заводтары бар. Барлық елдерде егілетін дәнді дақылдардың 40 пайызын осы комбайндармен жинайтын, оратын көрінеді. Комбайндары, тракторлары қай мемлекетте болсын, тек өздеріне ғана тән жасыл түспен боялады. Комбайн, тракторлардың құрастыру, шығару процестерін былай қойған да олардың құрастырылатын бөліктерінің және жалпы дайын өнімдерінің түйіндерінің, буындарының бір-бірімен берік, сенімді байланыстырылғандығын тексерудің, сыннан өткізудің өзі жеке ұғымдағы ғылым мен тәжірибе іспеттес. Шығаруға дайын өнімді ар-найы көтергіштерге бекітіп, еденнен (арнайы жасалған) 20-30 см көтеріп, қайта-қайта үзбей көтеріп – тастап жіберіп, бірнеше ондаған сағат бойы тексереді. Заводта қалыптасқан дәстүр: бұрынғы жауапты қызметкерлері, директор, инженер, экономистерінен бастап зейнеткерлікке шыққаннан кейін де сол заводтың бөлімдерінде ақылшы, кеңесші, сырттан кел-

ген адамдарды аралатушы, таныстырушы, тіпті басқа да қарапайым жұмыстарда істей беретін болып шықты. Әйтеуір, заводқа еңбегі сіңген адамдарды ескерусіз қалдырмайды.

Бірнеше мал фермаларымен таныстық. Сырт көзге бәрі өзіміздегідей. Айдала, шарбақпен қоршалған екі-үш мал қора. Кәдімгі қарапайым сиыр қора (біздердегідей бетоннан соғылған әлем-жәлемі жоқ, мүмкін ауа райының жылылығының да әсері болуы). Шарбақтың ішінде бос жүрген сиырлар. Ауланың тазалығы да өзіміздегідей. Қорада тұрған сиырлардың мойындарына орап тағылған компьютерлық галстук. Аулада жеке тұрған бір-екі бөлмелі шағын ғана үй, онда өздерінің компьютерлық орталықтары. Жаңағы азықтарын жеп тұрған сиырлардың: көңіл күйі, дене қызуы, жеп жатқан жемдерінің сапасы-химиялық құрамдары бәрі-бәрі көрсетіліп, арнайы журналға тіркеліп отырады. Фермалардың мал ауласынан тысқары алаңдарында көк шөп егілген. Көбіне ферманы ерлі-зайыптылардың өздері, балалары күтеді. Өскен шөптерді кішкентай ғана тракторға тіркелген машинамен орып отырады. Ферманың төңірегінде көң-қоқыс мүлдем жоқ. Мал өнімдерін шарт жасасқан (көбіне олары тұрақты) қабылдаушыларға тапсырады. Әрине, бәрі шарттағыдай сапа-лы, мерзімді болуы керек. Екі жағыда шарттың орындалуына жауапты.

Мал, егін шаруашылықтарына берілетін несиелер өте жедел, жеңіл, тиімді. Бәрі маусымды кезеңдермен үйлестірілген. Техникаларды жөндеу де жеңіл, сапалы. Маусымды уақыттар өткеннен кейін техниканы арнайы жөндеу орындарына тапсырады. Баяғыда біздерде болған МТС (машино-тракторная станция) сияқты. Тек, фермерлермен іскерлік байланыстары, жөндеген техниканың сапалығы және қарқынды (производитель) жұмыстарына жауапкершіліктері жоғары.

Кітапханаларды араладық. Кітапхана деген тек аты ғана, негізінде ғылыми анықтамалар дәрежесіндегі орындар. Жер жүзіндегі ел, жер, мемлекет, халқы, олардың өндірістері тағы басқа деректер алғың кел-се бәрін тәптіштеп түсіндіріп, толық мағлұматтар береді. Нағыз білім – анықтамалар орталығы.

Бірде біздерді қаланың мэрі (біздіңше әкімі) қабылдайтын болды. Бәріміз барымызды киіп, сыйлыққа деген шапан, елден басқа да заттарымызды алып бардық. Бізді бір шағын залда орындық, диван ештеңе жоқ, тек фуршеттік столдарға қойылған шарап, ұсақ жаңғақтардың әртүрлерімен қарсы алды. Түрегеліп тұрған күйінде өз қаласын таныстырды, біз де еліміз жөнінде қысқаша әңгімелер айттық. Бар қабылдауы сонымен аяқталды. Қалалық мэрі өндіріспен, саудамен айналыспаймын

деді. Жұмыстары: қаланың тазалығы, гүлденуі, қала ішіндегі транспорт жүйелерімен шектеледі. Айово штатының губернатормен кездесуіміз де тым қарапайым өтті. Белгіленген уақытта барсақ (бізді ертіп жүрген тілмәш бар) үлкен зал, тігін фабрикасындағы сияқты қаптаған столдар, араларын жылжымалы ашық қабырғалармен бөліп-бөліп қойған (2-3 адам-нан), залдың бір түкпірін ала жылжымалы биіктігі 1 метрдей қарапайым, ашық өрнектелген темір қоршау. Біз жақындағанда орнынан тұрып, қарсы келіп, губернатормын деп таныстырды. Бәрімізге орындықтар алдырды. Өз губерниясымен таныстырды. Мен сонда бірінші рет жүгеріден бензин алуға болатынын естідім. Қажетті бензиннің 5 пайызын жүгеріден алады екен. Таяу жылдарда оның көлемінің үлесін 20-25 пайызға дейін көтеруді көздеп отырғандарын айтты.

Бәріміз суретке түстік, апарған шапанымызды жаптық. Екі көмекшілеріне де сыйлықтар бердік. Кездесу бір сағат уақыт алды. қарапайымдылығы. Біздер де облыс тұрғай аудан әкімдеріне тексерусіз кіре алмайсың. **Қорқатын істері, қорқытатын күштері болған** соң сөйтетін шығар. Американы бір жарым айдай араладық. Кейбір көрген – білгендерімді теріп-теріп жаздым. Бәрібір, Американдықтардың көшірмесі де, көршілесі де бола алмаймыз. Америкада үйренерлік, үлгі етерлік өндірістік, экономикалық істер көп, тапсырылған жұмысқа, берген уәдеге жауапкершілік жоғары, қатаң. Әрине, олардың психологиясы да, сана-сезімдері де бірнеше жүздеген жылдар бойы жеке меншіктің атын мініп, шоқпарын қарына іліп обырларды, тобырларды өмірдің тезіне салып илеп те, сүйреп те қалыптастырған салт-дәстүрлері ғой. Жеке мен-шік менікі, өзімдікі деген ұғымдар бәріне де үйрететін, көндіретін күш: өзара санасуға, уәдеге, сөз беріктігіне, қарым-қатынасқа. Бірін-бірі ал-даудан қатты сескенеді, өйткені, өтірік айтқан, алдаған аттары жайылып кетеді деп қорқады. Ал, бізде, әзірше алдау, арбауды, оларды пасықтық пен пысықтың синонимы (қосалқы аттар)деп, өз пайдасына лайықтап ұғына береді.

Капитализмнің анатомиясын мүшелеп, сараптап талдамай-ақ күнделікті өмірлерін, жұмысын, салт-дәстүрлерін біздің елдің өмірімен салыстыруға сәті түсті деп есептеймін. Осы азын-аулақ, жиған-тергендеріммен елге қайттық. Елдегі күнделікті тіршілік жұмыстарға араласып кеттік.

Мен қазан айында 60 жасқа толғанымды атап өтуді ұйғардым. Үй-іші, жолдастармен ақылдастым. Бәрі қолдады. Павлодардағы досым Бақұстар Рамазановпен де ақылдасайын деп бірнеше рет үйіне, жұмыс орнына

телефон соғып, ала алмадым. Облыстық Сарыарқа газетінің редакторы, сыйлас ағамыз Әлхожа Мұхамеджаноқа (Торғай облысында қызместес болғанбыз) телефон соғып, Бақұстардың жұмыс орны да (қалалық әкім болатын) үйі де жауап бермейтінін айттым. Ол Бақұстар қайтыс болған деді. Мен оқыс хабардан сасып қалған болуым керек: біраз үнсіз қалдым. Әлекең: «рас, рас», – деді. Мен Америкада жүргенде қайтыпты. Екеуіміз 1954 жылы Ауылшаруашылық институтына оқуға түсуге абитуриент болғаннан танысып, өте жақын дос болғанбыз. Сол институтқа түскеннен бастап бір топта, бір жатақханада, бір бөлмеде жатып, оқу бітіріп келгеннен кейін (Павлодарда) екеуіміз екі ауданға, екі совхозға бас агроном болып еңбек еттік. Кейін менің Торғай, Жамбыл облыстарына кетіп, Бақұстар қызмет бабында аудандық партия комитеттерінің (Ертіс, Павлодар аудандарына) бірінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары болып жүрген кездерімізде де отбастарымыздың қарым-қатынастары үзілмеген-ді. Енді қайттым, қайран дос, 58 жасында өмірден өтіп, мен топырақ та сала алмай қалдым. Бірақ естісімен басына барып, құран оқытып, арнайы дұға жасап, ас бердім. Аллаһ Тағаланың берген мөлшерлі уақытынан кім асқан.

Абайдың:

Адамзат бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің, Өлмек
үшін туғансың, ойлан шырақ, –

дегеніндей. **Өмір бар жерде өлім бар. Бір данышпан айтқан екен: «Өмірге келуің – өлімге деген алғашқы қадамың»,** – деп.

Аллаһ Тағаланың берген мерзімді уақытына: Тәубә, шүкіршілік, Әлһамдулилаһалла – деп шүкіршілік айтамыз. Аллаһ Тағала фәнидан бақиға өткендерге иман байлығын, қалғандарымызға бірлік пен тірлік, ырыс пен ынтымақ берсін деп тілейміз. Әмин. Тірі адам тіршілігін жасай-ды. Күнделікті жұмыстарымыз жалғаса береді.

Мен Жамбыл қаласында қазан айының 15 күні 60 жасқа толғанымды атап өттім. Облыстың, аудандардың көптеген мекеме басшылары және сырттан келген дос, жолдастар қатысты. Сырттан, Алматыдан: Сағдиев Мақтай, Торғайда қызметтес, сыйлас болған, кейін республика балықшаруашылығының министрі, Қостанай облысы атқару комитетінің төрағасы (облисполком), Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің президиумының төрағасы, республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Оспанов Марат – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасары;

Құсаинов Айып – ауылшаруашылық министрінің орынбасары (Аг-ропром комитетінің);

Төлеубеков Қасым – ауылшаруашылық министрінің (Агропром комитеттің) бірінші орынбасары;

Манарбек Дайыров, Маркен Шайжүнісов – бұрынғы партия орталық комитетінің бөлім басшылары; Ақтөбе, Гурьев облыстық партия комитеттерінің екінші хатшылары.

Дүйсенов Әбділдә, Бабаев Мэлс – Торғай облкомның хатшысы, бөлім басшысы болған;

Торғайдан – жиенім милиция генералы Жармағамбетов Амангелді, республикамыздың халық ақыны Қонысбай Әбілов, туған інімдей болып кеткен Исаев Тобыл бастаған бір топ азаматтар; Жүсіпов Мергенбай, Мүшкенов Қуандық, полковник Алдаберген Ибрагимов.


Павлодардан – дос-туыс Мүкәрәм Шүленбаев, күйеу балам Жам-был бастаған бір топ азаматтар;

Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің оншақты депутаттары, т.б. азаматтар қатысты. Елдің алыстығы, жердің шалғайлығына қарамастан, жер көреміз, елмен танысамыз деп келгендеріне көптен-көп рахмет. Жамбылдықтардың қонақжайлылықтарымен, салт-дәстүрлерімен таны-сты. Мың рет естігеннен бір рет көрген артық десті.

Мен той өткізді деп өмір таңырқап, тамсанып қалған жоқ. Әлі де жаңа дәуірдің бұрын жүген-құрық тимеген асау тайдай атырынып аспанға атып, басына жүген кигіздірмей, ер салдырмай, жөнге көнбей шапшып тұрған кезі. Қайда барарыңды, саған үлесің деп не берерін, не аларыңды білмей дел-сал, аң-таң болудың әлі тарқамаған шағы еді.

1994 жылғы 26 желтоқсан күні ауылшаруашылық мәселелеріне арналған республикалық үлкен жиын өтті. Оған облыстардың, аудандардың, әкімдердің, министрліктердің басшылары шақырылды. Жиналысқа Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған үкімет, өкімет мүшелері қатысты. Жиналысқа Жоғарғы Кеңестің агрокомитетіндегі де-путаттар да шақырылды.

Жиналысты министрлер кеңесінің төрағасы Әкежан Қажыгелдин жүргізді. Баяндамашы да өзі. Жарыссөзге мен екінші болып шықтым. Орысша сөйледім. Оқырмандарға түгелдей мазмұнын берейін.



**Выступление депутата
Верховного Совета Аубакирова К.А.
на республиканском совещании аграрников**

Уважаемые товарищи!

У казахов есть хорошая поговорка: «**Бір күн қарыны ашқаннан қырық күн ақыл сұрама**», т.е. у голодавшего один день сорок дней совета не спрашивай.

Народ от всех нас настоятельно требует, в первую очередь, обеспечить качественными и дешевыми продуктами питания. В настоящее время это не просто потребительский вопрос, он перерос и в политические, и социальные, и в идеологические, я сказал бы даже в морально-психологические вопросы. Поэтому проблемы сельского хозяйства переходного периода к новым рыночным отношениям волнуют всех нас, начиная от президента и кончая каждым из нас.

Учитывая состав участников сегодняшнего совещания, в чьих руках судьба аграрного сектора экономики, хотелось бы поделиться отдельными мыслями и предложениями.

Мы согласны и поддерживаем основную стратегическую линию и программу экономических реформ Президента и Правительства в вопросах формирования, становления и развития частной собственности, в вопросах разгосударствления и приватизации в системе агропромышленного комплекса.

Но в тактике практического осуществления есть наши отдельные видения и подходы, с чем хотелось бы сегодня поделиться и посоветоваться.

Во-первых, мы с вами знаем, что многие совхозы на первом этапе преобразованы в коллективные хозяйства, практически они просто сменили вывеску, не стали действительными кооперативами или ассоциациями крестьянских хозяйств.

Потому, что многие сельские жители еще не осознали, что они в действительности являются хозяевами своей имущественной доли и земельного пая. Одним словом, важнейший процесс разгосударствления и приватизации ни юридически, ни экономически, ни психологически до конца не доведены. В результате такой неразберихи эти коллективы сами не знают чьи они – государственные или частные. Поэтому чтобы объединиться сначала необходимо разъединиться.

Во-вторых, уже созданные многие крестьянские хозяйства на сегодняшний день пока еще как собственник и частный товаропроизводитель

не сформировались. Дай бог им, сохранив свои ряды, удержаться на стадии простого воспроизводства, не говоря уже о расширенном воспроизводстве, т.е. мы пока еще не можем решить продовольственную проблему Республики за счет крестьянских хозяйств.

Здесь много объективных и субъективных причин. Например, пси-хологическая, финансовая неподготовленность крестьянина к единоличному труду, низкая техническая оснащенность, острый дефицит во всем, отсутствие паритета цен на промышленные товары, электроносители и сельскохозяйственную продукцию.

Поэтому считаем, что нам следует пока не форсировать и не подгонять процесс разгосударствления и приватизации в системе АПК, а глубоко и всесторонне проанализировать ход и итоги пройденного пути, что нами сделано правильно, что – нет, определить плюсы и минусы наших тактических решений и направление новых подходов. Потому, что многие вопросы экономической реформы и рыночных отношений были для нас неосвоенной проблемой. Исходя с этой точки зрения, пока окрепнут уже созданные маломощные крестьянские хозяйства, для планомерного и устойчивого снабжения продуктами питания населения Республики, нам кажется, было бы целесообразным сохранить 30-35 процентов экономически крепких государственных хозяйств. Однако совершенно ясно, что и эти государственные хозяйства и существующие крестьянские хозяйства в современных условиях не проживут без государственной поддержки, без дотации, долгосрочного льготного кредитования, без систематизированного материально-технического снабжения. Сельскохозяйственному производству, какой-бы собственности оно не было, большой урон наносит отсутствие государственной монополии на экспорт зерна. Есть несколько крупных совместных с иностранцами частных фирм, которые воспользовавшись безвыходностью отдельных хозяйств покупают зерно по 30-40 долларов, а сами продают в 2-3 раза дороже. Почему не усилить роль и финансовую возможность государственной акционерной компании «Астык». От этого выиграли бы и товаропроизводители, и государство.

Такое же положение по бартерному обмену зерна на горюче-смазочные материалы. Почти одна треть зерна республики на корню уходит на бартер. А не лучше ли было взять государству все это централизованно в свои руки. Разве можно считать нормальным, когда собственные горюче-смазочные материалы Казахстана продают через частных предпринимателей и малые предприятия при госпредприятиях. Я бы сказал,



что давно пора ликвидировать МП при госпредприятиях, что они из себя представляют все вы прекрасно знаете. Возможно кто-то возразит и скажет, что все это противоречит рыночным отношениям. В моем понятии, при сегодняшнем дефиците всего, во всем, что необходимо человеку или производству, беспредельный разгул цен на руку коммерсантам, губителен и смертелен для товаропроизводителей и для населения.

Судьба нашего молодого государства и его перспектива беспокоят каждого порядочного человека, который считает себя патриотом Казах-стана.

Мы, аграрники-депутаты Верховного Совета с большой озабоченностью следим и стремимся внести свой вклад в реализацию экономических реформ и в формирование и становление рыночных отношений. Однако рычаги их практического осуществления находятся, в основном, в руках сидящих здесь в зале руководителей областей, района и местных агроформирований. Поэтому хотел бы поделиться еще одной мыслью. На наш взгляд, в темпах и качествах проведения разгосударствления и приватизации, одним из слабых мест на местах были организационные упущения и упрощения, а именно: следовательно этот важный процесс перекладывать, в основном, только на комитет по Госимущество-ству. Это было для него и слишком тяжело, а иногда даже не под силу. Почему? Потому, что этот процесс общегосударственного, общенародного масштаба. Меняется политическая основа, базис государственного строя, т.е. меняется форма собственности. При этом идет не просто смена собственника, а коренная ломка, перестройка политики, экономики, идеологии и социальных взаимоотношений. К такому коренному изменению не только народ, даже сами руководители и специалисты не были готовы. Поэтому должны были все интеллектуальные силы мобилизованы на организацию разъяснительной работы, консультации на всех уровнях. Во главе всего процесса должны были и должны стоять первые руководители областей, районов и хозяйств, а специалисты Госкомимущества, технологами практического осуществления разгосударствления и приватизации.

Свое выступление хочу завершить одним афоризмом, который был высказан 2000 лет тому назад: «Сельским хозяйством можно управлять без тонкостей, но оно не терпит глупостей». Поэтому задача всех нас разумно и творчески поддержать нашего кормильца – сельское хозяйство.

Благодарю за внимание!



Уақыт-таразы. Уақыт – қазы (судья). Дұрыс, бұрыстығын өздерің талдарсыздар.

Менен кейін, үшінші болып, депутат (оған дейін Қарағанды облысындағы астық өндіру тәжірибе станциясының директоры) Христенко Александр Федорович сөз алды. Менің айтқандарымды түгелдей қолдайтынын баса айтты. Екеуміздің сөз арналарымыз, пікірлеріміздің бағыттары кейінгілерді бұрып әкетпесін деді ме екен, Ә. Қажыгелдин шығып сөйлеп, менің сындарымның кейбір тұстарын өтпелі кезеңнің шешілмей жатқан түйіндері, әлі де піспеген, жетілмегендіктен деп дәлелдерін алға тартты.

Сонымен, біздің дауымыз да, даудан сауымыз да өз пікірлерімізде қалдық. Абайдың:

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Одан да шықты
жаңғырық. Есітіп үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас, бір жартас.
Қаңқ етер түкті байқамас –

деген.

Кейінгі сөйлегендер біз сияқты ашық, сын пікірлер емес, сипап, сылап, бірдеңелер айтқансыды. Сын да, шын да беттерін бүркеп қалды. Орыстың мақалындағыдай: ылай судың жағасындағы балықшыларға да керегі сол. Үзіліс кезінде қолымды алып, ризашылықтарын айтқандар көбейді. Сыздық марқұм (Әбішев) құшақтап: – «Аға, қатты да, қатырып та айттыңыз, әсіресе: «Бір күн қарыны ашқаннан қырық күн ақыл сұрама» дегеніңіз сөзіңіздің мәйегі де, тұздығы да», – деді. Бұрынғы Кеңес дәуірінде қандай дәрежеде жиналыстар өтпесін, сын сөздерді келіссін, келіспесін тіркеп, қортынды шығаратын, кейін сын айтушыға жауап беретін. Сөйлеген сөздеріміз ескерусіз, елеусіз қалды, өйткені, пікірлеріміз үйлеспеді. Қабыспады. Күндер өткен сайын қоғамдағы түрлі өзгерістердің көбі түсініксіз сипаттар алып, желідегі жалғастықтары үзік-үзік болып, қолы ұзындардың қойыны, қонышына тығындалып, мемлекет мүлкін талаудың түрлері, тәсілдері көбейе түсті. Жер-жерден, халықтан депутаттарға келіп түскен хаттардағы хабарлар, өтініштер, арыздар қалындады. Оларды депутаттар отырыстарында талқылау, үкімет, өкімет басшыларына, министрліктерге айту, шешімдерін сұрау кірпідей болма-

са да түрпідей тиіп, қайта-қайта мазалай берді. Депутаттар күмәншіл, кінәшіл болып көрінді. Депуттар заңды аз шығарады, өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсартуға баса назар аударады деген жағымсыз иістерді, жел сөздерді әлсін-әлсін баспасөз беттерінде ел арасына тарата бастады. Ал, депутаттар заңды аз болса да сапалы шығаруға тырысты. Тұрмыстық жағдайларына келсек, бір жыл үй-күй жоқ отбасымыз елде, өзіміз қонақ үйде тұрдық. Еңбек ақымыз – төрт мың теңге болатын, ал қазіргі депутаттар төрт жүз мың теңге, яғни, бізден жүз есе артық алады. Сондықтанда ғой олардың басшыларға қарсы пікір айта бермейтіні. Жылы – жұмсақ орынынан қалай айырылады. Соған сәйкес қазір халық арасында әлде кімдер: кейбір депутаттар зеріксе түске дейін оң жамбасымен, түстен кейін сол жамбасымен отырады екен деп күледі, дейді. Бірақта барлық депутаттар сондай «төзімді» деп айту жансақтық. Көзі ашық, көкірегі ояулары да бар. Бірақ саусақтың санынан аса қоймас.

Ал біздің, Жоғарғы Кеңестің (XIII шақырылған) депутаттарына тым пысық болып кеттіңдер деп садағын сайлап, қорамсақтан жебелерін суырып, **«құланның қасынуына мылтықтың басылуын»** күткен, сәтті кезеңде таянып қалған-ды. Оның сәті де түсті. Алматы облысының бір округынан депутаттыққа өтпей қалған Татьяна Квятковская деген әйелдің, тіпті басқа мағынадағы арызына байланыстырылып, республика көлемінде сайлау округтерін құрған кезде сайлаушылар сандарының аз – көптігі ескерілмей, бірінде аз, бірінде көп болып, әділетсіздікке жол берілді дегенді сылтау етті. Халықтың саясат – сайқал, ал қолдану бағытына, орнына қарай әрі лас, әрі нас дегені өмірден алынған шындық қой. Бізді, депутаттарды 1995 жылғы 4 наурызда сайлаушылармен кезде-суге жергілікті жерлерге жіберіп, 6 наурыз күні, яғни сайланған мерзіміне бір жылға бір күн қалғанда Квятковскаяның арызын негізге алып, сайлау округтері құрылғанда заңсыздыққа жол берілген деп, конституциялық соттың шешімімен 1994 жылғы 7 наурызда, сайланған Жоғарғы Кеңес (XIII шақырылған) тарқатылсын деп айды аспаннан бірақ шығарды. Бұл халық өзілінің төркінін жастар түсіне бермейді. Түсіндірейін. Түнде Қожа Насридден су алуға құдыққа барады. Құдыққа салған шелегі бірдеңеге ілініп қалып, тартса шықпайды. Үңіліп қараса айдың сәулесі құдықтағы суға түсіп тұр. Еһ, шелегім айға ілініп тұр екен ғой, деп күштеп тартқанда, шелегі сыртқа лықсып шығып кетеді де, Қожекең шалқасынан құлайды. Аспандағы айды көріп: әй өзім де мықты екенмін ғой, құдықтағы айды аспанға бірақ шығардым, депті. Міне, қаншама ғасырлар өтсе де Қожаекеңнің ұрпақтары бар екен. Елге кеткен депутаттарға да хабар жетіп,

7 наурыз күні Жоғарғы Кеңес ғимаратына жиналды. Депутаттардың ара-сында, Қазақстан заңгерлерінің көшбасшы ағалары С. Зиманов, С. Сар-таев бастаған заңгерлер, академиктер, ақын-жазушылар, саясаткерлер жеткілікті еді. Олардың түсіндірмелері: Бірінші – Конституциялық сотты Квятковскаяның бір округтен берген арызының шеңбері бүкіл республика көлемінде таратыла қаралуы – заңсыз.

Екінші: Онда бұрынғы сол округтер бойынша өткен президенттің және мәслихаттардың сайлаулары да заңсыз болып есептелінуге тиісті де.

Депутаттардың жалпы жиналысын өткізіп, ақылдасып кешке, сағат 23-те телеэфирге шығып, жағдайды халыққа түсіндіруге Әбіш Кекілбаев бастаған бес адамды тағайындадық. Бірақ кеште барған оларды теле-дидар ғимаратына кіргізбепті. Түнгі 23-те теледидардан президенттің өзі сөйледі. Әрине, депутаттарға, олардың қызметтеріне қандай баға берілгені айтпай-ақ түсінікті.

Ертеңінде вице президент Ерік Асанбаев депутаттарды жинап, оларға жұмыс орындарын ойластырып, Алматыда қалатындарына тұрғын үй мәселелерін жеделдетіп шешетіндерін айтты. Жиналыста депутаттар ширғып, ашылып, ашынып сөйледі. Жиналыстан кейін депутаттар өздері қалып, халықаралық арнайы сот орындарына шағынуға шығуға, қажетті құжаттар дайындауға комитет құрып, оның төрағасы етіп ақын Олжас Сүлейменовты бекітті. Бірақ келесі күні таңертең қайтадан жиналғанымызда білегін сыбанып, гүрілдеп, дүрілдеп, Ресейдің парламентін таратуға Ельцинге бірнеше танкі қажет болса, Қазақстанның парламентін таратуға бір «Танька» (Татьяна Квятковская) жеткілікті болды деп гүжілдеп жүрген Олжасымыз бір түннің ішінде Олжасымыз болып, ауыздықталып шыға келді. Таңертеңгі сөзіне қарағанда түнде айыр-бастап қойған басқа Олжас болып көрінді. Күресу, дауласу емес келісімге келуге тоқтау айту болып шықты. Түсіндік. Түнде өкімет егерде біздің жаққа шықпаса Семей-Невада қозғалысының бизнесіндегі көлеңкелі, күдікті істер мен қылықтарыңды артыңа қоңырау етіп байлап жібереміз деген болуы керек. Бұл Олжастың депутаттар арасында ғана емес, халық алдындағы беделінің өкіметтің қылбұрауынан сескеніп құлдырауының бастамасы еді. Әйгілі Бонапарт Наполеон Францияның королі болып сайланғанда немістің бір көрнекті ғалымы: «Аты әлемге әйгілі Наполеон бола тұрып, Францияға король болуы – қандай құлдырау», – деген екен.

Басын ноқталап, аяғына өре салынған жылқы сияқты адамның да еріксіз бұрынғы көсілген шабысының, желдей ескен желісінің жәй жортаққа айналып, ұзап кете алмай, қатты жүрейін десе сүріне беруі де

белгілі жағдайлар. Дегенмен, депутаттардан өкімет басшылары қатты сескенді. Біздің алдымыздағы Жоғарғы Кеңестің де (XII шақырылған) мерзімінен бұрын тарқатылуы да халыққа ой салуға тиісті еді, депутаттар қашанғы: **«Ақырын жүрсе малма аяқ, қатты жүрсе шаңды аяқ бола береміз»** деуі де мүмкін ғой. Депутаттардың жұмыс орындарына келуіне, жиналуларына шектеу қойылды. Есіктерде, ғимарат төңірегінде сақшылар тұрды. Түн ортасы кезінде қонақ үйдің мен жатқан бөлмесінде телефон шылдыр ете түссін. Трубканы көтерсем облысымыздың әкімі Өмірбек Байгелді. Амандасып, жағдайды сұрап жатыр. Мен: «Өмірбек жыл бойы облыстан сайланған депутаттармен кездесіп, әңгімелесуге уақыт таппап едің, бүгін қайдан есіңе түсе қалдық. Бұл өз ынтаң ба, жоқ тапсырма ма», – дедім. – «Тым қатты айттың ғой», – деді. Ақиқаты солай болып тұр ғой. – Бізде тыныштық. Қауіптенбей-ақ қойыңдар.

Енді депутаттарды жұмысқа орналастыру басталды. Бұрынғы қызметіме қайтып барамын дегендердің біразы қайтадан орындарына кетті. Кейбіреулері республика көлеміндегі қызметтерге орналасты. Мен облысқа қайта баруға құштарлық білдірмедім. Менің орынымда бұрын менде, агропромкомитетте орынбасар болып істеген іскер, тәжірибелі Сапаралиев Жұмабек деген жігіт қызмет атқарып жатқан. Орнымды қайтып беріңдер деп таласуға арым бармады. Облыста басқа реті келетін қызмет байқалмады. Алматыда қалуды ұйғардым. Ауылшаруашылық министрі Карибжанов Жәнібек Сәлімұлына ақылдасып едім, әзірше шетелдермен байланыс бөлімінде бас маман болып істесеңіз, кейін тағы да көре жатармыз деді. Келістім. Бірақ бір айдан кейін облыс әкімі Өмірбек Байгелдімен келісіп: Алматыда өкіметпен, министрліктермен облыс атынан мәселелер шешетін әкімнің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалдым. Ол ой-дан шығарылған қызмет орыны екенін түсініп отырған шығарсыздар.

Негізінде ондай қызмет дәрежесі жоқ-ты. Кейін ондай қыстырма қызметті басқа облыстар да пайдалана бастады. Жамбылда әкімдік ғимаратында қызмет орным сақталды, бекітіліп «Волга» машинасы берілді. Алматыда депутаттарға деп салынып жатқан үйден үш бөлмелі тұрғын үй алдым. Облыстың Алматыдағы жұмыстарының бірі – Талас ауданындағы Амангелді елді мекеннің төңірегіндегі мол газ қорын игерудің басталуын қолға алу. Әуелі келісім жұмыстары. Сол кездегі министрлер: В. Храпунов, Н. Балғынбаев, С. Даукеев, шетелдік инвестиция комитетінің төрағасы Марат Оспанов, олардың бөлім, сала басшылары-мен кездесіп, ақылдасып, ақыл қосып отыру. Амангелді газ қоры Жамбыл қаласынан солтүстік батысында 150 шақырым, ал Өзбекстаннан

Қаратау арқылы келетін үлкен құбырдан 130 шақырым, сондықтан жаңа салынатын газ құбырын сол диаметрі 500 мм (500) Қаратау құбырына жалғастырып, Жамбыл қаласы арқылы өткізу. Оған басқа да қажетті құрылыстарды қосқанда, 75-80 млн доллар қаржы қажет. Ал зерттеліп біткен 28-30 млрд м3 кеніш орынын толық игеруге қажетті қаржы – 334 млн доллар. Міне, осындай Қазақстанның бүкіл оңтүстігіне керек, келешекті құрылыстың құжаттарын дайындап, заңдастырып, жәдігерлік ұйымдармен құрылысшыларды іздеуде, келістіруде ынталы еңбек сіңіріп, «Жамбыл облалауғаз мекемесінің басшысы Қайрат Шотбақов, оның серігі «Досбол» фирмасының бас директоры Шаһизада Ибраимов жүрді. Бірақ, бұлар алғашқы кезеңдерінен өтіп, істің беталысы түзеліп, көк жиегі көріне бастаған кезде «май шелпектен» дәм татып қалуға басқа құштарлар қылтиып көріне бастады. Уақыт өткен сайын араласулары да салмақтары да өсіп, өзара қызғаныштар да қылаңдады. Бірақ, мен Байгелдиевтің орнына әкім болып Тышанов келген соң, Шымкенттен ерте келген қолқабыс, қолұзартқыш, қолбергiш бригада мүшелерін ор-наластыра бастаған соң, осы кісі қашан орын босатар екен деп көңілін күпті етіп әурелемей-ақ өз еркіммен кетейін деп, 1996 жылы 3 қаңтарда өтінішімді беріп, орынымды босаттым.

Сөйтіп, Жамбыл облысына 1988 жылы қызметке барып, 1996 жылы нүкте қойылды, бірақта ол елдің азаматтарына деген ыстық ықыласым, сыпайы сыйластығым жалғаса беретініне сенімдімін. Өйткені, Жамбыл елі мені өсіріп, рухани байытып жіберді. Жамбылда бұғанам қатып, ой-өрісім кеңейіп, шыныға, шыңдала түстім. Тәжірибемнің, түсініктерімнің көк жиектері кеңіді. Алыстағы, Ертіс өңіріндегі елім деп, құшағын кең ашқан, бауырына тартқан, өз ұлдарындай баптап талай аламан бәйгелерге қосқан Жамбыл өңірінде көптеген үлкен-кіші дос-жолдастар таптым. Ал мына азаматтармен дастархандарымыз ортақ болып, ағайын – туыстар-дай араласып кеттік. Құдам Баударбеков Кеңес пен Әсия, туған ағамдай Садықбеков Әкім, жеңгеміз Қадилә, туған іні-қарындастарымдай болған Тұрсынхан – Еркін, Сейфолла – Зина, Ералы – Әсет, Амангелді – Гүлзипа, Алдияр – Айша, Айтбек – Айша, Қайрат – Сәуле, Алданыш – Жаңабике, Валя (Валентина Ричардовна), Балқаш – Жұмагүл, Исақ – Дания, Ал-пыс – Зәуре, Аманжол – Ырысгүл.

Жамбылда 1995 жылы ортаншы ұлым Дастан отау тігіп, шаңырақ көтерді. Өзім аттас Кеңестей құда, Әсиядай құдағи таптым. Туыстығымыздың шеңбері кеңіп, нығайды.



Кейбір өте жақын, туыстай болып кеткен азаматтар мені неге ерекше екшеп айтпады, көптің арасында жалпыламай айтқан жылы сөздің ішінде кеттім бе, – деп көңілінің орта, толмай қалғанын да сездіруі мүмкін.

Өмірде, қызмет бабында ешкімді бөле-жарып ерекшелеген емес-пін, тіпті сондай ойым болса да санамның сая бағында құпия сақтап, қызғаныш, алакөздік туғызбайын дейтінмін. Сондықтан теріп айтқаным-ды тегіс айтпады демессіңдер. Өз құшағым жетпегенмен көңілімнің кең құшағы бәріңе ортақ. Аласыз. Алаңсыз.

Қазір, сол сіздердің орталарыңызда еселене, құнарлана түскен, биографиялық, географиялық шеңбермен шектелмейтін, сыйластықты, ыстық ықыластарыңызды бас қоса қалған жерлерде мақтана, масаттана айтып жүремін.

Жолдастық, сұқпаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.
(Абай).



Президент Назарбаев Н.Ә. Жамбыл жерінде









Жамбыл облысының басшылары





Тоқтар Әубәкіров – Қазақстанның 1-ші вице-премьері



Сейфулла Сәкенұлы



Сабыралиев Бекбол (көмекшім);
Сабырғали Ырысбаев (ақын)





Карентаев Аманкелдінің отбасы





Солдан: Мұхаммедқасым, Аманжол, Алдияр жұбайларымен



Қайрат, Сәуле, Айша Байқоразова

Шет елде.
Қытай (СУАР)



Іле-қазақ автономиялық аудандық
партия комитетінің бірінші хатшысы



Іле-қазақ автономиялық аудандық
атқару комитетінің төрағасы



Францияда



Оңтүстік Кореяда



Швейцарияда



АҚШ – Айова штаты



Губернатормен кездесу



Делегация мүшелері: Қазақстан, Түркменістан, Қырғызстан

Елі – ерді өсірген ұясы, Шарықтап ұшар қиясы

Жаңа дәуірдің әлі таңы атып, күні шықпаған ала көлеңке кезінде, болашақтың жолын іздеп ерсілі-қарсылы тың со-нарлар, соқпақтар мен сүрлемдердің қайсысына түсерлерін анықтай алмай, күдігі мен дүдәмалдығы, нақтылы бағдармалар жасауға күмәндандырып, шідерлеп тұрған кезеңде мемлекеттік, қоғамдық қызметтер іздемей-ақ қояйын деп шештім. Әлі қорытып үлгермесем де жаңа бетбұрыстан секемдендім. Жекеменшік деген ашкөз, тойымсыз айдаһар алғашқы күннен кездескендердің бәрін талғамай, шайнамай жұтып, адамдардың психологиясын, санасын, ар-ұят деген қасиеттерін сүліктей сорып, адамдардың азғындығын қоздырып жіберді. Өмірдің тарихи шындығы. Жекеменшіктілікте қашанда болмасын тойымдылық, әділеттілік, теңдік жат. Оның қозғаушы күші – құмықпайтын құнығу. Тойымсыздық. Ол менің қорытындым емес. Өмірдің сабағы. Шындығы. Жекеменшік – ол қоғамның обыры да, жебірі де. Өмірдің көбі кетіп, азы қалған шағымда осындай аласапыран кезде мен шамам, қабілетім жеткенінше балаларыма, іні, жиендеріме қолқабысымды тигізейін дедім. Балаларыма ақылымды айттым: Сендердің ой-өрістеріңнің, көзқарастарыңның қалыптасуында ылпың-жылпыңдыққа, алдау-арбауға, құбылмалы қулыққа, арамдыққа, өтірікке бейімділіктерің жоқ. Ал заманның бағытына қарағанда адалдықтың адымы қысқарып, ауылы алыстап барады. Қай заманда болмасын еңбек етсең емізіп, теріңді төксең тек қалдырмайтын ауылшаруашылығы, сондықтан ата-бабаңның тамыры елден тараған, әкелеріңнің ата кәсібі, тәрбие алып өскен ортасы да ауыл. Қазір кеңшарлар таратылып жатыр. Сол тоздырған орындарды қайтадан ұйымдастыра білсеңдер, сендерге ауылшаруашылығымен айналысқандарың жөн деп ақыл айттым. Ол кезде ауылшаруашылығының тұманды, күмәнді кезеңдері де анық ашыла қоймаған-ды. Ең негізгісі ауыл адамдары не болып қалғанын, қай бағыттан жол іздеулері керектігін түсіне, аңғара алмай, ал басшы - лары, пысықтары қымқырып, жымқырып жатқанда, қарапайым халық осылар қайда, қанша, не әкетіп жатыр деп қызғана қарап тұр са да, қоғам мүлкіне араша түсе алмай бейтарап қалды. Сасқан елге «бы лай қарай жүріңдер» деп, не жоғарғы жақтан, не ел ішінен жөн сілтер еш-кім шықпады. Біреулер жерді жалға беру арқылы еңбек қауымдас тығын

ұйымдастыр десе, кейбіреулері кооперативтік (қоғамдастық) жолды дұрыс деді. Інім Ертіс пен жиенім Серік (Шиябиденнің баласы) Торғай облысының Есіл ауданынан Московский, Ейский, Жақсы ауданынан Запорожец кеңшарларында еңбек коллективтерімен талқылап, жаңағы жерді жалға алып, кооператив жолдарының бірін бастап, бірін тастап, тұрақты шешімге келе алмай, ізденіс үстінде жүрді. Олардың ізденіс жолдарына Дастан да барып қосылды. Ол Жақсы ауданында Қалмақкөл, Ақмола облысының Вишневка (кейін Аршалы) ауданында, бұрыннан алыстағы ауыр шаруашылықтардың бірі болып есептелінетін, «Бело-яр» деген және «Ақтасты» кеңшарларының тұрғындарымен келіссөздер жүргізуге кірісті. Бұл талпыныстар, ізденістер бой көтерген кез – 1996-97 жылдары. Ол уақытқа дейін кеңшарлардың әлділерін, жер құнарлығы жоғарыларын, орталыққа, элеваторларға жақындауларын, сүбелілерін, тіпті сорпалығы барларын республиканың, облыстардың, аудандардың қолдары жетерлердің таңдап, екшеп, иемденіп алған шағы. Иесіз қалғандары – не пұшпақтары, не әрі кетсе – тулақтары. Соның өзінде не істерін білмей, бастары айналып, естері шығып, есеңгіреп, тапшылықтан таңдайлары кеуіп отырған жергілікті халық, «суға кеткен тал қармайды» дегендей, өтпей отырғандарының өтемінің өзіне өгіз сұрап, тайынша-торпақты қомсынатын болды. Жергілікті халықтың жер үлестерін жинап, жалға алып, кооператив құрушыға ауыр талаптар қойды.

Бірінші: аласапыран басталғаннан бері, 8-9 жылдар мерзімінде аты бар, заты жоқ кеңшарға жанар-жағар майлар мен техникалар-ды жабдықтауға, жөндеуге бөлек бөлшектермен көмектескендегі берешектерің деп, совхоздың жарамды техникаларын, тіпті олардың жа-рамды бөлшектерін, малдарын талап-тартып алып кеткен. Фамилиясы ғана қалған қу кедей.

Екінші: сол 8-9 жылдардан бері халыққа еңбек ақылары төленбеген. Орташа есеппен әр кеңшар халыққа кемі 50-60-100 млн теңге берешек. Ақыларын алмай кооперативке пайларын бергілері келмейді. Өздерінің пайдалануына күш-қуаттары жоқ. Еңбек ақыларыңды кейін береміз де-генге сенбейді. Ал кооператив иелерінің ондай мүмкіндіктері жоқ.

Үшінші: Ел азып, жұрт тозған. Балабақшалар, дәрігерлік және мәдениет орындары, монша, техника жөндейтін шеберханалар жабылған. Тиын, теңгеге сатылған. Яғни, жылдар бойы шөміштеп жиналған байлықтар шелектеп төгілген. Мал-мүлік бәрі пысықтардың қолында, жемқорлардың жемсауында кеткен.

Төртінші: Егістік танаптар мүмкіндіктің жетіспеуінен, агро-техникалық күтімсіздіктен құнары құлдырап, арам шөптер басып, өнімі шөгіп-семіп қалған.

Бесінші: Бұрынғы совхоздың әлі де берешектерін айтып, аудандық қаржы бөлімдері, мекемелер, бизнесмендер берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан аламыз деп жалақтап жүр.

Алтыншы: Халық тұрмыстық, әлеуметтік ауыртпалықтарға төзімсіз төзімділік көрсетсе де, қиналған кездерінде бұрынғыша совхоз кеңсесіне келіп, шиыршық атып, жылап-еңірегендері, айтқан өтініштерін естудің өзі психологиялық, адамгершілікке өте ауыр жүк.

Міне, осы қиындықтарды мойныма аламын, жеңемін деп бел шешіп, білек сыбанған адам ғана кооператив құруға келісім береді. Жол ауыр. Ой-шұқыры көп, таулы-тасты белестер. Дастан бел бұды. Көктен құймақ күтіп отыруға болмайды. Бәрін тәптіштеп, тізбектеп жатпай-ақ қояйын – алдағы ауыртпалықтар біз ойлағандардан әлде қайда тармақты, салмақты, күрделі күрмеулер болып шықты. Бірақ шешінген судан тай-ынбас деген. Дастанның бастамасына бұрынғы студенттік жолдастары: Қайрат, Қамбар, Нұрландар (Берденов, Есімов), Мергенде қосылып, бәрі бірігіп, жұмысқа кірісіп кетті. Халықпен келіскендері:

Жер үлестерін берген адамдардың бұрынғы кеңшарда алашақ еңбек ақыларын 3 жылда қайтарып беру (әрине банктен кредит алып); кооперативте қалғандарын жұмыспен қамтамасыз ету;

Ендігі қиындықтар:

Кеңшардың қалған техникаларының саны бар, сапасы жоқ, ескірген, сынған. Тәуірлерін бұрынғы кредиторлар алып кеткен. Қалғандарын жөндеу қажет. Тұқымдық астық жетімсіз;

Жанар-жағар май жоқ, бәрі қымбат;

Айлық еңбек ақы төлеу керек; Міне осылардың бәріне қаражат зәру;

Банктер берген несиелерін кешіктіріп, оның өзін маусымды кезеңдермен санаспай береді. Қайтарым мөлшері де шарықтап кеткен – 30 пайыздың арғы-бергі жағында.

Енді барлық қаржылық берешектерін қайтару егін орағына, оның шығымдылығына байланысты. Сатып алынған сапасыз тұқымнан («от плохого семени, не жди хорошего племени» дегендей), оның сыртында мерзімді кезінде себілмеген күтімсіз егіс алқаптарынан жөнді өнім де жоқ. Алынған аз ғана астық, қысқа көрпе сияқты, басыңа тартсаң аяғың ашылады, аяғыңа тартсаң басыңа жетпейді. Нағыз қысқа жіп күрмеуге келмейді деген осы.

Әрине, кеңшарлардың әлділерінің, жерлері құнарлы және қар-жылай, техникалық мүмкіндіктері молдарының асықтары алшысынан түсіп жатса, мүмкіндіктері шектеулілердің асықтары тәйке де тұрмай, кейде тіпті бүк түсіп қалып жатқандары да көп. Біздерде солардың орта дәрежесінде қалыптасуға бет бұрдық.

Мен 2004 жылдан кейін балалардың жұмыстарына араласпай-мын, бірақ, «Алыстан ат дүбірі естілгенде, белдеуде бәйгі күрең шыр айналды» дегендей, – анда-санда дүбірлі дуға құлақ тігіп, қайда бара жатырсындар деп сұрап та қоямын. Осы күні кейбір сықақшылар: Биз-нес дегенің қазақтың «біздің іс» деген сөзінен шыққан екен, ал «кредит» дегенің «Кіреді ит» деген сөз екен десіп жүр ғой. Сондықтан тындырар істе де көмегі күмәнді сұғанақ иттен де хабардар болғанымыз дұрыс сияқты. Ұйқысырап отырып өмір өткізуге болмайды. Өрқашанда ояу, сергек болғанға не жетсін. Айтар ойымды түйіндесем: балаларым, іні-жиендерім қаржы зәрулігінен, өмірдің қансонарынан із кесіп, қосалқы олжа іздеп, әр тарапқа атқа қонды. Маған да ойлануға тура келді. Елге жылдар өткізіп, анда-санда бірер күнге келіп жүргеніммен, кейінгі ұрпақ туыстарды, бір кездегі достар мен жолдастарды тосырқайтын күй кештік. Олардың балаларымен кездесе қалсақ танымаймыз, тіпті әке-шешелерін айтса да ойланыңқырап, алыстаған елестерді теріп-екшеп еске түсіреміз. Жас ұлғайған сайын сенің өскен де, өсірген де туған елің, кіндік қаның-ның тамған жерің есіңе елестеп, орала беретінін қайтерсің. Тарихта Бей-барыс бабамыз 17 жылдан астам Мысыр елінің сұлтаны болып оны бас-қарса да, жасы ұлғайған шағында қыпшақ даласының (қазақ) бір уыс жусанын қолына ұстап иіскесем деп армандаған екен дейді. Данышпан бабаларымыз ұлдарын ес жиып, етектерін жауып, туған жерінің, өсірген елінің қадір-қасиетін, ата салт-дәстүрлерін санасына сіңіріп, ойын орнықтырып, бойын бекіткенше, жатжұртқа жібермеген ғой. Мен кейде ойлаймын, осы мемлекетіміздің «Болашақ» жоспары бойынша шет елге жіберіп оқытып жатқан жастары ертең кім болып, қандай азаматтар болып өседі, деп. Елде қазақшасы мен қазақшылығы ала-құла, шала-пұла жа-стар шетелде сол азын – аулақтарынан айырылып, жат жұртқа бүйректері бұрылып, тасбауыр болып кетпей ме? Әрине жастардың бәрін күдікті аттың үстінде отыр деп айта алмаймын. Ел дейтін ерлері де болуы ғажап емес. Сонда да, үміттен күдік басымдырақ. Қазіргі ел, мемлекет басқарып отырғандардың ешқайсысы шет мемлекетте оқымай-ақ тізгінін ұстап отыр ғой. Біреулер менің бұл пікірімді ескінің құрсауында қалып, келешекке шідермен бара жатқан адам деуі мүмкін. Неге елімізде 4-5 мемлекеттік университеттер ашып, шет елдердің оқымыстыларын алдырып, жастарды

елде оқытпаймыз. Кейін таңдаулыларын тәжірибелерін, білімдерін сомдай түсу үшін сыртқа жібермеске? Қорыта айтқанда, шет мемлекетте оқитын жастардың арасында еркелікті есерлікке жеңдіріп, байлықтың буына елтіп, ессіз мастықта оқуды сауыққа айырбастап жүргендері көп дейді. Сондықтан келешектері – шүбәлі. Жазушы Герольд Бельгер айтпақшы: «Қазақтар тым еліктегіш халық». Қазақтың зиялыларының қауыптенетіні де»: ұлтымыз дарақылығымызды қоздырып, дархандығымызды тозды-рып, сенгенімізді семдіріп аздырып алмау. Ертең руды былай қойғанда ұлтың кім десе, ол не? деуден де алыс емеспіз қой, бұл қылық тіпті, қылтиып көрініп те қалды емеспе? Мұхтар Шаханов бастаған зиялы аза-маттар зиянды азаматтардың бетінен қақпағанда, нағыз «космополит-тер», отансыздар болып шыға келуші едік. Кейбіреулер руға бөлмейік, арамыз ашылады, алакөздік өршиді дейтін уәж айтады. **«Тура биде туған жоқ, туғанды биде – иман жоқ»** деген терең философиялық сөздің ата-сы Төлеби бабаның танымайтын елге барғанда өзін Үйсін Төлебимін деп таныстырған, ал билік айтқанда, даулы мәселелерді шешкенде «Тура биде туған жоқтығын» көрсеткен. Данышпан Абай да ұрпақтарға: **«Әкенің баласы болма, адамның баласы бол»**, – деп кеткен жоқ па?

Жас ұрпақ! Осының бәрін мен саған айтып отырмын. Бабалар сөзі – ақылда, нақылда. Сенің өренді өсіріп, ұғымыңның өрісін кеңейтеді, ойыңды оятып, санаңды байытып, сезіміңді сергітсін. Осылардың бәрінің аттарының айдаушысы – Намысың болсын.

Жоғарыда айтылғандай елге көшу, балаларымды, немерелерімді, ағайындарға жатбауыр болып кетуден сақтандыру, көңілге нық ұялады. Үлкен ұлымыз Рүстем отбасымен Павлодарға көшті, балалардың үлкені Светлана, інілері Дастан, Асқар Астанаға қоныстанды. Енді біз, Сағила екеуміз Павлодарға қоныс аударып, балаларды сол жақтағы ағайын – ту-ыстармен таныстырып, табыстыруға дәнекер болуды ұйғардық.

Алпыс жылдан аса қазақ елінің астанасы болған, азаматтарын атқа қондырып, жас ұрпақтарын ғылым-білім бесігінде тербеткен, Алматыдан аттансаң, келешектегі бағың үшін де, тағың үшін де өмірдегі орныңды енді күрессең де, тірессең де өзің іздеуші едің. Міне сол Алматыны жәй бір қоныс орны сияқты жайбарақат тастап көше салу айтуға жеңіл болғанымен, ой тұнығына сүңгітер қуаты бар ұғым екен. Әсірелеп айтсам, ештеңеге араласпай, Алматыда тек жәй жүргеннің өзі де мектеп - оқыту-тәрбие орыны. Ал, мен болсам қоғамдық, саяси жұмыстарға араласып, ірілі-уақты елеуінен де, егеуінен де өттім, сұрыпталдым. Артық-кемім мінеуге де, түзеуге де түсті.

Шыңдала түстім. Оған қоса Алматыда көптен араласып жүрген, ағайын-туыстай болып қалыптасып қалған ағалар-жеңгелер, құрбы-

құрдастар, інілер – келіндер, қарындастар да көбейе түскен еді: Рамазан Аманолла Ғабдолхайұлы - жеңгеміз Гүлнәз (қайтыс болған), одан кейін Вера Васильевна, Әуелбеков Еркін Нұржанұлы - Күлше, Жұмабеков Хам-за – Тұрсын, Сағдиев Мактай - Түкіш (қайтыс болды), Тұрысов Қаратай – Өскергүл, Сағдиев Кенжеғали – Нағытай, Абдильдин Мейірхан – Рай-хан, Есмұқанов Ғазиз – Гүлбөрам, Самыратов Сабырбек – Самифа, Омаров Аманкелді – Кәрима, Нуриев Марат – Роза, Бабаев МЭЛС – Зоя,

Шайхислам – Нағима, Такырбасов Бақыт – Майра, Мұхтар – Сағия, Аб-сәляммов Қанағат – Бибігүл, Тоқбаев Қайыр – Бақыт, т.б.

Кейін, 1997 жылы мемлекетіміздің астанасы Алматыдан Целино-град қаласына (тарихи аты Ақмола) көшіп, қаланың аты өзгеріп, Аста-на болғаннан соң көптеген азаматтар қызмет бабымен, немесе тұрмыс жағдайларымен қоныс аударып, қайтадан табыса бастадық. Орыстар айтады ғой: «Старый друг, лучше новых двух», - деп. «Сандық, сапалық, салмақтық айырмашылықтары кейін анықтала берер. Әзірше, жана дәуір меншікке «менікі» деп ат қойып, санаңды сандалтып, өмірдің қиынын да, құйынын да, қосақтап алдыңнан, керме тартып, барар бағытыңды анықтай алмай, бұлдыры кою, тұлдыры тұтамға толмайтың жаңа заманның үзік-үзік көзқарастарымен мінез-құлықтың, өртеңнен кейінгі ала-құла қылтиған көгіндей елестер. Сыншылында, шыншылында - өмір. Бірақ, әзірше жобасы да, қожасы да анықталмаған құрылыс.

Абай:

Осыны оқы, ойлай бер, болсаң зерек,

Еңбекті сат, ар сатып неге керек? Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек – дейді.

Жер жәннәті Жетісуда немесе ел жанаты Жамбылда неге қалмайсындар деген, туысқандай болып кеткен құдаларымыздың, дос-жолдастардың ықылас-ниеттеріне ризашылығымызды білдіріп, көңіліміз қимаса да рұқсаттарын алдық.

Сілетіге, Ақмолаға да бірдей (300 шақырым) қашықтықта деп Павлодар қаласына тұрақтадық. Жоғарыда жазылғандай, әкеміз Аманнан (шын аты Амангелді қажы), анамыз Қапизадан он бала едік. Үлкен апамыз Гүлбөрәм өзіміздің туып-өскен Сілеті елінде тұратын (орталығы – Сұлукөл). Базылбай жездеміз (қайтыс болған) екеуінен Егінбай, Амантай, Қонысбай және Айна деген ұлдар. Бәрі де отау тігіп (Қонысбайдан басқалары), шаңырақ көтеріп, іргелі отбасылары, өз ұрпақтары өсіп, ержетуде. Тұңғыштары Егінбайды жездейдің Балғабай деген ағасы бауырына салып, сол кісінің баласы болып атанады. Жездеміз Базылбай 40-шы жылдардың басында Бірлік ұжымшарына келген тұңғыш трактордың

тізгінін ұстаған еңбек адамы. Гүлбәрәм тәтеміз, мінезі ашық, бас қосқан жерде күлкіге кенелтіп отыратын сықақшыл, әзілқой. 80 жастан асып өмірден озды. Екінші үлкен апамыз Мәруә, сол елден, Ақмоланың Есіл қаласына, баласы Серіктің қолына көшіп барған. 2008 жылы 81 жасқа қараған шағында қайтты. Шиябиден жездей (ертерек қайтыс болған) екеуінен Раушан, Жайнақ (екеуі де қайтыс болды, бірақ ұрпақтары бар), Рәзия, Райхан, Серік, Дайрабай деген балалары үй болып, ұрпақтар сүйіп отыр. Осылардың бәріне бас-көз болып, оқытып, қамқоршы болып жүргені Серік. Жездеміз Шиябиден көп жыл колхоз басқарды, партия ұйымының хатшысы болды. Мінезі жәйлі, ақкөңіл, аңқаулығы да бар, ой-пікірі таза адам еді. Сол қасиеттері шығар, біздің әке – шешеміздің тұңғышындай бізге тым ыстық. Аға тұттық. Сол ақкөңіл, аңқау, кендігінен қайынбикесі Гүлбәрәм апамыздың сықақ-әзілдерінің нысанасы болып садағының жебесіне жиі ілінетін. Жарықтық, соған не ашу шақырып, не түс суытқан адам емес. Қайта өзі бірге күледі. Тәтеміз Мәруә тұрмысқа шыққанша үйдегі балалардың ересегі болды да, әкей, шешей қоғамдық малдарды бағып-күтуге кеткенде, үйдегі бар шаруашылық сол кісінің үлесінде қалатын. Ол кездегі үй-ішінің ауыр жұмыстары: қол диірмен тартып (оншақты адамға әжептәуір ұн қажет), нан пісіру, мал жайлау. Мен көпке дейін ағайынды үш үйдің ортасында (әкейдің немере ағасы Нұрғалидың, немере інісі Мырзатайдың), жалғыз ұл болғандықтан, бұла болып әспесем де жұмысқа бұралаңдығым болды ғой деймін. Бірақ 12 жасымнан басқа кісілердің үйлерінде жүріп оқығанымда азын-аулақ үй еңбектерінің дәмін татқандаймын. Өліппесін еркін игердім.

Менен кейінгі қарындасым Одеколон (1939ж) азан шақырылып қойылған аты Күләндә еді Әкей марқұм балажан адам еді, ылғи еркелетіп «иіс майым, одеколоным» деп отыратын. Содан жұрттың бәрі Одеколон атап кетті. Күләндә деген шын атын 70-ке толар қарсаңында өмірден өткенінде, жерлегенде ғана еске алды, ал көптеген абысын, құрбы-құрдастары бірінші рет естіп тұрмыз деп таң қалысты. Ерейментаудың Еркіншілік деген (Павловка ауылы) кеңшарда тұрды. Жолдасы, күйеу баламыз Қалихан көп жылдар бойы Бестөбе алтын кенішінде шахтер болып жұмыс істеген. Ерте қайтыс болғаны өкінішті. Мінезі ашық, әзілге бейім, домбырамен әжептәуір өлең де шырқайтын. Қарындасым Одеколон да жоғары, кең дауысты әндерді нақышына келтіріп айтушы еді. Екеуінен: Барқыт, Алтын, Бағдат, Гүлнәр, Жанна, Қайыргелді, Ай-жан (қайтыс болды), Болат деген ұрпақтар қалды. Олардың бәрінің де отбасылары бар, әр салада қызмет істейтін азаматтар болып өсті. Бала-шағалары да өсіп, ержетіп қалды. Менен кейінгі інім – Тілеш (1941 ж.). Әкей, әскерге кеткен ағайын-туыстарға, жалпы Ұлы Отан соғысының

Жеңісіне Тілеуқор болсын деп атын Тілеуберген қойыпты. Бірақ білетіндердің бәрінің атауы – Тілеш. Қазір Павлодар қаласында тұрады. Мамандығы – бухгалтер. Теңдік келініміз екеуінен: Алмаш, Марат, Ғалия, Фарида, Ерден, Айнаш, Алтын, Алтынбек деген ұл-қыздар өсіп, олардың ұрпақтарымен бір қауым ел. Бәрі үйлі-баранды, өндірістің әр саласында жұмыс істеп жүр.

Қарындасым Роза (1944 ж.). Оны үш жасар кезінде шешейдің ағасы Нұрхан нағашым бауырына салып, сол кісінің қызы болып кеткен. Күйеу баламыз Жәкен (Жасқайрат, қайтыс болды) екеуінен: Қуат, Шынар, Сұңғат, Шоқан деген ұрпақтар өсіп, әрқайсысының өз шаңырақтары бар, жиен, немерелер ержетуде. Бәрі де Павлодар қаласында. Елеулі азамат-тар, бизнесмендер, қызметкерлер. Жәкен марқұм көп жылдар кеңшарда бас бухгалтер, Роза сатушы болған жандар.

Қарындасым Еркеш (Еркін, 1946 ж.). Күйеу баламыз Жамбыл екеуінен: Мұрат, Нұрлан, Бауыржан. Жамбыл әуелі Железенка ауданының бірнеше кеңшарларында бас бухгалтер, ал кейіннен ұзақ жылдар кеңшар директоры болып қызмет атқарды. Еркеш те тәжірибелі, беделді бух-галтер, екі рет қажылыққа барды. Үлкен ұлдары Мұрат Қарағанды облысының прокуроры болып істейді, екі ұлдары кеден саласында жау-апты қызметкерлер.

Жамбылдың бізге күйеу балалығынан гөрі інілік дәрежесі үстем. Мен басқа облыстарда, сыртта жүргенімде, елдегі туыстарыма қамқоршы, тірек бола білді. Қазір Павлодар қаласында.

Кіші қарындасым Миранш (дәрігер, 1950 жылғы), күйеу баламыз Мэлс бәріміз Мекен дейтінбіз, мұғалім), Торғай облысы Жангелдин ауданында шаңырақ көтерді. Мекен марқұм жуас, ақкөңіл, аңқау, адал азамат еді. Қарындасым екеуі де бертінде көз жұмды. Арттарында Ұлан деген ұлы, Самал, Жазира деген қыздары қалды. Есейген, өз қолдары өз ауыз-дарына жеткен. Самалдың жолдасы Ораз салмақты, сабырлы, адал аза-мат. Ұрпақтары бар: Ұланның ұлы – Мирас.

Әкей мен шешейдің кенжелері егіз ұл: Сайлау мен Ертіс (1954 ж.). Сайлау ерте қайтыс болды, бірақ артында Жанна деген қызы, Әділет деген ұлы қалды. Келініміз Сәуле Алматыда ауылшаруашылық университетінде сабақ береді, ғылым докторы, профессор. Әділет институт бітіріп, қазіргі магистратурада оқып жүр. Егіздің сыңары Ертіс, келініміз Ұлдай екеуі екі ұл: Данияр мен Русланды өсіріп, Даниярдан немерелер сүйіп, Русланы Англиядағы дүниежүзілік Лондон биржасында әрі оқып, әрі жұмыс істеп жатыр. Бәрі де Алматыда. Данияр – бизнесмен. Міне әкеміз – Аман мен анамыз Қапиза екеуінен, мәуелі бәйтеректен өсіп-өнген бұтақтары мен оның жемістері. Келешекте де желілері жалғаса берсе екен деп



армандаған ұрпақтары мен әулеттерінің жалпы жағдайы осы. Құтбенбет деген ұлы атамыздан бес ұл болыпты. Сандыбай, Қорғанбай, Наурызбай, Шамұхаммед және Әубәкір. Әубәкірден үш бала қалыпты: Аман, Есен және Әлиман деген апамыз. Есен ағай Ұлы Отан соғысына кетіп, содан қайтпады. Әлиман апамызбен жездеміз Балташтан: Тәләп, Жаңатәләп, Сәлимә, Қазима (қайтыс болды), Сабилә деген ұрпақтар өсті. Олардың әрқайсысының ұрпақ жалғастығы үзілген жоқ. Нұрғали атаның, Мырза-тай ағаның ұрпақтарын жоғарыда қысқаша талдағанмын.

Қалған немере ағайын-туыстардың ұрпақтарына талдау жасаған жоқпын. Әйткені, бәрін талдау мүмкін емес. Ал кейбіреулерін ерек-ше тізбектесем, қалғандарына өкпеші болармын деп ойладым. Қажет дегендері шежіреден өздері талдап алар деп шештім.

Сілетіліктерді бөлшектейтін де ештеңе жоқ, ауыл тегіс, біздің алтыншы бабамыз Түгел батырдың он алты ұлдарының үшеуінен: Кенжеқара, Төбет және Бәсіннен тараған ұрпақтар. Татулықтары болса бәрінің тамырлары бір, ал ағайын арасында ала ауыздық болса өздерінің құнсыз, төмендіктері, кейде бір әке, бір шешеден туып та ала көзденіп сиыспай, бақталастықтан, күншілдіктен, қызғаныштан араздықтарын ауыздықтай білмейтін ағайындар болады емес пе? Міне, ала болсын, құла болсын елге осы ағайындар деп келдік қой. Әркім өз ұғымының биігінен, өрісінің кеңдігінен бағаланар, ал маған ешқайсысының, бөтендігі жоқ. Бәрі – туыс.

Ел шетіне келіп, Павлодар қаласына қоныстануымның тағы бір сы-рына тоқталсам. Сонау елуінші жылдардың соңын ала, институтті бітіріп, азаматтық атқа ер салмасам да, тоқым жауып, жайдақ болсам да атты-лар қатарында сыйластықтың, достықтың, жолдастықтың дастарханда-рынан дәм тата бастаған кезімдегі бүгінгі аға буын, құрбы-құрдастарым зейнеткерліктің сақа тарландарын мініп, қалаға топтасқан-ды. Мен де солардың қатарына, үйіріне келіп қосылдым. Елден ерте кетсеңдер де есімізде елеусіз емессіңдер деп, орталарына алып, төрлерінен орын ұсынды.

Бірде жолдастары Абылайдан сұраған екен. Жаныңызда өзіңізбен ел қорғаны болып жүрген батырлар көп, солардың қайсысын ерекше бағалар едіңіз деп. Сонда Абылай: **«Мен тіреу болсам, барлық батырлар менің сүйеуім ғой**, дегенмен: Мен қалмақтардың қолына тұтқын болып түскенімде, бір топ батырларыммен қалмақтың ханы Калдан Серенге алып барды. Хан тағында отыр екен. Барған бетте тіксініп: «Неге Шарышымды өлтірдің?», - деді. Мен оның алдында түрегеп тұрып жауап беруге намыстанып тұрғанымда, Жәпек батыр: «Тақсыр, Қалдан Серен қалмақтың ханы болса, сен қазақтың ханысың, одан төмен отырма деп, өзі қалмақ ханының жанына, қатарына барып, бүк түсіп, менің үстіме



отырыңыз деп, абыройымды асқақтатып, намысымды қорғап қалды. Сыйластықтың шыңына көтерді. Міне, тар жерде ақыл тауып, менің де, елдің де, басқа батырлардың да абыройын ақылымен, тапқырлығымен қорғап қалған сол Жәпек батырды ерекше құрметтеймін», - депті. Павло-дар өңірінің азаматтарын алаламаймын, бәрі мен үшін қадірлі, құрметті. Бірақта елге келген алғашқы күннен аға болып бауырына басқан: Нуркин Қабдешті, Қапен Төлеубековты, Мусин Мазанды, Қайырбеков Төкенді аға деп асыра бағалап, қатар өскен құрбы едік деп құшақтарын айқара ашқан: Түгелбаев Әбілқакты, Әлібек – Үміт, Мұстафа Жақинді, Арғынов Қабдолланы, Абызбай Адамовты, Әмен Аманжоловты, Күзеков Асхатты, Омаров Мұхитты, Ғалымбек Жұматовты, Балтабек Мұқамеджановты, Ба-янауылдан Мүкәрәм Шүленбаевты, Қабыкен Әубәкіровты, Екібастұздан Әди Әлкебаевты, Көбен Төлепбергеновты, балдыздарым Мақсұт, Болат Әбенютерді ерекше бағалаймын, олардың маған деген ыстық ықыластары, ізгі ниеттері ерекше болды. Олардың қатарында елуінші жылдардың орта кезеңдерінде Ертіс қазақ орта мектебінің түлетіп ұшырған түлектері: Са-тай Смагулов, Жанайдар Рамазанов, Қайыржан Жұмаділов, Молдабеков Хасен, Илиясов Қабылқак, Саттаров Балта (Дәулетбаев), Нұркина Нұраш, Сағындықов Төлеген, Сарыбасов Жаңатай, Сердалин Қияш т.б. Міне, осы азаматтарды көріп, солар арқылы басқаларын еске түсіріп, көп сериялы көне фильмдерді қайта көргендей болдым. Көп ойға қалдырды. Тек, өмірдің күзі қатарымызды жылдан-жылға сиретіп, селдіретіп келеді.

Дағыстан халқының кемеңгер ақыны Расул
Гамзатов: Ағарды сиреп шаштар да, Не керек
енді бізге дау.

Айырылдым талай достардан,
Қайтадан табу қиындау. Кейінгі
өмір жолдардың, Қиясын,
қырын шарладым. Жоғалған
достар орынын, Бәрібір
толтыра алмадым. Намысы
бірге достарым, Біріңе бірің
сеніңдер.

Көп емес достар жердегі,
Аз досты сақтай көріңдер,
– десе, бабаларымыз:
Өмірдің көркі доспенен,
Өңірдің көркі қоспенен, –

деген екен.

Ағалар



Ашимов Байкен – Председатель КабМина КазССР с супругой
Бахыт Асеткызы; Сагдиев Мактай – председатель
Президиума Верховного Совета КазССР



Аманолла ағамен



Хамза ағай, Тұрсын жеңгей



Зайролла, Гүлбаршын, Сара



жолдастар



Мақтай, Кәкімбек ағай Мәриям жеңгеймен,
Кеңес құда, Есенкелді



Торғайлықтар





Демалыста



Жолдастар



Әлібек, Үміт

Павлодардағы дос-жолдастар







Жолдастар





Оңнан солға: Кеңес құда, Әсия құдағи, Күляш құдағи



Баймұқан құда, Тансұлу құдағи



Қостанай облысында

Сәлім, Сағи
ла





Нәзкен, Сағила, Әлла



Павлодарлықтар – тойда





Майқайындағы туыстар

Дос – жолдастар



Қызыметтес болған:



Інім Кәрібжанов Жәнібек, келінім Бану



Сәрсенбеков Асқар, Көкрекбаев Кәрім – інілерім



Ғылым, әдебиет қайраткерлері Алматыда: Серік, Әлия Қирабаевтар,
С. Иманасов, Т. Молдағалиев, Т. Кәкішев жұбайларымен
(2011 ж.)

Інілерім, келіндер



Аманкелді, Қарлығаш



Кәрім, Гүлбахыт



Інілерім: Кәрімжан, Кәкімжан



Туыскандар





Дос – Жолдастар





Жолдастар



Келіндер



Балаларыммен



Құдалар

Мерзімнің ұзақтығынан өміріміздің күзінде сарғая бастаған туыстық, жолдастық сезімдерімізді көктемнің көгіндей қайта жаңғырта алмасақта нәрлендіріп, әрлендіріп жалғастыру сәттерін іздедім. Игілікті ниеттеріміз жүйесін тапты. Ұзақ жылдар саяқта жүрсекте үйірімізге қайта қосылдық.

Бұл талпынысымызды жеделдетуге: Әлхожа – Роза апай, Төкең – Нәзікен, ағамыз Мұқтар – Әннә, Михаил Павлович – Любовь Иванов-на, Михаил Егорович – Антонина Александровна, Мұрат – Қалима, Тасболат – Күлшім, Балтабай – Сара, Қанат – Фаруза, Оралбек – Ма-рия, Базарбай – Мамыр, Жеңгеміз – Бану, Балдызым – Алма, Мұқтар – Зайра, Темірхан – Жаңыл, Құдамыз Аманкельді – Роза, құдаларымыз: Рым-тай – Айман, Әсима жолдастық жылы мейірімдері мен қанаттандырып жіберді. Біз, ер азаматтар, қалай құбылта көтермелей көпірсек те өмір сабағында жолдастарды тез табыстыратында, жаңылыстыратын да, аластатып – жақындатыратын да әйелдер ғой. Сондықтан жоғарыда (ең жақсы араласқан) аттары аталған және аттары аталмай, көңілімнің құшағында қалған келін-қарындасстарға шексіз рахметімді айтамын.

Жамбылдан Павлодарға көшіп келгеннен кейін үлкен ұлымыз Рүстемнің отбасымен бірге тұрдық. Барлығы он жылдан астам қолымызда бірге тұрді. Кейбіреулердің өздері жеке тұрып қалыптасып кетсін, неге бөлек отау етіп шығармайсындар деген ақылдарына біздің өз ұйғарымымыз, пікіріміз дайын. Үйленісімен бөлек жіберсек жас келін төр кіншіл болып, бізге, ата-енесіне бауыр баспайды. Жүре келе көрші үйдің келініндей болып кетеді. Ал бірге тұрсақ, жаңа келген шаңырағының, ата-енесінің мінез-құлықтарына, дәстүрлеріне бой ұсынып, үй-шаруашылықтарының сан-салалы тәжірибелерінен сабақтар алады. Яғни, біздің отбасының тәлім-тәрбиелеріне қалып тасады. Өмірден көріп жүргеніміздей, кейбір келіндердің ата-аналары – төркіні жаңа отбасының өміріне жиі араласып, ақыл айтқыш болып, ұйып келе жатқан бірліктеріне іріткі араластыра бастағанын өздері де аңғармайды. Бәрі де солай болады деп айта алмаймын, бірақ жиі кездеседі. Біздің ұғымымызда келін босаға аттап, отауына кіргеннен соң ол сол үйдің баласы, қызы, келешек ұрпақтарының ана-сы. Өзінің өмірге әкелген ата-анасын ұмыт деп ешкім де айтпайды, бірақ енді өмірінің ақырына дейін келін болып түскен шаңырағын, ата-енесінің баласы екенін санасына сіңіргені абзал. Егер тәні ғана келген жерінде, ой-сезімі ұзатқан үйінде болса – тұрақты, тұғырлы келін шықпайды. Сон-дай түсінікті қызының санасына сіңіре алмаған, қызы тұрмысқа шықса да, мен ата-анасымын деп соңынан қалмайтындар, қимайтындар қызын күйеуге бермей үйінде ұстап отырғандары жөн.

Мен Жамбыл облысында естіген бір әңгіме сабақ болып, есімде қалды. Бір азаматтың тұрмысқа шыққан қызы бір күні чемоданын сүй-ретіп үйіне келіпті. Шешесі амандықтан соң «мына чемодан не?» – деп сұраса, қызы жолдасымен ренжісіп кетіп қалғанын айтады. Анасы: «Әй, ортадан төмен ғана білімім бар, көзімнің кемістігі бар, облыстағы, ірі ауданның абыройлы, атақты басшысының тілін тауып, тұрмыстық жағдай жасап, қамқоршы-сақшысы болып, ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда ұстаймын. Ал сен, көрік десе көркің бар, жоғары білімдісің, бір байыңмен тіл табысып, отбасының ұйытқысы бола алмасаң бізден қолдау күтпе, чемоданыңды ал да үйіңе тайып тұр», – деп қызын айдап шығыпты. Емексітсе ерке өскен қыз есерліктің есіктерін қағып, есеңгіреп қала берер ме еді, кім білсін.

Бірде жолдастар пікір алмасып отырғанымызда Фарид деген досым: Ертеректе үлкен ұлы үйленбекші болып, бір қызды ертіп келіп таныстыр-ды. Фарид – шын сүйсендер қарсылығымыз жоқ, бірғана шартым бар. Ерлізайыпты адамдар өмірлік жолдастар. Уақыт өте олай екен, былай екен деген бұлтақ болмайды. Мен келешек немерелерімді тірі жетімдікке айналдыруыға жол бермеймін, – депті. Міне ақылды ата – аналардың кесімді шешімдері осылай болады.

Бір ақсақал қызын тұрмысқа беріп, кейін құда-құдағи, күйеу бала-сы келсе, әлгілердің асты-үстіне түсіп, қалбалақтап, жаны қалмай күтіп, бастарына жастық, жайылып төсек болардай хал кешіпті. Бәйбішесі мен баласына бұл мінез, қонақ күтудің түрі ұнамай қалса керек. Сон-да ақсақал айтқан екен: «Әй, қызымызды бой жеткенше өсірдік, күттік, тәрбиеледік, бірақ қыз балаға берер үлгі – өнегелерімізді, саналықты өз дәрежесінде түгелдей бердік деп айта алмаймын. Енді, міне, жаңа ата-ана табылып, балаңызды бізге бала етіп беріңіз, әрмен қарай біз тәрбиелейік деп алып жатқан қамқорлықтарына, көмектеріне мен разы болып, қуанбағанда кім қуанады», - деген екен. Мен мұның бәрін кейбір ата-аналардың да, жастардың да есінде жүрсін деп айтып жатырмын. Өмір – мектеп. Осы сексенге таянған шағымда жылдар тізбегінде, ұзақ жол-дарда көрген – білгенім сабақ болсын деп айтып отырғанымды айыпқа бұйырмассындар. Құдайға шүкіршілік. Балалардың үлкені Светлана Әділбекпен Алматыда тұрады. Төрт балалы. Ең үлкені Дариға Астанада университет тәмәмдап, одан Италияға барып, университет бітіріп, сонда екі жыл болды, қызметте. Биыл 2010 жылы шілдеде тұрмысқа шықты. Екінші баласы Азамат Алматыдан Британ қазақ университетін бітіріп, Астанада «Қазмұнайгаз» ұжымында еңбек етуде. Үшінші баласы Абзал Италияда университетте оқиды. Ең кішісі Аружан 5 жаста. Ұлым Рүстем

мен келінім Гүлнәрмен бір шаңырақтың астында тұрып, көрсеткен үлгі-өнегеміз, берген тәрбиеміз өз жемістерін сыйлауда. Келініміз Гүлнәр Атырауда әкесі Сабырғали құдадан, шешесі Күляш құдағидан алған тәрбие сабақтарын біздің отбасымызда жалғастырып байыта түсті. Сыйлы ана дәрежесіне көтерілді, отбасының, ағайын-туыстардың арасында ұйытқы бола білді. Енді өз шаңырақтарыңды өздерің басқарыңдар, өздерің ие болыңдар, біз тек сырттарыңнан қамқоршыларыңбыз, тілеуқорларың болып отырамыз деп, еншілерін беріп бөлек шығардық, үш қыз бала-лары бар: Әсел, Әсем мен Сымбат. Екі үлкендері Павлодардың дарынды балалар оқитын гимназиясын бітіріп, үздік оқып, бірнеше дүркін республикалық, шетелдік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алды. Қазір екеуі де президенттің «Болашақ» бағдарламасы бойынша: Әсел – Австралияның университетін 2011 жылы бітіріп, Алматыда шет мемлекет банкінде жұмыс істеп жатыр. Әсем – Америкада, Бостон университетінде оқып жүр. Сымбаты сол әпкелері оқыған дарынды балалар гимназиясында, оныншы сыныпта. Рүстем – бизнеспен айналысады. Гүлнәр – теміржолшылар мекемесінде кадр бөлімін басқарады.

Сөйтіп, Павлодарға келген соң үлкен ұлымыз Рүстемді жеке отау етіп бөлек шығарып, балаларын қанат қақтырып, қияға ұшырып, білім тұғырларына қондырдық. Жатсақ, тұрсақ Тәңірден тілейтініміз, сұрайтынымыз солардың келешегі, болашағы. Отыз жылға жуық (1969-1997 жж.) Павлодар өңірінен Торғай, Жамбыл облыстарында, Алматыда әр дәрежеде партия – Кеңес орындарында қызметтер атқардым: Туған елім – Сілетім құлынымда өсіріп, тай күнімде Алматыға институтқа жіберіп, оқу бітіріп келген құнан күнімде Баянда еңбектің ер тоқымын салып, азамат тізгініне жармасып, дәреже баспалдақтарына көтерілуге тырысып, он жыл бойы қалыптаса бастасам, Торғайға дөненімде барып, Жамбыл, Алматыда сақайған кезімде өмірдің ұсталық дүкендерінің төсі мен балғасында сомдалып, шынығып тезінде теңестіріліп, түзетіліп Тәңірдің берген мүмкіндіктері мен қабілеттерінің қасиеттерін игеруге ұмтылдым. Орталарынан балауса, балғын кезімде кетсем, мәуелі, жемісті бәйтерек кезімде оралдым. Ағайын, туыстармен, дос, жолдастарыммен сағынышты қауышуымның қортындысындай болсын, есеп берейін деп, алпыс бес жасқа толуымды сылтау етіп, бәрін жинап, дастарханыма шақырдым. Аңыз әңгімеде бар ғой, қазақтың атасы Алаш дүниеден өтерінде бар байлығын төртке бөліп: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз ұрпақтарына – еншілеп беріп, төртінші бөлігін тағыда үшке бөліп: бұл сендердің бөлінбеген еншілерің құдайы қонаққа, ағайын – туыстарыңа болсын деп, тағы да үшеуіне қосымша бөліп береді. Қазақтың қонақжайлылығы сол

бөлінбеген еншісінің сарқылмас қоры, сарқыты да. Сол ата дәстүр бой-ынша отыз жылдан бері мендегі бөлінбеген еншілеріңнің үлесі еді деп: үлкендерге – сыбаға, құрбыларға – омыртқа, жастарға – бүйректерің деп жол-жоралғы жасадық.

Павлодар қаласында төрт жыл тұрдық. Үш баламыз: тұңғышымыз Светлана (Сталиннің қызының атына еліктеп Сәуле деп қойылған, бірақ туу туралы куәлік Павлодар перзентханасынан шығарда Светлана деп тол-тырылып кеткен. Бұрын бір жазылған атты, фамилияны өзгертуге рұқсат жоқ еді ғой), ортаншы ұлымыз Дастан, кенжеміз Асқар – бәрі Астанада тұратын. Шетте, алыста жүрген балаларға алаңдап отыру әдетке айналды. Оның сыртында бұрын қызу еңбекте жүрген адамға бос отыру да ауыр тимей ме. Барып, балаларға қолқабыс тигізсем деген ой қайта мазалады. Әйтеуір, бір сылтау екіншісін түрткілеп, 2001 жылы, сәуір айында Аста-на қаласына көштік. Жеке меншікте үйіміз жоқ еді. Ұлдармен – бәріміз үй жалдап тұрдық. 2003 жылы үй сатып алдық та, Дастанға енші беріп, бөлек отау етіп шығардық. Бес жылдан астам бірге тұрдық (Жамбылда, Алматыда бірге тұрғандарымызды есептегенде – сегіз жылдай). Құдамыз Кеңес (екеуіміз аттаспыз), ұзақ жылдар облыстық, қалалық партия – со-вет салаларында жауапты қызметтер атқарған. Өлі де тұғырдан түскен жоқ, бизнес саласында қызмет етіп жүр. Құдағиымыз Әсия – тәжірибелі, құрметті ұстаз. Зейнеткер.

Дастан мен Сәбинәнің тұңғыштары Маржан 8 сыныпта оқиды, Жәниясы – 6 жаста, мектепке баруға дайындалып жүр. Екеуі де классикалық би мектебіне барады, Маржан бірнеше дүркін республикалық, облыстық олимпиадалардың би жарыстарындағы бас бәйгелердің иегері. Ал Жәния 4 жасында әпкесімен биге барамын деп болмаған соң, шаршап, жалығып қояр деп, жасының толмағанына қарамай би мектебіне апарып едік, қоятын түрі жоқ, қайта ынталана түсті. Кенже ұлымыз – Асқар 2007 жылы үйленді. Келініміз Сәуле Астанада университет бітірді. Ата-ана-сы Баймұқан, Таңсұлу Қостанайда тұрады, екеуі де университетте сабақ береді (Баймұқан – полковник шенінде). Асқар мен Сәуле бізбен бірге тұрады. Кенже бала, шаңырақ иесі. Басқа балалардан жастары кіші бол-са да жолдары үлкен. Сондықтан аға-жеңгелері үлкен ізеттілік көрсетеді. 2008 жылы туған Әмір, 2010 жылы туған Темір деген: «Атасының бұзықтары, әжесінің қызықтары» бар. Асқардың Дастаннан бөлек өз бизнесі бар. Бірақ ағалы-інілі үшеуінің бірлігі де, тірлігі де, ынтымағы да үйлесімді, сыйымды. Дастан алғашқы жылдары Астанаға келісімен, інім Ертіспен, жиенім (Шиябиденнің ұлы) Серікпен серіктесіп, қолдасып, бірлесіп, жұмыс істей бастаған. Кейін әрқайсысының өндіріс салалары

жеке-жеке шаңырақ көтеріп, өздерінің ошақтарының еңбек қазандарын бөлек қайната бастады.

Ертіс Алматыға көшті, Серік бұрынғы Запорожец (Қима ауданында) деген кеңшарды алды да, қалғандары: Жақсы ауданынан – «Қалмақкөл», Есілден – «Московский» кеңшарын және «Сұрған» элеваторы, «Вишневка» (қазір Аршалы деп аталады) ауданында «Белоярка» кеңшары, «Ақтасты» деген бөлімше бірнеше жылдан бері қордаланып қалған көп мөлшердегі қаржылай берешектермен (банктердің кредиттері және басқа шаруа-шылықтарға) Дастан да қалды. Бірақ, бәрі жабылып сол берешектерді жабуға тырысты. Алайда, мүмкіндіктері тапшы да еді. Кедейліктен, агротехникалық баптардың жетімсіздігінен егістіктердің өнімділігі нашар, астықтың сапа-сы да төмен бола берді. Қосымша табыс көзін іздеуге тура келді. Өйткені, берешектеріміз сиқырлы қазанның суындай ортаймай-ақ қойды. Сол кез-де өкіметтің қаулысы шықты, жеке меншік ұсақ шаруашылықтардың ас-тық сатуын жеңілдету мақсатында ірі шаруашылықтарға банктер арқылы несие беріп, астық сатып алуды қомақты жүргізуге. Біздің жігіттер де сол сатып алушылардың тізіміне ілініп, іске кірісті. Оны ұйымдасқан түрде өткізді де. Дегенмен, көптеген қиындықтар мен әділетсіздікке де кездес-ті. Бұрын бала кезімізде естуші едік Ібілістің шайтандары адамзатқа кесір, зиян жасау үшін кешкі уақыттарды іңірт жамылғанды, қараңғы түндерді, қарбалас, қысылтаяң кездерді тосады, пайдаланады деп. Заман өзгерсе бәрі өзгертіндей... Егемендіктің таң қараңғысында, ала көлеңкесінде шыққан құбыжықтарды кімге ұқсатып, қалай жоруыңды білмей, тосынға тосылып қаламыз деп ойлаппыз ба. Ең ауыры, олар мемлекет көлемінде сақшы-мыз, қорғаушымыз деп жүрген мекемелердің орта қол қызметкерлері бол-са, кімге шағынып, кімге айтарыңды білмей, шынтағыңды тістеуге ауызың жетпей қалатынын бұрын білмеппіз.

Ертеде бір данышпан айтқан екен: **«Адамзаттың өркениеттері өскен сайын арамдық пен зұлымдық та түрлерін түлетіп, күрделендіріп, әсерлерін әсерлендіре түседі»**, – деп. Социализмді жерледік, өндіргіш күштерді, өндірістік өнімдерді қоғамдық меншіктен алып жеке меншікке талатып, таратып бердік деп санымызды шапалақтап жүргенімізде, адам-адам болғалы жекеменшіктің адамдардың бір-бірімен дауласуы ның, жауласуының шоқ тастап, от бастырып келе жатқаны ешкімге таңсық ұғым емес. Ал қазір бәрі ақшамен өлшеніп, бағаланатын кезде ұяттың жоғалып, арың арзандап, адамгершілігің суалып, құр қуыс кеуде, көкірегі соқыр адам сүлдерінде жүргендерден елге, халыққа не жақсылық, не жәрдемдері тиеді деп күтуге болады.

Жазықсызға тартқыздың жазаны
да, Былықтырып, былғадың
тазаны да. Адал тамақ өтпейді
тамағыңнан, Ұрлық етін салмасаң
қазаныңа. (Жанақ ақын).

Ал баяғыда Сүйінбай ақын Тезек төреге:
Тентегі мен терісін жөнге салмай, Елден
жылқы ұрлатқан кезеп Төре, –

дей келіп,...

Ұрлық етін жемесең өлемісің, десе, Тезек төренің: «Әр заманның бір сұрқұлтайы болады деуші еді, неде болса жасқанбай шындықты бетке айтқан мынау да менің сұрқұлтайым шығар» деуі – екеуінің де кемеңгерліктері, тереңдіктері емес пе? Мен жоғарыда осыдан он жыл бұрын, кілегей кезеңде болған зорлық – зомбылықты айтсам, олар жылдан-жылға азаяды деп ойласақ, қайта ауру-ымыз асқындап, миллиондап, миллиардтап, кесек-кесек ұрлауға көштік. Әрмен қарай қазбаламай-ақ қояйын. Мұның бәрі мен ашып отырған жаңалықтар емес. Халықтың түсінігі де, түйгені де осы.

Араммен жолдас болсаң,

Көңіліңді қаралар.

Жаманмен жолдас болсаң,

Жүрегінді жаралар,-

деген екен, – Досбол деген би – бабамыз. Кейде кейбіреулерін естігенде, оқығанда: «Сенген қойым сен болсаң... деп отырамын.

Туғанында уызға жарымаған ашқұрсақ, сұқ көздер жетім қозыдай десем қорсынғаным болар, қорқау қасқырдың ауыздануға баулыған бөлтіріктеріндей көрінгеннен қорек іздеп, әлі жеткендерін талап, әлділерін тонап халықтан жасқанбай-ақ, ұялмай-ақ жемқорлықтарын көрсетіп келеді.

Дастанның студенттік кезден дос, жолдастары міне 12-13 жылдан бері ұйымдасып, қолтықтасып барлық кезеңдеріндегі ауыртпашылықтарды, тапшылық-жоқшылықтарды, қиындықтарды бірге көтеріп, төзіп күресіп келеді: Нұрлан Берденов, Мейрамхан Әбікенов, Нұрлан Есімов, Қайрат Әділбеков, Қамбар Қалдырақов, Мерген Құдайбергенов, Сымбат Көбенова т.б. әлі де жұптарын ыдыратпай, жіктерін ашпай, бірлікпен, сыйластықпен жұмыстарын жалғастыруда. Дастанның фирмасы құрамдас бөліктері қазір Қостанай облысының Қарасу ауданындағы ірі жекеменшік шаруашылық фирмасымен, бас-

шысы, студенттік досы – жолдасы Алматы Тұрсынов пен бірлесіп, екі фирма қосақтасып жұмыс істеуде. Асқар өзі дербес «Астур» деген фирма-мада жанар+жағар май әкеліп сатумен айналысады. Ағалары Рүстем осы фирманың басқа кәсіпорындармен байланыстыру, үйлестіру бөліміне басшылық жасайды. Осының бәрін теріп жазып жатқаным, балаларым-ның өз еңбек жолдарының қалыптас қанын, тәзімділіктің, ізденістердің тезінен өткендіктерін, тапшылық, таршылықтармен күрескендерін, өмірдің, өндірістің көптеген салаларынан сабақ алғандарын, өткеріліп – ысылғандарын көрсету.

Павлодардан көшіп келген соң мен 2-3 жылдай Дастанға көмектеспекші болғанмын. Содан 2004 жылы балаларыма: «Айналайындар, оң қол, сол қолдарыңды тани бастадыңдар. Республикалық мекемелердің есіктерінің қайда және қалай ашылатынын, басшыларының бірсыпырасын танысыңдар. Жеке меншіктің атына ер салдыңдар, нарықтың жүген-ноқтасын кигіздіңдер, қаржының тізгінін қолдарыңа алып, қамшысын қарларыңа ілдіңдер. Менен тәуелсіздік алдыңдар. Енді жолдарың болсын. Мен тек сырттан тілеулеріңді тілеп, қамқоршыларың ғана болып отырайын», – дедім. Солай шештік.

Ертеде, Кеңес өкіметі кезінде: «Народный контроль» деген дәрежелі бақылау орны болатын. Ештеңеге жауап бермейді, тек – бақылау, тәртіпке шақыру. Көптен бірін-бірі көрмеген екі грузин кездесіп, біреуі екіншісі-нен: «Где ты работаешь?» – десе, жолдасы: «Я не работаю. Я – народный контроль» – дейтін көрінеді. Менің міндетім де соған ұқсастау. Бірақ мен-де шамада, шарада жоқ. Тек бақылау ғана.

Абайдың:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,

Ақылың ашыған-у, ойың – кермек.

деген ойының орамын аралаудамын. Айта кетейін, осы өлеңнің екінші жолындағы «Ашуың ашыған-у» деген сөзін «Ақылың ашыған – у» деп жаздым. Оным Абайдың өлеңіне түзету емес. Менің ойымша көшірушілердің не көмескіленген әріп ауыстырып, не сөздің ұғымды мақсатында бұрмалап, ұйқасқа үйлестері ме екен деп топшыладым. Абай ашуды алға ұстап, әсерін әсірелеген адам емес, ақылдың азабын ойы-на сіңіріп, неге бұлай деген сұрақтарға жауапты көп іздеген. Қожахмет Иассауи бабамыз да өзінің хикметтерінің бір жолында: **«Төңірегің то-пас болғанда білімділігің – у екен»** деп назаланады емес пе? Оқушылар, әдебиетшілер түп қолжазбаларға үңілсе – өз пікірлерін айтар. Мұндай пікірді Абайдың: «Сегіз аяғындағы: «Басында ми жоқ, өзінде ой жоқ»

дегенін де мен. «Көзінде ой жоқ» шығар деп те оқимын. Абайдың арзан, жеңіл ұйқас іздемегенін бәрің де білесіңдер. Халқымыз «көз – көңілдің айнасы», «ақылы көзінде екен» деп те тайыз ойлыларды сынайты-ны да бар емес пе? түзету енгізуге тырысқандық деп ойламаңдар, тек көшірушілерге – күдік. Ақиқат – қолжазбада.

**Аталарымыздың: Досы
азбен сырлас, Досы
көппен – сыйлас, –**

дегеніндей, Астана қаласында мен де адамдардың осы екі тобы да жеткілікті еді. Олар Торғай облысындағы 18 жылда танысып, қызметтес болып жолдастығымыз достық дәрежесіне дейін болып кеткен: Сағдиев Мақтай, Тұрысов Қаратай, Кәрібжанов Жәнібек, Орал Мұхаммеджанов, Сағадиев Кенжеғали, Кәрімов Балықбай, Сейітжанов Аманжол, Са-дырбеков Аманкелді, Айша Жүнісқызы, Зинаида Федотова, Нұрикамал Сейітжанова, Махметов Төлеген.

Ал Шайжүнісов Маркен – Майнұр, Мұқамедқасым Шакенов – Ше-кер, дастархандарымыз араласқан, туыстай болған жақындарымыз десем, әсірелеп айтқаным емес.

Алматыдан келген: Салыков Кәкімбек, Дүйсенбеков Зайролла, Дайыров Манарбек, Ғалымов Фарид, Айсин Тілектес, Тоқпанов Серік, Көкірекбаев Кәрім, бәрімен қайта қауышып, кездесе қалсақ ескіре қоймаған есіміздегі естеліктерді қопара сапырып, кенеліп қаламыз. Оның сыртында мен жеті жыл қызмет атқарған Жанкелдін ауданынан қоныс аударып келген бір мыңнан астам отбасылардың тірлігі, той-думан, бас қосқан мәжілістерде бүкіл қарт Торғай жайлауға көшіп келгендей ұйымшыл дық, сыйластық, бір-біріне қолдаушылық көрсетуі, өлең жолындағы «қата рын бұзбайтұғын бал арадай» әсер қалдырағы.

Мен Аллаһ Тағалаға әрдайым тәубә, шүкіршілік келтіремін. Барған, қызметтес болған жерлерімде ылғи жолым болып, жақсы азаматтардың қауымына кезіктім. Астанада да солай болды. Жоғары да айтылған (түгендеп айта алмасам да) көз таныс, көңілге жақын азаматтардың қатарлары Астанада толыға түсті: Кәрібаев Қайриден – Роза, Шабатов Әділхан – Фатима, Зейнолла – Айман Шайдаровтар, Мамин Ұзақбай, Алтаева Роза, генералдар: Болсанбеков Өмірзақ – Рысбике, нағашым Мұқышев Бекболат – Алтын, жиенім Жармағанбетов Аманкелді – Нұрбәтен, інілерім: Әбілов Қонысбай – Мінуара, Мұстафаев Есенгелді – Гүлнәр, Какишев Жандарбек – Роза, інім, ғалым Құрманов Мұқатай – Бәдиша, Сайлаубек Байболов – Рая, қарилар: Абдулла – жұбайы Зухрамен,

Асқаров Қанафия – Батима. Туған елімнің, Сілетінің түлектері, інілерім: Қаманов Тұяқ – Күләнда, Серіжан – Роза, Жанат – Шынар, Шиябиденнің Серігі – Күлшат, Хамзаның Серігі – Сымбат, Алтаев Дәулет – Арай, Зе-нов Асхат – Дана. Ақсақалдар: Әмірхамзин Қорған – Ажар, құдаларым: Тоқан – Гүлзада, Қабдеш – Қайынжамал, Дихан – Қайынжамал, Сағидолла – Орал, Рахымжан – Қоңырат, Теміртасова Светлана, Бау-дарбеков Ерлан – Маншук, Баударбеков Еркебұлан – Айнұр, інілерім: Искаков Мәулен – Надежда, Байкенов Мақажан – Бану, Түгел – Алма, Ғұмырбек – Роза, Мақсұтбек Сүлеймен – Роза. Балдыздарым: Абенев Ерулан – Алтын, Қабышев Бейбіт – Роза. Міне, аттарыңды атап жатсам да, бәрін түгел қамти алмадым-ау, өкпелеп қаларма екен деп, күдікті ой да мазалап отыр. Осы аттарың аталғандарың, аталмағандарың бәріңде, кең құлашты құшағымның қаусырымдасыңдар. Әрқайсыңа жеке-жеке тоқтамай, тек аттарыңды атап өткенімнің өзін жүрегімнің төрінен орын берді деп есептерсіңдер. Астанада дос, жолдастармен, ағайын-туысқандармен сәттері түскенде дулы-думанда бас қосқанымыздың өзі өткен өмірімізді қайта-қайта еске түсіріп, тамсандырып тастауы бір ғанибет емес пе? Дегенмен, өмірдің күзі жақындаған сайын өскен жерің, өсірген елің елестерін еске түсіріп, санаңа түрткі бола береді екен. Бала кезімізде әкейлердің айтып отырғанынан естуші едік: әртүрлі себептер-мен жат елге кеткен жылқылар, түйелер туған өлкесі, суын ішіп, шөбін жеп өскен жерлері түсіне кіргенде кідірместен, қайырғанға көнбестен, еліне бірақ тартады деп. Біз адамбыз ғой. Бала кезіміздегі «Қабақтың» қырынан жаздың жайма шуақ күндерінде «Сілеті» аңғарын шеңберлеп, көк аспанмен көмкерілген жиегін, түрлі-түсті торғын жалауын желбіре-те жөңкіле жарыса көшкен сағымдарын, олардан бергі жағында той алаңындай, көз жетер жерге дейін көсілте төсеген табиғат кілемін, оның өрнектерін әрлендіріп, сәндендіріп, шашбауын шашақты тал-құрақтармен әшекейлеген, қыздардың төгіле бұралаңдаған бұрымдарындай өзендері, қыз желегіне тағылған теңгетаналардай ойдым-ойдым орналасқан ай-дынды күміс көлдері, санаңда суреттері қалған туған елге деген перзенттік ықылас қой, шіркін. Қазақтың дарынды ақыны Қасым Аманжоловтың:

**Уа дариға, алтын бесік – туған жер,
Қадіріңді білмей келсем кеше гөр, –**

дейтіні құрметтеу, қасиет тұту емес пе? Соңғы кезде елге баруды жиілеттім. Бірақ, «Сілетінің» сыртта жүрген ұрпақтары, туып-өскен еліңнің қадір-қасиеттерін өрелерің жеткенінше түсінерсіңдер, күрсінерсіңдер, ал мен сағынышымды басудың орынына құлазып, күңіреніп, көңілім жүдеп қайтамын.

Ертіс ауданының бір талапкер ақынының (Самат Мәненұлы) жазған өлеңі маған біздің ауылдың бүгінгі көрінісін айтқандай әсер қалдырды. Оқырсыңдар. Ойланарсыңдар. Өздерің талпыныңдар. Сырттан келіп ауылдарыңды ешкімде көркейтпейді. Ауылда азаматтар тұратынын көрсетіңдер.

Ауылыма келгенде...

Құба белде жел ойнап, сағым қуып,
Алыста жүрек шымшып сағындырып,
Арсалаңдап анамдай келсем жетіп,
Көңіл суып қалады, сағым сынып.

Мұңаясың қарттардай шағы жеткен,
Қайран ауыл мәні де сәні кеткен.
Жетімсіреп тұрғаның аянышты.,
Мазардай айдалада дәуірі өткен.

Сыйлаушы еді құба белі гүлін маған,
Айлы түн ақ қайыңнан сыр ұрлағам.
Шөп басқан, қурай басқан әр ауладан,
Естимін ана даусын «құлынымдаған»,

Заман – ай тағдырыңа келген, төне,
Келгендей болдым әттең бөтен елге.
Тұнжырап тұл көшемен өтіп барам,
Өз әкем балғын шақта жетелеген.

Сүрленген шөп басыпты соқпақтарын,
Арайлап енді атар ма аппақ таңың?
Ана емен ауладағы қурап қапты,
Өткеннің, кеткеннің де жоқтап бәрін.

Бірлігі, берекесі өскен көппен,
Ауылдарым, мәртебең асқақ неткен,
Қоғам бар, ел тоздырмас ұрпақ бар деп,
Мен қалай ата жұртты тастап кеткем?

Қара шаңырақ, – отаным – ақ бесігім,
Дәуірдің дауылы ұрып, кетті сының.
Мемлекеттік қамқорға қолы жетпей,
Қалдырған ұлдарыңа ет кешірім.

Бұрынғы дүрілдеп, гуілдеп тұрған еңселі елдің орынында ауыл азып,
жұрт тозған. Маған баяғы ертегідей (Робинзон Крузо, т.б.) адам бар-

майтын, ұмытылған аралдардың жағдайларын елестеді. Әсіресе, рухани жүдеулік. «Сілетінің» үш ауылының (Сұлукөл, Қызылағаш, Бұланбай) бәрі егіздің сыңарындай ұқсас. Халыққа рухани, мәдени тәрбие, әлеуметтік, тұрмыстық қамқорлық жоқ. Бар көретіндері теледидардан: Хабар, Қазақстан, РТР, ал олардың беретіндерінің дәрмені де, дәре жесі де белгілі: мәні де, дәні де, дәмі де тым жұтаң. Әйтеуір, кейбіреулері Омбы облысының хабарларын тыңдайтын көрінеді. Халықтың сыртқы өмірмен байланыстары жоқ. Өздерімен өздері. Оны тыныштық деп есеп-тейді, солай түсіндіреді. Сөндіретіндері – аштан өліп жатқан жоқ сыңдар дейді. Рухани аштықтың тұқым қуалаған созылмалы ауру екенін, ауыл жастарын топастыққа, рухани соқырлыққа ұшырататын, кесапатты кесір екенін түсінбек тұрғай, ойға алғымыз да келмейді. Келешекке кімдермен барамыз? Келешекті кімге тапсырамыз?! Бұл ұлтымызға – қауіпты, қорқынышты.

Білгенге жол бос,
 Болсайшы қол бос,
 Талаптың дәмін татуға
 Білмеген соқыр,
 Қайғысыз отыр,
 Тамағы тойса жатуға –

дегеніндей (Абай), тамағымыз тоқ болса болды деп малдан басқа рухани-мәдени мұралардан алшақтап бара жатқан жоқпыз ба? Баяғы, феодализм кезіндегі Мал – жаның аманбаның деңгейіне қайта оралдық па?. Амандығыңның өзі: әуелі – мал, сосын – жан. Қазірдің өзінде ел ішінде еттері тірі, өздері, сөздері ірі азаматтар өте аз. Анау Ғазизден, Мусин Амантай, Қабдеш пен Өсербайдан басқа екі ауыз сөз айтатын азаматтарың шамалы. Мұғалімдер қауымы қайда? Жоғарғы сынып оқушылары неге ұйықтап жатыр? Елде тіршілік нысаны сезілмейді. Мусин Амантайдың өз шаруасы, өз қамдары жеткілікті. Ал Қызылағашта...? білмеймін. Зен атамыздың ұрпақтары Қанат, Рүстем, Асхаттар тырмысып жүр. Елдің азаматтарының басын қосып, тәрбиелейтін ауыл әкімі болуға тиіс. Ол тізгінді де, делбені де берік те, керіп те ұстай білетін шаруақор ұйымдастырушы болса. Яғни, әкімнің – ақылды, тақымды болуы шарт. Әзірге ынталы ұмтылыс сезілмейді.

Бұрын кеңшарда директор, партия ұйымының хатшысы, ауыл кеңесінің төрағасы, кәсіподақ, комсомол, толып жатқан қоғамдық, тіпті пионер, октябрыт ұйымдары болды, енді солардың міндеттері әкімге жүктелді. Бірақ олар ауылдағы барлық салаға жауап берді. Қазіргі

әкімдерде билік көп, жауапкершілік жоқтың қасы. Халықта – жеке меншік. Әркім өзі қожа, өзі жауапты. Ал әкімнің негізгі жұмыстары: оқу-ағарту (мектеп), мәдени, дәрігерлік салалар. Ауылдың тазалығы, қоғамдық тәртіп. Сондықтан әкімнің бірінші міндеті ел азаматтарын біріктіре отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе білу. Еліне, халқына жаны аши-тын қабілетті басшыға жұмыс табылады. Ел сауаттылығын, мәдениетін көтеретін мұғалімдер қайда? Неге бәрі бұғып отыр?

Ертеде бір философтың айтқаны бар: «Адамның мәдениеттілігінің ең жоғарғы сатысы – Басқара білу», – деп.

Мұның бәрін айтып жатқаным ұйымдастыру, қамқорлық жұмыстарының жетімсіздігінен бірсыпыра адамдар әр нәрсені сылтау етіп қалалық жерлерге үдере көшкен.

Енді қалған халықты тұрақтандыру үшін менің де қолқабыс көмегім болсын деп балаларым Рүстем, Дастан, Асқарлармен ақылдасып «Сұлукөлде» мешіт салдық. Оның сыртында жылда елге барып ата-бабаларымызға ас бергенде, той-думандар өткізгенде көріп жүрміз көпшіліктің басын қосатын орын жоқ. Қажетті бұйымдардың бәрін әр үйден жинайды. Сондықтан екі жүз орындық асхана салып, оның барлық жабдықтарын: биік столдар, орындықтар, дастархан, бүкіл ыдыс-аяқтарды – сырттан ештеңе іздемейтін болсын деп алып бердік.

Мешітті ашу құрметіне сырттан көптеген сыйлы қонақтар келді. Сол Мешітті салуға шамаларынша көмек көрсеткендерге, жердің шалғайлығына қарамай келген азаматтарға Павлодар облысының «Сарыарқа» газеті арқылы алғысымды айтып, арнайы мақала жарияла-тып едім, соны Сіздердің назарларыңызға салайын.

Көптің көмегі – сыйластықтың өзегі

Ел десе елең ететін, өрісі мен өркеніне бағамдай қарайтын шаққа жеттік қой. Заманның толқынды арнасы адам тағдырын тасқынға салып, есер селі сеңдей дөңгелетіп, өмірде әр тарапқа серпіліп, халық қайығын жарға соқтырып, аман қалудың амалын іздеп, тал қармаған кезеңдер де болды ғой. Нарықтық қатынас келгенде де желкенін қай жаққа бұрарын білмегендер даладан қалаға көшіп, жан сауғалады. Ата-бабаларымыздың туып-өскен, жатқан жерлері, бәріміздің кіндік қанымыз тамған жер, өсіріп, жеткізген алтын бесігіміздің иесіз қалу қатері төне бастады. Ертең ел көшіп, қоныстарымыз қаңырап бос қалса, жылда елге бір-екі рет болсын келіп, ата-бабаларымызға дұға оқытып, ас беріп, оразада ауыз аштырып отыруымыздың мүмкіндіктерінің өзі сағымданғандай еді. Ұрпақтарымыздың екі-үш буыны алмасқаннан

кейін, тамырсыз қаңбаққа айналу қаупі туғандай. Жаңа заманның ағысының игілікті тұсына жеткенше туған елімнің құлазып, шаң қауып қалмасы үшін не істесем екен, қандай дәнекерлікке септігім тиер екен деген ой өрісі мазалай берді.

Әкем Әубәкірұлы Аманкелдіқажы, анамыз Құлтасқызы Қапиза он бала тәрбиелеп өсірді, ер жеткізді, бәрімізге шаңырақ көтертіп, отау иесі етті. Он баланың ауызынан қағып, жалғыз биесін сатып, 1954 жылы мені Алматыға оқуға жіберді. Ағайын-туыстардың, әкемнің сол шешіміне үміттенгендерден де күдіктенгендер көп болды.

Аллаһ Тағаланың мейірімі мен рахымы түсіп, Пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайқассаламның шапағаты нәсіп болып, институтты 1959 жылы бітіріп шықтым. Бірақ, әкем марқұмның үмітін ақтағаныммен, еңбегімнің жемісін көре алмай кетті. Мен оқу бітірерден екі ай бұрын қайтыс болды. Сол кезеңнің мүмкіндігінше салынған бейіті құлап, тозған, жаңартуға шаріғат рұқсат етпейді. Ескерткіш тұрғызсақ па деп те ойладық, бірақ ол олқы сияқты көрінді. Ал әке-шешеміздің өздерінен кейін қалдырған ескерткіштері, байлықтары – біз, балалары болдық. Содан әке-шешеміз алдындағы перзенттік парызымызды өтеу үшін қандай игілікті іс тындырамыз деп, үмітімізді ой жетелеп, мешіт салу шешімін түйіндедік.

Жылда ауылға неше рет келсек те ел ақсақалдары, елден жастардың, оған еріп әке-шешелерінің кетіп жатқанын, басқа елді мекендерде мешіт салынып жатқандығын, жастарға оның тигізер рухани әсерлерін айтқан әңгімелерінің түп-тамырындағыны тұспалдап жеткізген өкпе-наздары деп түсінетінмін.

Қазақтың:

«Жауғаннан бүріккен өтеді,

Ұрғаннан түрткен өтеді», –

дегені сияқты ауылдастардың сөздері де ой салды. Балаларым Рүстем, Дастан, Асқарлармен ақылдасып, елде мешіт салсақ жоғарыда айтылған үш салмақты мәселелерді түбегейлі шешпегенмен ел алдындағы перзенттік борыштарымызды атқаруға сәл де болсын көмегі, әсері болар деген шешімге келдік. Ауылда ас беріп, той жасайтындай орын да жоқ. Сондықтан, мешіт жанынан екі жүз орындық асхана салуды ұйғардық. Бабамыз Түгел батырдың 1994 жылы Серік Батырғожин, Бекмұхан Мұхаммеджановтар салдырған ескерткіші ауыл орталығынан шалғайда болатын. Сондықтан, мешіттің жанынан тағы да Түгел бабаға, оның ұлы Байсерке абызға ескерткіш тұрғызуды ұйғардық.

Елге үш іргелі құрылыс салуға бел байлағанымызда не абырой-атақ алайын, немесе байлығымызды көрсетейін деп ойлаған жоқпын. Азамат болып, атқа қонып, ел басқару жұмыстарына араласып жүрген кездерімде үлкен-кішілі, азын-аулақ абыройымды, бағамды алып болғанмын. Енді Аллаһ Тағала сол бергендерін ортайтпаса болғаны. Сыйғыза алмай асыптөгіліп жатқан дүние де жоқ. Бар байлығым – Аллаһ берген балаларым мен жомарт көңілім деп ойлаймын. Біреулер данышпан Абай айтқандай:

Ақымақ өзін мақтап былжырайды,
Өлшеп сөйлесең бойыңа нең құрайды.
Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді,
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды, – деп ойлауы да дұрыс. Атам қазақ айтады ғой:
Тамағын сұңқар шашып жейді,
Құзғын бауырына басып жейді,
Борсық ін түбінде Теріс қарап
жатып жейді, – деп.

Мен байлығымды емес, өзімнің барлығымды, нарлығымды көрсеткім келді.

Бірақ, көлемді жұмыс оңайға түскен жоқ. Шалғайдағы ауылда құрылыс материалдарының және техникалық арнайы құралдардың, күш-қуаттардың жоқтығы жұмыс барысында әсерлерін тигізбей қойған жоқ.

Жақсы адам ақыл қосар сасқан
жерде, Ер етегін қапылыс басқан
кезде. Құнсызға әлде қалай ісің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге, –

дегендей, екеуін де жолықтырдық. Көп көтерген жүк жеңіл дегендейін, көз қорқақ, қол батыр болып шықты. Алғашқы ақылшы, кеңесші, көмекшілеріміз облыстың бас имамы Жұмабай қажы, Оралбек қажылар, күйеу балам Ахметов Жамбыл. Баяннан Түгел бабамыздың ескерткішін жасатуда, қашатуда Мүкәрәм қажының көп көмегі тиді. Көзін ашқан бұлақтай көмекшілер көбейіп, қарқындатып әкетті. Көптеген адам-дар қаржылай көмек көрсетті. Бәрін атап шығу мүмкін де емес. Бірақ, бәріне көмектерінің сауабы тисін деп тілейміз. Дегенмен, кейбіреулерін атап айтып кетсем артықтығы болмас деп ойлаймын: жиендерім Серік Шиябиденұлы, Қуат Кәштәпи, генерал Аманкелді қажы; інілерім: Мамин Ұзақбай, генералдар Мұқышев Бекболат, Болсанбеков Өмірзақ, ғылым докторы Құрманов Мұқатай, Кәрім Көкрекбай (Қазақстан теміржолының вице президенті), Сәрсенбеков Асқар (Қазақстан теміржолының вице

президенті), Ертіс Аманұлы, Әмен Аманжолов, Әлтаев Дәулет, Ас-хат, Қанат, Рүстем Зеновтар, Болат Жүнісов; құдаларым: Баударбеков Кеңес, Тақырбасов Бақыт; күйеу балаларым: Құлмұхаммед қажы (Алматы қаласының мешітінің бас имамы), Әділбек Арыстанов, т.б. Ертіс ауданының әкімі Адамов Абызбай, орынбасары Хасенов Елемес те қолдан келген көмектерін көрсетті, ынталы көңілдерін бөлді.

Ғасырларға созылған көне тарихтан Түгел бабамыздың атын жаңғыртып, ұрпақтарына қайта табыстырған Ертіс өңірінің қадірменді ақсақалы, қазақтың Шолоховы атанған көрнекті қарт жазушы Мүбәрәк Жаманбалиновтың еңбегі жас ұрпақтарымызға тартқан аталық сыйы – Түгел бабаның ұрпақтарының шексіз алғыстарын туғызды. Шежіре бұрынғы ата-бабаларымызды ғана емес, қазіргі жастардың ұрпақ тамырластығында саналарының сезімдерін оятты. Бір жас студент-тен руың кім деп сұраса, «скорпион» – депті. Ал, біреуіне бір туысы қанымыз бір ғой десе, «а у вас какая группа крови?» – дейтін көрінеді. Фамилиямыздың (әрине дұрыс жазылып, бұрыс айтылмаса) қазақша болғанына да риза болып жүрміз ғой.

Түгел бабаның ұрпақтарының кітабын жазуға Мүкеңнің серіктес інісі, көрнекті журналист Баделханов Айтжан, Сілеті ауылының орта буын ақсақалы Шот Темірболатұлыныңда елеулі еңбектері сіңді. Атамыз қазақ:

Жеті атасын білмеген – жетім,

Жеті атасын білмеген – жетесіз, –

деген ғой. Туып-өскен елімнің, ауылымның азаматтары мешіт үйін, бабаға ескерткіш тұрғызу жұмыстарынан бастап көлемді көмектерін көрсете бастады. Тіпті, мешіт үйінің алғашқы іргетасы қалана бастағанда бір топ қарт аналардың шашу шашқандарының өзі көңілімізді көтеріп тастады. Сілеті өңірінің белгілі азаматы Мусин Амантай алғашқы күннен бастап қаржылай, малдай, техникалық күш-қуаттарымен көмек жасап, елге үлгі-өнеге көрсетті. Үлкен азаматтық танытты. Сыртта жүрсе де елдегі басталған игілікті істі Қадыров Жылқыбай, Шабенов Қайыржандар қолдап әкетті. Ауылдың кәрі-жастарының біразы күш-көмектерін көрсетіп, жанашырлық танытты. Ауыл қарттары Жамбай, Шолан ақсақалдар сойын малдарын жетелеп келіп, балаларын жұмысқа жұмылдырды. Ауыл азаматтары: Айтбай, Дөкен, Жамбыл, Боранбай, Айна, Аманбай, Қалаш, Геннадий деген орыс жігіті, Дәулеттер білек сы-банып, белсене араласты. Ал, әкелі-балалы Тілеубаев Ғазиз, Ринаттар құрылыстың бір жылға созылған жұмыстарын басқарып қажетті зат-

тармен қамтамасыз етіп отырды. Ауылдың қыз-келіншектері де, мектеп мұғалімдері мен оқушылары да көмектен тыс қалған жоқ. Ұйымдастыру, бақылау жұмыстарында ауыл әкімі Дінмұхаммед үлкен белсенділік танытты. Міне, осылай көптің көмегімен, қолдауымен мақсатты істеріміз де өз мәресіне жетті. Туған ауылымда мешіт үйі салынды, Түгел баба мен оның ұлы Байсерке абызға ескерткіш орнатылды. Екі жүз орындық асхана салынды. Баба ұрпақтарының шежіре кітабы жарық көрді. Мешітке әкем Аманкелді қажының (Аманның) атын беруді ұйғардым. Атам Әубәкірдің ағасы Шамұхаммед қажы Меккеге барып келген күні әкеміз туған көрінеді. Сондықтан атын Аманкелді қажы деп қойыпты. Бірақ, бәрі Аман деп атап кеткен. Аллаһ Тағаладан кейінгі табынарым да, бағынарым да – әкем. Діни білімі болмағанымен әкем өмір бойы на-маз оқып, ораза ұстап, құдайға деген құлшылығын берік ұстаған адам. Жолынан жығылмауға жалғыз атын сойып тастайтын, біреуге жақсылық жасағысы келіп тұратын жомарт, ер көңілді еді. Жақсылығымның сауа-бы, қайыры сендерге, балаларыма тисін деп отыратын. Біздің, балалары-ның ел қатарындағы азамат болып жүргендері сол бата, тілектерінің қабыл болғаны шығар. Шарифатта да өмірдегі бірінші сыйлайтын адам-дарың ата-аналарың дейді ғой. Аллаһ Тағаланың рахымы мен мейірі түсіп, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шапағаты тиіп, Сілеті ауылында мешіт салуды ұрпақтарына нәсіп еткен, әкеміз Аманкелді қажының, анамыз Құлтасқызы Қапизаның рухтарына сауабы тисін деп тілейміз. Аллаһ Тағаланың жердегі үйі мешіттің ашылуына 7 шілде күні келген халықтың көптігі сауапты іске берілген үлкен баға болды. Алматыдан (құрамында 27 мешіт бар) Алматы қаласының бас имамы Құлмұхаммед қажы бір топ азаматтарымен арнайы келді, Торғайдан Жанкелдин ауданынан, жерінің шалғайлығына, жол ауыртпалығына қарамай, аудан мешітінің имамы Шоқан Ғазизұлы, ағасы Бекболатов Кәрімжан бастаған бір топ азаматтар келді. Астанадан мемлекет қайраткері, бұрынғы Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңестің президиумының төрағасы Мақтай Рамазанұлы Сағдиев бастаған, бұрынғы Ақмола облысының атқару комитетінің төрағасы Кәрібаев Қайриденнің, республиканың бұрынғы күрделі құрылыс министрі, Парламент сенаттың депутаты Ғалымов Фаридтің, Жамбыл қаласының бұрынғы әкімі, қазір Парламент Мәжілісінің депутаты Түсіпов Алдиярдың, қоғам қайраткері, Ақтөбе облысының партия комитетінің бұрын екінші хатшысы болған Даиров Манарбектің, ерлі-зайыпты қос қари Абдулла мен Зухраның, қазақтың көрнекті ақыны Серік Тұрғынбековтың, үш генерал: Болсам-

беков Әмірзақ, Мұқышев Бекболат, Жармағамбетов Амангелді, ғылым докторы Құрманов Мұқатайдың, белгілі халық емшісі Тайырханның, т.б. көптеген азаматтардың жердің шалғайлығына қарамастан төбе көрсетуі, Аллаһ Тағаланың жердегі үйі мешітті құрметтеп, елді сыйлап келгендері елдің еңсесін көтеріп, бір дүрліктіріп тастады.

Бірақ, баяғы ертегідегідей «сегіз ұлым бір төбе, Ертөстігім бір төбе» дегені сияқты, менің Ертөстігім – Ертіс өңірінің Павлодар өлкесіндегі басты, басшы азаматтары, ардақты аналары ғой. Келген азаматтардың бәрін айтып шығу мүмкін емес, теріп айтсам, тегіс айтпады деген өкпеге қалмайын деп бәріңді де жүрегімнің төрінен орналастырдым.

Сілеті өңірінде туып-өскен, бірақ шетте жүрген ағайындардың ауылымыздағы игілікті іске ортақ болайық деп ыстық ықыластарын, ізгі ниеттерін алып келгендеріне де қатты қуандым.

Құрметті ағайын-туыс, дос-жолдастар, ұзақ сонарға салып, бәрін тізбектеп, саралап жатқаным, сіздерге деген шексіз ризашылығым мен алғысымды қалай жеткізе аламын деген ізденісім. Абай атамыз айтқандай көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда мәні де, сәні де, дәмі де жетпей жатады. Бәріңе басымды иіп тағзым етемін. Аллаһ Тағала бәріңізге өзінің рахымы мен мейірін түсіріп, Пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайсаламның шапағатын нәсіп етсін деймін.

Ал осының сыртында елден тысқары, шетте жүрген азаматтарға, аналарға айтарым, туып-өскен, кіндік қандарың тамған жерлеріңді өздерің де, ұрпақтарың да ұмытпаңдар, тамырларыңды үзбеңдер. Ұшарыңды жел, қонарыңды сай білетін өмір қаңбағына айналмауларыңызды тілеймін. Көбіңнің қайтып елге көшіп келмейтіндеріңді білемін. Бірақ Төле би ба-бамыз айтқандай:

Бәрің қойшы болсаң, қор боларсың,

Бәрің тойшы болсаң, сор боларсың,

Бірің қойшы, бірің тойшы болсаң зор боларсың, – дегендей дала мен қаланың тамырластығын үзіп алмасаңдар – азаматтықтарың. Қазақтың ақтаңгер ақындарының бірі – Мұқағали Мақатев айтқан екен:

Сен де кеттің, Мен

де кеттім, Ол да

кетті ауылдан,

Осынымыз ұят болды-

ау, Ұят болды-ау,

қауымнан! Ұят болды-ау,



Ұят болды-ау, Ұят
болды-ау, бауырлар!
Момын жұрттың арқа сүйер,
Азаматы біз едік.
Тұлпарлардан, тұғырлардан,
Қалған бір-бір із едік...
Естимісің, құлақ түрші,
Қырдан ескен самалға.
Сәлем айтып жатыр ауыл,
Саған, оған, маған да...
Момын елдің,
Арқа сүйер,
Азаматы біз едік.
Жеке-жеке бақыт
іздеп, Жеке өмір
түзедік, Жетер енді!..
Туған жердің топырағына тізе
бүк! Кеңес Әубәкіров.

Бұл мақалам елдің іргесінің сөгілмеуіне, халқының ыдырама-уына септігі тиеме деген ынтама, мешіт салуға ақыл – ниеттерімді қолдаушыларға айтылған туыстық, жолдастық рахметім болса, оның сыртында туған елге деген жүрегіміздің соғуының әлсіремеуіне, ұр-пақтық тамырластығымызды үзбей сақтауына шақырған үндеуім, ті-легім еді. Бірақ кейбіреулерінің ауыл өміріне бейтарап немқұрайлығы, марғау салғырттығы, салқындылығы қауіптендіреді. Әйтеуір, жүрген-дерін тірлік деп есептейді. Мен елге қолымнан келгенше көмегімді сарқылтпаспын, жас ұрпақ, мектеп оқушылары, сендерде үн қосыңдар, қамқорлық жасаңдар. Өткен жылы ауылдағы жалғыз білім ордасы, мәдениет ошағы деп мектепке 2 мыңнан астам қазақ жазушыларының әдеби кітаптарын, екі жүзден астам табақшаға жазылған кинофильмдер, оның 30-дан астамы қазақша және ақындар айтыстарын апарып бердім. Мақсатым – жұмасына бір-екі рет ата-аналар, әжелер, оқытушы-ұстаздар, оқушы түлектер жиналып тамашаласын, рухани өссін дегенім. Соларды көрсетуді ешкім ұйымдастырмайды дегенді естігенде көңілің әжептәуір құлазып, салқындап қалғаны. Өздерінде ұмтылыс болмаса арамтер бо-лып қайтемін деп те ойлаймын. Олардан гөрі теледидардағы талғамсыз, татымсыз шет елдік фильмдерді көруге әуестеніп алған дейді.



Слетіде әкем Аманкелді қажы атындағы мешітті ашқанда



Павлодар облысы, Ергіс ауданы,
«Сұлукөл» ауылы (2006)



Түгел батыр мен оның ұлы Байсерке абызға мешіттің
жанында тұрғызылған ескерткіштер



Павлодар облысы, Ертіс ауданы, «Қызылағаш» ауылы. Жуан төбедегі Түгел батырға және оның ұлы Байсерке абызға ескерткіш (1994)





Ауыл ақсақалдары



Имам Шоқан бастаған торғайлықтар



Генералдар: Жармағамбетов Аманкелді;
Мұқышев Бекболат; ғылым докторы Құрманов
Мұқатай; ауыл азаматы Мусин Амантай



Әкемнің атынан Меккеге бәдел қажылыққа барған Ғиззаят қажы және ауыл ақсақалы Ғазиз (2008)



Мешітті ашуға қатысқан Капен ағай,
Кенес құда және басқалары

Ұрпақтарымыз



Олардағы жауыздықтарды, арсыз-ұятсыздықтарды, үй ішіндегі үлкен-кішілері қатар отырып көргенде, кімді, қай бағытта тәрбиелеп жүрсіңдер деп сұрауға тура келеді. Теледидардан не көрсетпейді? Көріп отырған сендердің де адамгершілік қасиеттеріңнің дәрежесі де солардан аспағаны ма? Ұлыңа, қызыңа не тәрбие, үлгі, өнеге көрсетіп отырсыңдар? Ойланатын, ұрпақ келешегіне қам жейтін ата-ана деген қасиет иелерінің биігінен төмендемесеңдерші. Елуінші жылдары Францияның жастары көшеге: «Ұят – ескірген ұғым. Ұят жойылсын» деген жазуы бар ұрандар алып шығыпты. Бізге де жетті. Біз де жетістік.

Қазір Батыс елдерде, әсіресе Германияның кейбір қалаларында үй-іші болып: ата-анасы, ұлдары, қыздары, келін, немерелері моншаға дыр-дай жалаңаш бірге түсетін көрінеді. Біздің Қазақстанда да кейбір қала-ларда бар дейді. Адам – кім болып барады? Азғындықтың, арсыздық тың шегі бола ма? Жұқпалы ауру. Тәрбие – қоғамдық жұмыс: мемлекеттің, отбасының, мектептің. Бірақ негізін қалаушы – ата-ана. Ал бәрін бақылап, бағдарлап, үйлестіріп отыру, тізгінді әлсіретпеу – мемлекеттің бо-рышы. Жастардың көзін ашып, көкірегін ояту мектептің міндеті. Ауыл-да әкім – ел ағасы. Сондықтан қайталап айтамын – басқарушы: ақылды, тақымды, азулы болсын. Азусыз болсаң, қызыл иекпен тістесең тістеп жатсың ба, сүйіп жатсың ба айыра алмай қалады.

Орта қол әкім – тағында қонжиып, шалжиып отырғанын, халық арасында қалтиып, шартиып, талтайып тұрғанын дәреже көреді. **Ор-тан қол** әкім – халқының жанашыр, қамқоршысы. Әрі оқытушысы, әрі оқушысы. Ауыл әкімі – қабілетті ұйымдастырушы, тәжірибелі шаруақор болса ел ырысы. Ел бақыты. Мысалы, біздің Сілеті кеңшарының негізгі тұрғындары бұрын немістер болғанда ауыл көркі қандай еді, қазір қандай күйде? Әкімдерге кейде талап қойсаң қаржымыз жоқ, күш-қуаттарымыз әлсіз деп сылтауларды үйіп төгеді. Атамыз қазақ: «Ауылын көріп, аза-матын таны», – дегенді бекер айтпаған. Ауыл көшелерінің мәдениетін сақтауға, әр үйдің ауласын жылына екі рет (күзде, жазғытұрым) тазарт-тырып, үй-қораларының іші-сыртын ақтап, аула қоршауларын жөндетіп, сырлатып, үй маңына көкөністер ектіріп отырғызуға қандай мемлекеттік қаражат қажет? Әрбір үй иесінің, тұрғындардың міндеттері емес пе? Ал оларды орындату, орындата алмау әкімнің қабілетінің көрінісі. Айтып отырған мен болғаныммен, айтқызып отырған өздеріңсіңдер. Аулаңның орамын таза ұстап, алтын босағанды қадірлеп, ұрпағыңа үлгі көрсете алмасаң, сенің жалған намысыңнан, соқыр, керілген қуыс кеудеңнен не

пайда? Түйіні: үй иесі, өз отбасының – әкімі, олай болса міндеттеріңе сай болыңдар. **«Жаласада табанын ит те күнін көре алар»** деген.

Адам өзін-өзі тәрбиелеуі, адамда – намыс болуы керек. Тек малдың мүйізі мен тұяғын санап, мәңгүрт өмір сүру, тірлік емес, тірі аруақ. Адам мен малдың айырмашылығының өзі саналық та емес пе?

Ертеде Қаз дауысты Қазыбек, Жәнібек және Әлібек ел аралап келе жатып жол бойында бір қарияға жолығады. Сәлем бергеннен кейін Жәнібек сауал қойып:

– Уа, ақсақал ауыл берекесі қайтсе кетеді? – дейді. Ақсақал сәл ой-ланып:

– Ауыл ақсақалы шала болса,
Жігіттері алты ауызды ала болса,
– Ә, десе мә дейтін.

Жасы үлкендеріне жасы кішілері «сен»
десе, Сол ауылдың берекесі кетеді.

Сонда Қазыбек:

– Үй берекесі қайтсе кетеді? –
дейді. Ақсақал:

– Әйелің қабағын түйіп керілсе,
Шай құйып беруге ерінсе. Ұлың
ұрысқа сай болса, Келінің
керіске сай болса, Қызың
сумақай болса, Сол үйдің
берекесі кетеді, – дейді.

Әлібек: не жақсы? – деп
сұраса: Ақсақал:

– Атың жақсы болса,
Тіршілікте мінген пырағың.
Балаң жақсы болса,
Жанып тұрған шырағың,
Әйелің жақсы болса,
Досың жаныңа жиналып,
Рахаттанар қонағың.

– Ал, не жаман? Атың
шабан болса, Тірлікте
көрген азабың. Балаң
жаман болса,
Ғұмырлық көрген ғазабың.

Әйелің жаман болса, Досың сенен
безініп, үйіңнен кетер қонағың.

Сондықтан ойлаймын, ауыл әкіміне, білім дәрежесі бар деп сырт-тан әкеп қоқитқанша халық өздері танитын, ұйымдастыру қабілеті бар, беделді шаруақор біреуін өздері шоқыйтса, ел де, жоғарғы жақ та ұтпай ма. Әрине, аудан, облыстың қомақты көмектерінің жанашырлық қамқорлықтарының жетімсіз екені ақиқат. Теледидардан, газеттер-ден ауылшаруашылығына беріліп жатқан ұрандаған көмектері қайда? Ауылдардың тұрмыс жағдайларын, ауыз сумен қамтамасыз ету, өндірістік қуаттарын көтеру жөнінде бірнеше жылдан бері бөлініп жатқан жүздеген миллиард қаржылар қайда? Баяғы бала кезімде «қырық өтірікте» оқитын үрген қарын сияқты аты бар да заты жоқ, құр қампиған бірдеңе болып шықты. Бабаларымыздың сөзімен айтқанда: «Көктен жауған шұғадан ауылдағыларға ұлтарак та бұйырмауы түсініксіз, сиқырлы көз бояу». Міне осының бәрі, қоғамдағы өз үлесіңді іздеу, талпыну, әкімнің тірілігі мен ірілігіне байланысты. Қоғамда жатып ішер ас болмайды. Енжарлық – басқарушының тұсауы. Алыстағы қазақ ауылдарының, оның ішінде «Сілеті» тұрғындарының қалтарыста қамқорсыз қалғанын аудан әкімі В.И. Левченкоға – ашық хат ретінде жазып едім, облыстық Сарыарқа газеті жүрексініп, қорқып баспай қойды. Хаттың сөздері ащылау, тілі үшкірлеу еді. Көшірмесін облыс әкімшілігіне тапсырдым. Саудаға түскен хатымнан сіздер де хабардар болыңыздар.

**Ашық хат Ертіс
ауданының әкімі В.И. Левченко жолдасқа**

Владимир Иванович! Айтар ойымды жасымның да, жолымның да үлкендігін пайдаланып «сіз-біз» деп сызылмай, көлгірсімей нығырлап «сен» деп жеткізсем мәні дәнді де, дәмді де, тұздығы тұшымдырақ болар деймін.

Ал ашық хатты қазақ тілінде жазып отырғаным шепте назардан шектеліп, шетте иесіз, қамқорсыз қалып бара жатқан қазақ ауылдарының тағдырлары да, мұқтаждары да тамырлас, сабақтас, ұқсас, үндес. Кезінде басқа ұлттармен қоғамдасып отырған елді соңғы жылдардағы саяси, экономикалық, әлеуметтік түбірлі өзгерістер, жеке меншікке көшумен нарықтың бас айналдырған әсерлері басқа ұлт өкілдерін күн көрістің қамымен ыдырап кетуге мәжбүр етті.

Өздерінің атамекенінде, туған жерінде тек қазақтар ғана және бір-сараң басқа ұлт өкілдері қалды. Бірақ елдің жылдар бойы жинаған

байлықтарын, мүліктерін, ауылдың, ауданның пысықтары «бас басына би болған өңшең қиқым, мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын» дегендей, талап алды. Тақырға қалдырды. Өз күндеріңді өздерің көріңдер деген бағдарсыз, басқарусыз кезеңге душар етті. Ел – ескексіз қайықтың күнін кешті. Сендер аудандағы бірлігі мен күш-қуаттарын сақтап қалған үш-төрт шаруашылықты мысалға келтіріп, тоздыру да, оздыру да өздеріне байланысты болды дедіңдер. Шындығында, бұл шаруашылықтар-дың басшылары 90-шы жылдардың басында жеке меншікке көшудің, нарықтық экономиканың бағдарының салдарын түсінбейтіндер қатарын-да болғандар. Уақыт – төреші деген осы. Енді ғана қойын қасқырға алдырып, қорасын бекіткендей болып, ештен кеш жақсы дегендей, салаланған саусақтардан жұмылған жұдырықтың қуаттылау, тегеурінді екенін түсіне бастаған сияқтымыз. Кеткен көшті қуып жетуге уақыт та, қуаттылық та қажет. Ал әзірше сол бетке ұстаған үш-төрт шаруашылықтар Ертіс ауданына тұтқа да, тарихына нұсқа да болуға тым шағын. Тек сырт-тан келіп-кеткен бастықтарға көрсетерлік «Потемкин ауылдарының» сүлделері ғана (орыстың қанатты сөзі: «Потемкинские деревни»). Әрине, күлшелі баланың сүйкімді болуы да мүмкін. Басқаларды шөміштен қағуға кесірлері тимесе болды. Әлділері еміп, әлсіздері семіп қалмасын деп қауіптенемін. Әзірше беталыстарың солай болып көрінеді.

Владимир Иванович, осы ащылау болса да, ашық хатты жазуға өзің себепші болдың. Сілеті ауылының тұрғындарымен алғашқы кездесуге барғанда, халықтың көптеген өтініш-сұрақтарының бірінде елде жастарға тәрбие беретін, бастарын қосатын мәдениет орны қажет деген сауалға, сен: «Ауылдарың, әрі кетсе оншақты жылда тарап бітеді. Келешексіз ауылға шығындалудың не керегі бар», депсің: Ауылдың табалдырығын аттамай жатып, танысып үлгірмей, ауданның жаңадан келіп жатқан бірінші басшысының қай сәуегейлігі? Аптықпай, аңдап сөйлемейсің бе? Қалай, елін де, жерін де көрмей жатып, шешімді, кесімді, кесірлі пікірді төге салдың? Бұрынғы Сілеті кеңшарының орталығы «Сұлукөлде», оның екі бөлімшесін қосып есептегенде 800-ден астам халқы бар. Ата-баба-ларымыз ХVIII ғасырдың ортасында сыртқы жаулармен соғысып, қанын төгіп, жанын құрбан етіп қорғап, ұрпақтарына мұра етіп қалдырған, үш жүз жылдан астам тарихы тереңде жатқан кішкентай ғана Отанымыз – Сілеті өлкесінің тамырына балта көтергеніңді қалай түсінуге болады?

Владимир Иванович, есіңде болсын, Сілетіде жалғыз үй қалса да Сілеті елі, Сілеті ауылы болып аталады. Сондықтан келешексіз деу – кел-телеу, кешірімі ауыр күнә, қарғысқа лайық кінә.

Ертіс ауданында елуге тарта елді мекенді келешексіздер қатарына қосыпты, содан қазірде жиырмадан астамы аты қалса да, заты жоқ, ескі жұрттар қатарына қосылыпты деп естуші едім. Халқымыз айтушы еді: «Билік-басқарушының оң қолында ұстаған бақыт, сол қолында ұстаған қылыш, не жарылқайды, не жаралайды», – деп.

Қазақ халқы егеменді ел болдық, тәуелсіздік алдық деп, бас киімдерін аспанға атып, бөркімізді қоқырайта киіп, кердең басып жүргенімізде ау-ылды өсірудің орнына өшіріп жатсақ, не ұттық? Дала қаланың анасы емес пе?

Ауылымды келешексіз дегенің, намысыма ауыр тиді. Ойымның ұшқырлығы, тілімнің үшкірлігі содан да болар. Елге келешексіз деп ат қоюға, айдар тағуға ешкімнің құқы жоқ.

Мен алыста жүрсем де еліме өмір тілеп, елімнің көбесі сөгілмесе екен деп халқымның тұрақтауына әсері тиер ме екен деп мешіт салдырып, той-думан ас беру рәсімдерін өткізерлік кең дастархандары болсын деп барлық қажетті жабдықтарын әкеліп, екі жүз орындық асхана салдырып, мектеп кітапханасына екі мың данадан астам әдеби кітаптар, екі жүздей кинофильмдер апарып жүрсем, сен елімнің жаназасын ертерек шығарып қойыпсың. Ал ауданның бірінші басшысы сондай пікірде болса, одан дұрыс көзқарас, жанашырлық қамқор, көмек болуы өте күмәнді. Мен өзіңмен талай кездесіп, өңірдің өзекті мәселелерін айтқанда қаржылық мүмкіндіктер болмай жатыр деп сүйретпелі сөздермен шығарып салатынсың.

Орыстың мақалы бар: «Была бы курочка, суп сварит и дуроч-ка», деген дейін әзірше қаржыдан гөрі, елге жанашырлық, қамқорлық, ұйымдастыру жетіспей жатыр. Ауылдағы 90-ға жуық бала оқитын мектепте жылда негізгі үш-төрт пәндерден мұғалімдер жетіспейді, биыл оныншы сынып жабылып қалыпты. Ол келесі жылы он бірінші сынып болмайды деген сөз. Сондықтан ата-аналардың кейбіреулері қалаға да көшіп жатқан көрінеді. Жылына мұғалімдерге арнап бір-екі тұрғын-үй салса, қаржылай несиелермен көмектесе, мамандардың тұрақтауы да мүмкін. Оған Президенттің ауылдық жерге жұмысқа барғандарға көмек көрсетілсін деген тапсырмасы қолайлы әсерін тигізбекші. Елде әзірше мәдениет үйін салуға қаржы жетпесе, мектепке апарып, берген кинофильмдерді, ақындар айтыстарын жұмасына бір-екі рет ауыл тұрғындарына көрсетіп отыратындай кең экранды теледидар алып берсеңдер (қазіргі бары диаметрі 60 см) деген өтініш те ескерусіз қалды. Әйтеуір, бастықтарға тілек айтсаң, «қабысып қалады екен аспан жерге» дегеннің кері.

Республика көлеміндегі ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз ету жо-спары да су аяғы құрдымға кетіп тынды.

Ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында облысқа өтініш айтты, осыдан екі жыл бұрын бір шыңырау құдықтың жобасын дайындап еді, ол да орта жолда қалды. Ал Ертіс суын алыстағы ауылдарға жеткізудегі құбырдың құрылысы да сағыздай созылып кетті. Енді сол Ертіс суы алыстағы келешексіз ауылдарға жетпей кете ме деп күмәнданамыз.

Сілеті кеңшары бұрын 20 мың гектардың үстінде дәнді дақылдар егетін-ді, содан қазірде бір жеке меншік шаруашылығы мың гектардың мөлшерінде егін егеді. Қалған тұрғындарда трактор да, комбайн да жоқ, қуатсыз. Жас кезімізде мектепте көне грек тарихын оқығанымда Антей деген алып болған екен, оған ешкімнің әлі де жетпейді екен, жеңу үшін оның табанын жерден айыру керек. Ол бар күш-қуатты жерден алады-мыс дейтін. Елді егістік жерден айыру соған алып келді. Ауыл азаматтарына 3-4 мың гектар егін егуге мүмкіндік жасаса әрмен қарай қалыптасып кетпейді ме?

Ауылдағы дәрігерлік бақылаудың, көмектің жағдайлары айтпаса да түсінікті. Кейбір білгіштер ауылдағы аурулар қаладағы ауруханаларға келіп емделсін дейді екен. Сау адамның сөзі деуге де күдіктенесің. Таңданасың ба? Шамданасың ба? Тек бас шайқағаннан басқа не айтарсың?

Алыстағы ауылдарға аудан, тіпті жылына бір-екі рет облыс көлемінде арнайы жабдықтармен дәрігерлер тобын жіберіп, дәрігерлік тексеру, көмектер ұйымдастыру да онша күрделі қаражатты қажет етпейтін ұтымды қамқорлық болар еді. Алыстағы ауылдардың жағдайларын қозғай берсең қоздай береді. Алыстағы ауылдар жетімдер үйіндегі өгей қарттар сияқты қауқарсыз, қамқорсыз қалмасын.

Облыс, аудан көлеміндегі көптеген салалық мекемелердің басыларының Қазақстан егемендік, тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма жылда алыстағы ауылдарға бірде-бір рет ат ізін салмағандарын естігенде еріксіз жерге түкіресің. Оған ешқандай сылтаудың, ақталудың өзі биязы айтқанда – міндеттеріне салғырттық, жауапсыздық. Сендердің шендеріңнің шеңберінде, шеңгелінде түсінерлік тәжірибеміз бар. Түптей келгенде айтарым: алыстағы ауыл адамдарын ешкім де меншіктеп алған жоқ. Олар да қоғамның құрамдас бөлігі. Сондықтан оларға да жалпыхалықтық на-зар, қамқорлық, жанашырлық, көмектер, ұйымдастыру жұмыстары қа-жет. Алыстағы ауылдарды заманның экономикалық, әлеуметтік, тұрмыс-тық эрозиясынан, мәдени, рухани коррозиясынан өздерінің де тозығы жетер деп күтпеңдер – күндерің өтеді. Кемшіліктеріңді: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіртіп айтады».

«Мініңді досың айтса – білгені, дұшпаның айтса – күлгені» – дейді халық. Өзірше солай. Түсінерсің.

Қазақстанға сіңірген ерекше еңбегі үшін республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер: Әубәкір Кеңес Аманұлы.

Бұл мақалам республикалық «Жас алаш» газетіне шықты, бірақ, біраз қысқартуларға ұшырапты. Нағыз ертегілердей: құлағын кесті құнтитып, мұрнын кесті тымпитып, екі көзін ойып ап – қу басты қойды сымпитып – дегендей көп ойларым ашылмай, шешілмей қалыпты. Редакцияға сөйлесіп, өкпемді де айттым.

Бірақ, ауыл азаматтары, естерінде болсын жоғарыда айтылған талап-тілектер тек ауыл, аудан әкімдеріне ғана арналып отырған жоқ. Мен Сілеті елінің түлетіп ұшырған түлегімін. Аллах Тағаланың бер-ген қабілеттері мен мүмкіндіктері шығар, қанатымды кеңге жайып, Қазақстанның бірсыпыра елдерінде қызмет атқардым. Сондықтан көп елдің мұң-мұқтажы маған да ортақ. Біріне айтсам бөріне айтқаным, бөріне айтсам – біліп айтқаным.

Бұрынғылар:

Жеті атасын білген ұл,
Жеті жұрттың қамын
жер. Өзін ғана білген ұл
Құлағымен жағын жер – деген.

Менің бұл естелік-шежірем еріккеннің ермегі, көсемсудің көлгірсуі, көзге түсудің көлбеңдеуі деп түсінбессіңдер. Бәрі менің өмір жолым. Өмір мектебім. Басқарушы болсам да, бағынышты болсам да менің қалыптасуыма, өсуіме ақыл-кеңестерін, үлгі-өнегелерін қосқан, бөліскен ортаның адамгершілік қасиеттерінің жемісімін. Бір кезде орталарыңнан қанаттандырып ұшырған жас қыран балапандарыңды орталарыңа қанаты қатқан қарт қырандай, ел ақсақалы дәрежесінде қайтарған ел азаматтарына әрі шексіз ризашылығымды білдіре отырып, ұзақ жылдар бойы жинаған сарқытымды сендерге рухани сабақ болсын деп ұсынып отыр-мын. Керегін аларсыңдар. Тірі аруақтар тірілердің қатарын көбейтсе де, олардың санын көбейте алмайды. Адамды тек оқу өзгертеді. Тірілерді, ірілердің қатарына қосады. Осы күні жастардың кітап оқуға, ынталары, білімге деген құштарлықтарынан нем құрайлықтары, бейтараптықтары басым. Әрине бәрі сондайлар деп отырған жоқпын.

Бабаларымыз айтқан екен:

Досыңнан қорықпа көп болса сатып кетер,
Қасыңнан сескенбе көп болса атып кетер.

Қауіптенсең немқұрайлылықтан
қауіптен, Түбіңе сол жетер – деп.

Кітап оқымаған адам – ағынсыз қарасу. Оның ой-өрісінде,
санасын-да жаңару да, тазару да жоқ.

Өмірде өзін-өзі «мен ақымақпын» деген адамды көрген жоқпын,
ал ақылдымын деушілер өте көп. Бірақ бір данышпан айтқан екен:
**«Ақылдылық – білмейтінін білгендік» деп (Умен тот, который
знает, что не знает).**

Мен Абай шығармаларын хат танығалы оқып келемін. Таң қалатыным
қай шығармасын қаншама рет қайталап оқысаң да қыры мен сыры
соншама рет өзгеріп, жаңа мағына, тың түсініктер беріп отыра-ды. 2008
жылы Абайдың қара сөздерін қайталап оқып отырып маған да: «осы мен
ұрпақтарыма не қалдырып барамын?» деген ой келді. Бұрын кітап жазайын
деген ойымда жоқ. Әуелі басқа біреулерге жаздыртуды ой-ладым. Бірақ
олар менің айтар ой-пікірлерімді өзімдей айтып берулері қиын, қисынсыз
ғой. Сондықтан бала кезімнен бергі өмір жолымды, есімде қалғандарын
өзім жазайын. Балаларым, немере-жиендерім, елдегі жас ұрпақтар, біздің,
ата-бабаларымыздың өмір жолдарынан да хабарсыз. Мысалы, Түгел баба
кім? Не үшін, кім үшін күресті? Байсер-ке абыз кім? Жүніспен Қажақат кім?
Мәлік шешен кім? т.б. Жастардың ойында бәрі осы қазіргі күйінде аяқтары
салбырап аспаннан топ етіп түсе қалған сияқты. Олардың қазіргі бақыттары
ата-бабаларының жа-нын қиып, қанын төгіп, өмірдің бар ауыртпалықтары
мен азаптарының, аш-жалаңаштықтарымен, тіпті құлдық пен күндіктің
қорлығымен, зорлығымен сабақтас өмір тізбектерінің қымбатқа түскендерін
түсіне де бермейді, түсінгілері де келмейді. Олардың ұғымында
бұрынғылардың өмірі бір бөлек, бұлардікі бір бөлек. Өмір сабақтастығы,
өмір-өмірдің өзегі үзілмейтін жалғасы екенін түсінбейді. Ал «білмейсің»
десе – шам-данады. Жазайын. Ұрпақтарыма міндетті түрде оқытайын. Көбі
қазақша түсінбейміз деп сылтау іздейді. Оған сенбеймін. Ынта жоқ, ықылас
жоқ, ұлттық намыс жоқ. Керек десе тәржімелеуші жалдасын деп түйдім.

Абайдың: «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» дегені сияқты
естелік-шежірені қолға кеш алдым. Көпке дейін қолыма қалам ұстуға
тәуекел етуге толғандым, жүрексіндім. Оның сыртында басқа
кітаптарды, өз жазғанымды өзім оқи алмайтын, көз кемістігіне ұшыра-
дым. Дегенмен, тәуекел дедім. Көмекке жұбайым Сағила келді.
Қайталап айтамын, естелік жазудағы негізгі бағытым өзімді өзім дәріп-
теу емес, тәрбиелік мақсатта болғандықтан бұрынғы ата-бабалардың,

болыс, би, шешендердің, ғалымдардың, ақын, жазушылардың, мемле-кет, ең бек қайраткерлерінің ақыл-нақыл кемеңгерлік сөздерін, өнегелі істерін шамам келгенше молырақ пайдалануға тырыстым. Солардан көмек іздедім.

Абай бабаларың
айтқандай: Жүректе қайрат
болмаса, Ұйықтаған ойды
кім түртпек? Ақылға сәуле
қонбаса, Хайуанша жүріп
күнелтпек. Малда да бар
жан мен тән Ақыл, сезім
болмаса. Тіршіліктің несі
сән, Тереңге бет қоймаса.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз.

**Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым, ойлап қой
Бес асыл іс, көнсеңіз.**

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) өзінің хадистерінің бірінде: **«Иманды ғалым – ғалым, имансыз ғалым – залым»** десе, Әл-Фараби бабамыз: **«Тәрбиесіз білім – адамның қас жауы»** деген. Мен сол имандылыққа кір жұқтырмай, көлеңке түсірмей, арымды ардақтап, барымды салмақтап: **«Адам боп келдім өмірге, адам боп өтсем»** дегендей ізденіп талпынып жүрген, азаматтардың бірімін. Сол өмірімнің ұзақ сапарынан, жиғандарымнан сендерге өнеге тұтарлық, үлгі боларлық саналарыңа сәуле түсірерлік сезімдеріңді оятарлық аталық борышымды ақтасам деп едім. Мен, әке-шешемнің бізді, балаларын, өсіріп жеткіземіз деп, өмірдің талай ауырпалықтарын бастарынан төзімсіз төзімділік кешіп, келешегімізге үміт артып, армандарын арқау еткен, сенімдерін ес білгелі есімнен шығарған емеспін. Өйткені, олардың ұрпақ өмірі үшін күрестерін, төккен терлерінің салмағын да, бағасын да білетінмін. Оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, тек көрген, басынан кешірген кари-

ялар ғана түсінеді. Сондықтан менің азаматтық еңбегім өзім үшін ғана емес, әке-шешемнің армандарын, үміттерін ақтау үшін. Қалғандары тек солардың жалғасы. Өрмегі. Мен, 1955 жылы, бірінші оқу жылын бітіріп, елге жазғы демалысқа келгенмін. Таңертең кеңшар кеңсесіне барып, ел азаматтарымен әңгімелесіп тұр едім, іштен бір ағай шығып (елге туыстай сіңісіп кеткен, марқұм болды), жасы әкеймен шамалас, сәлем берген маған: «Ә.. Аманның адам болады деп оқытып жатқан баласы да келіп қалған ба» дегені. Амандық жоқ. Саулық жоқ. Марқұм ел ішінде: ат үстінде отырып, желге қарсы дәрет сындыра беретін қыңыр мінезді, бәрін білгіш қыршаңқы сөзі үшін сыйымсыздау адам еді.

Бұралып тұрып,
 Буыны құрып,
 Қисайта тартып мұрынын
 Әсемсіп, сәнсіп, білгенсіп
 бәлсіп Өр нәрсенің орынын,
 Керенау кердең бір керім
 Жақпайды маған сол жерің – дегендей (Абай).

Жанымызда тұрған, үшінші бөлімшенің бастығы, ткач Иван Васильевич деген ағай, қазақша таза сөйлейтін, әлгі кісіге (екеуі құрдас та болуы мүмкін) атын атап, әй не сандырақтап тұрсын? **Атаң қазақ: «Өнегелі ағаның етегін баспа – жолын қу, боламын деген баланың бетінен қақпа – белін бу»**, демеп пе еді деп қағып тастады. Дегенмен, жайдақ қызғаныштың жарақаты көрініп қалды. 2006 жылы елде, «Сілетіде» мешіт салдырып жүргенде, бірде жұмыс бабымен бұрынғы «Панфилов атындағы кеңшарға бардым. Жаңбыр тілеп тасаттық бергелі жатыр екен. Сәлем берген соң бір ақсақал кеңшар басшысынан біздің кімдер екенімізді сұрады. Дәулет (Қайрат) біздің Сілетіден екенімізді айтты. Ақсақал, кімнің бала-сы дегенге Аманның баласы деп еді, ақсақал (аты Казен), «Әй, қарағым Кеңеспісің» деп орнынан тұрып, қолымды алып, құшақтап бауырына басты. – Қарағым Кеңес, жасымыздың айырмашылығына қарамай Аман ағай екеуміз дос едік. Әкең жалғыз биесін сатып сені оқуға жібергенде үміттенгеннен күдіктенгендер көп болған-ды. Аман енді қалған ба-лаларын қалай асырайды деп күңкілдегендер де болған. Сыртыңнан «Аманның баласы азамат болып, атқа қоныпты, ел басқару дәрежесіне көтеріліпті, әкесінің арман-үмітін ақтады», – деп естуші едім. Жарайсың, әкеңнің еңбегін де, сенгенін де ақтапсың, бақытты бол, келешекте жолың жомарт болсын, ұлағатты ұрпақты бол, деп көп алдында батасын берді. Казекең Ақсақал 93 жаста екен. Менің таң қалғаным атымды сұрамай,

бірден Кеңессің бе деуі. **Бабаларымыз: «жақсы десе жан семіреді, жаман десе жан күйінеді демеп пе еді?** Әлгі Ақсақалдың әкемнің атына, **«маған айтқан ықыласты** жылы лебізі мені сол жерде, көптің алдында қанаттандырып жіберді». Екі адам. Екі ұғым. Екі түсінік. Яғни, қанша адам болса, сонша пікір болуы (мәселе оның дұрыстығында, бұрыстығында емес) табиғи заңдылық. Ал кейде айтқаныңды қабылдаудың өзі әркімнің түсінігінің тереңдігіне байланысты. Содан кейде:

Сыйлағаныңды қорықты дейді,
Үндемесең торықты дейді.
Сырыңды айтсаң жылады дейді,
Сүрініп кетсең құлады дейді.

Сіз десең жағынды дейді,
Сен десең қағынды дейді.
Алға түссең асқынды дейді,
Әділін айтсаң қас қылды дейді , –
десе. (Қадылбек Мұхамеджанов)

Міндерімді жіпке тізіп санаған,
Маңайымда қырғи – қабақ сан адам.
Несіне мен өкпелеймін, жұрт қой
бұл Мен түгілі – Абайды да сабаған
– дейді. (Сабырхан Асаинов).

кемшілікке кеңшілік жасайды. Кең болсаң кем болмайсың- дейді. Түсіне білсең өмірдің жұмбағы да, сыны да, сыры да көп. Мен өмір жолымда осының бәрін басымнан өткіздім. Тек сендерге сабақ болсын деп айтып жатырмын. Жасы да, жолы да үлкен-кішілермен тең жүруге тырыстым. **«Көтермейді бағанды кеуде керіп – сөйлеген дегендей»** өзгенің де, өзімнің де өмірдегі орнымды, бағамды білуге, сақтауға да сақтануға да тырыстым. Кейде асып, тасып, менмендігі басып бара жатқандардың мысында басып:

Сескендірме сестілерді көп көргем,
Шошымаймын шодыр мінез, өк сөзден.
Ел басқардым, ел серкесі боп қалдым,
Қотыр тайлақ емеспін мен көшке ерген.

Бұрауға да, бұғауға да көнбеймін.
Дар алдында «датқа» әділет сөйлеймін.





Наурызбайдай найза ұшында тұрып-ақ,
Шырт түкірем шыт бетіне сендейдің деп.

бас асаулардың, аптығын, әр көкіректердің кеудесін басып, сезімін селт еттіріп, тәубесін есіне түсіріпте те қоятынмын. Сондықтан да болар осы жасқа келгенше жолымнан жаңылмай, тағымды да, бағымды да қорғай білдім. Нық отырдым. Қайда барсам да, қандай дәрежеде қызмет атқарсам да тәрбиелеп, түлетіп ұшырған қасиетті ұям «Сілетінің» атына, ұлымыз азамат болып, атқа қонып, тең құрбыларының алдыңғы қатардағы тобында болса екен деп аңсаған үміттерін арқалатып жіберген әке-шешемнің аттарына дақ түсірмей, «әй, кәпір, кім өзі?» дегізбей, «сүйер ұлың болса сен сүй, сүйсінерлік болса ол» деген дәрежеден төмендемеуге тырыстым. Сол еңбектерімнің арқасы болар мемлекет көлемінде көптеген абырой-атақтарға да, марапаттауларға да ие болдым:

1967 жылы (Баянауылда) «Құрмет белгісі» орденімен; 1972, 1976, 1981 жылдары (Торғай облысында) үш дүркін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен;

1974 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының XIV съезінде президиумында отырып және сол съезде партияның Орталық комитетіне мүше болып сайландым;

«Тұңғыш тың игерушілер» медалімен; В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған арнайы медальмен; үш дүркін Бүкіл Одақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің ал-тын, күміс, қола медальдарымен (ВДНХ);

Әр саладағы, әр дәрежедегі 11 медальдармен; Екі рет Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің және Министрлер Кеңесінің (Кабминнің) құрмет грамоталарымен; 1994 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне (XIII шақырылған) депутат болып сайландым; Павлодар облысының Ертіс ауданының (2007 жылы) және Қостанай

облысының Жанкелді ауданының (2009) «Құрметті азаматы» атағын берді;

2008 жылы Ресей мемлекетінің Қоғамдық Комитетінің бірінші дәрежелі «Петр Великий» орденімен марапатталдым;

Бұрынғы қызмет атқарған облыстардың бәрінде (Павлодардан басқа) бірнеше дүркін облыстық кеңестерге депутат болдым;

Барлық қызмет істеген аудандарда, облыстарда халықтың ықыласты аброй-құрметтеріне бөлендім. Аталарың мақтанып кетті демендер. Қолым жеткен үлестерім ғой. Тек сендерге бағыт сілтеп, менен де озып кетсін дегенім. Ізденген, талпынған адамға жолда көп, жақсылықта көп. Ал



шежіреде қайталанған мақал – мәтелдер, мағынасы ұқсас сөз тізбектері болса (синонимдер) өзімше «асыл тастың ауырлығы жоқ» – деп алып тастауға қимағандарым.

Ерте дәуірде Гректің данышпан философы Диоген бірде күндіз, қолында жағылған шырағы бар келе жатса, кездескен адамдар таң қалып, уа, данышпан, күндіз қолыңызға шырақ алып, не іздеп жүрсіз деп сұраса, ол – **«адам іздеп жүрмін»**, – дейтін көрінеді.

Біздің данышпан Абай бабамызда өмірінде: Адамды іздеп, адамды тәрбиелеуді өз өмірінің өзегі етіп өткен ғой.

Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер.

Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.

Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір,

Арттағыға бір белгі қойса не етер? (Абай, М. Лермонтовтан).

Жас ұрпақ, ата-баба аманаттарын орындап, саған солардың қалдырған қазынасынан ұсынар белгім де, берерім де осы. Жазғандарымның ішінде мәні болса, дәні болса, елеп аларсыңдар, ештеңе іліктіре алмасаң құралақан қаларсыңдар.

Сілеті – ата-бабаларыңның сендерге қалдырған негізгі мұрасы. Отандарың. «Сілетіні» ұмытқандарың ата-бабаларыңды ұмытқандарың. Тамырларың тартылмасын, сағыныштарың сарқылмасын.



Медаль «За
доблестный труд
в ознаменовании
100-летия со дня
рождения
В.И. Ленина»



Ордена Трудового Красного Знамени



Орден Знак Почета



Орден
«Пётр Великий»



Медаль к 60-летию
Победы в Великой
Отечественной войне



Медаль «За освоение
целинных и залежных
земель»



Медаль «Ветеран
труда»



Медаль к 10-летию
профессионального
парламента
Верховного Совета
Казахстана



Значок депутата
Верховного Совета
Казахстана



Удостоверение «Почётный гражданин Иртышского района Павлодарской области»



Знак «Почётный гражданин Иртышского района Павлодарской области»



Знак «Почётный гражданин Жангельдинского района»



Удостоверение «Почётный гражданин Жангельдинского района Костанайской области»



Партийный билет члена КПСС



Удостоверение члена Центрального Комитета
Коммунистической партии Казахстана

Удостоверение депутата Верховного Совета Казахстана





Удостоверение Тургайского облисполкома



Удостоверение члена президиума Республиканского совета агропромышленного комплекса Казахской ССР



Удостоверение Джамбульского областного совета народных депутатов



Удостоверение Джамбульской областной администрации



Автордың алғысы

Жақсы кітап – жан азығы. Ол әрбір шаңырақтың рухани құндылықтардан нәр алатын, тарихи – танымдық түсінігі мен көзқарасын кеңейтіп, өміріне тәлім-тәрбие беретін асыл қазынасы болуға тиіс.

Алайда, жақсы кітаптың өмірге келуі үлкен шығармашылық ізденісті, әдеби шеберлікті, үлкен жауапкершілікпен, көп күш-қайратты талап етеді. Жасым 77-ге келгенінде маған бұл кітапті жазып шығу оңайға түскен жоқ. Қолыма қалам алып, кітабыма «Елім – мектебім, халқым – ұстазым» деп ат қойып жазып шыққанымша ең бірінші, отбасым, жұбайым Сағила көмектесті. Көзімнің көруінің жетімсіздігін толықтырып отырды. Мен кітабімнің әрбір тарауын солармен бірге талқылап, сындарынан өткіздім. Содан соң менің қаламмен жазған қолжазбамды келінім Роза Ибрагимқызы компьютерде теріп, оның жұбайы, журналист інім Мақсұтбек Сүлеймен қолжазбамды бастан аяқ оқып, сөйлем үйлестерін жаттықтырып, Сағила қатесіз басылуын бақылап, бәрі де маған қолдарынан келген көмегін аяған жоқ. Ұлдарым Рүстем, Дастан, Асқар кітабыма қаржылай демеушілік жасады. Сол үшін жұбайыма, келінім мен ініме, балаларыма және осы кітапты жарыққа шығарып отырған баспа ұжымына ықыласты алғысымды айтамын.

Сіздердің жақсылықтарыңызға Аллаһ Тағаланың ақ нұры жаусын! Ізгі құрметпен: Әубәкір Кеңес Аманұлы.

Қыпшақ

Сәлімалып	Көбекалып	Мүйізді Сарыабыз
-----------	-----------	------------------

Сарыабыздан

Қарақыпшақ	Құлақыпшақ	Сарықыпшақ (қытайқыпшақ)
------------	------------	-----------------------------

Қарақыпшақтан

(арада бес – алты ата буын өтеді)

Тоқтар би	Ойбас (екеуінен бес таңбалы қыпшақтар)			
Ұзын	Бұлтың	Көлденең	Қарабалық	Торы (Торайғыр)

Бұлтыңнан

Биболат	Ағыс	Сары	Шуақ
---------	------	------	------

Ағыстан

Уәріс	Бегіс	Меніс
-------	-------	-------

Уәрістен

Төлөк

Төлөктен

Құдас	Төбет	Жанайдар	Сандық
-------	-------	----------	--------

Құдастан

Ожыралы	Сағал	Қосқұлақ	Жарымбет
---------	-------	----------	----------



Ожыралы – Сағалдан

Майрық	Жарық
--------	-------

Майрықтан

Күсілқара	Сазанбай
-----------	----------

Күсілқарадан

Тілеке	Кенеш	Сүйіндік	Кедел
--------	-------	----------	-------

Сүйіндіктен

Жәйліміс	Күнәміс	Өтеміс
----------	---------	--------

Өтемістен

Түгел (батыр)	Түрке	Түгелше	Түменбай
Өтеген	Ескене	Сарыбай	Байбөрі
	Құсбек	Сексенбай	

Түгелден

Кенжеқара	Төбет (әулие)	Күшік	Таймас (әулие)
Аңқоймас (бай)	Шуақ (шешен)	Таңатар	Байсерке (абыз)
Баймырза	Дүйсен	Шаған	Талпық
Бөсін	Түкі	Сасық	Торпақ

Кенжеқарадан

Нұржан	Құлен	Құлбек	Табылды
Тастемір	Итемір	Өстемір	Бектемір
Тілеп			



Құленнен

Құтбенбет	Шеген	Орынбай	Ақша
	Бәйімбет	Төлөк	

Құтбенбетен

Сандыбай	Қорғанбай	Наурызбай	Шамухаммед
Әубәкір			

Әубәкірден

Аман	Есен
------	------

Аманнан

<u>Кеңес</u>	<u>Тілеуберген</u>	<u>Сайлау</u>	<u>Ертіс</u>
---------------------	---------------------------	----------------------	---------------------

Кеңестен

Светлана	Рустем	Дастан	Асқар
Дариға, Азамат, Абзал, Аружан	Әсел, Әсем, Сымбат	Маржан, Жания	Әмір, Темір

Тілеубергеннен

Марат	Ерден	Алтынбек
-------	-------	----------

Алтынбектен

Исламбек

Сайлаудан

Әділет

Ертіс

Данияр	Руслан
--------	--------

Даниярдан

Еділ	Әлихан
------	--------



Мазмұны

Туған жер. Өсірген ел. Алтын бесік Ұшырған ұя.....	3
Қыпшақ.....	15
Баян елі – дарындардың кені.....	112
Октябрь ауданы – биік екен самғауы	159
Арқалық ауданы – қалқылмаған қаймағы.....	171
Торғай.. Қарт ТорғайЖас Торғай.....	180
Талас елі – Жамбыл облысының тегі	249
Елі – ерді өсірген ұясы, Шарықтап ұшар қиясы.....	330
Автордың алғысы.....	407



**Әубәкір Кеңес Аманұлы Елім
–мектебім, халқым – ұстазым.**

Редакторы Мақсұтбек Сүлеймен.
Кооректоры Сағила Зәпішқызы.
Компьютерде терген Роза Ибрагимқызы
Техникалық редакторы

25.04.2011 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Қаріп түрі KZ Times. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 12,6.
Есептік баспа табағы 10,3.
Сытина Н.И. ЖШС-та басылған. Таралымы 500 дана.

Қазақстан Республикасы, 140000,
Павлодар қ., 29 Ноябрь к., 2,
Тел.: 32-16-08